**Молдақан Б.Е., Айтбекова Л.Б.**
Математикадан есептерді шығаруда графикалық кескіндерді пайдалану және оқушылардың білім жетістігін бағалау .....276
**Муратбаева Г.А., Баймуканова А.Н.**
О природе морально-этических ценностей в становлении личности.....282
**Муратбаева Г.А., Иманалиева Н.М.**
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын сапалық көрсеткіштер арқылы бағалаудың ерекшеліктері мен критерийлері .....287
**Мүсілім Г.М., Тожибоева А.С.**
Тіл үйренуде оқушылардың оқу жетістіктерін тестілеу және диагностикалау жолдары.....292
**Мырзахметова А.Д.**
Білім алушы тәрбиелілігін бағалау және тест материалдар сапасын сараптау әдістері .....296
**Рапилова Э.Ж., Сағынбек А.Е.**
Оқу жетістіктерін бағалауда мамандардың өлшеу-бағалау құралдарын шығармашылықпен қолдану мәселелері.....300
**Рахметова Н.Б., Андрей Ә.С.**
Білім сапасын дамытудағы халықаралық зерттеулердің маңызы .....305
**Рахметова Н.Б., Ахай С.О.**
Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды кәсіпке және әлеуметтік ортаға бейімдеу.....309
**Сайдаева Б.М., Искакова А.Б.**
Студенттердің біліктілік жұмыстарының және білім сапасын мониторингілеу.....314
**Сайдахметова Л.Т., Мухамедьярова М.К.**
Қазіргі кезде оқыту жүйесіндегі оқушылардың ағылшын тілі біліктілігін бағалаудың жаңа технологиялары.....318
**Сапарғали Р.С., Кенесова Ж.А.**
Педагогикалық бақылау-өлшем материалдары арқылы  білім беру нәтижелері сапасын бағалау .....323
**Сарсенбаева А.Е.**
Орта білім беру ұйымдары басшысының квалитативтік құзырлылығын қалыптастыру.....327
**Сарсенгалиева И.А., Каскарауова А.Д.**
Білім сапасын басқарудың жалпы мәселелері.....331
**Сатилханова З.У., Тажиддинова З.Б.**
Комплекс упражнений при оценивание учебных достижений учащихся вузов .....335
**Серікбай Н.Т., Алтынбек А.Ж.**
Жаңартылған білім беруде оқушылардың білім сапасын бағалау әдістері.....340
**Смолинова А.Т., Ясынова А.Е.**
Білімді бағалау үдерісіндегі тестілеудің тиімділігі мен теориялық маңызы .....344
**Suleimen G.M., Bekbauova S.A.**
Improving english language speaking skills and using grammar.....348
**Тоқтарбаева Ә.Е., Изимова А.Х.**

Тұлғаның эстетикалық тәрбиелігін бағалау және элективті курс мазмұнын
араптау мәселелері....352
**Тохтарбаева А.Б., Зайнуллина Қ.Б.**
Шығармашылық тапсырмалар арқылы білім алушылардың креативтік қабілеттері мен
қарым- қатынас құзыреттілігін бағалау....356
**Төсбай З.С., Сейіт Г.Б.**
Тест тапсырмаларын пайдалану арқылы оқушының құндылық бағдарын арттыру тәсілдері ....361
**Узакбаева Н.К., Әбдіқожа Н.Н.**
Колледж студенттерінің кәсіби бейімделуі мен тілдік құзіреттілігін диагностикалау ....365
**Чайзаданова Г.С.**
Педаготің кәсіби стандарты негізінде педагогикалық білім берудің сапасын арттыру....370
**Шайзада А.Ж., Сарсенова З.М.**
Шығармашылық пәндер арқылы оқу жетістіктері мен өзіндік оқу дағдысын бағалау ....375
**Шәріпбай Г.А., Шоқан Н.Ә.**
Оқыту нәтижелерін талдауда компьютерлік бақылау және irt-моделі арқылы диагностикалау .....379
**Шинтаева Л.А., Құсманқызы Б.**
Сапаны бағалаудың сандық әдістері....383

**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS** .... 387

# ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
# ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
# PEDAGOGICAL SCIENCE




**Бұлақбаева Мейрамгуль Кеңесбайқызы,**
п.ғ.к., профессор,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Кенжан Айсұлу Молынбайқызы,**
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті


## ЖАС ҒАЛЫМДАР МЕКТЕБІ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМДЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АРНАЛУЫ МҮМКІН...


**Аңдатпа.** Бұл мақалада Жас ғалымдар мектебінің (ЖҒМ) мүшелері – магистранттардың үйірмеде шұғылданатын педагогикалық қызметтері, зерттеу аймақтарында қарастыратын мәселелерінің әдіснамалық тұғырлары, зерттеушілік мәдениеттері қарастырылады. ЖҒМ – болашақ зерттуші ғалымдарға әдіснамалық көмек беретін ғылыми үйірме. Сонымен қатар, *Педагогикалық өлшемдер* саласындағы жаңа зерттеулер қандай мәселелерге арналуы керектігін сипаттайды.



**Кілт сөздер:** жас ғалымдар мектебі, педагогикалық өлшемдер, зерттеулер, әдіснмалық тұғырлар, зерттеушілік мәдениет.



**Аннотация.** В данной статье рассматриваются педагогические функции магистрантов – членов школы молодых ученых (МОН), занимающиеся кружком, методологические подходы к проблемам, рассматриваемым в области исследований, исследовательская культура. МОиН – научный кружок, который оказывает методологическую помощь будущим ученым-исследователям. Кроме того, новые исследования в области педагогических измерений характеризуют, какие проблемы должны быть посвящены.



**Ключевые слова:** Школа молодых ученых, педагогические измерения, исследования, методологические подходы, исследовательская культура.



**Annotation.** This article discusses the pedagogical functions of undergraduates-members of the school of young scientists (MES), engaged in the circle, methodological approaches to problems considered in the field of research, research culture. Moin is a scientific circle that provides methodological assistance to future research scientists. In addition, new research in the field of pedagogical dimensions characterizes which problems should be addressed.



**Keywords:** School of young scientists, pedagogical measurements, research, methodological approaches, research culture.


### КІРІСПЕ

Біздің елімізде соңғы жылдары ерекше маңызға ие болып отырған жаңа ғылым саласының бірі – Педагогикалық өлшемдер білім беруді жаңғырту процессі ретінде отандық педагогика үшін көптеген өзекті идеяларға негізделіп келеді. Олардың ішінде келесі мәселелер маман даярлауда маңызды болып, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізеді деген пікірдеміз:

– білім беру жүйесінде психологиялық және педагогикалық қызметті ұйымдастыру мәселелері;

– білім беру жүйесіндегі білім сапасын баға-

лаудың әдіснамалық тәсілдерін және педагогикалық өлшемдердің теориялық негіздерін қалыптастыру;

– білім беру сапасын басқарудың әлеуметтік-педагогикалық, статистикалық және ұйымдастырушылық-технологиялық әдістерін пайдалана отырып, өлшеу объектісін сапалық және сандық үлгілеу нәтижелерін қорыту;

– білім беру нәтижелерін өлшеуде және бағалау;

– педагогикалық тесттерді әзірлеудің, білім беру процесін диагностикалаудың және мониторингілеудің әдістерінің логикалық қалыптасқан жүйесін құру;

– қазіргі білім беру философиясының негізгі концепцияларын, педагогика қызметінің заманауи әдіснамасын құрастыру;

– білім беру бағдарламасын мониторингілеу, мерзімдік бағалау және қайта қарау;

– педагогикалық өлшеулер теориясы негізіндегі педагогикалық және сараптамалық қызметтің интерграциясы;

– білім беру үдерісі субъектілерінің сапасын өлшеуде квалиметриялық ұстаным;

– білім беру процесінің сапасын бағалау мен диагностикалаудың заманауи технологияларын қолдану;

– педагогикалық тесттерді әзірлеудің, білім беру процесін диагностикалаудың және мониторингілеудің әдістерін қолдану технологиясы, т.б. [Білім беру бағдарламасы, 2018, 24 б.]

Жоғарыда аталған мәселелер біздің Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университетінің магистранттарын Білім және ғылым саласындағы халықаралық, ұлттық және өңірлік контексіндегі өлшеудің, бағалаудың, тестілеу мен сараптаманың ғылыми-практикалық негіздерін меңгерген бәсекеге қабілетті мамандар болып шығуына жол ашады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2018-2020 оқу жылында білім алған магистранттар зерттеу жұмыстарын педагогика, психология, білім беру, квалитология және квалиметрия философиясы, т.б. ғылымдардың интеграциясында орындап, тиімді нәтижеге жету үшін зерттеушілік әрекет жасауда.

Зерттеушінің тиімді нәтижелерге жетуі үшін қай ғылым болса да белгілі бір ізденісті «қалай» және «қандай» мақсатта жүргізетіндігі туралы нақты және мүлтіксіз түсінігі болуы керек. Бұл магистранттардың танымдық қызметтерін ұйымдастыруға, танымның белгілі бір «әдістер жүйесін» таңдап алуға көмектеседі. Магистранттардың жылда меңгерген теориялық білімдері таным процесінің нәтижесі, ал, әдіснама – болса осы танымға жету мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл – теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі. Яғни, педагогикалық зерттеудің *әдіснамалық негізі* оның **теориялық база**сымен тығыз байланыста беріледі. "Жас ғалымдар мектебінде" теориялық білімдерін әдіснамалық анықтамаларды меңгеру арқылы ғалымда көзқарастың дүниетанымдық ұстанымдарын қалыптастыру, ол содан кейін белгісіз зерттеулерде, жасалған ғылыми идеяларды кәсіби тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырып үйренулеріне басымдық жасалды.



*Әдіснама* — зерттеу процесі туралы ілім ретінде де түсіндіріледі. Және ғылыми ұғымның теориялық негізі ретінде дамуы мүмкін. Сонда бұл нақтылы философиялық жүйемен байланысты.

Әдіснамалық анықтамаларды меңгеру арқылы ғалымда көзқарастың дүниетанымдық ұстаным қалыптасады, ол содан кейін белгісіз зерт-

теулерде, жасалған ғылыми идеяларды кәсіби тәжірибелік іс -әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Материалистік диалектика ғылыми ізденістің стратегиясын береді, бірақ ол нақтылы ғылымда пайда болатын сұрақтарға дайын жауап бермейді.

Диалектикалық әдіс *таным процесі* арқылы материалдық шындықтың заңдылықтарын ашады.

Диалектика дамудың ең *жалпы зандылықтарын* (бірлік және қарама- қайшылықтардың күресі; саннан сапаға көшу және теріске шығаруды теріске шығару) жасап үйлестіреді;

Және философиялық жұп категорияларымен (*себеп-салдар, кажеттілік және кездейсоқтық, мүмкіншілік пен шынд*ық, *мән және құбылыс, мазмұн мен форма* және т.б.) анықталады.

Жоғарыда келтірілген деректерді негізге ала отырып, мынадай тұжырым жасауға болады – ғылым әр уақытта жаңа дәйектермен толықтырылып отырғанда ғана дамиды. Ғылыми деректер жинақталып қалғанда оларды ғылыми зерттеу әдістері арқылы талдау және теориялық ұғымдарға негіздеп зерделеу – *әдіснама* деп аталады. Осы педагогикалық идеялардыталдаудың объективті негізі – философия. Сол себепті педагогикалық өлшемдер ғылымының әдіснамалық негізі философиялық ілімінің жалпы заңдарына, танымдық әдістеріне сүйеніп, басшылыққа алады.

Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздемесінің келесі логикалық-тізбектік алгоритмін галым Ш.Т. Таубаева келесі ретпен жүйелейді**:**

► педагогикалық дәйектерді, құбылыстырды және үдерістерді, зерттеуге қажет нақты әдіснамалық тұғырларды анықтау;

► әдіснамалық ұстанымдарды нақтылау;

► зерттеу мәселелеріне тарихи-логикалық талдау жасау;

► зерттеу пәнін сипаттауға тұтастық тұғырды пайдалану [Таубаева Ш., 2018, 265 б.].

Педагогикалық өлшемдер саласындағы зерттеудегі жалпы ғылымилық әдістерді үш топқа бөлуге болады:

*Мазмұнды әдістер:* Фактілерге, бақылау нәтижелеріне, тәжірибеге абстракция, анализ, синтез арқылы жүгіну. Бұл педагогикадағы мазмұнды әдіс. Педагогикалық құбылыстар мен процестерді зерттеудің қатарында педагогикалық бақылау, педагогикалық тәжірибелік жұмыс, пікірлесу, анкета жүргізу, оқушылардың жазба жұмыстарын талдау, мектеп құжаттарын зерттеу, педагогикалық эксперимент, педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізіледі.

*Формальді, қарапайым әдістер:* құбылыстар мен процестер абстрактіленіп қолданылады. Олар мазмұнды әдістердің негізінде іске асады. Мысалы, педагогикалық құбылыстарды, процестерді сандық жағынан модельдеу, кибернетикалық жағынан моделдеу.

*Теориялық талдау мен жинақтау әдісі:* Зерттеу міндеттерін, пәнін, қисынын, әдістерін, нәтижелерін теориялық жағынан қарастыру.

*Педагогикалық зерттеулердің әдістері:* педагогикалық құбылыстарды тану процессі логикалық танымдық әдістерді қолдануды қажет етеді.

*Суретте магистранттар университет қорындағы диссертациялық зерттеу жұмыстарымен жұмыс істеуде.*

Зерттеу проблемасы ғылым мен практика арасындағы қайшылықты көрсетеді. Оның табиғаты диалектикалық таным заңдылығы арқылы түсіндіріледі. Ғылыми танымның дамуы қалыптасқан теория мен қазіргі практика арасындағы қайшылықты (ескі түсінікті жаңа болжам негізінде өзгерту; бұрынғы теорияның іргелі негіздерін сақтап қалу; жаңа мен ескінің арасындағы қайшылықты; оқыту мен тәрбиенің жаңа тиімді мақсаттарын жүзеге асыру, т.б.) көрсетеді.



Проблеманы таңдау келесідей мәселелерді ескеруге байланысты жүзеге асырылады:

– оқу-тәрбие жұмысына қажеттілігіне;

– адам тәрбиелеудегі қоғамның перспективалық талабына;

– педагогика ғылымының жалпы және жеке салаларының дамуына;

– зерттелмеген тың мәселелерге, т.б.

Зерттеу мәселесінің аспектілерінің анық, қысқа берілуі – зерттеу тақырыбын тұжырымдалады. Тақырып сол қоғамның объективті талаптарына, сұраныстарына жауап бере алатындай болуы керек. Суретте магистранттар зерттеу тақырыптарын нақтылау мақсатында негіздеме құрастырып отырған сәттері бейнеленген.

Зерттеу жұмыстарының ғылыми аппараттары да «Жас ғалымдар мектебінде» нақтыланады, жүйеленеді және талқыланады. Магистранттардың да ғылыми жетекшілері үйірмеге қатысып, өз пікірлерін білдіре алады.

XX ғасыр мен XXI ғасырдың басында педагогикалық әдіснаманың жеке ғылыми бағыт ретінде дамуының іргелі негіздері салынды:

1) *педагогикалық әдіснаманың нысаны мен пәні* (П.Ф. Каптерев, А.С. Макаренко, Ф.Ф. Королев, М.А. Данилов, В.В. Краевский және басқалар);

2) *педагогикалық әдіснаманың мәні мен ерекшелігі, оның қызметтері және философиядан ұстанымдық өзгешелігі, ғылымдардың жалпы әдіснамасындағы орны* (Ф.Ф. Королев, М.А. Данилов, М.Н. Скаткин, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, В.Е. Гмурман, В.И. Загвязинский, Г.В. Воробьев және басқалар);

3) *педагогикалық зерттеулер әдістері және олардың даму логикасы* (Ю.К. Бабанский, В.И. Загвязинский, М.Н. Скаткин, В.С. Шубинский және басқалар);

4) *педагогикалық зерттеулер типологиясы және ұйымдастыру логикасы* (В.И. Загвязинский, В.М. Полонский және басқалар);

5) *педагогикалық болмыс туралы табиғатынан диалектикалық болып табылатын эмпирикалық және теориялық білімдер жүйесінің дамуы және жаңаруы* (Н.В. Бордовская және басқалар).

6) *педагогиканың әдіснамасының даму тарихы кеңестік кезеңде ғылыми білімнің арнайы саласы ретінде 1960-жылдары қалыптаса бастауы* (С.И. Колташ);

7) *педагогикалық зерттеулердің барысы мен нәтижелерін талдауда іргелі және қолданбалы қырларының арақатынасының сипатын анықтау* (В.В. Краевский, Е.В. Бережнова және басқалар) [Таубаева Ш.Т., 2018, 165 б.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе айтарымыз, зерттеудің әдіснамалық негізін анықтау үшін әдіснамалық негіздеме жасау қажет. Оның мазмұнына: ізденушінің тұжырымдамасының философиялық негіздері, педагогикалық мәселелерге сын көзқарас, зерттеу тұжырымдамасының ғылыми негіздері (мәселені тарихи-логикалық талдау, зерттеу пәнін диалектикалық жүйелі-құрылымдық талдау, оның сипаттамасын тұтастық тұғырдан қарастыру, зерттелетін педагогикалық құбылыстың дамуының негізі болатын жетекші қайшылықтарды анықтау, осы үрдіске тән заңды байланыстарды ашу әдіснамасына сипаттама), осы педагогикалық тұжырымдама негізіндегі түрлі ғылыми қағидаларды талдау енеді.

*«Педагогикалық өлшемдер»* білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрлері келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алатындығына көз жеткізуге болады:

– білім беру (педагогикалық) – педагогика мен психологияны оқыту, педагогикалық өлшемдер саласында кадрларды даярлау және қайта даярлау;

-эксперименттік-аналитикалық – білім берудегі өлшеу және бағалау жүйесін әзірлеу мен апробациялаудағы мамандандырылған проблемаларды шешу;

*-ғылыми-зерттеу* – білім берудегі өлшеу мен бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін модельдеу және жүзеге асыру, ерекше қызмет ретінде білім мен ғылымдағы сараптама;

-ұйымдастыру және басқару – білім беру сапасын басқарудың нұсқаулықтары мен талаптарын, дискрипторлары мен индикаторларын, критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеу.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Педагогикалық өлшемдер» білім беру бағдарламасы/Құрастырған Мұратбаева Г.А. – Алматы: ҚазҰҚПУ, 2018. – 24 б.

2. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі//Оқу құралы. – Алматы, 2018. – 265 б.

3. Таубаева Ш.Т. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті//Монография. – Алматы, 2008. – 165 б.

**Абдигулова Акжан Кайратовна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Достарбекова Шолпан Тойгожаевна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен мәдени қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырудың ерекшеліктері мен критерийлері қарастырылады. Функционалдық сауаттылық жаңартылған білім мазмұны жағдайында білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Қарым-қатынас мәдениеті функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, оқушылардың өз бетімен ойлауын, шығармашылығын арттыруға көмектеседі.

**Кілт сөздер:** функционалдық сауаттылық, мәдени қарым-қатынас, жаңартылған білім мазмұны, шығармашылық, білім сапасы.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности и критерии формирования функциональной грамотности учащихся и навыков культурного общения. Функциональная грамотность способствует повышению качества образования в условиях обновленного содержания образования. Культура общения способствует формированию функциональной грамотности, развитию самостоятельного мышления, творчества учащихся.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, культурные отношения, обновленное содержание образования, Творчество, качество знаний.

**Annotation.** This article discusses the features and criteria for the formation of students ' functional literacy and cultural communication skills. Functional literacy contributes to improving the quality of education in the context of updated educational content. The culture of communication contributes to the formation of functional literacy, the development of independent thinking, creativity of students.

**Keywords:** functional literacy, cultural relations, updated content of education, Creativity, quality of knowledge.

## КІРІСПЕ

Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады.Осы орайда оқушылардың білімін бағалауда жетістік критерийлерін қолдану оқушылардың оқу нәтижелігін қамтамасыз етуге ықпалы бар.

Сол себепті Қазақстанда қазіргі кезде жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар атқарылуда. Оқу бағдарламаларының, бағалаудың, оқулықтардың және педагогиканың ұлттық стандарттарымен байланысты өзекті білім беру құндылықтары мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы жетістіктерін арттыруды, сондай-ақ инновациялар мен озық тәжірибелерге қол жеткізу үшін, ұлттық сәйкестікті мектеп бағдарламасы арқылы растау мен іске асыру үшін және барынша ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесу үшін қажетті дағдыларды дамытуды қамтиды.

Функционалды сауаттылықтың жаңа табалдырығы – XXI ғасырда бастау алды. Тарихи дамудың қазіргі кезеңі ақпараттық ағын, іс-әрекеттің әмбебаптығы геометриялық прогрессияда өсе келе, білім беруде гуманитарлық және оқу технологизациясы арқылы сипатталады. Қалай дегенмен осының барлығы түрлі іс-әрекет жүйесінде өнімді және қоғамдық қарым-қатынас арқылы сауаттылық пен адамның білімділік деңгейіне ерекше талаптар қалыптастырады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші [Раев С., 2016, Б. 340-343.]. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол – тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттың, елдің немесе жеке адамдар

тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылықтың формалары – компьютерлік сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, коммуникативті сауаттылық, қоғамдық-саяси сауаттылық, шетел тілдерін меңгерудегі сауаттылық, төтенше жағдайлардағы сауаттылық, тұрмыстық сауаттылық, жалпы сауаттылық.

Қазақстандық мектептің білім беру жүйесінің дамуы отандық білім беру аймағында мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық негізі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2020-2025 ж.ж. білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Осы бағдарламаның негізінде білім беру мен тәрбиелеудің сазмұны мен технологияларында, мектептің құрылымында, білім беру іс-әрекетін басқару жүйесінде өзгерістерді анықтайды. Алдағы он жылда Қазақстанда мектептік білім беруді модернизациялау келесі басымдылықтардың есебінен айқындалады:

– толеранттылықты дамытудағы білім беру мүмкіндіктерін, мәдени көп бейнелікті құрметтеуді, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі есеп;

– сапалы білім беру қызметі барлық қазақстандықтар үшін қол жетімді болуы керек (барлығына бірдей білім беру);

– білім беру мазмұны кәсіби бағдар беру, өзін-өзі дамыту мен карьералық өсуге септігін тигізуі мүмкін (өмір сүру және еңбек ету үшін оқу);

– білім беру тұлғаның өз бетінділігі мен даралығын дамыту, құрудың құралы болуы қажет (өмір бойы оқу);

– білім беру процесінде тұлғаны толыққанды әлеум еттендіру барлық орталықтар үшін ынтымақтастыққа септігін тигізеді (білім беру ашық жүйе ретінде).

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру олардың мәдени қарым-қатынастарын арттыруға септігін тигізеді. Қарым-қатынас мәдениеті тәрбиеленушінің ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас нормалары мен ережелерін құрметтеуге және мейірімділікке негізделген, тиісті сөздік қорын және қарым-қатынас нысандарын пайдалана отырып, орындауын, сондай-ақ тұрмыстағы, қоғамдық орындарда сыпайы мінез-құлықты көздейді.

Мінез-құлық мәдениеті – бұл тұрмыста, қарым-қатынаста, түрлі қызмет түрлерінде қоғам үшін пайдалы күнделікті мінез-құлықтың тұрақты түрлерінің жиынтығы [Горшкова Т.В., 2017, С. 8-10.]. Мінез-құлық мәдениеті этикетті формальды сақтауға әкелмейді. Ол адамгершілік сезімдермен және ұсыныстармен тығыз байланысты және өз кезегінде оларды күшейтеді. Мінез-құлық мәдениеті адамның айналасындағылармен қарым-қатынас жасауына көмектеседі, оған эмоционалдық әл-ауқатты, жайлы көңілкүй мен табысты өмір сүруін береді

Қарым-қатынас жеке адам белсенділігінің өзіндік және ерекше түрі болып табылады, оның нәтижесі басым емес (материалдық немесе мінсіз) зат, ал адаммен, өзге адамдармен қарым-қатынас. Бұл жерде әңгіме тек іс-шаралар туралы ғана емес, бір субъектінің екіншісіне әсері туралы ғана емес, атап айтқанда өзара іс-қимыл туралы болып отыр. Қарым-қатынас үшін кем дегенде екі че-ловек талап етіледі, олардың әрқайсысы дәл субъект болып табылады. Қазіргі уақытта жалпы психологияны дамыту қарым-қатынасты зерттеуге байланысты оның көптеген мәселелерін талдауды талап етеді.

Әрбір қоғам (кейде оның жекелеген әлеуметтік топтары) өзі қабылдаған мінез-құлық нормаларында бекітілген ғана емес, сондай-ақ санасы үлкен немесе аз адамдарда тәрбиеленетін қарым-қатынастың белгілі бір реттеушілік принциптерін әзірлейді. Бұл *қарым-қатынас мәдениетінің* белгілі бір деңгейі бар деп айтуға негіз береді. Бұл жерде мәдениет-қарым-қатынасқа қарағанда кең түсінік, адамдар жинаған барлық материалдық және рухани құндылықтарды қамтиды. Сонымен қатар, мәдениет адам қызметінің тәсілдерін, қоғам қызметінің ерекшеліктерін сипаттайтын және онсыз оның болуы мүмкін емес нысандар, тәсілдер мен нормалар шеңберін қамтиды. Бұл тұрғыда өндіріс, демалыс, қарым-қатынас мәдениеті туралы айтуға болады, сол арқылы «мәдениет» ұғымының кең мағынасын қарастырады. Бірақ мәдениет ұғымында тар мағына бар, ол адамдардың нақты қоғамда құрылған және қабылданған *қарым-қатынас дағдыларын* меңгеру дәрежесімен анықталады.

Осылайша, қарым-қатынас мәдениеті адамдардың қарым-қатынасының өзіндік эталоны ретінде нормаларының, тәсілдерінің, нысандарының жиынтығы болып табылады [Кон И.С., 2010, 216 с.]. Сонымен қатар, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру адамгершілік тәрбиенің бір сегментінің бірі болып табылатындықтан, қалыптасқан адамгершілік мәдениет (немесе шынайы руханият), көбінесе қарым-қатынас мәдениетінде көрінеді және сонымен бірге, егер ол адамның дүниетанымының негізіне жататын этикалық құндылықтарға негізделмесе, қарым-қатынас мәдениеті тұлғаның табиғи жалғасы бола алмайды.

Сондықтан оқушылардың мәдени қарым-қатынасы мен функционалдық сауаттылықты қлыптастыру мақсатында *тесттік тапсырмалардың* маңызы зор деп есептейміз.

Қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін EasyQuizzy бағдарламаның көмегімен тесттік тапсырмалар формасындағы электрондық оқулық құрастырылған.

EasyQuizzy – білімді тексеру үшін компьютерлік тестте құрастыратын бағдарлама. Осы бағдарламаның көмегімен дайындалған тесттер «тез» арада күнделікті сауалнама жүргізуге көмектеседі және нәтижелерді тексеруді тездетеді, себебі, бағаны қою автоматты түрде жауап соңында бірден қойылады. Әрбір тестте барлық үш типтегі сұрақтарды еркін түрде біріктіруге болады. Бағдарлама арқыл өзінің критерийлері арқылы бағалаудың бір түрін таңдауға болады немесе кез келген бағаалар саны бар өзіндік бағалау жүйесін толық құрастыруға болады.

Келесі критерийдің түрі – бағалау жүйесінің қаттылығы. Бұл жүйені тест сұрақтарына қарай автоматты түрде шәкілденетіндіктен өзгерту мүмкін емес. – Балл қосындысы – 100-баллдық жүйе. Қолданылатын бағалау жүйесі мұғалімге өзіндік бағалау жүйесін өз бетімен құрастыруға септігін тигізеді. Тізімдегі қажетті жүйені таңдап алған соң бағалау жүйесі редакторында жасауға болады.

EasyQuizzy бағалау жүйесі тесттің барлық сұрақтардың күрделігі бойынша бірдей мәнді болып келеді және нәтиіжелік бағалауға бірдей әсер етеді; сұраққа жауап не толық дұрыс, не толық дұрыс емес бола алады.

EasyQuizzy бағдарламасының негізгі сипаттамалары:

1. Тестке иллюстрациялар мен формулалар кірістіре алу мүмкіндігі.

2. Түрлі типтегі сұрақтарды құрастыру мүмкіндігі.

3. Тестілеу нәтижелерін еркін қадағалау және статистика туралы хабарламаларды оқи алу.

4. Құрастырылған тестті алдын-ала көре алу мүмкіндігі.

5. Сұрақтар мен жауаптарды рандомизациялау (орындарын алмастыру).

6.Уақытты шектей алу мүмкіндігі.

Қарым-қатынастан жоғарыда аталған интегралды процестің негізінде қалыптасатын мәдени қарым-қатынастан айырмашылығы оның өзектілігінде:

1) оқу, жазу, тіл мен іс-әрекет дағдыларын қалыптастырудағы базалық деңгейлері болып табылады;

2) түрлі міндеттер мен проблемаларды шешуге бағытталады;

3) нақты салдар табылады және адамды белгілі бір жағдайда сипаттайды.

Қарым-қатынас білім беру мен білімділік әлеміне енудің міндетті процессі ретінде бірінші кезекте, өзіне емес басқаларға қойылатын талаптар болып табылады, кең мағынада, ұлттың, ел мен адамдар тобының мәдени немесе гуманитарлық дамуын көрсетеді.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға көптеген әлеуметтік факторлар мен заманауи қоғамдық тенденциялар әсер етеді: гуманитарлық және оқу процесін технологизациялау, білім беру процестерін жаһандандыру және іс-әрекет түрлерін жүйелеу. Сонымен қатар, мақсатт немесе стандарт ретінде нәтижеге бағытталады.

Бүгінгі күні функционалды сауаттылық параметрлерінің келесі түрлері барынша өзекті: болашақ іс-әрекетте (менеджмент, бизнес-жоспарлау, жаңа технологиялар) қажет болатын функционалдық сауаттылықтың оқу-танымдық, іс-әрекет, тілдік, компьютерлік, ақпараттық, құқықтық, азаматтық, қаржылық, экологиялық, кәсіби және арнайы аспектілері.

Заманауи педагогикалық өлшемдерде оқытудың белгілі бір объективті заңдылықтарын көрсетеді және ағылшын тілі пәні мұғалімі мен оқушылардың мәдени қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында іс-әрекетін анықтайтын ұстанымдарды түсіндіреді. Оқытудың стратегиялары мен тактикасын шарттастыратын оқыту ұстанымдары оқу процесін және олардың компоненттерін құруда қажетті құралдары және білім беру іс-әрекетінің нормалы процессі үшін қажетті шарттар болып табылады.

Оқыту принциптерінің тарихы, олардың номенклатурасы, мазмұны мен функциясы түрлі өзгерістерге ұшырайды:

*бір жағынан*, ғылым, техника мен технологиялардың деңгейлері, қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық шарттары;

*екінші жағынан*, білім беру жүйесі алдына қоятын міндеттер.

Жалпы қарым-қатынас мәдениетін ағылшын тілі сабақтарында бағалаудың ұстанымдарына оқу процесінің (технологиялары мен оқыту әдістерін қоса есептегенде) сәйкес компоненттерін құрайтын және жүзеге асыратын мақсатты, тізбекті тұғырларын жатқызуға болады.

Адамдардың өзара сөйлесуіне көңіл-күй, жүйке жүйесінің жағдайы, отбасылардағы, ұжымдардағы әл-ауқаты мен тыныштығы байланысты. Соңында, қарым-қатынас мәнеріне көп жағдайда жұмыстағы табыс тәуелді.

Қарым-қатынасты интерактивті оқыту *білім беру* ретінде қарастырылады, онда *өзара қарым-қатынас құралы* болып табылады, ал *қарым-қатынас – білім беру процесінің мақсат*ы болып табылады.

Мұндай түсінік гуманитарлық ғылымдардың бірқатар қазіргі заманғы ережелерін біріктіруге — адам мен қоғам өміріндегі өзара әрекеттесуге және оның рөліне философиялық-әдіснамалық тәсілдерге; тұлғалық-қызметтік (құзыреттілік) тәсілдің психологиялық-педагогикалық тұжырымдамасына; шетел тілдерін қарқынды оқыту технологияларына, әлеуметтік-психологиялық тренингтің тәсілдері мен құралдарына негізделген.

Қарым-қатынас мәдениеті дағдыларын бағалау мәселелерінің ерекшеліктері бар.

*Бағалау жүйесі*: қандай да бір оқу материалының қаншалықты табысты игерілгендігін, қандай

да бір практикалық дағдының қалыптасқанын, яғни басқаша айтқанда, оқушыларға қол жеткізген деңгейді «Ағылшын тілі» курсына қойылған талаптардың белгілі бір минимумымен салыстырып тексеруге мүмкіндік беруге тиіс.

*Бағалау жүйесі*: әрбір оқушының жалпы дайындық деңгейінің өзгеруін, сондай-ақ танымдық іс-әрекеттің әр түрлі салаларындағы (ақпаратты меңгеру, ақпаратты өңдеу, өз ойлары мен бейнелерін шығармашылық тұрғыдан ұсыну және т.б.) табыстарының динамикасын анықтап, білім алуда оқушылардың жетістіктері мен сәтсіздіктерінің бедерлі көрінісін алуға мүмкіндік береді.

Белгілерді қою тетігінде оларға қойылған ақпаратты барабар интерпретациялау мүмкіндігі қойылуы тиіс, ол үшін бағалау жүйесі ағымдағы және қорытынды белгілерді қою тәсілдерінің, сондай-ақ қол жеткізу үшін осы белгілер қойылатын мақсаттардың мағынасында мүлдем айқын болуы тиіс.

Олай болмаған жағдайда, бірінші жоспарға ақпараттық-диагностикалық бағалаудың жазалау-ынталандыру функциясы шығады, оның орта білім аясында болу заңдылығына қатысты үлкен күмән бар.

Бағалау жүйесіне оқушылардың өз жетістіктерін өзін-өзі бағалауын ынталандыратын және дамытатын, сондай-ақ оқу процесі барысында онымен болған рефлексия механизмі қойылуы тиіс. Бұл ретте өзін-өзі бағалау жүргізетін оқушының өзі келген нәтижелерді мұғалімнің бағалауымен салыстыру мүмкіндігі болуы тиіс.

Бағалау жүйесінің толық ашықтығы өзін-өзі бағалауға итермелейтін фактор болып табылады.

Бағалау жүйесі мұғалім, оқушы, ата-ана, сынып жетекшісі, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы арасындағы тұрақты байланысты қарастыруы және қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай байланыссыз оқу процесін қалыптастыруға жүйелі көзқарас болуы мүмкін емес, яғни оның тұтастығын қамтамасыз ету.

Бағалау жүйесі нақты мектеп сыныбына қатысты бірыңғай болуы тиіс.

Әр түрлі қағидаттарға негізделген бағалау жүйесінің әр түрлі сабақтарда тиімді болуы мүмкін емес. Бағалау жүйесіндегі принциптік сипаттағы айырмашылықтар оқушылардың жас топтары арасында ғана мүмкін, бірақ пәндер топтары арасында емес.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарымыз, бүгінде тек белгіленген білімді ғана меңгеріп қою ғана емес, өзіндік даму, өзіндік іске асыру, болашақта жетілдіруде тұлғаға бағытталуы шарт. Қазіргі кезеңде білімділік деңгей өзінің және мақсаттылығын жоғалта бастады. Білім беру парадигмасы: ортақ-білімнен құзыреттіліке ауысуда тәжірибелік-бағытталған оқытуға көшу қажеттілігі туындауда, ал құзыреттілік тәсіл негізгі және басқа да құзыреттіліктер жиынтығын қалыптастыру көзделеді. Табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Сондықтан оқушылар ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

XXI ғасырда мектептегі білім беруді жаңғыртудың жаңа бағдарлары оқушылардың бағалау қызметінің рөлін айтарлықтай дәрежеде өзгертті. Жаңартылған білім беру парадигмасының қалыптасуы, құзыреттілік тәсілге негізделген жаңа білім беру стандарттарының пайда болуы оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға әсер ететін жүйелі, пәнаралық сипаты бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың бірыңғай критериалды технологиясын іздеуге ықпал етеді.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Раев С. Функционалдық сауаттылыққа әсер етуші факторлар /Қазіргі бастауыш білім беруде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 11 қараша, 2016 ж. – Б. 340-343.
2. Горшкова Т. В. Развитие навыков культуры общения и поведения через активные формы организации воспитательного процесса (из опыта работы) //Инновационные педагогические технологии: материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2017 г.). — Казань: Бук, 2017. — С. 8-10.
3. Кон И.С. Развитие речи «Уроки риторики». – Ярославль : Академия развития, 2010. – 216 с.

**Абдулхамит Жанерке Абдулхамитқызы,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

**Сейітжаппар Майра Құдайқұлқызы,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

# БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗІ

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі білім алушылардың білімді қаншалықты игергенін Блум таксономиясы арқылы бағалау негіздері баяндалады. Блум таксономиясынкогнитивті сала (білім), эмоционалды сала (шарттар), психомоторлық сала (дағдылар) бойынша қарастыруға болады. Танымдық, эмоционалдысфера категориялары және дағдылар бойынша оқытуды бағалауды кесте үлгісінде ұсынған. Пәнді игеруге қатысты Блум таксономиясы бойынша талаптар жүйесі тұжырымдалған.

**Кілттік сөздер:** Блум таксономиясы, білім, шарттар, дағдылар, бағалау.

**Аннотация**. В статье изложены основы оценки знаний обучающихся в современной системе образования посредством таксономии Блума. Таксономию Блума можно рассматривать по когнитивной сфере (знаниям), эмоциональной сфере (условиям), психомоторной сфере (навыкам). Оценка обучения по категориям познавательной, эмоциональной сферы и навыкам представлена в таблице. Сформулирована система требований по таксономии Блума к освоению предмета.

**Ключевые слова:** таксономия Блума, знания, условия, навыки, оценка.

**Annotation**. The article describes the basics of assessing students' knowledge in the modern education system through the bloom taxonomy. Bloom's taxonomy can be considered by the cognitive sphere (knowledge), emotional sphere (conditions), and psychomotor sphere (skills). The assessment of learning by categories of cognitive, emotional sphere and skills is presented in the table. A system of requirements for the bloom taxonomy for the development of the subject is formulated.

**Keywords:** bloom's taxonomy, knowledge, conditions, skills, assessment.

## КІРІСПЕ

Блум таксономиясы – әлемдік педагогика, психология ғылымдарында білім алушылардың интеллектуалды даму деңгейін бағалау технологиясы ретінде белгілі. ЖОО, яғни мамандарды оқытудың ішкі фирмалық жүйесінде осы технологияны қолданудың нәтижесі тәжірибеде сенімді түрде дәлелденді. Таксономия Блум технологиясын қолданудың білім алушылардың білімін жетілдірудің құралы ретінде тиімділігін дәлелдеуді қажет ететін өзекті мәселе екені даусыз.

Өткен ғасырдың ортасында ол оқытудың мақсаттары мен міндеттерін жүйелеуге тырысты. Бұл жұмыстың нәтижесі ондаған жылдардан кейін көптеген пікірталастар тудыратын теория болды. Бірақ ол білім беру бағдарламаларын құруда белсенді қолданылады.Блум таксономиясына сәйкес, үйрену кезкелген фактіні есте сақтау ғана емес. Ол оларды талдау мен бағалауды қамтуы керек.

## Негізгі бөлім

Қазіргі күнде білікті мамандарды жұмысқа алу өзекті мәселесеге айналып отыр. Бұл, ең бастысы, жеке меншік мекемелердің жетекшілері мен басшыларының көпшілігі қол астында жұмыс жасайтын персоналдарға қосымша ақша жұмсаудың, салудың тиімділігін есептей бастады. Осыған байланысты ЖОО түлектері өте күрделі, қиын жағдайларға тап болып жатады. Яғни, оқуын бітіріп қолына диплом алған жас маман жұмыс берушіге кәсіби іс-әрекетіне тез араласып кету үшін өзінің қабілеттілігін дәлелдеуі тиіс.

Психология-педагогиканың ғылым арсеналында оқыту технологиясы сынақтан өткен бірнеше тұжырымдамалар бар, олар бізге қажет технологияның негізі бола алады немесе қызмет ете алады.

Мысалы, В.Глушковтың міндеттерін жіктеу, Толлингерова-Лиаудистің білім беру мәселелерін дамытудың таксономиясы, Эльконин-Давыдов жүйесіндегі білім беру іс-әрекетінің деңгейлері (төменгі деңгейлері) және т.б.

Блум-Каррол таксономиясын осы мақсаттар үшін Ресейде бірінші автордың атымен танымал болған Блум Таксономиясын қолдану мүмкіндігін қарастырайық [ Джеффри Пэтти, Нэльсон Торнс, 1998, 149 с.].

Блум таксономиясын бір-бірімен жартылай қабаттасқан үш саламен қарастыруға болады:

– когнитивті сала (білім)

– эмоционалды сала (шарттар)

– психомоторлық сала (дағдылар)

Осылайша, үш саланың әрқайсысы иерархияда реттелген таксономиялық категориялардың жүйесі, ал деңгейлер күрделіліктің жоғарылау деңгейіне сәйкес белгілі бір тәртіппен орналасады. Категориялар оқу мақсаттарының тізбегін білдіреді, сондықтан оқу материалын игеруге негіз бола алады. Сонымен қатар, категориялар оқу үдерісінде адамның даму деңгейлерін білдіреді, сондықтан оқу нәтижелерінің индикаторы бола алады [Илиджиев А.А., М., С. 76 -78.].

Осылайша, Блум таксономиялық категорияларының матрицасы процесті ұйымдастыруда және нәтижені бағалауда технология рөлін атқара алады.

Технологияға сүйене отырып, сапаны басқару жүйесінде талап етілетін нәтижемен диалог ретінде оқытудың мониторингін құруға болады. Сонымен қатар, технологияны қолдану оқу үдерісінде де, қажет болған жағдайда нәтиже көрсеткіштерінде де уақытылы түзетуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, американдық мұғалімдер 90-жылдары ресейлік әріптестеріне Блум таксономиясын мектеп білімінде қолдану тәжірибесімен бөлісті.Бүгінгі таңда HR қызметі Блум таксономиясын қызметкерлерді дамыту және оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалау негізі деп санайтын басылымдар пайда болды.

Блум таксономиясы университет білімін бақылаудың ыңғайлы құралына айналады деп айтуға толық негіз бар. Экспериментте кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы. Үшінші буын мемлекеттік білім беру стандарттарын іске асырудың маңызды құралы, олардың жобалары студенттердің санаттары бойынша оқу нәтижелеріне қойылатын талаптарды қамтиды: «білу», «болу», «меншік».

Төменде практикалық сабақтар барысында алынған білім, білік және көзқарасты бағалауға көмектесетін кестелер берілген. Олардың негізінде сауалнамалар жасауға немесе бақылау сұрақтарының тізімін жасауға болады.Жобалары студенттердің оқу нәтижелеріне санаттары бойынша қойылатын талаптарды қамтитын үшінші буын мемлекеттік білім беру стандарттарын іске асырудың маңызды құралы: «білу», «болу», «игеру».

Төменде жаттығулар кезінде сіздің біліміңізді, дағдыларыңыз бен көзқарастарыңызды бағалауға көмектесетін кестелер берілген.Олардың негізінде сауалнамалар жасауға немесе бақылау сұрақтарының тізімін жасауға болады (Кесте 1).

*Кесте 1 – Танымдық саланың категориялары бойынша оқытуды бағалау*

| Таксономиялық деңгей | Оқу материалы мен тапсырмаларының мазмұнынын ашудағы міндеттер |
|---|---|
| 1-деңгей – ақпаратты (білімді) есте-сақтауфактілер, түсініктер, қағидаттар, ұғымдартүрінде | Негізгі міндеттер: «анықтау», «сипаттау», «атау», «тізім», «салыстыру», «бөлектеу», «көбейту», «таңдау», «орнату» |
| 2-деңгей – түсіну: фактілерді, түсініктерді, принциптерді, ұғымдарды түсіну, материалды түсіндіру | Негізгі міндеттер: «түрлендіру», «негіздеу», «анықтау», «түсіндіру», «жалғастыру», «жалпылау», «мысалдар келтіру», «қорытынды жасау» |
| 3-деңгей – қолдану: практикалық қолдану: мәселені шешу, тұжырымдамалар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолдану | Түйін сөздер: «көрсету», «өзгерту», «дайындау», «жасау», «көрсету», «шешім қабылдау», «пайдалану», мүмкіндіктерді қарастыру |
| 4-деңгей – талдау: фактілерді болжамдардан бөлу, жіктеу | Негізгі міндеттер: «диаграмма», «бөлектеу», «бөлу», «суреттеу», «көрсету», «байланыстыру», «бөлу», «бөлу»,«бөлімше» |
| 5 деңгей – ақпарат жинақтау: құру, дамыту, біріктіру | Негізгі міндеттер: «біріктіру», «қосу», «жинау», «құру»,«түсіндіру», «қорытындылау», «ұйымдастыру», «жоспарлау», «ұсыну», «ұсыну», «әзірлеу» |
| 7-деңгей – бағалау,салыстырмалы бағалау: сарапшылық білім | Негізгі міндеттер: «бағалау», «салыстыру», «дау», «істеу»«қорытынды», «негіздеу», «түсіндіру», «түсіндіру», «қолдау» |

Егер сіз ұқсас кестені тақырыпты (модуль) оқуға негіз ретінде қолдансаңыз, онда оқушының танымдық саласын мақсатты және дәйекті түрде (деңгейден деңгейге) шығаруға мүмкіндік беретін оқу материалын жобалауға болады.Бұл кез келген түрдегі бақылау материалын (тесттер, жағдайлар, бақылау сұрақтары) әзірлеу үшін негіз болатын кесте.Блум таксономиясы танымдық дамуды толықтыратын тұлғаның эмоционалды саласының дамуына негіз бола алады (Кесте 2).

*Кесте 2 – Эмоционалды сала категориясынындағы оқытуды бағалау*

| Таксономиялық деңгей | Оқу материалдары мен тапсырмалардың мазмұнын ашу |
|---|---|
| 1-деңгей – қабылдау: таңдаулы назар, белсенді тыңдау | **Мысалдар**. Оқу тобының ұжымдық мәдениетін диагностикалау, нәтижелерді ұсыну, алғашқы талқылау<br>**Түйін сөздер:**«сұрау», «таңдау жасау», «сипаттау», «атау»<br>«... Көрсету», «таңдау», «қолдану» |
| 2-деңгей – түсіну | **Мысалдар**. Ол пікірталасқа қатысады, эмоционалды рефлексия береді<br>**Түйін сөздер:** «жауап беру», «көмек», «талқылау», «орындау», «Іске асыр», «қазіргі», «баға», «таңдау», «айту», «жазу» |
| 3-деңгей – жауап (реакция, әрекет, мінез-құлықтың бейімделуі): төзімділік пен адалдықтан құндылықтарды қабылдауға дейін | **Мысалдар**. Ол жағдайға өз көзқарасын білдіреді, толықтырады, қажет жағдайды сипаттайды, топтың психологиялық климатын және ұйымдастырушылық мәдениетті жақсартудың жеке тәсілдерін ұсынады<br>**Түйін сөздер:**«көрсету», «түсіндіру», «саралау», «ұстану», «форма», «бастама», «бөлу», «ұсыну», «таңдау», «қосылу» |
| 4-деңгей – жаңа ақпараттың эмоционалды-құндылық көрінісі. Жаңа білімге құндылық қосыңыз | **Мысалдар**. Топтың ұжымдық мәдениетін салыстырмалы талдау, мәдениеттің белгілі бір түріне тағайындау, мәдениеттер типологиясының тіліндегі сипаттамаларды талдау<br>**Тірек сөздер:**«жіктеу», «көрсету», «көрсету»,<br>«Аяқтаңыз», «дәлелдеңіз», «айтыңыз», «талдаңыз» |
| 5 деңгей – жеке және ұйымдастырушылық құндылықтардың тұтас жүйесін құру.<br>Мінез-құлық құндылықтар жүйесін меңгеру<br>Мінез-құлықты басқаратын құндылықтар жүйесін ассимиляциялау | **Мысалдар**. Дамыту<br>**Түйін сөздер:**«аяқтау», «көрсету», «жіктеу», «түсіндіру», «форма», «бастаушы», «судья»<br>«Ұсыну», «есеп беру», «таңдаңыз» |
| 6-деңгей – жаңа білімнің құнын бағалау<br>жеке құндылық жүйелері | Этикалық дилемманы шешуге арналған рөлдік ойынға қатысады (қатысады) және қатысқандар.<br>Этикалық дилемманы жеңудің жолдарын ұсынады, топтық эмоционалды рефлексияға қатысады. |

Осылайша, Блум таксономиясы оқытудың тиімділігін кез келген түрде бағалауға мүмкіндік береді: семинар, дәріс-семинар, оқу семинары. Сонымен қатар, жоспарлауға мүмкіндік береді: мақсатына негізделген оқу бағдарламасы және пайдаланылған оқыту әдістерін бағалау негізінде құрастырылған бағдарламаның тиімділігін болжау (Кесте 3).

*Кесте 3 – Когнитивті сала категориясындағы оқытуды бағалау*

| Таксономиялық деңгей | Оқу материалдары мен тапсырмалардың мазмұны |
|---|---|
| *1-деңгей– ақпаратты еске түсіру (білім)* фактілер, ұғымдар, принциптер, концепциялар түріндегі ақпараттар | *Мысалы.* Ол «капиталистік қайырымдылық» ұғымы туралы әңгімелейді, тарихи мысалдар келтіреді, әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасының заманауи мазмұнын және этикаға көзқарастарды ашады<br>*Тапсырмалық кілттері:* «анықтау», «суреттеу», «баяндау», «санап көрсету», «салыстыру», «бөліп көрсету», «қайта жаңғырту», «таңдау», «құрастыру» |
| *2-деңгей – түсіну:* фактілерді, ұғымдарды, принциптерді, концепцияларды, материалдардың тұжырымын түсіну | *Мысалы.* Әлеуметтік жауапкершілік түсінігінің мазмұнын, оның заңды жауапкершіліктен айырмашылығын өз сөзімен түсіндіреді, иелері мен менеджерлерінің «және» мен<br>«Қарсы» әлеуметтік жауапкершілік қазіргі заманғы әлеуметтік жауапкершілік көріністерін ұсынады.<br>*Тапсырмалық кілттері:* «түрлендіру», «негіздеу», «анықтау», «түсіндіру», «жалғастыру», «жалпылау», «мысалдар келтіру», «қорытынды жасау» |

| | |
|---|---|
| 3-деңгей – қолдану: практикалық қосымша: мәселелерді шешу, жаңа жағдайлардағы тұжырымдамалар мен принциптерді қолдану | Мысалдар. Қазіргі ұйымның әдептілігі мен әлеуметтік жауапкершілігін арттырудың әртүрлі мүмкіндіктерін көрсетеді (кейстерді шешу, жеке тәжірибені пайдалану), этикалық кодекс құрылымының негізін ашады және оларды нақты ұйымдарда қолдану мүмкіндігін қарастырады<br>*Тапсырмалық кілттері:* «тапсырма», «модификациялаңыз», «дайындаңыз», «жаса», «көрсетіңіз», «қолданыңыз», «мүмкіндігін қарастырыңыз» |
| 4-деңгей – талдау: фактілерді болжамдардан бөлу мүмкіндігі, мысалдарды жіктеу. | Қазіргі заманғы ұйымның әдептілігінің негізгі көрсеткіштерін көрсетеді, өлшеуіштер мен әр көрсеткішті арттыру жолдарын ұсынады.<br>*Тапсырмалық кілттері:* «сұлбасын салыңыз», «жылжытыңыз», «өзгешелік табыңыз», «жайып көрсетіңіз», «көрсетіңіз», «қарастырыңыз», «тармағын таңдаңыз», «бөліңіз», «бөлімшелерге бөліңіз» |
| 5 деңгей – ақпарат синтезі:<br>құру, әзірлеу, біріктіру мысалдар. | Әдептілік көрсеткіштеріне негізделген қазіргі заманғы (нақты) ұйымның әдептілігін арттыру бағдарламасын әзірлейді;<br>*Тапсырмалық кілттері:* «біріктіріңіз», «біріктіріңіз», «жинаңыз», «құрыңыз», «түсіндіріңіз», «таратыңыз», «ұйымдастырыңыз», «жоспарлаңыз», «ұсыныңыз», «ұсыныңыз», «әзірлеңіз» |
| 6 – деңгей-бағалау, салыстырмалы бағалау:<br>сараптамалық білім мысалдар. | Өз дәлелді жауабыңызды айтыңыз: «Фирмалардың экономикалық көрсеткіштерін төмендетуге әлеуметтік-жауапты жұмыстар жүргізіле ме?»<br>*Тапсырмалық кілттері:* «бағалаңыз», «салыстырыңыз», «дәлелдеңіз», «жасаңыз», «қорытынды», «негіздеу», «түсіндіріңіз», «түсіндіріңіз», «қолдау» |

Егер сіз ұқсас кестені тақырыпты модуль) оқуға негіз ретінде қолдансаңыз, онда білім алушының танымдық саласын мақсатты және дәйекті түрде (деңгейден деңгейге) шығаруға мүмкіндік беретін оқу материалын жобалауға болады [ Мурзагалиева А.Е., Утегенова Б.М., 2015, 54 с.]. Сонымен бірге, кесте кез келген түрдегі бағалау және бақылау материалдарын (тесттер, жағдайлар, бақылау сұрақтары) әзірлеу үшін негіз болады. Блум таксономиясы танымдық дамуды толықтыратын тұлғаның эмоционалды сферасының дамуына негіз бола алады.

Бағалау – білім беру үдерісіндегі қажет басты құрама бөліктердің бірі. Бұл үдерісте оқытушы оқушының ағымдағы және қорытынды үлгерімі туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды. Бағалаудың мақсаты, міндеттері, пәні, нысаны, принциптері, әдістері, түрлері және құралдары білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына (мектептің әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар) түсінікті болуы керек.Бағалау жүйесі – бұл оқыту мәселелерін болжаудың және жетістіктерін өлшеудің негізгі құралы. Бұл құрал білім берудің сапасын, оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін анықтауға, білім беру саласындағы заманауи міндетгерге сәйкес болмаған жағдайда оны білім беру стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдерді қабылдауға, білім берудің мазмұнын, білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалаудың түрлерін де жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағалау – алынған нәтижелерді және жоспарланған мақсаттарды салыстыру үдерісі [Кузина Л.Л..http://elar.urfu.ru/bitstream].

Қазіргі уақытта барлық деңгейлердегі жетекші мамандар мен басшылар педагогикалық бақылауинструментарийлерімен жабдықталмаған. Мектептер (әдіскерлер) бақылау және қадағалау аспаптарын және құралдарын өз бетгерінше жасайды. Мұндай құралдардың мазмұны мен құрылымы зерттелінетін нысанның ерекшеліктеріне, түрлеріне және қадағалау мен бақылаудың әдістеріне байланысты анықталады. Мұндай құралдар менаспаптар сапасы нақты тексерілмейді. Нәтижесінде, басшылық тарапынан білім беру үдерісін бақылау нәтижелері бойынша қандай да бір нақты шешімдерді қабылдауда мәселелерді туындатады. Мысалы, пәнді игеру бойынша әдістемеліктердегі талаптардың және білім басқармасы тарапынан қойылатын бақылаудың мазмұнының арасындағы қарама-қайшылықтар бар. Қаланың білім алушыларыбілімімен салыстырғанда ауыл мектептерінің білім алушылардың білімі төмендеу көрінеді.

Сол сияқты ірі қалалардағы ЖОО-ның студенттерінің де үздік студенттерінің білімдері салыстыру барысында сәйкес бола бермейді.Мемлекетгік бақылау барысында білім алушылардың тек тіл бойынша грамматикалық жүйесі тексеріледі. Онда ол материалдың 30%-ын гана қамтиды. Сөйлеу мәнерінің игерілуі тапсырмаларга кірмейді, ал жоғарыда айтып кеткендей қарым-қатынас жасау құзыреттілігі тіптен бақылау назарынан тыс қалдырылған. Нәтижесі – қазақ сыныбын аяқтаған және жоғары оқу орындарына сәйкес мамандықгарға түскен студентгер орыс тілінде қарым қатынас жасауға және оқып түсініп келген материалды айтып бере алмай қиналады. Яғни, мектептерде мұндай түлектерді орыс тілінде тек тұрмыстық деңгейде ғана қарым-қатынас жасауға үйреткен. Ал ғылыми тақырыптарда ақпаратты өңдеу, талдау туралы үйрету түгілі, сөз тіптен қозғалмайды.Оқытудың түр-

лерінің және әдістерінің көп түрде болуы білім беру қызметінің сапасы туралы нақты және шындық ақпарат беруі керек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Стелизация – жеке, біртекті фактілерде, заттарда, құбылыстарда қайталанатын және композициялық сипатқа ие күрделі тұтас бейнені жасау арқылы біріктіру. Таңдалған шығармашылық туындыда қандай да бір бейненің, мысалы табиғат көрінісі, көкеністер, өрнектердің және де басқа көріністердің орналасуы.

Стилизация – өнерде, стильдің немесе тарихи дәуірдің өзіндік ерекшеліктерінің имитациясы әдейі және астын сызу арқылы да беріледі.

Стилизация – «стиль» терминінен туындайтын ұғым. Стиль – қасиеттерге сирек қол жеткізу тұтастығы; оны «жүзеге асырылмаған идеалды үрдіс»деп атаған жоқ. Стиль әдейі емес, оның пайда болуы кездейсоқ; стилизация-алдын ала ойлаудың немесе прототипдің, иконографиялық көздің нәтижесі. Стилизацияны абстрагирлеуден (кездейсоқ және маңызды емес қасиеттерден алаңдатумен форманы жалпылау)және геометризациядан (форманың геометриялық негізін акцентпен оңайлату) ажырату керек.

4. Стилизация суретшінің бұрын өнер тарихында жасалған формаларды және оларды құру тәсілдерін саналы қолдануын көздейді. Суретшінің өзі таңдаған дәуірге оймен ауысуы, орны мен уақыты шығармашылық әдіс, сурет нысандары, аксессуарлар, атрибуттар, колорит, мәнер, техникалық тәсілдер мен материалдарды анықтайды. [Новоселов С. А., 2011, 72-77 стр.].

2. Типизация – жеке, біртекті фактілерде, заттарда, құбылыстарда қайталанатын және композициялық сипатқа ие күрделі тұтас бейнені жасау арқылы елеулі біріктіру.

3. Схемалау – қандай да бір затты немесе құбылыстары және онда құрастырылатын ұғымдарды жинақтау. Схемалау символдық құру кезінде қолданылады суреттер, логотип, ою – өрнек, және т. б. Демек сәндік көркем бейнені жасау кезінде. Бұл сәндік қолөнер «стилизация» немесе құрылымды іздеу болып табылады.

4. Қайта жаңарту – жеке белгісі немесе қасиеті бойынша бейненің тұтас құрылымын құру, бейненің жетіспейтін бөліктерін толықтыру. Маңызды элементтердің болмауы көрініске сәйкес қиялға итермелейді, демек, жаңа бейне пайда болады. Сәндік-қолданбалы өнер заттарын қалпына келтіру сақталған фрагменттер негізінде жүзеге асырылады.

4. Агглютинация – қиял бейнелерінің бірігуі. Өзара әркелкі қасиеттер, қабілеттердің бір нысан бойына жинақтау.

Агглютинация – заттар мен құбылыстардың әр текті элементтерін атап айтқанда қасиеттерін, белгілерін синтездеу, «желімдеу». Бір бұйымда әртүрлі көркем-мәнерлі тәсілдерді қолдану арқылы бейнелер жасау.

6. Назар аудару – заттар мен құбылыстардың белгілі бір бөліктерін асыра көтеру немесе үзу (миниатюризация) жолымен айқындау, астын сызу, онда мынадай шарттар ескеріледі:

а) бейненің сандық сипаттамасы атап айтқанда құстың, балықтың суреттердегі жалпыланған бейнесі;

б) бейне элементтерінің тепе-тең арақатынасын салыстырмалы түрдегі өлшемдердің өзгеруі. Гиперболизация және миниатюризация көркем бейнеде бір мезгілде болады, мұнда құстарға тән бас пен құйрық пішіндерін бөлу, қанаттан сирек жасау деген сияқты.

7. Ұқсастық – бір элементтің қасиеттері, сапасы, белгісіпәндік және функционалдық ерекшеліктері бойынша мысалы: жануардың белгілі бір қаріптерінің әріптерінің пішінін нақтылау, біріктіру. Аналогия ассоциативті процестермен тығыз байланысты.

8. Аналогия заттар мен құбылыстардың белгілі бір бөліктерін жүзеге асыра қою (гиперболизациялау) немесе асыра басу (миниатюризация) жолымен астын сызу, онда мынадай шарттар ескеріледі:

– бейненің сандық сипаттамасы (құстың, балықтың жалпыланған суреттемесі);

– бейне элементтерінің тепе-тең арақатынасы (салыстырмалы өлшемдердің өзгеруі). Гиперболизация және миниатюризация көркем бейнеде бір мезгілде болады (құстарға тән бас пен құйрық пішіндерін бөлу, қанаттан сирек).

Сәндік қолданбалы өнерде аналогияда көркем шығармашылықтың элементтеріне олардың қасиеттері, сапасы, белгісі, басқа элементті заттық және функционалдық ерекшеліктері бойынша форманы біріктіру белгілі қаріптердің әріптерін, белгілі бейненің сұлбасының орналасуымен де анықталады.

Қорыта келгенде, сәндік-қолданбалы өнер арқылы болашақ кәсіптік оқыту мамандарының ұлттық құндылықтарын жетілдіру шығармашылық мәдениетін қалыптастыру, жоғары мәдениетті толыққанды шығармашыл тұлғаны дайындау болып табылады.ұлттық құндылықтар – өзін тану мен тұлғалық, интеллектуалдық ерекшеліктері және қасиеттері, басқа адамдармен қарым-қатынас, өз бойынан белгілі бір қасиеттері қабылдау үрдісі. Сондай-ақ болашақ маманның кәсіби білімін шыңдауда ерекше орын алатын өз бетінше жұмыс жасай алатын озық формалар мен әдістерді меңгерту барысында жалпы мәдени құзіреттілігін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Оның басты себебі болашақ кәсіптік оқыту мамандарның тұлғалық көрсеткіші, мәдениеттілігі, әдептілігі алуан түрлі болып келуі мүмкін. Сондай-ақ болашақ мамандардың кәсіби білімін шыңдауда ерекше орын алатын өз бетінше шығармашылық жұмыс жасай алатын озық формалар мен әдістерді меңгерту барысында жалпы ұлттық құндылықтарды жетілдіруге ерекше назар аудару қажет. Оның басты себебі болашақ маманның тұлғалық көрсеткіші, мәдениеттілігі, әдептілігі алуан түрлі болып келуі мүмкін. Олардың арасында мәдениеттілік, ұлттық құндылықтар туралы әңгіме қозғағанда олар өз пікірлерін мәдениетті түрде жеткізуге, сыпайы сөздерді қолдана отырып өзінің көзқарасын, өзінің іс-әрекетін бағалай білуге, өз ойын жинақтап, айтылатын ойының мақсатын анықтап алуға, сөйлесіп отырған адамының сөзін бөлмей, оның өз ойын толық жеткізуге дағдыландыру, үлкен міндеттің брі болып табылады.

Кәсіптік оқыту мамандарының ұлттық құндылықтарын жетілдіруде тәрбиелік мәні жоғары тағлымдар берумен шектелмей, олардың білімді де білікті сәндік қолөнерімізді насихаттап, болашақта өз мамандығы арқылы қазақтың ұлттық құндылықтарын дамытуға үлес қосатын тұлғалар етіп тәрбиеле және кәсіп иесі болуына ықпал жасауы қажет.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.12.04.2017 ж.

2. Р. І. Кадирбаева. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері,: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты: 13.00.08/ Кадирбаева Роза Істлеуқызы. – Алматы : 2010. – 36 б.

3. Ахмет Л.С., Мынбаева Г.Р., Сугралиева М.Д. Сәндік қолданбалы өнер принциптерінің эстетикалық қарым-қатынасын анықтау заңдылықтарын меңгеру жолдары//Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал №2. 2020 – 302-305 бет.

4. Соколова М. С. Профессиональная подготовка художника декоративного искусства на основе активизации проектной деятельности// Вестник. Педагогическое образование в России. 2015. № 11.С. 43-46.

5. Новоселов С. А. Ассоциативно–синектическая технология развития креативности субъектов образовательного процесса// Педагогическое образование и наука. 2011. № 1. С. 72-77.

**Амангельды Айғаным Серікбайқызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Дуйсенова Гульзат Рашидқызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жалпы білім беретін мектеп оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейін бағалау крийтерийлерін қарастырылған. Критерий бойынша сырттай және іштей бағалаудың жүзеге асырылу жолдары қамтылған. Мақала жазу барысында қазақ және шет ел ғалымдарының еңбектері қолданылды.

**Кілт сөздер:** Критерий, объект, мәселе, шет тілі, бағалау.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены аспекты оценки уровня владения английским языком учащимися общеобразовательных школ. По критерию охвачены пути осуществления внешней и внутренней оценки. При написании статьи использовались труды казахстанских и зарубежных ученых.

**Ключевые слова:** Критерий, объект, проблема, иностранный язык, оценка.

**Annotation.** The article deals with the aspects of assessing the level of English language proficiency by students of secondary schools. The criterion covers the ways of external an d internal evaluation. When writing the article, the works of Kazakhstani and foreign scientists were used.

**Key words:** Control, object, problem, foreign language, evaluation.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен, зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау процесінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі мүмкін. Шет тілін оқытуда бақылауды жетілдіру мәселелері көптеген монографиялардың авторларын толқытып, көптеген диссертацияларды қорғау тақырыбына айналды. Дегенмен, білімді, іскерлікті және дағдыларды тексеру мен есепке алу, оларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі мәселелері өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. Бақылау әлі де үлгерімді арттырудың күшті тетігі және пән бойынша білім мен дағдының шынайы жағдайын анықтауға толыққанды көмектесіп жүрген жоқ.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

И.Л. Бим және А.А. Миролюбовтың жетекшілік етуімен әзірленген шет тілі бойынша уақытша мемлекеттік білім беру стандарты жобасының пайда болуы бақылауды жүзеге асыруға байланысты бірқатар проблемаларды шешеді. Бұл, ең алдымен, бақылау объектілерін бөлу және оны іске асырудың ең сенімді және тиімді нысандарын таңдау [Гез Н.И., 1982, 191 с.]. «Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін -өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

М.Е. Брейгина өзінің бақылауына анықтама бере отырып, оның функцияларын бөліп көрсетті: диагностикалық, басқарушылық, түзету, бағалау, ынталандыру, жоспарлау, оқыту [Брейгина М.Е., 2004, 89-95 с.]. Педагогикалық үдерісте мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету функциясы да бақылауда жүзеге асырылады. Алайда, тесттердің осы түрлері бойынша кең әдебиетке, олардың практикада кең апробациясына және көптеген эксперименттік зерттеулерге қарамастан, бірқатар түбегейлі мәселелер, тестологтардың өз дәлелдері бойынша, толық анықталмағанын атап өт-

кен жөн. Атап айтқанда, қарастырылып отырған тесттерде ең негізгі талаптардың бірі — олардың барабарлығы (validity) талаптары күмән танытады.

Тіпті «тілдік» тесттердің (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) барабарлығы, оларды әзірлеу "сөйлеу" (қандай да бір іскерлікті тексеретін) бұрын басталған. Барлық объективті тесттерде сыналушыға барлық тілдік материал, оның ішінде дұрыс жауап беретін және сыналушы тек білуге (көруге немесе естуге) тиіс материал беріледі. Басқаша айтқанда, тест тапсырмасын орындау негізінде тану жатыр, ал тану сыналушының сол бірлікті өз бетінше орындай алатынын дәлелдейтін жағдайларды анықтайтын сенімді дерек. Оның үстіне, оған объективті немесе субъективті ұқсас тіл бірлігін тану сыналушы оны дыбысты сөйлеудің табиғи ағымында немесе оқығанда біле алатынының көрсеткіші болып табылатындығын растайтын сенімді деректер жоқ. Өйткені, бақыланатын бірліктің үй-жайы оған ұқсас бірліктердің арасында сыналушыны өзінің назарын олардың дифференциалды белгілеріне шоғырландыруға мәжбүр етеді, бұл ол үшін өзіндік кеңес. Сондықтан, эксперименттер қатарында тестілік емес және тестілік тапсырмалар арасында да, «тілдік» тесттер арасында да төмен корреляция алынды.

Осылайша, тілдік тесттің табысты орындалуы бір мағыналы емес, оқушының сөйлеу қызметінде тиісті материалмен, өнімді немесе тіпті рецептивті әрекет ету біліктілігінің көрсеткіші. Сенімділікпен айтуға болатын жалғыз нәрсе, бұл сынақты орындаудың теріс нәтижесі тиісті материалға ие болмауы куәландырады. Оқушының оқу жетістігін өлшеу дәлдігі оның білімдік жетістіктерімен тұлғалық жетістіктерінің сапасына әсер ететінін байқауға болады. Ол үшін оқушының оқу жетістіктерінің өлшеуіштері мазмұны мен құрылымы жағынан ұтымды тыңдалуы тиіс. Өлшеуіштерге оқушы жетістіктерінің сапалық және сандық сипатының алдын ала берілген параметрлері білім салалары бойынша оқушылардың оқу дайындықтарының деңгейін айқындайтын құралдар мен тәсілдер жатады. Педагогикалық өлшеуіштер тәсілдерінің ішінде ең көп тарағандары бақылау, білімді ауызша тексеру формасы, білімді тексерудің жазбаша формасы, интервью түріндегі әңгімелесу, сауалнама т.б.

«Сөйлеу» сынақтарымен жағдай әлі де қиын, оны әзірлеу жақында басталған. Мәселенің күрделілігі әлі күнге дейін тест көмегімен сөйлеу қызметінің қандай да бір түрін меңгеруді қалай тексеру керек екендігі түсініксіз. Бұл жерде сөйлеу қызметінің қандай да бір түрін меңгеруді анықтайтын екі тәсілді анықтауға болады:

а) тілдік мінез-құлықты бағалау жолымен тікелей;

б) оқушылардың белгілі бір тілдік материалды (не үшін "тілдік" тестілер пайдаланылады) және сөйлеу қызметінің қандай да бір басқа түрлерін меңгеруін тексеру арқылы жанама түрде.

Екінші тәсіл мысал ретінде Мичиган университеті (АҚШ) жанындағы ағылшын тілі институты әзірлеген тесттер бола алады, олардың үлгісі бойынша көптеген елдерде тесттер жасалды. Осылайша, ағылшын (шет) тілінде сөйлей білуді бағалау үшін тест жиынтығы ұсынылды, оның құрамдас бөліктері 50 жылдары әзірленген Р. Ладо; жинаққа үш "тілдік" тест (әр түрлі тәртіптегі тілдік бірліктерді есту арқылы қабылдауды тексеру, лексикалық және грамматикалық тесттер) және бір "сөйлеу" (шығарма) кіреді [Ладо, Р., 1989, 256 с.]. Бақылау объектісін жанама бағалайтын тестілерде осал бақылау объектісі мен тесттерде ұсынылатын объектілер арасындағы корреляция дәлелдемелерінің болмауы. Бұл тұрғыдан бірінші тәсіл неғұрлым сенімді көрінеді. Айта кету керек, оның жақтастары бірыңғай жолды құрмайды. Кейбір тестологтар сыналушыны нақты сөйлеу қызметі жағдайына қоюды ұсынады, онда ол естілетін немесе жазбаша мәтіндерді тыңдайды немесе оқиды. Алайда мұндай рәсім тестті өте үлкен етеді (мысалы, сөйлеуді есту арқылы түсінуді тексеру үшін 10-12 мәтінді тыңдау ұсынылады), бұл іс жүзінде басқалармен салыстырғанда оның артықшылықтарын бақылаудың тест формасын айырады. Сонымен қатар, өте күрделі, бір тесттің бірнеше нұсқасы үшін қиындықтар бойынша тең мәтіндерді таңдау іс жүзінде мүмкін емес. Осы және басқа да кемшіліктерді өтеуге ұмтыла отырып, қарастырылатын тәсілді кейбір зерттеушілер:

А) қызметтің өз табыстылығының нәтижелері (ол үшін оқушылар 3-4 мәтінді тыңдайды немесе оқиды);

Б) сыналушылардың сөйлеу қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жекелеген біліктерінің болуын тексеру (осы мақсатта оның әрбір түрі үшін — әзірге негізінен тыңдау және оқу үшін — болуы оны жүзеге асыру үшін қажет деп есептелетін біліктердің тізбесі жасалады) негізінде сөйлеу қызметінің қандай тесттің түрін жүргізген кезде әрбір мәтінге сұрақтардың санына оның түсінігін, типін тексеретін мәселелер енгізіледі: мәтіннің басты ойы: а) ... б)... в)... г)... (а, б, в, г тармақтарында мәтінмен байланысты, бірақ олардың біреуінен басқа, оның басты ойының көрінісі болып табылмайды), сондай-ақ сыналушының белгілі бір білігінің болуы туралы айтуға мүмкіндік беретін жауап-мысалы, оқушының сөздің мағынасын түпмәтінмен (бұл сөйлеу қызметінің рецептивті түрлері үшін маңызды) ара қатынасын анықтау үшін "деген сұрақ ұсынылуы мүмкін..." бұл мәтінде: а) ... б)... в)... г)... .

Теориялық жұмыстар мен нақты тестілерді жылдам талдау көрсеткендей, қазіргі уақытта тестті әлі де бақылаудың барабар тәсілі деп санауға болмайды, сондықтан жұмыс тәжірибесінде оларды сақтықпен қолдану керек. Білімді

тексерудің объективтілігі сұрақтардың дұрыс қойылуын болжайды, соның салдарынан дұрыс жауапты дұрыс емес жауаптан ажыратудың бір мәнді мүмкіндігі пайда болады. Сонымен қатар, білімді тексеру нысаны нәтижелерді оңай анықтауға мүмкіндік береді. Мәселені шешуін мен жеке тест тапсырмаларын қолдануда деп ойлаймын. Тестілік бақылау барлық білім алушылар үшін бірдей объективті тексеру шарттарын қамтамасыз етеді.

Осылайша, тестілеу нәтижелері оқушылардың оқу деңгейін бағалау үшін, оларды қандай да бір оқу орнына іріктеу үшін, олардың жетістіктерін белгілі бір қызмет түрінде сертификаттау үшін (оқу пәні бойынша), қол жеткізілген деңгейге байланысты оқу топтары бойынша бөлу үшін, оқытудың қиындықтарын диагностикалау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қазақстандағы тіл саясатының мақсаты – республиканың әлемдік қауымдастыққа кірігуі, ғылымды, экономиканы және елдің әлеуметтік-мәдени деңгейін көтеру. Қазақстандық орта жалпы білім беру мекемелерінде үштілді білім беруді кезең-кезеңмен енгізу 2015 жылдан бастап жүргізілуде және 2019-да толық көлемде күшіне енеді. Мектептерде үш тілді оқытуға біртіндеп көшу 2017 жылы басталды. Жаңашылдықтың стратегиялық мақсаты-қазақстандықтардың үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жасау. Бұл үшін мектептердегі пәндердің бір бөлігі мемлекеттік тілде, бір бөлігі орыс және ағылшын тілдерінде оқытылады.

Қоғам өзінің дамуының әрбір кезеңінде білім беру жүйесіне уақыттың ғылыми-техникалық жетістіктеріне сәйкес келетін белгілі бір талаптар қояды. Мектепті жаңғырту жағдайында ғылыми негіздеу, оқытудың мазмұны мен әдістерін әзірлеу, сондай-ақ оқу қызметінің нәтижелерін педагогикалық диагностикалау мәселелері оқутәрбие процесін жетілдіру тұрғысынан өте өзекті болып табылады.

Оқушылардың дайындығына қойылатын талаптар көп жағдайда мектепте оқыту шарттарымен анықталады және екі жағдаймен сипатталады: білім алушылар ұмтылатын және қол жеткізе алатын теорияны меңгеру деңгейімен және білім беру стандарттарымен анықталатын.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты және "білім туралы «Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2011-2012 оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) енгізілді – білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасына мониторингтің бір түрі.

ОЖСБ уәкілетті органмен жүзеге асырылады және негізгі мектепте білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың негізгі орта (9 (10-сыныптан кейін) білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында, жоғары білім беруде (4 курста) оқу бағыттары бойынша оқу бағдарламасын меңгеру мониторингі мақсатында іріктеліп іске асырылады.

Негізгі орта білім деңгейіндегі ОЖСБ оқушылар оқитын білім беру ұйымдарының базасында өткізіледі.

ОЖСБ кешенді тестілеу түрінде қағаз тасығыштарды қолдану арқылы да, сондай-ақ қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы да өткізіледі [Сәрсенова И.Қ., https://testcenter.kz/].

Тапсырмалар жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді, олардың мазмұны көрсетілген бағдарламалардың шеңберінен шыға алмайды.

ОЖСБ рәсіміне 9 (10) сыныптарда міндетті түрде қазақ тілі және рәсім қарсаңында уәкілетті орган жыл сайын белгілейтін 3 пән енгізіледі. Бұл оқушылар барлық пәндер бойынша бірдей дайындалуы үшін қажет. Сол таңдалатын 3 пән ішіне ағылшын да кіріп тұрады. Себебі тарихи қалыптасқан тілдік ахуал бойынша Қазақстанда халықтың үлкен бөлігі билингвизмге ұшырап отыр. Жақында ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы қазақстандықтардың 80%-дан астамы қазақ тілін меңгерген деп мәлімдеді. Оның айтуынша, халықтың тек 22% ғана үш тілді біледі.

Үш тілді оқыту мақсатты CEFR моделіне сәйкес, сондай-ақ жоғарыда сипатталған коммуникативтік әдіснамалық тәсілді қолдана отырып жүргізіледі деп болжанады. Бұл ретте ең қолайлы әдістеме – пән мен тілді кіріктіре оқыту CLIL болып табылады.

Шетел тілін оқытудағы жетекші бақылау объектісі қарым-қатынас, яғни сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу іскерліктері болып табылады. Тек оларды меңгеру деңгейі ғана және олар тек шет тілі бойынша оқушылардың оқуын куәландырады. Алайда оқыту практикасында жиі тестілер қолданылады,онда оқытудың негізгі бақылау объектілері тілдік материалмен жасалатын іс-әрекеттер мен операциялар. Тілдік тесттер де пайдаланылуға құқылы, өйткені олар оқу деңгейін анықтау үшін қосымша мәліметтер береді, себебі лингвистикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі. Сонымен қатар, бұл сөздерді білуді бақылау немесе грамматикалық формаларды қалыптастыру білігін бақылау емес, олармен іс-әрекеттер мен операцияларды орындау, яғни оларды қысқа сөйлемдерді құруда қолдану, немесе шағын мәтіндерді немесе ұсыныстар топтарын қабылдау кезінде тану болуы тиіс [Халым Б., https://informburo.kz/]. Сөйлеуді, оқуды, тыңдауды және жазуды бақылау объектілерін бөлу және нақтылау үшін тексеруге жататын коммуникативтік біліктерді анықтауға мүмкіндік беретін тіл қызметінің тек-

серілетін түрлеріне психолингвистік талдау жүргізу қажет.

К.Д.Ушинский балаларды отбасында, балабақшада және мектепте ана тілінде тәрбиелеу мен оқытылуы жүзеге асырылуы үшін табанды күрескен. Ол өзгенің тілінде оқытатын мектеп балалардың күші мен қабілеттерінің табиғи дамуын тежейтінін, оның балалар мен халықтың дамуы үшін әлсіз және пайдасыз екенін дәлелдеген. Ушинскийдің пікірі бойынша, ана тілі «кітап та, мектеп те болмаған кезде халықты үйреткен ұлы халық тәлімгері», және өркениет пайда болған кезде де оны үйретуді жалғастырушы болып келеді [Ушинский К.Д. , 1945]. Жоғарыда аталған EF English Proficiency Index деректеріне қарасақ Үштілділік саясаты енгізілгеннен кейін, Жаңартылған оқу бағдарламасы енгізілгеннен кейін, яғни ағылшын тілі 1-сыныптан бастап оқытыла бастағаннан кейін еліміздің онсыз да жоғары емес ағылшын тілі деңгейі, тіпті, күрт төмендеген. К.Д.Ушинский атап өткендей, балаға, ең алдымен, ана тілін жақсылап үйреніп алу керек. Біз баланы балабақшадан бастап өзге тілге үйретіп, өзге ел мәдениетімен қанықтырамыз. Ал негізгі білім өз тілінде берілуі тиіс. "Ана тілі – біз идеяларды, білімді игеріп, содан кейін оларды тапсыратын жолымыз" деген сөзге сүйене отырып, К.Д.Ушинский қарапайым оқытудың басты міндеті болып ана тілін меңгеруді санады деген ойға келеміз. «Ана тілін біртіндеп түсінудің бұл жұмысы оқу-жаттығудың ең алғашқы күнінен бастап басталуы тиіс және адамның барлық дамуы үшін өзінің бірінші кезектегі маңыздылығы бойынша тәрбиенің ең басты қамқорлығының бірін құрауы тиіс». Ушинскийдің пікірінше, халық мектебінде Ана тілі «басты, орталық, барлық басқа пәндерге кіретін және олардың нәтижелерін жинайтын пән» болуы тиіс. Ана тілді толық меңгергеннен кейін өзге тілді де жоғары деңгейде меңгере алады, себебі бала өзге тілде айтылған дүниенің мағынасын өз тілінде толыққанды аңғара біледі. Біздің ойымызша, ағылшын тілі пән ретінде негізгі мектептерде 5-сыныптан бастап міндеттелгені жөн. Міндеттелгеннен бастап деңгейлеп оқытылуы тиіс. Оған дейін тілді үйрету-үйретпеуі ата-анасының құзырында.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, адамдар тілді қолданғанда «Нені?», «Қалай?», «Қайтіп?» деген сұрақтарға жауап беру үшін пайдаланады. Енді осыны үйрету мақсатында қолданса, үйретуші мен үйренуші үшін екеуара тиімді тәсіл болары даусыз. Үйретуші толып жатқан тілдік құбылыстардың қайсысын бірінші, қайсысын кейінірек оқытуда құрылым және мағына бойынша басымдыққа ие бола алса, үйренуші де дәл солай таңдау мүмкіндігіне ие бола алады. Білім сапасын бағалау үшін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен олардың белгіленген стандартқа сәйкестілігі пайдаланылады. Шындығында, білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді, яғни бағалау –білім саапасын басқарудағы негізгі критерий. «Оқушы жетістіктері» ұғымы білімнің құндылығы мен мақсатына және оның мазмұнына өзара байланысты.

Ауызша сөзді түсіну адамның естіген сөздерінің мағынасына талдау жасап, аяқталған ойды білдіруіне, ойша жинақтау қабілетіне байланысты болады. Тыңдалым, сөйлеумен қатар, шет тілінде қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тілдік қарым-қатынас – екі жақты процесс болғандықтан, тыңдауды жете бағаламау, яғни сөйлеуді есту арқылы қабылдау және түсіну оқушылардың тілдік дайындығына теріс әсер етуі мүмкін. Тыңдалым дағдысының қалыптаспауы жиі қарым-қатынастың бұзылуының себебі болады. Оқушылардың кейде оларға қойылған мәселелерді түсінбейтіні туралы айтқан сөздері шет тілінде сөйлеуді арнайы үйрету керек екенін растайды. Тыңдалым дағдысы сөйлеуді есту арқылы қабылдау барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте, әр түрлі қарқынмен, әр түрлі интонациялық ресімдеу мен әр түрлі деңгейдегі дұрыс сөйлеуді түсіну қажеттілігі бар.

Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйретуде әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Жаңартылған білім беру жөніндегі құжаттарға сәйкес оқушылардың шет тілін меңгеруде функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуі, яғни, біздің түлектеріміздің шет тілін тасымалдаушылармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін жеке мақсатта, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық мақсатында қамтамасыз ететін оларды нақты жұмыс арқылы меңгеруі жобаланады. Европа Кеңесі қабылдаған шет тілін меңгерудегі, ең аз дегенде, шекті деңгейге жетуді ескеру қажет.

Алайда, оқушылардың әр түрлі мүмкіндіктері мен қабілеттерін, олардың болашаққа арналған әр түрлі жоспарларын және, тиісінше, әр түрлі кәсіби ұмтылыстарын ескере отырып, мемлекеттік білім беру стандартының компоненті мектептің жоғарғы сатысында шет тілі бойынша оқытудың әр түрлі деңгейлерін: жоғары сынып оқушыларының кәсіптік ұмтылыстарын шет тілі құралдарымен дамытуға бағытталған, таңдалған мамандыққа және ЖОО-да білім беруді жалғастыруға бағытталған жалпы білім беретін базалық және бірнеше ілгері/тереңдетілген бағыттарға бейінді болуы тиіс.

Ауызша сөйлеуді үйретуде әр түрлі технологияларды пайдаланған тиімді. Мысалы, қазіргі білім беру үдерісінде еніп жатқан инновациялық технологияларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Яғни, біз деңгейлеп саралап оқыту технологиясында білім алушыларға деңгейлік тапсырма

беру арқылы әр баланы ауызша сөйлеуге үйретеміз. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең біріншіден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсіндіру қажет. Кейін осы жаңа сөздері бар фильмдер көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргіздік.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Гез Н.И., Ляховицкий М.В., Миролюбов А.А. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. – М. 1982.
2. Брейгина М.Е. Проектная методика на уроках иностранного языка//Иностранные языки в школе. – 2004. №2.
3. Ладо, Р. Лингвистика поверх границ культур"//Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXV. – М.: Прогресс, 1989.
4. Сәрсенова И.Қ. https://testcenter.kz/
5. Халым Б. https://informburo.kz/
6. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения/«Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии» (1861). — М. Академия наук РСФСР, 1945.

**Амангельдықызы Дина,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

**Мәукенова Назгүл Бейбітқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТА ОТЫРЫП, ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі туралы айтылады. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңыздылығы талқыланған. Қазіргі білім беру жүйесіндегі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесі қарастырылған. Бағалау мәсілесімен айналысқан ғалымдар көрсетілген.

**Кілтті сөздер:** шығармашылық қабілет, тұлғаны бағалау, критериялды жетістік, жиынтық бағалау, тапсырмалар жүйесі.

**Аннотация:** Данная статья посвящена развитию творческих способностей учащихся. Обсуждается важность проведения преобразований уроков в формировании творческой активности учащихся. Рассмотрен вопрос оценки учебных достижений учащихся в современной системе образования. Представлены ученые занимающиеся вопросами оценки.

**Ключевые слова:** творческая способность, личностное, оценивание, учебные достижения, суматтивное оценивание, система заданий.

**Summary:** This article is devoted to the development of creative abilities of students. The importance of transforming lessons in shaping students' creative activity was discussed. The article considers the issue of evaluating the educational achievements of students in the modern education system. Scientists involved in evaluation are represented.

**Keywords:** creative ability, self-assessment, educational achievements, summative assessment, task system.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда білім берудің көкейтесті міндеті оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру болып табылады. Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту тұжырымдамасында білім беру мекемелерінің ең негізгі мақсаты – дүниетанымдық, құзырлық, шығармашылық деп атап көрсетіледі [Тұрғынбаева Б.А., 2000, 25 б.]. Қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды [Бұлақбаева М.К., 2010, 217 б.]. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешім-дерқабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді. Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Ал, баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқыту мен тәрбие. Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді жасы үлкендер жеткілікті бағаламаса, ол «өзгелер сияқты» болып қалып қоюы мүмкін», – дейді [Аймауытов Ж., 1987, 265 б.]. Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе «дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы» деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологі П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер

оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған [Сабыров Т.С., 1978. – 110 б.]. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Білім жүйесінің дамуы мен тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекеттің даму шарттары көптеген дамыған елдерде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. Мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін қалыптастырып, оларды жеке тұлға ретінде дамыту мектептегі білім жүйесін жетілдірудің басты міндеті болып табылады. Бүгінгі жаһандану заманында еліміздің әлемнің алпауыт елдерінің қатарында тұрып, ұлттық құндылықтарымыз бен тіліміздің, тарихымыз бен мәдениетімізді әлемге танытатын зиялы, білікті ұрпақ тәрбиелеу, міндетіміз. Сондықтан мұғалімнің алдында жан-жақты дамыған, өз елінің тілін, тарихын, мәдениетін жетік білетін, белсенді тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын білімдік орта құру міндеті тұр.

Шығармашылық ізденушілік кез келген кәсіппен тікелей байланысты. Зерттеу ісі қазіргі кезде аясы тар мамандандырылған қызмет емес, сондай-ақ бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады. Бұл пікірді Абайдың жетінші қара сөзіндегі: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біріншісі-ішсем, жесем, ұйықтасам» деп туады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, ол неге үйтеді, бұл неге бүйтеді деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін, тыныштық көрмейді, – деген ой-тұжырымды растайды [Ордабаева И., Сеткереева Ғ., 2012, Б.11-16.]. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекетте көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет деп ойлаймыз. Шығамаршылық-зерттеу тәртібінің маңызды сипаттамасы. Шығармашылық зерттеушілік ізденіс адам үшін екі түрлі көзқараспен маңызды: бір жағынан, жаңа өнімге қол жеткізуінде, екінші жағынан, ізденіс процесінің мәнділігінде. Адам шығармашылық нәтижесінде ғана қанағаттанып қоймай, шығармашылық пен зерттеу ізденушілігінің өзінен де ләззәт алуға қабілетті.Елімізде шығармашылықтың дамуы туралы арнайы зерттеп жұмыстарын жазған психолог-ғалымдардың (Т. Тәжібаев, Ж. Аймауытов, Қ. Рахымбаева, С. Бердібаева, Б. Тұрғынбаева, т.б.) еңбектерін атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында кез-келген дамыған өндіріс қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін адамды қажет етеді. Оқушының шығармашылық іс-әрекеті және оның мәнін түсіну үшін жеке тұлғаның ғылыми – педагогикалық зерттеулердің объектісі ретінде анықталу сипатын білу қажеттілік болып табылады. Шығармашылық іс әрекет тұлғаны құраушы және оны айқындаушы фактор ретінде де қарастырылады.

Жеке тұлғаның ерекшеліктеріне тән қасиеттер оның санасына, өзіне-өзінің сын көзімен қарауына, адам баласының есіне әсер ететін ішкі және сыртқы түйсігі, оның ерік – жігеркүшіне байланысты құбылыс деп санаймыз. Оның себебі, ұлы ғұламаларымыз осы ой-пікірде болған деп білеміз.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі.

Мектептегі оқу процесі оқушылардың іздемпаздығын, танымдылық белсенділігін арттыру үшін шығармашылық әлеуетін дамытуында жол ашу керек деп ойлаймыз. Оқыту процесі-екі жақты процесс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың іздемпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп айтып жатады.

Оқушылардың шығармашылығын, іздемпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар мен ғылыми жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы өтезор деп санаймыз.Оқушылардың танымдық іздемпаздығы мен белсенділігін, шығармашылық бағыттылығына негізделген жұмыс түрлерін пайдалану – олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Сондай-ақ мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, көркем өнер және техникалық көрмелер, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігін, әдемілікті сезіне білуімен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді. Шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін неғұрлым ерте қолға алып, әр оқушының қол жеткен нәтижелері мен даму дәрежесіне үнемі қарайлап отырсақ, шығармашылыққа өз үлестерін қосары сөзсіз. Оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге деген ынтасын арттырамын. Эксперимент-зерттеудің алғашқы кезеңінде жоғары деңгейде болса,

зерттеуден кейін бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер, оқушылардың логикалық ойлауға машықтануы, шығармашылық жұмыстармен айналысуы, пәнге деген қызығушылығы, берілген тапсырманың мақсаты мен мәнін анықтай білуі, өз бетімен жұмыс жасауға ынтасы осындай жұмыстардың нәтижесінде көтеріліп отырды.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі жаңа бағытқа бетбұрыс жасап, білім беру мазмұны жаңартылды. Қазіргі білім беру жүйесінің ерекшелігі – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылатынын бәрімізге мәлім. Оқыту үдерісін басқару – бағалауда.

Тәжірибеге келесі негізде құрылған нәтижелерді бағалаудың жаңа жүйесін енгізу ұсынылады:

– Бағалау – бұл білім беру үдерісіне табиғи түрде біріктірілген тұрақты процесс. Бағалау тек оқу тоқсанының немесе жылдың соңында ғана емес, әр сабақта жүзеге асырылады.

– Бағалау тек критериалды болуы тиіс. Өлшемдер оқу мақсаттарына сәйкес келетін нәтижелер болуы мүмкін.

– Бағалау критерийлері мен баға қою алгоритмі оқушыларға алдын-ала белгілі немесе олармен бірге жасалуы мүмкін.

Бағалау мен өлшемнің мақсаты оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпаратты алу, оқушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау, мұғалім мен оқушы арасында кері байланысты орнату, оқушының оқу материалын меңгеру сапасы мен деңгейін белгілеу, білім алудағы білімдік міндеттерін алға жылжуын анықтау үдерісі ретінде қарастырылады**.**

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі 2016 жылдан бастап 1, 2, 5 және 7 сыныптары жаңартылған білім беру мазмұнына көшті. Ал 2018 жылғы қыркүйек айынан бастап бұл бағдарлама 3, 6 және 8 сыныптарына енгізілді. 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап 4, 9, 10 сыныптары, ал 2020 жылы 11 сыныптары өтетін болады [Асанбай Б., 2017, 5-9 бб.].

Бағалау туралы зерттеген шетел ғалымдарының (Б.Г. Ананьев, В.И. Звонников, Н.А. Батурин, Ш.А. Амонашвили, В.С. Аванесов, В.П. Беспалько, И.С. Фишман, Г.Б. Голуб, А.А. Красноборова), ал отандық ғалымдар (Б.А. Умрашев, Қ.Ғ. Смағұлова, Ж. Науанова, Б. Асанбай) еңбектерін атап өтуге болады [Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013, 80 с.]. Қазіргі қоғамның барлық талаптары мен оқушының жеке басының қажеттіліктеріне жауап беретін әмбебап бағалау жүйесін құру қажеттілігі дәлелденді (Ш.А. Амонашвили, Б.Г. Ананьев, А.Б. Воронцов, И.В. Гладкая, А.А. Реан, Д.Б. Эльконин, И.С. Якиманская және т.б.) [8]. Бағалау теориясының дамуына ресейлік зерттеушілер елеулі үлес қосты, олар бағалауды оқу қызметінің нәтижесі ретінде анықтады, бағалау процесінің жүйелі сипатын атап өтті, бағалауды алдын-ала белгіленген эталонмен өткізуді ұсынды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты – білім сапасын дамыту және де халықаралық стандарттарға сай болу. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқушылар сабақ барысында топтық, өзін-өзі, бір-бірін бағалай алады. Бағалаудың бұл түрі арқылы оқушылар өз бетімен шешім қабылдауды үйренеді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша оқушы жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып бөлінеді. Бұл бағалау жүйесі Кембриждік оқыту тәсілінен енгізілген [Каргин Ю.Н., 2012, 22-28 с.]. Қалыптастырушы бағалау – ол оқушының күнделікті меңгерген білімін ауызша бағалау. Қалыптастырушы бағалау – тоқсандық бағаға әсер етпейді. Бұл бағалауда мұғалім оқушының қателіктерін алдын-ала айтып, қорытынды бағалауға дейін оқушы өз кемшіліктерін дұрыстай алады. Ал, жиынтық бағалау – тарау, бөлім, тоқсан бойынша оқушының оқу жетістіктерін бағалау.

Білім беру үдерісінде өлшем термині – зерттеліп отыратын құбылыстың сандық сипатын, белгіленген тәртіп бойынша заттың санын, көлемін не болмаса реттік көлемін анықтайтын ерекше жұмыс. Өлшем арқылы оқушылар алдында қандай міндеттер тұрғандығы біледі. Оқушылардың жұмыстарының бағалануы тек көрсетілген бағалау өлшемдері бойынша жүргізіледі. Мұғалім бағалау өлшемдерін алдын-ала дайындауы керек. Тапсырма берілген кезде критерийлер алдын-ала тақтада немесе плакатта жазылып, көрнекі түрде түсіндіріледі.Критерийлер дегеніміз — оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Бағалау принциптері: Бағалаудың мақсаты кімнің жақсы, ал кімнің жаман екенін анықтау емес. Бағалаудың мақсаты — оқушының ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

Бағаланушы және бағалаушы алдын-ала бағалаудың шарттарын және критерийлерін білулері керек. Олар екі жаққа да бірдей түсінікті болуы керек.

Баланың даму жағдайы, оның жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуі туралы анағұрлым дұрыс ақпарат алу үшін бағалаудың шарттары және критерийлері жан-жақты болуы керек.

Бағалау кезеңінің маңызды сатысы: бағалаушы мен бағаланушының арасында кері байланыс болуы керек. Мұғалім де, оқушы да жақын уақытта қандай мәселелер бойынша жұмыс істеу керек екендігін білулері керек.

Жиынтық бағалаудағы оқушылардың жетістіктерін бағалау үшін мұғалім қосымша әдебиеттерді пайдаланып, өздіктерінен тапсырма сұрақтарын құруға болады.Тапсырмалар – өлшеуіштер оқу жетістіктерінің әрбір деңгейін бағалау критерийлеріне сәйкес әзірленеді және оқу пәнінің мазмұнына байланысты нақтыланған оқушының

күтілетін әрекеттерін көрсетеді.Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде тапсырмалар жүйесін құру принциптерімен (Кузнецова Н.Е., Жадрина Г.Ж.), тапсырмаларды құрастыру талаптарымен (Черкасов В.А., Байжасарова Г.З., Кобдикова Ж.У.), сонымен қатар тапсырмалардың жеке формаларымен (Володарский В.Е., Мамбетакунов Э., Даутова К.В., Байжасарова Г.З., Заграничная Н.А.) танысуға болады [Науанова Ж., 2015, 25-30 с.].

Тапсырмалар, біздің пікірімізше, таңдалған білім беру парадигмасына сәйкес нақты қойылатын талаптар мен қағидаттарға сәйкес құрастырылуы және жүйеленуі тиіс. Жиынтық бағалау бойынша оқушының тоқсандық бағасы шығарылады. Бұл бағалау кезінде оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс міндетті түрде жүргізіледі.Қорытынды бағалау немесе тоқсандық баға қойылар кезінде оқушының қалыптастырушы бағасы ескерілмейді. Қорытынды бағалау критерийлер бойынша қойылады. Қорытынды бағалаудың критерийлеріменде оқу үрдісіне қатысушылардың барлығы (оқушы, мұғалім, ата-аналар) таныса алады.

Оқушының жетістігінің деңгейін бағалау үшін мұғалімдер тесттерді немесе оқулықтағы әр параграфтың, тараудың соңындағы сұрақтарды пайдаланады. Оқудағы жетістіктер – бұл пәннің мазмұны мен мазмұнының сандық сипаттамаларына байланысты студенттердің нақты білетін пәндік салалар мен құзыреттердің білімі мен дағдылары. Оқушылардың жетістіктерін ауызша, жазбаша, тест, портфолио арқылы бағалауға болады. Ауызша тексеру – ең қолайлы бақылау әдісі – оқытудың барлық деңгейлерінде қолданылады және оқушылармен қарым-қатынас ұстауға жеңіл, олардың ойлары мен іс-әрекеттерін бақылауға, жауаптарын тексеруге көмектеседі.

Жазбаша тексеру – оқушылардың дайындауға мүмкіндік береді, жұмыс істеудің сипатымен жекеше ерекшеленеді, бірақ жұмыстарды тексеруге көп уақыт қажет етеді. Бұл тексерудуң негізгі түріне сабақта жүргізілетін диктант, мазмұндама, шығарма, сұрақтарға жазбаша жауап беру және жазбаша бақылау жұмыстары жатады. Портфолионы – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралы ретінде пайдалану туралы келесі авторлар жазады: (Голуб Г.Б., Чуракова О.В., Пейп С.Дж., Чошанов М., Пинский А.А., Полат Е.С., Лисник Ю.С., Чурикова И.Э., Новикова Т.Г., Федотова Е.Е.) [Умрашев Б.А., 2016, 56 б.]. Тестілерді пайдалану арқылы білім беру іс-әрекетінің нәтижелерін бақылауға, оқушылардың оқығандық деңгейін бағалауға, білім беру үдерісінде кері байланысты қамтамасыз етуге, оқу үдерісіне түзету енгізуге, оқыту технологиясы мен әртүрлі білім беру бағдарламаларының сапасын салыстыруға болады.

«Оқу жетістігін бағалау» – білім алушының кері байланыс арқылы оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған білім беру үдерісін реттеу және түзету арқылы нақты қол жеткізген нәтижесін белгілеу үдерісі. Көптеген теориялық және әдістемелік жұмыстарда «жетістіктер деңгейі», «дайындық деңгейі», «білім беру нәтижесі», «оқу деңгейі» деген терминдерді қолданады. Оқу жетістігі (учебные достижения) ұғымына әлі күнге дейін қалыптасқан түсінік жоқ. Бұл ұғым соңғы жылдары жаңа білім беру парадигмасын, нәтижеге бағдарланған білім беруді енгізумен байланысты пайда болды. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жобалық зерттеуінде оқу жетістігі – оқу үдерісінің белгілі бір кезеңіндегі оқытудың нәтижесі ретінде қарастырылады. Көптеген авторлар "оқу жетістіктері" түсінігін алған білім, білік және дағды, оқушылардың білімін жетілдіру, жеке қасиеттерін қалыптастыру ретінде анықтайды. М.Ж. Жадрина оқу жетістіктерін оқушылар нақты меңгерген пәндік салалар мен құзыреттіліктердің жиынтығы ретінде қарастырады [Жадрина М.Ж., 2008, 73-76 бб.]. Көптеген авторлар "оқу жетістіктері" мен «оқу нәтижесін» синоним ретінде қарастырады. Н. Бордовская, А. Реан [Бордовская Н.В., Реан А.А., 2000, 304 б.] оқу жетістіктері екі деңгейдің жиынтығын білдіреді деп санайды: а) зияткерлік даму; б) тұлғалық даму. Осылайша оқу жетістіктері мазмұнды, жеке компоненттерді қамтиды.

Қорытындылай келе, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау маңызда болып табылады. Жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып бөлінеді. Мұғалім оқушылардың білімін күнделікті сонымен қатар тарау, бөлім аяқталғанда бағалайды. Жиынтық бағалау бойынша оқушының тоқсандық бағасы шығарылады. Бұл бағалау кезінде оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс міндетті түрде жүргізіледі. Оқушының жетістігінің деңгейін бағалау үшін мұғалімдер тесттерді немесе оқулықтағы әр параграфтың, тараудың соңындағы сұрақтарды пайдаланады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелерін тіркеу журналы-қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін тіркейтін, тоқсандық және жылдық бағаларды автоматты есептеуді жүзеге асыратын құжаттар да болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000 жыл. – 25 б.
2. Бұлақбаева М.К. Болашақ мамандардың шығармашылық әлеуетін арттыру //Монография. – Алматы, 2010. – 217 б.
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, 1987. – 189 б.

4. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1978. – 110 б.
5. Ордабаева И, Сеткереева Ғ. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бағыты //Қазақстан мектебі. – Алматы, №8, 2012. – Б.11-16.
6. Асанбай Б. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау //Қазақстан мектебі. – 2017. – № 1. – Б. 5-9.
7. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013 – 80 с.
8. Звонников В.И. Современные средства оценивания результатов обучения: учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007 г. – 224 с.
9. Каргин Ю.Н. Идея педагогических измерений в шкале отношений //Педагогические Измерения. – М., № 2, 2012. 22-28 с.
10. Науанова Ж. Критериалды бағалау-сапалы білім негізі /Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. – 2015. – №1. – С. 25-30 б.
11.Умрашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы. – Алматы, 2016. – 56 б.
12. Жадрина М.Ж. Задания как измерители учебных достижений учащихся // Білім – Образование. – 2008. – №3(39). – С.73-76.
13. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. Учебник для вузов. – СПб: Питер, 2000 г, 304 с.

**Аманшалова Альмира Рахимжановна,**
магистрант 2-го курса,
специальность 6М012400–Педагогические измерения,
КазНацЖенПУ

**Кинжибекова Гулнара Нурбековна,**
магистрант 2-го курса,
специальность 6М012400–Педагогические измерения,
КазНацЖенПУ

# АУДИРОВАНИЕ КАК МЕТОД ОЦЕНИВАНИЯ УРОВНЯ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тыңдау әдісін ағылшын тілі сабағында қолданудың маңызы, қолдану әдістері және тыңдау дағдыларын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар қарастырылады. Сонымен қатар, тыңдаудың маңыздылығы, ағылшын тілінде тыңдау дағыдалрын дамытуда қолданылатын әдістер талқыланады. Тыңдалым – тіл іс-әрекетінің күрделі түрі, шынайы қарым-қатынаста тыңдалым кері байланыссыз талдау мен тіркеуге келмейді.

**Кілт сөздер:** қабылдау процессі, лингвистикалық аспект, тыңдау дағдылары

**Аннотация.** Статья посвящена одному их самых сложных видов речевой деятельности, аудированию. В статье обсуждается важность слушания, использование методов прослушивания и трудности в развитии навыков слушания на английском языке. Аудирование – очень сложный вид речевой деятельности, поскольку процессы аудирования в реальном общении необратимы и практически не поддаются анализу и фиксации.

**Ключевые слова:** процесс восприятия, языковой аспект, учебный процесс, навыки слушания.

**Summary.** The article is devoted to one of the most complex types of speech activity, listening. The article discusses the importance of listening, the use of listening methods, and the difficulties in developing listening skills in English. Listening is a very complex type of speech activity, because the processes of listening in real communication are irreversible and almost impossible to analyze and fix.

**Key words:** process of perception, language aspect, educational process, listening skills.

## ВВЕДЕНИЕ

В XXI веке время диктует новые требования к процессу обучения. Сегодня, говоря об образовании, мы говорим, о переходе парадигмы знаний, умений, навыков к парадигме развития личности обучающихся. Личности, способной видеть цель, добиваться осознанного получения знаний и применять их в жизненных ситуациях, личности, способной работать в сотрудничестве, быть коммуникабельной и уметь креативно мыслить. Соответственно, эти требования ставят перед преподавателями задачу подготовки выпускников, способных ориентироваться в меняющихся жизненных ситуациях, видеть возникающие проблемы и искать пути рационального их решения, четко осознавать, где и каким образом приобретаемые ими знания могут быть применены; творчески мыслить; быть коммуникабельными, контактными в различных социальных группах, уметь работать в различных ситуациях.

В связи с этим сегодня обучение английскому языку занимает одно из первых мест в языковых программах по всему миру. Постоянно растущие потребности в свободном владении именно английским языком по всему миру привели к тому, что ученым-лингвистам, а также преподавателям стало необходимо искать более эффективные способы обучения языковым навыкам, в числе которых аудирование, чтение, говорение и письмо. В нашей статье мы рассмотрим такой важный языковой навык коммуникативной компетенции как аудирование или слушание.

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Аудирование (от лат. audiare — «слышать») — это процесс восприятия, осмысления и понимания речи говорящего. Основная цель аудирования (слушания) — понимание содержания чужой речи, чужих мыслей и замысла, лежащего в основе устного высказывания [Котикова Л.Н., 2014, 214 с.].

Аудирование по английскому языку, или восприятие речи на слух, является одной из наиболее важных составляющих процесса изучения английского языка. Ведь важно не только правильно выразить ту или иную мысль, но и понять, о чем говорит собеседник. Принимая во внимание различный темп речи и особенности произношения тех или иных диалектов, сделать это порой бывает очень трудно. Именно поэтому аудированию по английскому языку уделяется значительная часть времени процесса изучения.

В последние годы обучение аудированию вызывает больший интерес, чем в прошлые. Вс-

тупительные экзамены в университеты, выпускные и другие экзамены теперь часто включают этот компонент прослушивания, признавая, что навыки аудирования являются основным компонентом владения вторым языком.

Во время аудирования мы слушаем текст, причем не просто воспринимаем его на слух, а стараемся понять. Здесь задействуется очень важный навык, ведь одной из главных целей изучения английского языка является возможность общения с англоязычными людьми. Если мы не можем понять, что они говорят, мы не сможем с ними общаться. Также мы будем не в состоянии смотреть фильмы или слушать книги на оригинальном языке.

Аудирование может выступать как самостоятельный вид речевой деятельности или входить в диалогическое общение в качестве его рецептивного компонента, т.е. являться одной из сторон говорения. Аудирование – очень сложный вид речевой деятельности, поскольку процессы аудирования в реальном общении необратимы и практически не поддаются анализу и фиксации. То, что уже сказано, безвозвратно исчезает, новая информация сменяет старую, времени на обдумывание поступающей информации очень мало, в связи с чем понимания часто не достигается и процесс общения может быть сведён на нет.

Аудирование связано с деятельностью памяти. Само понятие память можно разделить на следующие составляющие: кратковременная – представляет собой способ хранения информации в течение короткого промежутка времени; оперативная – рассчитанная на хранение информации в течение определенного, заранее заданного срока; долговременная – это память, способная хранить информацию в течение практически неограниченного срока. При использовании ее для припоминания нередко требуется мышление и усилия воли (поэтому, ее функционирование не ограничено); зрительная память связана с сохранением и воспроизведением зрительных образов; слуховая память – это хорошее запоминание и точное воспроизведение разнообразных звуков, музыкальных и речевых. Характеризуется тем, что человек ею может быстро и точно запомнить смысл предъявляемого ему текста и т.п., что в отношении аудирования очень важно, так как детям в первое время приходится на слух запоминать звучание звуков и слов; эмоциональная память – это память на переживания. На ней непосредственно основана прочность запоминания материала: то, что у человека вызывает эмоциональные переживания, запоминается им без особого труда и на более долгий срок.

Указанные виды памяти играют основополагающую роль в обучении аудированию, без их достаточной развитости невозможно освоить язык вообще, а тем более речь. Можно сделать вывод, что основными психическими процессами, которые задействованы при аудировании, являются следующие: память, воображение, восприятие и мышление. Таким образом, активизируя эти особенности психики человека, мы одновременно развиваем их, что и является основополагающим фактором всестороннего развития личности. И, следовательно, можно считать аудирование неотъемлемой частью развивающего обучения.

Овладение аудированием дает возможность реализовать воспитательные, образовательные и развивающие цели. Оно позволяет учить учащихся внимательно вслушиваться в звучащую речь, формировать умение предвосхищать смысловое содержание высказывания и таким образом воспитывать культуру слушания не только на иностранном, но и на родном языке. Воспитательное значение формирования умения понимать речь на слух, заключается в том, что оно положительно сказывается на развитии памяти ребёнка, и, прежде всего слуховой памяти столь важной не только для изучения иностранного языка, но и любого другого предмета [Ресурсы Интернета].

Какие же трудности возникают при обучении аудированию?

Трудности, связанные с языковыми аспектами и трудности, связанные с особенностями речи.

Трудности, связанные с языковыми аспектами могут быть разделены на три группы:

*1. Фонетические.* Под этим предполагается отсутствие четкой границы между звуками в слове и между словами в потоке речи. Различаются два аспекта слуха: фонематический (восприятие отдельных языковых явлений на уровне слов и структур) и речевой, который включает в себя процесс узнавания целого в контексте. Необходимо отметить, что при обучении аудированию на аутентичных материалах нужно развивать именно речевой слух. Индивидуальная манера речи может быть очень разнообразной и представлять трудности для ее восприятия и понимания. На родном языке эта трудность компенсируется огромной практикой в слушании, однако опыт слушания иноязычной речи у учащихся очень ограничен. Естественно, что любая индивидуальная особенность произношения, тембр голоса, достаточно быстрый темп и определенные дефекты речи будут затруднять ее понимание. Для того, чтобы преодолеть трудности, связанные с пониманием речи носителей языка, необходимо уже с начала обучения слушать их речь, постепенно сокращая количество учебных текстов, предъявляемых преподавателем. Следует помнить и то, что чем больше носителей языка (мужчин, женщин, детей) будет слушать обучающийся, тем легче он адаптируется к индивидуальной манере речи. Поэтому необходи-

мо широкое применение учебно-аутентичных и подлинно аутентичных записей, включая выделенные нами прагматические материалы.

*2. Грамматические.* Ряд грамматических трудностей связан прежде всего с наличием грамматических форм, не свойственных русскому языку. Воспринимая фразу, учащийся должен расчленить ее на отдельные элементы, то есть информативные признаки звучащей фразы, которые физически выражены соответствующими речевыми качествами. Существует три физически выраженных речевых параметра: интонация, наличие пауз и логическое ударение.

Значит, для успешного понимания иноязычного текста следует обратить внимание на развитие у учащихся навыков адекватного восприятия интонации, пауз и логического ударения.

*3. Лексические.* Именно на наличие многих незнакомых слов учащиеся указывают как на причину непонимания текста. Нам представляется необходимым осветить эту проблему подробнее.

Основная сложность при восприятии иноязычной речи заключается в том, что языковая форма долгое время является ненадежной опорой для смыслового прогнозирования, потому что именно на ней концентрируется внимание учащегося, хотя изменить ее он не может. Поэтому необходимо вырабатывать у него способность принимать информацию и при наличии незнакомых языковых явлений, путем ее фильтрации, селекции и приблизительного осмысления.

Учащихся необходимо специально обучать умению понимать на слух речь, содержащую незнакомую лексику. Невоспринятые или неправильно воспринятые части речевого сообщения (слово, словосочетание, фраза) восстанавливаются учащимися благодаря действию вероятностного прогнозирования (способность предугадывать новое в опоре на уже известное), следовательно, нужно добиваться прогнозирования смысла высказывания, когда форма и содержание образуют полное единство.

Трудности второй группы заключаются в следующем.

Обучаясь на своей родине и не имея достаточных контактов с носителями языка, ученик, как правило, не обладает необходимыми знаниями об окружающем мире применительно к стране изучаемого языка, поэтому он интерпретирует речевое и неречевое поведение говорящего -носителя языка с позиции своей культуры и своих норм поведения в определенных ситуациях общения. Это может привести к неправильному пониманию воспринимаемой информации и нарушению контакта.

Все это находит отражение в социолингвистическом и социокультурном компонентах коммуникативной компетенции.

Под социолингвистической компетенцией понимается знание норм пользования языком в различных ситуациях и владение ситуативными вариантами выражения одного и того же коммуникативного намерения, соответственно слушающий должен знать эти варианты и понимать причины использования одного из них в контексте определенной ситуации общения.

Социокультурная компетенция подразумевает знание правил и социальных норм поведения носителей языка, традиции, истории, культуры и социальной системы страны изучаемого языка.

Следовательно, обучающийся должен обладать умениями воспринимать и понимать устный текст с позиции межкультурной коммуникации, для чего ему необходимы фоновые знания. Только обладая этими знаниями, слушатель может правильно интерпретировать речевое и неречевое поведение носителя языка.

Таким образом, очевидно, что для успешного обучения аудированию нужна методическая система, учитывающая эти трудности и обеспечивающая их преодоление [Кунанбаева С., 2006, 269 с.].

Аудирование в процессе обучения рассматривается как инструмент и цель обучения иностранному языку. По возможности его можно использовать следующим образом:

1. Методы организации учебного процесса;
2. Способ внедрения материалов на иностранном языке;
3. Инструменты для обучения другим типам речи;
4. Признание знаний, как средство контроля и закрепления навыков [Соколова Т.В., Электрон. ресурс.].

На сегодняшний день мы разделяем типы слушания, используемые на уроках языка, на интенсивное или экстенсивное слушание. В экстенсивном слушании учащийся с большим вниманием слушает интересующий его материал, тем самым улучшая свой язык и расширяя словарный запас. Так, такой метод помогает ученику облегчить беглость речи на естественном разговорном языке. Если некоторые ученики не склонны к самостоятельному слушанию, их следует направлять и давать конкретные задания. Поэтому интенсивное слушание используется для целенаправленного развития у слушателя навыков слушания. Благодаря слушанию ученики учат голос, речь и скорость других людей, помимо учителя, имеют способность правильно произносить слова и, наконец, уметь говорить. В процессе прослушивания ученики будут слушать тексты разных жанров и изучать использование естественного языка. Во время таких прослушиваний бывают свои плюсы и минусы. Основное преимущество заключается в том, что учащийся может снова и снова слушать те об-

ласти, где он неправильно услышил или не смог понять. Основным недостатком является то, что из-за классной акустики ученики могут четко не услышать материал. Через слушание мы изучаем произношение звуков, понимаем смысл, дополняем знания содержанием. Таким образом, слушание способствует пониманию учеником разговорной речи.

В процессе прослушивания ученики знакомится со многими типами текста в разговоре. Это: история, реклама, песня, видео, инструкция, лекция, новости. Все они имеют свои языковые особенности. В то же время скорость прослушивания материалов варьируется. Некоторые слова не могут быть услышаны четко, буквы проглатываются, и интонация также варьируется в зависимости от контекста. Используются несколько стратегий для развития навыков слушания. В связи с этим слушание направлено на понимание общего содержания текста, нахождение точной информации, понимание деталей, а также знание позиции и позиции говорящего.

Таким образом, благодаря навыкам слушания ученики достигают следующего: замечать разницу между похожими звуками; ориентироваться на ключевые слова; понимать и отвечать на простые инструкции; распознавать различия в содержании информации; различать стиль прослушиванного текста; найти основную идею, понять смысл и т.д. [Солташұлы Ы., 2012, 12-16 б.]

Критерии ***оценки аудирования*** (при 5-балльной системе оценивания) включают в себя три составляющих:

1. *Сформированность перцептивно-смысловых навыков* (степень решения коммуникативной задачи – от «задание выполнено полностью» до «задание не выполнено»);

2. *Умение оценить текст с точки зрения его значимости и информативности* (определение типа текста и его темы) – от «хорошие навыки определения типа текста» до «не может определить тип текста с точки зрения его значимости».

3. *Передача содержания текста* (степень передачи основного аудиоматериала) – от «умеет верно передать основное содержание» до «информация почти не воспринимается на слух».

Создание системы проверки и оценки знаний, умений и навыков является сегодня одной из важнейших проблем организации учебной деятельности на уроках английского языка. И это понятно, ведь именно в процессе проверки выявляются достижения школьников и пробелы в их учебной подготовке, закрепляются, уточняются и систематизируются знания и умения, приобретенные учащимися на предыдущих уроках, а на основе полученной информации корректируется процесс изучения нового материала.

В условиях традиционной системы обучения оценивались главным образом знания, а основным средством проверки являлось их воспроизведение.

В соответствии с новым стандартом система оценки образовательных достижений школьников четко привязывается к планируемым результатам.

При оценке *личностных результатов* диагностируется сформированность внутренней позиции школьника, которая проявляется в эмоционально-ценностных отношениях к себе и окружающему миру. При этом следует помнить, что такая оценка должна проходить «в форме, не представляющей угрозу личности, психологической безопасности и эмоциональному статусу учащихся».

Основным объектом оценки *метапредметных результатов* служит сформированность ряда регулятивных, коммуникативных и познавательных универсальных действий, таких как способность принимать и сохранять учебную цель, умение осуществлять информационный поиск и др. на уроках можно проверить и такие компетенции, которые трудно (или невозможно) проверить в ходе стандартизированной итоговой проверочной работы. Например, такие умения как, взаимодействие с партнером, стремление учитывать и координировать различные мнения и позиции в сотрудничестве.

Иными словами, объектом оценки являются не столько знания, сколько действия, выполняемые учащимися с предметным содержанием, в данном случае (с содержанием курса иностранного языка).

Традиционно процедура оценивания была прерогативой учителя. В новых условиях в процесс оценивания включается и школьник. Более того, обучение школьников оценке собственных результатов, достижений своих товарищей становится одной из целей образования.

Таким образом, в качестве объектов оценивания образовательных достижений школьников выступают компетенции, относящиеся к личностным, метапредметным, предметным результатам образования, а также динамика образовательных достижений (прогресс).

Что касается вопроса соотношения оценки и отметки в процедуре оценивания, то он может решаться следующим образом: оцениваться может любое, особенно успешное действие (предметное, метапредметное, личностное), а фиксироваться отметкой только демонстрация умения по применению знания (решение задачи) [Ресурсы Интернета. Ступина Ф.Г.].

Таким образом, владение аудированием как видом речевой деятельности, должно обеспечивать успешный процесс коммуникации, развивать умение учащихся говорить и понимать иностранный язык, а так как этот процесс сложный и трудный, то в школах надо уделять большее внимание данной процедуре. Очень важно

повысить и мотивацию у учащихся к пониманию иностранной речи на слух. А ведь к совершенствованию процесса обучения аудированию есть все предпосылки: техника в современное время развивается высокими темпами, и у учителей появляется все больше возможностей использовать различные виды средств ИКТ с учетом различных технологий обучения аудированию.

В заключении необходимо отметить, что, данные рекомендации позволят избежать ошибок при обучении аудированию учащихся, помогут правильно выстроить собственный алгоритм, опираясь на представленную в работе технологию обучения аудированию на уроках английского языка в школе.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ


1. Котикова Л.Н. Эффективные принципы и технологии в обучении и изучении иностранного языка// Вопросы современной лингвистики и методики обучения иностранным языкам в школе и вузе. –М.: русский язык 2014 г.
2. Ресурсы Интернета. http://www.englishraven.com/methodology.htmlson Longman Limited.
3. Кунанбаева С. Методика обучения иностранным языкам//Поиск. – Алматы: Санат. 2006. – 269 с.
4. Соколова Т.В. Развитие коммуникативной компетенции в процессе изучения иностранного языка.//Лингво-педагогические основы обучения иностранным языкам для специальных целей [Электронный ресурс].
5. Солташұлы Ы. Заман Талабы _ Көп Тілді Болу.//Ақиқат. 26 қараша- 2012 ж. №11. 14-15 б.
6. Ресурсы Интернета. Ступина Ф.Г.//Критерии оценивания различных видов речевой деятельности учащихся при изучении английского языка. – Уфа 2017.

**Асылхан Сайран,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

**Абдурахманова Майя Асановна,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Мақалада дене шынықтыру сабағында оқушылардың эстетикалық мәдениеті мен тарихи-өлкетану мұражайын зерттеу негізінде оқушылардың құндылық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін қарастырады. Салауатты өмір салты – бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық мәдениет берудің маңызды жолы. Құндылық қатынас та мәдениеттің құрамдас бөлігі болып танылады.

**Кілт сөздер:** эстетикалық мәдениет, құндылық қатынас, салауатты өмір салты, тарихи-өлкетану, зерттеу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы формирования ценностной культуры учащихся на уроках физической культуры на основе изучения историко-краеведческого музея и эстетической культуры учащихся. Здоровый образ жизни-важный путь к эстетической культуре учащихся начальных классов. Ценностные отношения также являются составной частью культуры.

**Ключевые слова:** эстетическая культура, ценностные отношения, здоровый образ жизни, историко-краеведение, исследования.

**Annotation.** The article deals with the problems of forming the value culture of students in physical culture lessons based on the study of the historical and local history Museum and the aesthetic culture of students. A healthy lifestyle is an important path to the aesthetic culture of primary school students. Value relations are also an integral part of culture.

**Keyword:** aesthetic culture, value relations, healthy lifestyle, local history, research.

## КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамдағы мәдени кеңістікте музейдің алатын орны зор. Музей – халықтың қазынасы мен мұрасын ыждаһаттылықпен жинақтап, сақтап отырған ғылыми-мәдени, рухани байитын орындардың бірі. Музей экспонаттары – халық тарихы мен өнерінен сыр тарқататын талай замандардың тірі куәлары, халықтың ұзақ ғасырлар бойындағы тірлік-тынысының айқын көрінісі болып келеді. Музейдің негізгі қызметі құндылықтарды сақтау, келер ұрпаққа жеткізу болып табылатыны да анық. Қазіргі таңдағы музейлер әлеуметтік даму мен мәдени қоғамның қалыптасуына үлес қосуға ұмтылыс үстінде. Оның ішінде музей экспонаттарының көмегімен білім алушыларды,яғни оқушылар мен студенттердің рухани тәрбиелеу, оларға білім беру алдыңғы жоспарда тұр. Ендеше, әлеуметтік мәдени және мәдени шығармашылық ортаны құруды, оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауды, оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуді, сонымен қатар, алған білімін бағалауды оқу орны өзі ғана емес, музеймен бірігіп атқарса, нәтиже айқынырақ болары анық. Өйткені, музей – белгілі бір тұлғаны қоғамнан тыс мәдениет әлеміне кіргізіп, биігіне шығаратын бірден-бір орын. Бүгінгі күнде қоршаған әлем ақпараттық және материалдық қор тереңдігіне деген жүйелілік ықпалды музейден қажет етіп отқаны анық. Бұл тенденция музейдің рухани құндылықтардағы генерацияны табуға итермелейді. Ендігі кезекте мақсат-міндеттерге жету үшін интеграция жолға қойылып тұр. Ол дегенімізмузеймен бірігу, жақындау және білім берудегі байланысы.

Музей мен білім беру ұйымдарының интеграциясы екі ұйымның да білім беру қызметі жоғарылататыны, сонымен қатар, екі оқу орындарының интеграциясы нәтижесінде музей педагогикасы өз жұмысын басталғаны ашық көрсетіліп тұр. Музейтану және педагогика ғылымдарының интеграциясы жас ұрпақты, оның ішінде оқушылар, студенттерді, жалпы білім алушыларды музейге тартуға, мәдениет пен ғылымға баулуға, әр тұлғаның бойында шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталған. Көптеген елдерде музей мен оқу орындардың интеграциясы *«параллельді білім беру»* жүйесі ретінде қаралады. Ол – оқытудағы бірегей мүмкіндіктер, дидактикалық процестің ерекше құрылымы, анықталған контингент, қоғамдық сұраныстан туатын педагогикалық жүйе деп танылып тұр.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біздің зерттеу жұмысымыздың алға тартқан мақсат-міндеттерін ашуда Y. Мұңалбаеваның алғаш рет электрондық оқу құралы ретінде жарыққа шыққан ғылыми еңбегінің мазмұны білім берудегі музей педагогикасының ғылыми негіз-

дері айқындалған тұстары маңызды. Ү. Мұңалбаева. «Музей педагогикасы. Тарихы, теориясы, тәжірибесі» [Мұңалбаева Ү.Д., 2008, 103 б.] атты еңбегі қоғамды тәрбиелеудің басты құралдарының бірі. Еліміздегі әр музейлерге тоқталып, тарих ғылымын зерттеудегі бағыттары жайлы мағұлматтар берілгенімен қатар, шетелдік музейлердің түрлері мен қызмет ету саласы туралы көптеген мәліметтерді негізге алған.

Сонымен қатар, М. Егізбаева мен Р. Жұматаевтың Музей педагогикасы атты жазған еңбегі кең ауқымда зерттелген музей педагогикасының профиліне сай белгілі ғылыми мәселелерді айқындап, жинақтаушылық және экспозициялық жұмыстар жолымен өлкенің мәдениеті, тұрмысы мен экономикасының тарихи маңыздылығына көп көңіл бөлген [Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С., 2012, 122 с.].

Ал, К. Райымханов пен Д. Қатранның «Музей ісінің теориясы мен практикасы» атты шығарылғанжұмысында тәрбие беру жұмысы тәжірибиесінде мұғалімнің музеймен байланысының әр түрлі формалары қалыптасқандығы, олардың музейде өткізілетін әрбір сабақтың мұғалім мен музей қызметкерінің байланысының маңыздылығы айтылып өткен.

Ал, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда батсауыш сынып оушыларының денешынықтыру сабағында оқушыларды салауатты өмір салтына және туған жерін сүюге тәрбиелеу, еңбек адамдарын қадірлеу, табиғатты қорғау дағдылары ғана қалыптасып қоймай, ой қорыту, қисынды ойлау қабілеттерін арттырып, тіл байлықтарын дамыту көзделеді. Дүниетану сабағында жануарлар, өсімдіктер туралы оқығанда, олардың суретін салу, дайын қиылған пішіндермен жұмыс істеу, өз түсіне келтіріп бояу жұмыстары, ермексаздан мүсінін жасау арқылы оқушылардың бойындағы жеке қасиеттерін дамытуға мұның көп септігі тиеді. Оқушылардың сабақта дидактикалық материалдармен атқарылатын іс-әрекеттеріне баса көңіл бөлініп, олардың дербестігін арттыруға мүмкіндік беріледі. Балалар үшін көріп тұрған заттары мен құбылыстарын талдап, сипаттап айтып беру үлкен психологиялық дайындықты талап етеді.

«Қазақстан – 2050» мемлекеттік даму бағдарламасының ұзақ мерзімді стратегиясының негізгі бағыттарының бірі – «Азаматтардың денсаулығын, білімін және ырысын жақсарту» [Жолдау, 2012]. Оның мақсаты: салауатты өмір салтына ынталандыру, ана мен баланы қорғау, нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресу, темекі мен ішімдік тұтынудың алдын алу, тағамның сапасын жақсарту, қоршаған ортаның және экологияның тазалығын сақтау.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына ұсынылған *«Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында»* тәрбиенің басым бағыты ретінде «салауатты өмір салтына тәрбиелеу» қарастырылған және оған төмендегіше анықтама берілген: «Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру мақсатын қояды. Оны іске асыруға алдын алушылық білімі кіреді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы, сондай-ақ, тәрбиеленушілерді сан алуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық және ақпараттық түсіндіруші жұмыс барысында жүзеге асырылады» [Тұжырымдама, 1999, 10 б.].

Қоғамның дамуы барысында тарихи жинақталған тағылымды мұралар ұмытылмақ емес. Ұлттың ділі, діні, рух-психологиясы тәрбие арқылы қалыптасады. Оған алғашқы тәрбиенің қайнар көзі қыздар тәрбиесі және оларға берілетін салауатты өмір салты болмақ.

Ұлттық мәдениетімізді білу және оны салауатты өмір салтына айналдырып, ұрпақтан ұрпаққа мирас ету мәселесін, әсіресе, қазақ қыздарына аманат ету қажет. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің аясында салауатты өмір салты дағдыларын ұлттық құндылықтарымыз арқылы қалыптастыра білсек, қыздарымыз арқылы болашақ ұлт келешегінің баяндылығына қол жеткіземіз.

Қыз балаларды салалауатты өмір салтына тәрбиелеу арқылы ұлттық тәрбиенің мақсаттарын орындай аламыз. Біздің зерттеуімізде басымдылық берілетін салауатты өмір салтына тәрбиелеу мәселесінің өзектілігін және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысынан, мемлекеттік идеялардан бастау алатындығынан аңғаруға болады.

Қыз балалардың тәні мен жанының саулығын сақтауға салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы қол жеткізу үшін оған ықпал ететін жағдайлар аса маңызды. Адам санасын улайтын заттарды қолданудың алдын алуға, қоршаған ортаның жағымсыз әрекетіне қарсы тұру қабілетін шыңдауға, өз денсаулығын күтуге, дұрыс тамақтануға, спортпен айналысуға, оқу мен демалыстың режимін сақтауға міндетті. Қыз балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеуде неден сақтандыру, қандай нәрселерді білуді басшылыққа алған жөн. Атап айтсақ:

– адам өміріне қауіпті, тәуелділікке душар ететін, зиянды заттар жөнінде білуі;

– жынысына сай тәрбие беру, болашақ табиғи функциясын атқаруға салауатты даярлығының болуы;

– күн тәртібін сақтау мен дұрыс тамақтану тәртібін білуі;

– адал ас даярлау жолдарын білу және меңгеруі;

– дұрыс киіну, денсаулыққа зиян келтіретін киімдер мен бұйымдар жөнінде хабарлар болуы;

– денсаулыққа күш түсіретін, тәуелділікке душар ететін құмар ойындарынан аулақ болуы;

– жыныстық тазалықтың сақталуы, моралдық азғындықтың теріс ықпалдары жөнінде білуі;

– ұлтттық әдеп талаптары – салауатты өмір салтының негізі екендігін білуі, т.б.

Отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала бойжеткенде сол әдетін сақтайды. Сондықтан да, қызбалаға тәрбие беретін біріншіден – отбасы болса, екіншіден – мектеп қабырғасында тәрбиеленеді.

Мектеп өмірінде өнегелі істер мен сыпайылық қарым-қатынасқа тәрбиеленген қыздар, болашақта да ертең еңбек еткенде де жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленуі сөзсіз. Қыз баланың физиологиялық, психологиялық даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып жүргізілетін тәрбие жұмыстары өз нәтижесін бермей қоймайды.

Қыз баланы жаман әдеттерден тыю, жаман жолға жібермеу – ұлттық тәрбиені сақтаудың кепілі. Салауатты өмір салты – ата-бабамыздың тәрбиесінің негізі. Қыз баланы қарапайым әдепке үйрету қоғамдағы үлкен кеселдердің алдын алады. Ол үшін отбасында да, білім беру мекемелерінде де тәрбиелеудің дәстүрлі әдіс-тәсілдерінен бастап, жаңа технологиялар арқылы өмірге тұлға қалыптастыру жолдарын білген жөн.

«Қызым үйде, қылығы түзде» деген бұрынғылар. Қыз баланың бойына асыл қасиеттерді дарыту тек құлаққа құюмен, ақыл айтумен не болмаса «Қызды қырық үйден тыюмен» шектелмейді, мәселе қай кезде, қандай жағдайда орынды ақыл ұсынып, үлгі-өнеге көрсету қажеттігін ескертеді. Ізеттілік, көргенділік нәресте кезінен ана сүтімен бойға сіңеді. Қатты күлмеу, айқайлап сөйлемеу, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс аяқты салдыратпау, алдымен кіріп, артымен шығу, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, ұсынған кесені төмен қарап беру, үлкендерден жоғары отырмау тәрізді тіпті қыз баланың отырысына, жүрісіне, аяқ басқанына, киім киісіне, қимыл-қозғалысына, дауыс ырғағына дейін мән берудің өзі қыз бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, көңіл қоюдың жауапкершілігін сездіреді.

Қазақстанның халық жазушысы Ә. Нұршайықовтың мына бір сөздерін әрбір қыз баланың бойына сіңірсек құба-құп. «Қыздар! Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам – ең ардақты адам.

– Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар!

– Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар!

– Қыздар ұйқышыл болмаңдар, ұмытшақ болмаңдар, ұрысқақ болмаңдар.

– Инабатты болыңдар, ілтипатты болыңдар, ұйымшыл болып өсіңдер!» [Кенжегарина А.З., 2010, 123 б.]. Тағылымдық ойлары педагогикалық тұрғыдан зерделенген Ә. Нұршайықовтың осындай тәлімдік ақыл-кеңестері арқылы қыз балаларға тәрбие беруде үлкен орын аларына, көптеген шығармалары дәлел. Жазушының өзі университетімізге келіп қыздарымызбен сұхбаттасқанда да заманға лайық қазақ қызы келбетін жоғалтпаңдар деген тілек айтатынына көз жеткіздік.

Қыз бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып көрген жоқ. Бірақ бүгінгідей қоғамның аласапыран кезеңде қыз балаларды жан-жақты тәрбиелеудің уақыт күттірмейтін мәселе. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі тұтқасы – болашақ ұрпақтың дені сау, жаны таза болуы, бойларына жалқаулық, құлықсыздық, жауапсыздықты дарытпау, өздерін сергек ұстауы – бұл да тәрбиенің бірден бір міндеті. «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі». Қыз баланың бойына сыпайылық мейірбандылық, адалдық, сезімталдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кішкентайынан бастап дамытуды халқымыз өте ежелден қолға алған. Сондықтан, қазақ қызы өзіне өмірлік жолдас, жар таңдауға ерекше жауапкершілікпен, сақтық, ұстамдылықпен қарап, оның маңызын санасымен аңғарып, жүрегімен түйсінген. Бұл істе жеңіл ойлылық, ұшқалақтық, орынсыз тәуекелге жол беруді өмірлік үлкен қауіп деп санаған.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Ж. Қожахметова қыздар ережесін төмендегідей етіп көрсетеді.

– Қысқаша амандасу рәсімін орындау.

– Орынсыз еліктеп, әлем-жәлем киініп ерсіленбеу.

– Әдепсіздік пен азғындық жолға баспау.

– Ойлы, ұстамдылық жолмен лайықты жар таңдау, алданбау.

– Спиртті ішімдіктер ішуден, темекі тартудан аулақ болу.

– Әйел адамға тән өнер түрлерінің барлығын, үй шаруасын меңгеруді үйрену.

– Ұлдар мен ер азаматтар тәртібіне қыздар әдептілігінің зор ықпалы бар екенін дұрыс түсіну.

– Үлкендердің алдын орағытып, жолын кеспеу.

– Өтірік, өсек айтпау.

– Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді [Қожахметова К.Ж., 2010, 245 б.]. Аталмыш ережелер қыз баланың салалауатты өмір салтына бағыттайтын талаптар деп айта аламыз. Қазақ этнопедагогикасының негізін салушы профессор апайымыздың ұсынған қыздар ережесі ұлттық тәрбиеден бастау алатындығын білеміз.

Егер адамның рухы таза, сау болса, ондай адам таза жүріп, дұрыс, таза тамақтануға тырысады. Бұл адамның жанының да, тәнінің де дұрыс жұмыс істеуіне себеп болады. Дені сау тән рухты одан да жоғары шыңдарға көтере түседі. Немесе керісінше

– дәл осы байланыс кері мағынада да болуы мүмкін. Бұл ойдың артынан еріксіз атамыз қазақтың «тәні саудың жаны сау» деген сөзі еске түседі.

Хақ дініміз бұл мәселені де ескеріп, барлығына өз шешімін тауып қойған. Құдыреті шексіз Алла тағала бізге не керек, не керек емес, не пайдалы және не зиянды екендігін ең жақсы білуші, және бізге өзінің кітабы Құран кәрімде және сүйікті құлы және елшісі Мұхаммед (с.а.с.) арқылы біздерге білдіріп, ескерткен. Дініміз бізге зиянды заттарды жеуге тыйым салып, пайдасы көбірек заттарды қолдануға үгіттейді.

Жалпы салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды әдеттер, әдепсіз қылықтан арылу, ауырып ем іздемей тұрып, салауатты ғұмыр кешуге жол табу туралы мәселе ерте кезден-ақ зерделенген. Адамның рухани ішкі және сыртқы тазалығы адамгершілік, имандылық қасиеті, ақыл-ойының, дене бітімінің саулығы, тәлім-тәрбиесі туралы мәселелерді адамзат тарихи тамырын тереңнен алады. Халқымыз жас ұрпақты рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп, кейінгіге талай ұлағатты сөздерін, іс-тәжірибесін қалдырған.

Салауатты өмір салтына тәрбиелеу мәселелерімен халықты алғаш хабарлар еткен шипагер, шығыс елдерінде гигиеналық ғылымның негізін салушы Ибн-Синаның ұғымы бойынша, ерте жастан бастап салауатты өмір салтының мына төмендегідей қағидаларды сақтау қажет: 1) жанның ара салмағы (гармониялық дене пішімді сақтау); 2) тамақты таңдау (тамақтану мерзімі); 3) денені тазалау (шлактан, зиянды заттардан тазалау); 4) дене пішімін сақтау; 5) дұрыс дем алу; 6) киім тазалығы; 7) дене және рухани қозғалыстың теңдесуі [ Қоңырбаева С., 2006, 198 б.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл күнде мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Педагогика ғылымында осы туындаған мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі мектеп оқушысын салауатты өмір салтына тәрбиелеудің басты міндеттеріне мына төмендегілер жатады:

– халық педагогикасы элементтерін қолдану (ауызша халық шығармашылығы, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындар т.б.);

– мектеп оқушысының бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруда тиімді психологиялық-педагогикалық шарттарды қолдану;

– «салауатты өмір салты» – ұғымын қалыптастыру;

– салауатты өмір сүру туралы оқушыларды ынталандыру;

– оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне көмек көрсету;

– өз денсаулықтарын сақтауда, салауатты өмір сүру дағдыларына жауапкершіліктерін қалыптастыру;

– арнайы денсаулық сақтау технологиясы арқылы салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.

Ал, музей экспонаттарының нақты маңызын, құндылық идеясын көрсететін болса, яғни құндылықтар белгілі бір оқиғалар мен тұлғалар жөнінде ақпарат беретін дереккөз ретінде экскурсантқа эмоционалды түрде әсер ете алады, өткен шаққа, қолөнершінің әлеміне ойша кіру арқылы сол оқиғаға, кезеңге қатыстылығын сезіне алады. Музей педагогикасы оқу орындардың үздіксіз білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып келеді. Білім және тәрбие ошақтарының мұғалімдері немесе тәрбиешілері өскелең ұрпақты бірігіп тәрбиелеуге музейден көмек сұрап келуде. Мұғалім бала санасына сіңіргісі келген білімін музей педагогикасына сүйене отырып беруі – музей және білім ордасы үшін де үлкен жетістік. Музей педагогикасының негізгі мақсаты – өкшебасар ұрпақты музейге тарту, тұлғаның шығармашылық дамуын жүзеге асыру. Сондықтан, қазіргі таңда музей педагогикасын инновациялық педагогикалық технология деп қарастырады. Психологиялық зерттеулер музейлік біліми-мәдени кеңістікте көп болатын баланың ой қызметі нық қалыптасатындығын тұжырымдауда.

Мәдени-ғылыми жұмыстың кез-келген формасының басты ұстанымы – экскурсанттардың бейресми ортада білім алуына, өзін-өзі дамытуға, ұнататын, қызығушылық туғызатын жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру. Мүмкіндік бере отырып, категориясы мен типіне қарай экскурсанттардың психологиялық ерекшеліктерін де ескерген жөн.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мұңалбаева Ү.Д. Музей педагогикасы: тарихы, теориясы, тәжірибесі. – Алматы, 2008. – 103 б.
2. Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С. Музей педагогикасы [Электронный ресурс]: оқу құралы/ Егізбаева М.Қ., Жұматаев Р.С.— Электрон. текстовые данные. — Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2012.— 122 с.
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасы. – Алматы, 2012.
4. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, Астана, 2010.
5. Кенжегарина А.З. Әзілхан Нұршайықов тағылымдары. /Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2010. -123 б.
6. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ана. – Алматы, 2006. – 198 б.

**Аяпбергенова Гулбану Бауыржанқызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Адеева Гуля Раджаповна,**
2-курс магистранты,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕЙСТЕР МЕН ОҚУ-ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа.** Мақалада педагогикалық кейстер мен оқу-практикалық тапсырмаларының оқу жетістіктерін бағалаудағы маңызы қарастырылады. Кейс – әдістің таралуы білім берудегі қазіргі жағдайдағы өзгерістерге байланысты. Кейс-әдістің негізінде практикалаушы оқыту теориясы жатыр. Сонымен қатар, оқу-практикалық тапсырмалар кейс әдістерімен қоса білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда маңызды орын алады.

**Кілт сөздер:** педагогикалық кейс, оқу-практикалық тапсырма, оқу жетістіктері, оқыту теориясы, білім амзмұны.

**Аннотация.** В статье рассматривается значение педагогических кейсов и учебно-практических заданий в оценке учебных достижений. Распространение Кейс-метода зависит от изменений в современных условиях образования. В основе Кейс-метода лежит теория практического обучения. Кроме того, учебно-практические задания, наряду с кейс-методиками, занимают важное место в оценке учебных достижений обучающихся.

**Ключевые слова:** педагогический кейс, учебно-практическое задание, учебные достижения, теория обучения, учебно-воспитательный процесс.

**Annotation.** The article considers the importance of pedagogical cases and practical tasks in the assessment of educational achievements. The spread of the Case method depends on changes in modern educational conditions. The Case method is based on the theory of practical training. In addition, training and practical tasks, along with case methods, occupy an important place in the assessment of students' educational achievements.

**Keywords:** pedagogical case, educational and practical task, educational achievements, teaching theory, educational process.

## КІРІСПЕ

Қазіргі әлемде білім беру мазмұнына, оны жүзеге асыру нысандарына, педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістеріне, сондай-ақ білім беру нәтижелерін бағалаудың қазіргі заманғы құралдарына қойылатын талаптар өсуде. Оқыту әдістерінің барлық жіктелуі білім алушылардың білімін тексеруді, олардың қызметін бағалауды және қажет болған жағдайда оны түзетуді көздейді. Біз қарастырып отырған тақырып өзекті, өйткені өмірде және кәсіби қызметте оңай бағдарланатын дербес адам мен жоғары білікті маманды қалыптастыру білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін анықтаудың қазіргі заманғы құралдары мен технологияларын пайдаланбай мүмкін емес. Жалпы білім беру сапасы мен оқу жетістіктері де осыған байланысты. Осы зерттеудің мақсаты оқытудың қазіргі кезеңінде білім алушылардың білімін бағалаудың заманауи құралдары, технологиялары мен әдістері туралы мәліметтерді жинақтау және толықтыру болып табылады.

Саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер, жаңа реформалар біздің республикасмызда болып жатқан білім беру жүйесін өзгеше құруды талап етуде. Өйткені, қазіргі өркениетке жеткізетін құрал – тек қана білім. Білімді ұрпақ қана қоғамның болашақ иесі бола алады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай: ***«Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз. Сондықтан біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн.*** Біз шығыны көп емес зерттеулер мен әзірлемелерге ден қоюға тиіспіз». Олай болса, еліміздегі ақылды, ойлы, дарынды жастарымызды алға қойған мақсаттарын орындауға көмек беру үшін шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіру қажеттілігі туындайды [Жолдау, Астана, 14.12.2012].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Құзыреттілік тәсіл шеңберіндегі негізгі міндет құзыретті маманды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білім беруде бұл мәселеге айтарлықтай көңіл бөлінуде, алайда ол нәтижелердің кейінге қалдырылуына байланысты шешімін таппай келеді. Дегенмен, біз пікірімізді бөлісетін жетекші зерттеушілер мен педагог-практиканың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жоғары оқу орнында оқу процесінде құзыретті маманды қалыптастыру қажеттілігін мойындайтынын мойындау керек. Зерттеушілермен студенттердің білім беру процесінің белсенді қатысушыларына және сәйкесінше, оқытушының іс-әрекеті тікелей білім беру арқылы бағыттаушы оқу үдерісіне, яғни оқу процесін белсендіретін технологияларды қолдану арқылы студенттердің іс-әрекеті өзгергенде түлектердің құзыреттілігін қалыптастыру мүмкін екендігі дәлелденді. Мұндай технологиялардың бірі – ***кейс әдіс***.

*Кейс-әдіс* – нақты әлеуметтік, педагогикалық және басқа да жағдайларды сипаттауды қолданатын оқыту технологиясы; бұл миниатюрадағы іскерлік ойын, өйткені ол кәсіби қызметті ойынмен ұштастырады [Панфилова А.П., 2008, 114 б.].

Кейс – әдістің таралуы білім берудегі қазіргі жағдайдағы өзгерістерге байланысты. Кейс-әдістің негізінде практикалаушы оқыту теориясы жатыр. Бұл теорияны практикалық іске асыруға : жұмыс орнында оқыту, тәлімгерлік, тьюторлық, коучинг, кейстер әдісімен аудиторияда оқыту жатады [С.А.Гончарова, 2007, 51-52 б.].

Педагогикалық салада жұмыс істейтін көптеген адамдар теория сабақтарда практикалық тұрғыдан басым екенін айта бастады. Бірақ бұл шынымен солай ма? Неге оқыту процесінде теориялық тәсілдің үстемдігі туралы жалпы түсінік пайда болды? Бұл сұрақтарға жауап ретінде көптеген пәндер бойынша оқулықтар тек теориялық және статистикалық деректерді қамтиды факторды қабылдауға болады. Біз студенттердің қорытынды аттестациялауда бірқатар кейс әдістерін қолданудың SWOT ерекшеліктерін көрсетуге талпындық (Кесте 1):

*SWOT – практикада қолданылатын кейс әдістерді талдау*

| Strength (мықты жақтары) | Opportunity (мүмкіндіктері) |
|---|---|
| - | - |
| Weakness (әлсіз жақтары) | Threats (мүмкін болатын қатер) |
| - | Шағын топтарда және топтарда кейс тапсырмаларын шешудде тап болатын шиеленістердің тууы. |

Кейс-әдісті қолдану барлық студенттердің назарын аудартуға көмектескендігі оқытудағы кезекті жетістік ретінде қарастырылуы мүмкін. Бірақ «дерлік» сөзінің болуы толық және дұрыс кейс әдісімен ойлануға мәжбүрлейді. Себебі, студенттердің келесі дағдыларын қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптар:

– мәселелерді айқындау және шешу;
– тапсырмаларды құрастыру;
– ақпараттармен жұмыс, жағдаятта суретілген деталдардың мағынасын ой-елегінен өткізу;
– ақпарат пен дәлелдерді талдау және синтездеу;
– болжамдармен және қорытындылармен жұмыс;
– баламаларды бағалау;
– шешімдер қабылдау;
– басқа адамдарды тыңдау және түсіну (топтық командалық жұмыс дағдылары), онда бірінші кезекте топтық командалық жұмыс дағдылары ерекше назар аударуды қажет етеді.

Бұл проблеманы шешу үшін кейс-әдісті қолдану кезінде үш деңгейлі тәсіл ұсынылады, яғни студенттердің білім деңгейін жіктеу және олардың пәндер әуестенуін есепке алу, мысалы, әртүрлі білім деңгейі бар студенттерден тұратын топты шағын топтарға бөлу. Әрине, мұндай тәсіл кейс — материалдардың қатты көлемі сияқты әлсіз жағы бар. Бұл кейс-стади дайындау үшін уақыт жұмсайды.

Ал, оқу-практикалық тапсырмалар кейс әдістерімен қоса білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда маңызды орын алады.

Сонымен қатар, оқушылармен практикалық жұмыстарды жүргізу барысында оқу-танымдық тапсырмаларды Информатика пәнінде қолдану кезінде мынадай қиындықтардың туындайтынын анықтадық:

1) Білімді формалдау;
2) Қатынастарды формалдау;
3) Асамотивациялық;
4) Мұғалімді оқушылардың психологиялық қабылдамауы;
5) Баланың психологиялық дамуы.

Білім беруде оқу-танымдық тапсырмаларды Информатика пәнінде қолданудың мынадай бағыттарын ерекше атауға болады:

– Информатика меңгеру объектісі ретінде;

– оқу-танымдық тапсырмаларды басқа ғылыми пәндерді оқыту құралы ретінде;

– Информатика мамандарды дайындау және педагог мамандардың білімін жетілдіру құралы ретінде қарастыру [Хамитова К.З., 2007, 225-229 б.].

Осы жұмыста қарастырылған оқыту әдістемесі бойынша кез келгентақырыпты меңгерудің негізгі циклі келесі түрде болады:

1) Есептердің жаңа түрімен танысу, оларды шешудің әртүрлі тәсілдерін қарастыру. Қалыптасқан дағдыларды қолдануға талпыну. Ұсынылатын құралдармен танысу. Сабақ түрлері– әңгімелесу, дәрістер. Мұғалім – ақпарат көзі.

2) Компьютерді қолдану практикасы. Оқушыларға жаңа есептердің бірін ұсыну және оқушылардың оларды өз бетінше шығаруы. Сабақ түрлері – жеке жұмыс. Мұғалім – кеңес беруші. Нәтиже бойынша ағымдық және қорытынды баға қойылады.

3)Тақырыптың жалпы сұрақтары бойынша білімдерін тексеру. Сабақтың түрі – бақылау жұмысы. Нәтиже бойынша баға қойылады.

4) Алынған дағдыларды келесі тақырыптарда практикалық қолдану.

И.Г. Белавина мен В.А. Захарованың еңбектерінде балалардың танымдық ортасын және компьютердің көмегімен шығармашылық қабылеттерін дамытуерекшеліктерін анықтаудың екі бағытын ұсынады:

– *бірінші бағыт* оқу-танымдық тапсырмаларды дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушылардың вербальды интеллектін дамытуға әсерететін, ақпараттық компонент қызметтерін қамтитын қосымша звено ретінде анықтайды. Оны оқушылардың меңгеруі өз-өзінен, табиғи жолмен, компьютерді қызмет құралына айналдыруда арнайы психологиялық ерекшеліктерді ажыратпай-ақ жүзеге асады;

– *екінші бағыт* оқу-танымдық тапсырмаларды іс-әрекеттің спецификалық құралы ретінде анықтайды, қызметтің интеллектуалдық жағынағана емес, баланың тұлғасына, оның компьютермен өзара әрекетін үрдісінде өзін бағалауына әсер болған кезде, оның психологиялық маңыздылығын ескереді [Кузьмина Н.В., 1999, 143 б.].

Компьютер көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту, яғни оқыту тиімділігін арттыру үшін:

– оқытуда компьютерді қолдану мақсаты сияқты түсінікті анық тұжырымдау;

– жүйелі және кешенді психологиялық білімге сүйеніп осы мақсатқа қол жеткенін тексеру;

– осы мақсатқа жету жолдары менәдістері жөнінде психологиялық білімдерді барынша қолдану керек деп есептейміз.

Оқушылардың танымдық қызметін басқару үшін компьютерді қолдану жағдайында, дәстүрлі жағдайға қарағанда оқытудың анағұрлым жоғары көрсеткіштері алынатындығына көз жеткіздік.

Оқу-танымдық тапсырмаларды әзірлеу кезінде педагогтар Б. Блум және Д. Толлингероваңың таксономиясын пайдаланады.

Блум таксономиясы жалпы оқу нәтижелерін бағалауда маңызды орын алатындығын орта мектептерде Информатика пәнін оқытуда оқу-танымдық тапсырмалар орындау арқылы көз жеткізуге болады.

Блум таксономиясының осы сатыларына негіздеп, біз келесі кестеде Информатика пәнінде оқу нәтижелерінің жоғары деңгейіне жету үшін жасалатын қадамдарды көрсеттік (Кесте 2):

*Кесте 2 – Информатика пәнінде оқу нәтижелеріне жету үшін жасалатын қадамдар*

| **Таксономия сатылары** | **Мазмұны** |
|---|---|
| Білу – таным мен ойлау деңгейінің төменгі сатысы | Информатика пәні бойынша оқу материалын есте сақтау және қайталау; қажетті мәліметтерді есте сақтау; оқушылар сол материалдардағы ұғымдарды, айғақтарды, заңдарды, т.б. білімнің жетекші элементтерін еске сақтап, өайта айтып беруге тиіс. |
| Түсіну – таным мен ойлаудың орта деңгейі | Информатика пәнінде мынадай әрекеттер арқылы іске асады:<br>*трансляция* – оқу материалдарын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (сөзбен келтірілген мәліметті кесте, сызба түрінде көрсету, т.б.);<br>*интерпретация* – оқу материалдарын өз сөзімен түсіндіру, қысқаша баяндау;<br>*жорамалдау* – оқу материалдары бойынша әңгімені әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау. |
| Қолдану – таным мен ойлаудың орта деңгейі | Оқушы Информатика пәні бойынша ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды практикалық тұрғыдан қолдануы қажет. Оқушылар бұрынғы білімдерін пайдаланып, жаңа жағдайда шешімдер қабылдап, өз ұсынстарын жасайды. |

| | |
|---|---|
| Талдау – таным мен ойлаудың жоғары деңгейі | Информатика пәнінде оқу материалының мазмұнын түсінумен қатар оның ішкі құрылысы қалайша құрылатындығын білуді меңзейді. Алған білімді жіктеу, ең негізгі түйінін, идеясын бөле алуы. Яғни, ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді. |
| Жинақтау – таным мен ойлаудың жоғары деңгейі | Информатика пәнінде мынадай нәтижелерге жетуге болады:<br>*шығармашылық жанр* (эссе, сурет, шығарма, өлең, шешендік сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама);<br>*жоспар құрастыру немесе тәжірибеден өткізу* (мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру, тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау);<br>*абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер* (ғылыми гипотеза – болжау құрастырып, ұсыну). |
| Бағалау – таным мен ойлаудың жоғары деңгейі | Информатика пәнінде оқушылар даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеуі қажет; өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздеуі қажет. |

Оқу тапсырмаларды тиісті әдістер мен тәсілдерді таңдау үшін қажетті оқыту мақсаттарын нақтылауды білдіреді. Олардың көмегімен оқушылардың нені үйренуі керек екені анықталады, игерілетін мазмұн операционализацияланады. Оқу тапсырмаларын жіктеуге қызықты және конструктивті көзқарас Д.А. Толлингероваға (1981) ұсынылды; психологияны оқытуға қатысты бұл тәсіл В.Я. Ляудис қайта қаралды (1989).

Бұлар материалдық нысан түрінде, математикалық байланыстар жүйесі ретінде немесе құрылымды иммитациялатын бағдарлама түрінде құрастырылады да, қарастырылатын нысанның жұмыс істеуін зерттеу үшін қолданылады. Моделге қойылатын талап – оның қасиеттерінің негізгі нысанға сәйкес келуі, яғни, барабарлығы.

Практикалық есепті шешу тұрғысынан моделдерді пайдалану оқып-үйрнетін нысандарды моделдеудің мазмұнын, мәнін демонстрациялауға мүмкіндік береді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарымыз, бұл технология нақты білуді хабарлау қажет болған кезде қолданылады, бұл математикалық диктанттарды пайдалана отырып, теориялық материалды өңдеу және тірек конспектілерін жасау арқылы қол жеткізіледі. Сонымен, қазіргі заманғы білім беру технологияларын, атап айтқанда жобалық технологиялар мен оқу циклдерінің технологиясын қолданудың арқасында оқушылардың шығармашылық даму ықтималдығы артады және теорияны практикамен байланыстырады, бұл теорияны неғұрлым қызықты және нақты етеді, оқушылардың белсенділігі дамиды, дербестік артады, сонымен қатар балалар сабақта шынайы қуаныш сезеді.

Қазіргі әлемде білім беру мазмұнына, оны жүзеге асыру нысандарына, педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістеріне, сондай-ақ білім беру нәтижелерін бағалаудың қазіргі заманғы құралдарына қойылатын талаптар өсуде. Оқыту әдістерінің барлық жіктелуі білім алушылардың білімін тексеруді, олардың қызметін бағалауды және қажет болған жағдайда оны түзетуді көздейді. Біз қарастырып отырған тақырып өзекті, өйткені өмірде және кәсіби қызметте оңай бағдарланатын дербес адам мен жоғары білікті маманды қалыптастыру білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін анықтаудың қазіргі заманғы құралдары мен технологияларын пайдаланбай мүмкін емес. Жалпы білім беру сапасы да осыған байланысты. Осы зерттеудің мақсаты оқытудың қазіргі кезеңінде білім алушылардың білімін бағалаудың заманауи құралдары, технологиялары мен әдістері туралы мәліметтерді жинақтау және толықтыру болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан. – Астана, 14.12.2012.
2. Панфилова А.П. Игровое моделирование в деятельности педагога: учеб. пос. для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издат. центр «Академия», 2008. С. 114.
3. Гуманитарные образовательные технологии в вузе: методическое пособие/под ред. С.А. Гончарова. СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2007. С. 51-52., б. 51-52.
4. Хамитова К.З. Информатика пәнін дамыта оқыту технологиясын қолданып оқытудаоқушылардың білімін бақылау және бағалау. //Ұлт тағылымы. –Алматы, 2007, No 3. – Б. 225-229.
5. Кузьмина Н.В. Профессионализм деятельности преподавателя и мастера производственного обучения профтехучилища. – М., 1990. – С. 143.

**Әбдиев Қали Сейілбекұлы,**
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Алматы, Қазақстан Республикасы,
e-mail: k_abdiev@mail.ru

**Амзеева Бахытгуль Шайхымансуровна,**
магистрант,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы,
e-mail: amzeevabsh@mail.ru

# ҰЛТТЫҚ МОНИТОРИНГ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада Ұлттық мониторингтіжүргізу барысында әр түрлі топтарға ақпараттық өнімдерді дайындау мәселелері қарастырылды. Бұл ретте орта білім берудегі оқу жетістіктерінсырттай бағалаудың ақпараттық өнімдері, тестілеу нәтижелерініңтаратылу жолдары ұсынылды. Аталған мәселелерде авторлар ғылыми әдістермен қатар, өз тәжірибелерін де пайдаланды. Зеттеу барысында алынған нәтижелер білім беру саласының әртүрлі деңгейлеріндегі басшыларға, мұғалімдерге ұсынылады.

**Түйін сөздер:** Ұлттық мониторинг, оқу жетістіктерін сырттай бағалау,жадынамалар, пресс релиздер, ОЖСБ-ның қорытынды есебі, ұлттық баяндама.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы подготовки информационных продуктов для различныхгрупп при проведении национального мониторинга. Представлены информационные продукты внешней оценки учебных достижений в среднем образовании, способы распространения результатов тестирования. В этих вопросах авторы статьи использовали как научные методы, так и свои опыты в этой области. Результаты, полученные в ходе исследования представляютсяруководителям различных уровней в области образования, учителям.

**Ключевые слова:** Национальный мониторинг, внешняя оценка учебных достижений, памятки, пресс релизы, итоговый отчет ВОУД, национальный отчет.

**Annotation.** The article considers the preparation of information products for various groups during the national monitoring. The article presents information products of external assessment of educational achievements in secondary education, methods of distribution of test results. In these issues, the authors of the article used both scientific methods and their own experiences in this field. The results obtained in the course of the research are presented to principals of various levels in the field of education, teachers.

**Key words:** National monitoring, external assessment of educational achievements, press releases, EAEA final report, national report.

## КІРІСПЕ

Білім берудегі ең тиімді жүйелердің бірі болып саналатын Сингапурдың Білім министрлігімен 2010 жылы қабылданған «21 ғасырдың құзыреттері» атты құжатындақазіргі қоғам өмірі үшін білім нәтижелерінің келесі маңызды құрамдас бөліктері анықталды: базалық құндылықтар, әлеуметтік-эмоционалды құзыреттер және 21 ғасырға қажетті құзыреттер. 21 ғасыр құзыреттеріне: сыни ойлау мен тапқырлық, азаматтық сауаттылық пен жаһандық таным, мәдениаралық құзыреттілік пенақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік жатады. Олай болса, бүгінгі оқушы дайын теориялық білімді меңгеруші ғана емес, білім үрдісінің белсенді қатысушысы, оның бірлескен авторы. Кез-келген өркениетті және экономикалық тұрақты қоғамның негізі – адам капиталының сапалы біліммен, 21 ғасырдың өзгермелі әлеміне қажетті дағдылармен қамтамасызетілуі әрбір қоғам мүшесінің, мектептің, үкіметтің алға қойған мақсаты.Олай болса білім мен дағдылардың «өлшеуіші», яғни бағалау рәсімі республика деңгейінде ұлттық мониторинг жүйесімен жүзеге асырылады. 2012 жылдан бастап Қазақстанда оқу жетістіктерін сырттай бағалау (бұдан әрі – ОЖСБ), яғни орта білім беру ұйымдарының бастауыш (4 сынып), негізгі орта (9 сынып) және жалпы орта білім (11 сынып) деңгейіндегі оқушылардың оқу жетістіктеріне тәуелсіз сырттан бағалау жүргізілуде.

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

В.А. Болотов бойынша білім сапасын бағалаудың тиімді жүйелері – бұл барлық мүдделі топтардың және білім сапасын жақсарту мақсатында шешім қабылдайтын адамдардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сапалы және қажетті мөлшерде ақпарат беретін жүйелер [http://rtc-edu.ru/course01 вебинары, 01.11.2018].

Осы орайда ОЖСБ-ныңақпарат беретін жүйелеріне: ақпараттық өнімдер мен нәтижелер-

дің өз аудиториясына таратылу түрлерін жатқызуға болады.

И.А.Валдьман бойынша бағалау нәтижелерінің білім беру саясатына максималды әсер ететін және оқушылардың оқу жетістігінебағалау жүргізу кезінде ескерілуі тиіс үш негізгі шарты бар. Оларға:

1) бағалау бағдарламасының нәтижелерінпайдаланушылар мен олардың ақпараттық қажеттіліктерін білу;

2) пайдаланушылардың әр түрлі топтарының ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын ақпараттық өнімдердің болуы;

3)ақпараттық өнімді таратудың қандай әдістерін қолдану керектігін түсіну [Вальдман И.А., 2013, 64 – 65 б.].

И.А.Вальдман зерттеулеріне жүгінсек, ОЖСБ нәтижелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға әсер ететін факторлар: нақты деректер, мақсатты ақпарат, нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау), шешім қабылдаушы тұлғаның саяси еркі. Яғни,

– ОЖСБ-ның нақты деректері – стандартты тестілеу форматымен алынған мәліметтер;

– ОЖСБ-ның мақсатты ақпараттары – мониторингке қатысатын немесе соған қатысты барлық мүдделі топтарға қажетті ақпараттар;,

– ОЖСБ нәтижелерін түсіндіру (интерпретациялау) – жыл сайын жарияланатын «Қазақстан Республикасы білім жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндама» немесе Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жыл сайын жарияланатын статистикалық мәліметтер;

– ОЖСБ бойынша шешім қабылдаушының саяси еркі – Қазақстан дамуының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарында белгіленген білім беру жүйесі арқылы адами капиталды дамыту.

Әлем елдеріндегі білім сапасын бақылайтынNAEP (АҚШ), NAPLAN (Австралия), SIMCE (Чили) тәрізді рәсімдердегіақпараттық өнімдерге және оның таратылу түрлеріне қысқаша тоқталатын болсақ, ол төмендегідей.

NAEP (The national assessment of educational progress) – оқу үлгерімін ұлттық бағалау. NAEP (https://nces.ed.gov/nationsreportcard/) сайтында қатысушыларды мақсатты топтарға бөліп қарастырады. Мысалы, ата-аналар, оқушылар, мемлекеттік білім беру ұйымдарының әкімшілігі, жеке мектептердің әкімшілігі, медиа қызметшілері т.б. Оқушыға не себепті оның зерттеуге қатысуы тиісекендігін түсіндіретін, қандай форматта зерттеу жүргізілетінін, қай кезеңде өткізілетінін және NAEP-тың соңғы жылдардағы нәтижелері туралы брошюра ұсынылса, NAEP бағдарламасына қатысатын оқушының ата-анасына бұл зерттеу баланың мектептегі нәтижесіне әсер етпейтіндігі туралы, зерттеу бағдарламасының өткізілу форматы туралы егжей-тегжейлі ақпарат жіберіледі. Медиа топ адамдары үшін мысалы, 2009 бен 2019 жылдардағы 4 және 9 сыныптардағы математика нәтижелерінің салыстырмалы мәліметтері ұсынылады, оқушылардың нәтиже көрсеткішіндегі жоғары және төменгі жетістік айырмашылықтардың себебін табу ұсынылады.

SIMCE (Sistema de Medicion de Calidad de la Educacion) –Чилидің білімберусапасынөлшейтінжүйе.

SIMCEнәтижелері әр түрлі тұтынушыларына түрліше ұсынылады: 11 түрлі ақпараттық өнімдері (басшыларға, мектептерге, ата-аналарға, жұртшылық үшін және т.б.) бар. Жарияланымдары: ұлттық баяндама, баспасөз материалдары, деректер файлдары және бағалау бағдарламасының интернет сайты.

SIMCE нәтижелерін жариялау әдістері:

1) білім сапасын қамтамасыз ету Агенттігінің сайтында онлайн режимде мектептердің нәтижелері бойынша кестелер құруға болады (мектептің орналасқан жері, мектеп типі және т.б.);

2) газеттерде зерттеу нәтижелерін рейтинг түрінде кластерлер бойынша жариялайды;

3) мектептердің нәтижелері көрсетілген интерактивті карта (www.simce.cl/mapas) (мектептің орналасқан жері және нәтижелері картада белгіленген);

4) ата-аналарға арналған есеп (ағымдағы жыл мен алдыңғы жылдарды зерттеу нәтижелері, мектептің, сынып, пән бойынша нәтижелер елдегі орташа нәтижемен, кластердегі басқа мектептермен салыстырылады).

Чили министрлігінің педагогикалық қоғам арасында SIMCEтәртібін түсіндіру бойынша жүргізген жұмыстарын ерекше атап өтуге болады. Бұл жұмыс келесі іс-шаралар түрлерін қамтиды: рәсімге жүргізуге арналған нұсқаулық (тест форматы, тест тапсырмаларының үлгілері, бағалау критерийлері, бағалау нысандары, тапсырмалардың мазмұнын талдау), оқушылардың нәтижелерін талдау процесін түсіндіретін әдістемелік семинарлар, тест тапсырмаларының онлайн-базасы (оқу процесінде пайдалану үшін).

NAPLAN (National Assessment Program – Literacy and Numeracy) – бағалаудың ұлттық бағдарламасы, Австралияда 2008 жылдан бері жүргізіледі. NAPLAN(http://www.nap.edu.au) сайтында бағдарламаға қатысушыларды мақсатты топтарға бөледі. Мысалы, NAPLAN қатысушы мектептер, ата-анаға немесе қамқоршыға NAPLAN туралы ақпарат, жалпы күнтізбектік жылғы өткізілетін NAPLAN туралы толық ақпарат. NAPLAN қорытындысы бойынша жарияланымдар: зерттеушілер тест нәтижелері бойынша жергілікті әлеуметтік-білім беру жағдайының индексін ICSEA (Index of the Social-Education Advantage) зерттеуге аса назар аударады.ICSEA индексінің параметрлері: мектепте оқитындардың саны, ата-аналардың білім деңгейі бойынша жұмыспен қамтылу туралы мәліметтер, балалардың тұратын жерінің әлеуметтік-экономикалық сипат-

тамасы (астана, аймақ және т.б.), ағылшын тілі ана тілі болып табылмайтындардың үлесі, жергілікті тұрғындар ретіндегі оқушылардың үлесі. Арнайы сауалнама жүргізілмейді, ақпарат статистика және басқа мәліметтер негізінде жиналады.

Бұл сайттарда бағалаудың нәтижелері инфографикалық кестелермен беріледі және білім беретін ұйым инфографикаға сала отырып өзінің рейтингін көре алады.

ТМД елдерінен Ресей Федерациясы тәжірибесі бойынша «Ямал білім сапасын бағалаудың аймақтық жүйесінің» сайтында (https://edu.rtsoko.ru/rsoko/proko/regiss/SitePages/4kl.aspx) мысалы, 4 сынып оқушыларының оқу жетістігі туралы оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдерге арналған жеке ақпараттар берілген. Сайттан әр түрлі топ қолданушысына арналған жадынамалармен танысуға болады. Бағалау жүйесінің мақсатты ақпаратын құрастыру барысында мыналарға көңіл бөлінуі тиіс:

1) Нәтижелерді пайдаланушылар мен олардың ақпараттық қажеттіліктерін білу (нәтижелерді қандай шешімдерге қолданады);

2) Ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын мақсатты ақпараттық өнімдер мен қызметтердің болуы шарт;

3) Пайдаланушыға ақпаратты жеткізу жолдарын қарастыру.

И.А.Вальдман бойынша құрастырсақ, ақпараттық өнімді пайдаланушылар мен олардың мәліметтермен жұмыс жасаудағы техникалық сипаттамасы төмендегідей (Кесте 1):

*Кесте 1 – Техникалық сипаттамалар (И.А.Вальдман бойынша)*

| № | Біліктілік деңгейі бойынша | Топтар |
|---|---|---|
| 1 | Жоғары | Зерттеушілер |
| 2 | Базалық | Білім басқармалары/бөлімдері әкімшілігі, білім саласындағы менеджерлер, біліктілікті арттыру орталықтарының қызметшілері |
| 3 | Дайындығы төмен пайдаланушылар | Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер, азаматтар, қоғамдық көшбастшылар, мемлекеттік қызметшілер, БАҚ |

Ұлттық мониторингтің ақпараттық өнімдері мен аудиториясы, оның таратылу жолдары жүйенің ажырмас бөлігі болғандықтан, кез-келген жүйені толығымен қарастыру қажет.

Кез-келген бағалау жүйесінің ақпараттық жүйесі:

1) Толық ақпараттық мәліметтерден

2) Нәтижені пайдаланушылардан

3) Ақпараттық өнімдерден тұрады.

Олай болса орта білімдегі ОЖСБ-ның ақпараттық жүйесінің моделін қарастырайық (Кесте 2).

*Кесте 2 – ОЖСБ-ның ақпараттық мәліметтері*

| Орта білімдегі ОЖСБ | Сипаттамасы |
|---|---|
| 1. Мақсаты | Білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында көзделген білім деңгейіне мониторинг жүргізу |
| 2. Негізгі мәселелері | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау.<br>Бағдарлама мен оқулық құрастырушылары тиісті деңгейде көніл аударулары шарт. |
| 3. Қатысушылары | 785 мектептен 4, 9 және 11 сынып оқушылары (2019 ж). |
| 4. Не бағаланады | 4–сыныпта- Математика, Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) (2 пән);<br>9 – сыныпта – Қазақ тілі (міндетті), таңдау бойынша:Физика, Химия, География, Биология, Алгебра, Қазақстан тарихы<br>Дүниежүзі тарихы (2 пән);<br>11 – сыныпта – Қазақ тілі, Физика, Қазақстан тарихы (3 пән). Пәндер тізбесі ҚР Білім және ғылым министрлігімен жылда анықталады. |
| 5. Инструментариі | 1. Кешенді тестілеу түрінде қағаз тасымалдағышты, сондай-ақ компьютерлерді қолдану арқылы өткізіледі.<br>2. 9,11 сынып оқушыларына және мектеп әкімшілігіне анкета таратылады. |

| | |
|---|---|
| 6. Кім өткізеді (ұйым) | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ұлттық тестілеу орталығы. |
| 7. Шешім түрлері | 1)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ОЖСБ нәтижелерін білім беру саласындағы заңнаманың сақталуын тексеруді жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау жүйесінің өлшемі ретінде қолданады; 2) ОЖСБ нәтижелерін рейтинг жүргізетін ұйымдар мен Қазақстан Республикасы білім жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндамада қолданады |
| 8. Кім шешім қабылдайды | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, білім басқармалары, біліктілікті арттыру орталықтары, Ақпараттық-талдау орталығы, мұғалімдер, әдіскерлер, зерттеушілер |
| 9. Нәтижесін кім пайдаланады | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі |
| 10. Қосымша ақпарат (тәуекелдер, мәселелер...) | Тестілеуді бақылауды Министрлік өкілдері мен Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің жергілікті жерлердегі бақылау департаменттері бақылайды. Кейбір аймақтарда тестілеу технологиясын сақтамаушылық тәрізді бұзушылықтар орын алады. |

ОЖСБ-ның ақпараттық өнімдері Ұлттық тестілеу орталығының сайты, әлеуметтік желілері арқылы,Ақпараттық-талдау орталығының сайты арқылы өз пайдаланушыларына таратылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, Ұлттық мониторингтің ақпараттық жүйесінің зерттелуі мен жетілдірілуі бүгінгі таңда жеткіліксіз. Алдағы уақытта ақпараттық өнімдерді талдайтын, оны мақсатты тұтынушыларына жеткізетін мамандардан үміт күтеміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Система оценки качества образования и ее ключевые элементы», авт. В.А. Болотов, д.п.п.,»Информирование целевых групп при проведении программ оценки образовательных достижений школьников»курсы, http://rtc-edu.ru/course01 вебинары, 01.11.2018 ж., Москва.
2. «Подходы к управлению качеством образования на основе использования процедур оценки образовательных достижений учащихся», авт. И.А. Вальдман, к.п.н., «Управление образованием: Теория и практика (журнал), 2013 ж., №4
3. «Разработка информационных продуктов для различных целевых групп при проведении процедур оценки образовательных достижений школьников», авт. И.А. Вальдман, к.п.н., «Информирование целевых групп при проведении программ оценки образовательных достижений школьников»курсы, http://rtc-edu.ru/course01 вебинары, 22.11.2018 ж., Москва.

**Әбілда Ақсұңқар Қайратқызы,**
2-курс магистрант,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Нурекенова Гульнара Сарсенқызы,**
2-курс магистрант,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ

**Аңдатпа.** Берілген мақалада «Жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін бағалаумен қатар оқу сауаттылығын диагностикалау» тақырыбындағы педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыстың зерттелу барысы туралы қысқаша баяндалатын болады. Бастауыш сынып оқушыларының табиғи құндылықтарға деген танымын кеңейту кеңінен қарастырылады. Оқу сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, оқу сауаттылығы тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

**Кілт сөздер:** дуниетану, жаратылыстану, бағалау, диагностика, оқу сауттылық.

**Аннотация.** В данной статье будет кратко изложено о ходе изучения диссертационной работы, подготовленной для получения степени магистра педагогических наук на тему «Диагностика учебной грамотности наряду с оценкой уровня знаний учащихся начальных классов в процессе преподавания естественных дисциплин». Широко рассматривается расширение познания учащихся начальных классов к природным ценностям.

Обучение грамотности – это способность человека общаться с внешним миром и иметь возможность максимально адаптироваться и взаимодействовать с окружающей средой. Таким образом, грамотность грамотности состоит из сочетания знаний, навыков и навыков, которые считаются необходимыми для жизни человека в определенной культурной среде и которые позволяют ему общаться.

**Ключевые слова:** познание мира, естествознание, оценка, диагностика, учебная грамотность.

**Annotation.** This article will briefly describe the progress of the study of the dissertation prepared for the master's degree in pedagogical Sciences on the topic «Diagnostics of educational literacy along with assessment of the level of knowledge of primary school students in the process of teaching natural subjects".The expansion of knowledge of primary school students to natural values is widely considered. This is about how to diagnose the teaching of the subject of reading literacy in school.Learning literacy is the ability of a person to communicate with the outside world and to be able to maximally adapt and interact with the environment. Thus, literacy literacy consists of a combination of knowledge, skills and habits that are considered essential for a person's life in a particular cultural environment and which allow them to communicate.

**Key words:** knowledge of the world, natural science, assessment, diagnostics, educational literacy.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда бастауыш сыныпта бұрын тек табиғат жайында білім беретін табиғаттану пәні кеңейтіліп, тереңдетіліп, оның орнына оқушыларға қоршаған орта пәні оқытылады. Ол пән адам, табиғат, қоғам деген үш бөлімді біріктіре отырып, оқушыларға қоршаған дүниенің біртұтастығы жайында ғылыми ұғым қалыптастыруға арналған. Қоршаған орта пәні орта мектепте оқытылатын бүкіл жаратылыс ғылымдарының бастама негізін осы бастауыш мектептен бастап қалауға арналған. Мұны оқыту үшін мұғалімнің жаратылыстану ғылымдарының теориялық негізін меңгеріп, енді соның білім берудегі әдістемелік тұстарын толық қарастыра білуі керек.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біз зерттеу жұмысымызда 1-4 бастауыш сыныптарында «Жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін бағалаумен қатар оқу сауаттылығын диагностикалау» ерекшеліктерін қарастырамыз.

Қоғамның алдына қойып отырған міндеттері мен мақсаттарының ең негізгісі – білім беру жүйесін сапалы түрде түбегейлі жаңартып, болашақ жастардың үйлесімді дамуына бағытталған жаңа

үлгідегі мектеп құру.

Бұл арқылы білім беруде бірінші орынға оқушының білім, білік дағдысын емес, оның тұлғасын қалыптастыру және оның білім арқылы дамуын қойып отыр. Жеке тұлға қалыптастыру деген сөздің мәніне тоқталатын болсақ, бұған Г.К. Селевконың берген анықтамасы жақын келді.

Бастауыш сыныптардан бастап оқушыларға жаратылыстану пәнінің негізін қалайтын қоршаған ортадан білім беруді көздеп, ол туралы оқытуды мақсат етіп қоюдың ғылыми философиялық мәні бар. Себебі, жасөспірім балалардың ақыл, ойы, сана- сезімі әрдайым өздері күнделікті көріп-біліп жүрген нысандар төңірегінде жан-жақты білім алу барысында біртіндеп жетілдіріле отырып дамиды. Сана адамға ғана тән бола тұра, оның дамуы бүкіл нақты нысандарды танып біліп, оқып түсіну арқасында жүзеге асады. Ақыл-ойдың дамуы және саналы болу ми қызметінің жемісі, соның нәтижесі. Сана – нақты маңайда бар, өмірде, қоршаған ортада кездесетін дүниенің бейнесі. «Сананың мәнінде білім жатыр. Ал оны туғызатын танымдық ізденіс. Әр нәрсені білуге, ұғынуға талпыныс, ізденіс, сайып келгенде, сананы құрастырады»- дейді философ Д. Кішібеков [Учебное пособие для пед. вузов, 1988, 255 с.].

Осы тұрғыдан қарасақ, бастауыш сыныптағы қоршаған орта туралы оқушыларға білім беру ерте бастан–ақ оқушының көз алдына нақты дүние құбылыстары мен заттарын көрсетіп, бақылатып, таныстырып, сол туралы ғылыми ұғым беріп және оларды әдеби тілмен сипаттау арқылы олардың ой өрісін, ғылымға деген сенімін арттыру көзделіп отыр.

Сыртқы дүниені қабылдауға, сезінуге, біртіндеп ол туралы толық ғылыми ұғым қалыптасуға көмек ету қоршаған ортадан білім беру мәселесін дұрыс жолға қоюмен байланысты. Сондықтан да, қазіргі таңда бастауыш сыныптарға қоршаған ортадан білім беруді жүзеге асыратын болашақ мұғалімдерді маман ретінде дайындауға аса көңіл бөлініп отырған жағдайда бұл пәннің әдістемесінен жоғарғы оқу орнына арнап оқулық беру алда тұрған мақсаттардың бірі ретінде қаралады.

Жаратылыстану бағытында 1-4 бастауыш сыныптарда «Дүниетану» пәні оқытылады. Пәннің ерекше мәнге ие болу себебі ол – барлық жаратылыстану пәндерінің, оның ішінде биология, география, химия, экология пәндерінің бастамасы болғандықтан, сол пәндер бойынша элементарлық білім негізі қаланады. Бала дүниеге келегеннен кейін өзін қоршаған барлық дүниені тануға талпынады. Бастауыш сынып бүлдіршіні – белсенді дүниетанушы. Сондықтан осы пәнді оқыту арқылы оқушы тұлғасын тәрбиелеуге басты назар аударылады [Аймағамбетова Қ., 1997-2000 жж.].

Дүниетанымның негізі ретінде философияның барлық құбылыстары, жайлары, салалары бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне кірігіп жатқандықтан бастауыш мектепте қарапайым түсініктер ретінде қалыптасады. «Дүниетану» пәнін оқыту мақсаты: оқушылардың дүниеге біртұтас көзқарастарын қалыптастыру және ондағы адамның орнын түсінуге көмектесу. Көзқарас қалыптастыру – дүниені танудың бір амалы. Осы тұрғысынан алғанда 1-сыныпта дүниетанудың бастамасы балалардың күнделікті өмірімен байланысты, күнде көріп жүрген *қоршаған ортаны ғылыми тұрғыда таныстыру* болып табылады. Бізді қоршаған табиғаттың өлі және тірі заттарымен таныстыру қарапайым тұрғыда, бірақ ғылыми ұғымдармен және қарапайым терминдермен (ағаш, құс – тірі зат, күн, ай т.с.с. тірі, өлі табиғат, зат) жүргізілуі тиіс. Бұл ұғымдар 2, 3, 4-сыныптарда бірте-бірте дамытылып, кеңейіп, тереңдетілуі керек. Жаратылыс құбылыстарын толыққанды ұғыну үшін ғылымилылығы ескерілген практикалық тұрғыда орындалатын тапсырмалармен алмасады. Дүниетаным – әлемге және адамға деген жалпылай көзқарастар жүйесі, ол адам мен қоршаған әлем арасындағы қарым-қатынастар жүйесі. Дүниетаным жеке тұлғаның өмірлік бағдарламасын, сенімін және арман-мұраттарын, құндылықтары мен мүдделерін анықтайды.

Соңғы жылдары білім жүйесінде болып отырған реформа талаптары негізінде бұрынғы "Дүниетану" пәніні қазіргі таңда "Қоршаған орта" деп аталып оның бағдарламасы жасалды. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасының бастауыш мектептің негізгі міндеттеріне арналған бөлімінде "Мектептің бірінші сатысындағы оқу мен тәрбие баланың дүниеге және өзіне деген қызығушылығына тікелей бағдарланады. Соған сәйкес оқу пәндері табиғат, қоғам, адам оның еңбегі жайлы тұңғыш мағлұмат беретін кіріктірілген курстар сипатында болады" деп көрсетілген. Осы тұжырымдамалық міндет дүниетану пәнінің мазмұнын тікелей ашып тұр.Бұрын айналамен таныстыру, табиғаттану, адам арасындағы қарым-қатынас, қоғамдық мазмұндағы материалдар жеке-жеке пәндер арқылы оқытылып келсе, енді осылардың бәрі жинақталып, сабақтас жүйеге бірігіп, бір тұтас дүниенің құрамды бөлігі ретінде бірге беріліп отыр.

«Дүниетану» пәнінде алғашқы «кірпіші» қалануы тиіс бір жағдай әсемдік, әдемілік сезімдері. Әдемілік (сұлулық) сезімді адамның рухани әлемін байытуға бағыттау керек, табиғатты эстетикалық (әсемдік) тануды оны игерудің бір қыры ретінде пайдалану керек. Оқушыға қызықтыра отырып, көрсете отырып берілген білім оқушы санасында мықты бекіп, іскерлік дағдысының қалыптасуына әсерін тигізеді. Ал білім мен іскерлік дағдысының қалыптасуы – функционалдық сауаттылық қалыптастырудың көзі болып табылады [ Ұлттық энцклопедия, 1998, I том].

*Бастауыш сынып оқушыларының жаңа оқыту әдіс – тәсілдері арқылы сауаттылығын арттыру.*

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдық сауаттылық мұғалім бойында да болуы тиіс. Барлық елде балаға білім беру ерекше орын алып келеді. Балалардың ойлау қабілетін дамытуға, байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуге оқушыларды тәрбиелеу мұғалімдердің басты борышы. Мұғалім сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Тек білім ғана бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыра алады. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, салиқалы ой – өрісі кең тұлғаны қалыптастыруы үшін 40 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өту керек. Осы жерде орыс педагогы А.С. Макаренконың «40 жыл мұғалім болса да 40 минуттық сабағына дайындалып келу керек» деген нақыл сөзін еске алуға болады. Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасын білу арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен танысып,білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез-келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. Біздің өзекті мәселеміз: жаңа оқыту әдіс-тәсілдері арқылы қазақ тілін меңгерту [Жолдау, 2012].

Менің ұстанымым: «Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз атап айтқандай, оқушылардың талантын ашу – біздің күн тәртібіміздегі өзекті мәселелердің бірі. Функционалдық сауаттылық біліммен, іскерлікпен және дағдылармен ғана шектелмей, солардың негізінде әр елдің өзіндік ерекшеліктері ескеріле отырып,қалыптасатын құзіреттіліктермен анықталады. Тәуелсіз Қазақстанда орта білімнің дамуына функционалдық сауаттылықты арттырудың маңызы аса зор. Функционалдық сауаттылық – оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қолдану (түрлі құжаттармен жұмыс, банкте сауалнама толтыру, түрлі ақпараттармен танысу), сыртқы ортамен тығыз байланысты орнату және оқушыларды тез әлеуметтенуіне бейімдеу. Оқушылар сыртқы ортада адамдармен, құрбыларымен, жанұясымен қарым-қатынас жасағанда оқу дағдысын қолданады, яғни ақпарат алмасу үшін, ақпарат беру үшін мәтінмен жұмыс жасайды. Оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі.Функционалдық сауаттылықтың негізгі мақсаты – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Осындай мақсаттарға жету үшін мынандай міндеттерге тоқталайық.

1. Оқушының алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу.

2. Оқушылардың алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету.

3. Кез келген проблемалық ситуациялардың шешімін таба білуге үйрету.

4. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету.

Осыған орай оқушылардың алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даналықты білдіретін құзыреттерді қалыптасытыру орта мектептердегі орыс аудиториясында қазақ тіліндегі пәндердің алатыны орны зор. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – гуманитарлық бағытындағы пәндер оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты.Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы [Ұлттық іс-қимыл жоспары, Астана, 25 маусым 2012 жылғы].

Олай болса, функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлеміне барудың жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі. Орыс мектептерінде өтілетін қазақ тілі сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, оқу техникасын қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлем құрылысын меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарын айтып, сөз ішінен ажырата білуге үйрету. Біз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Себебі, жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзінөзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Мектепте функционалдық сауаттылықты іске асыру практикум-сабақтарда, пән бойынша сыныптан тыс ісшаралар өткізуде, оқушылардың ғылыми қоғамдарында жүргізіліп келеді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру сабақтың әр кезеңінде әр түрлі өтеді. Сыныптан тыс ісшаралар да оқушылардың

функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға игі ықпал етеді. Сабақта эксперименттік тапсырмаларды орындау кезінде, шығарма, мазмұндама секілді шығармашылық жұмыстарды атқару уақытында өздерінің білімдік функциясы негізінде жазуға төселеді. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Содан болар мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың өзінің жыл сайынғы Жолдауында «функционалдық сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етін жүктеуі бекер емес. Елбасы «білім беру тек оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік бейімдеу процесіне қажеттеу» дейді. Функционалдық сауаттылықты арттыру мектептегі білім жүйесіне жаңа мазмұн әкеліп, педагогикалық білім мазмұнының жаңаруы мен жоғарылауына септігін тигізеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы орта мектеп оқушысының белгілі бір деңгейдегі білімінің жиынтығын, соның негізгі құзыреттіліктерін білуі, соны тиімді қолдана білетіндігін көрсетеді. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – проблеманы шешуді, қажетті ақпаратты табуы, өз ойын айта білуі ретінде көрініс табады.

Функционалдық сауаттылықты табысты ету үшін, тиімді жұмыс жүйесін құру қажет.

1. Әр түрлі пәндердің тақырыптық материалдарынан тапсырма даярлау керек, оның дұрыс орындалуы білім интеграциясын талап етеді.

2. Әр түрлі ақпарат дайындау (мәтін, кесте, сызбалар) қажет.

3. Шығармашылық тапсырмаларды сабақта және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды көбейту керек. Сондықтан да функционалдық сауаттылықты дұрыс қалыптастыруда бар күшімізді білім беру стандарттарындағы базалық білім мазмұнына, оқу бағдарламалары мен оқулықтарға салуымыз керек. Білім қазығы мықты болса, оқушы алған білімін өз керегіне жарата алады. Міне, осындай жоғары талаптар 12 жылдық білім беру мазмұнын жасауда ескерілетін болады. Алған білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық беріледі.

*Функционалдық сауаттылығын арттыруда қолданылатын технологиялардың тиімділігі* Интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін арттырып, функционалдық сауаттылығын нығайтуға қол жеткізуге болады. Пән бойынша білім сапасын анықтайтын негізгі факторлардың бірі білім мазмұны. Білім мазмұны ғылыми білім беруді, іс-әрекет түрлерін және тиімді шешім қабылдай білуге бағытталған шығармашылық әрекетті, қоғамға, табиғатқа қарым-қатынасты қарастыратын бейімделген жүйені қамтиды.

Білім мазмұнын жаңарту-пәндік мазмұннан интегративті-модульді мазмұнға, жекелеген белсенді іс-әрекетке, білім, білік, дағдыға бағытталған білімнен құзыреттілікке бағытталған білімге ауысуды талап етеді. Аталған талапқа сәйкес құзыреттілікке бағытталған білім беруді іске асырудың 4 аспектісін қарастыруға болады:

1. Пәндік білімнен жоғары түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.

2. Білім мазмұнын әмбебаптандыру.

3. Мектеп деңгейіндегі білімнің тиімділігін қамтамасыз ету үшін білім мазмұнының әрекеттік, қолданбалылық, практикалық маңызын арттыру.

4. «Өмірлік дағдыларының кең спектрін» қалыптастыру, функционалдық сауаттылықтарын арттырады [2020-2025 Тұжырымдама, 2020].

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін мектептердегі «Қазақ тілі» пәнін оқыту сапасын жетілдірудің қажеттігі туындап отыр. Олар мемлекеттік нормативтік құжаттарды дайындау кезінде жан-жақты ашып көрсетілді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жаңа нұсқасында «2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасында білім беру саласын дамытудың тұжырымдамасында» жалпы білім беретін орта мектепті дамытудың «адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру», «білім берудің мазмұнын білім үстемдігі» деңгейінен «нәтижеге бағдарланған» құзыретті білімге өзгерту; «қазақстандық патриотизмге, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу» және т.б. қағидалар басшылыққа алынды.

Жалпы білім беру жүйесіне құзыреттілік бағытты енгізу мәселесі бойынша көптеген отандық ғалымдардың (Н. Оралбаева, А. Жапбаров, А. Қыдыршаев, Н.Ж. Құрман, Ф.Ш. Оразбаева, К. Жақсылықова, Ж. Сүлейменова, Ж.Т. Дәулетбекова, т.б.) еңбектері жарыққа шықты. Орыс тілді мектептердегі қазақ тілі негізінде құзыреттілік бағытына сай функционалдық сауатты тілдік тұлғаны дамыту мәселесі жалпы ғылымда, соның ішінде қзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесінде бұл мәселенің ғылыми-теориялық тұрғыдан да өзекті екендігін айғақтайды.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы [Құрман Н.Ж., Есенова Г., Ақтөбе, 2010].

Сондықтан оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуда. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасымен жан-жақты ізденіп, танысып талдау. Сынып оқушыларының оқу тәрбие процесінде психологиялық педагогикалық тұрғыда бақылау, білім деңгейін диагностикалық үнемі зерттеу. Жан-жақты дамыған шығармашылық талапқа сай жеке тұлға тәрбиелеу. Бүгінгі өскелең ұрпаққа тәлім тәрбие үйретіп, білім беру әр ұстаздың міндеті. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға сұрақ беріп жауап алуға мазмұндық толық түсінуге жағдай жасалынған.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының тиімді жақтары

1. Оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады.
2. Сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды.
3. Оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады.
4. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілік қарым – қатынастар орнайды.

Сонымен, оқушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің өз міндетіне, шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс. Сондықтан да жоғарыда айтылған жаңа технологиялар – жетістік көзі.

**Қорытынды**

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді. Ортақ Отанымыз – Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан-жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығарымыз деген ойдамын.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДІБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Современные образовательные технологии. Учебное пособие для пед. Вузов Иипк-М.: Народное образование, 1988-255 с.
2. Аймағамбетова Қ. " Дүниетану" оқулығына әдістемелік нұсқау (1-3- сыныптар), Алматы, "Атамұра", 1997-2000 жж.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, I том.
4. Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. – 2012 ж. «Ана тілі» газеті, № 5. – 7-8 бет.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің № 832 қаулысы. 2012 жылғы 25 маусым, Астана, Үкімет Үйі.
6. ҚР Білім беру жүйесін 2020-2025 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2020.
7. Құрман Н.Ж., Есенова Г. Коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесі. – Ақтөбе, 2010.

**Әбілқасымова Бақытқүл,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Молдагалиева Айгерим Ерғалиқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ДЕРБЕСТІГІН ЖӘНЕ ЕМЛЕ САУАТТЫЛЫҒЫН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Қазақ тілін оқытуда емле сауаттылығын тест тапсырмалары арқылы бақылау мен шетел тілін оқытуда оқушылардың оқу дербестігін бағалау ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ тілі бойынша тестілеу мәселесі пәннің өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Шет тілі пәні оқушының бойында өз халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтай отырып, ұлттық ұқсастықтар, азаматтылық, моральдік нормалар мен сөйлесу әдебі туралы ой қалыптастыруға ықпал етеді.

**Кілт сөздер.** Оқу дербестігі, емле сауаттылығы, тестілеу, мәдениет, рухани құндылық.

**Аннотация.** В изучении казахского языка рассматриваются особенности контроля орфографической грамотности посредством тестовых заданий и оценки учебной самостоятельности учащихся в обучении иностранному языку. Проблема тестирования по казахскому языку характеризуется спецификой дисциплины. Предмет иностранного языка способствует формированию у учащегося сознания О национальных сходствах, гражданственности, моральных нормах и обычаях общения, сохраняя культуру и духовные ценности своего народа.

**Ключевые слова.** Учебная самостоятельность, орфографическая грамотность, тестирование, культура, духовная ценность.

**Annotation.** In the study of the Kazakh language, the features of controlling spelling literacy through tests and evaluating the educational independence of students in teaching a foreign language are considered. The problem of testing in the Kazakh language is characterized by the specifics of the discipline. The subject of a foreign language contributes to the formation of students' awareness of national similarities, citizenship, moral norms and customs of communication, while preserving the culture and spiritual values of their people.

**Keyword.** Academic independence, spelling literacy, testing, culture, spiritual value.

## Кіріспе

Білім алушылардың білімін бақылау мәселелері педагогикада әрдайым маңызды орын алды. Оқушылардың білім жетістіктеріне тәуелсіз баға алудың практикалық моделі бірнеше жыл бойы жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінде сынақтан өткізіліп келеді.

Әр түрлі тестілеу түрлеріне қатысу, өз тестілерін жасау, яғни осы бағытта тәжірибе алу Мектепке барлық пәндер бойынша оқушылардың ағымдағы және қорытынды білімін бақылау үшін тест әдістемесін пайдалануға мүмкіндік береді. Орта буында тест тапсырмаларын қолдану ОЖСБ-ның енгізілуіне байланысты ауылдық және қалалық жалпы білім беретін мектептер үшін де үлкен өзектілікке ие.

Қазақ тілі бойынша тестілеу мәселесі пәннің өзіндік ерекшелігімен өте күрделі. Осы уақытқа дейін тестілеу теориясы және оны пайдалану технологиясы-отандық ғылымның жеткілікті зерттелмеген салалары, ғалымдардың, әдіскерлердің және практик-мұғалімдердің арасында көптеген дау тудыратын.

Бүгін таңда білім беру жүйесі заман талабына сай жаңартылған. Білім берудің мақсаты да, мазмұны өзгерген, соған сәйкес оқытудың жаңа технологиялары енгізілуде. Шет тілін тереңдетіп оқытуда қолға алынуда.

Шет тілі пәні оқушының бойында өз халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтай отырып, ұлттық ұқсастықтар, азаматтылық, моральдік нормалар мен сөйлесу әдебі туралы ой қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл жұмыста тест тапсырмаларын қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының білімін, іскерлігін, дағдыларын бақылаудың бір түрі ретінде қолдану мәселелері қарастырылады.

## Негізгі бөлім

Тестілеудің тиімділігін арттыру формалары туралы Ақпараттық оқыту технологияларының және модульдік оқыту тәсілінің оқу үрдісіне кеңінен ене бастауына сәйкес оқыту, білім және біліктілік сапасын бақылау, бағалаудың негізгі формасы ретінде тестік форма қолданылуда. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында ағымды емти-

хандар негізінен тест әдісімен өткізілуде және де бұл процесте негізінен тестілеудің жабық формасы пайдаланылады. Мұндай біржақты пайдаланудан барып тестілеу мүмкіндігіне күмәндану туа бастайды. Ақпараттық оқыту технологияларын пайдалануда оқыту, білім және біліктілік сапсын бақылау, бағалаудың негізгі формасы ретінде тесттік форма, тестілеу әдісі оқыту және білім алу сапасына қандай жағдайда тиімді оң әсерін тигізе алады. Осы мәселеге тікелей көшердің алдында арықарай түсінікті болуы үшін тест және компьютерлік тестілеуге байланысты басты ұғымдардың мазмұнына тоқталуға болады.

*Тестілеу* – өзіндік және педагогикалық білім модельдерінің сәйкестігін бағалау процесі [Бұлақбаева М.К., 2016, 209 б.]. Тестілеудің *басты мақсаты* – осы білім модельдерінің бір-бірімен сәйкес келмеуінің деңгейін бағалау. Тестілеу нақты тестік тапсырмалар жинағынан тұратын арнайы тесттер көмегімен жүргізіледі. Тесттік тапсырма деп – нақты пән облысынан анық және түсінікті етіп берілетін сұраққа бір мәнді жауапты немесе нақты (түсінікті) алгоритмді орындауды талап ететін тапсырманы айтады.

Тест – нақты пән облысынан оқушының білімі мен эксперттік білім моделі сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзара байланысқан тесттік тапсырмалар жинағы [Аванесов Н., 2010, 236 с.]. Тесттің эквиваленттік класы деп оқушының тест тапсырмаларының ішінен бір нұсқасын (вариантын) орындаса алғашқыларын (немесе кейінгілерін) орындауына да мүмкіндік беретін тесттік тапсырмалар жинағын айтады. Білім моделінің барлық модульдері бойынша әртүрлі тесттік тапсырмалар жинағы тесттік кеңістікті құрады. Өзіндік және эксперттік білім модельдері арасындағы сәйкестікті обьективті бағалауға мүмкіндік беретін тесттік кеңістіктің ішкі жиынын толық тест деп атайды. Көлемі және уақыты бойынша оптимальді тест тиімді тест болып табылады. Тестілеуді ұйымдастырушының және жүргізушінің негізгі міндеті осы тиімді тестті дайындау. Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыстап ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу-тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалының меңгеру деңгейін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың сабақтар жүйесінде білім, біліктілік және дағдыларды есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудің сапасы, біліктілік пен дағдының қалыптасу деңгейі анықталады. Сонымен қатар тесттік тапсырмалары дұрыстап, қойылатын мақсатқа сай деңгейлеп дайындайтын болсақ, онда тестілеуді негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту құралы ретінде пайдалануға болады. Сол үшін оқу үрдісінде тестілеудің тек бір формасын ғана емес, оның әртүрлі формаларын және типтерін пайдаланған жөн. Мектеп үлгерімі жүйесі ретінде тесттер:

1) оқу нәтижелерін тексеру барысында оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;

2) оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың теориялық және практикалық материалды меңгеру сапасын тексеру;

3) оқыту процесін жандандыру;

4) сауалнамаға жұмсалған оқу уақытын үнемдеу;

5) компьютерлендіру үшін тесттерді қолдану;

6) орындалған жұмысты тексерудің жеделдігін қамтамасыз етуге міндетті.

Тестілеудің барлық артықшылықтарын бағалай отырып, бірқатар кемшіліктерді де атап өту керек:

1) ойша жауабын таңдауға болады;

2) әрекет нәтижесін ғана тексеруге болады және шешім барысын талдау қиын;

3) әр тапсырманы бағалаудың санаттылығы [Рогова Г.В., Верещагина И.Н., 1988, 224 с.].

Сондықтан сабақта тесттерді білімді меңгеру деңгейін бақылау мен тексерудің және шеберлік пен дағдының сапасын бақылаудың жалғыз түрі ретінде қолдануға болмайды. Бірақ белгілі формалармен қатар, тесттер-бақылаудың прогрессивті және қызықты түрі.

Әр пәннің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оқыту процесінде пайдаланылатын тестік тапсырмалардың да өзіндік ерекшеліктері бар болады. Берілетін сұрақтарды және тапсырмаларды нақты, жеткілікті анық, түсінікті және ой тұжырымын жасауға ыңғайлы етіп жасау қажет. Осыған сәйкес тестердің жауаптарды да қойылған мақсатқа сай мүмкіндігінше қысқаша, нақты, анық және дәл болуы тиіс. Осы айтылған ғылыми тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып дайындалынған тестік тапсырмаларды мұғалімнің күнделікті сабақта пайдалануына ыңғайлы болу үшін, тестік сұрақтарды әр жеке тақырыпқа арнайы құрастырып отырған тиімді. Тестің типіне (білімділік, біліктілік және дағдылық, іскерлік) сәйкес тестік тапсырмалардың әртүрлі формаларын және типтерін пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, оладың ойлау қабілетін, зейінін, тапқырлығын, жігерін және оқуға, білім алуға, біліктілігін көтеруге деген ынтасын дамыта түсетін болады.

Шет тілін меңгеру ағылышын тілін қарым қатынас және оны меңгерудің маңыздылығын тануды қалыптастыруда басқа халықтарды салыстырғанда ана тілімен мәдениетінің рөлін сезінуге, қарапайым деңгейде сөйлесу мүмкіндіктерін ескеріп шет тілінде әңгімелесу дағдысы мен төменгі сынып оқушыларының ауызша (тыңдалым және айтылым) және жазбаша (оқу және жазу) түрдегі қажеттілігін қалыптастыруға; ағылышын тілін әрі қарай игеруге, игеретін тіл елінің мәдениеті, тарихы мен дәстүрлері, қол жетімді үлгіде көркем әдебиеті туралы танымен қалыптасты-

руға алға қойылған психологиялық тосқауларды жеңу үшін шет тілі қарым қатынас құралы ретінде қолдануда балалардың жаңа тілдік әлемге психологиялық жақтан беймімделуін қамтамасыз етуге негіз болады.

Жалпы білім беретін мектептерде шет тілін меңгеру қабілеті әр түрлі деңгейде балалар білім алып отыр, оларға әр түрлі талаптар қойылады. Бұл талаптар оқушыларға саралап қарау әдісі арқылы жүргізіледі. Жоғары сынып оқушыларын бағалау мен бастауыш сынып оқушыларының бағалау кртиреийлерін нақтылауды негізге алғым келеді. Көптеген мұғалімдер шет тілі сабағында өз критерийлеріне сүйенетіні рас, бірақ қойылған критерийлер аталған төрт дағдыға жететіндігіне сенімді. Көбінесе шет тілінде алыған білімдері шет елдерде бәсекелестікке теңесе алады ма? Осыған байланысты оқушылардың қабілеттерін өз ара салыстырмалы түрде бағалануы мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін көрсеткіштердің субъективті қабылдауы мен объективтілігін біріктіре отырып, қойылатын талаптарды жүйелеу қажет.

Интерактивті оқытуда өзге тілді қарым-қатынаста Т.А.Ван Дейк әзірлеген «жағдай моделі» қолданылады [Оқу-әдіс.құрал. – М.: Дрофа, 2002.]. Нақты дискурсты талдау кезінде ол «бастапқы алаң» ретінде қызмет етеді,ал типтік әлеуметтік маңызды (жалпы қабылданған) жағдайларды негіздеу кезінде олардың белгілерін қорыту мақсатында фреймдер мен сценарийлер үшін неғұрлым абстрагирленген модельдер ретінде негіз бола алады.

Шет тілін меңгере отырып, оқушылар ұсынысқа қарағанда мәтін құру қажет болған жағдайда айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Осы және басқа да осындай мәселелерді шешу лингвистиканың дискурс деп аталатын байланысты сөйлеу мәтінінің ұйымдастырылуын зерттейтін бөлімінің арқасында мүмкін болады. Дискурс сұхбаттасушыға, тыңдаушыға арналған коммуникативтік мазмұнның тілдік нысаны ретінде «не айтайын» және «қалай айтайын» біріктіреді.

Қарым-қатынас, егер оны белгіленген тәртіп ретінде түсінсе, жіберілген қателіктерден аулақ болуға немесе оларды қол жетімді, жалпы қабылданған тәсілдермен түзеуге көмектеседі. Сондықтан іскерлік адамның қарым-қатынасының негізгі функциясын немесе мәнін, қарым-қатынас процесінде адамдардың өзара түсінісітігіне ықпал ететін қоғамдағы мінез-құлық ережелерін қалыптастыру ретінде анықтауға болады.

Екінші мәні бойынша қарым-қатынас *ыңғайлылық функциясы* болып табылады, яғни мақсаттылық және практикалық. Ұсақ-түйектен бастап жалпы ережелерге дейін қарым-қатынас күнделікті өмірге жақын жүйе болып табылады.

Білім алушылардың тапсырмаларды бағалау дербес қарастырылғанымен, шет тілінде сөйлеу немесе тыңдалым дағдыларын қалыптастыру өлшемдерін сараптау және талдау формалары нақтыланбағандықтан, оқушылардың нәтижелерін көру барысында іс-тәжірибеде мектеп оқушыларының күрделі тест тапсырмаларын орындау барысында, бағалау талаптары дұрыс жолға қолғаны жөн.

Шет тілінде оқу дербестігін бағалаудың жаңа жүйесі білім беру үдерісіндегі мұғалімнің рөлінің өзгеруіне ықпал етеді. Бағалау үздіксіз жүреді, сапалы нәтиже жету үшін оқушының іс-әрекеті бағаланады. Білім алаушылар біліміндегі кедергілер мен қиындықтарын саналы анықтап, мұғаліммен бірге оларды жою бойынша жұмыс жүргізіледі. Мұғалім мен білім алушының осындай өзара әрекеттерінің құндылығы олардың білім беру үдерісінде белсенді әрекеттесуінде. Пікіралмасуда бір-бірінің пікірлеріне құрметпен қарап, шешімге келуге бағыталған. Өздігінен бағалау нәтижеге емес, білім үдерісіне, оның сапасына бағыт алғаны маңызды.

Шет тілінде оқу дербестігін бағалаудың жаңа жүйесінің негізі ретінде осы аталған критерийлерді ескеру керек:

1) сөздердің тіркесу қабілеті,
2) стильдік шектелмегендігі,
3) семантикалық құндылығы,
4) сөз тудыру құндылығы,
5) көп мағыналылығы
6) көмекші сөз ретінде қолданылу мүмкіндігі және
7) жиілігі

Бағалаудың түрлері мен әдіс техникаларын қолдану тұлғаға бағдарлы оқытуда ерекше маңызды. Оқушылар өз білімдері біліктерін көрсету мүмкіндігіне ғана емес, келешекте қандай жақтарын жетілдіру керек екендігін біле түседі. Мұғалімдер оқушының білім мазмұнын тереңірек түсінуге көмектесу үшін қажетті мәлімет алады.

Бағалау – жетістіктерді өлшеу мен оқыту проблемаларын диагностикалаудың, кері байланыс орнатудың, білім беру үдерісінің қатысушыларына білім алуындағы жағдайы, жетістіктері мен проблемаларын хабарлаудың негізгі құралы. Оқудағы жетістіктерді бағалау жүйесі – бұл білім бағдарламаларын меңгеру сапасын бағалаудың жүйесі.

Алайда, шетел тілі мамандары өздерінің тәжірибелерінде мәтінмен жұмыс барысында бірқатар проблемалар мен қиындықтармен кездесіп тұрады, мәселен:

– оқушылар көп сөздердің мағынасын білмейді;
– диаграммаларды оқи алмайды;
– мәтінге атау бере алмайды;
– жазылғанның мәнін түсінбейді;
– кілт сөздерді ажырата алмайды;
– сұрақты құрастыра алмайды;
– міндеттерді шешу тәсілдерін таба алмайды;
– жеке біліктерді белсендіре алмау;

– бір саладан екіншіге білім мен білікті ауыстыра алмайды;

– неғұрлым бірігей, таныс тапсырмаларды жиі ауыстыру.

Мұның бәрі қарым-қатынас мәдениетінің нашар дамуымен байланысты, «адамның социуммен өзара әсер жағдайында оқу мен жазуды қолдана алу қабілеті (банкте санақты рәсімдеу, инструкцияны оқып шығу, кері байланыс сауалнамасын толтыру, т.б.)» [Шиляева И.Ф., 2011, С. 337-340]. Сондықтан бүгін оқуға оқыту «академиялық мақсаттармен шектеліп қана қоймайды, күнделікті өмірмен және еңбек әрекетімен байланысты функционалдық және операциялық мақсаттар да жатады» [Шиляева И.Ф., 2011, 10 б.].

Оқытудың түрлі сатылары бағдарламасында дағдылар мен біліктердің қосарланады және бүгінгі күні өмірлік мәнді міндеттерді шешу мүмкін емес:

– саналы түрде оқу мен тыңдау арқылы қабылдау (ақпараттық және қолданбалы сипат, әдебиеттік мәтін);

– түрлі әдебиет көздерінен ақпараттарды ала білу;

– БАҚ мен Интернеттен ақпараттарды табу мен сыни бағалай алу;

– әдебиет көздерін қолдана алу мен оған сілтеме жасау;

– кестелерді, диаграммалар, сызбалар, шартты белгілерді оқи алу мен оларды өзіндік мәтіндерді дайындауда қолдана алу;

– мәтінмен жұмыс істеуде оқудың түрлі стратегияларын жүзеге асыру.

**Қорытынды**

Сынақ технологиялары бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды одан әрі оқыту үшін маңызды.

Осы технологияларды пайдаланып, келесі нәтижелер алдық:

– бастауыш білім беру пәндері бойынша білім деңгейінің жоғары деңгейі;

– Оқу іс-әрекеттеріне құнды қатынасын арттырады;

– жады, логикалық ойлауды дамытады;

– студенттер дұрыс таңдау жасай алады;

– алаңдаушылық деңгейін төмендетеді;

– білім сапасын арттыру.

Демек, менің болжамдарым дәлелденді:

– егер қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды жұмыс кезінде – тестілеу кезінде пайдаланса, білім сапасы артады;

– Егер осы технологияны жүйелі, жүйелі түрде пайдалану үрдісі ұйымдастырылса, білім беру сапасын арттыру үдерісі тиімді болады.

Тесттің ұйымдастырушылары мен әзірлеушілері алдында тұрған басты практикалық шектеулер олардың қарамағында болатын материалдық және уақыттық ресурстар болып табылады. Көпшілік педагогикалық тестілеу кезінде көптеген пәндер бойынша көптеген зерттеушілерді тексеру қажет, бірақ тестілеуді өткізу уақыты, тестілеу уақыты мен интерпретация уақыты әрдайым шектелген. Сондай-ақ, сынақтарды дайындау үшін ресурстар мен шығындар шектеулі болады.

Тесттер шын мәнінде оқыту мазмұнын үлгілерін қайталаудан гөрі оқу мақсаттарына негізделуі керек. Педагогикалық өлшеулердің жеткіліктілігі тестілеу тапсырмаларының көмегімен орындалған білім беру мақсатын айқын көрсететін болады. Бұл аспект тестілік элементтердің мазмұнын анықтауда маңызды болып қала береді.

Егер ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық қағидаларына сәйкес оның әдістемесі жасалып, оқыту үдерісіне ендірілсе, онда болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасады, оқу іс-әрекетінде жүзеге асыруға негіз болады. Мектептегі білім беру үдерісінде тестілеудің технологияларын пайдалану негізінде тиімді ұйымдастырылса, онда оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жолдары арта түседі, өйткені оқушылардың жеке дамуына (субъективті қарым-қатынасының артуына, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына, шығармашылық қабілеттерінің дамуына), білім мазмұнының сапасын көтеруге ықпал етеді.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**


1. Бұлақбаева М.К. Замануи және классикалық тест теорияларына кіріспе/Оқу құралы. – Алматы, 2016.
2. Аванесов Н. Педагогические изерения как метод оценивания учебных достижений//Воспитание школьников. – М., 2010.
3. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Әдістемесі ағылшын тілін оқытудың бастапқы кезеңінде мектеп: пособие для учителя. М.: Образование, 1988. 224 с.
4. Қазақ Тілінің Аймақтық Сөздігі т.б. тесттер: бастауыш мектеп. 4 сынып: оқу. – әдіс. пособие. – М.: Дрофа, 2002.
5. Шиляева И.Ф. Культура общения современной личности: детерминанты и факторы развития//Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия «Педагогика, психология». 2011. – №3(6). – С. 337-340.

**Әлімғали Дилара Әлімғалиқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400- «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

**Джунусова Сандуғаш Сайрамбайқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400- «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

# ОҚУ ҮРДІСІН БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ОҚУ ЖЕТІСТІГІ МЕН ТАБЫСТЫЛЫҒЫ

**Аңдатпа.** Оқу үрдісін баға ерекшеліктері оқушы мен ұстазға арнап топтастырылды. Бағалау ерекшеліктері туралыкейбір ғылыми теориялық әдебиеттердегі пікірлер салыстырылмалы талданды. Оқу жетістігі мен табыстылығы және оны қорытындылау жолдары көрсетілді.

**Кілт сөздер:** оқушы, оқу жетістігі, оқу табыстылығы, оқу үдерісі, бағалау.

**Аннотация.** Особенности учебного процесса сгруппированы по оценкам для ученика и учителя. Мнения в некоторой научно-теоретической литературе об особенностях оценки были сравнительно проанализированы. Были показаны достижения и успехи в обучении и способы их подведения итогов.

**Ключевые слова:** ученик, учебные достижения, успешность обучения, учебный процесс, оценка.

**Annotation.** The features of the educational process are grouped by grades for the student and teacher. Opinions in some scientific and theoretical literature on the features of the assessment were comparatively analyzed. Achievements and successes in training and ways to summarize them were shown.

**Key words:** student, achievements, learning success, educational process, assessment.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда өзгермелі заманда білім алу мен білім беру үрдісі сағат санап жаңалықтарға толы. Мектепте оқушылардың білімін тексерудің әр түрлі әдіс тәсілдерін пайдалану, оқушылардың тек бір пән аясындағы білімін саралап қоймай, олардың сол алған білімдерін өзбетінше пайдалана білуге, шығармашылықпен жұмыс істей білуге төселдіре отырып, алған білімін жария етуге бейімдеп, жағымды мінез–құлық қалыптастыру арқылы эмоцияға ерік бере отырып түсіндіру мен баяндауға үйретіп, этика, эстетика сияқты рухани адамгершілік нормаларын бойларына дарытып, тәрбиеге көңіл бөлу әрбір ұстаздың жан–жақты ізденісін талап етуде. Осы тұста ұстаз шеберлігі басты назарға ие. Оқу үрдісін бағалаудың ерекшеліктеріне аса мән беріп, оқушының оқу жетістігі мен табыстылығы, жеке тұлғалық шығармашылықпен толтыруы ұстаздың бағыты мен методист ғалымдар бағдарына тікелей байланысты. Соңғы зерттеу жүргізген жұмыстары критериалды бағалау үдерісінің едәуір дамуы мен оны қалыптастырушы және жиынтық бағалауда қолдану ерекшеліктерін кеңінен зерттеген бірақ қолдану ерекшеліктері туралы ақпараттар аз.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Оқу жетістігін бағалау» – білім алушының кері байланыс арқылы оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған білім беру үдерісін реттеу және түзету арқылы нақты қол жеткізген нәтижесін белгілеу үдерісі. Бағалау: Бұл не үшін қажет? Деген сауалдарға ғалымдарымыз әр түрлі сараптама жүргізеді. Тіптен кейбір «баға – жазалау құралы» деген ұғым бар, себебі кейде мұғалім оқушыны оқуға мәжбүрлеу үшін осы әдісті қолданатыны белгілі. Мұндай баға сыныптың бағалау журналына түсіп, оқушының пәнге, мұғалімге деген кері көзқарасын қалыптастыруы мүмкін. Тіпті оқушыға көтеріңкі баға қою арқылы баланың пәнге ықыласын арттыруға болатыны да белгілі, әрине бұл әдіс бір балаға қатысты үнемі қолданылғанда кері нәтиже беретіні сөзсіз. Оған қоса, мұғалімнен тек жақсы баға алу үшін ғана оқитын балалардың қалыптасу қаупі болса, төмен баға алған балалардың «нашар баға» алуға үйреніп алуы сияқты жағдай орын алуы мүмкін деп көрсетеді Р.А. Набуова [Набуова Р. А., 2014, 6-67 бб.].

Б.Г. Ананьев: «Бағаның болмауы ... бағаның ең нашар түрі болып табылады, себебі бұл бағыт беретін әсер емес, керісінше бағыт бермейтін әсер, объект жақсы ынталандырушы емес, керісінше депрессияға әкелуші, өзінің нақты білімі көрініс тапқан объективті баға негізінде өзіндік бағалауды құрудың орнына адамды субъективті түсіндірілген тұспалдарға, жартылай түсінікті жағдайларға, педагог пен оқушылардың мінез-құлқына негізделуге мәжбүрлейді» [Мұғалімге арналған нұсқаулық. www.cpm.kz].

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және

бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды. Критериалды бағалау басқа оқушылардың жетістіктерін салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады. Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделген (Бойл және Чарльз, 2010) [Можаева О.И., 2016].

Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері). С.Мирсейітова «бағалау» терминінің ағылшын тіліндегі үш мағынасын келтіреді:

– бағалау (Evaluation). Мұнда бағалау-талдау ретінде қарастырылады»;

– мониторинг(Assessment). Бағалау-құрал ретінде танылады.

– баға (Grade немесе Mark). Бағалау-сандық-(-мөлшерлік) құрал ретінде қарастырылады [Мирсейітова С.., 2015, 58-59 бб.].

Бірінші мағынада «бағалау» үйренушілердің жетістіктерін жан-жақты қарастырып, "білімді сандық және сапалық тұрғыдан анықтау" деп келтіріледі [Мирсейітова С., 2015, 58]. Бұл тұрғыда бағалау – үйренушілердің оқу жетістіктерін белгілі бір талаптармен (критерийлер, стандарттар, үлгілер, эталондар, идеалдар) салыстыру,сол тұрғыдан нақты өлшемдер (балл, процент)көмегімен оларды сипаттап және тексеріп,соңынан қорытынды шығару. Мұндай түсініктегі бағалау «сыртқа», яғни қоғамға, социумға бағытталады.

Екінші түсінікте «бағалау» үйренушілердің жоспарланған нәтижелерге жету көрсеткіштері ретінде қарастырылады (мәселен, курстық бірлік немесе модуль аумағында); мұнда студенттердің дамуы мен өзгерістері олардың әрекеттері (нақты құралдар) арқылы көрсетіледі: тест, эссе және басқа да жазба жұмыстары, жоба, интервью т.б. Мұндай өлшеу (мониторинг) студенттердің өз жетістіктерін бағалау немесе ЖОО-ның оқу нәтижелерін жоспарланған нәтижелермен салыстыру үшін қажет. Өз жетістіктерін басқалардың білімі немесе өзінің кешегі білгенімен салыстыра отырып, үйренуші өзінің қаншалықты дәрежеде дамығандығын айқындап (жетістіктері мен кемшіліктері) өз білімін әрі қарай қалай дамыта түсу керектігін анықтайды. Мұнда бағалау «ішке», яғни үйренушінің тұлғасына немесе оқу орнына бағытталады.

Үшінші вариантта "бағалау" біздің қолданысымыздағы «баға», «баға қою» ұғымымен байланыстырылады: емтихан, тест, жазба жұмысы, жобаның орындалуы немесе семестр нәтижесі бойынша рейтингтік жүйе, балл мөлшері (мәселен, жүз балдық) немесе сандық жүйе (дәстүрлі бес балдық), әріптік жүйе (A,B,C,D,F) негізінде студенттің жұмысына қойылатын баға.

Интербелсенді оқу/оқыту бағалауды үйренушінің өсуі мен дамуының көрсеткіші деп есептеп,оларды үйренушінің оқу әрекеттері арқылы анықтайды.Бұл жерде бағаланатын мәселе-оқу үдерісінің өзі,сол арқылы үйренуші өзін-өзі бағалауды үйреніп,өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп,әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни үйренушінің қалай жұмыс жасағандығы, оның ой өрісі бағаланады.

Интербелсенді оқу/оқыту практикасында «бағалау» термині мынадай мағынада қолданылады.

*Бағалау* **–** студенттердің (ЖОО-ның) оқу процессінде қаншалықты табысты (немесе керісінше) болғандығын, білімді игерудегі олардың жетістіктерін, өсу мен дамуын анықтау.

*Бағалау* **–** студенттердің қолынан не келетіндігін (білім, білік, дағды, машық, құзырлық, құндылықтар) айқындау.

С. Мирсейітованың еңбегін басшылыққа ала отырып, зерттеу жүргізу барысында оқушылардың білімін бағалауда қосымша тәсілдерді қолдандық (Кесте -1).

Кесте-1. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін бағалау

| **Бақылау түрлері** | **Өткізілу нысаны** | **Үйренушілердің орындайтын жұмыстары** |
|---|---|---|
| Кезеңді | **Екі сабақта бір** соңында жазбаша есеп беру | – Эссе,<br>– Эссенің модификациялары/түрлері («Көршінің сұрағына жауап», «Сұрақпен басталатын және сұрақпен аяқталатын эссе», «Дөңгелек үстел», «Хат», «Төрт сөйлем», «Авторға хат», «Авторға сұрақ қою», т.б),<br>– **Кескіндік ұйымдастырушылар**, олардың ішінде:<br>– **кестелер** (Т-кестесі, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, INSERT кестесі, Салыстырмалы кесте, Концептуалды кесте, т.б.),<br>– диаграммалар (Венн диаграммасы, +диаграммасы, Y-диаграммасы, M-диаграммасы, W-диаграммасы, т.б.) |

| | | |
|---|---|---|
| Тестілеу | Әр сабақтың соңында | - КАНООТ бағдарламасы;<br>– ашық және жабық тест (таратпа тест материалдарына белгілеу) |
| Аралық және қорытынды бақылау | БЖБ, ТЖБ | **БЖБ, ТЖБ тапсырмалары** |
| Қорытынды | Жеке тұлғалық есеп дайындау және қорғау | Ой–толғаныс (рефлексиялық) эсселері, Тест құрастыру, Сауалнама құрастыру, Сабақ жоспарларын құрастыру, Сценарийлер жазу (пікірталас, ойындар, т.б), БЖБ, ТЖБ, тест жазу, т.б. |

Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін бағалау кең көлемде зерттеу барысында пайдаланылды. Біз зерттеу практикасы барысында Кестеде көрсетілгендей бақылау түрлерін: Кезеңді, Тестілеу, Аралық және қорытынды бақылау, қорытынды жүйелерін пайдаландық. Оқушыларға бұл кесте алдын-ала таныстырылып олардың талқылауынан өтіп,олардың пікірлері және ұсыныстарымен толықтырылды. Оқушылар әрбір бөлімді талқылап өз деректерін қосты. Олар үшін бағалау дегеніміз:

– оқушы әрекетін анықтау;
– білімді игеру деңгейін анықтау;
– оқушымен мұғалім қарым-қатынасын анықтау;
– оқушының өз сапасын анықтау;

Ал ұстаз үшін бағалау ерекшелігі бұл:

– оқушы білімін дамытуға жауап;
– білімді игеру деңгейін арттыруға жауап;
– білім беруді жақсартуға бағыт;
– іс-шараларды жоспарлауға бағыт;
– пәнге қызығушылығын арттыруға жол ізденуге себеп.

Жалпы бағалау ерекшеліктерін топтастыра келе Бағалау – бұл білім беру жүйесінің қаншалықты нәтижелі екендігін анықтап,мақсаттардың қандай дәрежеде жүзеге асырылып жатқандығын анықтау болып табылады.

С. Мирсейітованың зерттеулері бойынша бағалаудың мән мағынасы кестеде көрсетілгендей біздің бақылауымызда екінші мониторинг жүйесі пайдаланылды. Оқушылардың білім алу деңгейін анықтау барысында үнемі мониторинг жүргізіліп отырады. Олар күнделікті субьективті жақсы сөздермен: «өте жақсы», «жақсы», «талпынды» сөздері қолданылды.

Эксперемент барысында «Экожүйелер» 1 тарау бойынша кесте-1 де көрсетілген рет бойынша тест, жоба, эссе жазба жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың білім деңгейін бақылау үшін әр сабақтың соңында тест алынды. Сыныпта 25 оқушы бес түрлі вариантта тест жасалды.

Жоба тақырыптары: «Тұрғылықты жер экологиясы», «Жергілікті жер өсімдіктері», «Менің ауламның экожүйесі», «Адам-экожүйенің бір бөлігі», «Қызыл кітап оның маңызы».

Оқушылар өздері таңдап алған тақырып аясында зерттеулер жүргізіп өздерінің тұрғылықты жерлерінің экожүйесіне талдаулар жасады осы тұста екі сабақта бір ЭССЕ, Кескіндік ұйымдастырулар, Кестелер, диаграммалар толтыру жұмыстары төмендегідей ретте жүргізілді:

*Эссенің модификациялары /түрлері* («Көршінің сұрағына жауап», «Сұрақпен басталатын және сұрақпен аяқталатын эссе», «Дөңгелек үстел», «Хат», «Төрт сөйлем», «Авторға хат», «Авторға сұрақ қою», т.б),

*Кескіндік ұйымдастырушылар*, олардың ішінде:

– кестелер (Т-кестесі, Оңай және қиын сұрақтар кестесі, INSERT кестесі, Салыстырмалы кесте, Концептуалды кесте,т.б.);

– диаграммалар (Венн диаграммасы, +диаграммасы, Y-диаграммасы, M-диаграммасы, W-диаграммасы т.б.

Бұл жұмыстар оқушылардың тұлғалық деңгейінің артуына және зерттеу тақырыбының әрі қарай жүруіне бағыт бағдар берумен қатар қызығушылықтарын арттыра түсті. А. Әлімовтің «Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану» еңбегін пайдалана отырып [Әлімов А., 2009, 155-160 бб.], 7 сынып биология пәні бойынша бағалау жүйесіндегі ерекшеліктерді айқындадық (Кесте-2).

*Кесте-2. 7 сынып биология пәнін оқыту жүйесіндегі бағалау ерекшеліктері*

| Оқу жүйелері | Дәстүрлі оқыту | Интербелсенді оқу |
|---|---|---|
| **Не бағаланады** | Оқытушы тарапынан берілген білім. | – Өзіндік көзқарас;<br>– идеялар, дүниетаным;<br>– Білімді игерудегі әрекеттер;<br>– Білімді игеруде қалыптасқан дағды,<br>– қатынастар құндылықтар,<br>– құзырлықтар. |
| **Қандай білім бағаланады** | Алған теориялық білімді жаттығулар орындауда, диктант, бақылау жұмыстарын жазуда, реферат. | – Бірлесе (топ құрамында) жұмыс жасай білу;<br>– Проблеманы айқындау білу,<br>– оның шешу жолдарын қарастыра білу;<br>– Таңдау жасап,шешім қабылдай білу;<br>– Өз әрекеттерін жоспарлау және ұйымдастыра білу:<br>– Өзіндік түсінік, пікір, идея қалыптастыру және құрастыру, оларды дәлелдей білу;<br>– Өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғай білу. |
| **Қандай тәсілдер арқылы** | – Ауызша сұрау;<br>– тестілеу;<br>– рефераттық жұмыстар;<br>– бақылау жұмыстары;<br>– сынақ,емтихан | – Жазба жұмыстары;<br>– тестілеу<br>– бақылау<br>– интервью<br>– сауалнама<br>– есеп беру<br>– өзін-өзі бағалау. |
| **Не үшін?** | – Білім деңгейін анықтап,баға қою;<br>– Ынталандыру;<br>– Жазалау. | – Білім игерудегі жетістіктерді анықтау;<br>– Белгілі бір уақыт аралығында үйренушінің өсу және даму қарқынын анықтау;<br>– Белсенділендіру;<br>– Ынталандыру;<br>– Топ жұмысына қосқан жеке үлесін анықтау;<br>– Алдағы білім игеру әрекеттерінде жетістіктерге жету үшін;<br>– Үйренушінің білімін қалайша әрі қарай дамытуға болатындығын білу үшін;<br>– Үйренушілердің әрекеттері арқылы үйретушінің деңгейін анықтау. |

Бағалау кез-келген оқу үрдісінде оқушылардың білім деңгейін анықтау мен оларды әрі қарай қызықтыру үшін жүргізілетін мониторинг болып табылады. Біз зерттеу жүргізген мектепте жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқу үрдісі жүрді. Олар БЖБ және ТЖБ тапсырады. Күнделікті формативті бағалау арқылы бағаланады. Осы тұста бағалау ерекшеліктері жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес жүргізілді. Сабақ барысында әр түрлі тәсілдер пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары мен білімге талпыныстарын арттыра түсті.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ой–толғаныс (рефлексиялық) эсселері бір-біріне деген коммуникативтік құзіреттіліктерін дамытуға, тест құрастыру білімдерін өзара салыстыруға, сауалнама құрастыру ой өрістерін дамытуға, сабақ жоспарларын құрастыруда оқушылардың өздеріне деген сенімділігін арттыруға, сценарийлер жазу (пікірталас, ойындар, т.б.) топтық қарым қатынасты кеңейтуге, БЖБ, ТЖБ, тест, жоба жазу ізденімпаздықтарын арттыруға септігін тигізді.

Оқу жетістігі мен табыстылығын анықтау құралы ретінде біз, жеке тұлғалық шығармашылықты алған болатынбыз. Жеке тұлғалық шығармашылық барысында оқу үрдісін бағалаудың ерекшеліктері оқушылардың өздеріне сенімділігін арттыруына ықпалы зор демекпіз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Набуова Р.А. Оқыту үшін бағалау – сындарлы оқыту теориясының біртұтас кешені ретінде// Молодой ученый. — 2014. — №1.2. — С. 64-67. — URL https://moluch.ru/archive

2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, педагогикалық шеберлік орталығы. www.cpm.kz.

3. Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік нұсқаулық/«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И. Можаева, А.С. Шилибекова, Д.Б. Зиеденованың редакциясымен/ – Астана, 2016

4. Мирсейітова С. Словарь RWCT.-Алматы: Верена, 2005. – 144 с.

5. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. –Алматы, 2009. – 328 бет (155-160 бб.)

**Әнәпия Ұлзада Тайырбекқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: Ulzada_96@mail.ru

**Зұлхарнай Тайжан Сәкенқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: taiko.95@mail.ru

# МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫНА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘСЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мектептегі тәрбие жұмысының табыстылығына жаңа мазмұнды бағалау жүйесі – критериалды бағалаудың әсері туралы мәселені қарастырдық. Жалпы алғанда критериалды бағалау дегеніміз оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс. Ал оқу мен тәрбие бір-бірінен ажырамас ұғым екенін ескерсек, критериалды бағалаудың тәрбие жұмысының табыстылығына, нәтижелілігіне тигізіер әсері зор екені даусыз.

**Кілт сөздер:** үдеріс, шығармашылық әлеуеті, бағалау, жиынтық бағалау, қалыптастырушы бағалау.

**Аннотация.** В этой статье мы рассмотрим влияние оценивания нового формата – критериального оценивания на воспитательную работу школы. В целом критериальное оценивание – это процесс успеваемости учащихся, основанный на четко определенных критериях, которые разрабатываются коллективно, в соответствии с целью и содержанием образования и понятны для учащегося, родителей и учителя. И учитывая, что образование и воспитание являются неразделимыми понятиями, нет сомнений в том, что оценка на основе критериев может оказать существенное влияние на успех и эффективность воспитательной работы.

**Ключевые слова:** процесс, творческий потенциал, оценка, суммативное оценивание, формативное оценивание.

**Annotation.** In this article we will consider the impact of evaluating a new format – criteria-based assessment on the educational work of the school. In general, criteria-based assessment is a process of student performance based on clearly defined criteria that are developed collectively, in accordance with the purpose and content of education, and are understandable to the student, parents and teacher. And given that education and upbringing are inseparable concepts, there is no doubt that evaluation based on criteria can have a significant impact on the success and effectiveness of educational work.

**Keywords:** process, creative potential, assessment, summative assessment, formative assessment.

## КІРІСПЕ

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына, тәрбие жұмысының мазмұнына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім мен тәрбие беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды [«Білім туралы» Заңы, 2007].

Бұл үдеріс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар жүргізіледі. Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, дағдыларды меңгеруді, оқушылардың шығармашылық әлеуметін дамытудың, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Бұл мектеп тәжірибесінде жаңаша жұмыс істеп жаңашыл технологияларды пайдалану керек деген сөз.

Оқушылардың оқу жетістіктерін әділ және шынайы бағалау жүйесі, білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады.

Осы уақытқа дейін білім мен білікті тексерудің түрлі әдістері қолданылып келді. Алайда тарихи даму процесінде бағалаудың түрлері мен тәсілдері, бақылау-өлшем іс-шаралары, оның мазмұны, оқушыларға әсері, ынталандыру элементтері және басқа факторлар өзгеріп отырды.

Қазіргі уақытта білім беру процесінің жүйелі болуы керек екеніне ешкім күмән келтірмейді, олай болмаған жағдайда оның нәтижелігі төмендейді. Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс бағыттай отырып қана оқушылардың бірін-бірі толықтырып отыратын қайшылықсыз педагогикалық әсерге қол жеткізуге болады.

Онымен қоса, осы процесс аясындағы әр әрекет мақсатты бағытталған, яғни белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған және соған жетуге жетелейтін болуы керек.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Білім беруге қойылған талаптардың қарапайымдылығына қарамастан, оларды толықтай жүзеге асыру қиындығы жоғары объективті және субъективті себептерге келіп тіреледі. Сол арада, бірыңғай оқыту-тәрбиелеу кеңістігіндегі нақты оқу орнының аясында, білім алушы тұлға нысанда болған жағдайда қалыптастыру міндеті өте өзекті болып табылады. Өкінішке орай, оларды шешудің отандық педагогикадағы дәстүрлі жолдары әрдайым жүзеге аса бермейді. Себебі ол қазақстандық тарихи процестерден бастау алатын жаһандық сипаттағы (ақпараттық өркениетке ауысу баспалдағы), жеке көзқарастағы маңызды өзгерістерге байланысты. Аталмыш мәселені шешудің екі жолы бар. Біріншіден, оқыту процесінің түпкі мақсаты мен одан шығатын міндеттерді, оны кезеңмен жүзеге асырудың стратегиясын, оның аясындағы оқушылармен арақатынастың принциптерін анықтау қажет. Бұл жергілікті билік өкілдері деңгейінде мемлекет арқылы жүзеге асырылады. Бұл процесс қоғамның сұранысына берілген жауабы, сондықтан жалпықоғамдық сипатқа ие емес. Басқа сөзбен айтқанда, мектеп бітірген адам географиялық және әлеуметтік-стратегиялық көзқарастан нақты әлемде тұруы, ал бұл әлемдер бірбірінен ерекшеленетіндіктен, оған көз жұмып қарау өскелең ұрпақ пен оның ата-анасының алдында мектептің абыройына нұсқан келтіру дегенді білдіреді. Алайда, көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің арасындағы айырмашылық ұлттық білім кеңістігінің бірлестігін бұзбас үшін қағидаттық сипатта болмауы қажет. Екіншіден, бір пән аясында, сондай-ақ білім беру мекемесінің аясында түрлі элементтер мен сабақ беру әдістерінің арасында өзара байланыс орнауы;

– белгілі бір мақсаттарға жету және нақты білім міндеттерін шешу негізінде бір-бірімен байланысуы;

– оқу процесі мекемесінің аясында әр әдістемелік құраманың орнын мақсатты анықтау.

Бұл жерде жаңа әдістемелік элементтер әзірлеу туралы емес, білім технологиясының айтылған мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қолданыстағы әдістемелерді мақсатты жинақтау туралы айтылып отыр. Көп жылдар бойы бағалау оқушының жетістіктерін басқа оқушының нәтижесімен салыстыру арқылы жүзеге асырылып отырды, ал бұл бағалаудың бірқатар кемшіліктері бар:

– педагогтерге, ата-аналарға және оқушыларға түсінікті болатын білім беру жетістіктерін бағалайтын нақты өлшеулердің жоқтығы;

– педагог әр оқушының жетістігін алдын-ала айқындалған өлшеулер негізінде емес, жалпы сыныптың орташа білім деңгейіне қарап бағалайды;

– оқушыларға қойылған баға оқу бағдарламасының жекелеген бөлімдері бойынша алынатын нақты білімді, білікті, дағдыны көрсете алмағандықтан, әр оқушының жеке білім алу траекториясын анықтауға мүмкіндіктің болмауы;

– қорытынды баға қоюда ағымдағы бағалар есепке алынады, бірақ ол оқытудың қорытынды нәтижесін әділ бағалау болып табылмайды;

– оқыту процесінде мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс болмағандықтан, оқушының білім алуға деген белсенділігі төмендейді.

Бағалау жүйесі және оқушылардың оқу жетістіктерін тіркеу білім беру процесінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Бағалау жүйесі оқытудың мәселелерін диагностикалаудың және оқушы және мұғалім мен ата-ананың арасында кері байланыс жасаудың негізгі құралы.

Критериалды бағалау:

-оқушы оқытудың негізгі субъектісіне айналады;

-оқушы бойындағы үрейленуді басады;

– мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, ол кеңес беруші, маман, бағыттаушыға айналады.

Осылайша, критериалды бағалау оқушылардың да, мұғалімдердің де денсаулығын сақтау артықшылығына ие.

Білім беру жүйесінің дамуында критериалды бағалаудың орны ерекше. Себебі ол мектептегі білім беру кеңістігінің біріктірілген факторы, оқытудың мәселелерін диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады, сонымен қатар оқыту процесінің негізінде жатқан принциптерді қамтиды.

Критериалды бағалау деп тек бағалау барысы мен баға қойылуы тиіс сәттер деп түсінбеу керек, ол жалпы мұғалімнің, оқушының және ата-ананың арасындағы, болмаса оқушының өзі анықтайтын, оқыту процесінің табыстылығын анықтау бойынша бақылау-өлшем байланысын орнататын механизм.

Жалпы алғанда, бағалау және өзін-өзі бағалау жүйесі – білім беру процесінің өз-өзін қадағалап отыратын, ерекше маңызға ие нақты механизмі. Отандық мектептердің көбінде дәстүрлі бағалау жүйесі, яғни 4 балдық жүйе сақталып келеді: 2 («қанағаттандырылмаған»), 3 («қанағаттандырылған»), 4 («жақсы»), 5 («өте жақсы») [Әдістемелік құрал, 2015].

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі қазір өте маңызды.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу-әрбір ұстаздың басты міндеті. Мұғалімдер қай әдісті пайдаланса да мақсат – бағдарламадағы материалдың мазмұнын шәкірт бойына сіңіру, пәнге ынтасын, қызығушылыққа тәрбиелеу, дағдыларды меңгерту. Сыныптағы барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес, сондықтан сабақ кезінде әрқайсысының деңгейіне қарай мұғалім жұмыстың түрін таңдап, сол тақырыпты игеруді көздейді [2020-2025 Тұжырымдама, 2020].

Сонымен, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар; шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден-бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу үдерісінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Критериалды бағалаудың тәрбие беру жүйесіне оң әсері бар, олар:

– заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады;

– жеке жұмыстар жүргізу арқылы білім дәрежесін, ой-өрісін әрі қарай дамытады;

– оқушылардың білім сапасын арттырады;

– оқушының тұлғалық бағытын белсенді позициясына бағыттауға мүмкіндік беретін бірден-бір бағалау жолы;

– тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізетін, шығармашыл бағалау жүйесі.

Бағалау – оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым.

Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: *оқуды бағалау және оқу үшін бағалау.* Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді. Бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер, емтихандардан бастап, мұғалімдер күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бір тестілер қолдағы қарындаш пен қаламның көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді [Амангалиева С.А., 2017, 3-4 бб.].

Жалпы алғанда критериалды бағалау дегеніміз **–** оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы балл және баға қойылатын бөлімдер\ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде жүргізілетін бағалаудың түрі.

Қалыптастырушы бағалау – оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз ететін және оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін бағалаудың түрі болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау – оқыту үшін бағалау, жиынтық бағалау – оқытуды бағалау болып табылады. Қалыптастырушы бағалау сабақ жүйесінде жеке қарастырылмайтын, сабақпен қатар жүретін үдеріс. Қалыптастырушы бағалаудың (оқыту үшін бағалау) маңызы – білім беруді, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту, мақсаты – оқытудың қиындықтарын анықтау,оқыту бағдарламасының мазмұнын және білім беру стилін білу, болжау мен сұрыптау, жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс. Бағалаудың мәні – бақылау, алынған мәліметтердің интерпретациясы, бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау. Ол оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отыру. Жиынтық бақылау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастыру, дамыту, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында, сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлігінде жүргізіледі. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың әдістерін тиімді әрі жүйелі өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет. Ол

үшін мұғалім әр сабақта оқу мақсатына байланысты нақты критерий мен дискриптор құрып отыруы тиіс. Бағалау критерийлері нақты оқу мақсатына негізделіп жасалады. Дескрипторлар тапсырмаға сай құрылып, оқушы білімінің нәтижесі бойынша қорытындыланады [Красноборова А.А. , 2010, 84 б.].

Заманауи мектепте оқу процесін оңтайландыру дегеніміз мұғалім мен оқушылардың ең аз талап етілетін уақыты мен күшімен – максималды нәтиже мен минималды шығынмен осы нақты жағдайларда мұғалімнің жақсы білім нәтижелерін алуға мүмкіндік беретін шаралар жүйесін негіздеу, таңдау және іске асыру. Оптимизация – бұл барлық объективті және субъективті факторларды, заңдылықтарды, қағидаларды жүйелі талдау негізінде жүйеге келтіру негізінде мұғалімнің тәрбиелік процесті қалыптастыруға бағытталған тәсілі, бұл мұғалімнің саналы, ғылыми негізделген (және өздігінен емес, кездейсоқ емес) әр оқушының білім алуына және барлығын ұйымдастырудың ең жақсы нұсқасын таңдауға мүмкіндік беретін тұтастай үдеріс. Сондайақ, «оңтайлы» және «идеалды» бірдей ұғымдар емес екенін түсіну маңызды. Оңтайлы дегеніміз осы нақты шарттар үшін ең жақсы; осы кезең үшін; оқушының мінездемесі мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып; дәл осы мұғалімге немесе білім беру ұйымына арналған. Яғни, ол басқа уақытқа, орынға, оқушыға, мұғалімдер ұжымына жарамсыз болып шығуы мүмкін.

Мұғалімнің оқу іс-әрекетінің тиімділігінің басқа да критерийлері бар. Алайда, осы критерийлердің әрқайсысының негізі оқушылардың тәрбиесі екенін көруге болады.

Оқушыларды тәрбиелеу критерийлерін бөлудің көптеген тәсілдері бар. Қазіргі педагогика ғылымында кеңінен таралған білімге белсенділік негізіндегі көзқарас негізінде құрылған оқушыларды тәрбиелеудің критерийлер жүйесін, сонымен бірге оқушының субъективтілігі туралы идеяларды тануы керек. Бұл жүйенің төрт өлшемі бар:

1) мотивациялық-сұраныс – оқушының әлеуметтік құнды мотивациясы, құндылық қатынастарының, идеалдар мен қалаулардың қалыптасуының болуы мен өлшемі, әлеуметтік мақұлданған қасиеттер мен қатынастарды көрсетуге ұмтылу;

2) танымдық – мінез-құлық пен қарым-қатынастың әлеуметтік мақұлданған және бекітілмеген нормалары, адамның қасиеттері мен қарым-қатынасы, мінез-құлық және қарым-қатынас ережелерін білу туралы идеялардың болуы;

3) мінез-құлық – оқушының сыртқы әрекеті, сөйлеуі, іс-әрекеті, реакциясы, сайлау белсенділігі;

4) рефлексивті – оқушының бақылау, өзін-өзі бақылау, рефлексия және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеті.

Яғни, оқушы өзін-өзі қалай ұстау керектігін біледі, әлеуметтік тұрғыдан бекітілген мінез-құлқына уәждемесі бар, іс-әрекетте көрініс табады, өзін-өзі басқара біледі.

Мәселен, оқушылардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру ерекшеліктерін когнитивті, бағалау-эмоционалды, мотивациялық, мінез-құлық сияқты критерийлер негізінде бағалауға болады [А.В. Иванова, М.В. Куранова, 2017, 76 б.].

Танымдық критерийге бастауыш сынып оқушыларының адамдардың мінез-құлқындағы ерекше моральдық құндылықтардың табиғаты мен көрінісі туралы ұсыныстары кіреді.

Бағалаушы-эмоционалды критерийлер – бұл моральдық құндылықтарға қатынасты, моральдық көріністердің эмоционалды бояуы, эмоционалды тәжірибенің тереңдігін сипаттайтын пайымдаулар.

Мотивациялық критерийлердің көрсеткіштері: моральдық қажеттіліктер мен мотивтер, эмпатия, альтруистикалық бағдар туралы куәлік.

Мінез-құлық критерийі өзіндік құндылықты пайымдаумен, мінез-құлықтың тұрақтылығымен сипатталады, оған әртүрлі жағдайлардағы (жағдайдағы) белгілі бір өзгергіштік, белгілі мінез-құлық нормаларына бағдарлау жатады.

Оқушы тәрбиесі көрсеткіштер бойынша бағаланады. Тәрбие көрсеткіштері – бұл қабылдау және өлшеу үшін қол жетімді. Сонымен бірге кейбір көрсеткіштер мұғалімге тікелей қол жетімді; басқалары арнайы диагностикалық әдістерді, зерттеу әдістерін қолдана отырып анықталады. Олар «өлшегіштер» деп аталады. Сонымен қатар, әр критерий өзінің жеке индикаторлар жиынтығын және олардың сәйкес көрсеткіштерін қамтиды.

Мысалы, баланың сөздік қорында «сыпайы» сөздердің болуы танымдық тәрбие критерийлерінің бірі болып табылады, бірақ бұл мотивациялық-қажет немесе рефлексивті критерийдің көрсеткіші бола алмайды [6].

**Қорытынды**

Қорытындылай келе айтарымыз, егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсіндірмейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгендігін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өз нәтижесін жақсарту үшін ары қарай не істеу керек екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесін енгізуден кейінгі күтілетін нәтижелер:

– оқушылардың оқудағы жетістігін шынайы бағалау;

– әр оқушының қабілетін ескере отырып даму траекториясын анықтау;

– оқытудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізу

үшін оқушылардың білік дағдыларын дамытуға ынталандыру;

– оқыту сапасын жақсарту;

– оқу үдерісін ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен оқу материалын сапалы меңгеруін анықтау үшін мұғалімнің, оқушы мен атаананың арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу;

– оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру.

Білім мен тәрбие берудің тиімділігі қоғамдағы сұранысты қанағаттандыруға байланысты дегіміз келеді. Баланы оқытып-тәрбиелеу, өздігінен ойлануға, шешім қабылдауды және өз болашағын құруды үйрету – бұл білім берудің негізгі міндеттері. Қазіргі мектеп оқушылардың қажетті ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және таңдау, мәселелерді шешу, тапсырма туралы ойлау, өмірлік маңызды ақпаратты дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлу аса маңызды. Сондықтан, бүгінгі таңда оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі формаларына сенім артуға болмайды. Оқыту тәсілдері, мақсаттары, әдістері өзгеруді, жаңару мен жетілдіруді талап етеді.

Мұғалім мен білім алушының өзара әрекеттерінің үлкен құндылығы олардың білім мен тәрбие беру үрдісінде белсенді әрекеттесуінде, қажет кезінде бір-бірінің пікірлеріне сыйластықпен қарап, ауысуында түйін тауып отыр. Өздігінен бағалау нәтижеге емес, білім мен тәрбие беру үрдісіне, оның сапасы мен табыстылығына бағытталғаны маңызды.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы//Алматы 2010. 6-б.
2. Ы. Алтынсарин Ұлттық білім академияс/Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. – Әдістемелік құрал. Астана 2015, 5-6 бб.
3. Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2020. 4 б.
4. Амангалиева С.А. Критериалды бағалау – оқушы мүмкіндігін арттыруға жол ашады//Қазақстан мектебі. – Алматы, №3. 2017.
5. Красноборова А.А./Критериальное оценивание в школе: учебное пособие. Перм.гос. пед. Ун-т. – Пермь, 2010. – 84 с.
6. Иванова А.В./Культурно-образовательное пространство как фактор формирования духовно-нравственных ценности молодежи: учебное пособие. – М.; Берлин: Директ-Медиа, 2017 – 84с.

**Базыл Гульзат Бауржанкызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Туманшинова Айзада Ерланқызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ТЕСТТЕР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

**Аңдатпа.** Бұл мақалада TIMSS және PISA –Халықаралық зерттеулер мен оқу қызметіндегі тесттер педагогикалық технологиялардың бірі ретінде ерекшеліктері қарастырылады. Технологиялаудың басты мақсаты- берілген үлгідегі өнімді алу. Білім беру бойынша тәуелсіз бағалау жүргізетін TIMSS, PISA халықаралық зерттеулері сипатталады.

**Кілт сөздер:** тесттер, Халықаралық зерттеулер, технологиялар, бағалау, жобалау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности TIMSS и PISA –тесты в международных исследованиях и учебной деятельности как одна из педагогических технологий. Основная цель технологии – получение продукции данного образца. Описываются международные исследования TIMSS, PISA, которые проводят независимую оценку по образованию.

**Ключевые слова:** тесты, Международное исследование, технологии, оценивание, планирование.

**Annotation.** This article discusses the features of TIMSS and PISA tests in international research and educational activities as one of the pedagogical technologies. The main purpose of the technology is to obtain products of this sample. The article describes international studies of TIMSS and PISA, which conduct an independent assessment of education.

**Keywords:** tests, International research, technologies, assessment, planning.

## КІРІСПЕ

XX ғасыр бойы әлемдік педагогикада оқу процесін «технологияландыру»талпыныстары аз болмады. 50-ші жылдардың ортасына дейін олар негізінен оқытудың түрлі техникалық құралдарын пайдалануға бағытталған. Оның мәні білім беру мекемелерінің қызметін басқаруды барынша қамтамасыз ету болып табылады. Мұнда оқу процесі туралы сөз қозғалып отыр, және оны басқарудың деңгейін көтеруге болады, егер «мұғалім-оқушы» жүйесінде кері байланыс болса, яғни екі түрлі әрекет – оқыту мен оқу өзара байланысы нақты жолға қойылса, ал бақылау жүйесі оқушыға қатысты (оқу әрекеті), сондайақ ішкі (мотивация, эмоциялық-құндылық саласы) дер кезінде сыртқы факторлардың өзгеруіне жауап беріп отыруы керек. Іс жүзінде проблема педагогикалық технологияны әзірлеумен емес, ол құрылатын қағидалық негізде болса керек.

Оқу мақсаттарын сыртқы бақылау әрекеттеріне аудару технологиясы 1960-шы жж.бихевиоризмнің әсерінен, американдық психологияның жетекші бағыттарының бірі, оның анық қолданбалы бағыттылығымен қалыптасты. Бихевиоризм (мінез-құлық, бұл жағдайда-сыртқы айқын) психиканы тек сыртқы айқын көріністерді (қозғалыс, сөйлеу және т.б. «байқалатын мінез-құлық» жиынтығында пайда болатын әрекеттер) талдау арқылы білдіреді. Бұл тәсіл оқушылардың белгілі бір, детерминацияланған «бақылаудағы мінез-құлықты», яғни бақылаудағы іс-әрекеттердің нақты берілген жинағын жасауға үйретеді. Осы тәсілге сәйкес оқыту бағдарламалары дұрыс реакция алу және бекіту міндеттерін шешуі тиіс.

Бихевиористік теорияға, атап айтқанда, бағдарламаланған оқыту идеясы сүйенген, оның мәні оқушылардың да, педагогтың да іс-әрекетін қарастыратын алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша жүзеге асырылады [Б.М. Бим-Бад, 2002, 527 с.]. Американдық психолог Б.Ф. Скиннер зерттеу психологиясы мен техниканың жетістіктерін пайдалана отырып, оқу үдерісін басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында ұсынған. Бағдарламалық оқытуды қарастыруда толығырақ тоқталайық, өйткені ол педагогикалық тестілеудің негізі болып табылады.

АҚШ-та қалыптасқан бағдарламалық оқыту үшін мыналар тән:

– оқу материалы шағын бөліктерге бөлінеді, олардың әрқайсысында ақпараттың белгілі мөлшері ұсынылған;

– оқу материалының бөліктері арнайы бағытталған сұрақтарменнемесе тапсырмалармен сүйемелденеді, оларды оқушы оқулықта берілген мәтін не ақпарат көзіментанысқаннан кейін дереу орындауға кіріседі;

– сыртқы және ішкі кері байланыс жүйесі бойынша тапсырманың орындалуын дереу бақылау жүзеге асырылады.

КСРО-да (60-шы жж.) бағдарламалық оқыту идеяларын әзірлеу негізіне меңгерудің іс-әрекет теориясы салынған, яғни оқушылардың танымдық іс-әрекеті басты назарда болды және оқыту бағдарламасы алдын ала белгіленген сапамен оның берілген түрлерін қалыптастыруға бағытталған. Оқу іс-әрекеттік теориясының талаптарына сәйкес құрылған бағдарламалар бойынша оқыту оқу процесін бағдарламалаудың осы жолының жоғары тиімділігін және оны жүзеге асыру барысында оқыту процесін басқару мүмкіндігін көрсетті. Алайда мұндай типтегі бағдарламаны жаппай оқыту тәжірибесінде 90-шы жж. басталғанға дейін сирек кездеседі.

Академик А.И. Берг «бағдарламалық оқытуды анықтаудың көптеген сәтті және сәтсіз әрекеттерін анықтаған» [Берг, А.И., 1966. 7]. Бір ғалымдар бағдарламалық оқытуды әдістерге жатқызады (П.Я. Гальперин, мысалы, бағдарламалық оқытуды «жеке рационализаторлық тәсіл» деп атайды), басқалары оны оқушылардың өзіндік жұмысының түрі ретінде анықтайды, үшіншісі бағдарламалық оқытуда ғылыми білім беру ұғымын көреді. Көптеген ғалымдар бағдарламалық оқытуды қосымша дидактикалық жүйе деп санайды.

Бағдарламалық оқыту – бұл «операционды тікелей және кері байланыс көмегімен жүргізілетін оқыту, оқушылардың оқытылатын білімді меңгеру процесін оңтайлы басқару» [А.М. Прохоров, 1989, 1630 с.]. Осы түсінікпен қатар бағдарламалық оқытуды П.Я. Гальперин «ұғымы кезеңмен басқарылатын оқыту» енгізеді [Леонтьев А.Н., 1964, 56-65 с]. Бұл оқыту, «оқушылардың қалыптасуын тікелей басқару талаптарына жауап беретін, өзінің толық бастапқы және сыртқы формасында ұғымды меңгеру тәсілі болып табылады, ал содан кейін ішкі пішінге ие бола отырып – таным процесінде оның әрекет тәсілі болып табылады» [Леонтьев А.Н., 1964, 60]. Мұндай оқыту кезінде әрекетті қатесіз орындау қамтамасыз етіледі. Ол үшін оқу алгоритміне сәйкес жекелеген ішінара операциялар – қадамдарға әрекет бөлгеннен кейін оқушыларға іс-әрекет логикасын көрсететін бағдар жүйесі беріледі. Бұл бағдар жүйесінің функциясы, яғни әрекеттің бағдарлы қызметі ол оны орындау барысында әрекетті реттейтін кері байланысты қамтамасыз етуден тұрады. Әрекеттің бағдарлы қызметі қозғалатын арнаның рөлін орындайды. Бағдарламалық құралдар арқылы оқыту Халықаралық зерттеулерге оқушыларды дайындауда маңызды роль атқарады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі таңда қазақстандық оқушылар білім сапасын тексеру мақсатында көптеген халықаралық зерттеулерге қатысады. Бұл не үшін қажет?

*Біріншіден*, халықаралық зерттеулерге қатысу білім деңгейін объективті бағалауға және оны басқа елдермен салыстыруға көмектеседі.

*Екіншіден*, егер зерттеу халықаралық деңгейде жүргізілсе, бұл білім деңгейін бағалау үшін ең заманауи мониторингтік технологиялар қолданылады және Қазақстан өз зерттеулерін жүргізуде осы тәжірибені пайдалана алады.

Білім саласында өзінің ерекшеліктері мен әлемдік деңгейде мойындалған бірнеше халықаралық жобалар бар. Соның ішінде, білім жүйесінің танымал сарапшылардың баға беруі бойынша обьективті елдерден тәуелсіз бағалау жүргізетін TIMSS, PISA халықаралық зерттеулері елімізде өткізілуде.

*1. TIMSS (Trendsin Mathematics and Science Study) Математика және жаратылыстану білім сапасын халықаралық зерттеу.*

TIMSS халықаралық зерттеудің негізгі *мақсаты* бастауыш және орта мектепоқушыларының математикалық жәнежаратылыстану білім сапасынсалыстырмалы бағалау болыптабылады. Халықаралық зерттеу әр төртжылсайын 4 және 8 сынып оқушыларының білім жетістіктерін бағалайды, олардың білімі мен білігі ғана емес, сонымен қатар пәнге деген қарым-қатынасы, оқуға деген қызығушылығы мен уәждемесі анықталады. Зерттеу нәтижелері қатысушы елдердің математикалық және жаратылыстану білім беру үрдістерін 4 жыл сайын қадағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, бастауыш және орта мектеп оқушыларының оқу жетістіктеріне, сондай-ақ бастауыш мектептен орта мектепке ауысқан кезде математикалық және жаратылыстану – ғылыми білім беруде болып жатқан өзгерістерге мониторинг жүргізіледі [Әдістемелік құрал, 2013].

Зерттеуге қатысушы елдерде мектептегі математикалық және жаратылыстану білім мазмұнының ерекшеліктері, оқу процесінің ерекшеліктері, сондай-ақ білім беру мекемелерінің, мұғалімдердің, оқушылардың және олардың отбасыларының сипаттамаларына байланысты факторлар қосымша қарастырылады. Ол үшін халықаралық тестілеуге қатысқан оқушыларға, мұғалімдерге және мектеп әкімшілігіне қосымша сауалнама жүргізіледі. Алынған мәліметтер тестілеу нәтижелеріне әсер ететін факторларды анықтауға және зерттеуге қатысушы елдердегі математикалық және жаратылыстану білімінің жағдайын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеуді International Association forthe Evaluationof Educational Achievement (IEA, www.iea.nl) білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастығы үйлестіреді.

Қазақстан TIMSS-тің төрт кезеңіне қатысу тәжірибесі бар. TIMSS-2007-де әлемнің 45 елінен 425 000 оқушықатысты. Қазақстанатынан 141 мектептен 3990 төртінші сынып оқушылары бақ сынасты. Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының математикалық сауаттылық деңгейінің орташа балы 549 балды құрады, жаратылыстану – 533 балл (1000 балдық халықаралық шакала бойынша) [http://iac.kz/kk/project/pisa].

TIMSS-2011-де әлемнің 63 елінен 600 000 оқушы қатысты. Қазақстан атынан 8775 оқушы бақ сынасты, оның ішінде, 154 мектептен 4385 төртінші сынып және 4390 сегізінші сынып оқушылары болды. Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының орташа балы математика бойынша 501 балл және жаратылыстанудан 495 балды құрады, сегізінші сынып оқушылары математика бойынша 487 балл, жаратылыстанудан – 490 балл (1000 балдық халықаралық шкала бойынша) [http://iac.kz/kk/project/pisa, 7 б].

TIMSS-2015-те Қазақстанатынан 179 мектептен 9 579 оқушы қатысты. (4710 төртінші сынып және 4869 сегізінші сынып оқушылары). Қазақстандық төртінші сынып оқушыларының математика бойынша орташа балы 544-ті құрады және жаратылыстанудан – 550 балл, сегізінші сынып оқушылары математика бойынша – 528 балл және жаратылыстану пәндері бойынша 533 балл [6, 7 б].

TIMSS-2019 осы жылдың көктем айында өткізілді, жауабы 2023 жылы Халықаралық оқушылардың білім жетістіктерін бағалау қауымдастығымен (IEA) жарияланатын болады.

*2. PISA (Programmefor International Student Assessment) Білім алушылардың жетістігін халықаралық бағалау бағдарламасы.*

PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шешу біліктіліктерін бағалауға бағытталған. Зерттеу құралдары, оқушылардың өмірде кездесуі мүмкін проблемаларды шешуде жалпы оқыту дағдыларының қалыптасқандығын және жаңа қоғамда тиімді қызмететуін бағалау мақсатын көздейді [Әдістемелік құрал, 2013].

Зерттеу объектісі болып 15 жастағы оқушылардың білім жетістіктері. Көптеген елдерде жас өспірімдер 15-жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау болып табылады.

Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы» мен «оқу сауаттылығы». Зерттеу оқушылардың оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын және интеллектуалдық қабілеттерін қолдана білу ептіліктерін бағалауға басым көңіл бөлінген.

PISA зерттеуін ұлттық орталықтар мен ЭЫДҰ ұйымдарының қатысуымен жетекші халықаралық ғылыми ұйымдардан тұратын Консорциммен жүзеге асырылады. Қазақстанда зерттеудің Ұлттық үйлестірушісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық білім беру статистикасыжәне бағалау орталығы» болып табылады.

PISA зерттеу мониторингітөрт негізгі бағыт бойынша жүргізіледі: *оқусауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық* және *компьютерлік сауаттылық*.

Қазақстан PISA зерттеуіне 2009 жылдан бері қатысып келеді. 2009 және 2012 жылдар нәтижесін салыстырсақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы PISA-2012 екінші кезеңінің қорытындысында математика және жаратылыстану бағыттарындағы қазақстандық білім алушылар нәтижелерінің +27 және +25 ұпайларға жақсарғанын атап өтті. Ал 2015 жылы зерттеуге 71 мемлекет арасынан Қазақстан атынан 7842 15-жастағы білім алушылар қатысты. [Әдістемелікқұрал, 2013. 7б]

Бағдарламалы оқытудың алдында педагогтар «оқу процесін басқаруды ұйымдастыру» міндетін қояды:

– әрбір оқушы өзінің тәжірибесі мен қабілеттеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды қарқынды меңгере алады;

– барлық оқушылар оқу бағдарламасын дәстүрлі оқыту тәсіліне қарағанда анағұрлым жылдам меңгеретін еді» [Әдістемелікқұрал, 2013. 34].

Сонымен, бағдарламалық оқыту оқушыларды білім, білік және дағды алуға, педагог тарапынан олардың ақыл-ой қызметін тікелей басқаруға арналған оқыту бағдарламасының болуымен сипатталады.

Алайда жаппай оқыту жағдайында оқытушы бір мезгілде оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеретін бірнеше оқыту бағдарламаларын іске асыра алмайды; оқытушы әрбір оқушымен жүйелі түрде кері байланысты қамтамасыз ете алмайды.

Технологиялаудың басты мақсаты – берілген үлгідегі өнімді алу. Мұндай тәсілде технологияның рөлі мақсаттарды диагностикалауға және жағдайларды (әдістерді, нысандарды, құралдарды, тәуелділікті) анықтауға, яғни жүзеге асырылуы жобаланатын мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін процесті түзетуге негізделеді

Педагогикалық тестілеу тарихында тесттерді құрастырудың екі негізгі тәсілін бөліп көрсетуге болады. Бірінші тәсілдің негізінде педагогикалық категориялар – білім, білік, дағды және т.б. зерттелетін, екінші – психологиялық категориялар – әрекет, түсіну, меңгеру және т.б. негізінде педагогикада тест қолдану жатыр.

1. Тесттер білім, білік және дағдыларды тексеруге бағытталған бірінші тәсілдің өкілдері П.П. Блонский, В.П. Беспалько, В.С. Аванесов, А.Н. Майоров болып табылады.

2. Екінші тәсілдің өкілдері арасында психологиялық категорияларды зерттеу жүргізіледі, мысалы, іс-әрекеттер, түсіну, меңгеру және т.б. Е.Б. Федорова, Д.Ш. Матрос, П.П. Дьячукты атауға болады.

В.П. Беспалько тұжырымдаған анықтама тест

келесі түрде ұсынылады: «білім беру бағдарламасында оқушының оқу материалын қалай түсінетінін және меңгеретінін бағалауға мүмкіндік беретін сыртқы кері байланысты жүзеге асыру үшін ***тест*** деп аталатын арнайы бақылау құралы қолданылады» [Беспалько В.П., 1973-0, 300 б.]. Осы тесттер оқыту үрдісінде қолданылады.

**Қорытынды**

Осылайша, оқытуды технологияландыру бұрын да қолданылды деп айтуға болады, бірақ оның тиімділігі әдістеменің даму деңгейімен анықталды. Сабақты тақырыптық жоспарлау, жоспарлау, оның мақсаттарын қою және оларға қол жеткізу құралдарын көрсету, оқушылардың бақылау жұмыстары және т.б. – осының барлығы оқу процесін технологияландыруға тән болды. Әрине, технология рөлін асыра көрсетуге болмайды. Білім алушылардың оқу әрекетін бақылаудың осындай түріне тестілеу қатысын ұмытпау қажет. Тесттер уақыт өте келеөзініңқолданысында белсенді болып келеді және бұл үрдісті негізінен педагогикада көріп отырмыз.

Жоғарыда аталған халықаралық зерттеулерге қатысу арқылы, біз оқушылардың білім сапасын обьективті бағалап ғана қоймай, оны басқа елдермен салыстыруға мүмкіндік береді. Аталмыш халықаралық зерттеулер есебінен, біз оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейде мониторингілеу технологияларын өз тәжірибемізде пайдаланып, білім сапасының артуына септігін тигізе аламыз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**


1. Педагогический энциклопедический словарь/Гл. ред. Б. М. Бим-Бад; Редкол.: М.М. Безруких [и др.]. – М. : Большая Российская энциклопедия, 2002. – 527 с.
2. Берг, А.И. Состояние и перспективы развития программированного обучения. Баяндама/А.И. Берг. – М.: Знание. – 1966. – 27 с.
3. Энциклопедиялық сөздігі/гл. ред. А.М. Прохоров. – 4-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1989. – 1630 с.
4. Леонтьев А.Н. Теория усвоения знаний и программированное обучение/А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин //Советская педагогика. – 1964. – №10.-С. 56-65.
5. TIMSS халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. Ұлттық білім беру және бағалау орталығы. – Астана 2013.
6. Информационно-аналитический центр, http://iac.kz/kk/project/pisa
7. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. Ұлттық білім беру және бағалау орталығы. Астана 2013.
8. Беспалько, В.П. Бағдарламалық оқыту: Дидактика негіздері [Текст]/В.П Беспалько. – М.: Высшая школа, 1970. – 300 с.

**Байгаскина Жұлдыз Кенжетаевна,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

# LESSON STUDY – МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

**Аңдатпа.** «Lesson study – мұғалімнің кәсіби коммуникативтікқұзыреттілігін арттырудың тиімдіәдісі» атты мақаламда коммуникативті оқыту технологиясының тиімділігі педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылатыны туралы айтылады. Бұл мақаланың мақсаты–мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыруда ынтымақтастықпен жұмыла жұмыс жүргізудің маңыздылығын айқындау. Мақалада болашақ ұрпағымыздың білім деңгейін жоғарылатуда Lesson Studyнемесе зерттей отырып оқыту – мұғалімдердің өндірістен қол үзбей педагогикалық біліктілігін арттырудың бір түрі болып табылатындығы түсіндіріледі.

**Кілттік сөздер:** коммуникативтікқұзыреттілік, коммуникативті оқыту технологиясы, зерттей отырып оқыту, білімді жетілдіру, педагогикалық тәсілдер,ынтымақтастық.

**Аннотация.** В статье “Lesson study – эффективный метод повышения профессиональной коммуникативной компетентности преподавателя» рассматривается эффективность технологии коммуникативного обучения как средство формирования профессиональной компетентности педагога. Цель данной статьи – определить важность сотрудничествапреподавателейс целью повышения профессиональной квалификации преподавателя. В статье дается объяснение, что при повышении уровня образовани будущего поколения,«Lesson Study или изучение урока» является одной из форм повышения педагогической квалификации учителей без отрыва от производства.

**Ключевые слова:** коммуникативная компетентность, технологии коммуникативного обучения, изучение урока, совершенствование знаний, педагогические подходы, сотрудничества.

**Annotation.** The article «Lesson studyistheeffective method for improving the teacher’s professional communicative competence” considers the effectiveness of communicative training technology as the means of forming the teacher’s professional competence. The purpose of this article is to determine the importance of cooperation between teachers in order to improve the professional qualifications of teachers.The article explains that, “Lesson Study” is one of the forms of improving the teacher’s pedagogical skills on improving the level of education of the future generation, while remaining at their jobs.

**Keywords:** communicative competence, communicative training technology, Lesson study, improving knowledge, pedagogical approaches,cooperation.

## КІРІСПЕ

Жаһандануға қарыштап қадам басқан, қазіргі бәсекелестік заманда білім сапасын арттыруда озық тәжірибе мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру, білім саласында қызмет жасап жүрген кез келген оқытушының алға қойған бірден-бір міндеті болып табылады. Оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыру талап етілуде. Ал, ол өз кезегінде мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімді пайдаланумен өлшенеді.Әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін бүгінгі таңда жеткіліксіз екені мәлім.Жаңашыл заманда бәсекеге қабілеттілік құрылымындағы компоненттің бірі ретінде коммуникативтілік алға қойылуда. Ал, кез-келген маманның басқа қызметкерлермен қарым-қатынасты жеңіл орнатуы, алдына қойған міндеттерді шешу тұрғысынан келгенде, аталмышқарым-қатынастың тиімділігі коммуникативтік қабіліт пен құзыреттіліктің жүйелі дамуына тәуелді.

Магистрлік зерттеу тақырыбымның төңірегінде «Lesson study– мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін арттырудың тиімдіәдісі» атты мақаламды ұсынып отырмын. Зертеу тақырыбыма сай жазылған көптеген зертеуші ғалымдардың еңбектерінен айтылған тиімді ой-пікірлерді, нақты тәжірибелерді келтіріп, тиімді де құнарлы мысалдар келтіруге тырыстым.

Заман талабына сай коммуникативтік тәсілмен өзара тығыз байланыста арнайы мақсаттар үшін шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсіл даму үдерісінде, немесе лингвистика саласындағы білімнің мәдениетаралық парадигмасы қарқынды жетілдірілуде. Мәдениетаралық тәсілдің құзыреттілік тәсілмен үйлесуі қарым-қатынасқұру қабілеттілігі ретінде түсіндірілетін мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік ұғымының пайда болуына алып келді. Мәдениетаралыққарым-қатынас пенмәдениетаралыққұзыреттілік мәселелері көп-

теген шетел, Ресей және отандық ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны белгілі. Мәдениетаралық оқытуды ұйымдастыру мәселелері, мазмұны мен формалары, әдістері мен технологиялары бірқатар ғалымдардың (Н. Хомский, М. Байрам, М. Канэйл, Н.М. Громова, Н.Ф. Коряковцева, И.А. Зимняя, С.С. Құнанбаева, Ш.Т. Таубаева, К.С. Құдайбергенова, т.б.) зерттеулерінде қарастырылған.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі таңда еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының тілдік емес факультеттерінде ағылшын тілі курсы коммуникативті және кәсіби бағдарланған. Оның міндеттері тиісті профильдегі мамандардың коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықталады. Курстың мақсаты – студенттердің ағылшын тілін коммуникативті құзыреттілікке ие болуы, деңгейлеріне сай ағылшын тілін оқыту, кәсіби (практикалық және ғылыми) іс-әрекетте, сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарында қолдануға мүмкіндік береді. Шетел ғалымыМ. Канэйлдің «From communicative competence to communicative language pedagogy», яғни «Коммуникативтік құзыреттіліктен коммуникативті тіл педагогикасына дейін» атты еңбегінде коммуникативтік құзыреттілік пен нақты қарым-қатынас арасындағы байланысты анықтау үшін үш өкілдік модельдерден, яғни Джеймс, Канал және Суэйн және Бахманнан «коммуникативтік құзыреттілік» тұжырымдамасының даму тарихын көрсетуге тырысқан. Бұл талқылауда үш компонент ерекшеленеді: ұйымдастырушылық құзыреттілік, прагматикалық құзыреттілік және Бахманның стратегиялық құзыреттілігі. Аталмыш ғалымдардың тұжырымдамасы бойынша: тілді оқыту барысында құзыреттілікке жету үшін коммуникативтік қарым-қатынаста болуға үйретуде, тілді білудің арқасында, сонымен қатар, құзыреттілікті орындай алатын жағдайдаболғанда ғана,біз коммуникативті педагогикалық қосымшаларды дұрыс қолдана аламыз.

«Коммуникативті құзыреттілік» термині ауызекі қарым-қатынас барысындағы тілді қолдану қабілеті, тек тілдік форманы бақылауды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі контексте қолдану ережелерін түсінуді қажет ететін идеяны көрсетеді (Гимес 1972) [Hymes D.H., 1972, pp. 269-293 (Part 1)]. Шет тілін оқытуда студенттің коммуникативтік құзыреттілігінқалыптастыру процесінде коммуникативті оқыту технологиясының тиімділігі туралы мәселені шешуге мүмкіншілік туындайды.

Ғалымдардың коммуникативтік құзыреттіліктің мағынасын ғылыми әдебиеттерде теориялық талдауын әр түрлі түсіндірулерінің салдарынан бірқатар тәсілдерді анықтауға мүмкіндік туындауда:

– коммуникативтік процестің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін білім мен дағдылардың жиынтығынан тұратын, адамдармен қарым-қатынаста немесе қажетті байланыстарды орнатып және іс жүзінде жүргізе алу барысындағы тұлғаның психологиялық сипаттамалары;

– гуманистік жеке қасиеттерге негізделген (көпшілдігі, шынайылығы, әдептілігі, жанашырлығы, рефлексияның болуы және т.б.) және әңгімелесушінің коммуникативті мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыған, білімді, тәрбиелілігі мен даму деңгейінде басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы интегративті қабілетінің дұрыстығы;

– оқытудың арқасында алынған білім мен тәжірибеге негізделген қызметке тұлғаның жалпы қабілеті мен дайындығы.

«Құзыреттілііік» терминін XX ғасырдың ортасында Американдық ғалым лингвист Н. Хомский енгізген болатын [Chomsky N., 1965.]. Бастапқыда ол шетел тілінде нақты белгілі бір тілдік қызметті орнату үшін қажетті «қабілеттіктер» деген түсінік берді және оны адамның іскерліктерімен, тәжірибесімен байланыстырды. Дәлірек айтқанда, Н. Хомский 1965 жылы Массачусетс университетінде «компетенция» ұғымын тіл теориясына қатысты қолданды. Өзінің еңбектерінде ол «грамматикалық құзыреттілік» пен «тілдік ережелердің тәжірибелік жүзеге асуының» арасындағы шекараны жүргізіп, көрсетіп берді. Біріншісін ол шынайы тіл тасымалдаушыларының лингвистикалық білімі, адамға тілді құрайтын сөйлемдерді грамматикалық дұрыс реттеуге мүмкіншілік беретін мидың биологиялық қызметі ретінде айқындайды. Екіншісін нақты бір жағдайларда тілдің нақты қолданылуын айқындайды.

Ғалым Ш.Т. Таубаеваның болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелерге талдау жасай келе, «құзыреттілік» ұғымы білім беру, маман даярлау саласының қолданыстағы терминіне айналғанын көреміз. Өзінің еңбектерінде ғалым Ш.Т. Таубаева: «Құзыреттілік– ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» деген түсініктеме береді [Таубаева Ш.Т, 2013, 432 б.].

Зертеуші К.С. Құдайбергенова «Құзырлылық білім сапасының критерий: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі» атты монографиясында құзыреттілік ұғымын «құзырлылық» деп атай отырып, алыс-жақын шетел ғалымдарының еңбектеріндегі құзырлылық ұғымына жан-жақты талдаулар жүргізген [Құдайбергенова К.С., 2008, 328 б.].

Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, шетел тілін коммуникативті оқыту мәселесі қазіргі жағдайда теориялық ғалымдардың да, практикалық оқытушылардың да сабақты зерттей отырып, оқытуда назарларынан тыс қалмаған.

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study –мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study-ге жоспарлау, үйрету, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тә-

сілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Lesson Study немесе зерттей отырып оқыту – бұл білім алушыға мұғалімнің білім беру және өзі үйрете отырып үйрену іс әрекеті. Бұл тәсіл жоғары дәрежелі ғылыми ізденістегі болашақ ұрпағымыздың білім деңгейін жоғарылатуда айтарлықтай жетістікке жетудің бірден бір жетістік көзі болып табылады. Білім беру әдіс тәсілінің алға қойылуы ұлттың, мемлекеттің қарқынды дамуында үлкен роль атқарады.

Өз рөлін өзі көріп тұру өте маңызды, содан соң, сабақ беру мен оқыту процесі оқушыны зеріктіріп жібермейтіндей және көңілді өтеді деген үмітпен оқытудың тиімді де пәрменді әдісін қолдану қажет. Жапониядағы зерттей отырып оқыту сабағы Jugyokenkyu деп аталады. Бұл –мұғалімнің, бір білім ошағында бірге жұмыс істейтін басқа мұғалімдер тобының (лекторлармен, сол пәннің оқытушыларымен, сол сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен), оқушыларды оқыту сапасын жақсарту үшін, сабақты өткізетін мұғалім өзі,әріптестерімен бірігіп отырып сабақ жоспарын әзірлейтін, одан кейін оқу жоспары шеберінің бірі сабақты өтіп, басқа мұғалімнің бақылауымен жүзеге асырылатын, ең соңында бәрінің бақылау барысында алған әсерлерімен бөлісе алатын іс әрекет түрі.

Рефлексия дегеніміз – оқу процесін күшейту мақсатында жүргізілетін, яғни оқушылардың қалай үйренгенін, олардың қашан үйренгенін, оқушылар білім алудан шаршай бастағанда зейінінің басқа жаққа ауып кетпей, өз досына алған білімін түсіндіре алатындығына және сол оқушының бүкіл сыныпқа үйрете алатындығына баса назар аудара отырып, сабақ беретін мұғалімдер мен өтілген сабаққа зерттеу жүргізген бақылаушылардың сабақты, зертеу субъектісі мен объектісін талқылаулары болып табылады.

Lesson study – мұғалімдерге сыныптағы оқушыларды оқытуды (сабақ өткізуді), зерделей оқып білу немесе оқытуды зерттеу процесін бақылауға нақты мүмкіндік береді. Lesson study – сабақ барысында мұғалімдерге өз дискуссияларын жоспарлауға, жоспарды жүзеге асыруға, бақылауға, зерделей оқып білуге және сыныптағы практикалық сабақтарға рефлексиялық талдау жүргізе білуіне көмектеседі.

Lesson study – мұғалімдергеаудиториядағы сабақтың өту барысын іс жүзінде бақылап, сабақты талқылай отырып, оқушыларды оқыту және олардың берілген материалды түсіну процесін мұқият зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндік мұғалімнің рөлін сыныпта зерттеуші ретінде күшейтеді. Мұғалімдер тиімді гипотезалар ұсынып (мысалы, егер біз белгілі бір жолмен оқытатын болсақ, онда балалар белсенді болуды үйренеді), оларды оқушылармен сабақтарда тексереді. Содан кейін мұғалім сабақ үстінде оқушыларды бақылау кезінде деректерді жинайды және бұл гипотезаның сыныпта расталған расталмағанын анықтайды.

Lesson study-дың тығы бір ерекшелігі –тәжірибесі аз жас мұғалім тәжірибелі мұғалімнің басшылығымен кәсіби дамыған мұғалім болуына зор мүмкіншілік туындайды. Сабақтарды зерделеу арқылы мұғалімдер оқу бағдарламаларын әзірлеу және оқыту үдерісін өзгертуге белсенді түрде тартылуы мүмкін. Сонымен қатар, ынтымақтастықпен жұмыла жұмыс жүргізу мұғалімдер арасындағы оқшауланууды азайтуға және тек мектептерде, колледждерде ғана емес, сонымен қатар жалпы еліміздің жоғары оқу орындарында да оқу процесі мен оқыту процесін жүйелі және дәйекті түрде жақсартудың жалпы түсінігін қалыптастыруға көмектеседі.

Жапонияда мұғалімдер Lesson study әдісін қолдану арқылы, сабақты зертеу арқылы оқытудағыөз дағдыларын, сабақ беру шеберлігін арттыра алады. Сабақты зерттеу– мұғалімдердің өндірістен қол үзбей біліктілігін арттырудың бір түрі болып табылады.Lesson study – оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін зерттеу мен тексеру арқылы Жапонияда мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту процесі.

Қорыта келе, Lesson study– мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттырудағы тиімді әдістердің бірі, сондай-ақ мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықпен жұмыла жұмыс жүргізуді жақсартуға қажетті әдіс болып табылатынын айтқым келеді. Бұл әдіс сабақты жоспарлау, жоспар бойынша сабақты өткізу процесін іске асыру және рефлексия сияқты үш кезеңнен тұрады. Осындай әдіспен сабақ беру барысында оқыту сапасы артатынын және ынтымақтастықпен жұмыла жұмыс жүргізудің, ауызбіршіліктің арқасында тиімді оқыту мақсатына жету оңай болатынын көптеген білікті мамандардың зерттеулерінен оқуға болатынын айтқым келеді.Сабақ беру үрдісінде коммуникативтік оқыту технологиясын қолдану тәсілдерін зерделеу барысында оқытушылардың ынтымақтастықпен жұмыла жұмыс жүргізуі – педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырудың бірден бір тиімді әдістері болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Hymes, D.H. (1972) "On Communicative Competence" In: J.B. Pride and J. Holmes (eds) Sociolinguistics. Selected Readings. Harmondsworth: Penguin, pp. 269-293.(Part 1)

2. Chomsky N. Aspects of the Theory of Syntax. Cambridge; Mass: MIT Press, 1965.

3. Таубаева Ш. Т. Педагогика әдіснамасы. – Алматы: Қарасай, 2013. – 432 б.

4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерий: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі //Монография. – Алматы, 2008. – 328 б.

**Байсейтова Айман Наурузкановна,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЛШЕМНІҢ БІРІ – ТЕСТІЛЕУ ӘДІСІ

**Аңдатпа.** Берілген мақалада оқу үдерісін жетілдірудегі педагогикалық өлшемдердің бірі тестілеу әдісінің тиімділігі туралы айтылған.Тестілеу — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі және бұл заман талабы. Білім алушылардыңбілім, білік, дағдысын тексерудетестілеу әдісі өте тиімді болып отыр. Қазіргі орта білім беру жүйесінде бақылау мен бағалауды тест түрімен тексеру, барлық мектеп тәжірибесінде бар.

**Кілт сөздер:** тестілеу,педагогикалық өлшемдер, бағалау, оқу үдерісі, білім беру жүйесі, білім, бақылау.

**Аннотация.** В данной статье описывается эффективность метода тестирования как один из педагогических критериев улучшения учебного процесса.Тестирование – это поиск самого себя и самореализация в жизни а так же требования времени.Тестирование как метод проверки знаний, умений и навыков студентов очень эффективна.В современной системе среднего образованияконтроль и оценка через тестирование практикуется во всех школах.

**Ключевые слова:** тестирование, педагогические критерии, оценка, учебный процесс, знание, контроль.

**Annotation.** This article describes the effectiveness of the testing method as one of the pedagogical criteria for improving the educational process. Testing is a search for self and self-realization in life also the requirements of the time.Testing as a method of assessment the knowledge, skills of students is very effective.Monitoring and evaluation through testing is practiced in all schools in the modern secondary education system.

**Keywords:** testing, pedagogical criteria, assessment, educational process, knowledge, monitoring.

## КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта білім саласында үлкен өзгеріс болып жатыр, әрине, бұл заман талабы, әлем өзгерді ғылым мен техника да күнде дамып, адам баласын таңғалдыруда. Сондықтан да қазіргі мектеп оқушыларының білімін дұрыс бағалап, педагогикалық өлшем жасаудың талабы да жоғары.Сондай педагогикалық өлшемнің бірі-тестілеу әдісі

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында «Біздегі оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары болып отырғанын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріне қарағанда орта есеппен үштен бір еседен көп екенін ескеріп, оны төмендету керек. Барлық өңірлердегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3Д-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру керек. Бұл жас ұрпақты ғылыми-зерттеу саласына және өндірістік-технологиялық ортаға ұтымды түрде кіріктіруге көмектеседі.Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Орыс тілді мектептер үшін қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі әзірленіп, енгізілуде. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет» (10.01.2018) [Жолдауы, 15 қаңтар 2018 ж.].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Тест», «тестілеу» деген сөздерді оқытушылардың сөздерінде жиі естуге болады. Оларды бақылау іс-шаралары туралы айтқан кезде қолданады; оларды психологиялық немесе педагогикалық эксперимент жасаған кезде немесе білім алушылардың білімін қорытындылап, нәтижесін тексерген кезде пайдаланады. Сондайақ «тесттілер» деп бақылау жаттығуларының әр түрлерін атайды.

«Тест» ұғымы алғаш рет психологиялық зерттеулерде пайда болды және «тест» ұғымы кейде психологиялық сауалнамамен байланысты. «Test» («сынақ, эксперимент, тексеру») ағылшын сөзінің аудармасы. Ағылшын тілі әдебиетінде тест деп емтихан, сынақ және кез келген басқа оқу тексерісін атайды. Ресейлік әдіскерлер алдын ала дайындалған кілт бойынша жауаптың дұрыстығы анықталатын және бір мағыналы жауапты талап ететін тапсырманы ғана тест деп атайды. Осылайша, терминнің артында «тест» объективтілік сипаттамасы бекітіледі, бірақ әрдайым нақты жағдайларда бұл сипаттама ақталады. Педагогикалық тесттің нақты анықтамасының болмауы бұл жерде соңғы рөл атқарады.

Тесттер алғаш рет психологиялық ғылымда көп жыл бұрын адамның мінез-құлқының белгілі бір функцияларын өлшейтін құрал ретінде қолданылғанын ұмытпаған. Мысалы, тесттің алғашқы анықтамаларының бірі жүз жыл бұрын

С.Г. Геллерштейнмен берілді. Ол тест сынақты сынақ эксперимент ретінде анықтады, бірақ белгілі бір тапсырманың сипатын анықтады, ол белсенділіктің анықталған түрін ынталандырады және оның орындалуын сандық және сапалы бағалауға бере отырып, белгілі бір функциялардың жетілу симптомы болып табылады. Бұл анықтамада «эксперимент» және «тест» ұғымдарын теңдестіру болды. Мүмкін, психология үшін бұл ұғымдардың теңдестіруінде белгілі мән бар, өйткені көбінесе барлық психологиялық эксперимент белгілі бір тест шеңберіне кетуі мүмкін. Тілді оқыту әдістемесі үшін мұндай ұқсастыққа жол берілмейді, мұнда «эксперимент» ұғымы «тест» түсінігімен жабылмайды, себебі біріншісі екіншіге қатысты ортақ, неғұрлым жеке болып табылады. Жалпы тілді оқыту әдістемесі үшін тест – бұл бақылау құралдарының бірі және эксперимент әдістерінің бірі.

И.А. Рапопорт, Р. Сельг және И. Соттер тестіні келесі анықтауды ұсынады: «Тест — белгілі бір әзірленген ережелерге сәйкес ең мұқият дайындалған, алдын ала эксперименттік тексеруден және арнайы бақылаудан өткен тапсырмалар» [В.А Коккота, 1989]. Оның жеке тұлғасының әлеуметтік, психологиялық және психофизиологиялық сипатын квалиметриялық анықтау мақсатында сыналушыға қойылатын сұрақтар мен тапсырмалардың жиынтығы, ол сыналушылардың жауаптарын формаландырумен, оларды барынша ақпараттық жүктемені көтеретін бөліктерді бөлумен ерекшеленетін, бұл олардың салдарларын тездететін, жеңілдететін және объективтендіретін, сонымен қатар, сыналушының әлеуметтік, психологиялық және психофизиологиялық сипатын квалиметриялық анықтау мақсатында сыналушыға қойылатын сұрақтар мен тапсырмалардың жиынтығы. Бұл анықтаманың алдыңғылардан айырмашылығы тестілеу кезеңдерінің (жоспарлау, құру, апробациялау) соңғы кезеңдерін көрсетеді. Сонымен қатар, ол анықтамалардың мамандандырылған, психологиялық бағыты бар.

Қазақ тілінің тілдік ерекшелігін ескермей, тілдік тестінің нақты анықтамасын тұжырымдау мүмкін емес. Бұл проблеманы шешу үшін тестілеудің жеке бағыты – екі маңызды саланың түйіскен жерінде орналасқан лингводидактикалық тестілеу (language testing): бір жағынан, тілдерді оқыту саласы болып табылады, ал екінші жағынан — жалпы тестологияның бір бөлігі ретінде педагогикалық (пәндік) тестілеуге жатады

Тест тапсырмалары белгілі бір талаптарға сәйкес дайындалған, оны анықтау мақсатында алдын ала сынақтан өткен «тапсырмалар кешені» деп те анықтайды. Қазақ тілі бойынша тест тапсырмаларының нәтижелері алдын ала белгіленген өлшемдер бойынша жинақталады. «Тілдік қарым-қатынаста дұрыс сөйлемдердің шексіз санын түсіну және елестету қабілеті артады.).

Сонымен, «тестілеу» («testing») термин ретінде тар мағынада әдебиетте — тесті пайдалану және өткізу мағынасында, кең мағынада — тесттерді өңдеудің, құрастырудың және апробациялаудың, олардың нәтижелерін өңдеу мен интерпретациялаудың рәсімдік кезеңдерінің жиынтығы ретінде кездеседі. Біздің зерттеуде «тестілеу» термині кең мағынада қолданылады. Қазақ тілі пәні бойынша тест тапсырмаларын құрастырудың ерекшеліктері маңызды болып табылады.

Тестілеу кезеңдерінің реттілігі схемада көрсетілген (Сурет 1).

**Тест өткізу үшін:**

1) тестіленушілердің барлық топтарымен тест өткізу нәтижелерін тұрақты статистикалық өңдеу;

2) лингвистика, психологиялық, лингмәдениеттану, тілдік, техникалық интерпретация;

3) жасалған қорытындылар негізінде тестіні редакциялау. Жақсы тест 2 жылда кем дегенде бір рет өзгеруі мүмкін емес, өйткені сыртқы (саяси, экономикалық, техникалық) шарттардың тұрақты өзгеруі тест моральдік ескіруіне, сонымен қатар сыналушылардың контингенті де өзгеріске ұшырауына әкеп соқтырады.

*Сурет 1 – Тестілеу кезеңдері*

4) сонымен, бақылаудың басқа түрлеріне қарағанда, тестке тән ерекшеліктерімен оның объективтілігін, тест материалдарын мұқият дайындаумен және тестілеу нәтижелерін талдаумен қамтамасыз етілетін немқұрайлылықты, бақыланатын объектіге анық әділдікті, форманың ыңғайлылығы мен активтілігін, уақыт бойынша үнемділікті есептейтін боламыз. Әйтпесе, тест-бақыланатын процесті өлшеудің дәл құралы.

Педагогикалық өлшемдер-педагогика, психология өлшемдер теориясы, статистика, математика және философия ғылымының жүйесінде пайда болған ғылыми теория.

Пед өлшемнің негізгі пәні білім алушылардың даярлық деңгейін өлшеу үшін, тестерді құрастыру және олардың лотенттік жағдайын бағалау үшін құрылады. Лотенттік-тұлғаның жағымды және жағымсыз қасиеттерін өлшеу деген де мағынаны білдіреді. Педагогикалық өлшем-білімді бағалау сипаты мен эмперикалық шкала нүктелері арасындағы сәйкестікті орнататын процесс. Мұнда түрлі бағалау арасындағы қатынас сандық қасиеттермен айқындалады делінген

Қазіргі кезде тест теориясы классикалық және заманауи тест теорияларына бөлінеді. Бұл теорияларға тән ортақ ерекшеліктері тест тапсырмаларын түрлі формада құрастырады. Мынандай төрт түрлі тест формалары кездеседі.

1. Бір немесе бірнеше жауаптары дұрыс жауаптарды таңдауға болатын тапсырмалардан тұрады.

2. Дұрыс жауапты бір сөзбен және бір белгімен толтырудан тұрады. Мұндай тапсырмаларға берілетін нұсқау-толтыру.

3. Екі баған элементтерінен тұратын тапсырмалар құрайды. Сәйкестікті табу.

4. Процессуалды және алгоритмдік тұрғыдағы тапсырмаларды құрайды. Тест бойынша сәйкестікті табу, дұрыс тізбектілікті орнату

Тесттік формадағы тапсырмаларға қойылатын талаптар:

– ықшамдылықтың болуы;

– технологиялық;

– форманың дұрыстығы;

– ой-пікірдің логикалық формасы;

– жауаптарды бағалау ережелерінің біртектілігі;

– жауаптар үшін нақты орынның болуы;

– форма нұсқаларының адекванттылығы [Азимов Э.Г, Щукин А.Н., 2009, 448 б.].

Негізі осы аталған тест бойынша жұмыстың нәтижелі болуы, адам баласының психологиясының дұрыс болуы, бұған дәлел ретінде Джеймс Кеттелдің ақыл-ой тесттерін алуға болады.

Д. Кеттелл өз тәжірибесінде бірінші рет тесттерді басып шығарады. Ол Ф. Гольтанның ақыл-ойды өлшеу идеяларына аса терең көңіл қоя бастайды. Ал 1890 жылы Дж. Кеттелл психодиагностикңадағы ең атақты еңбек болып есептелетін «Ақыл ой тесттер және өлшеу» жұмысын жариялайды. Бұл мақаласының ішінде ол қолданып жүрген 50 тесттің ішінен 10-н іріктеп алады. Олар жақсы танымал «Динамометрия», «Қозғалыс диапазоны», «Сезімталдық аймақтары», «Салмақтың білінер-білінбес айырмашылығы», «Дыбысқа жауап беру уақыты», «түсті ажырату уақыты», «50 см сызықты екі еселендіру», «әріптер қатарын айтудың бірізділігі» және т.б. Кеттелл бұл тестерді ақыл-ойды өлшеуге болатын қарапайым функциялар тестті деп те атады. Джеймс Кеттелл тек атақты профессор ғана болған жоқ, сонымен қатар мықты психолог болды. Кеттелдің еңбектеріне қарап-ақ педагогика саласында пед өлшемнің маңызды екенін байқауға болады. Сондай-ақ Кеттелл өзінің тәжірибесінде бірінші көпшіліктен ақыл-ой тесттін алу керек екенін айтты және оны практикалық тұрғыдан өте шеберлікпен дәлелдеп те берді. Мысалы колледждің студенттерінің интеллектісін бақылау үшін тесттер құрастырып, зерттеу барысында бұлшық еттің күшінің өлшемі, қозғалыс жылдамдығы, сыртқы күшке деген сезімталдығы, құлақ пен көздің өткірлігі, есте сақтау қабілеттілігі, өкпенің дұрыс демалуы – осының бәрін адамның ойлау қабілетімен тікелей байланыстырған. Осы психодиагностиканың әдістемесі үшін өте маңызды. Қазір де Кеттелл мен Гальтонның кезіндегідей алынып жатқан тест нақты сынақ болып табылады. Өкінішке орай, қазір өкпенің көлемімен ешкім бағаламайды, алайда екеуінің арасында тығыз байланыс бар. Сонымен қоса Кеттелл психологиялық ғылымға қосқан үлесі оқылым мен тыңдалым дағдысын зерттей білді. Атап айтар болсақ, айналып тұрған барабаннан әріптерді көріп, сөздерді алдын ала айта алған. Сөйлесіп тұрған екі-үш адамдардың жанынан өте бере олардың әңгімелері мен көңіл-күйлерін бақылай алған. Ғалымның еңбегін саралайтын болсақ, адамға психдиагностика жүргізудің маңызды екенін түсінеміз. Ал психологиялық диагностиканың ерекшелігі мен міндетіне талдау жасайтын болсақ, біріншіден психологиялық диагностиканың ерекшелігі – психиканың ерекшелігі туралы мәліметтерді жинақтау. Міндеті – баланың жеке психологиясы туралы мәліметтер беру, ал тиімділігі – жиналған мәліметті балалардың өздері үшін де, мұғалімдер үшін де және ата-аналар үшін пайдалы екенін айтуға болады. Қазіргі кезде педагогикалық өлшем жүргізу үшін психолог маманның міндеті қандай деген сұрақтар туындауы сөзсіз.

Енді осы жерде К.Д. Ушинскийдің «Егер педагогика адамды барлық жағынан тәрбиелегісі келсе, онда ол адамды барлық жағынан тануы керек» деген сөзі дәлел бола алады.

Жалпы білім беретін мектеп білім алушыларға терең білім берумен қатар, олардың ауызекі тілі мен жазбаша тілін дамыту, ойын жүйелі айтып орамды сөйлеп әрі дұрыс жаза білуді талап етеді. Сондықтан қазіргі оқу процесі арқылы

білім алушылардың жазбаша тіл мәдениетін дамытып, жүйелі жазу дәрежесін көтеру мақсатын қояды.

Әрбір мұғалім «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» сабақтарында жазба жұмыстарына үйретіп, тіл дамыту сабақтарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білуде ең негізгі мәселенің бірі – білім алушының жас ерекшелігі мен білім қорына байланысты жазба жұмысын үйретудің міндеті мен көлемін анықтау болып табылады.

Мұғалім сол міндет пен көлемге байланысты жазбаша тіл дамыту жұмысының түрін, көлемін, оның әдіс-тәсілдерін белгілейді, анықтайды. [Әдістемелік нұсқау хат. 2018 – 194].

Сыныптағы бағалау тек оқушының біліміне баға беретін техникалық тәсілі емес, ол сондай-ақ білім алушының жетістігі мен кемшілігін түзетіп бағыт беретін нұсқау деп те айтуға болады. Мұғалімдердің жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында тек қана обьективті немесе жеткілікті дәрежеде обьективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады (Александер, 2001) [3-деңгей. МАН].

7-9 сыныптарда жаңартылған білім беру бойынша білімнің мазмұны өзгерген. Сонымен қатар, бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялдық бағалау жүйесіне өтіп отыр. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Баланың жаңжақты ізденуін ынталандырады. Критериялдық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, әсіресе, қазақ тілі пәндерінде баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қазақ тілі пәнін жүргізуде бағалауды дұрыс жүргізіп, пән бойынша тест жұмыстарын сапалы қолданып отырса, оқу үдерісін жетілдірудегі педагогикалық өлшемнің тиімділігіне мен мұғалім ретінде көзім жетіп отыр.

Мектепте оқушының білімін бекіту, қайталау, алған білімдерін жүйелеу және оны бақылау мақсатында пайдалануға болатын тесттің бірнеше түрлері бар.

*Тестің түрлері*: толықтыру тесті, таңдамалы тесті, еске түсіру тесті, сәйкестендіру тесті, реттік тесті, аралас тесті, кәсіптік бағдар тесті, баламалы тесті.

*1. Толықтыру тесті*: оқушыларға тапсырмалар сөйлем түрінде беріледі де сөйлемдегі кей сөз орынына (цифр, формула, сөз т.б.) немесе үш нүкте беріледі. Мұндай тапсырмалардағы жауап қысқа тұжырымды бір мәнді болуы қажет

*2. Таңдамалы тесті*: оқушыларға берілген тапсырмалармен қоса оның дұрыс жауабы және дұрыс емес жауаптары да беріледі. Тапсырмалар үлестірме қағаздар арқылы беріліп, оның жауабының саны төртеуден кем болмағаны дұрыс. Оқушының жауабы бағдарламамен сәйкес құрылым арқылы немесе перфокарта кілті болады.

*3. Еске түсіру тесті:* сұрақ нақты беріледі де, жауабы бір мәнді болуы қажет. Еске түсіру тестінің сұрақтарын түзегенде сұрақ нақты, анық қойылады, ал жауабын сөз, сан, формула түрінде де берілуі мүмкін.

*4. Сәйкестендіру немесе салыстыру тесті*: мағынасы бір-бірімен байланысты тапсырмала екі бағанға әр түрлі ретпен орналастырылады. Мұндай тесті жасауда бірінші бағанда қысқа тұжырымды сөйлем болса, екінші бағанда сәйкес сөз, белгі, сызба болуы керек.

5. *Реттік тест (ранжирования) тесті*: бақылау объектісі (құбылыс, шамалар, формула т.б.) ретімен жазылуы немесе айтылуы керек. Тесті тапсырма дайындағанда оның саны 10 шақты болғаны жөн.

6. *Аралас тесті*: оқушыға берілетін тапсырмаға байланысты әртүрлі тест түрінде (мысалы: толықтыру, таңдамалы т.б.) беріледі.

7. *Құрамалау тесті* (комбинированный): құрамында бірнеше пәндердің бір-бірімен үйлесуі арқылы жасалады.

8. Баламалы (альтернативный) тесті: тестің бұл түрін жасауда жауабын білуге ықпал ететін сөздерден аулақ болғаны жөн. Сөйлем қысқа тұжырымды, мазмұнды әрі бір мәнді болғаны дұрыс. Тестің мұндай түрінің жауабы сөзбен (дұрыс, дұрыс емес) ия немесе жоқ немесе белгілер арқылы +, — т.б. беріледі. Мұндай типтен тестік тапсырманы графикалық диктант үлгісінде де пайдалануға болады.

7-9 сыныптарда «Қазақ тілі» пәні бойынша тест тапсырмаларының түрлері де маңызды рөл атқарады. Бірнеше тест тапсырмаларының түрлерін ұсынуға болады.

1. Бір дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін тапсырмалар

2. Бірнеше дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін тапсырмалар

3. Сәйкестікті құру бойынша тапсырмалар

4. Жауапты тіркеуді талап ететін тапсырмалар (жауапты толықтырып жазу)

5. Логикалық және алгоритмдік реттілікті құру бойынша тапсырмалар.

Қазіргі білім беру үрдісінде өте жиі кездесетін тест түрлері «оқыту тесті» және «бақылау тесті». Оқыту тестінің мақсаты белгілі бір модульді не тақырыпты меңгертуге арналады, оқытушы негізгі рольді атқарады. Тапсырмалар сұрақ қою, жауап беру, есте сақтау, жазып алу, үйден ауызша қайталау, қайтадан жалпы сұрақ — жауап түрінде тексеру. Осыдан кейін барып, «Бақылау тесті» жүргізіледі, яғни оқушылардың тарау бо-

йынша немесе белгілі бір тақырып бойынша тарауларды қаншалықты меңгергенін анықтау үшін алынады. Мысалы, 9-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен мемлекеттік емтиханға дайындық барысында оқыту тестін сабақ барысында жүргізбей, бірден бақылау тестін алдым, нәтижесінде 50 пайызы ғана дұрыс жауап бергенін анықтасам. Ал, келесіде оқыту тестін өткізіп, тақырыпты меңгергеннен кейін, нәтиженің жоғары болғандығына көз жеткіздім. Бұндай тестердің тағы бір тиімділігі, егер ол әр модуль — тарау сайын өтсе, оқушылардың сабаққа дайындалуын тәртіпке немесе бір жүйеге келтіруге болады. Әр тестен кейін түзету жұмыстарын жүргізу міндетті түрде қажет. Арнайы дәптерге оқушылар қате сұрақты белгілеп отырса және де сол сұрақтың дұрыс жауабын өзара талдап, әрі мұғалім толықтырып отырса, нәтижесі жоғары болары сөзсіз. Осындай түзету жұмыстарын жүргізу нәтижесінде оқушылардың пәнге байланысты терминдердің нақты баламасын, «Қазақ тілі» пәні бойынша грамматиканы білмейтіндерін, қарапайым сұрақтарға оқушы көп зейін аудармайтынын анықтадым. Мұғалім тест тапсырмаларды тек оқушылардың білімін бақылауда ғана емес, білімін бекітуде де алып отырған тиімді. Тест тапсырмалардың көмегімен оқу барысында оқушылардың өз-өзін бақылауын да ұйымдастыруға болады. Осындай тапсырмалар оқушылардың дайындық деңгейін анықтайды, тақырып бойынша білімдерін өздігінен тексереді және өз-өзін бақылауды жүзеге асыру әдістерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылып кеткендей, әрбір тест жүргізгеннен кейін оқытудың нәтижесінің статистикасын алып отыру қажет. Жүйелі түрде тест алудың қорытындысы мына төмендегідей нәтижені берері сөзсіз.

Сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады.

1. Білімді өз бетімен алу жолдарын үйренеді.

2. Танымдық іс–әрекеті, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, тез шешім жасау әрекеті дамиды.

Қазіргі кездегі жаңартылған білім беру мазмұнында «Қазақ тілі» пәні бойынша тестілеу әдісін қолдану тиімді, пайдалы, әрі нақты педагогикалық өлшемнің бірі болып тұр. Қазір тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуда тест тапсырмаларының рөлі маңызды. Осы орайда тест әдісін қолдану білім сапасын бақылауға, білімді дамытуға, ұйымдастыруға, болжауға, тәрбиелеуге көп көмегін тигізуде. Бұл әдіс арқылы мұғалім уақытты үнемдей отырып, оқушылардың білім дәрежесін тез тексеруге мүмкіндік алады. Тест әдісін қолдану арқылы оқушының білім деңгейін көрсете алады және мұғалімнің жұмысының нәтижесін де көрсетеді. Оқушылар да өз білім деңгейлерін көре алады, өздеріне-өзі бақылау жасай алады және түзетулер енгізіп отырады. Ата-аналар да өз балаларының білімін бақылау мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Тестілеудің ерекшеліктері:

1. оқушы өзін-өзі бақылайды, бағалайды және кемшіліктерін анықтайды.

2. сапалық көрсеткіштерде жақсы нәтижеге жеткізеді.

3. нәтижесі тікелей белгілі болады.

4. барлық оқушыға бірдей талап қойылады.

5. оқушылардың білім дәрежесі әділ бағаланады, әрі оқытушының өз пікірінше ғана бағалауына жол берілмейді.

6.оқушылардың білім деңгейін білу үшін оқылған материал тегіс қамтылады.

Оқытудың коммуникативтік әдісінің енгізілуі оқушылардың игерген білімдерінің деңгейін анықтауға да жаңа сапалық өзгерістер әкелуде. Жалпы алғанда тест: педагогикалық тест, психологиялық тест, профессионалдық тест, т.б. бөлінеді.

Қазіргі кезде мамандық атаулының барлығы білімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, белгілі бір білім дағдыларының қалыптасуы, оларды керекті бағытына жаңаша ізденіспен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді. Баланың қабілетін өрістететін, дамытатын тек мектеп қана. Қазіргі кезде республикамызда білім беру ісін жаңғыртудың негізгі ұстанымдары ретінде демократияландыру, ізгілендіру ұстанымдары анықталды. Олардың талабы бойынша оқытудың басты мақсаты өздігінен білім алып, дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан теориялық материалдардың мазмұны, оқушының өздігінен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы және қызықты мазмұндалуы қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарым, тестілеу — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Ол үшін баланы бастауыш сыныптардан бастап тестілеу түрлерін білуге, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға дағдыландыру керек. Тестілеп бақылап оқыту әдісіне негізделген технология оқушының ойлау, елестету мен есте сақтауын, ынтасын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Біздің ойымызша, оқытудың мақсаты өз бетімен дами алатын, әр түрлі өзгермелі жағдайларда бағдар ұстай білетін, белсенді жеке тұлғаны, яғни субъективті тәрбиелеп шығару. Оқытудың ендігі жердегі мақсаты оқыту әдістерінің оқушының өз бетімен ізденіп қызмет жасау әдіс- тәсілдерімен толығуын қажет етеді. Осыдан жаңа шарттар мен талаптар да туындайды. Әдістемелік жүйені осылайша жаңалау, сәйкестік оқулық әдістемелік, дидактикалық — өте күрделі бақылауды, тексеруді, тестілеуді қажет ететін жұмыс.

Тестілеу қазіргі оқыту процесінде қолданыс тапқанымен әдебиеттер мен нұсқаулар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысы кез келген мұғалімнің қолынан келе бермейді. Тесттік тапсырмалар

туралы баспадан шығару аз болғандықтан мұғалімдер газет-журналдардағы мақалалардан ғана тапқанын басшылыққа алады. Қазақстандағы білім беру ісін өзгерту, стратегиялық міндеттерінің бірі – шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін дара тұлғаға терең білім беру. Осыған орай білім сапасы жөнінде әртүрлі пікірлер орын алуда. Білім алушылардың білім, білік, дағдысын тексеруде тестілеу әдісі тиімді болып отыр. Қазіргі бақылау мен бағалаудың, яғни тест түрімен тексеру барлық мектеп тәжірибесінде бар.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана 15 қаңтар 2018 ж.
2. В.А. Коккота: «Лингводидактикалық тестілеу» Жоғары мектеп, 1989 ж., 8-бет
3. Азимов Э.Г, Щукин А.Н. «Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігі» (тілдерді оқытудың теориясы мен практикасы) 2009. 448 б.
4. Әдістемелік нұсқау хат. 2018-2019 оқу жылы.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. 57-бет

**Бәкірова Жұлдызай Тұрғанбекқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 – Педагогикалық өлшемдер мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Эржанова Айгерім Нуржанқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 – Педагогикалық өлшемдер мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН КЕЙС ӨЛШЕМДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

**Аннотация.** Бұл мақалада кейс-стади әдісінің өзіндік белгілері, кейстің түрлері, жіктемесі көрсетіледі. Кейс-стади әдісінің оқу-танымдық ерекшеліктері сараланады. Сонымен қоса кейс-стади әдісін оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруда қолдану ерекшелігі көрсетілген.
***Тірек сөздер:*** кейс, кейс-стади, жағдаят, пікір-талас, дәйектемелер, ұсыныс-шешім, функционалды сауаттылық.
**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности кейсовой технологии, виды кейсов и классификация приемов использования метода кейс-стади. Актуальность данной работы обусловлена тем, что технологии на основе кейс-стади стали часто применяться в учебном процессе. А также особенности применения метода кейс-стади в функциональной грамотности учащихся.
***Ключевые слова*:** кейс, кейс-стади, обстоятельство, мнение-спор, обоснования, предложение-решение, функциональность грамотность.
**Abstract:** The article discusses the features of case technology, the types of cases and the classification of the methods of using the case study method. The relevance of this work is due to the fact that case-based technology has often been used in the educational process, as well as the application of the case herd method in the functional literacy of students.
***Keywords:*** case, case study, circumstance, opinion-dispute, justification, proposal-solution, the functionality of literacy.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда жаңа нарықтық қатынастарды игеру мен ақпараттық сұраныстардың қарқынды өсіп келе жатқан ағыны. Жаһандық компьютерлік жүйелерге ауысу, технологиялық үдерістің жылдам өрбуі заман талабына сай адамдарды үнемі өз білімдерін, өзін-өзі тәрбиелеуге итермелейді. Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесін әлемде болып жатқан келелі жаңалықтармен ұштастырып оқыту мақсатына байланысты еліміздің жоғары оқу орындарының алдына білім сапасына өзгерістер енгізу мәселесін міндеттейді.

Елбасы Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды [Жолдау, 27.01.2012]. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруі процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, алайда, кейбір балаларымыз мектептен алған білімдерінің қорытындысын өз мүмкіндіктерінде көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей де жатады. ОЖСБ әсіресе, ҰБТ-де өз білімдерін дәлелдей алмай да қалатыны жоқ емес. Осындай жайттардың алдын алу қағидалары функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Жалпы қазіргі кезде оқушыларға білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы

ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Осындай білікі мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады. Біз заманауи технологиялардың бірегейі ретінде кейс технологиясын алып отырмыз.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кейс–стади практикалық мәселелерді жан-жақты қарастыру арқылы пәннің теориялық мазмұнын толықтырады. Кейс–стади әдісі көмегімен өмірде туындайтын проблемаларға жауап іздену арқылы студенттер немесе оқушылар ертеңгі өмірде кездесуі мүмкін жағдайлар мен мәселелердің дұрыс шешімін табуға жаттығады. Кейс әдісі **–** болашақ маманның нақты пән бойынша, сондай-ақ кәсіби қызметтің басқа түрлері бойынша шынайы жағдайды және практикалық міндеттерді шешуге деген дайындығын қамтамасыз етеді.Студенттердің практикалық тәжірибесі мен теориялық білімдерін шыңдауға көмектеседі. Өз ойларын, идеяларын, ұсыныстарын білдіре алуды дамытады. Басқа біреудің көзқарасын тыңдай білуге және өзінің көзқарасына дәлеледер келтіре алуға көмектеседі.Талдамалық және бағалылық дағдыларды командада жұмыс істеуге дайындығын қалыптастырады. Шынайы өмірдегі мәселелерді шешудің біржақты еместігін көре білуге мүмкіндік туғызады. Кейс-стади әр-түрлі әдістер мен тәсілдерді біртұтас күрделі жүйеге біріктіреді. Олардың қатарына келесідей бірлескен жұмыс тәсілдерін жатқызуға болады:

– ой қозғау;
– модельдеу;
– пікірталас;
– талқылау мен жүйелі талдау;
– іскерлік және рөльдік ойындар;
– тәжірибе жасау;
– проблемалық әдіс;
– жазу тәсілдері [Долгоруков А., 2002, 22-44 б.].

Басқа жаңа технологиялардан артықшылығы:

1. Білім алушылар білім алу процесінде таңдау еркіндігіне ие болып, оқытушыны, пәндерді, оқу тәсілдерін, тапсырмаларды және оларды орындау жолдарын таңдай алады.

2. Оқытушы білім алушыларға теориялық мәліметті толығымен бермей, тек негізгі ұғымдарға тоқталып, теорияны практикалық тұрғыдан қолдануын қадағалайды.

3. Әр шәкірттің өзін-өзі басқару дағдылары қалыптасады, ақпаратпен тиімді түрде жұмыс жасауды үйренеді, қажетті мәліметті таңдайды, шешім қабылдайды, жауапкершілігі артады, өз іс-әрекеттерін жоспарлайды.

4. Оқытушы мен оқушылар арасында тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастық нығаяды, оқытушы әрбір оқушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескереді, олардың жағымды қасиеттеріне көңіл аударады.

5. Білім алушылар абстракциялы біліммен айналыспай, нақты нәтижеге әкелетін мәселелерді қарастыру арқылы (кәсіби практикада) кездесетін ситуацияларды зерттеу және талдау дағдыларын қарастырады.

6. Олар өз шешімдерін дәлелдеуге машықтанады, шешімдердің барлық баламаларын дұрыс бағалап, басқа пікірлерді ескеріп, жан жақты талдауды үйренеді.

Өзекті мәселелерді шешуде қажетті көрнекі материалдар: ғылыми әдебиет, мақалалар, видео-және аудиокасеталар, CD-дискілері, кейсте қарастырылатын компаниялардың өнімдерімен қамтамасыздандырылады.

Кәсіби құзыреттілікті, зияткерлік қызметтің дағдылары мен іскерлігін, оқушылардың оқуға қабілетін, әртүрлі ақпаратты қысқа мерзімде қайта өңдеу қабілетін бағалауға бағытталған әдіс әдісретінде біз кейс-әдісін алып отырмыз. Кейс-әдіс маман туралы ақпаратты алудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналады. Әдетте, кейс-өлшеуіштер сериясын проблемалық тапсырмаларды пайдалануда қолданамыз. Онда бағалау процедурасына қатысушыларға берілген мәселені шешу үшін қажетті, бірақ толық емес ақпаратты қамтитын нақты әрі кәсіби бағытталған жағдайды талдау ұсынылады. Кейс-өлшеуіштерді қолдану қажеттілігі оқушылардың тестілік сипаттағы сұрақтарға жауап бере алғанымен, кейбір кәсіби сапалардың жақсы деңгейде дамымауы себепті қолданылады. Себебі, функционалдық сауаттылық — бұл түрлі проблемалық жағдайларда тұлға кәсіби табысты қызмет ету үшін білімді, білікті, дағдылар мен жеке қасиеттерді қолдану қабілеті [Андюсев Б.Е., 2008.]. Кейс – өлшеуіштердің артықшылығы – оларды практикада пайдалану. Олар педагогтің кәсіби қасиеттері туралы, оның құзыреттіліктерінің қалыптасуы туралы толық түсінік алуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде білім беру саласында кейс-әдісті қолдану технологиясы нақты кәсіби қызметте көп кездеседі. Бұл тікелей проблемалық жағдаят барысында жағдайдың моделін жасау болып табылады. Кейсті шешу процесінде кәсіби позициялардың қосымша түсінігін бағалауға болады және функционалдық сауатты әрекеттерді бағалауға мүмкіндік береді.

«Функционалды сауаттылық» оқушының мектептегі алған орта білімінің күнделікті өмірінде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық қоғамдық, әлеуметтік экономикалық проблемаларды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі сала-

сындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді [Губанова М.И., Лебедева Е.П. , 2009, 123 с.].

Функционалдық сауаттылық оқушылардың танымдық қабілеттерінің деңгейін және оқушылардың өнімді жұмысының көрсеткішін білім деңгейі ретінде қарастырады. Бұл деңгей өмірдің әртүрлі саласындағы тапсырмаларды шешуде мектептік білім мазмұнының қолданбалық сипатына және оқушылардың игерген біліміне негізделеді. Сондықтан, қоғамдағы өмірлік пен практикалық іс-әрекеттердің дағдылары мен әлеуметтік іс- тәжірибені меңгеру үшін оқушылардың білім алу барысында негізгі және пәндік құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс. Мектептің алдында тұрған үлкен мәселе – шынайы өмірге белсенді, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой–өрісі кең, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушы білімнің қолданбалылығын дамытуды қамтамасыз ету [Методическое пособие, 2013]. Функционалды сауатты болу үшін оқу және жазу, жаратылыстану ғылымдарындағы,-математикалық, компьютерлік отбасылық өмір,-денсаулық және тағы басқа сауаттылықтар қалыптастыру қажет соның негізінде өмірлік дағдылар қалыптасады. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Биология сабақтары оқушылардың мәдениетін, ойлау интелектуалды дағдыларын сонымен қатар функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Бұл жұмыстарда берілген материалдар оқушылардың әр түрлі деңгейдегі функционалды сауаттылығына талдау жасау арқылы оқушының қалыптасқан оқу – білу құзіреттілігінің XXI ғасырдағы білім және ғылымның өзекті мәселелері. Мұғалім мен оқушының іс–әрекетінің байланысын әр түрлі кезеңдерде функционалды сауаттылығының қалыптасуын мақсаттылық, жоспарлау, шешім қабылдау, орындау, нәтежиеге баға беру арқылы жүзеге асыруға болады [Тунгасков А.И., Алимов А., 2013, 201 с.].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын кейс өлшемдер арқылы бағалау сауаттылықтың қалыптасу кезеңдерімен жүзеге асады.

1. Мақсат қою. Оқушы мәтінмен жұмыс істеу, тірек – конспектісін құру, бағдарланған сұрақтар құрау, сызбанұсқаны, суреттерді оқу, жаңа терминдермен жұмыс істеу, түсініктердің жүйелігін құру және алгоритімін анықтай білу.

2. Жоспарлау кезінде міндеттер қойып,проблемаларға талдау жасау. Ол үшін ақпарат көздерін таңдау қажет.

3. Шешім қабылдау үшін ақпараттарды пайдаланып, зерттеу жүргізу.

4. Орындалуы.Ол үшін білім беру обьектісімен жұмыс істей отыра орындау және оны өңдеу.

5. Нәтижелерді бағалау үшін жасалған жұмыстарға талдау жасау және егер қателіктер болса себептерін анықтау, өзіндік талдау, өзіндік бағалау жасау.

6. Білім обьектісімен жасалған жұмыс нәтижелерін қорғау және нәтижелерді бағалауға қатысу.

Осы кезеңдер арқылы оқушының іс–әрекеті анықталады. Оқушы білім алып қана қоймай, сонымен қатар білімді алу құралдарымен қарулану қажет. Бұндай сабақтар арқылы оқушының өзін – өзі бақылау картасының көмегімен қаншалықты интелектуалдық, ұйымдастырушылық және коммуникативтілік меңгерген деңгейін анықтауға болады. Сөйтіп, оқу үрдісі кезіндегі кемшіліктерді, алға басушылықтарды анықтай отыра қай жерде қателіктер жіберілді,нені қайталау керектігін түсінеді. Төмендегі кесте бойынша сыныптағы оқушылардың деңгейін анықтау арқылы сабақтың барысы кезеңдерінде функционалдық сауаттылықтың деңгейлерін анықтауға болады. Жалпы оқудың біліктілік және дағдыларының өзіндік бақылау деңгейлерінің анықтайтын картасы. (Оқушының аты–жөні, сыныбы) [http://adilet.zan.kz/rus/docs].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын кейс өлшемдер арқылы бағалау үш дәрежеде жүзеге асады.

«Өте жақсы» – кейс–тапсырма толық орындалды, көпшілік алдында презентацияға қойылған регламент аясында оқушылар сапалы жасалған талдау негізінде таңдалған шешімнің толық нақты дәлелдерін келтіреді. Жақсы теориялық білім көрсетіледі, проблемаға (-ларға) және оның пайда болу себептеріне негізделген жеке көзқарасы болады. Сол арқылы анықталған бірқатар проблемалар жағдайында олардың иерархиясын нақты анықтайды. Оқушы ауызша презентация кезінде қойылған сұрақтарға сенімді және тез жауап береді, сөз сөйлеуі визуализация тәсілдерімен сүйемелденеді. Кейс-тапсырманы орындау бойынша жазбаша есеп-презентация болған жағдайда кейстің құрылымдалған және егжей-тегжейлі талдауы жасалады, шешімнің ықтимал 3-5 нұсқаларын ұсына отырып, баламалы шешімдердің бірін түпкілікті таңдап, шешімді нақтылап дәлелдейді.

«Жақсы» – кейс–тапсырма толық орындалды, бірақ сөз сөйлеуге белгіленген регламент шеңберінде оқушылар таңдалған шешімнің толық нақты дәлелдерін келтірмейді. Талдау барысында артық теориялану орын алады немесе керісінше, теориялық негіздеме шектеулі, тек проблемаларға деген жеке көзқарас орын алады. Дегенмен оның пайда болу себептері анықталмайды. Ауызша презентация кезінде қосымша сұрақтарға жауап беруші кейбір қиындықтарға жауап береді, орындалған кейс-тапсырманың ауызша дайындалған тұсаукесері өте құрылымдалмаған түрде кездеседі. Кейс тапсырманы орындау бо-

йынша жазбаша есеп-презентациялар кезінде кейстің бірқатар фактілерді ескерместен, талдауы толық жасалмаған болып, барлық мүмкін болатын проблемалар анықталмайды. Шешімнің ұсынылған ықтимал нұсқаларының саны 2-3, баламалы шешімдердің бірін түпкілікті таңдау студентке қиынға соғады және нақты дәлелдері келтірілмейді.

«Қанағаттанарлық» – оқушылар кейс–тапсырманың 2/3-тен астамын орындайды, бірақ жасалған таңдауды нақты дәлелдей алмайды, сөз сөйлеуге белгіленген регламент шеңберінде шешімді анық ашқанымен, теориялық білімнің анық жетіспеушілігін көрсетеді. Проблемалық жағдаяттың қорытындылары әлсіз, фактілердің жеткіліксіз талдауын куәландырады. Сонымен қатар, шешім негізінде фактілерді немесе жорамалдарды түсіндіру орын алғанымен, мәселенің пайда болу себептеріне өз көзқарасы негізделмеген немесе жоқ болады. Ауызша презентация кезінде сұрақтарға қиын жауап береді немесе мүлдем жауап бермейді. Орындалған кейс-тапсырманың дайындалған тұсаукесері құрылымдалмаған болып кездеседі. Кейсті орындау бойынша жазбаша презентация болған жағдайда кейстің егжей–тегжейлі талдауы жасалмайды, барлық фактілер ескерілмейді. Шешімді түпкілікті таңдаудың нақты дәлелдері жоқ болып, шешімнің ұсынылған ықтимал нұсқаларының саны тек 1-2 құрайды.

«Қанағаттанарлықсыз» – кейс-тапсырма орындалмаған немесе үштен кем орындалған. Кейсті талдау кезінде детализация жоқ, ауызша немесе жазбаша мазмұндама құрылымдалмаған болады. Шешім сөз сөйлеуде немесе есеп-тұсаукесерде көрсетілсе, онда ол кейсте қойылған мәселені шешу болып табылмайды .

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарымыз оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді. Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жыл 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»
2. Долгоруков А. Case-study как способ (стратегия) понимания. Практическое руководство для тьютора системы Открытого образования на основе дистанционных технологий. Под ред. А. Долгорукова. М.: Центр интенсивных технологий образования, 2002. С. 22-44.
3. Андюсев Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей//Директор школы. №4. – С. 61-69.
4. Губанова М.И., Лебедева Е.П. Функциональная грамотность младших школьников: проблемы и перспективы формирования [Текст]//Начальная школа плюс до и после. – 2009. – №12
5. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы по предметам естественнонаучного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 38 с.
6. Тунгасков А.И., Алимов А. Формирование функциональной грамотности младших школьников на уроках в начальной школе//http://www.myshared.ru/slide/536583/ – 2013. – 7с.
7. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы, http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000832

**Бәшімбаева Ләйлә Нұрланқызы,**
2 курс магистранты,
«6П012400-Педагогикалық өлшемдер» факультеті,
Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы қаласы

**Әбетова Гүлнұр Дарханқызы,**
2 курс магистранты,
«6П012400-Педагогикалық өлшемдер» факультеті,
Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы қаласы

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мектепке дейінгі балаларды оқытуда танымдық іс-әрекетке даярлаудың әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар, «Тәй-тәй» технологиясының тиімділігіне баса назар аударылады. Балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сәйкес жұмыстың түрін таңдау ұсынылады.

**Кілт сөздер:** танымдық даярлық, мониторинг, әдістер мен тәсілдер, шығармашылық, дамыту.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются методы и приемы мониторинга познавательной подготовленности детей дошкольного возраста к обучению. В том числе подробно остановится на эффективности технологии «Тәй-тәй». Рекомендуется выбрать форму работы в соответствии с интересами и возможностями детей.

**Ключевые слова**: познавательная подготовка, мониторинг, методы и приемы, творчество, развитие.

**Abstract.** This article discusses methods and techniques for monitoring the cognitive readiness of preschool children to learn, including a detailed discussion of the effectiveness of the "Tai-tai" technology. It is recommended to choose the form of work in accordance with the interests and capabilities of children.

**Keywords**: cognitive training, monitoring, methods and techniques, creativity, development.

## КІРІСПЕ

Жас ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндетті шешуге мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиенің орны ерекше. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл-ойының, сана-сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мақсатты қоғам талабынан туады. Өйткені елімізге Отанын сүйетін, білімді, моральдық бейнесі жоғары, шығармашылық еңбекке бейім, рухани дүниесі бай, жетілген адамдар қажет [Бабенко А., 1990, 32 б.].

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауында «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Себебі, баланың жеке басын жан-жақты дамыту және мектепке дайындау ісі–қазіргі кездегі білім беру саласындағы аса маңызды мәселенің бірі болып отыр. Жалпы білім беретін мектептердің 1-сыныбына қабылданатын балалар, мектептегі оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайды. Олардың сәтсіздіктерінің басты себебі, олардың мектепке дайындығының аздығы немесе оқуға дайын еместігі. Мектепке берерде баланың тек биологиялық жасына, денесінің дамына, психологиялық дамуының өлшемдерін шығару – бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр.

«Ел боламын десеі – бесігіңді түзе», «Ұлыңа бес жасқа дейін патшадай қара» деген ата-бабалардың ұлағатты сөздерін заман талабына орай іске асыру жауапкершілігі – отбасы, балабақша мен мектеп, жалпы халық болып бірлесе атқару қажеттігін көрсетуде. Сондықтан да, қазіргі кезеңде мектепке дейінгі тәрбие жұмысын жалпы халықтық ортақ іске айналдырудың қажеттілігі өзекті сипатқа ие болып отырғаны анық.

Баланың мектептің өміріне дайындау маңыздылығын «7 жас дағдарысының» теориялық негізін (Л.С. Выготскийден бастап, ресейлік ғалымдар А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, В.В. Давыдов, Е.Е. Кравцова т.б.) ғалымдар жан-жақты зерттеген.

Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасына осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек» деп айтылған [Жолдау, 5 қазан 2018.].

Елімізде жалпы білім беретін мектептерде 0–дік сыныптар жұмысы қарқынды жүруде. Мектепке даярлық сыныптарын аяқтаған балалар-

дың барлығы жалпы білім беретін мектептердің 1-сыныптарына қабылданады.

Баланы мектеп өміріне дайындаудың маңызын зерттеумен айналысын жүрген барлық ғалымдарда қуаттайды. Мәселен, бала өмірін табиғи қажеттіліктері мен әуесқойлықтарын қанағаттандыратындай етіп ұйымдастырып, оның жаңа білімдері мен жаңа қыщығулары қалыптасуы үшін, баланы үнемі жаңалықтармен қамтамасыз етіп отыру керектігін дәлелдейді. Осы пікірді қолдай отырып, Дубровина И.В. оны былайша жалғастырады: мектептің 1-сыныбына барынша жақсы дайындықпен келетіндер – мектепке дейінгі кезеңде отбасында, балабақшада жүйелі түрде оқыту жұмыстары жүргізген балалар. И.В. Дубровина өзінің көпжылдық экспериментерінің нәтижесіне сүйене отырып, оқушының 1-сыныптың басындағы оқу үлгеріміне мұғалім де, бағдарлама да емес, баланың мектепке дайындығы әсер етеді, сондықтан баланы дер кезінде дайындау кере деп қортындылайды [Балабақшаға арналған ойыншықтар мен құралдар, 1988].

Мектепке даярлық деңгейін анықтауда негізгі басшылыққа алынатыны, оқу және жазу іскерліктерінің шамасы. Ал, баланың жаңа ортаға түсуіне байланысты көңіл күйінің сипаты, сынып-сабақтық жүйеге төзімін білдіретін еріктік қасиеттері; жазба білімдерді қабылдап, игеуге қажет таным процесстерінің даму деңгейлері тексеріле бермейді. Бұдан шығаратын қорытынды – балалардың мектепке дайындығының көлемі пеадгогикалық тұрғыдан қарастырылғандығы.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі таңда мектепке дейінгі орындарда инновациялық технологияны ендіруге көптеп күш жұмсалуда. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті – әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым-қатынасы болып табылады. Қарым-қатынас жасауда үлкендер жағынан балаға мынадай жағдай туғызу қажет: «Бала біздің болашағымыз, қоғамыздың азаматы». *Оның мақсаты:* Баланы жеке тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

– Денсаулық сақтау технологиясы
– «Тәй-тәй» технологиясы
– Жобалы-іс шығармашылығы
– Ізденіс-шығармашылық технологиясы
– Қатынастық-ақпараттық технология
– Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы
– Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы.
– Ойын технологиясы.
– Триз технологиясы және т.б.

Мұндай педагогикалық технологиялардың жан-жақты тараған түрінің бірі «Тәй-тәй» технологиясы. «Тәй-тәй» технологиясының негізін қалаушы М. Мантессори. Мантессори педагогикасының негізі-арнайы орта құрып, онда баланың өзін-өзі дамытуына ықпал жасау. М. Мантессори: «Баланың өзіп жетілуі үшін не қажет?» – деген сұрақ қойып,оның қажеттілігі,өзіне қызмет етуге, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс болып табылатынын өзі ашқан мектептерде дәлелдеп берген. Сондықтан баланы өмірге бейімдеу дамытушылық ортада жүзеге асады. Дамытушылық ортасы дегеніміз – балалардың қызығушылығын туғызатын алуан түрлі, тартымды материалдар ашық қолжетімділікте болатын, педагог жасаған зат-кеңістік ортасы; ондағы балаларды оқыту және тәрбиелеу жағдайы әрбір балаға өзінің жеке қарқынмен дамуға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «Тәй-тәй» технологиясы мен әдістемелері оқу-тәрбие үрдісінде қолдануда тиімділігін байқадық. «Тәй-тәй» технологиясының негізгі мақсаты әр баланың жеке қабылдауы мен даму кезеңдерін есепке ала отырып білім беру.

Технологияның балаларға іс-әрекеттерді таңдау мүмкіндігіне, зерттеу ісімен шұғылдануына, іскер және тапқыр болуына жағдай жасайды. Сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісіне отбасы белсенді қатысады. Ата-аналар жалпы ашық есік күндері өнер орталығына қатысып, өткізілген әртүрлі тақырыпқа сай табиғи материалдардан заттық мазмұнды және сәндік сурет салу, немесе сәндік бұйымдар жасауға жетекшілік етеді. Алдын ала дайындық жұмыстар жүргізіліп табиғи материал қалдықтарын жинауға көмектеседі. Ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізіледі. Өнер орталығында балалардың қабылдауын, көрнекі-бейнелі ойлауын, зейінін дамытуға, дербестігімен жауапкершілігін қалыптастыру, ұсақ саусақ қозғалыстарын, епті ліктерін дамыту арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Алтын күз апталығына орай ұйымдастырылған «Ертегі ата-ана көзімен» атты тәрбиелік шарада ата-ана мен балалар бірлесе күзгі өнім әртүрлі көкөністерден ертегі кейіпкерлерін жасады. Ата-аналар өз балаларының алғашқы ұстаздары мен адвокаттары. Балабақшадағы балалардан коммуникативтік тілдік құзіреттілікті меңгерген, ана тілі мен ұлтаралық тілді меңгеруге мүмкіндігі бар, ересектермен және құрдастарымен еркін қатынас жасайтын мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруда ата-анамен тәрбиешілердің бірлесе жұмыстануының маңызы зор.

Сондықтан, «Тәй-тәй» технологиясы бойынша ата-аналар берілген білімді үйде бекітіп, толықтыруға көмектеседі; тәрбиешілер балалардың үйдегі үйренгенін оқу бағдарламасын игертуге пайдаланады. Мұнда ата-аналардың қатысы қандай түрде болмасын қолдау табады: олар тәрбиешіге сабақ үстінде көмектесуі мүмкін; ата-

аналар алқасы салмақты шешімдер қабылдауға белсенді қатысады; олар балаларының жақсы жақтары мен көмек қажет ететін әлсіз жақтары туралы мәліметтер бере алады. Балабақша мен отбасының байланысы тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара құрметі мен сеніміне және әріптестік қарым-қатынас орнату үшін бірлесе күш жұмсауында.

«Тәй-тәй» технологиясы бойынша жұмыстануда тәрбиешінің қызметіне келсек, «Тәй-тәй» технологиясымен жұмыс істейтін топтардағы тәрбиешілер мәлімет беруші емес, бағыттап, танымдық процесті жеңілдетеді. Ол біліктілікті ынталандырып, оқуға деген жауапкершілікті бөліседі; ол топтағы ортаның қауіпсіздігін жоспарлайды. Тәрбиеші балаларды түрлі материалдармен қамтамасыз етеді және қоршаған ортамен шектеусіз қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай туғызады. Тәрбиеші балаларға ашық сұрақтар қою арқылы балалардың зерттеу мен жаңа мәліметтерді игеруіне көмектеседі. Ашық сұрақтарға бірнеше жуық жауаптар берілуі мүмкін. Олар сонымен қатар баланың ойлау жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. Сұрақ-жауап ойлауды ғана емес, баланың тілін де дамытады. Тәрбиеші балалармен бірге ойнайды, әңгімелеседі. Ол балалардың білсем деген ынтасын бөлісіп, олар ұйымдастырған заттың бәріне қызығушылық танытады.

«Тәй-тәй» технологиясы арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаға өз бетімен жұмыстануға жағдай туғызады. Балалар да өздерінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сай жұмыс түрін таңдау арқылы жекешелендіруді жүзеге асырады. Қызықты, әрі икемделген жұмыс түрлерін (тапсырмаларды) жоспарлап, әр баланың қалай орындағанын немесе ойнағанын бақылай отырып, тәрбиеші материалдар мен тапсырмаларды ауыстыруы, не жеке балаға бейімдеп өзгертуі мүмкін. Әр баламен жеке жұмыс жасау үшін топтық жұмыстарды шағын топтарда өткізу тиімді. Осындай көзқарас пен оқыту баланың өз деңгейінде өсуі мен дамуына игі әсер етеді [Психологиялық тапсырмалар мен ойын, жаттығулар, 2003].

Қазіргі кезде осы салада отандық ғалымдар мен әдіскерлер көптеген зерттеулер жүргізіп, оның нәтижелерінен туындаған әдістемелік құралдарды тәжірибеге енгізуде. Мектепке дайындықты анықтаудың ең қарапайым түрі – мектепке түсу кезіндегі баланың табысты оқу үшін құзыреттілік жағдайы. Белгілі американдық Head Start мектепке дейінгі бағдарламасында "тәуекел тобындағы" балаларды мектепке дайындауға бағытталған бағдарламаның негізгі компоненттері:

1. Ауызша сөйлеу және сөйлеуді түсінуді, тілдік білімі мен білігі;

2. Оқу алғышарттары (фонологиялық хабардарлық, алфавиттік білімі және т.б.)

3. Қарапайым математикалық білімі мен дағдыны қоса алғанда білім мен дағдылар, сандарды білу, кеңістіктік және уақыттық көріністерді білу;

4. Баланың оқу жетістіктерімен және дамуымен байланысты когнитивті қабілеттер;

5. Ерте оқумен және мектеп үлгерімімен байланысты әлеуметтік және эмоциялық даму деңгейі;

K.M. La Paro және R.C. Pianta айтуы бойынша, мектеп дайындық скринингтен өткізу АҚШ-та өте таралған. Мектепке дайындық көптеген компоненттерден тұрса да, практикада дайындықты бағалау, әдетте, балалардың оқу алдындағы дағдылары мен мінез-құлқын өлшеуге және болжауға бағытталады. Канадада мектепке түсер алдында мектеп дайындығының скрининг өткізіп балалардың даму деңгейін және дамуды бағалау әдістемесі Early Development Instrument қолданылады. Бұл мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы педагогтарға арналған 104 сұрақтан тұратын, онда бес параметр бойынша – ерте жастан баланың дамуының шкаласы:

1. Физикалық денсаулығы және әл-ауқаты.

2. Әлеуметтік білімі және құзыреттілігі.

3. Эмоционалды денсаулығы және жетілуі.

4. Тілдік және когнитивті дамуы.

5. Коммуникативті дағдысы мен қарым-қатынасы.

Мектепке дайындықты анықтауда көптеген тесттері әрбір балаға жеке алынады. Оның ішінде когнитивті дағдыны (әріпті білу, санау, оқу, сан, хат жазу) өлшеу тесті және әлеуметтік дағыларды (өзін-өзі қадағалау, оқуға қызығушылық, мәселені шешуде дербестігі) бағалау тесттері. Мектепке берерде баланың тек биологиялық жасына, денесінің дамына, психологиялық дамуының өлшемдерін шығару – бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Баланың мектептің өміріне дайындау маңыздылығын «7 жас дағдарысының» теориялық негізін жасаған Л.С. Выготскийден бастап, ресейлік ғалымдар А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, В.В. Давыдов, Е.Е. Кравцова т.б. жан-жақты зерттеген.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Балалардың мектепке дайындық мәселесі бүкіл әлемдегі педагогтар мен ата-аналарды алаңдатады. Атап айтқанда, АҚШ-та дайындық сыныптарының педагогтары мектепке түсетін балалардың шамамен үштен бірі мектепке нашар дайындалғанын хабарлайды. Мектепке дайындық деңгейін анықтау және өлшеу білім беру саласындағы мамандар арасында пікірталас тудырады. Мектепте оқуды бастау жасы бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді. Ұлыбританияда, Нидерландыда және Австралияда баланы мектепте оқытуға бес жылдан бастап, ал Германияда- алты жастан, Швецияда, Норвегия мен Финляндияда балалар жеті жастан мектепте оқуды бастайды.

Румынияда әр жылдың 15-і қыркүйегінде алты жасқа толған балалар мектепке барады, бірақ заң нақты жас ерекшелікте мектепке баруды талап етпейді. Осылайша, бірінші сыныпта алты жастан сегіз жасқа дейінгі балаларды кездестіруге болады. АҚШ-тың 39 штатында балалар бес жастан мектептің дайындық («kindergarten») сыныбына түседі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту басты мәселеге айналып келеді. Балаларға берілетін білім мазмұнын игерту және оларды тұлғалық жағынан үйлесімді қалыстастырудың өзі басты басым бағыттардың бірі ретінде танылып отыр. Әсіресе, мектепалды даярлық тобындағы балаларды оқу әрекетін меңгертуге даярлау маңызыды болып отыр.

5-6 жасар баланың мектепке дайындығы отбасында, мектепке дейінгі мектепалды даярық тобында немесе жалпы білім беретін мектептің мектепалды даярлық сыныбында, сонынмен қатар, мектепке дейінгі шағын орталықтарда мектепалды даярлық бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Дүниежүзілік тәжірибеге үңілсек, балаларды 6-тан бастап оқыту пайдалы екенін растап отыр. Ал қазіргі зерттеулерде, 5-6 жаста болатын интеллектуалдық деңгейдің 2/3 бөлігіне жететінін дәлелдеген. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлімі баланың мектепте білім алуға бағытталған баланың әлеуеттік мүмкіндігін ашуды көздейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бабенко А. Помочь ребёнку [адаптироваться в детском саду]. Дошкольное воспитание. – 1990. – №11. – с. 32-34.
2. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқына жолдауы» 2018ж., 5 қазан.
3. Балабақшаға арналған ойыншықтар мен құралдар. – Алматы, 1988.
4. Балаңыз мектепке дайын ба? Психологиялық тапсырмалар мен ойын, жаттығулар. - Астана, 2003.

**Бегалиева Нұргүл Үсейінқызы,**
аға оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты,
теориялық және практикалық психология кафедрасы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Жиенбаева Айжан Сабиталиевна,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАБЫСТЫ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Андатпа.** Мақалада студенттердің жоғары оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне ықпал ететін негізгі факторлармен қатар, мәселенің объективті және субъективті көрсеткіштерін жан-жақты талдаған шетелдік, ресейлік, отандық зерттеушілердің теориялары қарастырылады. Студенттердің жоғары мектепке сәтті бейімделуінің негізгі шарттарының бірі ретінде дұрыс таңдалған мамандық, әлеуметтік және тұлғалық факторлардың басты орын алады. Сонымен қатар, бейімділікке қатысты жазылған тұжырымдар жинақталып, баяндалады.

**Кілттік сөздер:** жоғары оқу орны, студент, субъект, бейімделу критерийлері, әлеуметтік-психологиялық бейімделу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются как основные факторы, влияющие на социально-психологическую адаптацию студентов к вузу, так и теории зарубежных, российских, отечественных исследователей, которые всесторонне анализировали объективные и субъективные показатели проблемы. Кроме того, обобщаются и изложены выводы о том, что в качестве одного из основных условий успешной адаптации студентов преобладают правильно выбранные специальности, социальные и личностные факторы в высших школах.

**Ключевое слово:** высшее учебное заведение, студент, субъект, критерии адаптации, социально-психологическая адаптация.

**Annotation.** The article considers both the main factors that affect the socio-psychological adaptation of students to higher education, and the theories of foreign, Russian, and domestic researchers who comprehensively analyzed the objective and subjective indicators of the problem. In addition, the conclusions are summarized and presented that one of the main conditions for successful adaptation of students to Higher education is dominated by correctly chosen specialties, social and personal factors.

**Keywords:** higher education institution, student, subject, criteria of adaptation, social and psychological adaptation.

## КІРІСПЕ

Жоғары оқу орнына студенттердің бейімделу процесінің ерекшеліктеріне, бейімделу жағдайын талдауға, бейімделу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуына, оқытудың бастапқы кезеңінде студенттер кездесетін қиындықтарға, бейімделу үдерісіне педагогикалық өзара іс-қимылдың әсеріне арналған бірқатар зерттеулер бар.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылым әлеуметтік-психологиялық бейімделудің критерийлерін қарастырады: тұлғаның жаңа орта жағдайына бейімделуін анықтайтын өлшемдер (А.А. Нерсесян, С.И. Розум, В. Казанская, Л.В. Куликов және т.б.), тұлғаның кәсіби қалыптасуына және дамуына әсер ететін кәсіби қызмет жағдайларына бейімделуін сипаттайтын өлшемдер (Ф.Б. Березин, С.А. Дружилов, А.А. Реан, А.Р. Кудашев, А.А. Баранов және т.б.), жоғары, орта, бастауыш білім беру мекемелерінің студенттерінің жаңа оқу орнына әлеуметтік-психологиялық бейімделу критерийлері (М.В. Дугинец, М.В. Яковлева, В.Г. Хорошко, Н.А. Нестеренко, Ю.И. Толстых, А.В. Бучкин және т.б.). Сонымен қатар, Ф. Алексеева, К.М. Бодрова, С.В. Васильева, С.В. Дроздов, И.А. Милославова, А.Г. Мороз, А.Д. Смирнова, М.С. Яницкий және басқалар жоғары оқу орнындағы оқу процесіне студенттердің бейімделуінің динамикасын зерттеп, бірінші курс студентінің бейімделу мазмұнын, кезеңдерін, әсер етуші факторларды, кездесетін қиындықтар менерекшеліктерді, оны жеңу жолдарын анықтаған. Н.Г. Колызева, Т.И. Ронгинская студенттің алғашқы оқу кезеңіне бейімделуіне оның тұлғалық қасиеттері мен маңыздылығын көрсеткен.

Сонымен қатар, Қазақстанда осы мәселеге қатысты біршама жұмыстар зерттелінген. Атап айтқанда, профессор С.М. Жақыповтың басшылығымен А.Т. Изақова өзін-өзі танудың мағына құрушы факторларының мамандық таңдауға

әсерін [Изакова А.Т., 2003, 30 с.], Г.М. Кәрібаева мамандық таңдаудың мотивациялық құрылымының ерекшеліктері мәселесін зерттеді [Кәрібаева Г.М., 2016, 210 б.]. Профессор Ж.Т. Түрікпенұлының «Оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар» деген еңбегі студенттің дұрыс таңдаған мамандығы жоғары оқу орнына сәтті бейімделуіне және әрі қарай сол мамандықтың игеріп алып кетуінің басты шарты екендігін айтады [Түрікпенұлы Ж., 2014, 108 б.]. Сондай-ақ, отандық зерттеушілер А.Р. Ерментаева өзінің көп жылдық зерттеуінде жоғары мектептегі өзіндік даму тәсілдерінің мақсатқа сай болмауы студенттердің психологиялық дайындау процесінің субъектісі болуын қиындататынын айтады. Ол үшін алдымен студенттердің психологиялық мәдениетін қалыптастыру керек. Тек психологиялық мәдениет қана кез келген жағдаяттан тыс субъектіліктің, басқаларға рухани-адамгершіліктің қатынастың тұрақтылығын барынша анықтайды. Олай болса, субъект-бағдарлы психологиялық дайындау студенттердің жоғары мектепке табысты бейімделуіне оң ықпалын тигізеді. Тек сонда ғана жоғары оқу орындарында студенттердің тұлға маман ретінде қалыптасуы негізді деп санаймыз, – дейді [Ерментаева А.Р., 2006, 34-39 б.]. Ал, Ж.Ж. Бейсенова [Бейсенова Ж.Ж., 2019, 2-4 б.], Э.К. Қалымбетовалар [Қалымбетова Э.К., 2005, 28 б.] өз зерттеулерінде жоғары оқу орнындағы мамандарды даярлаудың барлық жүйесі студенттерде тек арнайы білім, білік, іскерлік, дағды ғана қалыптастырып қоймай, сонымен бірге олардың кәсіби шеберліктерін жетілдіру мақсатында түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді, оның ішінде психологиялық тренингтерді ұйымдастыру арқылы педагогикалық жүйе ретіндегі жоғары оқу орны қызметінің нәтижесін көрсетуі қажет. Сонда ғана студенттердің жаңа ортаға, университеттің жаңа жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделуі табысты болатынын айтады.

Зерттеуші педагог-психологтар студенттердің бейімделуіне әсер ететін факторлардың екі тобын бөледі: әлеуметтік-педагогикалық және жеке-тұлғалық. Студенттердің жоғары оқу орнында оқу жағдайына дағдылану үдерісі олардың өмір сүру, қарым-қатынас және оқу іс-әрекетінің барлық деңгейлерін қозғайды.

Оқытудың жаңа жағдайларына студенттерді әлеуметтік-психологиялық бейімдеу критерийлері объективті және субъективті болып бөлінеді. *Объективті өлшемдер* жетекші қызметті (оқу-кәсіптік) игерудің табыстылығын, сондай-ақ оның өнімділігін; субъектінің әлеуметтік топ кеңістігіндегі жағдайын, оның әлеуметтік мәртебесін айқындайды. *Субъективті критерийлер* – бұл орындаушының тіршілік әрекетінің түрлі аспектілеріне және өзіне саналы немесе бейсаналы қанағаттану дәрежесін айқындайтын белгілер, бұл жағдайда оның жалпы оқу орнына көзқарасы; студенттермен, оқытушылармен және әкімшілікпен қарым-қатынасы; сезімдер, нанымдар мен тілектер: оқу процесімен, өзінің жетістіктерімен қанағаттануы, студенттік топтағы өзара қарым-қатынастарымен ресми және бейресми қарым-қатынастар жүйесіндегі өз ұстанымын бағалау.

А.В. Бучкин студенттердің жоғары оқу орнына бейімделу мәселесін зерттей отырып, *объективті көрсеткішке білімгерлердің оқу іс-әрекетіне қарым-қатынасы, жалпы дағдыларының деңгейі*, мамандыққа практикалық дайындығы, мамандыққа қызығушылығы, таңдалған мамандыққа сәйкес келу дәрежесі, шығармашылық белсенділіктің көрінісі, оқу орнын бітіргеннен кейін жоспарлардың болуы, өзіндік кәсіби қызметке дайындық деңгейі, студенттік топтағы ұстанымы, білім беру процесінің субъектілері: білім алушылармен, оқытушылармен, әкімшілікпен өзара қарым-қатынас сипаты, оң қызығушылықтың болуы жататынын, ал, *субъективті критерийлерге* білім алушылардың таңдаған кәсіптерімен және өндірістік оқытуды ұйымдастыру шарттарымен қанағаттану деңгейі, ұжымдағы өз жағдайымен қанағаттану деңгейі, білім алушының ұйыммен және бос уақытты өткізумен қанағаттану деңгейі жататынын айтады [Бучкин А.В., 2012, 25 с.].

Е.В. Витенбергтің пікірінше, студенттің жаңа оқу ортасына табысты бейімделуіне бірнеше факторлардың тұтас кешені әсер етеді: студенттердің оқу іс-әрекетінің ерекшелігі, тіршілік әрекетінің жаңа жағдайлары, жеке ерекшеліктері (психологиялық қорғау тетіктері, сипаттың белгілері), педагогикалық жүйеге бейімделу факторы (білім берудің жаңа жүйесіне бейімделу, бақылау, талаптар). Студент жаңа әлеуметтік ортада тұрып және белгілі бір әлеуметтік тәжірибесі бар екі әлеуметтік факторлардың әсерін сезінеді: жоғары оқу орнынан тыс әсер ететін және жоғары оқу орны жүйесінде әсер ететін адамдар. Жоғары оқу орнынан тыс әсер ететін факторлар тобына макроәлеуметтік факторларды жатқызуға болады (маңызды әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру, елдің экономикалық дамуы, әлеуметтік-мәдени жағдайлар) және микроәлеуметтік факторлар (отбасы құрамы, әлеуметтік және коммуникативтік құзыреттілікті, жекебелсенді ұстанымды қалыптастыруға әсер ететін отбасындағы тәрбие ерекшеліктері) [Витенберг Е.В., 1994, 16 с.].

Жоғары оқу орнына бейімделудің сәтті болуына әсер ететін ол студенттің өзін-өзі бағалауының позитивті болуы, шынайы өзін қабылдау, мазасыздығының төмендігі, қоршаған адамдармен қарым-қатынаста ашық болуы. Бұл студенттердің даралық-индивидуалды ерекшеліктеріне байланысты.

Бейімделу әртүрлі аспектіде қарастырылуы мүмкін, жалпы алғанда адам бүтін құрылым ретінде бейімделенеді: ағза ретінде (физикалық

бейімделу), индивид ретінде (психологиялық бейімделу), жеке тұлға ретінде (әлеуметтік бейімделу), еңбек субъектісі ретінде (кәсіби бейімделу)

Бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір-бірімен үздіксіз, ұдайы байланыста. Әлеуметтік бейімделу белгілі бір ұйымның мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормаларын және де сол топтағы өзінің әлеуметтік рөлін игеру мен қабылдау үрдістерінде бейнеленеді. Студенттердің жоғары оқу орнына табысты бейімделуі мынаны білдіреді: біріншіден, компеттентілік пен шеберлікті және білім мен дағдыны игеру жүреді, екіншіден, студенттің психикалық ұйымдасуы – когнитивті және жеке бас процестері өзгереді.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге жастардың бейімделуі білім беру мәдениетімен, кәсіби сферада – кәсіби мәдениетпен байланысты. Әлеуметтік бейімделудің басты мақсаты – әлеуметтік жүйе дисфункциясына төтеп бере алу, әлеуметтік субъектінің қоршаған ортамен өзара байланысын тепе-теңдікке келтіру. Жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу нормаларды қалыпқа келтіруге, әлеуметтік субъектілермен әлеуметтік пайдалы қатынастарды құруға, қарым-қатынасты, мінез-құлықты, әрекетті позитивті өзгертуге бағытталған.

Отандық зерттеуші психолог М.Қ. Бапаева өзінің көп жылдық еңбегінде оқытушы мен студенттің жеке тұлғалық позицияларының өзгеруіне байланысты ынтымақтастық формаларының өзгеруі оқу субъектісінің өзін-өзі өзгертуінің мүмкіндігін тудырады. Ынтымақтастық формалары оқытуды басқару кибернетикалық модель типінде емес (кейбір зерттеушілердің образды теңеулері бойынша студент берілген курспен жүретін рульді басқарушы), басқарудың психологиялық моделі типінде, студент соңында капитан сияқты, өз бетімен оқыту мақсатының мазмұнын айқындайтын бағыт алады [Бапаева М.Қ., 2006, 176 б.]. Бұдан біз ынтымақтастық формалары арқылы студентті жоғары мектептің оқу үрдісіне табысты бейімделуі негіз бола алады деген қорытынды жасауымызға да болады.

Бірінші курс студенттерінің жаңа тәрбие-білім беру ортасына тиімді бейімделуі тиісті педагогикалық міндеттердің мазмұнын анықтайтын мақсат болып табылады.

Зерттеушілер студенттердің бейімделу үрдісінің 4 аспектісін көрсетеді.

1. Бейімделудің психофизиологиялық аспектісі жылдар бойы қалыптасқан динамикалық стереотиптің өзгеруі. Ол жаңа бағдарлар мен әдеттерінің қалыптасуымен байланысты.

2. Әлеуметтік аспект олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін және жаңа ұжымға үйренулерімен байланысты.

3. Педагогикалық аспект студенттердің жаңа оқу жүйесіне бейімделу ерекшілігімен байланысты.

4. Кәсіби аспект студенттердің әлеуметтік кәсіби топқа ену үрдісін және оның болашақта нақты еңбек әрекеттерінің шарттарын игерумен байланысты.

Бірінші курс студенттерінің бейімделуін жаңа оқу әрекетінің шарттарына және қарым-қатынаста бейімделудің күрделі үрдісі деп сипаттауға болады.

Ғалым-зерттеушілер психологиялық тұрғыдан бейімделу мазмұнын төрт кезеңге бөлуге болады:

1. Дайындық кезеңі – студенттің өзін-өзі анықтаумен және оқуға бейімделудің бір кезеңімен байланысты қиыншылықтарды жеңу үшін алғашқы психологиялық базаны қалыптастыру.

2. Бағыт-бағдарлы кезеңі – студенттің сол оқу орнының нормаларына, тәртіптеріне, сұраныстарына бейімделуі.

3. Топтың сұраныстары мен ерекшеліктеріне байланысты бейімделу.

4. Таңдаған мамандығы бойынша түсінігінің кеңеюіне байланысты студент топтағы мінез-құлқы және таңдаған мамандығының дұрыстығы жөнінде алғашқы бағалауы қалыптасады [Росина Н.Л., 2011, С. 260-263.].

Бейімделу кезеңінде психологтың әрекеті студенттің проблемаларын айқындауға және пайда болған қиыншылықтар себебіне талдау және оларға психологиялық көмек көрсетуге бағытталған.

В.И. Седин, Е.В. Леонова студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуі: бірінші курс студенттерінің жеке ерекшеліктерін зерттеу; студенттердің студенттік өмірге «қосылуының» бейімделу кезеңінің қиындықтарын және ерекшеліктерін анықтау, алынған мәліметтерді талдау және қорыту, зерттеу деректері негізінде бейімделу кезеңін оңтайландыруға бағытталған бірінші курс студенттерімен жұмыс істейтін тәлімгерлер мен оқытушылар үшін ұсыныстар дайындау, бірінші курс студенттерінің оқу кестесіне әр түрлі тақырыптық бағдарламалар бойынша түрлі ауқымды іс-шаралар өткізілетін тәлімгерлік сағатты енгізу, бірінші курс студенттері үшін тақырыптық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және үнемі жетілдіру, бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды сезіну деңгейін арттыруға, оларды жеңу тәсілдерін меңгеруге және конструктивті қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған бірінші курс студенттерінің белсенділерімен және старосталарымен тәжірибелік сабақтар циклін ұйымдастыру және өткізу; тәлімгерлік сағат шеңберінде алдағы уақытта ұсынылатын бірінші курс студенттер топтары үшін тәжірибелік сабақтар циклін әзірлеу; бірінші курс тәлімгерлерімен кураторлық сағат шеңберінде студенттік топтарда практикалық сабақтарды өткізу әдістемесін меңгеру бойынша әдістемелік семинарлар ұйымдастыру және өткізу; бірінші курс студенттерімен топтық сабақтарды өткізудің ұсынылған

әдістемесін меңгеру барысында кураторлардың қызметін әлеуметтік-психологиялық және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу; студенттер мен оқытушыларға жеке және топтық кеңес беру; бірлескен қорытындыларды шығару, атқарылған жұмыс нәтижелерін талдау және болашаққа жұмысты жоспарлау. Студент іс-әрекетінің, оқуының сәтті болуындағы қажетті шартты – оның жоғарғы оқу орнында жаңа оқу ерекшеліктерін меңгеруі, ол арқылы студент ішкі дискомфорт сезімін жояды және де қоршаған ортамен конфликтіге түсуден қорғайды. Оқу барысында студенттік ұжым құрылады, ақыл-ой қызметін рационалды ұйымдастыруда дағдылар мен білімдер қалыптасады, кәсіпке деген бейімділігін түсінеді және еңбек, тұрмыс мен бос уақыттың оңтайлы режимі қалыптасады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, біз жүргізген теориялық талдау жоғары оқу орны студенттерінің оқытудың жаңа жағдайларына табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің объективті және субъективті критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді. Объективті критерийлер: ағымдағы және сессиялық үлгерім көрсеткіші оқу-кәсіби қызметінің табыстылығы; студенттік топта және студенттік қауымдастықта өзара іс-әрекет тиімділігі (жайлы әлеуметтік мәртебе); субъективті критерийлер: оқу үрдісімен, ұжыммен және ондағы қалыптасқан қарым-қатынастармен қанағаттанушылық.

Бірінші курс студентін жоғары оқу орнына табысты бейімдеу үшін әрқайсысына жеке көзқарас қажет. Бұл жұмыстың негізгі принципі болуы тиіс. Студенттер бір-бірімен жақынырақ танысатын, қарым-қатынас жасауды, курстастарымен және ересек балалармен ортақ тіл табуды үйренетін түрлі іс-шараларды өткізу өзекті болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Изакова А.Т. Влияние смыслообразующих факторов самоактуализации на профессиональное самоопределение: автореф. дис. ... кандидатапсихологическихнаук: 19.00.07 / ИзаковаАйжанТендиковна. – Караганд. гос. ун-**т** им. Е. А. Букетова. – Алматы, 2003. – 30 с.

2. Кәрібаева Г. М. Кәсіби іс-әрекет психологиясы [Текст]: оқу құралы / Г.М. Кәрібаева; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-ті. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. – 210 б.

3. Түрікпенұлы, Ж. Оқушылардыеңбекке баулу жәнекәсіптікбағдар [Текст]: оқуқұралы / ЖолмұханТүрікпенұлы. – Алматы: Эверобаспасы, 2014. – 108 б.

4. Ерментаева, А.Р. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың тұжырымдамалық негіздері // Білім. – 2006. – №5. – 34-39 б.

5. Бейсенова Ж.Ж. Кәсіби іс-әрекетті зерттеу мәселелері. Республикалық ғылыми-әдістемелік, психологиялық «Жантану мәселелері-Вопросы психологии» журналы. – № 4, 2019. -2-4 б.

6. Қалымбетова Э.К. Кәсіпке бейімделу мен кәсіби мәнді құндылықтық бағдарларды қалыптастыру ерекшеліктері: психология ғылымымдарының кандидаты. дис. автореф.: 19.00.07 / Қалымбетова Эльмира Кеңесқызы. -Қазақ ұлттық ун-ті. – Алматы, 2005. – 28 б.

7. Бучкин А.В. Модель адаптации студентов к учебному процессу в колледже: автореферат дис. ... кандидата педагогических наук: 13.00.08 / Бучкин Андрей Владимирович. – Федер. ин-т развития образования. – Москва, 2012. – 25 с.

8. Витенберг Е.В. Социально-психологические факторы адаптации к социальным и культурным изменениям: автореферат дис. ... кандидата психологических наук: 19.00.05 / Витенберг Елена Владимировна. Санкт-Петербургский гос. ун-т. – Санкт-Петербург, 1994. – 16 с.

9. Бапаева М.Қ. Жоғары мектепте психологиялық білім беру процесін жетілдіру. Оқу құралы / Алматы, 2006. – 176 б.

10. Росина Н.Л. Развитие субъектности студентов в исследовательской деятельности [Текст] / Н. Л. Росина // Ярославский педагогический вестник. – Т. II (Психолого-педагогические науки), 2011. – № 4. – С. 260-263.

**Боранқұлов Еркінбек Қағазбекұлы,**
п.ғ.к., ҚАУ профессоры,
Қазақ технология және бизнес университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан,
E-mail: erkinbek74@mail.ru

# СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ҚАБЫЛДАУЫН ДАМЫТУДА БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада студенттерді көркемдік қабылдауын бағалак түрлері, заманауи іске асыру жолдары қолданылады. Көркемдік өнер студенттердің сапалы тұлға болып қалыптасуларына маңызды роль атқарады. Себебі, көркемдік қабылдау қоршаған ортаға танымдық көзқарас қалыптастыруда жетістіктерге жеткізеді.

**Кілт сөздер:** көркемдік қабылдау, қоршаған орта, танымдық көзқарас, сурет, өнер.

**Аннотация.** В данной статье используются виды оценки художественного восприятия студентов, современные пути реализации. Художественное искусство играет важную роль в становлении студентов качественными личностями. Потому что художественное восприятие достигает успехов в формировании познавательного отношения к окружающей среде.

**Ключевые слова:** художественное восприятие, окружающая среда, познавательный взгляд, рисунок, искусство.

**Annotation.** This article uses the types of assessment of students' artistic perception, modern ways of implementation. Art art plays an important role in the development of students high-quality individuals. Because artistic perception succeeds in forming a cognitive attitude to the environment.

**Keyword:** artistic perception, environment, cognitive view, drawing, art.

## КІРІСПЕ

Ғасырлар бойы ата-бабаларымыз бала тәрбиесінде табиғаттан берілген мүмкіндіктерін іске асыра отырып, тұлғалық жаңа сапаларды қалыптастырудың тиімді жолдарын тауып келген. Сол тиімді жолдардың бірі өнер жолы екені бәрімізге мәлім. Өнер баланың сапалы тұлға болып қалыптасуында ерекше роль атқарады. Ол өнер арқылы әсемдікті, сұлулықты тереңірек сезініп, оны меңгеру үрдісінде ғылымға деген ынтасын арттыруы сөзсіз. Сонымен қатар, өнер арқылы баланың психологиясы мен өзін қоршаған ортаға танымдық көзқарасын қалыптастыруда көптеген жетістіктерге жетуге болады.

Білім беру саласындағы саясатының басты бағыты – шығармашыл, сындарлы ойлай білетін, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әртүрлі әлеуметтік және педагогикалық мәселелерді ұтқырлықпен шешуге қабілетті азамат дайындау. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы 31 қаңтардағы Жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» – деген болатын [Жолдау, 31 қаңтар 2017 жыл http://www.akorda.kz].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өнер – адам қызметінің күрделі, өзіндік саласы. Ол адамдардың жүрегі мен ақылына үлкен әсер етеді. Әртүрлі өнер түрлерінде олардың шығармашылық мәнімен байланысты көптеген ерекше сәттер бар. Күн сайын адам тап болатын әлеуметтік үдерістердің қозғалысы суретші-педагогтерде жаңа шығармашылық ізденістерге, әдістемелік және техникалық тәсілдерге композициялық шешімдерге ұмтылуды тудырады.

Реалистік өнер деп затты дұрыс көрсетіп қана қоймай, оның болмысы процесінде, демек, осы болмысты тану процесінде де бейнелейтін өнер деп аталады, басқаша сөзбен айтқанда заттық әлемде заттың өмірі мен болмысын бейнелейді.

Өнердің дамуы бейнелеу өнері мектептерінің пайда болуымен байланысты. Негізгі қызмет шындықты көрсету әдістерін әзірлеу болып табылады. Өнер тарихында әрбір көркем бағытты қалыптастыру оның принциптерін қалыптастыратын педагогикалық жүйенің қалыптасуымен бірге жүреді. Қоғамдық өмірдің әсері тек жаңа мазмұн ғана емес, сонымен қатар жаңа өнер де, тиісінше көркем педагогикаға да тудырады.

Әр көркем мектепте оқытудың екі жағы бар:

*бірінші* – белгілі бір білімді, іскерлікті, белгілі бір кәсіби грамотаның дағдыларын хабарлау;

*екінші* – қоғамдық, экономикалық, саяси және әлеуметтік факторлардың өнер міндеттерін анықтайтын және қалыптастыратын көркем бағыттың әдістеріне әсері.

Өнердің әр түрлі қозғалысына әсер ететін әдіс мектеп насихаттайтын ережелердің көрсеткіші болып табылады. Әдіс бойынша оның прогрессивтілігі немесе артта қалуы туралы айтуға болады. Өнімді мектеп өнердегі озық бағытпен тығыз байланысты. Тарихи тәжірибе көрсеткен-

дей, оқытудың дамуы бейнелеу өнерінің психологиялық-педагогикалық үдерістерінен қалыптасқанын көрсетеді.

Әлемдік көркем сурет мектебінің жас суретшілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту және белсендіру саласында педагогикалық практикада мол тәжірибесі бар. Өткен суретші-педагогтардың бұл тәжірибесі мұқият зерделеуді және қорытуды талап етеді. Нәтижесінде көркем-графикалық факультеттерде студенттерді оқу суретін оқыту тиімділігінің әдістемелік процесін ерекше түсіну қажет.. Бейнелеу өнеріне оқытудың нысандары мен әдістері суретшілерді тәрбиелеудің неғұрлым ұтымды жолдары мен тәсілдерін үздіксіз іздеу процесінде, олардың әлеуетті шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту процесінде пайда болды және өнердің көп ғасырлық тарихымен тығыз байланысты.

Бейнелеу өнерін оқытудың әдістемелік-педагогикалық жүйесінің даму тарихы ғасырлар бойы қалыптасты және дамыды. Жаңа жолдарды іздеу қазіргі әдістемелерді бақылауға, зерделеуге және талдау жүргізуге және Суретті оқытудағы неғұрлым тиімді процестерді таңдауға мүмкіндік береді, бұл өткен және қазіргі суретшілер мен педагогтардың тәжірибесін жүйелеу және жинақтау қажеттілігіне әкеледі. Көп жылдық жеке тәжірибе мен зерттеу жұмыстарының арақатынасы педагогикалық жоғары оқу орындарының көркем-графикалық факультеттерінде оқу суретін оқыту үдерісінің жаңа тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік берді. Оқу суретінің барлық жұмысы көру аппараты – көз арқылы өтеді. Көру аппараты қанша дамиды (көркем қабылдау қалыптасқан) – затты тербелмелі қабылдау, сондай-ақ оның жазықтықта сапалы бейнеленуі. Бейнелеу өнерінің міндеттері мен даму ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістері (мысалы, Көрнекі құралдар) өзгерді. Олар жаңа әдістермен және әдістермен (әзірлемелер, кестелер, схемалар және т.б.) байытылды.

Аудиториялық сабақтарда суретпен көркемдік қабылдауды ұйымдастыру белгілі бір талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

– студенттерді қабылдайтын объект туралы қажетті біліммен алдын ала қамтамасыз ету (мысалы: адам-анатомия, конструкция, пропорция).

– тек табиғи емес, сонымен қатар бейнелеу қабылдауларын ұйымдастыру. Бекіту бойынша Н.Н.Волковтың «...тіпті пәнді оқытудағы қабылдаудың өзі суретті қабылдауды параллель дамытусыз байыта алмайды» [Волков Н.Н., 1999, 163с.]. Қабылдау ақпаратты есте сақтау, растау үшін ұйымдастырылуы мүмкін.

– студенттер алдында қабылдаудың нақты және әр жолы жаңа күрделі міндеттерін қою (модельдің сипатын анықтайды, материалдылықты беру). Әрбір мақсат пен міндет студенттерге түсінікті болуы керек, олар өз түсінігін не нәрсеге бағыттауы керек? Қалай? Және не үшін? Қабылдау қажет және өз қабылдау нәтижелерін қалай беру керек?

– сірі табиғат пен оның суретін қабылдауда көптеген қасиеттерден іріктеуге тапсырма қою қажет:

1. Ұқсас (типтік).
2. Ерекшелік (жеке).

– Қабылдаудың әдістемелік реттілігі тапсырманы орындау кезеңдеріне сәйкес болуы тиіс. Мысалы, қойылымның тондық қатынастарын шешу кезінде педагог студенттерді шартты тонның күрделілігін қабылдауға жібереді, ал жұмыстың соңғы кезеңінде-негізгі қабылдау заттай және бейнелеу қабылдауларын жалпылауға, салыстыруға және салыстыруға бағытталған.

– Қабылдау жүйелілігі үздіксіз болуы тиіс және студенттердің үй жұмысының жүйесіне міндетті түрде кіруі тиіс. Үй тапсырмаларын орындау қабылдауды жүйелі түрде жаттығуды қамтамасыз етеді.

– Суретпен сабақтарда табиғи және бейнелеу қабылдауларының түрлі тәсілдерін қолдану қажет. Мысалы, салыстыру: қуат бойынша, жарық деңгейі бойынша контрастам (бейнемен натураны салыстыру).

– Қабылдау мағыналы және бағытталған болуы керек. Мысалы, фигураны немесе портретті бейнелеу кезінде пропорцияда, сипатта, конструкцияда бөлшектерді өз орындары бойынша (көз, мұрын, ерін және т.б.) орналастыру маңызды рөл атқарады, сондықтан бөлшектерді және тұтастай алғанда, фигураның барлық массасын қамтитын қабылдау қажет. Суретін деталь, студент ви жеткіншектерге патриоттық сезім жайлы сөз және бөлшекті және ол болуы тиіс өлшемі мен сипаты үлкен нысанға айналады.

– Қойылымда шешілетін оқу міндеттері негізгі және екінші дәрежелі, типтік немесе кездейсоқ қабылданған материалдан жеке іріктеудің негізгі өлшемі болуы тиіс. Студенттердің қабылдауын ұйымдастырудағы педагогтың рөлі баға жетпес және ол тек арнайы жаттығулар мен тапсырмаларды енгізуғана емес, сонымен қатар қабылдау бағытында, түзетулерден тұрады. Педагогтің пікірлері, ескертулері мен кеңестері студенттердің өз жұмысын сыни тұрғыдан қабылдауды дамытуға көмектеседі, оның назарын бейненің табиғатпен ұқсастығын қабылдауға бағыттайды.

Дәстүрлі бес балдық бағалау жүйесі оқу суреті бойынша студенттік жұмыстардың жетістіктерін толық көлемде бағалауға мүмкіндік бермейді, өйткені суреттің білім беру саласы ерекше пән болып табылады. Осы мәселені шешу үшін оқыту теориясының мәселелерін талдаймыз.

В.И.Загвязинский диагностика оқу процесінде жалпы жоспарда сыртқы кері байланыс функцияларын, яғни оқытушы оқу процесі туралы, білім алушылардың жетістіктері, қиындықтары, қызметінің нәтижелері туралы ақпарат алатын арнаны орындайды, демек, оқу процесін басқару мүмкіндігіне ие болады. Ішкі кері байланыс маңызды емес, яғни оқушының өзіне шығатын және оқу қызметінде өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу үшін мүмкіндіктер ашатын

оқу нәтижелері туралы ақпарат. Кері байланыс негізінде педагог жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесін тексеруді – айқындауды, бақылау – қол жеткізген жетістікті нормамен салыстыру операциясын, процесті көрсететін көрсеткіштерді есепке алу – белгілеуді, білім алушылардың мүмкіндіктерін және алынған нәтижелерді салыстыру негізінде оқытудың барысы мен нәтижелері туралы бағалау – пайымдауларды жүзеге асырады, сондай –ақ оқу қызметінің нәтижелерін тіркейтін қабылданған шкалалар бойынша балл немесе дәрежені белгілеуді жүргізеді [Загвязинский, с. 130].

Білім беру диагностикасының функцияларын талдау жұмыстарды «бағалау» тек үлгерім көрсеткіштеріне ғана емес, аналитикалық ойлаудың дамуын, жұмыс кезеңдерінің өзіндік талдауын және қойылған міндеттерді шеше білуді және т.б. диагностикалауға арналған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Диагностикаланатын көрсеткіштердің әртүрлілігі бағалау жүргізілетін маңызды белгілерді табуға түрткі болады. Диагностика процесінде мұндай белгілер «өлшемдер» түсінігімен анықталады. Бірыңғай білім беру стандарттарын іске асыруды сақтауға арналған бес балдық жүйе бойынша бағалаудың бірыңғай критерийлері жалпыға мәлім. Дегенмен, сурет бойынша студенттік жұмыстарды бағалау критерийлерін жүйелеу және әзірлеу қажеттілігі бар.

Қойылған мақсаттан бас тарта отырып, студенттің оқу суреті процесінде шығармашылық қызметке деген уәждемесі, егер ол бағалау жүйесі оқытушының қойған бағалауын талдау жолымен бейнелеу қызметінің нәтижелерін талдау процесін қалай реттейтіні туралы мәлімет болса, күшейтіледі деп болжаймыз.

Сонымен, сурет бойынша студенттік жұмыстарды бағалау критерийлерін жүйелеу және әзірлеу неге қажет?

*Біріншіден*, жүйелеу оқу суретін орындаудың барлық кезеңдерінің уақыт кестесі бойынша дәйекті және нақты өтуін көздейді.

*Екіншіден*, бұл жерде студенттерді өзін бағалауға үйретуді бастауға болады, яғни оқытушының бағалау қызметінің мазмұны өзгереді, ол өзін-өзі бағалауға негіз болады. Бұл жерде оқытушы студентке деген оң қарым-қатынасты, оның мүмкіндіктеріне сенуді, оған жұмыста көмектесуге барлық тәсілдердің ықыласын көрсете алады.

*Үшіншіден*, бағалау критерийлері дамыта оқыту режимінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Алдыңғы кезеңде оң нәтиже алмай, студент келесі тапсырмаларды орындауға тырыспайды, өз қателіктерін талдайды. Мұндай тәсіл студенттердің өзіндік жұмысын күшейтуге, олардың сабақтардағы белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, бағалау критерийлерін әзірлеуде оқу суреті бойынша жұмыстың әрбір кезеңінің ағымдағы жағдайын біраз уақыт бұрын осы жағдаймен салыстыру қажеттігін ескеру қажет, бұл қателіктерді көруге мүмкіндік береді және оларды уақытында түзетуге көмектеседі. Бағалау критерийлерінің көмегімен оқу суретімен жұмыстың әрбір кезеңі үшін алдын ала, ағымдағы және қорытынды бақылауды жүзеге асыруға болады.

Бағалау критерийлері мен оқу суретінің кезеңдерін кестеде құрылымдау орынды. Осы кестені қолдарында ұста отырып, студент өзі бағалау процесіне қатыса алады және мүмкіндігінше сурет бойынша жұмыс барысын реттей алады және бақылай алады.

Алдын ала бақылау кестеде «талдау үшін», ал қорытынды «қарау үшін» деген жолмен белгіленген. Алдын ала бақылаудың әрбір кезеңі үшін бес критерий анықталған, әр балдан бір балл алған студент бес баллдық жүйе шеңберінде баға ала алады. Қорытынды бақылауда төрт аралық бақылау қорытындысы бойынша орташа арифметикалық баға шығарылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарымыз, оқу суретін бағалаудың позитивті критерийлерін келесі түрде келтіруге болады:

– алдын ала, ағымдағы және қорытынды бақылауды жүзеге асыру;

– ағымдағы бақылау оқыту және кері байланыс құралы болып табылады;

– бақылаудың жекелеген буындарының нәтижелерін бағалаудың толық рәсімі оның сенімділігін қамтамасыз етеді;

– бақылау мазмұндық және конструктивтік валидтік талаптарын қанағаттандырады.);

– толық ағымды бақылау мотивациялық және тәрбиелік функцияларды жүзеге асырады;

– бақылаудың толық процедурасы студенттердің өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға және өзін-өзі бақылау дағдылары мен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу суретін бағалау критерийлерін енгізу нәтижесінде әрбір студент өз жұмысын талдауға, кезең-кезеңмен үдерісті бақылауға және қателерді өз бетінше түзетуге мүмкіндік алады. Бұл, ақыр соңында, оқытушыға да, сту-дентке де оқу суреті бойынша жұмыстардың жетістіктері туралы толық көлемде айтуға мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы 31 қаңтардағы Жолдауы. http://www.akorda.kz
2. Волков Н.Н. Развитие художественного восприятия в подготовке художника – педагога. – М., 2007. – 163 с.
3. Загвязинский В.И. Теория обучения в вопросах и ответах: учеб. пособие. 2-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. 160 с.

**Борасынбаева Сания Атаевна,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

**Омаркулова Акмарал Нуржановна,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ,
E-mail:maral_290389@mail.ru

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУДЕ ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқу прцесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда интернет технологияларын қолданудің маңызы мен тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі кезде танымдық белсенділіктің мәнін ұғындыратын екі әдісі анық белгілі болып отыр. Бір зерттеушілер танымдық белсенділікті әрекет ретінде қарайды, ал біреулер – сапа, жекелік білім деп ұғады. Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі – оқушының үнемі «жаңа дүниеге енумен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты.

**Кілтті сөздер:** танымдық іс-әрекет, инновациялық технология, интернет құралдары, ақпараттық технологиялар, білім сапасы.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается значение и пути эффективного использования интернет технологий в повышении познавательной активности учащихся в учебном процессе. В настоящее время четко известны два метода, которые определяют сущность познавательной активности. Одни исследователи рассматривают познавательную активность как действие, а другие – как качество, личностное образование. Главной особенностью познавательной деятельности от других видов деятельности является то, что ученик постоянно «вводит в новую жизнь», каждое новое действие связано с тем, что ученик переходит с одного из них на другой.

**Ключевые слова:** познавательная деятельность, инновационные технологии, интернет инструменты, информационные технологии, качество образования.

**Annotation.** In this article, the importance and ways of effective use of Internet technologies in increasing the cognitive activity of students in the educational process. Currently, there are two well-known methods that determine the essence of cognitive activity. Some researchers consider cognitive activity as an action , and others – as a quality, personal education. The main feature of cognitive activity from other types of activities is that the student constantly " introduces a new life ", each new action is associated with the fact that the student moves from one of them to another .

**Key words:** cognitive activity, innovative technologies, Internet tools, information technologies, quality of education.

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз... Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз... Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Елбасы Н. Назарбаев аталмыш Жолдауда «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деп бекер айтпаған да болар. Қазіргі таңдағы нәтижеге бағытталған білім оқу процесінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсенділендіретін оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді. Бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту» емес, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады [Жолдау, 29 қаңтар 2011, 8 б.].

XX ғасырдың 70–80 жылдарында оқыту процесін белсендіруге бағытталған, оның балаға арналғаны, оқушының оқытудың белсенді субъектісіне айналуына бағытталған әдістемелік зерттеулердің қоғамдық және педагогикалық сананың қалыптасуына Ж. Пиаже (Швейцария), Б. Блюм, Д.Ж. Бруннер, Ж. Ганье, С. Эриксонның (АҚШ) еңбектері куә. Ж. Пиаженің айтуынша, мектептер "жаңаша ойлайтын қабілетті адамдар дайындау керек; тек өткен ұрпақтың істегенін ғана қайталамау керек, шығармашылық және ойлап тапқыш адамды әзірлеу керек". Белсенділік деген (интенсивтендіру мығымдық) оқушының іс-әрекеті мен пәнімен "қосылғандығы" дәрежесін анықтайды. Оқушылардың белсенділіктің дағды–біліктерін меңгеруі [Исаев Ә., 1993, 230 б.].

Белсенділік – бұл оқушының белгілі мақсатқа ұмтылған әрекеті, мазмұнды, көлемді оқу қолданылатын және қызығушылығын тудыратын, белсенділігін арттыратын, шығармашылықты арттыратын, білімді меңгерудегі оқушының өзіндік үйренуі, дағды мен шеберліктің қалыптасуы, оларды тәжірибеде қолдануға бағытталған. Бұл ой еңбегінің құлдырау сақтайтын, жігерлі, мақсатты бағытталған жүйе.

Белсенділіктің негізгі мақсаты – оқушылардың белсенділігін қалыптастыру, оқу–тәрбиенің саласын көтеру.

Қазіргі кезде танымдық белсенділіктің мәнін ұғындыратын екі әдісі анық белгілі болып отыр. Бір зерттеушілер танымдық белсенділікті әрекет ретінде қарайды, ал біреулер–сапа, жекелік білім деп ұғады. Берілген мәселеге «танымдық әрекет» және «танымдық белсенділік» ұғымдарының енуін тек әрекетті бірлікте қарайтын болсақ, онда бұл жағдайда мәселе өзінен өзі шешілетін сияқты, себебі оқушылардың кез–келген әрекеті ойламды шешімді болуы керек [Полат Е.С., 2001, 133 б.].

Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі – оқушының үнемі «жаңа дүниеге енумен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты. Сондықтан, оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл-ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді. Терең білімге негізделген танымдық біліктердің қалыптасуы оқушылардың білімді теориялық негізде қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенді ойлауын жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады [Бабаев С., Қазиева К., 2011, 25 б.].

Оқушының танымдық іс-әрекет құрылымы: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс-әрекеттен тұрады. Оқушы қоғам өмірінде маңызды іс-әрекетке дайындалып жатқандықтан, оның оқу-танымдық әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан оқушының іс-әрекеті бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың іс-әрекет ерекшелігіне:

– өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы);

– оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т.б.);

– оқушы іс-әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі);

– оқыту құралдарының болуы – кітаптар, лабораториялық құрал- жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі модельдер, техникалық құралдар, т.б. жоғары интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады [Өстеміров К., 2001, 105 б].

Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінде қалыптасады. Белсенді оқу-танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу болып табылады. Демек, оқушылардың оқу- танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Оқушының белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болатындығын айтты. Олар: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл-қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, т.б.). Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік жеке басқа тән, маңызды бір қасиет болып саналады.

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендірудің шығармашылық әлеуетін көтерудің маңызы зор.

Белгілі бір дәрежеде оқу-танымдық іс-әрекетті белсендірудің қажеттігі туындайды. Мұнда оқыту үрдісіндегі әдістемелік жүйенің (мазмұн, әдіс-тәсілдер, оқыту формасы, оқыту құралдары) өзара байланысы негізінде оқу-танымдық іс-әрекет міндеттерін жүзеге асырылуын талап етіледі. Оны оқу- тәрбие үрдісінде қолдану үшін мына ұстанымдар жүзеге асуы тиіс:

1. Оқушының өзіндік жұмыстарының жоғары формасы болып табылатын олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстарына басты назар аударылуы тиіс.

2. Жаңа педагогикалық технологияны қолдану оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттырып, өзін-өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқыту пәндеріне байланысты таңдалған материалдардың көлемі мен жүйесіне қарай білім беруде оқытушы білім беру әдістерінің ең құнды, ең тиімді түрлерін пайдаланады. Қай педагогикалық технологиялар болмасын, ол – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған, ол оқушының өздігінен жұмыс істеуіне, өздігінен ізденіп білім алуына итермелейді [Пірімбетова М.Б., 2009, 72 б.].

Қазіргі кезде интернет, мобильді байланыс көздері, белсенді тақта, цифрлы технологиялар сияқты жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаланылуда. Психологтар В. Давыдов, В. Руб-

цов жаңа ақпараттық технология адамның жас ерекшелігінің даму аспектісін ескере отырып, компьютерлік оқыту бағдарламасының әртүрлі формалық мазмұнында адамның жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек деген. Оқушылардың технологиялық прогрестің барлық жаңалықтары өте қызықтырып отырады. Сондықтан да тұлғаны дамыту мақсатында оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін пайдалану өте маңызды рөл атқарады. Бұл технологияның пәндерді оқытуда да қолдану мүмкіндіктері мол. Сабақта қолдану кезінде оның мынандай мүмкіндіктерін пайдалануға болады:

– сабақтың, тақырыптың моделін құру;
– материалды толығымен жинақтау:
– қосымша мәліметтермен толықтыру;
– сабақты компьютер арқылы өткізу;
– уақыт үнемдеуге болады;
– Материалды безендіру;
– оқытудың ғылыми дәлелдерін арттыру;
– Сабақтың белгілі бір кезеңіне назар аудару;
– керек кезінде материалға қайта оралу, еске түсіру, қайталап, жаңғырту;
– оқушылардың өз бетімен материалды пайдалана алуы, т.б.

Белсенді тақтаның мүмкіндіктері АКТ-ты жақсы меңгерген оқытушыға сабақ үрдісінде таптырмас құрал деуге болады. Қазақ тілінен тіл ұстарту жұмыстары, сөз таптары, т.б. тақырыптарды өткенде оқушы қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Қазақ тілі сабағында оқытудың мұндай тәсілдері мен құралдарын қолдануда даралай және деңгейлеп оқыту әдістерін қолданған жөн. Инновациялық әдіс-тәсілдерді ретімен ендіру арқылы оқытушының қызығушылығын күшейтіп, белсенділігін арттыру арқылы сабақтың сапасын көтереді. Осындай жұмыстар өз нәтижесін береді:

– оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу тілдері дамиды;
– лексикалық сөздік қоры байиды;
– тілді үйренуге деген қызығушылығы, өз күшіне деген сенімі артады;

Оқушылардың білім сапасын жетілдіруде озық технологияларды пайдалану үшін оқытушының білімі жеткілікті, жаңалықты білуге, меңгеруге құштар болуы қажет. Инновациялық іс-әрекет ойдағыдай нәтиже беру үшін оқытушының ақыл-ой дамуының көрсеткіштері аса жоғары болу керек. Сонда ғана педагогикалық іс-әрекетке деген шығармашылық қатынастың қалыптасып, дамуына қажетті мотивациялық алғы шарт пайда болады . Бүгінгі күннің оқыту технологиялары заман талабына сай болуы қажет. Технология ұғымын жүйелеуде көптеген терминдер тілдік қолданыста пайдаланылып келеді: инновациялық технология, жаңа технология, озық технология, интербелсенді технология, педагогикалық технология, педагогикалық инноватика, инновациялық процесс, шеберлікпен оқыту т.б.

Технологияның өндірістік және әлеуметтік технология секілді түрлері бар. Соның ішінде әлеуметтік технология адамдық факторды қарастырып, субъектінің өсуі мен дамуына барынша ықпалдасады. Субъектіні жаңа сапалық деңгейге жеткізу мен дамытудың жолдары тек оқыту үрдісінде ғана жүзеге аса алады. Осыған байланысты технология педагогикамен ажырамас бірлікте қарастырылады. Энциклопедиялық сөздікте педагогикалық инновацияны... білім беру процесін айтарлықтай өзгертетін, жетілдіретін немесе жаңартатын білім саласындағы жаңалық десе, ал, Қ. Мұқановаңың зерттеу еңбегінде: педагогикалық технологияалдын ала жоспарланған нәтижеге жеткізетін реттелген әрекеттер жүйесі. Ол ғылыми тұрғыдан негізделіп, оқытушының кәсіби біліктілігін жетілдіретін, оқытуда межеленген түпкі нәтижеге жетуге кепілдік беретін іс-әрекеттер жүйесі деп түсіндіреді. Яғни жоғарыда аталған анықтамалардан педагогикалық технология оқыту жүйесінде жаңалықты, тиімділікті, түпкі нәтижені қажет ететіндігін түсінеміз. Бұл ретте, инновацияның алатын орны ерекше [Мұқанова Қ.Қ., 2005, 26 б.].

Қ. Бұзаубақова инновацияны белгілі бір жүйедегі ішкі өзгеріс десе, ал педагогикалық инновацияны педагогикалық жүйедегі жаңашылдық деп таниды да, инновацияның модификациялық, комбинаторлық, радикалдық түрлерін ажыратып көрсетеді. Ескіні өзгерістер енгізіп дамытуды – модификациялық инновация, бұрынғы әдіс-тәсілдерді пайдаланып жаңадан құрастырудыкомбинаторлық инновация, жаңадан енгізілген оқыту жүйесін радикалдық инновация дейді. Соның негізінде жаңашылдықтың қандай сипатта, формада болатынын байқауымызға болады [Бұзаубақова Қ.Ж., 2003, 185 б.].

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған. Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған шағында сабақтарда көрнекіліктердің қай түрі болсын молынан пайдалану мүмкіндігі бар. Яғни, оқытудың мұндай жүйесінің құралы компьютер болып табылады.

Мектепте компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Компьютер арқылы оқыту мынадай міндеттерді қамтиды:

– оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу;

– оқыту-тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын айқындау;

– дайын бағадарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;

– ойлау қабілетін дамыту;

– ЭЕМ-нің мүмкіндіктерін пәндік материалда меңгеруді қолдана білуге үйрету.

Осыған орай, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерінің ең күрделі түрі — «Мультимедиалық кабинетте компьютер және интерактивті тақта арқылы сабақтар өткізу». Бұл оқушылардың пәнге деген танымдық қызығуын арттырады, тиянақты білім алуына жағдай туғызады. Сабақ үстінде өз бетінше берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының оған қызығуы арта түседі. Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары: түрлі-түсті иллюстрациялар, аннимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді [Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. , 2010, 96 б.].

Еліміздің экономикасы артып, мектептердің техникалық базасы нығайып, арнайы компьютерлік технологиялармен, оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталып, интернет, электрондық оқулық және т.б. кеңінен қамтамасыз етілуде. Осыған орай, жаңа заманның жас шәкірттерін тәрбиелеуде мұғалімдер жаңа талаптарға сәйкес компьютермен оқытудың техникалық құралдарын пайдалана отырып сабақ өткен кезде оқушылар «Құлақ – ми» жүйесі бойынша секундына 50 бит ақпарат қабылдайды. Айналадағы қоршаған заттар туралы ақпараттың 90% – ын көру арқылы қабылдайды, ал есту арқылы – 9%, сипап сезу арқылы – 1%. Көптеген оқушылардың есте сақтау қабілетінің ішіндегі көру қабілетінің рөлі ерекше. Бұған адам баласы естіген ақпаратының 15% есте сақтайды, көрген ақпараттың 25%, ал есту және көру арқылы 65%, ақпаратты есте сақтайды екен. Сөйтіп оқушылар қоршаған ортаны барлық сезім мүшелері көмегімен таниды. Ақпаратты қабылдаудың негізгі арналары болып есту және көру мүшелері болып табылады. Адамның жоғарғы жүйке жүйесі қызметінің негізінде оқу үлгісінде қолданылатын компьютерлік технология мен оқытудың техникалық құралдарын тиімді пайдалана отырып, мұғалім сөзімен сабақтастырған жағдайда сабақты меңгеру жоғары дәрежеге жетеді деп есептеймін.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!. //Егемен Қазақстан газеті, 2011 жылғы 29 қаңтар, Б.1-8.

2. Исаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 230 б.

3. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка //Иностранные языки в школе. — 2001. — № 3.

4. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.

5. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялармен оқыту құралдары. – Алматы: ЖШС Казпрофтех. – 227 б.

6. Пірімбетова М.Б. Білімдегі жаңалықтар. –Астана:-2009.-№3 (27). -72 б.

7. Мұқанова Қ.Қ. Қазақ тілін журналистика бөлім студенттеріне қарқынды оқыту технологиясы. Пед.ғылым.д-рығылыми дәреж. алу үшін дайындал.дисс.автореф.-Алматы, 2005. – 26 б.

8. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. – Тараз: ТарМУ, 2003. – 185 б.

9. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.-96 б.

**Бұлақбаева Мейрамгүл Кеңесбайқызы,**
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Рай Жансая Рысбайқызы,**
2-курс магистранты,
«6М01400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада педагогикалық тапсырмаларды құрастырудың ерекшеліктері және оларды оқыту нәтижелерін қолданудың кезеңдері қарастырылады. Педагогикалық тапсырмалардың мәні мен оқыту нәтижелерін бағалауда қолданудың мазмұнын түсіну үшін 10 кезеңнен өтетін сатылар сипатталады. Педагогикалық тапсырмалар педагог пен оқушының күш-жігерін біріктірудің синергетикалық функциясын орындайды.

**Кілт сөздер:** педагогикалық тапсырма, синергетикалық функция, оқу нәтижелері, заманауи оқу бағдарламалары, тестілеу.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности составления педагогических заданий и этапы использования результатов их обучения. Для понимания сущности педагогических заданий и содержания применения в оценке результатов обучения описываются этапы прохождения 10 этапов. Педагогические задания выполняют синергетическую функцию объединения усилий педагога и ученика.

**Ключевые слова:** педагогическое задание, синергетическая функция, результаты обучения, современные учебные программы, тестирование.

**Annotation.** This article discusses the features of creating pedagogical tasks and the stages of using the results of their training. To understand the essence of pedagogical tasks and the content of application in the assessment of learning results, the stages of passing 10 stages are described. Pedagogical tasks perform a synergistic function of combining the efforts of the teacher and the student.

**Key words:** teaching job, a synergistic function, learning outcomes, modern teaching programs, the testing.

## КІРІСПЕ

Жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен ***заманауи оқу бағдарламалары***. Бұлар оқушылардың бойында қажетті **функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін** дарытады.

Әлемдік тәжірибелер білім беруді реформалау жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін өлшеу-бағалау құралдарын қолданудың қажеттігін көрсетеді. Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема – психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыру, білім сапасын арттыру үшін оқу жетістіктерін бағалау.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагогикалық тапсырмалардың мәні мен оқыту нәтижелерін бағалауда қолданудың мазмұнын түсіну үшін біз 10 бөлікке бөліп түсіндіруге талпыныс жасадық.

*1. Педагогикалық тапсырмалар тарихының элементтері.*

Тест тарихы бойынша жұмыс циклінде педагогикалық тапсырмалар ғасырлар тереңінен бастау алады [Аванесов В.С., 2004, С. 15-21.]. Ең алғашқы сақталған оқулықтардың бастысы – б.з.д. XVII ғ. 84 тапсырмадан тұратын математика оқу құралы. Ол ұзындығы 5 метрден жоғары ескі папирус бөлшегіне жазылды [Барр С., 1987, 415 с.]. Бүгінгі күні ежелгі педагогикалық шығармашылықтың тарихи ескерткіші Британ мұражайында сақталған.

XIX ғ. аяғында отандық баспасөздерде емтихан енгізу туралы мәселелер көтеріле бастады. Санкт-Петербургтік оқу аймағында циркулярда мынадай хабарлама берілген ... көптеген гимна-

зияларда кемелдікті сынау өте төмен, өте үлкен босаңсытумен жүргізіледі. Ал бұл жағдай, өз кезегінде, оқу ісінің барлық барысында, тәрбиеленушілерді өзі оқытатын ғылымдарды меңгеруге үйрете отырып, сынақтардан күтілетін босаңсуға үміт артуға үйретеді. Осы айналымда бақылау тапсырмаларының мазмұнын анықтаудың басты принципі анықталды: «ұсақ және екінші дәрежелі егжей-тегжейлі талаптарымен ауыртпалық түспестен... әрбір пәнде мәнді-маңызды біліміне көз жеткізу қажет».

Тапсырмалар сапасын ғылыми негіздеудің бірінші әрекеті XX ғасырдың басында жасалды. Бұл Францияда болды. Балалардың зияткерлік қабілеттерін өлшеу үшін құрылған бірінші тест авторлары А. Бине және Т. Симон тестке қосу көзделген тапсырмаларды эмпирикалық тексеру жүргізді. Тапсырмалардың жарамдылығын бағалау үшін авторлар екі негізгі критерийді пайдаланды:

1) әр жастағы балалардың топтарындағы дұрыс жауаптардың үлесі немесе пайызы бойынша анықталған әр тапсырманың қиындықтары эмпирикалық өлшемі;

2) тест нәтижелерінің оқытушылардың пікірімен сәйкес келу дәрежесі туралы ақпарат.

*2. Педагогикалық тапсырмалар теориясының анықтамалары.*

Ұғымның ғылыми анықтамасы – білімді шоғырландыру нысаны [Аванесов В.С., 2004, С. 15-21.]. Тапсырмалар туралы білімнің шоғырлануы олардың қасиеттерінің анықталуына қарай біртіндеп жүреді. Анықталатын ұғымдардың тиімділік шарты олардың болжанатын жеке педагогикалық ғылымға тапсырмалар туралы сәйкестігі және осы ғылымда түсінік жүйесін құру болып табылады.

Біз зерттеу жұмысымызда педагогикалық өлшемдер теориясының ұғымдары жүйесін құру әрекеттері жалғасуда. Онда негізгі орын үш негізгі ұғымның авторлық концепциясы – тест формасындағы тапсырмалар, тестілік тапсырмалар және педагогикалық тест. Барлық аталған ұғымдар үшін «тапсырма» ұғымы ортақ болып табылады. Педагогикалық өлшемдер теориясында педагогикалық тапсырмалар теориясы негізгі орын алуы тиіс деп болжанады.

3. *Тапсырмалардың қысқаша жіктемесі.*

Қолдану мақсатына байланысты барлық педагогикалық тапсырмаларды бірнеше топтарға бөлуге болады:

– оқыту үшін жаттығулар, есептер, сұрақтар, тест түрінде тапсырмалар және т. б. қолданылады;

– машықтар мен дағдыларды бақылау және өзін-өзі бақылау үшін сынақ, емтихан және тест тапсырмалары, есептер, сұрақтар, сондай-ақ бітіру оқу жұмыстары қолданылады;

– гомогенді тест жасау үшін жалпы мазмұны, қолайлы корреляциялық және факторлық құрылымы бар, біркелкі өсетін қиындықтар тест тапсырмаларының жүйесі қолданылады.

*4. Педагогикалық тапсырмалар теориясының принциптері.*

Білімді бақылау мен педагогикалық өлшеулердің өзара байланысқан принциптері бірқатар қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде (Құсайынов А.Қ., Абдиев С.Қ., Примбетова Г., Бұлақбаева М.К., Есеева М.Т., т.б.) баяндалды [Бұлақбаева М.К., 2015, С. 71-75.]. Естеріңізге сала кетейік, бұл объективтілік; әділдік және жариялылық; ғылымилық және тиімділік; жүйелілік және жан-жақтылық; білім беру, оқыту және тәрбиелеумен бақылау байланысы. Осы жалпы принциптерге сүйене отырып, педагогикалық тапсырмалардың жеке теориясының принциптерін қалыптастыруға тырысуға болады (Кесте 1).

*Кесте 1 – Педагогикалық тапсырмалар теориясының принциптерінің сипаттамасы*

| Педагогикалық тапсырмалар теориясының принциптері | Мазмұны |
|---|---|
| *Тапсырмаларды жаңарту принципі.* | Тестілік әдістер мен жаңа білім беру технологияларын жаппай қолдану тапсырмаларды құру, шығармашылық жаңарту, жақсарту және тұрақты ауыстыруды арнайы ұйымдастырылған үрдісті талап етеді |
| *Тапсырмалардың қиындық деңгейінің сыналушылардың дайындық деңгейіне сәйкестігі принципы* | Тест тапсырмаларының қиындық деңгейі сыналушылардың дайындық деңгейіне сәйкес келуі тиіс. Бұл принцип симметрияға ие: сыналушылардың дайындық деңгейлері тест тапсырмаларының қиындықтарының деңгейіне сәйкес болуы тиіс. |
| *Педагогикалық тапсырмалардың технологиялық принципі* | Техникалық құралдардың көмегімен тестілеу процесін жүргізуге мүмкіндік беретін композицияның нұсқасы ретінде анықталады және мұны дәл, тез, үнемді және объективті жасауға мүмкіндік береді |

| | |
|---|---|
| *Сыналушылар мен тапсырмаларды бағалауға арналған шкалалардың өлшемдік принципі* | Педагогикалық өлшеулерді өткізу үшін L.L. Thurstone идеясы өте пайдалы болды, ал одан кейін G. Rasch, тапсырмалардың қиындықтары мен сыналушылардың дайындық деңгейінің бастапқы шкалаларын логарифмдік түрлендіру. Бейімдік оқыту мен бейімдік тест бақылауына жол ашады. |
| *Тапсырмалардың мазмұндық және логикалық дұрыстығы принципі* | Педагогикалық практикада осы қағиданы бұзатын тапсырмалар мен міндеттердің әртүрлі түрлері кеңінен таралып келеді. Негізінен бұл дұрыс емес тапсырмалар. |

Кестеде педагогикалық тапсырмалар теориясының принциптерінің сипаттамасы келтірілген.

*5. Педагогикалық тапсырмалар сапасының логикалық негіздемесі.*

Логика дұрыс ойлау формалары туралы ғылым ретінде анықталады. Ой нысаны – ойдың мазмұнынан кейін қалады. Логиканың маңызды міндеттерінің бірі ойлауды және оның нәтижелерін сынау. Логиканың негізгі міндеті – алогизмдерді ашу, нақты анықтамалар беруге үйрету, дұрыс тұжырымдалған тұжырымдарды дұрыс тұжырымдалған тұжырымдардан бөлу. Тест процесінде логика тапсырмаларды дұрыс құрастыруға, оларда формальды қателер табуға, сыналушыларға түсінікті тапсырмалар жасауға көмектеседі.

6. *Педагогикалық тапсырмалардың сапасын талдауға арналған матрица.*

Тапсырмалардың интерсубъективті және объективті қасиеттерін анықтау үшін тест нәтижелерінің матрицалары қолданылады [Евдокимов В.В., 2003, с. 100-103.].

*Матрица* – мазмұнның кейбір ортақтығы бар ақпаратты реттеу мен сақтаудың математикалық нысаны. Тестілік технологияға қатысты матрица деректерді ұйымдастыру, сақтау, ұсыну және өңдеу нысаны болып табылады. Тест нәтижелері матрицалар түрінде ой елегінен өтеді. Матрицалардың жолдары бойынша әрдайым сыналушылардың тегі немесе олардың нөмірлері, бағандар бойынша – тапсырмалардың нөмірлері орналасады.

*7. Педагогикалық тапсырмалардың қасиеттері мен сапа көрсеткіштері.*

Педагогикалық тапсырмалардың сапасы құраммен және құрылыммен, яғни оның маңызды қасиеттерінің жүйесімен қалыптасады. Тапсырманың құрамы оның элементтерін құрайды: тапсырманың нөмірі, тапсырманы орындау жөніндегі Нұсқаулық, тапсырманың мәтіні (сөздер, терминдер, ұсыныстар), формулалық аппарат, суреттер, графиктер, сызбалар, схемалар, дұрыс жауаптар және дұрыс емес (дистракторлар).

*8. Тест тапсырмаларына қойылатын талаптар.*

Бұрын тест формасындағы тапсырмалар үшін мұндай талаптар жасалды:

– қысқа және нұсқа;
– технологиялық;
– форманың дұрыстығы;
– ой-тұжырымдардың логикалық формасы;
– жауаптарды бағалау ережелерінің біртектілігі;
– жауап үшін белгілі бір орынның болуы;
– барлық сыналушыларға арналған нұсқаулықтың бірдей болуы;
– тапсырма элементтерінің дұрыс орналасуы;
– нұсқаудың тапсырманың нысаны мен мазмұнына сәйкестігі.

*9. Тапсырманың объективті қасиеттері.*

Педагогикалық тапсырмалардың объективті қасиеттері – мазмұны, формасы және технологиялылығы (Сурет 1).




*Сурет – Тапсырманың объективті қасиеттері*

*Тапсырмалардың мазмұны* бұрын арнайы іріктелген және кәсіби қоғамдастық мойындаған адамзаттың объективті тәжірибесі элементтерінің жүйесі ретінде анықталды,оны қолдану және меңгеру индивидтің таңдаған саласында және өмір сүру процесінде табысты кәсіби қызметі үшін қажет. Білім беру мазмұны оқу жоспарымен және оған сәйкес оқу пәндерінің бағдарламаларымен беріледі; ол оқу құралдарының оқулықтарында және басқа да оқу құралдарында көрсетіледі.

10. *Педагогикалық тапсырмалардың ықтимал функциялары.*

Дәстүрлі формация педагогына әрбір педагогикалық тапсырманың өзінің графикалық бейнесі болуы мүмкін екендігін түсіндіру оңай емес. Тапсырмалардың қасиеттерін анықтау үшін және графикалық бейнелерді құру үшін әртүрлі математикалық модель-функциялар қолданылады.

Педагогикалық өлшеулердің математикалық теориясының негізіне тапсырмалар қиындығы деңгейінен оның дайындық деңгейіне байланысты сыналушының дұрыс жауабы ықтималдығы – функция түсінігі алынған.

**Қорытынды**

Қорыта келе айтарымыз, педагогикалық тапсырмаларды қолдану тұлғаны жан-жақты диагностикалау (К.Н. Вентцель, П.П. Блонский), жаңғырту жағдайында оқу жетістіктерін бағалау (И.А. Гнитман), педагогикалық бағалау мәдениеті (Л.В. Мильченко), білімді бағалау жүйесіндегі сәтсіздіктердің себептері (Т.И. Ильина, Ф.В. Костылев), оқушыларды бағалау мен өзін-өзі бағалаудың әдіснамалық негіздері (М.Н. Скаткин, Н.В. Селезнев, Г.А. Цукерман) мәселесімен тікелей байланысты жүзеге асырылады.

Өлшеулердің арқасында оқу жетістіктерінің оқу мақсаттарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға болады. «Тек белгілі бір нысандар мен құбылыстардың сапалы, мазмұнды талдауын негізді және сенімді өлшемдермен нығайтып, педагог-практиктерді, ғалымдарды, әдіскерлерді, жетекшілерді объективті ғылыми ақпаратпен қамтамасыз етуге болады», – деп атап өтті К.С.Құдайбергенова [Құдайберген К.С., 2013, Б. 96-100].

Педагогикалық тапсырмаларды қолдануға даярлық сапасының объективтілігі мен өлшенуі жоғары және басқа да оқу орындарына түсушілерді конкурстық іріктеудің объективтілігін арттыру үшін, дарынды балалар мен жасөспірімдерді ерте жастан анықтау үшін білім беру процесін басқару үшін кең мүмкіндіктер ашады.

Білімді объективті сандық бағалауды беруге ұмтылу оқытудың нәтижелерін өлшеуге арналған сенімді әдістерді, форм – құралдарды іздестірумен ұштасады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**


1. Аванесов В.С. Основы педагогической теории измерений//Педагогические Измерения, №1, 2004г. С. 15-21.
2. Барр С. Россыпи головоломок С.36. / Пер. с англ., 3 изд. – М.: Мир, 1987. – 415с.
3. Аванесов В.С. Основы педагогической теории измерений//Педагогические Измерения, №1, 2004г. С. 15-21. и другие, в №№ 1-2, 2004г. и в №№ 1-4 2005г.
4. Бұлақбаева М.К. Основные компоненты педагогических измерений//Педагогическое образование: вызовы XXI века, посвященной памяти академика В.А. Сластенина. – М, 17-18 сентября 2015. – С. 71-75.
5. Евдокимов В.В. Проблемы профессионально-педагогической подготовки мастеров профессионального обучения в средних профессионально-педагогических учебных заведениях//Вестник УМО по ППО, выпуск 3 (34). – Екатеринбург, 2003. – С. 100-103.
6. Құдайберген К.С. Құзыреттілік тұғыр арқылы мамандардың кәсібилігін арттыру//Хабаршы. Педагогикалық серия. – Абай атындағы ҚазҰПУ, №31. 2013. – Б. 96-100.

**Бұлақбаева Мейрамкүл Кеңесбайқызы,**
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Шардан Мөлдір Серікбайқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Салтақова Гүлмира Тоқтарқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ТЕСТ ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЭМОЦИОНАЛЬДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйін.** Тест кезіндегі оқушылардың психоэмоциональды негізгісі-психикалық қасиеттер болып табылады. Мектеп бітіруші түлек оқушылар-болашақ мамандығын таңдаушы адам, жаңа өмірге аяқ басып тұрған және өз алдына жеке тұлға. Сол тұлғаның қабілетін арттыруда, жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуын бақылауда тұлғалық психикалық қасиеттерді зерттеу маңызды. Сондықтан да тест кезіндегі оқушылардың психоэмоциональды күйі әрбір болашақ маман үшін тұлға ретінде қалыптасуының бір баспалдағы деп айта аламыз.

**Кілт сөздер:** тест, ҰБТ, технология, психология, мінез-құлық.

**Резюме.** В Основными психоэмоциональными характеристиками учащихся при проведении теста являются психические качества. Выпускники – это люди, которые выбирают свою будущую профессию, начинают новую жизнь и являются личностями. Важно изучить личные психические качества, чтобы повысить способности этого человека, контролировать формирование и развитие личности. Поэтому можно сказать, что психоэмоциональное состояние студентов во время теста является ступенькой, на которой каждый будущий специалист должен развиваться как личность.

**Ключевые слова:** тест, ЕНТ, технология, психология, характер.

**Summary.** The main psycho-emotional characteristics of students during the test are mental qualities. Graduates are people who choose their future profession, start a new life and are personalities. It is important to study personal mental qualities in order to increase the abilities of this person, to control the formation and development of personality. Therefore, we can say that the psycho-emotional state of students during the test is a step on which every future specialist should develop as a person.

**Keywords:** test, UNT, technology, psychology, behavior.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда Қазақстанның халықаралық интеграциялық процестерге белсене араласуын бірыңғай әлемдік білім беру кеңістігіне қосуына бағытталу білім беру ұжымдарына жаңа талаптарды жүктейді. Қазақстан Республикасында әлемдік қауымдастыққа қабылданған жалпыға бірдей білім беруді енгізудегі басты міндет – мемлекеттік білім беру жүйесін әлемдік үлгіге сәйкес деңгейге шығару, бәсекеге қабілетті оқушыларды дайындау қажет. Бұл жағдайда жалпы білім берудің мақсаты көп міндетті құзырлармен, шығармашылық әрекет тәжірибесімен қаруланған, бүгінгі өзгермелі жағдайларға бейім тұлғаны дамыту көзделіп отыр [ҚР МЖМББ, Астана, 2017].

Білім мен білімнің жаңа технологиялары арасында білімнің және тестілеудің тестілеу нысандарында үлкен қызығушылық байқалады. Компьютерлердің пайда болуы жеке тапсырмаларды революциялады. Олар оқу үдерісінде кеңінен қолданылады.

XXI ғасыр тестілеу технологиясы бойынша үш негізгі талапқа ие: бейімделу, сапа және тиімділік. Технологиялардың бейімделуі жеке студенттердің басымдылығын және алдыңғы тапсырмаларға жауаптардың табысқа жетуіне байланысты тапсырманың қиындық деңгейін түзететін пәндердің жеке айырмашылықтарына жауап бере алатын осындай технологияларды құру қажеттілігін білдіреді. Бұл талап күрделіліктің өсуіне байланысты көптеген тапсырмаларды жасау арқылы жүзеге асырылады. Технологияның сапасы негізінен тестілеу нәтижелерінің сенімділігі мен жарамдылығына байланысты [Бұлақбаева М.К., 2016, 201 б.].

Орта мектепті бітіруші кезең (11 сынып оқушылары) психологиялық дамудың, қалыптасудың күрделігімен ерекшеленеді. Солай болғанмен, 17-18 жас аралығы тұлға дамуының, танымдық жетілуінің жалпы заңдылықтарына және негізгі психологиялық механизмдеріне сәйкес

адамның кемелдену, толысу кезеңінің оптимумы деп саналады.

Әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшелік құрылымының ерекшелігі ретіндегі орта мектепті бітіруші кезеңнің мәселесі Б.Г. Ананьев мектебінде көп қарастырылды. Б.Г. Ананьев, А.А. Реан, К.А. Абульханова-Славскаяның зерттеулерінде бақылаудың эмпирикалық материалы эксперименттер мен теориялық жалпылаулар осы мәселе бойынша көптеп жиналды. Көптеген зерттеушілердің мәліметтері мектепті бітіруші оқушыларды әлеуметтік- психологиялық және психологиялық-педагогикалық қырынан оқу іс-әрекет субъектісі ретінде сипаттауға болатынын көрсетеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы ҰБТ жағдайына дайындық оқушылар арасында ғана емес, олардың отбасы, ата-анасы, мектепте, психолог мамандар арасында, мектеп пен жанұялық өзара қарым-қатынаста жүреді. Мұның өзі оқушылардың ішкі жағдайына теріс әсерін береді, себебі балалар өздерін үнемі бақылау астында сезінеді, кейде өзіне бағытталған үлкендер тарапынан көптеп бөлініп жатқан көңіл аударушылықты қатты сезінеді, содан «егер осыны ақтай алмасам», «ойдағы үмітті ақтай алмасам» деген ойдан туындайтын қорқыныш сезімдері де болады.

Мектеп бітіруші түлек оқушылар белгілі бір жас кезеңіндегі адам және жеке тұлға ретінде 3 жақтағы сипатқа ие:

1. Биологиялық. Оған жоғары жүйке жүйесінің түрлері, анализатордың құрылымы, шартты рефлекстер, инстинкттер, физикалық күштер, дене бітімі, бет әлпеті, тері түсі т.б. енеді.

2. Әлеуметтік. Мектеп бітіруші түлек оқушылардың белгілі бір әлеуметтік топқа, ұлтқа т.б. қатыстылығына орай пайда болған қасиеттер, қоғамдық қатынастары кіреді.

3. Психологиялық. Ол жеке тұлғаның психикалық процестері, күйі және қасиеттерінің бірлігін көрсетеді [Кон И.С., 1980. – С. 31-33.].

Оқушылардың ҰБТ жағдайындағы жеке басының психологиялық күй-жайы оларды нашар күйзеліске, стресске әкеліп соқтыруы мүмкін. Кейде тесті жақсы, ойдағыдай орындап, қажетті ұпайын жинаған жағдайдың өзінде, жоғарғы көрсеткіш иегерлері біраз уақытқа дейін психологиялық жағымсыз күйді бастан өткізеді. Мұның себебін балалардың қарқынды дайындалуымен байланысты болатын уақыт кестесінің қысымдығымен, жеке бастарындағы уайымдауларымен, жыл бойы бастан кешірген ҰБТ-ға деген қорқыныш, үрей сезімдерімен, алынған тестің нәтижесіне ұзақ уақытқа дейін сенбеуінен туындайтын «түсініксіз» сенімдерімен және т.б. психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіруімізге болады. Ал нәтижелері теріске шыққан оқушылардың психологиялық күй-жағдайы мүлдем нашарлайды деуге болады.

*ҰБТ кезіндегі оқушылардың психоэмоциональды күйінің* негізгісі-психикалық қасиеттер болып табылады. Мектеп бітіруші түлек оқушылар-болашақ мамандығын таңдаушы адам, жаңа өмірге аяқ басып тұрған және өз алдына жеке тұлға. Сол тұлғаның қабілетін арттыруда, жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуын бақылауда тұлғалық психикалық қасиеттерді зерттеу маңызды.

*ҰБТ кезіндегі оқушылардың психоэмоциональды* ерекшеліктері:

-Болашаққа деген қорқыныш, үрей мен сенімсіздік;

-Ақыл-ой, адамгершілікке қатысты ересектік. Жеке тұлға ретінде өзін ересек сезінген білімгердің әрекеті де соған қатысты болмақ. Ол оқушы мінезіндегі жауапкершілікті, белсенділікті дамытады.

-Қалыптасқан дүниетаным негізіндегі өз-өзіне сенімсіздік;

-Жаңаны сезіну-батылдық пен тәуекелділік;

-Оптимизм;

-Өз бетінше іс-әрекет етуге бейімдеу;

-Дүниеге, өзіне сын тұрғысынан қараушылық;

-Оқу орнының күн тәртібіне, оқытушыларға деген ироniялық, сыни, скептикалық қатынас;

-Максимализм, ересектердің пікірін қолдамау, өз әрекетін дұрыс санау;

-Екіжүзділік, дөрекілік сияқты кері қасиеттерін қабылдамаушылық. Бұл ерекшеліктер оқушылардың өзін-өзі басқару қабілетін дамытып, мінезіндегі әділеттілік, батылдықты тәрбиелейді.

– Мақсаткерлік, әр адам өзінің мақсатын айқындап, сол жолда еңбек етеді.

Жастық шақ өмірлік құндылықтарды таңдау мәселесімен ерекшеленетін кезең. Жастық шақта адам «Мен кіммін?», «Мен қандай болуым керек?» секілді сұрақтар арқылы өзіне қатынасын анықтайды. Жастық шақта адам жамандық пен жақсылықтың арасындағы өзінің категориясын анықтайды. Дәл осы кезеңде адам ақылы мен жүрегіне сүйеніп, күрес пен жеңіс, жеңілістің дәмін татады [Слободчиков В.И., Исаев Е.И., 2000, 116 с.].

Қазіргі кезде елімізде оқушылардың мектеп бітіруі, яғни жалпы орта білім алуды аяқтауы, яғни оның бағалануы ҰБТ (ұлттық бірыңғай тестілеу) шарасы бойынша жүргізіледі. ҰБТ тек оқушының мектептен алған білім деңгейін бағалап қана қоймайды, сонымен қатар түлектердің мектептен кейінгі жоғарғы оқу орындарына түсуі-түспеуінде, мемлекеттік оқу грантының иегері болуы-болмауында шешуші рөл атқарады. Оқушыларды мектепті аяқтауы ҰБТ рәсімімен аяқталады.

Жастық шақтағы негізгі іс-әрекеттердің бірі-кәсіби өзін-өзі анықтау. Болашақ іс-әрекет аумағын таңдау өзін-өзі анықтаудың дәл «ядросы» болып табылады. Өзін-өзі анықтау тек оқитын оқу орнын таңдау, таңдаған аумақта абыройлы

жұмысқа орналасу, жоғары жалақы алумен ғана байланысты деуге болмайды. Мамандық таңдаудың ішкі шарттары-қалыптасып келе жатқан дүниетаным, өзіндік сананың кең ауқымдылығы, «Меннің» ашылуы-ол тұлғаның өзінің қайталанбастығын сезінуі мен тұтастығынан көрінеді.

К.А. Абульханова-Славскаяның «Стратегии жизни» атты еңбегінде мектеп бітіруші түлек оқушылар орталық психикалық процесі-өзіндік сананың дамуы. Өзінің қайталанбастығы мен ерекшелігін сезінумен қатар, жалғыздық сезімі де бірге жүреді. Мектеп бітіруші түлек оқушылар кезеңдегі «Мен» әлі де толық анықталмаған. Осыдан қарым-қатынасқа деген қажеттілік өседі және таңдамалылығы артады. Мектеп бітіруші түлек оқушылар жасы кезеңдегі «Мен» концепциясы тұлғаның өзі туралы барлық бейнелерін қамти отырып, кәсіби біртұтастығын қарастыруға мүмкіндік береді. «Мен» концепциясының конгруэнттік теориясына сай, адам өзі туралы елестеріне сәйкес мамандықтарды санасыз түрде таңдайды. Мамандыққа кіріспеде де адам сол сәйкестілікті іздейді, – деп көрсетілген [Кон И.С. ,1980, С. 106-107]. Сонымен, ҰБТ қиындықтарын үш топқа бөліп қарастыруға болады: когнитивті, тұлғалық және процессуалды.

• Когнитивтік қиындықтар-бұл ұлттық бірыңғай тест тапсыру барысында ақпараттарды қайта өндеу ерекшеліктерімен байланысты болады. Қиындықтардың туу себептері-тест тапсырмаларымен жұмыс жасаудың өзі негізгі қиындықтардың бірі. Тестілеу тапсырмалары оқушыда қалыптасқан дағдылардың ерекше болуын талап етеді: әрбір сұрақтың маңызды жақтарын бөліп ашу, фактілермен ережелерді басшылыққа ала отырып, жалпы контекстен жалқы фактілерді табу, т.б.

• Тұлғалық қиындықтар-оқушының өзіне тән жеке тұлғалық дамуымен, емтихан ситуацияларын қабылдау ерекшеліктерімен және оның сол сәттегі қал жағдайымен байланысты. Бұл қиындықтың бастысы оқушы Ұлттық бірыңғай тестілеу жөнінде толық және нақты ақпараттардың жетіспеушілігі, түсініктің аздығы деп алуға болады. ҰБТ оқушының бір уақытта өмірге екі жолдама алуымен ерекшеленеді: мектеп бітіру емтиханың тапсыру және жоғары оқу орнына түсу, әрине біз бұл жағдайдың субъективті маңыздылығымен қатар оқушының мазасыздану, қорқу деңгейінің жоғарлануын байқаймыз. Оқушы бойында жағымсыз сезімдердің орнын алуы, оның өзіне деген сенімсіздік, агрессиялық мінез көрсетуге итермелейді.

• Процесуалдық қиындықтар – ҰБТ-ның процедураларымен байланысты болып келеді. Мектеп бітіруші ҰБТ-ке дейін бірнеше рет алдын ала дайындық тестілеуінен өтсе де, тестілеуге қатысу көпшілігіне жаңалық, үйренбеген жағдай болып көрінеі мүмкін. Осы қиындықтарды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: бланкті толтыру кезіндегі үрей-қорқыныш, ҰБТ-де бейтаныс адамның бақылау жасауы, өзінің құқықтары мен міндеттерін білмеуі байланысты қиындықтар.

ҰБТ-оқушылар үшін ең маңызды кезең болып табылады. Себебі, ҰБТ-оқушылардың орта білімін жалпы бағалау көрсеткіші болып саналады. Бір ұпайдың жетпей қалуынан оқушылар мемлекеттік оқу грантынан, көп жағдайда ЖОО ақылы түрде оқуға түсу мүмкіндігінен айырылады. Оқушылар үшін келесі жылы оқуға қайта тапсыру ұғымы мүлде мойындалмайды, өдеріне қажетті ұпай санын жинай алмау-үлкен психологиялық дағдарыс болып табылады. Жалпы жыл аяғындағы ҰБТ-ға дайындық-көп жағдайда балаларды жағымсыз психологиялық соққыға әкелуде.

Балалар көбінесе, бұрын-соңды өздеріне деген үлкен жауапкершілікті сезініп көрмеген, сондықтан өздеріне отбасы тарапынан айтылатын «балам, жақсылап дайындал» деген сияқты сөздерді жауапкершілік тұрғыдан қабылдап, алдын ала үрейлене бастайды. Тек отбасы жағдайында ғана емес, кейде мектепте оқушылар үшін педагог мамандары тарапынан болатын «жақсылап дайындалайық!» деген сөздер де жеткілікті.

Көптеген мұғалімдер өз пәні бойынша жыл бойы бос уақытын оқушыларды тестілеуге дайындау үшін жаратады, мектептер оқушылардың бос уақыттарын ҰБТ-ға әр пән бойынша дайындайтын факультативтік, яғни қосымша сабақтармен қамтып қояды, ата-аналар балалардың үдегі бос уақытының дайындықпен өтуін қадағалап отырады, құрбы-құрдастарының барлығы дайындық пен уайым үстінде. Жеке басының психологиялық қысымға түсуінің себебі осында. Бұл жағдайды ата-аналар мен педагог мамандарына ескере жүрген жөн.

XXI ғасырдың басынан бастап Қазақстанда, сондай-ақ бүкіл әлемде, білім беру сапасын жоғарылатудағы проблемалардың өзектілігін арттыруға, білім беру жүйесін басқаруды жетілдірудің жаңа тәсілдерін іздестіруге әкелген саяси және әлеуметтік үрдістер пайда болды. Осы үрдістердің бірі, ең алдымен, білім берудің барлық деңгейлерін қамтитын және білім беру сапасының өзгеру тенденцияларын жүйелі талдауды талап ететін қарқынды реформа қосу қажет [Краковский. А.П., 1970, С. 19-26.].

Екіншіден, білім беруді әртараптандыру, XXI ғасырдың басындағы ғылыми-техникалық революция жағдайында оның мазмұнын едәуір кеңейту, білім берудің барлық деңгейлерінде оқытудың және ақпараттандырудың жаңа әдістерін енгізудің көрінісі. Білім беру сапасын басқаруда әртараптандыру басқару тетіктерін қарқынды дамыту қажеттілігіне және білім беру жүйелерінің тұрақтылығын басқаруға және әсер етуіне назар аудару қажет факторлардың санының өсуіне алып келеді. Дегенмен бүгінгі күні көптеген сарапшылар диверсификацияның оптимистік бағалауын жасайды, мұндай болжамдарға

сақ болу керек, өйткені оның көптеген салдарларын ескере отырып, оның даму салдарын болжау мүмкін емес.

Үшіншіден, білім беру сапасындағы проблемаларды дамытуды өзектейтін заманауи білім беру үрдістері саны дамыған теориялық негізге ие дараландыруды қамтуы керек, бірақ нақты білім беру үрдісіне түсу қиын. Ішкі дидактика бойынша әзірленген студенттік орталықты дамытудың теориялық негіздері әлі де тиісті практикалық іске асырылған жоқ, оқу үрдісінің нәтижесі бойынша оқытуды ұсынған әдістер мен әдістердің әсері зерттелмеген.

Төртіншіден, әлем елдерінің саяси және экономикалық жақындастыруымен туындаған білім беруді интернационализациялауды және ресейлік білім беру мекемелерінің оң ұлттық дәстүрлерін сақтай отырып, жалпы білім беру кеңістігін ұсынуды талап етуге тиіспіз. Интернационалдандырудың салдары Қазақстанның Баллон үрдісіне қосылуы болды, оның принциптері әртүрлі деңгейдегі ұлттық білім заңдарын қажет етеді. Жоғары білім беру жүйесінде жаңалау үдерісі, бірінші кезекте, жоғары кәсіби білім берудің екі деңгейлі жүйесін енгізу және білім берудің нәтижелерін сапалы түсіндіруге құзыреттілік көзқарасты енгізу болып табылады, ол үшінші буынды оқыту стандарттарын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

*Қорыта келгенде*, тестке дайындық кезіндегі оқушылардың интеллектуалдық іс-әрекеті жетіледі: өзінің зейінін басқара біледі, жүйелі және жоспарлы түрде бақылап үйренеді, саналы түрді есте сақтауды ұйымдастырады, логикалық ойлайды, жағдайды дәлелдеп үйренеді. Ақыл-ой әрекетін дұрыс ұйымдастыруының нәтижесінде тұлғаның еріктік қасиетері дамиды: мақсаттылық, табандылық, байсалдылық, тәртіптілік және өзін-өзі қадағалау.

Қазіргі таңда А.А. Реан, Н.В. Бордовская,С.И. Розумның зерттеулерінде тест кезіндегі оқушылардың оқу үлгерімі тек табиғи қабілеттеріне ғана емес, оқу мотивациясының дамуымен байланысты. Бұл екі факторлар арасында өзара байланыс бар. Белгілі бір жағдайда компенсаторлық механизм қосылуы мүмкін. Сонымен қатар, қабілеттің жетіспейтін тұстарын мотивациялық аумақтың дамуы толықтырып, білімгер жоғары жетістіктерге жетеді. Зерттеулер көрсеткендей, күшті және әлсіз оқушылар интеллектуалды дамуына байланысты емес, өздерінің кәсіби әрекетіне байланысты ерекшеленеді.

Тестке дайындық кезіндегі оқушылардың психологиялық дайындаудың дәстүрлі жүйесі оларды қазіргі күн талабына лайық жеке дара іс-әрекет, қарым-қатынас субъектісі ретінде дамытуға қосар үлесі шамалы екенін тәжірибе айқындауда. Мұнда «дәстүрлі психологиялық дайындау» ұғымы білімгерлердің психологиялық даярлығын жетілдіру процесін сырттан зерттеу басымдылығының; білімнің мінез-құлыққа сіңісті болуын емес, тек академиялық деңгейге бағдарының; Ұлттық Біріңғай тестілеу нәтижесіне дайындау, стресс пен үрейден алшақтауға үйрету; оқу-кәсіби іс-әрекет пен қарым-қатынасты жетілдіруді және оқушының өзін-өзі тануынан бастап, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өзектендіру дәрежесіне жетуін қамтамасыз ететін психологиялық технология жете алмауының жалпы сипаттамасы ретінде қолданды.Сондықтан тест тапсыру кезінде баланың әртүрлі іс-әрекеттерінде білім қолдану мен көп қырлы талдауды меңгеру нәтижесінде көрінеді. Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын, қалыптастырудағы оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынтасын, жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту – бүгінгі күннің мәселесі. Жоғарыда айтып өткендей қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық деңгейге жеткізу. Осы бағытта мұғалімдер алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Оқушының жан-жақты дамуына, қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технологиялар пайдалануды керек етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты . – Астана, 2017
2. Бұлақбаева М.К. Классикалық және заманауи тест теорияларына кіріспе. – Алматы: Қыздар Университеті, 2016. – 201 б.
3. Кон И.С. Психология старшеклассника. – М., 1980. – С. 31-33.
4. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Основы психологической антропологии. Психология развития человека. Развитие субъективной реальности в онтогенезе: Учебное пособие для ВУЗ-ов.-М.: Школьная Пресса, 2000.- 416 с.
5. Кон И.С. Психология ранней юности. – М., 1980. – С.106-107.
6. Краковский. А.П. О подростках. – М.: Педагогика, 1970. – С. 19-26.

**Дінсламова Ұлпан Әбунәсірқызы,**
2 курс магистранты,
«6М012400 -Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# МЕКТЕПТЕГІ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҮРДІСТІҢ САПАСЫН БАСҚАРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАНЫ ҚОЛДАНУ

**Аңдатпа:** Мақалада мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностиканың түрлері мен педагогикалық диагностиканы қолданудың ерекшеліктері қарастырылған. Білім беруді ізгілендіру және технологияландыру контексінде дидактикалық үрдіс сапасын басқару проблемасының өзектілігі болып табылады. Дидактикалық үрдіс сапасын басқару саласындағы негізгі категориялар мен ұғымдардың мәні ашылады.

**Кілт сөздер:** дидактикалық үрдіс, педагогикалық диагностика, субъектілердің сапасы, жоба сапасы, нәтижелер сапасы.

**Аннотация:** В статье рассмотрены виды педагогической диагностики и особенности применения педагогической диагностики в управлении качеством дидактического процесса в школе. Актуальность проблемы управления качеством дидактического процесса в контексте гуманизации и технологизации образования является актуальностью. Раскрывается сущность основных категорий и понятий в области управления качеством дидактического процесса.

**Ключевые слова:** дидактический процесс, педагогическая диагностика, качество субъектов, качество проекта, качество результатов.

**Abstract:** the article considers the types of pedagogical diagnostics and features of the application of pedagogical diagnostics in the quality management of the didactic process in school. The relevance of the problem of quality management of the didactic process in the context of humanization and technology of education is relevant. The essence of the main categories and concepts in the field of quality management of the didactic process is revealed.

**Keywords:** didactic process, pedagogical diagnostics, quality of subjects, quality of the project, quality of results.

## КІРІСПЕ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2050» стратегиясында негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білімі мен білігі жағынан өркениетті елдердегі замандастарымен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған. Ұстаз еңбегі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан емес, мұғалімнің әдістемелік даярлығында тұрақты жетілдіруді талап етеді. Іс-әрекет нәтижесіне сәйкес қойылған мақсат мұғалімнің педагогикалық процесс жағдайы жайындағы ақпараттарды меңгеру дәрежесіне тікелей тәуелді болады. Міне, осыдан келіп педагогикалық процестің өту барысы мен кезеңдер нәтижелері әрі қорытынды көрсеткіштері туралы ақпарат алу мақсатында мұғалімде мектептің (сыныптың) педагогикалық процесін диагностикалау білімі мен дағдысы болуы қажеттігі туындайды. Білімнің қай саласында болмасын, еңбек процесі өту кезіндегі жағдайы мен сапасының диагностикасы жетекші рөл атқарады. Қазақстан Республикасы білім беру саласын реформалау орта білім беру деңгейінде де нәтижеге бағытталған 12 жылдық мектептің оқыту үдерісіне нақты нәтижеге жеткізетін тиімді дидактикалық құралдарды енгізуді көздейді. [Кобдикова Ж.У., 2019, 3-6.]

Мектептегі білім беру қызметінің күрделілігі, саны, қазіргі заманғы оқу үдерісі сипатталатын оқытудың түрлері мен әдістерінің алуан түрлілігі, педагог пен оқушылар арасындағы тиімді өзара іс-қимылды іске асыру қажеттілігі педагог пен білім алушының жеке тұлғасына белгілі бір талаптар қояды. Оқу бағдарламаларының, жоспарлардың, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің, ғылыми жұмыстың мәні ғылымның, техниканың соңғы жетістіктеріне, әлеуметтік-экономикалық даму үрдістеріне сәйкестігі, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының басқа да аспектілері оқу процесінің сапасын бақылау және бағалау мәселелеріне ерекше өзектілік береді, өйткені кәсіби дайындық нәтижелеріне объективті және жан-жақты ақпараттың болуы қажеттілігі артады. Ғалымдардың зерттеулері білім беру қызметінің нәтижелерін бақылау мен бағалаудың дәстүрлі нысандары, оқу процесінің сапасы субъективті және бір мәнді емес екенін дәлелдейді. Қазіргі білім берудегі эксперименттің, бағалаудың және диагностиканың мәні оларды сапалы мониторингтің құрауыштары деп қарауға мүмкіндік береді, бұл оқу орны мен жалпы білім беру жүйесін стратегиялық басқарудың қазіргі заманғы құралы болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дидактикалық үрдіс педагогтар мен білім алушылардың педагогикалық өзара іс-қимылы болып табылады, ал оның сапасы жобаның са-

пасымен ғана емес, ең алдымен субъектілердің сапасымен және олардың педагогикалық өзара іс-қимыл сапасымен анықталады. Дидактикалық үрдістіңсапасы да орта сапасына (жағдайы мен ресурстары) байланысты. Бұл ретте, ортаның өзі пассивті, дидактикалық үрдісті іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар мен ресурстардың болуы оның сапасын толық қамтамасыз етпейді. Педагогтар бір жағынан, орта әлеуетін «меңгереді», оның білім беру мүмкіндіктерін күшейте отырып, ортаны «дамытады», екінші жағынан – орта қалыптастыру функциясын орындайды, үшінші жағынан – жағымсыз факторлардың әсерін азайтады. Орта әлеуеті қаншалықты толық пайдаланылатыны, ең алдымен, дидактикалық үрдіс субъектілерінің сапасына байланысты. Сапалы дидактикалық үрдіс, өз кезегінде, оқыту нәтижелерінің сапасын қамтамасыз етеді (дидактикалық үрдіс субъектілерінің дамуы, олардың педагогикалық өзара іс-қимыл субъектілерінің жаңа сапасын өздігінен дамыту).

Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі (В.И.Байденко, Г.А.Бордовский, В.И.Воскресенский, А.И.Жук, Э.В.Злобин, В.А.Качалов, Д.А.Новиков) өзекті әлеуметтік тапсырысты көрсететін нормаларға, талаптарға, эталондарға, стандарттарға сәйкестік дәрежесі ретінде білім беру сапасын анықтайды (жүйе, үдеріс және нәтиже ретінде). Біздің көзқарасымызша, мұндай сәйкестікті белгілеу білім беру сапасын анықтау үшін қажет, бірақ жеткіліксіз, өйткені стандарттардың талаптары нақты тұлғаға бағытталмаған: білім алушылардың нақты және әлеуетті мүмкіндіктерін, олардың жеке және кәсіби даму құндылықтарын, аксиологиялық ұстанымдарды, жеке-кәсіби ұстанымдарын, нақты педагогтардың тәжірибесін, құзыреттілігін ескермейді.

В.А.Болотова, Н.ФЕфремова, В.В.Серікова сынды ғалымдардың пікіріне сүйенер болсақ, білім беру сапасы оның нормативті талаптарға сай болу дәрежесімен ғана емес, ең алдымен әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерімен де анықталады. Бұл тұрғыда М. Поташник ұсынған білім беру сапасын анықтау неғұрлым дұрыс болып табылады. Ол жеке тұлғаның білім беру сапасын «білім беру қызметінің мақсаты мен нәтижесінің ара қатынасы, егер мақсат диагностикалық, операциялық және «жақын даму аймағында» айқындалса, мақсатқа жету шарасы ретінде анықтайды. Бұл жағдайда сапаны бағалау нәтижелерді білім алушылардың ең жоғары мүмкіндіктерімен салыстыру негізінде жүзеге асырылады. Егер бала анағұрлым жоғары нәтижеге қол жеткізе алса, және нәтижелер қаншалықты аз болса да, олар баланың ең жоғары мүмкіндіктеріне сәйкес келсе, бұл нәтиже ешқандай да нашар көрсеткіш деп тануға болмайды» [Поташник, М.М.,2002, 19-6.].

Мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностикалау қорытындының қай жолмен, қандай нұсқалармен байланысты екенін қарап, оқыту құрылымының серпімділігін, үрдістердің басын ашады. Диагностикалаудың ішіне бақылау, тексеріс, бағалау, статистикалық мағлұматтардың жиынтығы, оның анализі, үрдісі, серпімділігі, жағдайдың әрі қарай дамуын болжау кіреді. Осылай, педагогикалық диагностиканың үндеуі біріншіден, жеке оқыту процесін оңтайландыру, екіншіден, қоғам мүдделерін сақтай отырып оқытудың нәтижелерін дұрыс анықтау, үшінші ден, осы критерийлерді қолдана отырып, оқытылушыларды басқа оқыту торптарына жібергенде тәлім-тәрбиенің ерекшелендіруде барынша аз қателік жіберу.

Мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностика нәтиже мен процесті бірге зерттейді. Білім алушының еңбегі педагогтың еңбегімен бірге талданып, білім алушының мүмкіндігі, қабілеті және икемділігі зерттеледі. Педагогтың жұмысына ықпал еткен жағдайлар ескеріледі. Мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностиканы өткізу түрлері әртүрлі болуы мүмкін: топтық және жеке, тапсырмаларды жазбаша орындау, қорытынды сабақтарда, әңгімелесу және тестілеу арқылы. Мектептегі дидактикалық үрдістің сапасының жақсаруына қызмет ететін педагогикалық диагностика келесі мақсаттарға бағдарлануы қажет:

1. Білім беру нәтижесі қате бағаланған жағдайда, ішкі және сыртқы коррекция;

2. Білім берудегі олқылықтарды анықтау;

3. Білім берудің нәтижелерінің жетістігін растау;

4. Білім беру процесінің келесі сатыларын жоспарлау;

5.Оқу жетістіктері үшін көтермелеу, қолдау және келесі қадамдардың күрделілігін реттеу;

6. Білім беру жағдайын жақсарту;

Мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностиканың міндеті – алынған нәтиженің жоспарланған нәтижемен арақатынасы, алшақтықты анықтау, себептерін анықтау және олардың шоғырлануы, ал осының негізінде-келесі жұмыс үшін мақсаттарды түзету.Біздің көзқарасымызша, дидактикалық үрдістің сапасының мәнін түсіну негізінде жатыр, ал ол мынадай тізбекке сүйенеді: «субъектілердің (педагогтар мен білім алушылардың) сапасы – дидактикалық үрдіс жобасының сапасы – дидактикалық үрдіс сапасы – орта сапасы (жағдайы мен ресурстары) – нәтижелер сапасы». Осыған байланысты оны субъектілік, тұжырымдамалық, іс жүргізу, орта, нәтижелі бес аспектінің бірлігінде қарау керек. Бұл ретте субъектілердің сапасы оқыту сапасының жүйе құраушы компоненті болып табылады.

«Дидактикалық үрдістің сапасы» – бұл осы үдерістің, субъектілердің сапасы. Субъект жоқ болса,онда дидактикалық процесс те жоқ. В.В.

Сериковтың айтуынша, дидактикалық процессті педагогтар мен оқушылар жасайды. Егер мұғалім келмесе, балаларды ұйымдастырмаса, сыныпта ешқандай процесс болмайды және олар өзі іске асыратын бағдарламаға сәйкес өзі ұсынған бағытта белсенді әрекет ете алмайды. Бұл идеяның өзі туралы айта салу бір процесс, орналастырылуы тиіс мұғалім мен оқушы іс-әрекет жасайтын өрісі, оның факторларын, олардың саналы қабылдау, түсіну, түсіндіру, сынды әрекеттер олардың қатысуынсыз жүзеге асса қызық көрінер еді [Сериков В.В., 2012, 18б.].

Демек, дидактикалық жүйе – педагогтің рефлексия және өзін-өзі дамыту өнімі және оның субъектілері өзінің субъектілігін, креативтілігін, өзінің әлеуетін іске асыратын дидактикалық процесс тұтас, яғни сапалы болуы мүмкін. Осылайша, ізгілендіру контекстінде, оқытудың тұтастығы туралы, яғни оқыту сапасы туралы, егер дидактикалық процесті педагог тұлға ретінде іске асырмаса және білім алушылардың жеке басын дамытуға бағытталмаған болса, сөйлеуге де болмайды; саналы және дербес мағыналы ойлауға және, сайып келгенде, мектептегі дидактикалық үрдістің сапасының барлық сипаттамалары бойынша шынайы диагностикалық мәліметтер алу үшін ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін, оқушы әрекетінің өнімін зерттеуді, сауалнаманы, сабақты, оқу мен оқудан тыс әрекеттің басқа түрлерін талдау мен өз бетінше талдауды, бақылауды, әңгімелесуді, социометрлік талдауды, әр түрлі диагностикалық карталар толтыруды, тестілерді, т.с.с. кешенді түрде пайдалану қажет. Педагогикалық зерттеу әдістерімен алынған мәліметтер салыстырмалы түрде талдануы маңызды, яғни, уақыт жағынан бөлек нәтижелерді (үлгерімнің диагностикалық «кесінділер», сыныптағы жылына екі реттік социометрлік зерттеулер, т.б.) салыстыру керек. Бұл шартты орындауда диагностикалық мәліметтер педагогикалық процесті әр түрлі кезеңдерінде жөнге келтіруге, сондай-ақ, мектеп әкімшілігінің, сынып жетекшісінің, мұғалімнің жұмыс жоспарының барлық түрлерін түзетуге негіз болып табылады. Педагогикалық процестің сипаттамаларын зерттеп, мектеп әкімшілігі мен педагогтар ұжымын оқу-тәрбие процесінің қызметі мен жай-күйін өзгертуге бағытталған тиісті басқару шешімдерін әзірлеу үшін ақпаратты іріктейді. Осылайша, педагогикалық процестің диагностикасы оқыту теориясы мен практикасында педагогикалық процесті басқарудың қазіргі деңгейінің негізі ретінде қарастырылады. Сондықтан, қазіргі мұғалімнің жетекші міндеттерінің бірі педагогикалық процесті диагостикалау болып табылады, ол үшін ақпараттың негізгі түрлерін (бастапқы, тактикалық, жедел) білу қажет. Педагогикалық процестің барысы, жағдайы, нәтижесі туралы жеткілікті ақпарат жинау үшін негізгі сипаттамаларды және олардың көрсеткіштерін білу керек.

Педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді қолдану диагностикалық мәліметтердің толықтығын және дәлелдігін қамтамасыз етеді. Диагностикалық мәліметтер педагогикалық процесті басқаруға, мезгілінде түзету енгізуге, педагогикалық процесті басқарудың алдағы жоспарын сапалы етуге жол ашады. Мектеп директорының, оқу ісі меңгерушілерінің методикалық кеңестің және пән әдістемелік бірлестіктері жетекшілерінің мұғалімдердің, сабақтарына бірігіп қатынасуы арқылы жүзеге асады. Бұл бірыңғай методикалық талаптар қою үшін қажет. Дидактикада білім сапасын анықтау мәселесіне екі көзқарас қалыптасқан: жекелеген критерийлер бойынша (Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер және басқалары) және білімді игеру мен қолданудың деңгейі бойынша (В.П.Беспалько, М.М.Поташник және басқалары) анықтау. Ғалымдар білім сапасының мәнін анықтауда екінші көзқарастың тиімділігін атап көрсетеді. Олардың пікірінше, бұл бір жағынан, іс жүзінде білім сапасын оқшау түрде анықтау мүмкін еместігіне байланысты, сондықтан білім сапасын жүйелі түрде, белгілі бір қиындық деңгейіндегі тапсырмаларды орындау барысында анықтаған жөн. Ал екінші жағынан, білімнің деңгей бойынша сипатталуы ойлау процесінің заңдылықтарына сай келеді.[ Краевский В.В.,2007, 36 б.]

Осыған байланысты диагностикалық тұрғыдан қойылған мақсаттарға жету шарасы ретінде біз оқыту сапасын оқыту мақсаттары мен нәтижелерінің арақатынасы деп алдық, бұл оқыту көрсеткіштерінің тұтас жиынтығын байқатады, мұғалім мен оқушының ұсынылған оқу материалын меңгеру процесіндегі өзара әрекетінің нәтижесін көрсетеді. [Караев Ж.А, Кобдикова Ж.У., 2018, 13-б.]

Кез келген бағалаудың, оның ішінде педагогикалық бағалаудың критерийлері, сипаттамалар мен параметрлерді таңдау және дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностиканың негізгі функцияларынегіздеу болып табылады (Сурет 1). Бұл ретте өлшемдер келесі жалпы ғылыми талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

• олар объективті болуы тиіс;

• зерттелетін құбылыстың ең маңызды, негізгі сәттерін қосу;

• құбылыстың типтік жақтарын қамту; қысқа, анық, дәл болуы;

Диагностиканың негізгі міндеттерінің бірі оқу процесінің барысын оның тиімділігіне қатысты дер кезінде анықтап, бағалау және талдау. Сондықтан диагностиканың мәні оқушылардың білім, білік, дағдыларын (ББД) дәстүрлі тексеруден анағұрлым кеңірек.Сонымен қатар, білім беру үрдісін дамытудың нақты деңгейін зерттеу негізінде білім беру процесінің нәтижелілігін көп аспектілі бақылау, осы дамуды оның қойылған мақсаттармен арақатынасында талдау негізінде түзету, енгізу және даму перспективаларын анықтау болып табылады.




*Сурет 1 Дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностиканың негізгі функциялары*

Әдеттегі ББД бақылау оқытудың нәтижелерін констатациялап қана қояды, олардың қалай пайда болғанын талдамайды. Ал диагностикалау оларды өзара байланыста қарастырады, яғни оқыту нәтижелерін оларға жету жолдары, тәсілдерімен қоса талдайды, оқыту нәтижелерінің динамикасын, қалыптасқан үрдісін анықтайды. Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі (ҮӘЖ) технологиясын қолдану педагогикалық диагностика әдістерін оңтайландыратынын, бұл технологияның денсаулық сақтаушы қасиеті бар екендігін айта кету жөн. Біілімнің диагностикасы мен мониторингін жүргізбейінше, оқу-тәрбие жұмысын тиімді басқаруға, қалыптасқан жағдайда оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге болмайтыны ғылыми негізде дәлелденген [Кобдикова Ж.У., 2019, 15-б].

Кейбір зерттеулерде жоғарыда аталған компоненттермен қатар білім беру нәтижелерінің сапасы көрсетіледі. А. А. Вербицкийдің пікірінше, білім сапасы, оның интегралды көрсеткіші шығарылатын маманның сапасы болып табылатын, бірқатар қасиеттердің нәтижесі болып табылады: талапкерлер (студенттер) контингенті, оқытушылар құрамы, білім беру мазмұны, білім беру ортасының сапасы, педагогикалық технологиялардың сапасы, білім беру процесінің сапасы, оның ресурстық қамтамасыз ету сапасы және т.б. ЮНИСЕФ-тің «білім беру сапасын анықтау» атты жұмыс құжатында білім беру сапасы: «оқушылар сапасы», орта сапасы (ресурстар мен жағдайлар), мазмұн сапасы (оқу бағдарламалары мен оқу – әдістемелік материалдар), процесс сапасы (профессорлық-оқытушылық құрамның құзыреттілігі, педагогикалық өзара іс-қимыл тәсілдері мен технологиялары), нәтижелер сапасы (білім, білік және қарым-қатынас, сындарлы әлеуметтік тәжірибе). Неміс зерттеушілері білім беру сапасын құрылым сапасының жиынтығы (қаржылық, материалдық және адами ресурстар, құқықтық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік жағдайлар, сондай-ақ «бағдар сапасы», яғни оқытушыларды даярлау және біліктілігін арттыруға арналған шарттар мен ресурстар), процесс сапасы (оқытушылар мен оқушылардың өзара іс-қимылының әдістері мен стилі) және нәтиже сапасы (білім, пәнаралық және әлеуметтік біліктер, мотивация, құндылықтар, үздіксіз білім беру үшін жағдайлар) ретінде қарастырады. Олар білім беру мақсаттарының сапасын өлшеу, қамтамасыз ету және арттыру үшін шешуші маңызы бар екенін атап көрсетеді, сондықтан білім беру жүйесі деңгейінде және білім беру мекемесі деңгейінде барынша нақты айқындалуы тиіс.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалық диагностиканың педагогикалық шарттары кез келген бағыт бойынша жұмыстың басында проблеманы анықтауға және мақсатты басқарушылық, мазмұнды және технологиялық шешімдердің негізгі бағыттарын таңдауға, оларды жетілдіру жөніндегі шараларды және тиісті іс-қимыл бағдарламасын белгілеуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, жинақталған диагностикалық материалды талдау аяқталғаннан кейін бастапқы кезеңде ұсынылған диагностикалық гипотеза, бар проблемалар мен ауытқулар туралы түпкілікті пікір қалыптастыруға және осы ұйымның, сыртқы ортаның ерекшеліктерін ескере отырып, оларды шешу жолдарын нақтылауға болады. Ол үшін резервтер, мектептің даму мүмкіндіктері, кадрлық әлеует, таңдалған білім беру парадигмасы, мектептің, мектеп ұйымдарының білім беру және тәрбие қызметінің мазмұны және т. б. туралы жеткілікті ақпарат алу қажет. Диагностикалық қызметті ұйымдастыру әдістемесі мектепте басқару процесін дамыту мәселелері туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік беретін бірқатар дәйекті процедураларды көздейді. Сонымен, технологиялық шешімді қабылдау туралы маңызды ақпарат жұмыс тобын, уақытша ғылыми-зерттеу ұжымын құру, сыныптарды оқытудың жаңа технологияларына және т.б. ауыстыру мәселесін шешу үшін кадрлық әлеуетті талдау кезінде алынуы мүмкін. Зерттеу әдісін таңдау және оның мақсаттарымен, сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктерімен және диагностикалық процестің кезеңдерімен анықталады. Бастапқыда кең ауқымды талдау жұмыстары жүргізіліп жатқан ұжымдық пікірталастар, кеңестер ұйым-

дастырылады. Оның барысында негізгі проблемалар анықталады, әртүрлі ақпарат көздері зерттеледі және шешім қабылданады. Тәжірибе негізне сүйенер болсақ, бұл тәсіл – мектеп проблемаларының ұжымдық рефлексиясы-диагностиканың негізінде басқарудың қажетті және міндетті кезеңі болып саналады.

– мектеп қызметінің өзекті мәселелерін анықтау;

-алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін, ұжымды жинау және пікірлестер (жақтастар) тобын қалыптастыру;

-педагогикалық ұжымның әлеуетті мүмкіндіктеріне және тиісті мектеп жүйелеріне негізделген мәселелерді шешудің пәрменді жолдарын белгілеу.

Диагностика шеңберінде өткізілген педагогикалық іс-әрекеттерді анықтау және бағалау жүргізіледі. Бұл ретте педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижелерінің соңғы мақсаттарына сәйкестігі туралы хабардар ететін кері байланыс қамтамасыз етіледі. Соңғы мақсаттар жоспарланған мақсатқа сәйкес келмей қалу процесі қалыпты жағдай, бірақ практикалық білім беру қызметкерлері әрдайым ескермей кету қаупі де жоқ емес. Сондықтан біз педагогикалық диагностиканы маңызды басқару құралы деп есептейміз; мектеп білім беру процесінің күрделілігі бүгінгі күні оның жұмысының өнімділігі мен нәтижелілігін, серпінділігі мен дамуын қамтамасыз ете отырып, жүйенің жұмысына уақытылы және тиімді түзетулер енгізу үшін оның барлық кезеңдері мен мазмұнды буындарын қадағалауды талап етеді. Мұнда қойылған міндеттер нәтижені жоспарланған мақсаттан ауытқу дәрежесін, бағытын және себептерін дұрыс бағалау болып табылады. Бұл ауытқулар педагогэикалық жүйеге оның жұмыс істеу тиімділігін төмендететін себептер ретінде әртүрлі сыртқы және ішкі факторлардың ықпалынан туындауы мүмкін:

♦ білім беру мекемесінің мақсаттарының өзгеруін;

♦ білім беретін оқу жоспарлары мен бағдарламаларындағы өзгерістерді;

♦ білім беру мекемесі мақсаттарымен білім беру процесіне қатысушылардың жеке мүдделерінің сәйкес келмеуін;

♦ ғылымның күнделікті даму үздіксіздігін;

♦ жаңа оқу курстарын енгізуді;

♦ оқытудың жаңа әдістері мен технологияларына көшуді атауға болады.

Яғни, мектептегі дидактикалық үрдістің сапасын басқарудағы педагогикалықдиагностика, сыртқы орта әсерлері мен педагогикалық жүйенің ішкі факторлары арасындағы байланысты талдауды қамтамасыз етуге және білім беру процесінің негізгі сипаттамаларындағы нәтижелер негізінде осы байланыстарды реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Сериков В.В. Обучение как вид педагогической деятельности : учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений / В.В. Сериков. – М.: Академия, 2008. – 256 с.
2. Кобдикова Ж.У. Үшөлшемді әдістемелік жүйе (ҮӘЖ) нәтижеге бағытталған білім берудің тиімді механизмі. – Алматы, 2019. – 112 б.
3. Поташник М.М. Качество образования: проблемы и технология управления / М.М. Поташник. – М. : Пед. о-во России, 2002. – 352 с.
4. Сериков В.В. Субъективные основания целостности педагогического процесса / В.В. Сериков // Известия ВГПУ. – 2012. – Т. 68. – № 4. – С.12-18.
5. Краевский В.В. Основы обучения. Дидактика и методика : учеб.пособие для студ. высш. учеб.заведений / В.В. Краевский, А.В. Хуторской. – М. Академия, 2007. – 352 с.
6. Караев Ж.А, Кобдикова Ж.У., Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. -Алматы, 2018 г.-480 стр., ISBN 978-601-275-750-7.

**Елубаева Жанар Елубайқызы,**
магистрант 2-го курса,
специальность «6М012400-Педагогические измерения»,
Казахский Национальный Женский Педагогический Университет

**Елемес Аида Әлмұхамедқызы,**
магистрант 2-го курса,
специальность «6М012400-Педагогические измерения»,
Казахский Национальный Женский Педагогический Университет

# ОЦЕНИВАНИЕ КВАЛИТАТИВНЫХ И УНИВЕРСАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ

**Аннотация:** Квалиметрия как относительно новая и фундаментальная наука,которая является, актуальной и базисной для других сопряженных наук, направленных на решение проблем управления качеством. Квалиметрия все еще нуждается в развитии и использовании при принятии управленческих решений в отношении качества чего-либо. Само понятие «универсальные» определяет, что эти компетенции можно встретить везде –во всех образовательныхпрограммах и в различныхвидах деятельности.

**Ключевые слова:** качество, квалиметрия, оценка, измерение, компетенция.

**Аңдатпа:** Квалиметрия салыстырмалы түрде жаңа және іргелі ғылым ретінде, ол сапа менеджменті мәселелерін шешуге бағытталған басқа ілеспе ғылымдар үшін маңызды және негізгі болып табылады. Квалиметрия әлі де дамып, бірдеңе сапасына қатысты басқару шешімдерін қабылдау үшін қолданылуы керек. «Әмбебап» ұғымы осы құзыреттіліктерді барлық жерде табуға болатындығын анықтайды – барлық білім беру бағдарламаларында және әртүрлі іс-шараларда.

**Түйінді сөздер:** сапа, квалиметрия, бағалау, өлшеу, құзіреттілік.

**Annotation:** Qualimetry as a relatively new and fundamental science, which is relevant and basic for other related sciences aimed at solving quality management problems. Qualimetry still needs to be developed and used in making managerial decisions regarding the quality of something. The very concept of «universal» determines that these competencies can be found everywhere – in all educational programs and in various activities.

**Key words:**quality, qualimetry, assessment, measurement, competence.

## ВВЕДЕНИЕ

В настоящее время, исследованию качества продукции уделяют ведущее бремя на производстве. Конкурентноспособная «битва» изготовителей продукции за рынки реализована и неприрывное увеличения спроса к ее качеству определило становление отдельно ветки науки – квалиметрии, которая была связана с количественной оценкой свойств.

В качестве оснований недостаточной оценивание квалитативной компетентности учащихся ориентируются несоответствие размера содержания учебного материала численности времени, предусмотренному для его усвоению, а еще недоступность связи с контекстом, обусловленное классической системой организации образования.

Что такое качество? Как его можно понять и оценить? Качество понятие многообразное. Возможно, может и показаться, что способы оценки разнохарактерны и не связаны между собой. Важно исследовать общие принципы и методы оценок. Например, между женской туфелькой и сумкой нет ничего общего, то между принципами оценки качество несомненно есть. То есть, это феномен одного класса.

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Качество это – основа или свойство, которое устойчивое для физических объектов.

А.В. Гличев говорит: «При всем разнообразии и множестве определений все сходятся в одном: „Продукция должна быть способной удовлетворять потребности, иначе она лишена качества"» [Романов В.Н., Орлов Ю.А., Ромодановская М.П., Орлов Д.Ю., 2017, 135с.].

Дж. Ван Эттингер и Дж. Ситтиг вводят понятие абстрактного качества как суммы свойств продукта без учета покупательной способности потребителя, т.е. «стоимостного» порога качества [Дж. Ванн Эттингер, Дж. Ситтиг, 1968. – 92с.].

Термин «квалиметрия» образован от латинского qualitas — качество (или quails — какой по качеству) и греческого metreo — измеряю. Интенсивное становление квалиметрия получила в середине 1960-х гг., когда при принятии суждения, связанных с качеством стали использоваться количественные способы ее оценки.

Интенсивное становления квалиметрии возымела в середине 1960-х гг., когда при принятии заключений, связанных с качеством стали использоваться количественные способы ее оценки. Этот термин обширно всераспротранен

в доктрине и практике управления. Квалиметрия как наука тянет на этап развития, чем разъясняется недоступность единственного понятия по ряду вопросов.

Измерение и оценка – эти два термина используются в квалиметрии. Оценка – главный и фундаментальный ступень системы качеств [Азгальдов Г.Г., Райхман Э.П., 1973, 172с.].

Квалиметрия – это дисциплина об измерении и количественной оценки качества всевозможных предметов и процессов, т.е. объектов реального мира [В. Н. Романов, Ю. А. Орлов, М. П. Ромодановская, Д. Ю. Орлов «Квалиметрия» – Владимир, 2017.- 135]

Г.А. Варжапетян трактует, что квалиметрия это отрасль науки, изучающая и реализующая методы количественной оценки качества продукции [Г.А. Варжапетян, 2005, 176 с].

По мнению А.И. Субетто квалиметрия – это наука об измерении и оценка качества любых объектов и процессов в сфере человеческой деятельности [А.И. Субетто, 2015. – 244 с.]

Аналогично, термин «квалиметрия» довольно пригодный: он лаконичен и весьма буквально передает суть смысла «измерение качества». Если немного перефразировать Уинстона Черчиля, то квалиметрия – это наилучший способ давать неточные оценки качества в условиях, когда любые другие способы дают еще менее точные оценки.

Проблемы квалиметрии в науке Казахстана развиваются в направлении управления качеством образования. Е. Аскаров, анализируя состояние сущности оценки качества, показывает необходимость совершенствования методов оценки качества продукции и внедрения методологических принципов квалиметри [Аскаров Е.С, 2005, 321с.].

Данная специальность и дисциплины особо нуждается в научых исследованиях, методических рекомендациях, ресурсах касающиеся квалитологии и квалиметрии и педагогические измерения. В связи с этим, считаем, что конечным результатом проекта должна стать монография «Квалитология в образовании», в настоящее времяэто проблема рассматривается в Казахстане на методическом уровне.

Защищены диссертационные исследования Система контроля качества обучения в вузах Казахстана в контексте вхождения страны в европейское образовательное пространство анализирована в диссертационном исследований А.Ж. Усеновой (2010)

По квалиметрии имеются учебное пособие на казахском языке автор КазНУ им. Аль-Фараби, 2012.

Квалиметриялық амал арқылы сапаны санға айналдыру//Қазақстан мектебі.- №4, 2008ж. ISSN 2079-9349 (Кудайбергенева К.С.)

«Квалиметрический подход в педагогических измерениях»//Менеджмент в образовании № 2, 2012г.ISSN 2226-1176 (Кудайбергенева К.С.)

Квалитологияның философиялық –әдіснамалық алғышарттары//Қазақстанның ғылымы мен өмірі.- №4(61) 2018 ISSN 2073-333X (Кудайбергенева К.С.)

«Квалиметрия – кешенді және интегралдық сапа көрсеткіштерін өлшеу әдістерінің жиынтығы» Хусаинов, Сулейменова Г.А.

Квалитология білім сапасын басқарудың әдіснамалық негізі. Әдістемелік нүсқаулық, Алматы, РИПК СО 2018ж. – 42 бет

Квалиметрия. Оқу құралы/ М.Қ. Асембаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 103 бет.

Для полноценной оценки квалитативной компетенции студентов колледжа были проведены опрос, выявляющий примерную модель представления компетенции, а также проведены несколько семинаров касательно повышения квалитативной компетенции. Всего в опросе участвовало 40 человек: Стоит отметить, что из общей массы, лишь только один человек не смог вникнуть в суть вопроса и пройти опрос квалитативной компетенции. В работе старались применить термин «квалиметрия», обозначающий науку о качестве. К слову, о таком направлении научной деятельности имел полноценное представление только один человек из 20. В работе с остальными приходилось использовать альтернативные выражения и термины, такие, к примеру, как «качество».

Квалиметрическая оценка качеств считается исключительно только началом и исходной стадией замысловатого процесса управления качеством объектов. Без изучения об уровне качеств и свойств рассматриваемых объектов нет преимущества для научно обоснованного принятия благоприятного заключения и дальнейшего воплощения соответсвенного превентивного или же корректирующего влияния на объект с целью конфигурации качеств.

Уделяя больше внимание и времени на профессиональную подготовку, нельзя забывать что не менее важным компонентом для будущих выпускников является – универсальные компетенции. Помимо профессиональных навыков в определенной сфере, у каждого учащегося должна формулироваться универсальная компетенция. Которая не меньше оценивается в наше время в работниках разных сфер, будь то – педагогика, политика, бизнес или государственная служба. В XXI веке человеку иметь профессиональные знание не достаточно, у него должны еще сложиться так называемые универсальные компетенции. И так что же это такое?

Универсальные компетенции – это качества человека, от которого зависит дальнейший успех в его начинаниях в профессиональной деятельности. Например, это такие качества как:

– коммуникабельность;
– культурная компетентность;
– умение ставить цели и достигать их;
– лидерские качества;
– стрессоустойчивость;
– умение работать в команде;

Исходя их того, что универсальные компетенции имеют надпредметный характер, их фор-

мирование осуществляется в рамках различных форм организации образовательного процесса независимо от конкретной учебной дисциплины образовательной программы, на протяжении всего периода обучения. Учитывая, что природа универсальных компетенций деятельностная, а не знаниевая, на первое место в образовательном процессе высшей школы выходит не информирование обучающегося, а формирование умений разрешать проблемы, возникающие в ситуациях познания и объяснения явлений действительности, освоение современной техники и технологий, включение в ситуации профессионального и над профессионального взаимодействия [Розин А. А., 2018, С. 152–153.].

Таким образом, универсальные компетенции формируются не в виде «преподавания» на предметно-содержательном уровне, а за счет их систематического интегрирования в целостный образовательный процесс через содержание, технологии и средовые факторы [Бугайчук Т.В., 2016, С. 131–135.].

Формирование универсальных компетенций не только во время освоение основных дисциплин, но и во время неурочной деятельности, практик и исследовательских работ. Для оценки сформированности универсальных компетенций используются многостадийные полидисциплинарные измерители.

Обсуждаемые сегодня научно-педагогической общественностью примерные основные образовательные программы основаны на принципе декомпозиции компетенций, в том числе распределение ресурсной базы компетенций по дисциплинам и модулям. Данный принцип является необходимым для построения учебного плана основной профессиональной образовательной программы и определения роли и места каждого ее элемента в формировании интегрированного образовательного результата – пула компетенций и их индикаторов, представленных в системе взаимосвязей.

Основная образовательная программа не содержит никаких дескрипторов, для оценивание универсальных компетенций. Связи с этим разработчики образовательных программ самостоятельно проводят декомпозицию в процессе образовательного периода, для результатов формирование компетенций. Для использование данного вида оценивание, нужно правильно знать сущность и содержание декомпозиционных элементов:

Индикаторы – это одни из главных ведущие структурные элементы для компетенций, которые формируют деятельность. Эти индикаторы должны характеризовать такие качества, как четкость, достаточность, точность и т.д.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміз дамуының жаңа кезеңінің келесі он жылға арналған бағыт – бағдарын анықтап, айқындап берген болатын [Жолдау, 2017.]. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруда тәрбиешілер алдында үлкен жұмыс тұрғандығын көрсетеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бала өмірінің бірінші күнінен бастап өзінің дамуына ықпал жасайтын және онымен эмоциялық қатынаста болатын адамдардың қоршауында болады. Сондай- ақ баланы қасиеттері мен сапалары әр түрлі көптеген заттар қоршап тұрады. Бөбектің өзін қошаған ортамен танысуы және қабылдаған обьектілеріне талдау жасауы үшін айтарлықтай үлкен мүмкіндіктері болатынын зерттеулер көрсетті. Бұл үнемі өзгеріп отыратын әрекет компонеттеріне (мысалы, тамақтандыру жағдайына) оның бейімделуін қамтамасыз етеді.

Әр түрлі өнімсіз және өнімді әрекеттер процесінде сәби жастағы балаларда өздерін қоршаған әлем жөнінде: заттар әлемінің әр түрлі белгілері мен қасиеттері – түсі, формасы, шамасы, заттардың кеңістіктегі орналасу, олардың саны туралы, сондай-ақ адамдардың қарым-қатынастары жөнінде (баланың өзіне, бір–біріне, айналасындағы заттарға және т.б.) түсініктер қалыптаса бастайды. Элементар математикалық түсініктер мен алғашқы ұғымдардың қалыптасуына негіз болатын сенсорлық тәжірибе біртіндеп жинала береді.

Мынадай сұрақ туады: баланың өздігінен дамуына жағдай жасаған жөн бе немесе олардың қоршаған әлемді танып білу процесіне басшылық жасап отыру қажет пе?

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін

тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды жан – жақты дамыту кезінде ұлттық тәрбиенің алатын ролі өте зор. Қазақ атамыз келешек ұрпақтың қамын алыстан болжап, өмірге нәресте келгенде оған лайықты ат қойып, бесікке салып, тұсау кесер рәсімдерін жасап, өсе келе оған қазақ халқының ұлттық шежіресін, өзінің шыққан тегін, халықтың даналық сөздерінің мағынасын түсіндірген. Жас баланың сөйлеу, ойлау, есту, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орны ерекше.

Әдебиет – адам ақылына қозғау салып, қиялына қанат бітіріп, ізгі іс-әрекеттерге жетелер өнер түрі [Ұлттық энциклопедия, 2010, 3416.]. Сондықтан сөз өнері өткен тарихтың, бүгінгі заман шындығының көркем бейнесі ғана емес, оқу мен тәрбиенің басты құралы. Оны танып білу әрбір саналы ұрпақтың ең басты мұраты.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті – ауыздан-ауызға ауызша тарап, біздің дәуірімізге дейін жеткен шығармалар [Сүйншалиев Қ., 1992, 816.]. Ауыз әдебиеті ғылымда фольклор деп аталады. Фольклор ағылшын сөзі, дәлме-дәл аударғанда «халық шығармасы», «халықтың ауызша шығарған көркем сөздері» деген мағынаны береді.

Қазақ ауыз әдебиеті – талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас бай асыл қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманымыздың ұлылығын танимыз. Қазақтың мақал-мәтелдері болсын, жұмбақ-жаңылтпаштары мен ертегілері болсын – бәрі де балаларды Отанын сүюге, ерлікке, елін қорғауға үндейтіні белгілі. Балалар бақшасының тәрбиеленушілерін ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, олардың өмірін байыта түсу тәрбиешілердің міндеті болып саналады.

Қазақ фольклорындағы ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі – ертегілер. Оның осы дәуірге дейін жетуі ертекшілермен тығыз байланысты. Халық арасында үлкен беделге ие болған ертекшілер ертегіні шебер орындаған, жаңадан ертегілік сюжетті тудырып, толықтырып отырған. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман-тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе, әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталып отырады. Әсіресе, адам өміріне байланысты іс-әрекеттер өткір сықақ – мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа құмартады.

Баланың тіл байлығын, белсенділігін қалыптастыру – күрделі көп жақты процесс. Сонау 1592-1670 жылдары өмір сүрген чех халқының атақты педагог-әдіскері Я.А.Коменский де кезінде «Қай баланың қалай болып туылатыны бөгде адамның бірде-бірінің ықтиярында емес, бірақ дұрыс тәрбие арқылы оларды жақсы адам ету – біздің билігімізде» деп, баланы тілін, қабілетін жетілдіру жұмысын арнайы басқарып отырудың қажеттігі туралы айтып кеткен болатын [Коменский Я.А. 1980, 267 с.]. Бұл қағида кейіннен Ж.Ж. Руссо, А. Дистерверг, И.П. Песталоцции, К.Д. Ушинский т.б. ғалымдардың идеяларында көрініс тапты.

Қазақ баласы табиғатының өзі қазақ балалар фольклорына бейім екендігі туралы Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев сияқты ұлы педагогтардың тамаша пікірлері бар. Мысалы, М.Жұмабаев «Қазақ баласының атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы, қазақ баласы қиялқұмар болуға тисті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек ететін ғылымдарға ұмтылуға тиісті» деп [Тұрғанбаева Б.А., 2005, 174б.] орынды айтқан. Бұл көзқарас психолог ғалымдардың (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, М. Мұқанов, Т. Тәжібаев т.б.) мидың жүйке саласының құрылымында туысатын нерв қызметінің ерекше түрі, яғни нышанның болатындығын дәлелдеген теориясымен ұштасады.

Балалардың ойын, тілін дамытуда проблемалық жағдаяттар тақырыпқа сай негіздеп беріледі. Проблемалық оқыту теориясын жасаушылар (А.М. Матюшкин, Т.В. Кудрявцев, М.И. Махмутов, И.Я. Лернер) проблемалық оқытудың мақсаты – ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге баланың танымдық дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту екендігін баса айтады. Бұдан дамыта оқыту мен проблемалық оқытудың көздейтін мақсатының бір екенін аңғаруға болады және біздің «проблемалы дамыта оқыту» деуімізге де негіз бар.

Проблемалы дамыта оқыту талаптарын жүзеге асыру, яғни мектеп жасының баласына халық ауыз әдебиеті үлгілерін арнайы ұйымдастыру, осы бағытта әдістемелік білімдер элементтерін енгізу С. Жиенбаев, Ғ. Бегалиев, Ә. Қоңыратбаев, т.б. әдіскерлер еңбектерінен және бүгінгі күні бастауыш сатыда өзіндік із қалдырған ғалымдар С. Рахметова, Т. Әбдікәрімова т.б. зерттеулерінде практикалық түрде шешілу жолдары көрсетілген.

Педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдауларымыз бастауыш сынып балаларын халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы тілін дамытудың мән-маңызын анықтап, нақты көрсетті.

Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балаларының тілін дамытуда балалар фольклорының алатын рөлі әлі де толық ашыла қойған жоқ. Қазіргі кезде балалар фольклорын пайдалану мен балалардың тілін дамытудың шарттары мен жолдарының анықталуы арасында қайшылықтар бар екені байқалды.

Қазақ ертегілері мазмұнына байланысты 4–ке бөлінеді:

*қиял-ғажайып ертегілер,* олар қиялға, фантазияға құрылады. Өмірде болмайтын нәрселер туралы айтылады. (Алтын сақа, Ер Төстік). Қиял- ғажайып ертегілер екіге бөлінеді: *қазақ ертегілері, сырттан келген ертегілер.*

*хайуанаттар туралы ертегілер.* Олардың кейіпкерлері үй жануарлары, құстар мен аңдар болып келеді. Халық жануарлардың мінездері, қылықтары арқылы адам бойындағы жақсы мен жаманды танып білген. «Аю түлкі және арыстан», «Күшік пен мысық».

*тұрмыс-салт ертегілері*. Тұрмыс- салт ертегілері қойшы, малшы, бақташылардың тұрмысы бейнеленген. Бұл ертегіде өмірде болатын оқиғалар мен болмайтын оқиғалар араласып отырады. «Арыстан мен кісі», «Аю, түлкі және қойшы». Шыншыл ертегілердің қаһармандары қиялдан туған бейнелер емес, қарапайым еңбек адамы (Алдар көсе, Дүмше молда).

Ертегінің қай түрін алсақ та, ол баланың ой-қиял ұшқырлығын күшейтеді, мінез-құлқын, ерікжігерін қалыптастырады. Сондықтан да ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айрықша көңіл бөлгеніміз жөн.

Сөздердің мәнін меңгеруге балаларға заттардың қасиеттерін жалпылай білуге мүмкіндік береді, өйткені кез- келген сөз белгілі дәрежеде жалпылауыштық қызмет атқарады. Бұдан басқа, бала заттарды олардың қасиеттерімен, қатынастарымен енжар қабылдамайды, оларға белсенді түрде әсер етеді, оларды жаңғыртады, уақыт жағынан және кеңістікте оларды пайдалана алады.

Сонымен, қарапайым математикалық түсініктің қайнар көзі баланың ересектермен тілдесуі мен олардың оқытушылық басшылығы бойынша өзінің әрекет ету процесінде танығаң айналадағы нақты шындық болып табылады.

Көптеген фактілер мен құбылыстар, нәрселердің қасиеттері оқыту болмаса баланың назарынан, қабылдауынан тыс қалар еді. Алайда оқыту күнделікті өмірде эпизодтық сипатқа ие және ол барлық баланы бір мезетте қамти алмайды. Сол себепті ол алынатын білімді жүйеге келтіруді қамтамасыз ете алмайды. Бала математика жағынан жетілуі үшін, оның жиын мен сан жөніндегі, шама, форма, уақыт және кеңістік жөніндегі барлық түсініктері мен ұғымдары белгілі бір жүйеде, бірізділікте болуының маңызы өте зор.

Н.К. Крупская: «математика –бұл ұғымдар тізбегі: оның бір үзбесі түсіп қалса, одан арғысы түсініксіз болады»,- деген еді. Сондықтан балалардың математика саласынан мектепке дейін алатын білімдері қаншалықты аз болғанымен, оны балалардың дамуының нақ осы кезеңінде не беруге болатынын есепке ала отырып, біртіндеп күрделендіре беру керек.

Сондықтан сабақтарда оқыту балалардың математикалық түсініктерін жетілдірудің негізі, жетекші формасы болып табылады. Реттелген түсінікте, дұрыс қалыптасқан алғашқы ұғымдар, дер кезінде жетілген ақыл-ой қабілеті сияқты, баланың мектепке онан әрі ойдағыдай оқып кетуінің кепілі ретінде қызмет етеді.

Сенсорлық даму – баланың ақыл –ойы мен математикалық жағынан дамуының сезімдік негізі.

Кішкене балалардың нәрселер мен құбылыстардың сапалық және сандық белгілерін тануының негізіне сенсорлық процестер жатады. Бала нәрсенің сапасы мен қасиетін практикалық әрекет үстінде танып біледі: көздің қимылымен оның формасын, мөлшерін байқайды; қолмен ұстап көреді, формасын, материалын тексереді.

Нәрсені осылай тексере оқып үйрену әрекеттері перцепциялық әрекеттер деп аталады. Олар балалардың практикалық әрекеттерімен –ойынмен, еңбекпен, оқумен функционалды байланыста болады.

Балаға «шкаф сенің артында» десе, «ол арт жақ қайда: арқа қайда?» -деп бала нақтылай түседі де, нақты сезіну үшін, арт жағындағы нәрсенің кеңістіктік жағдайын танып білу үшін арқасын шкафқа тақап тұра қалды.

«Ойыншықтардың ішінен мына үшбұрышқа ұқсайтынын тап». Бала үшбұрышты саусағымен айналдыра сипап, оның формасын тексеріп шығады, сонан соң оны көз және қолдың қозғалысымен тиянақты «зерттей» отырып, сол формаға ұқсас нәрсені іздей бастайды.

«Саңырауқұлақтардың суреті салынған карточкаға онда көрсетілген саңырауқұлақтардың әрқайсысына ұқсас бір-бір саңырауқұлақтан қойып шық». Бала оларды карточкада тексеріп алады; ең алдымен, олардың өзіне –өзі көрсеткендей, карточкадағылардың әрқайсысын саусағымен нұқиды. «Саңырауқұлақтарды оң қолмен сол жақтан бастап қойып шығу керек, міне, былай», -деп тәрбиеші көрсетіп береді. Бала да көрсетілген қозғалыстың ізімен жүре отырып оң қолдың саусағымен солдан оңға қарай карточканы бойлай жүргізеді.

Мұндай перцепциялық әрекеттердің толып жатқан фактілері алғашқы математикалық түсініктердің қалыптасуының негізінде снесорлық процестер жататынын дәлелдейді.

Перцепциялық әрекеттерде салыстыру (формасы, шамалары, саны бойынша), баланың осыған дейінгі тәжірибесінде болған нәрселермен салыстыру жұмыстары жүргізіледі. Сондықтан тәжірибе жинақтауды ұйымдастырудың, балаға салыстыру үшін қоғамдық мәні бар үлгілерді және әрекеттің өте тиімді әдістерін пайдалана білуге үйретудің маңызы зор.

Математикада салыстырудың негізі өзара бір мәнді сәйкестікті орнату операциясы болып табылады. Ол баланың есептеу әрекетінің дамуында да сезімдік негіз болып табылады.

Тәрбиешілердің бақылаулары мен зерттеулері, бала практикалық әрекетте үздікті және үздіксіз әр түрлі нақты шамаларды салыстырумен, бір шаманың элементтерін екіншісінің элементтерімен жалғастыру жолымен ғана олардың теңдігі мен теңсіздігін танып білетінін көрсетті. Мысалы бірнеше қызыл дөңгелекті бірнеше көк дөңгелекпен және бір жиыннын элементтерін екінші бір жиынның элементтерімен жалғастыра отырып бала мынадай қорытындыға келеді: қызыл дөңгелектер көп, ал көктері –аз.

Екі кесіндіні ұзындығы бойынша кесіндінің біреуін екіншісіне беттестіру жолымен салыстыра отырып немесе ұзындықтарын шартты өлшеуішпен өлшей отырып, бала олардың теңдігін немесе теңсіздігін анықтайды. Ал егер кесінділер бөліктерге бөлінген болса, бала салыстыру кезінде бірінші кесінді екіншісінен қанша бөлік артық (немесе кем) екенін көрсетеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі балалардың тәжірибесі мен білімі әлі өте аз болғандықтан, оқыту көбінесе индукциялық жолмен жүреді: алдымен ересектер көмегімен нақты білімдер жинақталады, сонан кейін олар ережелер мен заңдылықтарға жалпыланады. Алайда бұл кішкене балалардың ақыл–ойының өсуі үшін өте қажетті және маңызды болғанымен, өзіндік кемшіліктері де бар: бала өз кезегінде жалпылауға қатысатын жекелеген фактілер мен жағдайлардың ықпалынан шыға алмай қалады; оған кең білім деңгейінде талдау жасай алмайды, мұның өзі олардың өз беттерімен ойлауы мен ізденулерінің дамуын шектейді. Сондықтан оқытуда индукциялық методпен қатар басқа – дедукциялық методты да пайдалану қажет. Онда ой мен білімді меңгеру жалпыдан жекеге қарай жүреді. Бұл математиканы оқып үйренуге едәуір жағдай туғызады, өйткені дедукция методы математика үшін тән нәрсе. Балалар меңгерілген ережелерді өздерінің бұрын алған білімдері мен тәжірибелеріне талдау жасай отырып, нақтылауға үйренуі тиіс.

Тәуелсіз еліміздің ең басты мақсаты дамыған елдер қатарына қосылу болып табылады. Ал, ондай дамыған елдер қатарына қосылу үшін біз болашақ ұрпақтарымызды жан-жақты дамыған, рухани бай, талантты тұлға тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі білім беру саласының да басты мақсаты, ұстанған мүддесі де, оқытушыға қояр талабы осындай болып отыр.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Назарбаева Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2017.
2. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2010. – 341 б.
3. Сүйншалиев Қ. Қазақ аңыздары. – Алматы, 1992, 816
4. Коменский Я.А. Великая дидактика. – М., 1980. – 267 с.
5. Тұрғанбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: Теория және тәжірибе. – Алматы, 2005, 174б.

**Жарықбаева Дариға Рахымжановна,**
аға оқытушы, п.ғ.к.,
Құқық және басқару негіздері кафедрасы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

**Кулжанова Гүлнар Нұсіпбайқызы,**
бөлім меңгеруші, шебер-педагог,
Орталық ғылыми-әдістемелік бөлімі,
«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы,
Қапшағай қ.

# БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Ақпараттық технологиялардың даму дәуірінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімді даярлау мақсатында педагогикалық ЖОО-дарының білім беру үдерісіне жаңа талаптар қойылуда. Кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мектеп мұғалімі еліміздің бәсекеге қабілетті жастарына сапалы білім мен тәрбие беретін іскер маман болып табылады.

**Кілт сөздер:** кәсіби құзыреттілік, педагог, маман, болашақ мұғалім, студент.

**Аннотация.** В эпоху развития информационных технологий особое внимание уделяется вопросу формирования профессиональных компетенций будущих педагогов. С целью подготовки учителя, имеющего профессиональную компетентность, предъявляются новые требования к образовательному процессу педагогических вузов. Учитель школы с профессиональной компетенцией является деловым специалистом, который дает качественное образование и воспитание конкурентоспособной молодежи страны.

**Ключевые слова:** профессиональная компетентность, педагог, специалист, будущий учитель, студент.

**Annotation.** In the era of information technology development, special attention is paid to the formation of professional competencies of future teachers. In order to train a teacher with professional competence, new requirements are imposed on the educational process of pedagogical universities. A school teacher with professional competence is a business specialist who provides high-quality education and upbringing of the country's competitive youth.

**Keywords:** professional competence, teacher, specialist, future teacher, student.

Білім берудің тиімділігі жоғары жүйесі кез келген елдің, оның ішінде Қазақстан Республикасының экономикасы мен қоғамының тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі, білім беру парадигмасын ауыстыру және оның жаңа ұлттық моделін қалыптастыру болашақ мамандарды даярлау сапасы мәселелерін де назардан тыс қалдырмайды.

Кәсіби құзыреттілік ақпараттық, коммуникативтік, іс жүргізу сипатындағы қандай да бір құзыреттердің жиынтығы ретінде қалыптасады. Құзыреттілік индивидтің өзінің кәсіби қызметін сапалы жүзеге асыруға ішкі мотивациясының, сондай-ақ кәсіби құндылықтарының болуын және өз кәсібін өзіндік құндылық ретінде қабылдауын болжайды деп есептейміз.

Кез-келген саладағы маманның кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерінің жалпыланған өлшемі болып, оның тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижелері қарастырылуы мүмкін екендігін басшылыққа ала отырып, болашақ мұғалімдерде қарастырылып отырған феномен өлшемдерінің, көрсеткіштерінің және деңгейлерінің дәлелдемесін педагогикалық еңбектің объективті және субъективті сипаттамаларының жүйесі арқылы жүзеге асырған орынды. Бұл жағдайда объективтік сипаттамалар ретінде педагогикалық іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері, оның құрылымы, педагогпен шешілетін мәселелер шеңбері және қалаулы нәтижеге жету мақсатымен орындалатын оның кәсіби қызметтері саналады [Кожахмет К.Т., 2018, б. 99].

Құзыреттілік белгілі бір салаларда қызметті табысты орындау үшін қажетті сапалардың тұтас, жүйелі жиынтығын білдіретін тұлғаның интегративті сипаттамасы болып табылады. Құзыреттер маманның тіршілік әрекетінің барлық басқа салаларында туындайтын проблемалық жағдайлар мен міндеттерді тиімді шешу қабілеті ретінде көрініс алады. Өз кезегінде, кәсіби құзыреттілік кәсіби білім берудің маңызды компоненті ретінде, кәсіби қызметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткілікті білім, білік және тәжірибе деңгейін ғана емес, тұлғаның әлеуметтік ұстанымын да көрсететін болашақ маманның тұлғалық және іскерліктік қасиеттерінің интег-

ралдық сипаттамасы ретінде қарастырылады.

«Кәсіби құзыреттілік» ұғымының анықтамасына сәйкес педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалаушы үш критерийді пайдалана отырып жүзеге асыру ұсынылады:

– қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру және оларды кәсіби қызметте қолдану.

– кәсіби пәндік міндеттерді шешуге дайындық.

– қабылданған ережелер мен нормаларға сәйкес өз қызметін бақылау қабілеті.

Кәсіби құзыреттілік бітірушіге әлеуметтік кеңістікке барабар ықпалдасуға және белгілі бір қызметпен айналыса отырып, қоршаған табиғи, әлеуметтік ортаға және түрлі қоғамдық қатынастарға өз әсерін жіберуге мүмкіндік беретін маңызды фактор болып табылады.

Инновацияларға негізделген қазіргі заманғы қоғам кәсіптік білім беру мекемелерінен қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа қабілетті, ақпаратты алу және технологиялық өңдеу, шешім қабылдау және стандартты емес жағдайларда жедел әрекет ету қабілетіне ие білікті мамандарды даярлауды талап етеді. Сондықтан білім беру үдерісінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі білім беруді реформалау жағдайында өзекті болып табылады және оны студенттердің оқу сабақтарындағы және оқудан тыс уақыттағы қызметін белсендіру бағытында білім беру процесін жетілдіру арқылы шешу мүмкін болады, бұл студенттің білім беру процесінің субъектісі ретінде қалыптасуына ықпал етеді және бұл құзыреттілік тәсіл идеологиясына толық сәйкес келеді.

Ғалымдар болашақ мұғалімдердің келесі құзыреттіліктерін атаған:

– оқу-танымдық құзыреттілік – танымдық іс-әрекет дағдылары мен біліктерінің жиынтығы. Өз қызметінің табыстылығын мақсатты болжау, жоспарлау, талдау, рефлексия, өзін-өзі бағалау тетіктерін меңгеру;

– ақпараттық құзыреттілік – бұл ақпараттық технологиялардың көмегімен қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау, іріктеу, өңдеу және беру қабілеті;

– коммуникативтік құзыреттілік – бұл адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, топта жұмыс істей білу. Әртүрлі әлеуметтік рөлдермен танысу;

– интеллектуалдық құзыреттілік – оптимизациялық міндеттердің корпоративтік жүйесі ретінде науқанның шешетін дағдылары мен іскерліктері жиынтығымен сипатталатын күрделі психологиялық сипат болып табылады. Оған міндеттер қоюды және жоба алдындағы зерттеулерді жүргізуді жүзеге асыру, ақпараттық технологияларды жобалау, инновациялық идеяларды генерациялау, науқанның даму стратегиясын әзірлеу және т.б. іскерліктер жатады;

– технологиялық құзыреттілік – бұл педагогикалық шындық объектілерін қайта құру бойынша аспаптық іс-әрекеттің креативті-технологиялық білім, қабілеттер мен стереотиптер жүйесі;

– кәсіби құзыреттілік – мамандардың өз кәсіби қызметін меңгеру дәрежесінің сапалық сипаттамасы болып табылады және мыналарды болжайды: осы қызметке өз ниетін ұғыну, өзінің жеке қасиеттері мен қасиеттерін бағалау, өзінің кәсіби қалыптасуын, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеуді реттеу.

Осылайша, білім берудегі құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижелерінің жаңа түрін мәліметтер мен дағдылардың комбинациясына емес, тұлғаның қабілетіне және түрлі проблемаларды шешуге, қызметке дайындығына бағытталған жаңа түрін белгілейді. Құзыреттілік деп аталатын бұл білім беру нәтижелері күрделі нақты міндеттерді – кәсіби және әлеуметтік қызметті, дүниетанымдық, коммуникативтік, тұлғалық міндеттерді шешу қабілеті ретінде қарастырылады.

XXI ғасырдың пән мұғалімін даярлауға бағытталған білім беру үдерісіне заманауи көзқарастар оның пәнге дайындығымен қоса, жалпы білім беру және жалпы мәдени дайындыққа да назар аударылуы тиіс деп болжайды. Қазіргі заманғы жас мұғалімді оқытудың алғашқы күнінен бастап білім берудегі жаңа инновациялық технологиялармен таныстыру, оларды практикада жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсету қажет, бұл өз кезегінде болашақ мамандарды педагогикалық шығармашылыққа тартуға ықпал етеді.

А.Г.Сергеевтің пікірінше: «Процесс профессионального обучения должен быть направлен не только на становление базовых компетентностей будущего специалиста для выполнения нормативной деятельности в рамках его компетенции, но и на формирование творческого потенциала, развитие и совершенствование компетентностей в будущем, уже в процессе осуществления профессиональной деятельности» [Сергеев А.Г., 2010, с. 4] – деп, кәсіби білім беру үдерісінің негізгі бағытын сипаттаған.

Кез келген педагогтің кәсіби қызмет саласын үш негізгі деңгейде жиынтығымен көрсетуге болады: теориялық білім, қызмет тәсілдері, әлеуметтік қасиеттер немесе әлеуметтік жетілу. Кез келген педагогикалық үдеріс күрделі және көп қырлы құбылыс түрінде көрінеді, ол жас педагог-маман меңгеруі тиіс көптеген қызмет түрлерін қамтиды, ол: пән, әдіскер, психолог, менеджер және тәрбиеші болуы тиіс.

Қазіргі мұғалімнің пәндік құзыреттілігі деп ең алдымен мұғалімнің біліміне қойылатын талаптарды айтамыз. Бұл оның эрудициясының деңгейімен және ой-өрісінің кеңдігімен тығыз байланысты. Алайда бұл құзыреттілік өзі оқытатын пән және онымен аралас салалар бойынша білім көлемімен шектелмейді және өзін басқа қызмет салаларында да анықтайды.

Қазіргі мұғалімді дайындауда белгіленген білім деңгейде әртүрлі (арнайы, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік және т.б.) пәндер бойынша білім беру басымдық білдіреді. Оларды жаппай зерттеу нәтижесінде жоғары педагогикалық мекемелердің түлектері өздерінің болашақ кәсіби қызметтерін орындауға дайын еместігі анықталады. Сонымен қатар, оқытушының жалпы педагогикалық құзыреттілігінің мәні нәтижелі тұлғааралық байланыстарды жүзеге асыру болып табылады. Екі мамандық бойынша білім алатын мамандарды даярлау үшін оқу пәндерінің өзара байланысын көрсететін білім жүйесі қажет.

Әр түрлі білім саласында табысты жұмыс істеу үшін мұғалім қандай да бір пәнді зерттеудің әдістері, тәсілдері мен стратегияларын білуі тиіс. Ғылыми идеялардың қағидалары мен негіздерін түсінген кезде заманауи мұғалім өз ой-өрісін еркін кеңейте алады, пәнаралық байланыстарды жан-жақты қолдана алады, әртүрлі мектеп пәндері арасындағы білімді біріктіре алады.

Педагогикалық іскерлктері қалыптасқан мұғалімнің педагогикалық кәсіби құзыреттілігі де қалыптасқан болып саналады. Болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыру үшін, олардың танымдық, дидактикалық, коммуникативті, иеологиялық, ұйымдастырушы, кәсіби және рефлексивті іскерліктерін қалыптастыруға көңіл бөліне қажет.

Болашақ мұғалімнің жаңашылдыққа талпынуы, ізденуі, жаңа ақпараттарды қабылдауы сияқты қабілеті, оның танымдық іскерлігінің негізі болып табылады. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық іскерлігі студенттің белгілі бір мақсаттарды қою, оқытудың қолайлы әдістерін таңдау қабілеттіктерін анықтауымен сипатталады. Болашақ педагогтың тіл байлығы, оның шешендік қабілеттері коммуникативті ісерліктің негізгі белгісі. Оқу-тәрбие үдерісінің маңыздылығын оқушыларға түсіндіріп, жеткізе білетін педагогтың идеологиялық іскерлігінің қалыптасқандығы көрінеді. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, оқушылардың білімге деген мотивтерін ояту қабілеттіліктерін қолдана білетін мұғалмнің ұйымдастырушы іскерлігінен көрініс алады. Өзінің педагогикалық қызметін бағалап, кеткен қателіктерді түзетумен жұмас жасауға икемі бар болашақ мұғалімнің рефлексивті іскерлігі қалыптасқан болып саналады. Мұғалімнің кәсіби іскерліктері өзінің маманданған пәнінен хабардар және пәні бойынша қолданылатын әдіс-тәсілдерді жетік білетін педагог тұлғасынан көрініс алуымен сипатталады.

Болашақ педагог-психологтарды дайындауда төмендегідей кәсіби құзыреттіліктерді: [Есімғалиева Т.М., 2019, б. 212]

– кәсіби қызметті жүзеге асыруға болашақ мамандығының маңыздылығын түсіну;

– кәсіби міндеттерді шешуде теориялық және практикалық білімдерді қолдану;

– оқу үрдісінде тиімді әдістер мен технологияларды қолдана білу қабілеті;

– әртүрлі жұмыс түрлерін жобалау және ұйымдастыру қабілеті және тағы басқа құзыреттіліктерді игеруі қажет.

Бүгінгі күні орта мектеп оқыту үдерісі жалпы негізгі құзыреттілікке, ал педагогтың құзыреттілігі кәсіби құзыреттілікке бағдарланады. Кәсіби құзыреттілік қызмет нәтижелерінің қалыптасқан үлгілері және олардың сапасына қойылатын талап болып табылады.

Кәсіби құзыреттілік мұғалім қызметінің нәтижелілігін сипаттайтын интегративтік көрсеткіштердің бірі ретінде білім беру функцияларын кәсіби орындау үшін қажетті және жеткілікті компоненттердің мұғалімнің ойлау, мінез-құлқында, өзара қарым-қатынас жүйесінде болуы ретінде қаралады.

Г.К. Накыпова кәсіби құзіреттілік өмірлік және кәсіптік міндеттер бойынша тиімді шешімдер қабылдаумен тығыз байланысты екендігін дәйектейді. Кәсіби құзіреттілікті зерттеу кәсіби әрекеттердегі нәтижелерге жетуге бағытталған тұлғаның тәжірибе, білім, шеберлік пен қатынастар бойынша өзара байланыстарды талдау кешенін құрайтындығын айқындайды [Накыпова Г.К., 2019, 209 б.].

Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік мұғалімнің тұлғалық сипаттамасы болып табылады, ол оның қызметінің сапасын анықтайды, үнемі өзгеріп отыратын кәсіби жағдайда барабар, дербес және жауапты әрекет ету қабілеттілігінен көрінеді, өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі дамытуға дайындығын көрсетеді; педагогтың кәсіби белсенділігінен көрінеді, ол оны педагогикалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретінде сипаттайды. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік құрылымында когнитивті (кәсіби білім), операциялық – іс-әрекет (кәсіби шеберлік, дағдылар, жеке және кәсіби тәжірибе), мотивациялық және рефлексивті компоненттер бөлінуі мүмкін.

Кәсіби құзыреттілікті дамыту – бұл үздіксіз даму мен өзін-өзі жетілдіруді болжайтын жеке кәсіби қасиеттерді дамытуға, кәсіби тәжірибені жинақтауға әкелетін кәсіби тәжірибені меңгеру мен жаңғыртудың серпінді процесі. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру кезеңдерін келесідей бөліп көрсетуге болады:

1. өзін-өзі талдау және қажеттілігін сезіну;

2. өзін-өзі дамытуды жоспарлау (мақсаттары, міндеттері, шешу жолдары);

3. өзіндік білім алу, өзіндік талдау жасау, өзіндік түзету.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру – циклдік процесс, т. б. педагогикалық қызмет барысында кәсіпқойлықты үнемі арттыру қажет және әр жолы аталған кезеңдер қайталанады, бірақ жаңа сапада.

Сонымен, заманауи білім беру тұрғысынан

құзыретті мұғалім – бұл негізгі психологиялық-педагогикалық білімі бар, кәсіби іскерлікті меңгерген, өз қызметін жобалау ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің кез келген өзгерістеріне мұқият жауап бере отырып, педагогикалық үдерісті басқаруға қабілетті кәсіби маман. Кәсіби құзыреттілік-педагогикалық қызметте сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін педагогтің кәсіби, коммуникативтік, тұлғалық қасиеттерінің барынша барабар жиынтығы.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі – бұл педагогтың теориялық білімдерінің жүйесін және оларды нақты педагогикалық жағдайларда қолдану тәсілдерін, педагогтің құндылық бағдарын, сондай-ақ оның мәдениетінің интегративтік көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, өзіне және өз қызметіне, білімнің аралас салаларына қатынасы және т. б.) қамтитын көп факторлы құбылыс.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Есімғалиева Т.М. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру / Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1 (61), 2019 – 208-210 б.б.
2. Кожахмет К.Т., Джандильдинов М.К., Жумалиева Р.З. Студенттердің кәсіби-тұлғалық құзыреттіліктерін дамыту деңгейін бағалаудың өлшемдік аппараты / Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2(58), 2018 – 98-107 б.б.
3. Накыпова Г.К. Кәсіби құзіреттілік: мәні және негізгі қағидалары // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2019. – №1(77). – 205-210 бб.
4. Сергеев, А.Г. Компетентность и компетенции: монография. Владимир: Изд-во Владим. гос. ун-та, 2010. – 107 с.

**Жиенбаева Сайра Нагашибаевна,**
п.ғ.д., профессор, декан,
Педагогика және психология факультеті,
ҚазҰлтҚызПУ

**Косшигулова Майгул Умирзаковна,**
2-курс студенті,
Педагогикалық өлшем мамандығы,
ҚазҰлтҚызПУ

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа**. Мақалада мектепке дейінгі білім берудің сапасы мен басқару мәселелері қарастырылады. Педагогикалық әдебиеттердегі басқару қызметінің жіктелуі талданады. Басқару қызметінің құрамдас бөліктері мен басқару қызметтері көрсетілген. Басқару қызметінің келесі түрлері анықталды: жоспарлау, ұйымдастыру, басқару шешімін қабылдау, үйлестіру және бақылау.

**Кілт сөздер:** мектепке дейінгі ұйым, басқару, сапа, қызмет, жоспарлау.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы качества и управления дошкольным образованием. Анализируется классификация функций управления в педагогической литературе. Перечисленно составляющие управленческой деятельности и функциями управления. Определены следующие виды функции управления: планирование, организация, принятие управленческого решения, координация и контроль.

**Ключевые слова:** дошкольная организация, управление, качество, функция, планирование.

**Annotation**. The article discusses the issues of quality and management of preschool education. The classification of management functions in the pedagogical literature is analyzed. The components of management activities and management functions are listed. The following types of management functions are defined: planning, organization, management decision-making, coordination and control.

**Keywords:** preschool organization, management, quality, function, planning.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі күні еліміздің ұлттық білім беру стратегиясы қоғамның экономикалық-саяси өркендеуіне орай өзгеруде. Бұл өзгерістер білім беру жүйесінің алғашқы сатысы мектепке дейінгі ұйымдағы білім сапасынжақсартуға ықпал етеді. Бұл тұрғысында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыру мәселесі қойылған. «Білім беру сапасын бақылаудан оны қамтамасыз етуге көшу мақсатында білім беру ұйымдарының сапасын бағалау және әдістемелік қолдау жүйесінің тетіктері жетілдіріледі. Мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін олардың қызметін кезең-кезеңімен лицензиялауды енгізу жоспарлануда. Мектепке дейінгі ұйымдардың рейтингі сынақтан өткізіліп, оған ата-аналар бағалауы енгізіледі» [Дильдина Н.А., 2018, 102 с.].

Еліміздегі білім берудегі өзгерістерге байланысты, оны іске асырудағы жаңа кезеңді сипаттайтын үрдістердің бірі білім берудің сапасын қадағалауды қамтамасыз ететін басқарушылық құралдарға байланысты екендігін түсіну болып табылады.

Білім берудің сапасы болып табылатын жаңа білім беру саясаты, біртұтас білім беруді қамтамасыз етудің әкімшілік-басқарушылық басқару моделі бұрынғы қалпында қалды деген түсінікке әкелді. Елімізде білім беруден оны әртараптандыруға көшірілуі, бұл оның сапасын басқарудың жаңа тәсілдерін айқындауды қажет етеді.

Мектепке дейінгі балалық шақ – білім беру үрдісінің тәрбиелеу, оқыту және дамыту үшбірлігін құрайтын адам өміріндегі сенситивті кезең. Алайда, мектепке дейінгі білім беру қызметін талдау көрсеткендей, осы ұйымның басшылары білім беру процесінің сапасын басқару құралдарының рөлін жете бағаламайды. Білім беру қызметі тұтынушылармен жұмыс істеуге дайын болмауы; өзін-өзі бағалау; өзін-өзі бақылау әлсіз; өкілеттіктер мен жауапкершіліктің біркелкі бөлінбеуі; басқару жүйесін адамдардың қажеттілігінен шеттету; "басқарушылар" командасында жұмыстың келісілмеуі; басқарылатын объектілердің жұмыс істеу проблемаларын талдаудың болмауы. Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру мәселелері педагогикалық үрдісті, еңбекті басқару қызметіне және басшының жоғары кәсіби құзыреттілігіне негізделіп, дұрыс ұйымдастырылғанда нәтижелі болады.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде әкімшілік бақылау басым, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қол жеткізілген нәтижелері туралы ақпарат алу. Педагогтердің шығармашылығын ынталандыру мақсатында білім беру про-

цесінің сапасын басқару құралдарының жүйесі, критерийлері анықталмағандықтан, оның сапасын объективті бағалау қиындық туындатады. Қалыптасқан жағдай мектепке дейінгі ұйымда балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың амалдарын қайта қарауды, білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал ететін басқарудың қызметтерін, әдістер мен құралдарды іздестіруді талап етеді.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметініңүлгілік қағидаларында «Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «30» қазандағы №595 бұйрығына 1-қосымша [Конаржевский Ю.А., 2000, 212 с.]. Осы тұрғыдан қарағанда мектепке дейінгі білім беру сапасының болуы, басқару қызметтерін үйлесімді қолдануға тығыз байланысты.

Қазіргі таңда метепке дейінгі білім беру үрдісінің даму динамикасының көрсеткіштері, жүйелі бақылаудың сипаттамасы, оның тиімділігін анықтау критерийі қарастырылмаған. Соның ішінде талдау қызметітоптағы жағдайды бақылау арқылы балалардың әрекетін талдау ұсынылады. Мектепке дейінгі білім беруді басқару бойынша ғылыми-құқықтық әдебиеттердің мазмұнында қамтылған. Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатта «белгілі бір топта білім беру қызметін жүргізу үшін қосымша дайындықты қажет ететін тәрбиешілерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету мақсатында енгізіледі» деп мектепке дейінгі білікті мамандарды басқару әдістемелерінде оқытуға қолдау, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәлімгерлік қызметті енгізілген http://adilet.zan.kz].

Қазіргі басшыға басқару туралы білім мен біліктілік,ұтқыр, динамикалық, конструктивті ойлану, жауапты шешімдер қабылдай білу, оның ішінде таңдау жағдайында, олардың мүмкін болатын салдарын болжау, өзіне сеніп тапсырылған ұжымға деген жауапкершіліктің дамыған сезіміне ие болу, оқыту мен тәрбиелеудің неғұрлым ұтымды әдістері мен тәсілдерін меңгеру. Жетекші үшін ең бастысы-өз мекемесінің болашағын көре білу және білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін болашақ қалай табысты болу керектігін білу болып табылады [almatybala.kz/otkrytyj-organ]. Осы нұсқаулықтар мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа амалдары, белсенді формалары мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәдениетін көтеруге көмектеседі, автордың ұсыныстары мұғалімнің жеке басына негізделеді. Осыған байланысты Л.М. Денякиннің «Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстар» атты әдістемелік құралында мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің басшылары, көшбасшының әлеуметтік портреті, балабақша қызметкерлерінің мектепке дейінгі ұйымбасшылығына қатысуы, өзін-өзі басқару органын құру және жергілікті өзін-өзі басқару актілерінің мақсаттары қарастырылады. Белгілі бір топта білім беру қызметін жүргізу үшін қосымша дайындықты қажет ететін тәрбиешілерге әдістемелік және практикалық көмек көрсету мақсатында енгізіледі [http://adilet.zan.kz/]. Бұл басылымда мектепке дейінгі ұйымның жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерге, жоспарлауға кешенді көзқарасқа және басқару циклінің басқару қызметтерінің біріне сәйкес болу проблемалары қарастырылады. Көшбасшысының жаңа моделі ұсынылды, ол команданың әрбір мүшесінің пікіріне негізделеді және шешімдерді ұжымдық түрде жасайды, бірлесіп жұмыс істейді.

Сондықтан бүгінгі басқару мониторинг жүргізуде мынандай басқару қызметтері жүйелі жүргізілгені жөн. Атап айтсақ: жоспарлау және бақылау, сондай-ақ ақпараттық-аналитикалық және реттеуші және түзету қызметтері педагогикалық қызметті зерттеу кезеңдері ретінде ұсынылады.

Қазіргі заманғы дамып келе жатқан мектепке дейінгі ұйымды басқару күрделі процесс: стратегиялық мақсаттар мен тактикалық тапсырмаларды дұрыс таңдаудан; педагогтар құрамы қол жеткізген нәтижелерді зерделеу; басшы мен тәрбиешілердің талдамалық қызметі; ұтымды жоспарлау жүйелері; балалармен жұмыс істеу үшін тәрбиешілерді дайындаудағы психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін пайдалану; арнайы ұйымдастырылған іс-шараларда және балаларды оқыту мен тәрбиелеудің органикалық бірлігін жүзеге асыру; балалардың диагностикалық зерттеулеріне негізделген тиімді мониторинг; объективті қабылданған басқару шешімдерінің орындалуын бақылау; жетекші және тәрбиешілердің болжамдық қызметі жатады.

Басқару қызметтері туралы айтқанда, біз «қызмет» ұғымын анықтауды қажет деп санаймыз. В.П. Симонов қызмет басқару объектісіне немесе ақпаратпен басқару субъектісінің әрекеттерінің ерекше түрі ретінде басқарушылық әсердің ерекше түрі (субъект-субъектілік қатынастар – басқару әсерлері тұрғысынан) ретінде анықталады деді. Оның айтуынша, бұл ұғым маңызды басқару үшін қажетті ақпарат субъект болып табылады, сонымен бірге басқару қызметінің нәтижесі [Симонов В.П., 2009, 357 с.].

Ғылыми әдебиетте басқарманың функционалды құрамына арналған әртүрлі жіктеулері қалыптасқан. А. Файоль ғылыми басқаруда танымал фигурасы бойынша жалпы қабылданған

қызметтер бесеу: жоспарлау, ұйымдастыру, басқару, үйлестіру және бақылау. Функционалды көзқарасты қазіргі заманғы қабылдауда мұндай қызметтер сегіз: жоспарлау, басқару шешімдерін қабылдау, ұйымдастыру, кадрларды басқару, тиімді коммуникация, ынталандыру, басшылық және бақылау деп бөледі.

А. Файольдің функционалдық тәсілін қазіргі заманғы практикада қолданыста кездеседі В.П. Симонов білім беру мекемелерінің басқару тәжірибесін талдау негізінде үш басқару қызметін анықтайды:

1. Жоспарлау қызметі (шешім қабылдау: бұйрықтар, бұйрықтар, ұсыныстар, жоспарлар, педагогикалық кеңестің шешімі, мекеменің кеңесі, жергілікті актілер);

2. Ұйымның қызметі (жоспардың орындалуын материалдық-техникалық қамтамасыз ету), жоспарды қондырғылармен үйлестіру және екінші субъектінің орындаушысы адамның қажеттілігін басқару;

3. Бақылау қызметі – оқу процесінің жетістіктері мен нәтижелері туралы ақпаратты алу және өңдеу үдерісі. Бақылауға мыналар кіреді: орындаушылардың жұмысын бақылау, зерттеу, талдау, диагностикалау және бағалау [Файоль А., 1992, 84 с.]. Ю.А. Конаржевский алты басқару қызметін қарастырады: педагогикалық талдау, жоспарлау, басқару шешімдерін дайындау, қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу [Конаржевский Ю.А., 1997, 288 с.]. Белгілі ғалымдар (В.Г. Афанасьев, А.И. Китова, Б.Ф. Ломов, Р.Х. Шакуров, В.А. Якунин) аталған қызметтерді басқарушылық қызметтің түрлері ретінде атап өтті.

Жалпы алғанда, әлеуметтік менеджмент, басқару психологиясы, педагогика бойынша ғылыми әдебиеттерде басқарудың функционалдық құрамын анықтауға арналған әртүрлі тәсілдердің жоғарыда келтірілген шолуын негізге ала отырып, басқарудың келесі дербес қызметтері бөлінуі мүмкін: мақсатты қалыптастыру, ақпараттық қолдау, болжау, шешім қабылдау, ұйымдастыру орындау, байланыс, мониторинг және нәтижелерді бағалау, оқу орнының қызметін түзету. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекеменің қызметі ең алдымен нәтижелермен байланысты. Қалай болғанда да, жаңа аспект басқару қызметтерін – нәтижелер бойынша басқару кезінде пайда болады.

Осыған байланысты П.И. Третьяков басқару қызметтерінің жаңа компонентін анықтау үшін мынандай негіздемелерді қарастырады:

1. Кез-келген ұйымды өзгеретін ортадағы белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған өзара байланысты және өзара әрекеттесетін элементтер жиынтығы ретінде жүйелі түрде қарастырады;

2. Басқарудың өзара байланысты қызметтерінің үздіксіз жүйесі ретінде қарастыратын процесс;

3. Ақпараттық қамтамасыз ету, екеуін де қамтамасыз ету.




*1-сурет. П.И. Третьяков бойынша басқару циклі*

Олардың ішінде ақпараттық, мотивациялық және мақсатты, жоспарлау, болжамдық, ұйымдастырушылық және атқарушы, бақылау-диагностикалық, реттеуші түзету қызметтерін оқшауландырады [Третьяков П.И., 1997, 288 с.] .

Ақпараттық–аналитикалық талдау қызметі басқару – диагностика қызметі Мотивациялық – объективті қызмет А реттеуші – түзету қызметі жоспарлы – болжау қызметі А – ұйымдастырушылық және атқарушы қызмет.Авторбасқару циклын басқару жүйесінің өзіндік қызметі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, олар бір-бірімен бір-бірін ауыстырып, біртұтас басқару циклін қалыптастырып, бір-бірімен байланысты және дәйекті болып табылады. Әрбір басқару қызметінде, өз кезегінде, қосалқы қызметтер ретінде анықталуы мүмкін қадамдар кішігірім түрінде өтеді. Оқу үрдісін тиімді басқару тәрбиешілер мен балалардың қол жеткізген нәтижелері туралы ақпаратты (ақпараттық-талдамалық іс-әрекеттерді) зерттеуді және талдауды, мониторинг және диагностикалау (бақылау-диагностикалық қызмет) негізінде олардың қызметін объективті бағалауды қамтиды. Осы жағдайға сүйене отырып, тәрбиешілердің осы іс-әрекеттеріне бақылау жасаймыз, балалардың даму динамикасына әсері, зерттеу деректерін корреляциялық

коэффициенттермен дәлелдейміз.

Оқу үдерісі өз қатысушыларының өзара қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады, олар барысында бір-бірінің қызметін зерттеп, ақпарат жинайды. Ол әртүрлі болуы мүмкін: оң, теріс, бейтарап, бағдарланған, өздігінен, тіркелген, бекітілмеген. Ақпарат жүйелі жаңартылып, ақпарат көздерін өзгерту. Ақпараттық хабарларға ие болу, білім беру процесінің субъектілері әрдайым оны дұрыс басқара алады. Барлық ақпарат сақтауға жатпайды: ақпараттың әр түрі өзінің сақтау мерзіміне ие. Ақпарат жинақтау және өңдеу процесі аяқталғаннан кейін білім беру процесінің субъектілерінің сындарлы қызметіне жаңа бағыттар береді. Жинақтау, байқау, бекіту, субъектілердің қызметімен байланысты нәрселерді есте сақтау процесінде орын алады, яғни танудың осындай қызметі жүзеге асырылады. Бұл танудың мәні көбінесе көбінесе сыртқы көріністердің тән көрінісі болып табылады.

Ақпаратты өңдеу процесінде оның ішкі мәніне ену, яғни ақпаратты практикалық қызметпен байланыстыруға мүмкіндік беретін мемлекетке ақпарат беру кіреді. Тану объектінің жалпы имиджін, оның жеке жағын елестетуге мүмкіндік береді, ал тану өзінің барлық тараптары арасындағы байланыстарды орнатуға, олардың өзара тәуелділігіне, ішкі және сыртқы қатынастардың ерекшеліктерін анықтауға және білім беру процесінің сапасына педагогикалық әсер ету сипатын белгілеуге мүмкіндік береді. Ақырында оның жұмысының тиімділігін анықтайтын кез-келген жүйенің негізгі сипаттамаларының бірі – ол айналымдағы ағындардың сипаттамасы (ақпараттың мазмұны, оны орталықтандыру мен орталықсыздандыру дәрежесі, өндіріс көздері, шешім қабылдау деңгейіне шығу). Бұл сипаттамаларға қойылатын талаптар білім беруді демократияландыру жағдайында күрт артады. Мектепке дейінгі ұйымның басшылары мен тәрбиешілердің ақпаратты басқаруды, оның мазмұнын иеленуді, ақпараттар ағынын жүйелендіруді, қандай немесе қандай ақпаратты сақтау керек екенін, қандай түрде сақтау керектігін білуі керек.

Білім беруді демократияландыру үдерісінде ақпараттық қызметтің маңызы ескеріледі: білім беру процесінің субъектілерінің қызметі туралы ақпарат; мектепке дейінгі тәрбиешілер мен тәрбиешілердің конструктивті қызметін ұйымдастыруға қызмет етеді; объективті басқару шешімдерін қабылдау үшін негіз болып табылады (IV деңгей (басқару объектісі) 1. Ағымдағы ақпарат 2. Шекаралық ақпарат 3. Жалпы ақпарат (объект, ол пән) II деңгей Сыртқы ақпарат 5. Мектепке дейінгі ұйымды басқару деңгейіндегі ақпараттың қозғалысы «Сыртқы және ішкі ақпараттың мазмұнын, жағдайлары мен мүмкіндіктерін есепке алу білім беру процесінің сапасына әсер ететін және қадағалау өзгерістерінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін басқару шешімдерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді. Ақпаратты таңдауға қойылатын талаптарды күшейту маңызды. Ақпарат болуы тиіс; мүмкіндігінше толықтай және өте нақты. Ақпараттық банк құру кезінде блоктар бойынша оны саралау принципі қолданылады: табыс көзі бойынша (ішкі және сыртқы), мерзімділікпен (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді), жиілікте (жылдық, тоқсан сайын, айлық, апталық, күнделікті), тақырыптық блоктар бойынша (оқытушылар туралы ақпарат, Мектепке дейінгі ұйым басшысымен жедел кездесулердің шешімдерін орындау.

Оқу үрдісін басқарудың субъектілері алгоритм бойынша іс-әрекеттерін жүзеге асыру осы үдерістің сандық және сапалық өзгерістерін қадағалау әдісі болып табылады, яғни олар мектепке дейінгі ұйымның практикалық қызметіне қолданылатын басқару мониторингінің ерекшеліктерін береді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ұйымға байланысты әдебиеттің мазмұнында басшы мен педагогтардың қызметіне қойылатын талаптар белгіленген. Осы қалыптасқан талаптарды орындауды жоғары тұрған білім беруді басқару органдары жүзеге асырды. Мектепке дейінгі білім берудіңүлгілік бағдарламасы шыққаннан кейін оның мазмұнының орындалуын бақылау жүзеге асырыла бастады, бірақ процесс көп жағдайда стихиялық сипатқа ие болды, ал ғылыми пән ретінде басқарушылық бақылау қажеттілігі сезілмеген. Басшылар мен педагогтар қызметінің нәтижелері эмпирикалық негізде бақылау әдісімен зерттелуі қажет. Ғылым мен тәжірибенің дамуымен білім беру жүйесіндегі білім беру үрдісінің сапасы мақсатты болжау, жоспарлау, ұйымдастыру, талдау сияқты басқарушылық функциялардың орындалуын есепке ала отырып бақылана бастауы, басқару шешімін қабылдау, реттеу, диагностика, бақылау арқылы жүзеге асады. Біз өз зерттеулерімізде білім беру процесінің сапасын басқару жүйесіндегі басқару қызметінің ақпараттық, аналитикалық, бақылау және диагностикалық функцияларының әсерін қарастырдық. Бұл мәселенің қажеттілігі мектепке дейінгі ұйымның басшылар мен педагогтардың осы функцияларға жеткілікті меңгеру қажетгімен анықталады. Бұл басқарудың теориялық негіздерін білуіне, өз қызметін үлгілеуге, педагогикалық еңбек нәтижелерін болжауға, білім беру үдерісі сапасының артуын қадағалауға ықпал етеді.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Дильдина Н.А. Методическая работа в дошкольной образовательной организации: учеб.-метод. пособие/Н.А. Дильдина. – Челябинск: Изд-во ЗАО «Библиотека А. Миллера», 2018. – 102 с.
2. Конаржевский Ю.А. Внутришкольный менеджмент. М.: Педагогический поиск, 2000. — 222 с.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. http://adilet.zan.kz
4. Қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат./ almatybala.kz/otkrytyj-organ/371-2019-2020-ou-zhylyna-arnalan-dstemelk-nsau-hat.html
5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметініңүлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «30» қазандағы №595 бұйрығына 1-қосымша http://adilet.zan.kz/.
6. Романенко Е.В. Управление ДОУ в современных условиях [Текст]//Актуальные вопросы современной педагогики: материалы VI Междунар. науч. конф. (г. Уфа, март 2015 г.). — Уфа: Лето, 2015. — С. 77-79. — URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/148/7494/
7. Симонов В.П. Педагогический менеджмент: Ноу-хау в образовании: учебное пособие. — М., Высшее образование, Юрайт-Издат, 2009. — 357 с.
8. Третьяков П.И. Управление школой по результатам. Практика педагогического менеджмента. М., 1997. — 288 с.
9. Файоль А. Общее и промышленное управление//Управление – это наука и искусство/А. Файоль, Г. Эмерсон, Ф. Тейлор, Г. Форд. Москва : Республика, 1992. С. 42–84.

**Жиымбай Айдана Қайратқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Бабан Ботакөз Жалғасқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқушылардың қазақ тілі мен биология пәндері бойынша функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Функционалдық сауаттылық оқушылардың өз бетімен ойлау және логикасын дамытып қана қоймай, шығармашылықпен жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Қазақ тілі және биология пәндерінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жаңа технологиялар арқылы іске асады, нәтижелерін PISA, TIMSS және PIRLS – халықаралық зерттеулері арқылы көз жеткізуге болады.

**Кілт сөздер**: функционалдық сауаттылық, логикалық ойлау, Халықаралық зерттеулер, жаңартылған білім мазмұны, жаңа технологиялар.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены вопросы формирования функциональной грамотности учащихся по казахскому языку и биологии в условиях обновленного содержания образования. Функциональная грамотность способствует не только развитию логики и самостоятельного мышления учащихся, но и творческой работе. Повышение функциональной грамотности учащихся на уроках казахского языка и биологии осуществляется посредством новых технологий, результаты которых можно убедиться в международных исследованиях PISA, TIMSS и PIRLS.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, логическое мышление, международные исследования, обновленное содержание образования, новые технологии.

**Annotation.** This article discusses the formation of functional literacy of students in the Kazakh language and biology in the conditions of updated content of education. Functional literacy contributes not only to the development of logic and independent thinking of students, but also to creative work. Improving the functional literacy of students in the Kazakh language and biology classes is carried out through new technologies, the results of which can be seen in the international studies of PISA, TIMSS and PIRLS.

**Keywords:** functional literacy, logical thinking, international research, updated content of education, new technologies.

## КІРІСПЕ

Білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер – тарихи объективті процесс. Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде оқыту мен оқу тәжірибесіндегі заманауи басқарудағы инновациялық қадамдар мен педагогикалық тиімді әдіс – тәсілдерін тәжірибемде қолданудың маңызы зор. Бұл бағытта оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу, ұжымда, топтарда жұмыс істеу барысында логикалық, шапшаң есептеу қабілеттерін, сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамытып, оқушылардың алған білімдерін іске асыра білуіне, танымдық белсенділігін арттыруға септігі тиеді. Және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырудың қадамы сынды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауында білім беру ұйымдары жастарға жалаң білім беріп қана қоймай алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында пайдалана алуды үйретуі керек екендігін баса айтып, үкіметке оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бес жылға арналған Ұлттық шаралар жоспарын дайындау жөнінде нақты тапсырма берген еді [Жолдау, 31 қаңтар 2017.Pavlodarnews.kz.].

Жаңартылған мазмұн дегеніміз – халықаралық стандарттарға сай келетін және Назарбаев зияткерлік мектептерінде бейімделуден өткен ***заманауи оқу бағдарламалары.***

Бұлар біздің балаларымызға қажетті ***функционалдық сауаттылық пен сыни тұрғыдан ойлау қабілетін*** дарытады.

Әлемдік тәжірибелер білім беруді реформалау жағдайында білім беру процесі сапасын арттыруда және сарапшының кәсіби мәдениетін қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. сарапшының кәсіби мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын түсіне отырып, өзінің бейнесін білім беру сапасы мағынасын қайта ой-елегінен өткізу талпынысынан, білім беруді басқару жүйесін ғылыми тұрғыда негіздеуден және олардың әдіснамалық, әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді дамытудан табады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2019 жылдың қазан айында Назарбаев Зияткерлік мектептері ұйымдастырған «Мектеп өмірін өзгертуші мұғалімдер» атты XI Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда педагогикалық қауым алдында Израильден келген Йорам Харпаз деген сарапшы баяндама жасады. Й.Харпаздың пікірінше: «бүгінгі күні мектептерге бұрынғы көзқараспен қарау қажет емес» де келе, мынадай ой-тұжырым жасады (Кесте 1):

*Кесте 1 – Жаңаша көзқарастың мазмұны*

| | **Бұрыннан келе жатқан көзқарас** | **Жаңа парадигмалық көзқарас** |
|---|---|---|
| Оқыту<br>Обучение | түсіндіру | оқу процесіне тартылу<br>вовлеченность в учебный процесс |
| Білім<br>Знание | нысан<br>объект | құрылым<br>структура |
| Ақыл<br>Разум | ыдыс<br>сосуд | интерпретация |

Елеулі айырмашылықтар зерттеудің әртүрлі әдіснамасымен түсіндіріледі. Мысалы, TIMSS-те көбінесе оқушыларға тән үлгі бойынша қайта шығару және қолдану деңгейінде негізгі білім мен іскерлікті меңгеру тексеріледі. PISA тапсырмаларында игерілген пәндік білімдер мен оқу іс-әрекеттерін жаңа жағдайда қолдану қабілеті, ұсынылған мазмұнда жаңа ақпаратты анықтау, оны түсіну және талдау тексеріледі.

Алайда, осының бәрін кәсіпқойлығына талаптар күрт артқан мұғалімдерді оқыту керек. Олар педагогтің кәсіби стандартында белгіленген және құзыреттілік мәні бар.

Педагогтерді өзекті даярлау үшін жаңа стандарттар әзірленеді, бұл ретте университет оқытушыларының көпшілігі педагогтардың жаңа еңбек іс-әрекеттерін (құзыреттерін) қалыптастыру тәсілдері туралы, оның ішінде функционалдық сауаттылыққа қатысты түсініктері жеткіліксіз.

Жүргізілген зерттеудің басты идеясы оқытушылардың, педагогтардың функционалдық сауаттылықты дамытуға қабілетін олардың кәсіби құзыреттілігінің, жалпы педагогикалық қызметінің негізгі көрсеткіші ретінде көрсету болып табылады.

Заманауи педагогикалық өлшемдерде оқытудың белгілі бір объективті заңдылықтарын көрсетеді және қазақ тілі пәні және биология пәні мұғалімі мен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында іс-әрекетін анықтайтын ұстанымдарды түсіндіреді. Оқытудың стратегиялары мен тактикасын шарттастыратын оқыту ұстанымдары оқу процесін және олардың компоненттерін құруда қажетті құралдары және білім беру іс-әрекетінің нормалы процессі үшін қажетті шарттар болып табылады.

Оқыту принциптерінің тарихы, олардың номенклатурасы, мазмұны мен функциясы түрлі өзгерістерге ұшырайды:

*бір жағынан*, ғылым, техника мен технологиялардың деңгейлері, қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық шарттары;

*екінші жағынан*, білім беру жүйесі алдына қоятын міндеттер [Қобдикова Ж.Y., 2000, 101 б.].

Жалпы функционалдық сауаттылықты қазақ тілі сабақтарында бағалаудың ұстанымдарына оқу процесінің (технологиялары мен оқыту әдістерін қоса есептегенде) сәйкес компоненттерін құрайтын және жүзеге асыратын мақсатты, тізбекті тұғырларын жатқызуға болады.

Бүгінгі күні ғылымда оқыту ұстанымдарының сипаттарына қатысты түрлі амалдар байқалады: психологиялық, кибернетикалық, әдістемелік, т.б. Заманауи зерттеулерде оқыту ұстанымдары түрлі атаулары мен санына қарамастан тарихи-педагогикалық және психологиялық негіздемелерге ие, оқыту заңдылықтарының бірдей тенденцияларын бейнелейді. Оқу процесін интенсификациялауда және оқушылардың қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы амалдар мен мақсаттар ерекше мәнге ие болады және өзекті.

Ұлттық жүйелерден – ОЖСБ/ВОУД және ҰБТ. Таяудағы жылдары бізде PISA, TIMSS және PIRLS – халықаралық зерттеулері де өтіп жаты – бұл жауапты кезеңдер және оларға біз егжей-тегжейлі дайындық үстіндеміз.

Бұл міндеттерді шешудің табыстылығы көп жағдайда білім жетістіктерін бағалау жүйесінің қалай ұйымдастырылғанына байланысты: ол оқушыларды қаншалықты қолдайды және ынталандырады, нақты кері байланысты қаншалықты қамтамасыз етеді, оқушыларды дербес бағалау қызметіне қаншалықты қосады, білім беру жүйесін басқару үшін қаншалықты ақпараттандырады (Кесте1).




*Сурет 1 – Білім жетістіктерін бағалау жүйесінің ерекшеліктері*

Барлық уақытта білім мен іскерлікті тексерудің әртүрлі тәсілдері болды.

Тарихи даму процесінде тек қана формалар, белгілер қою тәсілдері, бақылау-өлшеу іс-шараларын өткізу жиілігі және олардың мазмұны, оқушыларға әсер ету шаралары, мотивациялық элементтер және басқа да факторлар өзгерді.

Қазіргі уақытта бағалау жүйесінің функциялары кездеседі:

*Нормативтік функцияның* құрамына енеді:

– мемлекет бекіткен эталонға қатысты нақты оқушының жетістіктерін ол үшін оның оқуы мен оқу орнын аяқтауына сәйкес келетін барлық құқықтық салдарлар болуы үшін тіркеу;

– жекелеген оқушылардың, мектеп сыныптарының үлгерімін, олардың дайындық деңгейін және мұғалім жұмысының сапасын әкімшілік қадағалау.

Білім беру процесінің барлық қатысушылары арасындағы мазмұндық байланыстың негізгі сәттерін, оқушылардың мазмұндық және эмоциялық рефлексиясын, сондай-ақ мұғалімдердің педагогикалық рефлексиясын қамтитын *ақпараттық-диагностикалық функция*. Өйткені, бағалау ең алдымен, нақты сыныптағы білім беру үдерісімен, жеке оқушылардың мектептегі әлауқаты сияқты тақырыптағы ой-өрісі үшін түрткі болады.

Оқушылардың іс-әрекетін уәждеумен байланысты *жазалау-ынталандыру функциясы* қосымша түсіндіруді талап етпейді.

Қолданыстағы бағалау жүйесінің кемшіліктері:

– жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалаудың оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға түсінікті нақты критерийлері жоқ;

– педагог әр оқушының бірыңғай критерийлерге қол жеткізуіне емес, жалпы сынып білімінің орташа деңгейіне бағдарлана отырып, белгі қояды;

– оқушыларға қойылған белгілер оқу бағдарламасының жекелеген бөлімдері бойынша білімнің, іскерліктің, дағдылардың нақты элементтерін меңгергені туралы түсінік бермейді, бұл әрбір оқушының жеке оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді;

– оқу процесінде оқушы мен мұғалім арасында жедел байланыс жоқ, бұл оқушылардың оқуға деген жоғары ынтасын туғызбайды.

Қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау ерекшеліктерін бағалау принциптеріне сәйкес түсіндіруге болады:

*1-ші ұстаным*:

Бағалау мақсаты кім жақсы, кім нашар екенін анықтау емес, оқушылардың ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне жағдай жасау. Бағалау үздіксіз үдерістің ажырамас бөлігі болып табылады: жоспарлау-оқыту-бағалау-жоспарлау -...

*2-ұстаным*:

Бағаланатын және бағалаушы сол және басқа үшін барынша айқын болуы тиіс бағалау шарттары мен өлшемдерін алдын ала білуі тиіс.

*3-ұстаным*:

Бағалау шарттары мен критерийлері баланың даму жағдайы, бұрын жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу туралы неғұрлым объективті ақпарат алу үшін жеткілікті сан алуан болуы тиіс

*4-ұстаным*:

Бағалау процедурасының маңызды кезеңі: бағалаушы мен бағаланушы арасындағы кері байланыс. Тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар бала жақын арада жұмыс істеу керек екенін сезінуі керек.

*5-ұстаным*:

Өзінің қандай да бір білу, түсіну немесе бірдеңе істеу қабілетін бағалай отырып, бала әрқашан өз алдында рөлдік модель болуы тиіс [Қараев Ж.А., 2005, 233 с.].

*Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар*:

*Бағалау жүйесі*: қандай да бір оқу материалының қаншалықты табысты игерілгендігін, қандай да бір практикалық дағдының қалыптасқанын, яғни басқаша айтқанда, оқушыларға қол жеткізген деңгейді «Қазақ тілі» курсына қойылған талаптардың белгілі бір минимумымен салыстырып тексеруге мүмкіндік беруге тиіс.

*Бағалау жүйесі*: әрбір оқушының жалпы дайындық деңгейінің өзгеруін, сондай-ақ танымдық іс-әрекеттің әр түрлі салаларындағы (ақпаратты меңгеру, ақпаратты өңдеу, өз ойлары мен бейнелерін шығармашылық тұрғыдан ұсыну және т.б.) табыстарының динамикасын анықтап, білім алуда оқушылардың жетістіктері мен сәтсіздіктерінің бедерлі көрінісін алуға мүмкіндік береді.

Белгілерді қою тетігінде оларға қойылған ақпаратты барабар интерпретациялау мүмкіндігі қойылуы тиіс, ол үшін бағалау жүйесі ағымдағы және қорытынды белгілерді қою тәсілдерінің,

сондай-ақ қол жеткізу үшін осы белгілер қойылатын мақсаттардың мағынасында мүлдем айқын болуы тиіс.

Олай болмаған жағдайда, бірінші жоспарға ақпараттық-диагностикалық бағалаудың жазалау-ынталандыру функциясы шығады, оның орта білім аясында болу заңдылығына қатысты үлкен күмән бар.

Бағалау жүйесіне оқушылардың өз жетістіктерін өзін-өзі бағалауын ынталандыратын және дамытатын, сондай-ақ оқу процесі барысында онымен болған рефлексия механизмі қойылуы тиіс. Бұл ретте өзін-өзі бағалау жүргізетін оқушының өзі келген нәтижелерді мұғалімнің бағалауымен салыстыру мүмкіндігі болуы тиіс.

Бағалау жүйесінің толық ашықтығы өзін-өзі бағалауға итермелейтін фактор болып табылады.

Бағалау жүйесі мұғалім, оқушы, ата-ана, сынып жетекшісі, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы арасындағы тұрақты байланысты қарастыруы және қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай байланыссыз оқу процесін қалыптастыруға жүйелі көзқарас болуы мүмкін емес, яғни оның тұтастығын қамтамасыз ету.

Бағалау жүйесі нақты мектеп сыныбына қатысты бірыңғай болуы тиіс.

Әр түрлі қағидаттарға негізделген бағалау жүйесінің әр түрлі сабақтарда тиімді болуы мүмкін емес. Бағалау жүйесіндегі принциптік сипаттағы айырмашылықтар оқушылардың жас топтары арасында ғана мүмкін, бірақ пәндер топтары арасында емес.

PISA зерттеуінде табысты елдердің (Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай, Гонконг және т.б.) тәжірибелерін ескере отырып, жоспардың инвариантық (міндетті) және вариативтік (мектептің таңдауы бойынша) бөліктері арасындағы тиімді пропорцияны анықтау есебінен оқу жоспарын реттеудегі мектептер дербестігінің сәйкес деңгейі қамтамасыз етілетін болады. Оқу жоспарлары оқу әдебиетін, математиканы оқыту және жаратылыстану-ғылыми, ақпараттық, тілдік сауаттылықты қалыптастыру үшін оқу сағаттарының қажетті санын бөлуді қарастырады.

Бағалаудың барлық принциптері мен талаптарына ең қолайлы және жауап беретін критериалды бағалау болып табылады.

Критериалды бағалау-бұл оқушылардың оқу жетістіктерін нақты анықталған, ұжымдық қалыптасқан, процестің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқутанымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін критерийлермен салыстыруға негізделген процесс.

Оқыту нысаны мен әдістерін жаңарту елдегі жалпы білім беретін мектептерге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) тәжірибесін тарату және баланың оқуға қызығушылығын тудыратын қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі. Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілетін болады.

Жоғары оқу орындарының, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ педагогикалық шеберлік орталықтары мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының өңірлік орталықтарының базасында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларының мазмұны жаңартылып, іске асырылатын болады.

Мұғалімнің кәсіби-жеке тұлғалық құзыреттілігін диагностикалау жүйесі әзірленетін болады. Мұғалімдердің оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайлануы қолдау табатын болады. Мұғалімдер мен оқушыларға қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып ең үздік оқытушылардың сабақтарына қатысу қолжетімділігі ұсынылатын болады. Интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымдарды пайдалана отырып, сынып ұжымын жаппай оқыту нысанынан әрбір білім алушының жеке білім беру аймағын іске асыруға ауысу қамтамасыз етілетін болады.

Бұл ретте оқушыларға басы артық абстрактілі-теориялық білім мен тапсырмалар беру жойылады. Ол оқу процесін неғұрлым икемді етіп, практикалық бағыттауға мүмкіндік береді.

Оқыту нысандары мен әдістерін түбегейлі жаңарту мұғалім мен оқушы арасындағы әріптестік және достық қарым-қатынастың орнауына ықпал ететін болады.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту процесі оқу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелілігін оқу материалын меңгерудің процесуалды жағын және жеке тұлғалық қасиеттердің пайда болуын есепке алатын бағалаудың жаңа жүйесін енгізуді айқындайды.

Сырттай бағалау әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің мәлімделген нәтижелерге (ҰБТ, ОЖСБ және т.б.) сәйкестігіне, сондай-ақ халықаралық зерттеулерге (TIMSS, PISA және PIRLS) қатысуы арқылы жүзеге асырылатын болады.

Іштей бағалау нақты тұлғалық жетістіктерді белгілеу үшін оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау арқылы және МЖБС өлшемдеріне сәйкестігі (аралық және қорытынды бағалау) арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін (білім алушының өзін-өзі бағалауы және жетістіктерін есепке алуы үшін портфолио)

бағалау арқылы жүзеге асырылады.

Критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады: білім алушының оқу жетістіктерінің МЖБС-да белгіленген мәлімделген нәтижелерге (өлшемдерге) сәйкестігін бағалау. Бағалауға МЖБС-да және оқу бағдарламаларында мәлімделген барлық білім беру нәтижелері, сондай-ақ негізгі және пәндік құзыреттіліктер жатады.

Мониторинг нәтижелері білім алушының функционалдық сауаттылығының даму динамикасын, мектеп оқушыларының, мұғалімдер мен мектептердің жетістіктерін бағалауды, сондай-ақ стандарттарды, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жаңарту іс-шараларының тиімділігін қамтамасыз етеді.

Отбасы балаға жастайынан адами құндылықтарын танытып, саналы және өнімді өмір сүруге бағдар беруге міндетті. PISA-2009 зерттеуі функционалдық сауаттылық деңгейіне ата-аналардың балаларды оқыту мен дамыту процесіне қатысуы оң әсер ететіндігін көрсетті.

Сондықтан да ата-аналардың баланы жақсы тануына, оны түрлі жағдайда көре алуына, үлкендерге баланың жеке ерекшелігін танытуға, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құнды бағдарын қалыптастыруға, жағымсыз мінез-құлықтарынан арылтуға көмек беруге мүмкіндік беретін функционалдық сауаттылығын арттыру әдіснамасы әзірленеді.

Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тартуға бағытталған іс-шаралар жүйесі әзірленеді: қамқоршылық кеңесін, ата-аналар қауымдастығын, ата-аналар университетін құру. Аталған қоғамдық институт әрбір білім алушының отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнатуға, отбасы мен мектеп мүдделерін өзара қолдап, ортақ жағдай жасауға әсер етеді. Бұл ретте мектеп есептілігінің және оқушылардың оқу жетістіктері мен мектеп қызметі туралы қауымдастыққа толық және ашық ақпарат ұсынудың барабар деңгейі қамтамасыз етіледі.

Инновациялық әрекеттің нәтижесі пән мұғалімдерінің алғашқы педагогикалық тәжірибелерін трансформациялау мен дамыту болып табылады. Инновациялық жобаларды қолдану процестің сапасына және орта буын оқушыларының білім беру нәтижелеріне позитивті әсер етеді. Орта буын мектеп оқушыларының (7-сынып) функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі бағыттары Ұлттық жоспардың мақсаты мен міндеттерін есепке ала отырып, келесі мәселелер анықталған:

1) нормативті-құқылық база;
2) ғылыми зерттеулер;
3) ұлттық стандарт, оқу бағдарламалары;
4) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер;
5) оқыту технологиялары;
6) білім нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау;
7) мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру;
8) ақпараттық орта;
9) имидждік жобалар [Бұлақбаева М.К., Ермағанбет Ж., 2016, Б.42-45.].

Функционалдық сауаттылықты бағалау – білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім үрдісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үрдіс. Білім беру жүйесінде ұзақ жыл бойы оқушылардың білімі бес балдық жүйемен және басқа оқушының жетістігімен салыстырылып бағаланып келді. Яғни, оқушылардың оқу жетістігін шынайы бағалау болмады. Қазіргі таңда, әлеуметтік сұраныстарға байланысты бағалау жүйесіне де келесі өзгерістер енгізіледі:

– бағамен оқушының жұмысы бағаланады;

– жетістік критерийі оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт;

– оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы керек;

– нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

Аталған жаңа жүйедегі өзгерістер оқушылардың оқуға деген қызығушылығын жоғарылатуға өз септігін тигізеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Балдық жүйемен бағалау өте тиімді. Тиімділігі білім деңгейі үш түрлі деңгейде оқитын (келесіде – А, В, С тобындағы оқушылар) баланың негізгі бағасы анықталады. А, В, С оқушыларының оқу мақсатына жетудегі жетістік критерийлері анықталып, балдық жүйе арқылы негізгі біліміне баға қойылады.

Ал *жетістіктер критерийлері* дегеніміз – оқытудың мақсаттарын жүзеге асыратын өлшемдер. Жетістік критерийі арқылы бағалау жүйесі оқушы бойындағы үрейленуді басады және оның бойындағы өзін-өзі бағалау, өз ісәрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді. Жетістік критерийі арқылы бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді.

*Жетістік критерийі арқылы бағалау* – оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру үрдісіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үрдіс.

*Критерий* – ұсынылған талаптарға сәйкес белгілі бір дағдыны бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі. Әр критерийдің нақты тапсырмасы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы түсінік беріледі.

*Қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау* – са-

бақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру үрдісінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттарға жетуге мүмкіндік туғызады.

Сонымен қатар алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы, анық, айқындылығы, бағаның әділдігі, өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі жетістік критерийі арқылы бағалаудың басты ерекшелігі болады.

Жетістік критерийі арқылы бағалау оқушыларды оқуға ынталандыруға, белсенділікті арттыруға, қателіктерді түзету қызметін атқарады. Осындай жетістік критерийі арқылы бағалау жүйелілікті, шынайлылықты, оқушының жеке даму траекториясын анықтауды, оқу дағдыларын дамытуды, оқыту сапасын жақсартуды және мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілігі. – Астана, 31 қаңтар 2017.Pavlodarnews.kz.
2. Қобдикова Ж.Ү. Оқыту процесін технологияландыру. – Алматы, 2000.- 101 б.
3. Қараев Ж.А. Актуальные проблемы модернизациипедагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы. 2005. – 303 с.
4. Бұлақбаева М.К. Ермағанбет Ж. Өлшемдердің педагогикалық теориясы туралы негізгі түсініктер/ Қазақстанның ғылымы мен өмірі //Педагогика сериясы. – №3(38), 2016. – Б.42-45.

**Жупарбек Тоғжан Ерманқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Нышанбаева Нағима Зетбековна,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа:** Бұл мақала білім алушылардың тұлғалық дамуын диагностикалау мен бағалаудың ерекшеліктері айқындайтын ғылыми ең айқындайтын ғылыми еңбектерге жүргізілген талдау баяндалады. Білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын бағалау және диагностикалау өлшемдері ретінде тест тапсырмаларының негізге формалары мен оған қойылатын талаптар қатары анықталған. Сонымен қатар

**Кілттік сөздер:** бағалау, диагностикалау, жеке тұлғалық дамуы, әлеуметтік тұлға, ерекшеліктер, негізгі өлшеу формалары, тест ерекшеліктері, жеке тұлғалық дамуының ерекшеліктері

**Аннотация.** В данной статье проделан анализ исследовательских работ по раскрытию вопросов оценивания и диагностики личностного развития обучающихся. Для решения задач оценивания и диагностики личностного развития обучающихсярассмотрены интсрументарии измерения данных обучающихся. Вмсете с тем, одним из интсрументов измерения выделены формы, критерии отбора, особенности применения тестовых заданий.

**Ключевые слова:** оценивание, диагностика, личностное развитие, социальная личность, тесты, основные формы измерения, особенности личностного развития обучающихся.

**Annotation:**This article analyzes research works on the disclosure of issues of assessment and diagnostics of personal development of students. To solve the problems of evaluating and diagnosing students'personal development, we consider the tools for measuring students' data. At the same time, one of the measurement tools highlights the forms, selection criteria, and application features of test tasks.

**Keywords:** assessment, diagnostics, personal development, social personality, tests, basic forms of measurement, features of personal development of students.

## КІРІСПЕ

Қоғамда біз жастарды дамыған елдер қатарына қосу мақсатында ең алдымен білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын жетілдіру мәселесін алға тартуымыз қажет. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Заманауи бағдарламалар мазмұнында оқыту нәтижелерін білім алушының сындарлы ойлау, өзіндік ғылыми ізденіс жүргізіп, жаңа технологияларды меңгеріп, ұсынылған оқу ақпаратын талдау дағдыларын игеруге бағыттау қажеттілігі туындап отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері тұрақты дамып, жаңарған экономикасымен,өзіндік әлеуметтік саясатымен, тірегі мықты мемлекет ретінде қалыптасуына жол ашатыныа сенімдіміз. Сондықтан Елбасы Н.Ә. Назарбаев дамудың жаңа белесін айқындайтын Жолдаулары – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін шынайы жоспарға құрылған тарихи құжат.

Сонымен қатар биылғы жылы үлкен талқылаудан өтіп, бекітілген «Білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында» ерекше айтылғандай, отандық білім және ғылым жүйесінде ұтқырлығы белсенді, сауатты, кәсіби құзыреттілік деңгейі жоғары жастарды тәрбиелеу және білім беру мәселелері алға қойылды [Жолдау, 2012.]

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бағдарламаның мақсаты – қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны тәрбиелеу және оқыту және ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыру.Жаңа білім беру стратегиясы заманауи педагогикалық білім беруді түлектер тарапынан кәсіби бейімделген кәсіби ұстанымдар негізінде өз мәдениетін көрсете алатын жеке тұлғалық сапалық деңгейін жетілдіру. Міне, осы жағдайда білім алушылардың шынайылық, әлемдік жаһандану негізінде дамитын түрлі философиялық көзқарастар, педагог-психолог ғалымдары мен ғылыми мектеп-

тер тәжірибесінде жинақталған педагогикалық тұжырымдамалар мен ойлардың үйлесімділігін қамтылуы қажет.

Білім беру үдерісінде екі күрделі міндеттер шешемін іздестіру бағыттары: білім алушыға мамандық беріп, оның жеке тұлғалық сапасын жетілдіру. Бұл жағдайда жеке тұлғалық құзыреттілік ең алдымен жеке, өзіндік әлем ретінде құрылады. Кейін ұтымды білім беру стандарты мен бастапқыдан тұлға ретінде өзін-өзі дамытушы тұлға арасындағы үйлесімділікті қамти отырып, тұлғалық-бағдарлы теория негізінде құрылады.

Білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын-жаңа мазмұндармен толықтырып, төмендегідей *ерекшеліктерін* атап өтуге болады. Олар:

– тұлғалық дамыту диагностикасының әдістерін меңгеру;

– білім алушылардың тұлғалық даму әдістерін меңгеру;

– білім беру мазмұнындағы тұлғалық мағыналарды бөліп көрсете алу қабілеті;

– білім алушыларды педагогикалық тұрғыдан ойлап, әрекет ете алуға үйрете алу қабілеті: олар міндет қоя алуы, әрекеттерді жобалап, іске асыра алуы, нәтижелерін зерттеу;

– тұлғалық сапасын бейімдей отырып, білім берудің технологияларын меңгере алу қабілеті;

-жеке тұлғалық сапаларын диагностикалу және бағалау.

Аталған педагогикалық іс-әрекеттер педагогтардың өзін-өзі тану, эмпатия, өзін-өзі басқара алу, рефлексия, білім алушының жеке даралығын қолдай алу қабілеттерімен шынайылыққа қол жеткізеді. Осыған орай, әйгілі ресей ғалымдары И.Я. Лернердің, В.В. Серикова мен В.А. Сластениннің зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, тұлғалық дамыту шеңберінде білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын қалыптастыруда субьект алдындағы білім беру мазмұны екі элементтерден құралатынын атап көрсетуге болады. Олар:

а) оқыту – бағдарламалық материалдар түріндегі оқыту үдерісіне тәуелсіз және оған дейін болатын дидактикалық түрде өңделген әлеуметтік мәдени тәжірибе (білім беру стандарты);

б) қарым-қатынас негізінде, жағдаяттарға байланысты пайымдау, ойлау шығармашылығы, өзін-өзі дамыту формасында көрінетін тұлғалық тәжірибе [Сластенин В.А., 1976, 236 с.].

Жалпы білім беретін мектеп оқыушыларының жеке тұлғалық дамуын бағалау мәселесі де жаңжақты қарастырылып келеді. Сонымен қатар, оқушылардың оқу және тәрбиелеу мақсатында жүргізілетін бағалау жұмыстар қатарының шешімін іздестіруді талап етеді. Ең алдымен, оқушылардың психологиялық тұрғыдан даярлығын ұйымдастыру қажеттігі туындап отыр. Ол үшін қазіргі білім беру жүйесінің мақсат-міндеттерін шешуде барлық құрылымда мониторинг және диагностика жүргізетін орталықтар ұйымдастырылып, оның жоспары мен жобалау жұмыстары реттеліп келеді.

Жалпы «диагностика» адам, ұжым, құбылыс, процесс туралы жинақталған білім негізінде жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде түсіндірілсе, объектілер мен үдерістерге талдау жасау, оның дамуы мен функционалдық мәселелерін анықтауға бағытталған жұмыс деген тұжырым бар. *Білім сапасы* дегеніміз білім беру жүйесінің кіріктірілген сипаттама ретінде оқытудың барлық кезеңдерін, тұлғаның қалыптасуы мен дамуын және білім үдерісі нәтижелерін жүйелеуші кешенді көрсеткіштерді анықтайды.

Жоғары оқу орындарында нағыз маманның қалыптасып, оның тұлғасының дамуындағы күрделі процесте оқытушының атқаратын рөлі ерекше. Бұл мәселені зерттеушілерге өз кезегінде ресей ғалымдары зерттеген. Айталық, А.А. Бодалев, З.Ф. Есарева, Н.Ф. Кузьмина жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың кәсіптік іс-әрекетінің көзі тәрбиелік қары қарым-қатынас орнату мәселесін зерделейді. Оқытушылардың студенттермен тәрбиелік қарым-қатынасы нәтижесі студенттің тұтас, жан-жақты белсенді тұлға ретінде қалыптасуы, мақсатының орындалу дәрежесін анықтайды.

Сонымен студент жеке тұлғалық дамуын қалыптастыруда оқытушымен өзара дұрыс қарым-қатынас үлкен рөл атқарады. Бірақ, кейбір жағдайда осы күрделі қарым-қатынаста қарама-қайшылықтар, кедергілер нәтижесіндегі конфликтілер, тұлғааралық түсініспеушіліктер жиі туындайды. Осы мәселені анықтау барысында арнайы жүргізілген психологиялық зерттеулер студенттер мен оқытушылар өзара қатынасында эмоционалды және тұлғааралық түсініспеушілік тұрғысында әрқилы кедергілердің болатындығын анықтады. Әрине, мұндай мәселенің түпкі себептерін психологиялық жағынан тереңірек зерттеу тәлім-тәрбие ісіндегі маңызды мәселе болып саналады.

Жастардың жеке тұлғалық дамуы әлеуметтік қажеттілікпен ерекшеленеді. Бұл жас кезінде қарым-қатынаста үлкен белсенділік танытады. Студент кезеңінде тұлға саналы түрде топ арасында достық қарым-қатынас басқа тұлғамен орнатуға тырысады. Он сегіз-жиырма үш жас аралығында тұлғалық жетілудің ең шыңы деген болжамдар бар.

Э. Эриксон пікіріне сүйенсек, бұл жас кезеңіндегі негізгі мақсат – сәйкестілікке жету. Сәйкестілік ол толығыменен өз принциптері мен приоритеттер әрекеті мен түрлі қарым-қатынаста өзіне сенімді болатын, өзіне не қажетті екенін және соған жету үшін, қандай әрекет жасау керек екенің білетін – студент тұлғасы. Жастық – үлкен махаббатпен, тығыз достық және отбасы құруға жар іздеу уақыты. Жастық жар аралығы уақыты тұлғаның бағалы бағдары саналанған және әлеуметтік тәуелсіздікте болады.

Американдық психолог Вайленттің зерттеуі бойынша, жас кезеңіндегі ерекшелігі, қарым-қатынаста ашықтық және ұйымдастыру қабілетінің болуы. В.И. Слободчикова мен Е.И. Исаев бойынша жастық кезеңді «өз өмірінің авторы» атап кетеді. Яғни, өз өміріңді ойластыру, өзіңнің қабілетіне байланысты шынайы өмірлік жоспар құру, жасыңның үлкендігін саналы меңгеру, отбасы құру үшін жар таңдау, мұның барлығы қоғамдағы негізгі іс – әрекет. Студенттік жас бұл жастық жас кезенің қамтиды. Бұл жаста мамандық және ғылыми мамандық негізгі жүргізуші іс – әрекет.

И.Ф. Исаевтың айтуы бойынша «көптеген студенттерге жоғарғы белсенділікпен қоса, кейбіреулеріне инфантильдік, жауапкершіліктің жоқ болуы көрініс табады. Сонымен қатар кейбіреулерінде өзіндік бағалаудың жоғарылап кетуі, ал ол өз алдына тұлғаның жаңа ортаға енуіне, құрдастарымен және оқытушылармен тіл табысуына кері ықпалын тигізеді.

Жоғарыда біз қарастырған ресей ғалымдарымен қатар, отандық ғалымдар да білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын зерделеген тұжырымдары қалыптасқанын байқаймыз [Джакупов С.М., 1998, С. 23-29].

Қазақстанда іргелі ғылыми зерттеулердің дені соңғы жетпіс жыл көлемінде өркен жайып, дами бастағаны белгілі. Бұл жағдай, әрине, психология ғылымына да ортақ. Әрине, ғылымның біртіндеп қанатының қатаюына бірсыпыра алғы шарттар сонау ерте заманнан (Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім психологиялық ілімдері) Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде, сондай-ақ, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектерінде біршама жасалынған болатын. Мәселен, Бөкей Ордасында шыққан «Мұғалім» журналында, Н. Құлжановаңың «Мектепке дейінгі тәрбие», «Ана мен бала» деген кітаптарында да адамның жан-дүниесі жөнінде біршама пікірлер қозғалған еді. Өткен ғасыр басында өлкедегі тәлім-тәрбие ғылымының ірге тасының қалануында орыс ғалымдары өз үлестерін қосты. Мәселен, сол кездері Орынбордағы Қазақ ағарту институтында ұстаздық етіп, сол оқу орнын біраз жыл басқарған, сөйтіп жаңа типті қазақ мұғалімдерінің қалыптасуына жәрдем еткен профессор В.Я. Струминский болатын. 1923 жылы диалектикалық материализм тұрғысынан баяндалған ғылыми психологияның негізгі мәселелерін қарастырған «Психология» еңбегі болды. Сонымен қатар ол мұғалімдерге арнап «Еңбек мен спарлы түрде араласуға болатын табиғи экспериментті жақтады. Оның тәжірибесінде жекелеген психикалық процестер ғана емес, психикалық функциялар және тұлға толығымен зерттелді. А.Ф. Лазурский тұлға қасиеттерін түсіндіруде психоморфологиялық орнына нейродинамикалықты қойды. «Жалпы және экспериментальды психология» атты дәріс курсында психикалық шындықтың екі аймағы жайлы идеясын ұсынды, яғни, эндопсихика және экзопсихика. А.Ф. Лазурскийдің пікірінше, темперамент және мінез эндопсихиканы, яғни тұлғаның тума қасиетін құрайды. Экзопсихикалық тұлғаның қоршаған өмірге қарым-қатынас жүйесін білдіреді. Осы негізде оның тұлғаны топтастыру жүйесі құрылды. С.Л. Рубинштейн даралылықты комплексті түрде, яғни психикалық қасиеттер мен процестердің өзара әрекеттесу барысында қарастыруды ұсынды. Л.С. Рубинштейн көзқарасы Б.Г. Ананьев еңбегінде қарастырылды. Ол даралықты ашық және жабық түрде қарастыруды ұсынды. «Егер тұлға – адам қасиеттері құрылымының «шыңы» болса, ал даралық – тұлға мен іс-әрекет субъектісінің «тұңғиығы» деп көрсетті» Б.Г. Ананьев 1968 жылы комплекстізерттеужолын ұсынды. Оның пікірінше, даралылық күрделі (ол көп баспалдақты, көп деңгейлі) құрылымға ие:

I-ші деңгейдегі индивидтің ерекшеліктері:

– жыныс, жас конституциясы, нейродинамикалық қасиеттер;

– психофизиологиялыққасиеттержәнеорганикалыққажеттіліктер;

– нышан және темперамент.

II-ші деңгей іс-әрекет субъектісі:

– когнитивті сипаттар, коммуникативтік қасиеттер, еңбекке қабілеттілік;

– қабілеттер.

II-ші деңгейдегі тұлғалық көрсеткіштер:

– статус, әлеуметтік рөл, құндылықтар құрылымы;

– жүріс-тұрыс мотивациясы;

– мінез және бейімділік.

А.Н. Леонтьевтің ойынша, индивид (организм) – бұл генотиптік пайда болу, филогенетикалық және онтогенетикалық дамудың өнімі, адамның биологиялық ұйымдасуы. А.Н. Леонтьев тұжырымы бойынша, тұлғаның даралық ерекшеліктері қоғамдық негізінде туындайды. В.С. Мерлиннің пікірінше, даралық – бұл материяның барлық деңгейлерінің иерархиялы реттескен қасиеттер жүйесі, яғни физикалық, биохимиялық, физиологиялық, нейродинамикалық, психодинамикалық тұлғалық және т.б. қасиеттер.Қазіргі кезде Ресейде және шетелдерде даралықты зерттеудің бірнеше орталықтары бар. Пятигорск психологиялық мектебінде В.В. Белоустың басшылығымен даралықтың полиморфты мәселесі зерттеледі. Онда қазіргі кезеңде даралықтың интегралдылығыжайлы теориялар қарқынды дамуда. Пермь қаласындағы ғылыми орталық даралықты зерттеудің негізгі орны болып табылады. Орталықтың негізін салушы профессор В.С. Мерлин. Қазіргі кезде орталықтағы даралық мәселесімен айналысушы зерттеушілер Л.Я. Дорфман, Б.А. Вяткин, А.И. Щебетко. Даралықты құрылымдық зерттеуде Л.Я. Дорфман интегралды даралықтың ерекшеліктеріне, иерархиялы тәсіліне, көп деңгейлі интеграция мен дифференциация процестерінің бірлігіне, даражүйелер арасындағы көп

және бірмәнділік байланыс икемділігіне талдау жасады. Ол метадаралық және интрадаралық иерархиялы деңгейлері мен олардың арасындағы байланысты да қарастырды. Даралықты зерттеу ғалым В.М. Русаловтың басшылығымен қарқынды жүргізілді. Зерттеудің өзіндік сипаты даралық-психологиялық айырмашылықтың негізгі детерминанты жоғары жүйке жүйесінің қасиеттерін жалпы психометриялық тәсілдермен өңдеуге баса назар аударды. В.М. Русалов адамдардың дифференциялдықпсихофизиологиялық даралығын екі деңгейге бөліп қарастырды:

– бірінші, төменгі деңгей – организмнің биологиялық қасиеттері;

– екінші, жоғары деңгей – тұлғалық, индивидтік және басқа әлеуметтік-мәдени құрылымдар.

Ресейде психофизиологиялық қабілеттер зертханасында ғалым Э.А. Голубеваның басшылығымен қабілеттердің табиғи алғышарттарын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Э.А. Голубева даралық құрылымдағы физикалық және тұлғалық деңгейлерді атап көрсетті. Л.С. Выготский, Б.Т. Ананьев, В. Крутецкий, Н.С. Лейтес, В.М. Теплов және т.б. психологиялық тұжырымдарында қабілеттің құрылымдық компоненттері мәселелері қарастырылды. Ал, дарындылық мәселелері шетел ғалымдары Ф. Гальтон, Э. Мейман, Э. Торндайк, В. Штерн және т.б. зерттеулерінде қарастырылды. Қабілеттілік және дарындылық мәселесін кеңес психологиясында 40-50 жылдары Б.М. Теплов ерекше зерттеді. Ол қандай да бір күрделі іс-әрекеттің орындалуы үшін, тек қана қабілеттілік емес, оның мүмкіндігі қажет екенін дәлелдеген. Іс-әрекеттің табысты орындалу мүмкіндігіне тәуелді болатын қабілеттіліктің сапалы байланысын, ғалым дарындылық деп атады. Б.М. Теплов «дарындылық» мәселесін зерттей отырып, табиғи нышан болмысына ерекше көңіл аударды. Л.А. Рудик «дарындылық» қабілеттіліктің дамуына алғышарт болып табылатын туа біткен қабілеттілік, Н.Д. Левитов аналитикалықфизиологиялық нышанды бейнелейтін қабілеттіліктің табиғи қоры, Г.И. Иванов даму барысындағы қабілеттілікте байқалатын туа біткен ерекшеліктер мәселелерін қарастырды. В.А. Крутецкий өзінің математикалық қабілеттіліктің құрылымын зерттеу еңбектерінде былай дейді: «Егер «қабілеттілік» деп белгілі психикалық қасиеттерді айтатын болсақ, дарындылық деп адам қабілетінің өзіндік байланысын, бірлігін айта аламыз». Ол сонымен қатар, бұл феноменді зерттеу кезінде іс-әрекеттегі қоғамдық – тарихи өзгерістерді және олардың табыстылығын бағалауды ескеру керек деген. А.Т.Асмолов еңбектерінде дарындылық мәселелеріне жан-жақты түсінік берілген. Ғалым бұл феноменнің табиғатын түсіндіруге баса назар аударған. А.Т.Асмоловтың ғылыми зерттеулері бұл мәселе төңірегінде үш жақты көзқарас бар екенін көрсетеді, яғни гендік, әлеуметтік, «тарихи – эволюциялық қатынас». Отызыншы жылдардағы психологиялық зерттеулер қазақ ғалымдары Ш. Әлжанов, М. Әуезов, С. Балаубаев, Ә. Сыдықов, Т. Тәжібаев, А. Темірбеков, Қ. Жарықбаев, С. Бабаев, А. Құдиярова, Х. Т. Шерьязданова еңбектерімен байланысты.

Демек, көптеген педагогика және психология саласында білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын зерделеген еңбектерге жасаған талдау мынадай пікірлердің қалыптасуына ықпал етті.

Біріншіден, соңғы жылдары білім беру үдерісінде бақылау, сауалнама, диагностика жүргізу, оның нітижелереін талдау деген ұғымдар пайда бола бастады.

Екіншіден, барлық білім алушылар нәтижеге бағытталған білім алуда. Үшіншіден, білім беру ұйымдарында бағылау, бағалау және диагностика жүргізу існе қатысты құжаттары қатары көбейді.

Бұл кезеңдерде түрлі әдістемелерді қолданудың сапалық мазмұнына көңіл аударылды. Білім беру үдерісінде бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар қатарын негізге алдық. Олардың бірі: бағалау үдерісіне білім алушылардың қатысуы және өзара әрекеттестігі: бірін-бірі бағалау; өзін-өзі бағалау, бағалау пікірінің қалыптасуы [Редькина С.Д., 2001, 61-69.4].

Бағалау – оқыту нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызмет түрі. Диагностика – объектілер мен үдерістерге талдау жасау, оның дамуы мен функционалдық мәселелерін анықтауға бағытталған жұмыс деген пікірге тоқталдық.

Білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын бағалау және диагностикалау іс-әрекетін тыңғылықты жүргізу үшін білім алушылардың білім деңгейі, жеке тұлғалық сипатын анықтайтын инструментарийлерді нақтыладық.

Қазіргі жиынтық және формативті деп белгіленгенкреативті бағалау тәсілдерін енгізу қажет. Жиынтық бағалаудың мақсаты білім алушының қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау.

Бұл жағдайда ең тиімді инструментарийлердің бірі, ол тест тапсырмаларын қолдану. Енді тест тапсырмаларының формаларын, оған қойылатын талаптар қатарын анықтауымыз керек. Сонымен бірге, тест тапсырмаларының тиімділігн белгілейтін ерекшеліктерін атап көрсеттік.

Тест тапсырмаларынң негізгі формалары ретінде: ашық, жабық, сәйкестік орнату, сәйкестіктізбектілік орнату.

Тест тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптар:

– тест жұмысын өткізуде белгілі бір уақыттың болуы

– тапсырмаларды орындау үшін берілген нұсқаулардың түсінікті, айқын болуы.

Тест тапсырмаларын бақылау ерекшеліктерін белгіледік:

– сапалы, объективті, өткізілуі стандартты түрде меңгерген білімі тексеріледі

– әділетті білім алушылар бірдей жағдайда қойылады

– экономикалық жағынан тиімді (тексеретін адамдар саны, уақыты)

– бағалау өлшемдері нақты белгіленеді

– тестік бақылау кең көлемде оқу материалын қамтиды.

Қорытындылай келе, оқыту үдерісінде білім алушылардың жеке тұлғалық дамуын қалыптастыруда тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге білім алушылардың білім деңгейін бағалау, диагностикалау жұмыстарын ұйымдастыруда тест тапсырмаларының негізгі формалары мен оған қойылатын талаптар қатарын белгілеп, оның ерекше тұстарын көрсеттік.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Президентінің «Қазақстан жолы – 2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Сластенин В.А. Формирование личности учителя в процессе профессиональной подготовки. – М.: Педагогика, 1976. – 236 с.
3. Джакупов, Сатыбалды Мукатаевич – Психологическая структура процесса обучения., 1998. – С.23-29
4. Редькина С.Д. Дидактические основы контроля как компонента диагностики обученностистудентов. – 2001, С. 61-69.

**Жұмағұл Аяулым Берікқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
E-mail: ayaulym0507@mail.ru

**Абитаева Гулбану Тореxановна,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

# ТАРИХ ПӘНІН ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұны бойынша тарих пәнін оқыту және заманауи әдіс – тәсілдерді, технологияларды қолдана отырып білім берудің жолдары туралы айтылған. Жаңа технологияларды пайдалануда қолданылатын әдіс –тәсілдердің түрлері көрсетілген. Соның ішінде жаңартылған білім беру мазмұнының маңызды бір бөлігі – саралап оқыту, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, АКТ құралдарын тиімді пайдалану технологиясы және интербелсенді оқыту технологиясы. Тарих пәнінде жоғарыда келтірілген заманауи әдіс- тәсілдерді және жаңа технологияларды қолданып, тарихи сапалы білім беруді дамытуға болатыны жайлы баяндалған.

**Кілт сөздер:** тарихи білім, әдістер, тәсілдер, технология, АКТ құралдары.

**Аннотация:** В данной статье говорится о преподавании предмета истории по обновленному содержанию образования и путях обучения с использованием современных методов и технологий. Представлены виды применяемых методов и способов использования новых технологий. Среди них важная часть обновленного содержания образования-дифференцированное обучение, технология критического мышления, технология эффективного использования средств ИКТ и технология интерактивного обучения. В предмете истории изложено, что можно развивать качественное историческое образование с использованием современных методов и технологий, приведенных выше.

**Ключевые слова***:* исторические знания, методы, приемы, технологии, средства ИКТ.

**Abstract:** This article is about teaching the subject of history according to the updated content of education and ways of learning using modern methods and technologies. The types of applied methods and ways of using new technologies are presented. Among them, an important part of the updated content of education is differentiated learning, critical thinking technology, technology for effective use of ICT tools and technology for interactive learning. In the subject of history, it is stated that it is possible to develop high-quality historical education using modern methods and technologies listed above.

**Key words:** historical knowledge, methods, techniques, technologies, ICT tools.

## КІРІСПЕ

Әлемдік білім беру жүйесіне кіру мақсатында Қазақстан Республикасы отандық білім беруде озық дәстүрлер мен стандарттарды сақтай отырып, әлемдік білім беру тәжірибесіне негізделген стратегиялық курсын таңдады.

Бүгінде Елбасымыз алға қойған,дамыған отыз елдің қатарына кіру жөніндегі «Ұлт жоспары -100 нақты қадам» – барлығымызға ортақ жауапкершілікті жүктеп, Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы басты бағыттарын айқындауды көздейді [Ұлт жоспары, 25 мамыр 2015].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жаңартылған білім болашақтың кепілі. *Жаңартылған оқу бағдарламасы* – жаһандық даму жолы. Ел тәуелсіздігінің нығаюы орта білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасы білім беру бағытының 2016-2019 жылға арналған тұжырымдамасында «Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, оқушының алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана білуіне қол жеткізу» талаптары негізге алынып отыр. XXI –ғасыр озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Сол үшін де білім беру мекмелерінде оқушылардың жеке басының дамуы мен қалыптасуына және дамуына педагогтардың заманауи технологияларды қолдану білуінің сауаттылығына байланысты.

Мектепте тарихи білім беру келесі негізіг принциптерді ескере отырып құралады:

- Тарихи білім
- Тарихилық
- Жүйелілік
- Іс-әрекеттік компонентті күшейту
- Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды оқып үйрену
- Тарихи білімді ізгілендіру

• Логикалық және хронологиялық бірізділік

Жалпы, тарих күрделі ғылым саласы. Ол бүкіл тұтас елдің тарихы. Бұл ғылымды әркімнің қабылдауы деңгейі әрқалай. Білім алушылардың бірі тез қабылдаса, бірі ақырындап, тіпті енді біреуіне ауыр соғуы мүмкін.Сол себептен, педагогикалық оқу үрдісіндегі технологиялардың басым бөлігін сабақ барысында қолдану маңызды деп ойлаймын. Әсіресе тарих пәнінде келесі әдіс-тәсілдерді қолдану оқытудың тиімділігін арттыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру мазмұнының маңызды бір бөлігі – *саралап оқыту.* Саралау дегеніміз не? Саралау (difference) латын тілінен аударғанда бүтінді түрлі формаға, элементке, бөлшекке мүшелеп бөлу, саралау дегенді білдіреді. Саралап оқытудың қажеттілігі неде?Мектептегі сыныптардың деңгейі деңгейі әр түрлі болады, соның ішінде бір сыныптың өзін психологиялық – эмоцияналдық жағынан, деңгейі жағынан әр түрлі оқушылар құрайды, олардың ойлау қабілеттері де түрлі болатыны түсінікті. Сондықтан, оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне қарай сабақты ұйымдастыру қажеттілігі пайда болады. Осы тұрғыдан алғанда, оқытуды саралау, оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес тапсырмаларды орындату арқылы түрлі деңгейдегі оқушылардың оқу мақсатына жеткізу болып табылады.

Тарих пәнін оқытуда саралау тәсілдерін қолдану күтілетін нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.Тарих сабағында қолдануға болатын саралаудың – бірнеше түрін ұсынуға болады. Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Сабақтың басында оқушы қажеттіліктерін ескере отырып, ақпаратты қабылдау (визуал, аудиал кинестетик) интербелсенді тақтадан жазба немес қысқа видеоролик көрсетуге болады. Мақсаттарға қол жеткізу үшін оқушының қабілеті, дағдылардың қалыптасқандығына байланысты байланысты табыс критерийлеріне сай тапсырма дайындаған кезде ресурс пен тапсырмаларды іріктеп, кесте түрінде саралап беруге де болады. Қалыптастастырушы бағалауға арналған тапсырмалар да саралау деңгейлі тапсырма түрінде қамтылады. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы – біріншіден, оқушының оқуын қолдануға бағытталған қалыптастырушы бағалау жүргізуге, екіншіден, мұғалім үшін сабақ мақсатына жеткен/жетпегендігін айқындау үшін маңызды болып табылады [Ибрагимов Д.Қ. , 2019, Б.5-9.].

*Сыни тұрғыдан ойлауға оқыту.*

Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп, шығармашылық жұмыс жасау.Сыни ойлау сабағының құрылымдық формуласы 3 кезеңнен тұрады:

I. *Қызығушылығын ояту* ( «көпір жасау», ой қозғау) – Эвокация – қызу оқу жұмысымен шұғылдануға қызығушылықтың ояуы. Бұл кезеңде мұғалім бұрынғы білетін білімдерін жаңа материалмен ұштастыруға жағдай жасайды. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шыңдалып, аршылады. Сабаққа белсенділігі, ынта – жігері артады. Бұл кезеңде мұғалім жаңа ақпаратты таныстырады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға итермелейді. Таңдап алынған стратегияларға байланысты өз бетімен білім алуға көмектеседі.

Игілік ата-аналардың әл-ауқаты мен өмір салтына әсер ететін отбасынан басталады. Халық мақалы «сіз өз ұяда көргеніңізді, сіз оны іздейсіз», адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетеді. Адамдар, отбасылық құндылықтар халық ауыз әдебиеті арқылы беріледі, мысалы, аңыздар ертегілерді, салт-дәстүрлерді, дінді, түрлі қоғамдық ұйымдар арқылы және т.б. пайдаланады. Олар өздерінің тілдік қабілеттері мен шексіз ниеттерін арттырады.

Қазақ халқының кішіпейілділік пен адамгершілік тәрбиесіндегі ең тиімді білім беру құралдарының бірі ертегі болып табылады. Олар адамдардың махаббатын, дәстүрлердің әдет -ғұрыптарын, бала бақыты мен қарым-қатынасы үшін күресті – олардың өз адамдарына, өз Отанына, өз Отаны мен табиғатына деген сүйіспеншілігін сипаттайды.

Оқушыларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселесі әрбір ата-ананың, қоғамның және кең қоғамның алдында тұрған негізгі проблемалардың бірі болып табылады, өйткені қоғам жас ұрпақтың рухани тәрбиесіне қатысты күрделі проблемалармен бетпе-бет келді. Өскелең ұрпақ үшін нақты өмірлік бағдарламаның болмауы, қоғамдағы рухани-адамгершілік жағдайдың төмендеуі, балалармен мәдени қызметтің нашар болуы, балалардың дене дайындығының нашарлауы және т.б. Білім беру жүйесі адамның рухани дамуына кепілдік бола алмайды,өйткені білім беру-әр адамның қадір-қасиеті мен құрметі негізінде күнделікті өмірдің басқа адамдарға қатынасын айқындайтын адамның сапасы.

К.Д.Ушинский: «тәрбиенің негізгі міндеті моральдық әсер ету болып табылады», – дейді [К.Д.Ушинский, 1987, 190б.], дана Абай: «Туған болу оңай, бірақ адам болу қиын» дейді [Абай, 2000, 936.].

Адамның моральдық негізі болмаса, ол өзінің еркін, өмір салтын жоғалтады және тағдырдың немесе қылмыс орнының құрбаны болады. Ондаған мың нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамсыз балалар, жетімдер – бұл күннің шынайылығы . Әсіресе балалар мен жасөспірімдер қайтып келеді.

Әрине, әр адам өз өмірінің иесі болып табылады және ол өз өмір салтын таңдайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, қателіктер жасайды. Сіз өзіңіз айналасында жағдайды өзгерте аласыз, бірақ сіз ішкі әлем қашып мүмкін емес. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы ауырса, ол ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамға рухани құндылықтарды меңгеру маңызды. Моральдық тәрбие барлық оқу үдерісінде, оқыту, тәрбиелеу және еңбек процесінде жүзеге асырылады. Табысты болу үшін жүректің адамгершілік қасиеттерін білу, терең ойлау, оны сезіну және мінез-құлыққа баулу жеткіліксіз.

Тәрбие жұмысы нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, адамды оған дайындау арқылы болашаққа бағытталған. Тұлғаның моральдық құндылықтары пайда болған күннен басталады. Ерте балалық шақта балалардың негізгі адамгершілік қасиеттері мен көріністері, сондай-ақ мінез-құлықтың қарапайымдылығы қалыптасады. Мектепке дейінгі жастағы баланың мінез-құлқы ересектермен және құрдастарымен ересектермен қарым-қатынас жасай бастайды. Бастауыш мектепте моральдың, мінез-құлықтың, сезімталдық пен сананың жаңа нысандары дамитын болады.

Келесі міндет – оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелік деңгейін мониторинглеу. Мониторинг – әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар лексиконында, соның ішінде педагогикада пайда болған ұғым. «Педагогика бойынша сөздікте-анықтамалықта» (2004 ж.) мониторинг зерттеу объектісі мен міндетті кері байланысты мерзімді бақылау ретінде түсіндіріледі (Сурет 1).

*Сурет 1 – «Мониториг» ұғымының анықтамасы*

Білім берудегі мониторинг –оның қалаған нәтижеге немесе бастапқы болжамдарға сәйкестігін анықтау мақсатында қандай да бір процесті тұрақты бақылау. Тәрбие мониторингі *тар мағынада* тәрбие процесін зерттеу және бағалау мақсаттары меншіктеледі.

*Кең мағынада* ол өскелең ұрпақты оқыту, бағалау, болжау, позитивті процестерді дамыту және жағымсыз процестердің алдын алу мақсатында оның жағдайын жүйелі түрде бақылау болып табылады .

Кең мағынадағы тәрбие мониторингінің құрылымы төрт элементтен тұрады:

– тәрбие жағдайын тікелей бақылау арқылы зерделеу;

– тәрбие жағдайын бағалау;

– тәрбие дамуының болжамы;

– оң даму және анықталған теріс процестердің алдын алу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Педагогикалық мониторингтің негізгі қасиеттерінің бірі оқу-тәрбие үрдісінде үздіксіз бақылау жүргізу. Сондықтан да педагогикалық диагностика педагогикалық мониторингтің негізгі компоненті болып табылады.

Педагогикалық мониторинг – педагогикалық жүйе қызметінің нақты нәтижесі мен мақсатарасындағы нормадан ауытқуды ғана бақылаушы емес, мақсатта, нормада, стандартта кеткен кемшіліктерді анықтаушы, жетістіктерге жету жолдарын түзетуші мәліметтермен қамтамасыз ететін керібайланыс.

Мектеп директоры орынбасарының негізгі міндеті — білім беру мекемесінде тәрбие жұмысын мониторингілеуді ұйымдастырудағы тәрбие жүйесін құру және оның дамуын басқару. Бұл басқару әрдайым жүйенің нақты жағдайын зерттеуді, яғни, тәрбие процесінің нәтижелілігін зерттеуді көздейді. Тәрбие үрдісінің жай-күйін объективті және дұрыс көрсететін диагностика әдістерін және көрсеткіштерді дұрыстап дау өте маңызды. Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мекемелердегі тәрбие қызметінің мониторингі өте өзекті мәселе болып отыр. Баланың білім беру (оқыту, тәрбиелеу және дамыту) деңгейін қалай қадағалауға болады? Егер оқыту деңгейі осындай ыстық дау тудырмаса, онда тәрбиелену деңгейі педагогтар арасында ыстық өрісті тудырады. Сынып жетекшісінің жұмыс сапасын қалай бағалауға болады? Міне, тәрбие саласында жұмыс істейтін басшыларға тыныштық бермейтін тағы бір мәселе.

Сабақтан тыс тәрбиелік іс-шараларды өткізу түрлері: экскурсиялар, үйірмелер, секциялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пікірталастар, мектеп ғылыми қоғамдары, олимпиадалар, жарыстар, іздеу және ғылыми зерттеулер, қоғамдық пайдалы тәжірибелер және т. б.

### *ҚОРЫТЫНДЫ*

Тәрбие үрдісінің мақсаты-қазіргі әлемде өмір сүруге және белсенді позицияға ие болуға қабілетті еркін, жан-жақты дамыған үйлесімді тұлға. Тәрбие жүйелі болса, табысты болады. Бұл мақсат барлық педагогикалық үдерісті қамтиды, оқу сабақтары мен оқушылардың сабақтан тыс өмірін, әр түрлі қызмет түрлерін, қарым-қатынасты, дәстүрлерді, жалпы мектептік ортаны келесі тәрбие міндеттерін орындау арқылы қамтиды:

Тұлғалық әлеуеттің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жеке құрылымдарды қалыптастыру және оны болашақта іске асыру үшін жағдай жасау және қолдау. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, оларға білім беру мекемесін басқаруға, шығармашылық және қоғамдық бірлестіктердің қызметіне қатысуға нақты мүмкіндіктер беру.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
2. Тажибаева С.Г. Технология организации воспитательной работы в школе. Учебник. – Алматы, Образование, 2008. – 196 б.
3. Ушинский К.Д. Избранные сочинения. – М., 1987. – 190 б.
4. Құнанбаев А. Қара сөздері. – Алматы, 2000. – 93 б.

**Исина Гульмира Кабышевна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Кожакулова Жансая Канатовна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДА ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІН САРАПТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тапсырмалар жүйесін сараптаудың критерийлері сөз етілді. Білім алушы алған білім нәтижесін талдау үшін қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың критерийлеріне ерекше мән берілген. Білу және түсінуге; критерийлерді білу арқылы қате жібермеу, сапалы нәтиже беруге рефлексияға қатысу, өзін және өз құрбыларын бағалауға; бағалау үрдісіне қатысу арқылы білімін тереңдетуге, нақты білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білу, сын тұрғысынан ойлай білуге мүмкіндіктерін бағалау тапсырмалар жүйесін сараптауға негіз болады.

**Кілт сөздер:** бағалау, оқу жетістігі, бағалау критерийлері, сапа, мониторинг.

**Аннотация.** В данной статье были изложены критерии экспертизы системы заданий при оценке учебных достижений обучающихся. Для анализа полученных обучающимся результатов образования особое внимание уделено критериям формирующей и итоговой оценки. Знания критериев, не допускать ошибок, участвовать в рефлексии на получение качественного результата, оценивать себя и своих сверстников; углублять знания через участие в процессе оценивания, применять конкретные знания, свободно выражать свои мысли, оценивать способность критически мыслить систему заданий.

**Ключевые слова:** оценивание, учебные достижения, критерии оценивания, качество и мониторинг.

**Annotation.** This article describes the criteria for evaluating the system of tasks in assessing the educational achievements of students. To analyze the educational results obtained by students, special attention is paid to the criteria of forming and final assessment. Knowledge of criteria , avoid mistakes, participate in reflection on getting a quality result , evaluate yourself and your peers; deepen knowledge through participation in the assessment process, apply specific knowledge, Express your thoughts freely, evaluate the ability to think critically about the task system.

**Key words:** evaluation, academic achievements, assessment criteria, quality, monitoring.

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

Жоғары білім беру жүйесін дамыту талаптарына сай білім алушыларға терең білім мен тәрбие беру, жан-жақты дамыту бүгінгі таңда өзекті мәселе. Студенттерге білім мен тәрбие берудің мақсаттарының бірі, ол адамгершілік, интеллектуальдық мәдени білім беру, оның кәсіби біліктілігін қамтамасыз ету. ЖОО жаңа білім парадигмасы білім,білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, креативті ойлайтын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған [2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы]. Жоғары оқу орнында білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай ұйымдастырылуы студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау,

Яғни, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тапсырмалар жүйесін сараптау үшін әрі ЖОО студенттердің, әрі мектеп оқушыларының да құзыреттілік тұғырға дегеен көзқарасын білдіреді.

Бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады. Ұлы педагог Ы. Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни бі-

лім алушыға қарай бағалау керек» деп айтқандай, білім алушы жетістігін нақты бағалау мәселесі-білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі [Алтынсарин Ы., 1999.]. Білім алушының білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады, оқыту үдерісін басқарудың түйінді кілті бағалауда деп те айтуға болады. ЖОО да бағалау баллдықпен жүйемен берілсе, жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйрете отырып, қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді [Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012].

Көптеген жылдар бойы білім алушы жетістігі басқа білім алушымен салыстырмалы түрде бағаланып келді. «Бағалау» термині «жақын отыру» латын тіліндегі мағынада-бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату білім алушылар жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше тәсіл критерий арқылы бағалау болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады [Селезнева Н.А., 2004, С. 94.]. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

*Қалыптастырушы бағалау* күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

*Жиынтық бағалау* оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Бағалаудың барлық тұстарының өзара теориялық негіздеме және тәжірибелік байланыс болуын қажет етеді және төмендегідей артықшылықтарын көрсетеді:

– оқушының жеке тұлғасы емес, оның орындаған жұмысы бағаланады; оқушының жұмысы оларға алдын ала белгілі бағалау критерийлері бойынша бағаланады;

– баға оқушылардың нені оқығанына қарай қойылады, себебі бағалау критерийлері нақты оқу мақсаттарын сипаттайды;

– баға қоюдың нақты алгоритмі оқушыға белгілі, соған сәйкес оқушы өзінің оқу үлгерімін өзі анықтап, ата-анасына хабарлай алады;

– оқушылардың өзін-өзі бағалауға және оқуға деген ынтасы артады.

Ал, студенттерді оқытуда білім беру процесінің негізгі компоненттерінің бірі *оқуға ынталандыру* болып табылады. Оқытушы әрқашан студенттердің өзін-өзі дамыту және оқуға деген ішкі қажеттіліктеріне жағдай жасауға бағыт бағдар беру керек. Оқу процесіне баллдық-рейтингтік жүйенің енгізілуімен көптеген факторлар білім беру қызметін ынталандырды. Бұл факторларға мыналарды жатқызуға болады: жүйенің ақпараттық ашықтығы, оқыту сапасын ағымдық және аралық бақылау нысандарының объективтілігі мен айқындылығы, сабақтастық, жүйелілік, студенттердің білімін бақылау жүйесін реттеу және т.б. жүйенің ақпараттық ашықтығы студенттерге оқу нәтижелерін басқа студенттердің нәтижелерімен салыстыруға мүмкіндік береді және бәсекелестік жағдай туғызады.

Үздіксіздік пен жүйелілік студенттердің белсенді және біркелкі оқу іс-әрекетіне деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

*Баллдық-рейтингтік жүйені* енгізу барысында оқытушылар оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту және жетілдіру жұмыстарын арттырды. Оқытушы мен студент арасында кері байланыс күшейтілді, электрондық пошта, әлеуметтік желі, немесе Moodle жүйесі арқылы жүзеге асырылуда.

Білімді бағалауда аралық аттестаттаудың келесі түрлерін қолданады: *ауызша, жазбаша емтихан* (білім беру бағдарламасының оқу жоспарында белгіленеді). Ағымдағы семестрде белгіленген ағымдық аттестаттау нысандарымен семестрдің бірінші аптасында деканат (кафедра) таныстырады. Пән бойынша 1-2 сабақта жетекші оқытушы студенттерге ағымдық бақылау түрлерін, бағалау критерийлерін, осы пән бойынша аралық аттестаттау талаптары туралы ақпарат береді. Ағымдағы бақылау мен аралық аттестаттауды ұйымдастыру үшін құзыреттілікке бағытталған құралдар іріктеледі.

В.И. Андреев білім беру сапасының келесі критерийлерін анықтайды:

– жалпы білім беру жүйесін басқару және

өзін-өзі басқару тиімділігін бағалау.

– педагогтердің кәсіби дайындығын бағалау (олардың құзыреттілігі, шығармашылық әлеуеті, тұлғалық шеберлігі және т.б.)

– дидактикалық (оқу-әдістемелік) кешендерді (оқу жоспарларын, бағдарламаларды, оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды, оқытудың аудио-бейне құралдарын, және т.б.) әзірлеу және қолдану тиімділігін бағалау.)

– студенттердің білімін, тәрбиелілігін бағалау: білім деңгейі; білік деңгейі; шығармашылық әлеует деңгейі (шығармашылық қабілеттер); мәдениет деңгейі (адамгершілік, коммуникативтік, эстетикалық, физикалық, экологиялық, валеологиялық, құқықтық және т.б.).

– педагогикалық инновацияны игеруді бағалау.

– ақпараттық қамтамасыз етуді және ақпараттың ашықтығын бағалау (кітапханамен, Интернетпен, және т.б.).

– оқу орнының материалдық-техникалық базасын бағалау.

– мониторингтік (диагностикалық) қызметті және білім беру сапасын жүйелік диагностикалауды бағалау [Андреев В.И., 1984, 98 б.].

Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау мәселесі оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі уақытта жаһандану білім беру саласына жеткен кезде көптеген университеттер білім беру қызметіне мониторинг жүргізудің ішкі саясатын қайта қарастыруды бастады және студенттердің білімін бағалаудың жаңа әдістерін ұсынды. Білімді бағалау жүйесін қайта қараудың негізгі міндеттері бірінші кезекте білім беру сапасын және мамандарды даярлау деңгейін жоғарылату болып табылады, өйткені студенттердің білімін бағалау – бұл оқытушыға өз қызметінің нәтижелерін объективті түрде көруге және бар проблемаларды түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс механизмі. Сонымен қатар студенттердің білімін бағалау да өзіндік тәрбие құралы болып табылады [Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012].

*Критериалды бағалау* сабақ беру, бағалау және оқытудың өзара байланыс ұстанымдары негізінде дайындалған. Оның негізгі ұстанымдарына төмендегілер жатады:

– *Бағалау білім жүйесінің міндеттеріне негізделген.* Бағалау өзіндік мақсат болып саналмайды. Бұл жалпы білім беруді жетілдірудің механизмі болуымен қатар, әр оқушының оқу жетістігін жақсартудағы тиімді практика түрі болып табылады. Білім беру жүйесі міндеттері бағалауды және оны өткізудің жолдарын анықтайды.

– *Бағалау үдерісі әділ, нақты, сенімді және айқын* болып табылады. Бұл бағалау барысында қолданылатын ақпараттардың сенімділігі мен айқындығын қамтамасыз етіп, тапсырмалар мен оларға сәйкес критерийлердің оқушылардың оқу жетістіктеріне жеткендігін бағалайтынын анықтайды.

– *Бағалау білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі* болып табылады, бағдарлама мақсаттары мен күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты болып келеді. Ол мақсаттардың айқындығын қамтамасыз ете отыра, бағалау түрлерінің (қалыптастырушы және жиынтық) және бағалау рәсімінің оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтайды.

– *Бағалау қолжетімді, анық және ашық* түрде болады. Ол қажетті ақпаратты уақытында беріп отыруға мүмкіндік тудырады, оқушылардың өзін-өзі реттеу тәртібін дамытып, үдеріске қатысушылардың жауапкершілігін арттырады.

-– *Бағалау үздіксіз өткізіледі және оқушының оқу жетістіктерін анықтауға, жеке даму траекториясын жасауға* мүмкіндіктер тудырады.

– *Бағалау мектептің, мектеп ұжымының және оқушылардың даму бағытын айқындау жолындағы басты фактор* болып табылады. Осы үдеріске қатысушылардың өз міндеттерін атқарудағы құзіреттілігін арттыруға мүмкіндік тудырады. Оқу жылы көлемінде оқытудағы үлгерім мен ілгерілеу туралы мағлұматтар жинақтау бағалаудың екі түрі арқылы іске асырылады. Олар: қалыптастырушы және жиынтық (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша өткізілетін бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, орта білім деңгейі бойынша) бағалау болып табылады

Р.А. Набуова өз зерттеуінде бағалау жүйесіне жан-жақты тоқтала келе, бағалаудың жаңа жүйесінің өзектілігін келесі түрде сипаттаған:

*бірішіден,* қазіргі білім беру жүйесінде білім алушының білімін бағалауда қолданылып жүрген балдық жүйе білім алушының қандай да бір құзыреттілігін қалыптастыру үшін жеткіліксіз;

*екіншіден*, берілген тапсырманы тексеру кезінде (бақылау, тест, жазба, жұмыстары т.б.) нақты бағалау критерийлерінің болмауы;

*үшіншіден,* білім берушінің тек жіберілген қатені іздеуі, білім алушыны басқа білім алушымен салыстыру арқылы бағалауы, сондай-ақ, болашақ педагог мамандардың критериалды бағалаудың теориялық аспектісі мен практикалық қолданысындағы алшақтық болып табылады [Набуова Р.А., Жубандықова А.М. , 2019, 1816.].

Демек, өзін-өзі және бірін-бірі шынайы бағалауға кері ықпалын тигізеді.

Бағалаудың барлық түрлері оқу бағдарламасының мазмұнына негізделіп жасалады және белгілі бір тапсырмалар жүйесі арқылы жасалады:

– қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар үлгілері мен әр пән бо´йынша тапсырманы орындау үшін нақты қадамдарды анықтайтын дескрипторлар көрсетіледі;

– жинақта қалыптастырушы бағалау үдерісі туралы анықтама беріліп, тапсырмаларға арнал-

ған дескрипторлар көрсетіледі;

– белгілі оқу мақсаттарына сәйкестендіріліп жасалған бағалау критерийлері ұсынылады;

– қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма құрастыру кезеңдері анықталады.

**Қорытынды**

Қорыта келе айтарымыз, ЖОО-да *критерий арқылы бағалау оқытушыға*: сапалы нәтиже алуды қамтамасыз ететін критерийлерді құруға; өз жұмысын талдау және жоспарлау үшін ақпарат алуға; оқу үрдісінің сапасын жақсартуға; әрбір білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың траекториясын құруға мүмкіндік береді.

Және *критерий арқылы бағалау білім алушыға:* алған білім нәтижесін талдау үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге; критерийлерді білу арқылы қате жібермеу, сапалы нәтиже беруге; рефлексияға қатысу, өзін және өз құрбыларын бағалауға; бағалау үрдісіне қатысу арқылы білімін тереңдетуге, нақты білімдерін қолдану, өз ойларын еркін жеткізе білу, сын тұрғысынан ойлай білуге мүмкіндіктер береді.

Ал, орта білім беру мекемелерінде тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

– тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;

– тоқсандық жиынтық бағалауға шолу:

– жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;

– бағалау құрылымы;

– тапсырмалар саны;

– тапсырмалар бойынша балдарды бөлу:

– тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;

– тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;

– тапсырмалардың балл қою кестелері.

Критериалдық бағалау жүйесін қолдану арқылы біз:

1. Білім алушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттау;

2. Тұлғаны өзіндік жауапкершілікке,тұғырлы нәтижеге, бағытқа жеткізу;

3. Білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтау;

4. Әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға болады (өздік жұмысы, күнделікті баға т.б.);

5. Құрылымдық бағалау мен нақтылы бағалаулар арқылы білім алушылардың еңбегін анықтау;

6. Білім алушылардың бағалау жүйесіне толық қанағаттануын аламыз.

Бағалау барысында қарапайым субъективті сандық бағаларды тіркеуден сапалы, объективті бағалауға өту жоспарланған болатын. Оқу нәтижелерін бағалау барысында жаңа формалар енгізілген: балдарды қоюды қарастыратын жиынтық бағалау мен кері байланыс беруді қамтитын қалыптастырушы бағалау.

Мұғалімдерге көмек ретінде білім алушылардың оқу жетістіктерін қалыптастырушы және жиынтық бағалау үдерістерін жоспарлау, ұйымдастыру мақсатында практикалық ұсыныстар берілген. Атап айтқанда, бағалауды өткізудегі қолданылатын әртүрлі бағалау түрлері (қалыптастырушы және жиынтық), олардың формалары (топтық, жұптық, жеке), бағалау критерийлерін құрастыру, кері байланыс беру, баға қою және тағы да басқаларын қамтитын мысалдар жиынтығы. Осылайша, бағалаудың жаңа құралдарын енгізу де жоспарланған: критерийлер, әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, дескрипторлар, оқу жетістіктерінің деңгейлері, балдар, баға, т.б. – бұл оқуда және бағалауда мұғалімдер мен оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпалын тигізеді деп ойлаймын.

Сондықтан жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу кезінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.

2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1999.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. – Астана, 2012.

4. Селезнева Н.А. Качество высшего образования как объект системного исследования. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – С. 94.

5. Андреев В.И. Управление процессом усвоения знаний. – М., 1984

6. Набуова Р.А., Жубандықова А.М. Бағалаудың өлшемдік технологиялары //Оқу құралы. – Алматы: Баспахана ЖК «Волкова Е.В.» 2019. –181б.

**Кабекенова Ақзер Уапқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Сейітқұл Алтынай Сағынышқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ САПАСЫН БАСҚАРУ МЕН ДИАГНОСТИКАЛАУ

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстандағы бастауыш білім сапасын басқару, арттыру мәселесі қарастырылады. Қазақстан мен шет елдердегі білім сапасын басқарудың салыстырмалы сипаты. Мектепте білім беру сапасын нәтижелік тұрғыдан басқару. Қазақстанда білім сапасын басқару категориясының теориялық мәселелері.

**Кілт сөздер:** басқару, білім беру, сапа, категория, ғылыми зерттеу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы управления и повышения качества начального образования в Казахстане. Сравнительный характер управления качеством образования в Казахстане и за рубежом. Эффективное управление качеством школьного образования. Теоретические проблемы категории управления качеством образования в Казахстане.

**Ключевые слова:** менеджмент, образование, качество, категория, исследование.

**Abstract.** The article deals with the management and improvement of the quality of primary education in Kazakhstan. Comparative nature of education quality management in Kazakhstan and abroad. Effective management of the quality of school education. Theoretical problems of the category of education quality management in Kazakhstan.

**Keywords:** Management, education, quality, category, research.

## КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда білім беру сапасын жетілдірудің басты шарттарының бірі оқу тәрбие мекемелерін сапалы басқарумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда басқарудың әлемдік озық технологиялары мен жүйелерін тиімді тұстарын өндіріс пен қоғамдық қатынастарды басқару үдерісіне ендіру өте маңызды болып отыр. Сонымен қатар басқарудың отандық жаңаша үлгісін қалыптастыру халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-аухатын жақсарту мен білім беру жүйесінің сапасын арттырудың негізі болып саналады. Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларының мазмұны нақты өмірмен, практикалық бағыттылықпен тығыз байланысты, байқаушылық, қызығушылық, ақпаратпен жұмыс істей білу және өзінің көзқарасын білдіре алу сияқты дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Демек, бастауыш мектепте оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру басталады.

Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеулерге сүйенсек, бастауыш мектеп оқушыларының үлгерімдері мен оқу қабілеттері жөніндегі ұғымдар арасындағы байланыс өзара әсер ету сипатында болады. Оқудағы табыстар өзіне-өзі баға беруді жеткізеді, ал өзін-өзі бағалау өз кезегінде күту, талпыныс деңгейі, стандарт, мотивация, өз күшіне сену механизмдері арқылы оқу табыстылық деңгейіне әсер етеді. Өзіне-өзі баға берудің төмендеуі оқушының өз күшіне сенімсіздігін білдіреді, ал нашар үлгерім өзіне-өзі баға беруді төмендетеді.

Білім берудің жаһандану жағдайында еліміздің интеллектуалды қорын дамыту деңгейі үлкен маңызға ие болып, ал білім беру сапасы ішкі саясаттың жетекші құралының бірі ғана емес, сонымен бірге еліміздің халықаралық мәртебесінің елеулі факторы болып табылады. Демек, еліміздің білім сапасын арттыруда шетелдік тәжірибені жан-жақты қарастырып, оларды салыстырмалы түрде зерттеп, аталған бөлімдесипаттауды мақсат еттім.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Отандық білім беру жүйесі әлемдік тәжірибе жетістіктерін пайдалану негізінде қалыптасып, даму үстінде. Білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігінде интеграциялануы білім беру сапасын көтерудің негізі ретінде оған жан-жақты көңіл бөлінуде. Сондықтан қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажет құрал – білім. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмейді. Оқу жетістіктерін сырттай бағалау, ұлттық бірыңғай тестке қатысқан оқушылар өз білімдерін дәлелдей алмай жатады. Халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінің

нәтижесі бойынша да еліміз әзір мақтанатындай орында емес. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр. Әлем елдеріндегі білімнің азығы – Сингапур, Жапония, Финляндия елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырар болсам, білім сапасын көтеру мәселесі қарастырылатынын көруге болады. Ондағы мақсатым дамыған елдердің басым жақтарымен, әлсіз жақтарын қалай бақылайтынын анықтау болды. Ол үшін мен шетелдің және отандастарымның жұмыстарымен танысудан бастадым.

Сингапур елінің білім жүйесі аз уақыт аралығында табысқа қалай жетті? Бұл елде білім беру жүйесінде нені басты назарға алады екен? Әр елдің білім беру жүйесі ерекше, мақсаттары әр түрлі және өзіне тән тарихи даму сатыларынан өтіп дамыған. Осы ел соңғы не бары 45 жыл ішінде құрылып, білім жүйесінде жоғары нәтижеге жетіп, әлемге танылды. Сингапурдың мектеп оқушылары халықаралық тестілеуде тұрақты түрде жоғары нәтижелер көрсетеді.

Білім инфрақұрылымы шағын және экономика құрылымымен өте жақсы интеграцияланған білім беру институттарының қызмет көрсету сапасы жедел дамып, дамыған елдердің қатарына қосылды. Білім әлемдік экономикаға бағытталып, табысқа жету мақсатында әлеуметтік және шаруашылық қажеттілікке бейімделе негізделген.

Білім саласындағы эксперттер осы елдің оқу жүйесін әлемде жоғары деп бағалады. Біріншіден, PIRLS зерттеулеріне сүйенсек, сауаттылығы жағынан әлемде алдыңғы қатарлардың бірінде, екіншіден, сингапурлық оқушылар 1995 жылдан бастап математика және жаратылыстану ғылымдарынан халықаралық (TIMSS) тестілеуден әлемде жоғарғы нәтиже көрсетуде, үшіншіден, 2008 жылдан бастап консалтинг компаниясы Сингапур білім жүйесін әлемде ең тиімді деп атады (әсіресе педагог мұғалімдерді дайындау саласы), төртіншіден, 2007 жылы IMD зерттеулер нәтижесі бойынша осы жүйесі кең ауқымды экономикалық талаптарына бейімделген. Сингапурдың ішкі нарығы көлемі жағынан шағын болған соң толық импорттау стратегиясы мүмкіндігін пайдалана алмады, су, азық-түлік және барлық ресурстарымен қамтамасыз ету үшін Малайзиямен тығыз байланыста болды. Бұл бетбұрыс Сингапурда өмір сүретін көп ұлтты білім жүйесіне оң әсерін берді. Негізгі өндіріс саласы кеме жасау және жөндеумен айналысқан бұл елдің 45 жыл бұрын ұлт нышанын көрсететін не білім жүйесі, не армиясы, не флоты, тіпті елін дамытуға ресурстары да болмаған. Мемлекет тек өзінің әлемдік белсенді сауда жолдарының қиылысында сәтті орналасуын және адами капиталды ресурстарын ғана арқау қыла алды. Тәуелсіздік алғаннан соң, мемлекеттің даму жолдарын іздестіріп, жаңжақты анықтай бастады. Табиғи ресурстардың болмауына байланысты жоғарғы кәсіби нарық құру, шетелдік инвесторларды тарту және экспорттауға бағытталған экономикаға көшу үшін үкімет интеллектуалды модернизация жолын таңдады. Білім жүйесінің алдындағы міндет -елді сауатты және техникалық білімді мамандармен қамтамасыз ету болды. Бірнеше ұлттардың білім құрылымдарына біркелкі стандартты енгізу арқылы оптимизациялау мәселесі туындады [Алишев Т.Б., Гильмутдинов А.Х., 2010, 231б.].

Сонымен, еліміздің оқу жүйесін Сингапурдағы білім беру жүйесімен салыстырсақ, екі елдің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Сингапурда әр оқушының бейім-қажеттігіне қарай таңдау мүмкіндігі беріледі және әлемдік экономиканың саясатына сәйкес ағылшын тілінде дәріс беріледі. Білімнің даму сатысында адамның өмір бойы білім алуына, жаңа технологияларды игеріп, өзіне жауапкершілік пен міндеттер алуына ынталандыру ортасы құрылған, негізгі идеясы қабілетті, дарындыларды қолдауға, көшбасшыларды тәрбиелеуге арналған. Сабақтарын бақылайтын болсақ, әр топтан оқыту, қарым-қатынас, жеке тұлғаны қалыптастыратын жұмысты байқауға болады. Соңғы кезде біздің елімізде де көп тілділікке терең көңіл бөлініп отыр.

Жапон елінің білім жүйесінің ерекшелігіне көңіл аударғым келеді. Жапон елінде балалар қиындықтарды өздері шешеді. Олардың бар қиындықтары оқуда ғана, сондықтан олар емтихан тапсыру арқылы өзінің орнын анықтайды. Егер жақсы білім алса, мемлекеттік жоғарғы оқу орындарында оқуын жалғастырып, мемлекеттік қызметке орналаса алады. Оқу деңгейі төмендеу болса, жеке меншік қымбат оқуға түсуге мүмкіндігі ғана болады және оны тамамдаған мамандарды жұмысқа алмайды. Сонымен олардың қоғамда бөлінуі бала кезінде емтихандардан өтуіне байланысты, бәсекелестік ерте жастан басталады. Білім берудегі тәрбие мен оқудың негізгі саясаты-ерекше ойлайтын, шығармашыл, жан дүниесі бай тұлға тәрбиелеу. Барлық білім бөлімдерінің мақсаты – өскелең ұрпағының дамуындағы білім сапасының жоғары деңгейден көрінуі. Ол елде мектепке дейінгі білімге көп көңіл бөлінеді, кіші жастағы балаларда қарым-қатынас дағдысы қалыптасады, ұжымдыққа баулитын құндылықтар өте маңызды. Балаларға отбасының тәрбиесі өте маңызды, өмірінің мәні балалардың тәрбиелі болуына байланысты екенін айтады. Кіші және орта буындарда топтық тәртіппен оқытылады, топ құрамы іс-әрекетінің тиімділігіне сәйкес 7-8 баладан тұрады. Әңгімелеуші құрбысына қалай қарау оның пікірін тыңдай білу, өзін көрсету дағдыларын қалыптастырады. Мұғалімдер мен балалар тапсырмаларды бағалау кезінде тәртібі мен басқа мәселелер туралы сұрақтар туындаса, жеке оқушыға емес, топқа байланысты,

ол жүйе алшақтатудың, кикілжіңді болдырмай, балалардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Соробон құралы пайдаланылады, ол шығармашылық қабілетін арттырып, ойша есептеуге ықпал етеді. Жапон мектептерінде дене тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді: кез келген оқушы үстел тенисі, әскери қимыл әрекеттерін, жеңіл атлетика негіздерін игереді. Мектепте білім алу мерзімі 12 жыл, ана тілінің қиындығына байланысты оның жартысы бастауыш сыныптар болып табылады. Оқу министрлігімен бекітілген бастауыш сыныпта минимум 1850 иероглиф меңгерілуі тиіс. Кітап оқу үшін 3 мыңнан артық білу керек. Сонымен қатар, мектеп оқушылары мектептен кейін міндетті емес «шеберлік» мектебінде дайындыққа қатыса алады. Кіші және орта буында барлық бағдарламалар арқылы күнделікті өмірде өзін бақылай білуге, адамдарға, жануарларға, табиғатқа қамқорлықпен қарауға, әдемілікті сезінуге, қоғамның дамуына өз үлесін қосуға бағыттайды. Жоғары сыныптарында жоғарғы оқуға түсуге дайындайды. Қоғамда адам еңбекпен тәрбиеленген, тек іскер қабілетімен ғана бағаланады. Жапон халқының тағы бір ерекшелігі қыз бала үшін негізгісі қызмет емес, ана болу деп қарайды да, ер балаларға ерекше қатал талаптар қойылады. Халықаралық математикалық сайыстардан жүлделі орындарды иеленеді [http: forum. autodata. ru].

Біздің ойымызша, жапон елінде оқу-тәрбие үрдісі оқушылардың рухы мықты болуына бағытталған және әр бала міндетті спорт түрлерін игеруі, олардың салауатты өмір салтына бейімделуі мектеп жасынан басталады екен. Білім алуында иероглифтары өте көп, сонымен қатар білімді игеруде қиын, көбінесе жаттанды білімге көп көңіл бөлінетіні байқалды. Аналары ер балаларды оқытуда аса басымдылық, қаталдық көрсетеді екен. Ұқсастығы: Жапон елі де біздегідей қыз балаға болашақ ана ретінде қарап, ерекше көзқараспен тәрбиесіне көңіл бөледі екен, қазақ халқы да қыз балаға қонақ деп қарап ерекше құрмет көрсетеді, дегенмен гендерлік саясат бойынша қызмет басым. Ата-бабаларымыздың ежелден бүгінгіге жеткізіп берген төрт түлікке байланысты дәстүрлі танымы мен сенімі, көзқарасы мен түсінігі тәрізді ұғым жапон халқында да ұшырасады. Бұл-баланы табиғатпен етене жақындастыру үшін, эстетикалық талғамын дамыту үшін қажет құнды дүние.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы оның әр түрлі буындарын басқарудың тиімділігімен анықталады. Бүгінде білім саласының алдындағы негізгі міндет-басқару жүйесін түсіну мен оны нәтижелік тұрғысынан басқарудан тұрады.

Қазіргі білім саласы менеджментінде бірінші орында күн санап күрделеніп бара жатқан мәселелердің шешімін табуға және оған жауапты болуға тиісті адам факторы тұр.

Бұл жағдайда тәжірибе мен интуиция қабылданған шешімнің оңтайлылығын қамтамасыз ете алмайды.

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде процеске бағытталған дәстүрлі басқарудан нәтижеге бағытталған басқаруға көшу жүріп жатыр. Дәстүрлі басқарудан нәтижелік басқарудың айырмасы неде? Дәстүрлі басқаруда шаруашылық басшы іс-шаралардың маңызын көрсете отырып, қызметтік міндет бөлінісін жасайды, ұзақ мерзімді жоспар жасай отырып, жоспардың орындалу барысы туралы кезеңдік есеп береді.

Нәтижелік басқаруда менеджер басшы нәтиженің алатын орнын көрсете отырып, нәтижелік міндет бөлінісін жасайды, стратегиялық жоспар жасай отырып, нәтиженің анықталу барысы бойынша нәтижелік есеп береді.

Дәстүрлі басқаруда сапаның өсуі қалыпты емес және біржақты жүреді, іске атүсті қарау басым, шаралар науқандық сипатқа бағытталған болады.

Нәтижелік басқаруда даму жүйелі және кешенді бағытта жүреді, мақсатты іс-әрекеттер жоспарланады, қиындықтың алдын алуға бағытталады.

Дәстүрлі басқаруда нәтиже нақты көрсетілмейді, мектепішілік бақылау жұмысы соңғы нәтижеге ғана бағытталған, іс-шараны талдау жалпылама және жауаптыны жазалау үшін жүргізіледі.

Нәтижелік басқаруда нәтиже деңгейлеп көрсетіледі, педагогикалық мониторинг негізінде аралық нәтижелермен де жұмыс жасалады, үрдіс себеп-салдарлық тұрғыдан талданып, кемшіліктер мен қателіктерден сабақ алуға бағытталады.

Нәтижелік басқару екі өзара байланысты процестен тұрады: жүзеге асыру және талдау. Нәтижелік басқаруды жүзеге асыру жағдай жасаудан басталып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы нәтижеге алып келсе, нәтижелік талдау керісінше алынған нәтижені талдаудан басталып, білім беру процесін талдау арқылы жасалған жағдайларды талдауға барып тіреледі: Жағдай – Процесс – Нәтиже.

Нәтижеге бағдарланған талдау кезеңдері төмендегіше болады:

**1-кезең** - күтілетін нәтижені анықтау;

Үлгерім, ұлттық бірыңғай тест, жарыстар мен сайыстар, денсаулық пен тәрбие бағыты бойынша жету керек нәтижелерді кесте түрінде сандық негізде жазу;

**2-кезең** - осы көрсеткіштер бойынша мектеп жұмысының нәтижесін бақылау; Осы салалар бойынша мектептің қазіргі көрсеткіштерінің нақты деңгейін айқындап ашып көрсетуге болатын деңгейде анықтау;

**3-кезең** - екі нәтижені салыстыру, ауытқуды анықтау;

Мектептің қазіргі көрсеткіштерінің бұл нәтижелерге қаншалықты жетпей жатқандығын са-

лыстырмалы кесте түрінде беру;

**4-кезең** – осы ауытқуға әсер еткен оқу-тәрбие үрдісінің кемшіліктерін анықтау;

Пәндерді тереңдетіп оқыту, жаңа пәндер енгізу және оқыту әдістемесін (технологиясын) жетілдіру, сыныптан тыс шаралардың әсерін арттыру, жаңа тәрбиелік салаларды енгізу бойынша іс-әрекетте кетіп жатқан кемшіліктерді анықтау;

**5-кезең** - оқу-тәрбие үрдісі кемшіліктері мен нәтижесіне әсер еткен жағдайлар, кадрмен қамтамасыз ету, ғылыми-әдістемелік,, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қаржыландыру, ынталандыруды жүзеге асыру бойынша өз күшімен түзетуге болатын және арнайы көмек керек болатын кемшіліктерді бөліп жазу;

**6-кезең** – осылардан шығатын нақты себептері көрсетілген маңызды проблемаларды белгілеу.

Дарынды немесе жай баламен жұмыс жасайтын қажетті мамандар іздеу, мектептегі бар мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, қажетті бағдарламалар мен оқулықтар (жай немесе электронды) алу немесе жасау, оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз ету, технологияландыру мен ақпараттандыру бойынша мәселелерді ашып көрсету, оларды топтау, реттеу.

Жағдайды талдау мына мәселелерді қамтиды:

1. Сапалы кадрдың болуы.

2. Оқушыларға психологиялық диагностика жасалуы.

3. Мектептің қазіргі заман талабына сай болуы.

Ал процесске мыналар жатады: 1. Ата-ана, балабақша арасындағы байланыс. 2. Әдістемелік жұмыстардың жүзеге асуы, озық тәжірибенің таратылуы. 3. Мектеп ұжымындағы психологиялық ахуал.

Нәтиже де үш бағыттан тұрады: 1.Тәрбие деңгейі. 2.Оқу деңгейі. 3.Бәсекеге қабілетті, толерантты тұлға.

Жоғарыда аталып кеткендей ұжымдағы сапалы басқаруды қалыптастырудағы маңызды іс-әрекеттің бірімамандардың жұмыс орындағы тұрақтылығы, яғни ұжымдағы психоклиматтың ыңғайлы болуы, адамдар арасындағы қарым-қатынастың жақсы болуы, ұжым мүшелерінің болашаққа сенімділігі мен еңбек мотивациясының болуы болып табылады.

Белгілі саясаттанушы, әлеуметтанушы ғалым Р. Әбсаттаров басқарудағы тиімді әдістердің бірі ынталандыру екендігін атап өтеді. Бұл жерде басшының басқару стилі еңбекті ынталандырудағы рөлін көрсетеді [Р. Әбсаттаров, 2007, 384 б.].

Ұйымда қызметкерді дер уақытында бағалап отырса, онда әрбір қызметкер сараптамашылардың әділ бағасымен анықталған өзінің нәтижесін біліп отырған болар еді, ал жетекшілер болса, бағалаудың нәтижесіне сүйене отырып, оларды тиімді пайдаланып, алдағы уақытта одан жақсырақ басқаруға мүмкіншілік алар еді.

Персоналды басқару үшін ең алдымен оның мәселелерін, мақсатын, әдістерін, критерийлерін және т.б білу қажет.

Әр персоналды жеке бағалаудың мәселесі – төмендегі қызметтерді дұрыс шешу: Марапаттаудың мөлшерін дұрыс анықтау, себебі әділ бағалау барысында ғана жұмыскердің жетістіктеріне сай еңбекақы төленеді;

Басқару, себебі соның көмегімен және әңгімелесудің нәтижесінен кейін қызметкерге жетістіктеріне сәйкес жұмыс орын ұсынуға болады;

Персоналды дамыту, себебі ол марапаттаудың лайықты түрін және қызметкерге көмектесудің жолын табуға, сонымен қатар әрі қарай білім алу мақсаттарын анықтауды қамтамасыз етеді;

Сапа – бұл философиялық ұғым ретінде қарауымызға болады. Ол б.з.д. III ғасырда Аристотель анализіне түскен деп саналады. Мысалы: Гегель берген сапаның философиялық анықтамасы: «Сапа ең бірінші күнделікті өмірмен байланысқан анықтама, сондықтан зат сапасын жоғалтқанда, ол зат болудан қалады». Қазіргі аналогты философиялық анықтамалар бар. Сапа дәрежесі объектінің маңызды объективті жағын – анықтылығын көрсетеді. Сапа объектісі өзінің бөлек дәрежелеріне жатпайды, оны толығымен және одан бөлмей, сондықтан сапа түсінігі күнделікті затпен байланысты.

А.Ә. Жайтапова, Ф.Ж. Нәметқұлова «TQM негізінде білім сапасын басқару» атты еңбегінде сапаның философиялық және экономикалық категория ретінде қарастырлатындығын былайша атап көрсеткен: ««Сапа» термині жеке екі аймақта: біріншіден, философияның маңызды категорияларының бірі, екіншіден қазіргі кездегі материалдық өндірістің кез-келген саласында, яғни қазіргі кездегі экономикада сапа маңыздылығы, сапасы төмен (немесе жоғары) деген түсініктер ретінде қалыптаса бастады» .

XIX ғ. бірінші жартысында Англияда басқару тәжірибесін жүйелеу басталғанымен XX ғ. дейін басқару мәселесі ғылыми зерттеудің жеке объектісі болмаған. XX ғ. басқару туралы ғылымның техникалық-технологиялық, биологиялық және әлеуметтік жүйеде эволюциялық даму кезеңі болды. Басқару туралы «Экономика машин и производство» атты бірінші оқулықты ағылшынның математика профессоры, инженер, кәсіпкер Ч. Бейббиджа (1832)жазған. Басқару психологиясы туралы неміс зерттеушілері В. Зигерт және Л. Ланг: «Басқару – алға қойылған мақсатқа адамдарды және материалдық құралдарды ізгілікпен, үнемді және рационалды пайдалану арқылы қол жеткізу» деп тұжырымдаған [Зигерт В., Ланг Л., 1990, 337 с.]. Адамзат тарихындағы мол материалдық және әлеуметтік құндылықтар адамдардың үйлестіруінің арқасында ғана жасалып, қалыптасты.

XX ғасырға дейін басқару ғылыми зерттеудің

дербес саласы болып саналмаған. 1911 жылы Фредерик Уинслоу Тейлор «Менеджмент» немесе «Фабриканы басқару» атты кітабында басқару еңбегінің негізгі ұстанымдарын (принциптерін) атап көрсетті. Өткен ғасырдың 30–шы жылдарында менеджмент саласының теоретиктері еңбек әрекетіндегі адамның мотивінің роліне ерекше назар аудара бастады. Ол басқаруда адамның іс-әрекетінің орны мен мәніне көңіл қойған үлкен жетістік еді. Басқарудағы мұндай жетістік «экономикалық адам» түсінігінің орнына «әлеуметтік адам» түсінігін енгізіп, Элтон Мэйоның «адамдар қарым-қатынасы мектебінің» дамуына негіз болды. Бұл мектептің ұстанымы бойынша өндірістік ұйым белгілі тұтас бір әлеуметтік дене, ал онда қызмет істейтін адамдар сол әлеуметтік жүйенің мотивтік, тұлғалық, дара-психологиялық сапаларының көрсеткіші- деп қарастырылды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру сапасының дамуын қаржыландыруға бөлінетін қаржылық ресурстарды тиімді үйлестіру жіне пайдалану мақсатында, сондай-ақ білім беру сапасын басқаруды өзара тығыз байланысты іс-шаралар кешені негізінде жүзеге асыру үшін мақсатты-бағдарламалық әдісті қолдану ұсынылған. Бүгінгі күнге қабылданған бағдарламалар әр сала бойынша жеке түрде жүзеге асырылады және олардың жоспарында, сол бағдарламаның ойдағыдай жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін білім беру сапасы ескерілмеген, ақша-қаражаттары нақты бағдарламалар мен мақсаттарға емес жалпылама сипатта қаралады, сондықтан бұл бағдарламалардың көбісі оң нәтижеге жетпеді. Сондықтан білім беру сапасын дамытудың басым бағыттарын жүзеге асырғанда мақсатты-бағдарламаларды қолданудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі зор.

Еліміздің білім беру жүйесіндегі даму іс-әрекеті – білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім беруде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға байланысты. Қолдауды қажет ететін бүгінгі білімінің орнына елімізді алға тартатын, жастарымызды дүрыс жолға бағыптайтын инновациялық білім керек. Осы орайда білім беруде инновациялық технологиялармен қатар жасалып жатқан бағдарламалардың маңызы зор. Бұл бағдарламалар оқушьшардың өз бетінше оқып, үйреніп, нәтижесінде өз пікірін еркін жеткізе алатын, дамыған, ынталы, білімге құштарлы, мақсат қоя білетін тұлғаның қалыптасқанын күтеді. Қазақ педагогы Ы. Алтынсариннің айтқанындай мұғалім мектеп жүрегі болса, оның оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың ойлау қабілеті, қалыптасатын білімдері жан-жақтан ішінара (мұғалімнен, достарынан, интернетген, кітаптан, т.б.) мағұлматтарына негізделеді. Дәстүрлі оқыту кезінде оқушының алған (білімдері механикалық түрде есте сақталынып, кейбір жерде утымды пайдаланылады. Бірақ, мәні терең меңгерілмегендіктен (оқушылар оны өмірде тиімді пайдаланбайды. Сол себептен, окушылардың қалай оқу керектігіне, түсіну қабілетін дамытып, оны керек кезде пайдалана білетін, ойын нақты жеткізе алатын,көзқарасы дамыған, жігерлі тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету – білім беру ұйымдарының негізгі мақсаты.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. АлишевТ.Б., Гильмутдинов А.Х. «Опыт Сингапура: создание образовательной системы мирового уровня»//Вопросы образования, №4, 2010 г.
2. Гордеев С. Н. Образование в Японии.// «Легион Автодата» // http: forum. autodata. ru/
3. Р.Әбсаттаров Әлеуметтану: оқу құралы. Болықт., 2 басылым. – Алматы: Қарасай, 2007. -384 б. – Б. 320
4. Зигерт В., ЛангЛ.Переводчик:Вардуль Н.В., Богомолов А.Д.Жанр: Менеджмент-М.:Экономика 1990. -337 с.

**Каракулова Айнур Ахановна,**
2 курс студенті,
«Педагогикалық өлшем» мамандығы,
ҚазҰлтҚызПУ

**Нұртай Айдана Ерланқызы,**
2 курс студенті,
«Педагогикалық өлшем» мамандығы,
ҚазҰлтҚызПУ

# МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР СӨЙЛЕУІНІҢ БҰЗЫЛУШЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа**. Мақалада қазіргі заманғы мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілінің дамуындағы өзекті мәселелері қарастырылады. Осыған байланысты мақалада мектепке дейінгі балалар тілінің бұзылуының қазіргі жағдайы мен себептері талданады. Тілі бұзылған балалардың 3 тобы анықталып, олардың әрқайсысына ғылыми сипаттама берілген. Сонымен қатар бала сөйлеу тілі бұзылуының 3 деңгейі көрсетіліп, оның ерекшелігі көрсетілген. Бала тілін кешенді, интеграциялық диагностикалау әдістерінің мүмкіндігі ашылады.

**Тірек сөздер.** Даму, тіл, бұзылу, мектепке дейінгі жас, кешенді.

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема развития речи детей старшего дошкольного возраста на современном этапе. Автор определяет современное состояние и причины нарушения развития речи детей старшего дошкольного возраста. Выделены и дана характеристика трем группам нарушений развития детской речи. Раскрываются 3 уровня детей с нарушением речии охарактеризованы их особенности. Представлены методы комплексной, интегрированной диагностики развития речи. Выявлено, что только специальное речевое воспитание способствует овладению и дальнейшему развитию речи.

**Ключевые слова:** развитие, язык, нарушения, дошкольний возраст, комплексность.

**Summary.** The article deals with the problems of preparing children of senior preschool age for school and educational and cognitive activities. The concepts of preparing children for school, "educational and cognitive activities" and "preschool education" are discussed. The essence and features of pre-school training are determined. Analyzing psychological and pedagogical literature, the types of educational and cognitive activity of the child are analyzed. The level and criteria for assessing the readiness of pre-school children to study at school systematized. Diagnosing of children's readiness for school, the following methods have been developed and tested.

**Keywords:** development, language, disorders, preschool age, complexity.

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде білім беру мекемелерінде педагогикалық диагностика ерекше маңызға ие болады, өйткені ол мамандарға баланың жеке дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және оның сапалы білім алу құқығын қолдайды. Тұлғалық-бағдарлы білім беру мамандарға баланың және оның жеке тұлғасының толыққанды сөйлеу дамуының қажетті шарты ретінде тұтас педагогикалық үдеріске диагностикалық және түзету-дамыту қызметін қою талабын қояды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» (2018) тілдің-грамматикалық құрылымы, тілдің дыбыстық мәдениеті, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтылуы, ана тілінің дыбыстарын дұрыс айтуы, сөзді орнымен қолдану, дыбысты ажырата алуы, мәнерлеп оқудың түрлі тәсілдерін меңгеруі көрсетілген [Абаева Г.А., 2013, С. 32-33.]. Дегенмен, қазіргі мектепке дейінгі балалардың тілінің дамуындағы бұзылыстардың кездесуі ғалымдарды, мектепке дейінгі мамандарды елеңдетеді. Мектепке дейінгі ұйымда ғана емес бастауыш мектепте де логопед мамандығына сұраныс жоғарылап отыр. Оның басты себептері туа пайда болуы және қазірі техникалық құралдардың қолданылуы балаларды қарым-қатынасқа түсіруге кері әсерін тигізіп отыр.

Елімізде бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымға 4 мың бала барады десек, соның 30-40% жүйке-психикалық бұзушылық болып, 60%-да тілінің дамуында кемшіліктер кездеседі. Блалардың сөйлеу тілі дамуының заңдылықтарын білу сөйлеу тілі бұзылыстарын дұрыс тексеру үшін қажет. Осылайша, кейбір мамандар 3 жастағы балаларды дыбыстарды айту кезіндегі бұзулушылықтарды жою үшін логопедке жібереді. Ол дұрыс па? Жоқ. Өйткені сөйлеу тілінің қалыпты дамуында да осы жастағы балаларға кейбір дыбыстарды дұрыс емес айтуы тиісті болады. Физиологиялық тіл мүкістігі деп аталатын бұл көрініс толығымен заңға сыйымды және артикуляциялық аппараттың әлі толығымен қалыптаспауымен шартталады.

Педагогика ғалымдарының еңбектері бойынша дисграфияның бастапқы белгілері мен диагностикалық көрсеткіштері негізінде мектепке дейінгі балалардың дисграфияның кездесуі 10,5%-дан 55,9%-ға дейін көрсетуінің себебі дыбыстарға талдау мен жинақтаудың дамуымауынан болады. Ал 17,7 %-ы артикуляциялық-акустикалық дисграфия туындауы мүмкін. Сондықтан жазу мен оқуға үйрету мен сөйлеуін жетілдіру тілдің фонетикалық-фонематикалық жағынның дамуына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында«Арнайы және инклюзивті білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету оңтайландырылады және автоматтандырылады, оның шеңберінде денсаулық сақтаудың және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық жүйелері интеграцияланады. Бұл психологиялық-педагогикалық консультацияларға «медициналықтан» «педагогикалық» үлгіге көшуге мүмкіндік береді. ПМПК мен психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің ППТК қызметі балалардың білім алу қажеттіліктерін айқындауға бағытталатын болады [ПМПК, 2007, 470 с.]. Сондықтан мектепке дейінгі балалардың тілінің дамуына кешенді диагностика жүргізудің қажеттілігі зор. Кешенді диагностика біздің зерттеу барысында үш негізгі құрамдас бөліктен тұрды: баланың тілдік даму деңгейін анықтау, тілдік дамуды қамтамасыз ететін мамандардың өзара іс-қимылының сипаты мен тәсілдерін зерттеу және сөйлеу бұзылыстарының алдын алу шарты ретінде отбасындағы субъектісубъектілік қарым-қатынастарды талдау.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі кезеңде ғылымда және практикада бала дамуына медициналық, психологиялық, педагогикалық диагностиканың қарқынды қолданылуымен ерекшеленеді. Оның ішінде сөйлеу бұзылыстары бар кешенді, интеграцияланған әдісті пайдалануға мүмкіндік берді. Неғұрлым сапалы, сенімді, дәл, объективті диагностика баланың тіліндегі бұзылыстарды болжау мен оны емдеу және түзетуге ықпал еттін әдістерді табуға ықпал етеді.

Кешенді, интеграцияланған, дербестендірілген диагностика проблеманы терең зерделеуге, сөйлеу бұзылыстарын анықтауға мүмкіндік берді. Ғалымдар мен практиктердің алдына аралас, «ұқсас» сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау, ақау құрылымын, оның этиологиясын, баланың компенсаторлық және әлеуетті мүмкіндіктерін, тиімді түзету-дамыту әдістемелерін анықтау мүмкіндігі тұр. Оны жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде әзірлеу, апробациялау және практикаға енгізуде неғұрлым күрделі міндеттер қойды.

Қазіргі ғылыми-әдістемелік зерттеулерге талдау жасағанда кешенді диагностика, оны мәнді өңдеу әдістемесі, мәселеге тұлғаға бағдарлы тұғырлармен келу, белгілі пайызда баланың тіліні дамытуға және өңдеуге болатындығын (В.И. Бельтюков, Т.А. Власова, Р.Е. Левина, Т. Хризман, Г.В. Чиркина, Б.И Шостак, Г.А. Абаева және т.б.) көптеген зерттеулерде қарастырылған. Соның ішінде зерттеушіҚ.Қ.Өмірбековаңың еңбектерінде сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді зерттеу әдістерін және оған қажетті дидактикалық материалдарды ұсынады [Даскалова Ф.Г., 2009, 201 с.].

Бүгінгі педагогикалық теорияларда сөйлеуді диагностикалау және түзету саласында үш негізгі үрдісті атап өтуге болады: баланың 5 жасын күтпестен, оны сәбилік шағынан шешу қажеттілігін мойындау және проблеманы декларациялау; мектепке дейінгі ұйымда сәбилік шағынан проблеманы шектеу; проблеманы педагогика шеңберінен шығару, бірақ диагностикалық және түзету-алдын алу шараларымен толық қамтылу, емханалар жанындағы осы қызметті тиімді дамыту.

Онтогенез үрдісінде балалардың сөйлеу тілі дамуының заңдарын білу сөйлеу ауытқуынның алдын-алудың түзете-тәрбиелеу жұмысын дұрыс құру үшін қажет. Зерттеушілер балалардың сөйлеу тілі даму түрлі кезеңдерге бөледі, оларды әр қилы атайды және әр жас кезеңдерін көрсетеді. А.Н. Гвоздев баланың сөйлеу тілінде әр түрлі сөйлем мүшелерінің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің сан алуан түрлерінің пайда болу реттілігін бақылайды және осының негізінде бірқатар кезеңдерді бөледі [http://adilet.zan.kz/]. Жаңа туған нәрестелерді невропатологпен біріге отырып ерте тексеру, «Жас аналар мектебінде» (жүктілік кезінде және бала өмірінің алғашқы екі жылында) арнайы білімді насихаттау қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда түзету-дамыту білім беру ортасының моделі иынадай болуы керек: баланың тілдік дамуын ынталандыратын заттықкеңістіктік ортамен; ересектер мен балалардың арнайы ұйымдастырылған әретет түрлерімен және эмоциялық-тұлғалық өзара әрекеттестігімен ұсынылған. Алайда, біздің ойымызша, әлеуметтік-мәдени ортаның дамытушылық әсері педагогтың баламен қарым-қатынасының дәрежесі мен сипатына, баланың жалпы және әлеуметтік-мәдени дамуын ынталандыратын жағдайларға, тапсырмаларға, тәсілдерге, оның ой-өрісіне, сөйлеуіне, дербестігіне байланысты емес.

Жалпы сөйлеуі бұзылған балаларды арнайы зерттеу барысында жалпы сөйлеуінің бұзылуы әртүрлі клиникалық себептермен пайда болуын көрсетеді. Оны тізбе түрінде олар 3 топқа бөліп көрсетеміз.

Бірінші топтағы балалардың жалпы сөйлеуі бұзылуының, белгілерінің жүйке – психикалық әрекетінің бұзылмауымен көрінеді. Бұл жалпы сөйлеуі жетілмеуінің асқынбаған түрі. Мұндай балаларда орталық жүйке жүйесінде локальдық зақымдалу болмайды. Олардың анасының

аяғы ауыр кезінде және босану барысында ауытқу болмаған. Тек тексергендердің үштен бірнің анасымен сөйлескенде аяғы ауыр кезіндегі екінші жартыжылдығында білінбеген жеріктік немесе босану кезіндегі тұншығуымен түсіндіруге болады. Бұл жағдайларда бала шала болып туылуы мүмкін немесе туған баланың толық жетілмеуі,алғашқы айылары мен сәби кезінде соматикалық жағдайы әлсіз екенін байқауға болады,ондай балалар суық тию аурыларына төзімсіз болады [adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669, 31.09.18]. Бұл балалардың психикасында жалпы эмоционалды жетілмеушілігі, өздігімен жасайтын әрекетінің әлсіз болуы байқалады.

Тәжірибе барысында айқын көрінбейтін сөйлеуі бұзылған балалардың мектепке баруы невропатикалық және невроздық қосымша көңіл-күйінің бұзылуына әкелетінін көрсетеді.

Екінші топтың балаларында жалпы сөйлеуі жетілмеген бірқатар неврологиялық және психопатологиялық белгілер байқалады. Бұл жалпы сөйлеуі жетілмеген күрделі церебральды органикалық нұсқасы, бұл кезде дизонтогенетикалық энцефалопатиялық симптомды – кешендік бұзылу пайда болады. Екінші топ балаларын неврологиялық тексеру барысында айқындалған неврология белгілерімен ерекшеленеді,ол орталық жүйке жүйесінің жетілмеуінің тоқтауын ғана емес жеке ми қыртысының оңай зақымдалуымен айқындайды.

Екінші топ балаларының неврологиялық синдромдар ішінде ең жиі кездесетіні:

• гипертензионды-гидроцефольды синдром (мидағы қан қысымының көтерілу синдромы)

• жоғары жүйке жүйесінің психикалық дамуы (церебрастениялды синдром)

• тірек – қимылдың бұзылу белгілері (бұлшық еттің тонусының өзгеруі)

Екінші топтың балаларын клиникалық және психикалық-педагогикалық зерттеу барысында таным әрекетінің айқын бұзылуы байқалады, ол сөйлеу бұзылуының төменгі жұмыс қабілетімен сипатталады.

Үшінші топ балаларының «моторлы алалия» деп аталатын тұрақты арнайы сөйлеу бұзылуы пайда болады.Бұл балалардың ми қыртысының сөйлеу аймақтарында және ең алдымен Брок аймағында (немесе жетілмеуі) пайда болады.

Моторлық алалия кезінде дезонтогенетикалық-энцефалопатиялық күрделі бұзылуы орын алады. Моторлы алалияны төмендегідей сипаттамалық белгілері бар: морфологиялық, синтаксистік, лексикалық, фонетикалық – сөйлеудің барлық жақтарының айқын жетілмеуі, ауызша–жазбаша барлық сөйлеу әрекет түрлерінің жетілмеуі жатады.

Жалпы сөйлеуі жетілмеген балаларды зерттеу жұмыстары қарастырылған топтың біркелкі еместігін айқындайды.Осыған байланысты Р.Е. Левина бұл балаларыдың сөйлеу деңгейін үшке бөліп анықтаған.

Сөйлеу дамуының *алғашқы деңгейі* әдебиетте «жалпы қолданылатын сөйлеудің қаттыспауы» деп белгіленеді. Бұл деңгейдегі балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін зерттегенде «сөйлей алмайтын» деген сөз тіркесі жиі кездеседі. Бұл сөз тіркесі нақты мағынада болуы тиісті емес, өйткені мұндай бала еркін сөйлегенде бірқатар вербальды әдістерді қолданады жеке дыбыстар және олардың тіркестері дыбыс кешендері, дыбыс шығару, сөз буындары («сина»-машина) түрінде кездеседі. Бұл деңгейдегі балалардың сөйлеуі ана тілінде кездеспейтін («киа»-кофта) диффузды сөздер деп аталатын сөздерден тұрады. Сөйлеу дамуының бірінші деңгейіндегі балалардың сипаттамалық ерекшелігі болып көптеген тіл әдістерін қолдану мүмкіндігі болады: зат атауын дыбыспен білдіреді, сонымен қатар оның іс-әрекетінде білдіре алады («бип»-әртүрлі интонациямен айтылып «машина» дегенді «джиң»дегенді білдіреді). Бұл мәліметтер сөз қорының аздығын білдіреді, осыған орай бала сөйлегенде қимыл әрекеттерді, ырғақты, ым-ишаратты қолданады.

Сонымен қатар балалардың сөйлеудің импрессивтік жағының қалыптасуындағы жетіспеушілік айқын көрінеді. Кейбір жай есімдіктерді жекеше және көпше түріндегі өткен және осы шақтағы грамматикалық категорияларды да түсінуқиындыққа әкеп соқтырады. Жоғарыда айтылған сөздерді қорты айта отырып,бірінші деңгейдегі балалардың сөйлеуі қоршаған ортаға түсініксіз болып жағдайларға байланысқа деп айтуға болады.

Сөйлеу дамуының *екінші деңгейі* әдебиетте жалпы қолданылатын сөйлеудің бастамалары деп белгіленеді. Оның ерекшелігі балалардың сөйлеу кезінде 2-3 немесе 4 сөзден тұратын сөз тіркестің пайда болуы.Сөздерді сөз тіркесіне біріктірген кезде келісу және басқару әдістерін дұрыс қолданғанымен олар бұзылып шығады [http://adilet.zan.kz / kaz/docs/P1900000988].

Балалардың сөйлеу кезінде кейде жай есімдіктерді қолдануда бұзылыстары пайда болады. Көптеген жағдайларда сөз тіркесіндегі есімдіктерді қалдырып, грамматикалық құрылысы бойынша да бала сөйлеу апаратын дұрыс қолданбайды. Алдыңғы деңгеймен салыстырғанда сөздік қорының көбею санынан ғана емес сапасынан да білінеді:қолданылатын сын есім,зат есім,етістіктердің көлемі ұлғаяды,сан есімдер және есімшелер пайда болады. Бірақ сөз тудырушы әрекеттердің жетіспеушілігі етістік,сын есімдерді қолданғанда қателікке әкеліп соғады. Синонимдер және антонимдер жүйесінің қалыптасуында қиыншылықтар байқалады.

Екінші деңгейдегі балалардың сөйлеуі дыбыс шығаруының және сөздердің буынын айтудағы бұзылулар сөздің, сөз тіркестерінің жиі түсініксіз болып шығуына ықпал етеді. Грамматика жағынан дұрыс және дұрыс емес өнделген сөйлемдердің ұзақ мерзімде пайда болу фактісі дизонтогенездік сипаттамалық ерекшелігі болып табылады. Сөйлеуі жетілмеген балаларда синтаксистік құрылымға байланысты кемшіліктер сөйлеуінде кездеседі. Жалпы сөйлеуінің жетілмеуінің ауыр формасында балалар біразға дейін сөйлемнің синтаксистік мәнін меңгере алмайды. Сөйлеу жетілмеуінің ауыр емес формаларында мұндай жағдай кездесе қоймайды.

Сөйлеу даму патологиясында сөздің дұрыс грамматикасының формасы меңгеру барысында баланың бірқатар лексикалық грамматикалық құрылымын түрліше таңдауын көрсетеді. Бұл жағдайда жалпы лексикалық, грамматикалық және синтаксистік сөйлеу құрылысының даму деңгейіне байланысты болады.

Дамудыңалғашқы кезеңдерінде балалар «сен кіммен келдің?» деген бір сұраққа әр түрлі сөздердің жауаптарын айтады:«ана» – жеке сөздерді немесе аморфты түбір сөздерден құралынған сөйлемдерді қолданылатын балалар; «анашым» – сөз өзгеруінің жеке жағдайлары орын алатын балалар; «анам» – сөз өзгеруінің дамуындағы алғашқы кезеңдерінде кездесетін сөз формасы, «анаммен бірге» – сөйлеу дамуы өте жоғары балаларда кездеседі.

Сөйлеу дамуының *үшінші деңгейі* лексика, грамматика және фонетикалық жетілмеу элементерінен тұратын ашық сөйлеумен сипатталады. Бұл деңгейдегі балалар сөйлегенде жай, жайылма сөйлемдердің құрылымы жоғалуы мүмкін. Балалардың сөйлеу кезінде жеке жағдайларда жай есімдіктерді қосып, сөйлеу құрылымдарын қолдану мүмкіндіктері жоғарылайды. Жеке сөйлегенде қатенің саны азайып, көптік, тәуелдік, септік,сан есімдер, жақ, шақ категорияларында қолдана алады. Бірақ сөйлемдерінде сөздер түсіп қалатын немесе жай есімдіктерге ауысатын күрделі есімдіктерді түсінужәне қолдану қиындыққа әкеп соғады.

Үшінші деңгейдегі сөйлеуі жетілмеген балалар жаңадан сөздерді түсініп, жиі қолданылатын сөз тудырушы моделдер арқылы сөздерді біле алады. Сонымен қатар бала сөз тудырушы негізін таңдағанда қиналады. Бұл деңгейдегі балалар ұғымдарды дұрыс түсінбей пайдалана алмайды,сонымен қатар абстракті және ауыспалы мағыналы сөздерді де қолдана алмайды. Баланың сөйлеу мүмкіндіктерін қорыта келе, сөздер мен сөз тіркестерін айтқан кездегі қиыншылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Дыбыстаудың жақсаруымен қатар, дыбыстардың жеткіліксіз дифференциясы байқалады: сөздің алғашқы және соңғы буынын белгілегенде балалар қиналып, сол берілген дыбысы бар суреттерді таңдайды. Осылай сөйлеу дамуының үшінші деңгейіндегі баланың дыбыстық буынның зерттелуі жеткіліксіз қалыптасуы баланың оқып және жазу жазып үйренуге кедергі жасайды. Байланыстырып сөйлеу баланың логикалық ойлауының бұзылуын көрсетеді: балалар әңгімелеу барысында сөйлем құрылымының орнын ауыстырып, керек сөздерді, буындарды жіберіп, оның мазмұнын бұзады.

Көпшілік балалардың мектеп партасына отырмай тұрып-ақ сөйлеу тілі қалаптасады. Дегенмен олардың кейбіреулерінде әрқилы тіл кемістігі байқалады. Баланың фонематикалық қабылдауының жетімсіздігі жазу мен оқуды игеруге кесірін тигізеді. Фонетикалық, фонематикалық қабылдау жетілмеген оқушы жазу мен оқу сәтінде өзіне тән қателер жібіреді. Сондықтан олардың көбі осы пәндерден нашар үлгеретін немесе мүлдем үлгермейтін кеселге ұшырайды.

Фонематикалық ақау жазу мен оқуға міндетті түрде кәрі әсер етеді,өйткені айтылуындағы ауытқу, жазу мен оқу арасында өзара тығыз байланыс бар. Дауыстап оқу сәтінде қате жіберудің себебі, бір ырғақпен буын арқылы жіктеу, болжау әдісінің қолданылуы. Мұндай балалар дауыстап оқу сәтінде жазу кезіндегідей бір әріптің орнына екінші әріпті атап немесе бір дыбысқа, буынға бөгеліп тұрып қалып, көп қате жібереді. Ежіктеп оқу оқылған нәрсені толық оқуға кесірін тигізеді. Фонематикалық мүкістігі бар балалар әдетте дауыстап оқуды жақтырмайды, орайы келсе бұдан тайқып кетуге тырысады.

Үшінші деңгейдегі балалардың лексикалық-грамматикалық ауытқуына тоқталайық. Олардың әдетте сөздік қоры шектеулі болады. Мәселен олар сөздік қоры қалыпты кәдуілгі балаларға таныс кейбір бұйым-жиһаздарды (сөре, телевизор, кесе), аңжануарлар төлдерін (қонжық, күшік, бота, қозы) мамандықтарды (тәрбиеші, дүкенші) білмейді. Ұқсас заттарды шатастырады, антоним сөздерді табудан, қолданудан қиналады. Етістіктерді қолданғанда қателеседі (“тамызу, “қату” орнына – “құю”, “тоңу”).

Тілдің грамматикалық құрылымын жете білмеу кемістігі күрделі сөздерді, септік, көптік, жалғау және жұрнақтарды, сан, сын есімдерді қолданғанда көрінеді. Түсінікті болу үшін ойын дұрыс айта алмайды, сөздерді өзгертуде қиналады. Салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануда қиналады.

Баланың тіл дамуындағы ауытқу мұқият тексеру кезінде сондай-ақ оқу сәтінде анықталады. Жалпы тілдің мүкістігі бар балалар әсіресе, ана тілі мен математикадан қиналады. Жазғанында әріптерді шатастырады,сөздің дыбыстық құрамынан қателеседі. Мұндай оқушылар есте сақтау қабілеті төмен болғандықтан және дыбыстарды әрең ажыратындықтан мәтінді оқудан да қашады. Сөздік қоры шектеулі, өз сөзінің мағынасын ажырата алмайтындықтан математикалық есептерді шешуде де қиналады. Сондықтан тілдің әр түрлі кемістігін болдырмау үшін баланы бес жасқадейін, сонан соң жеті жаста логопедке көрсетіп,толық тексеруден өткізіп отыру қажет.

Айтылғанн ойларды тұжырымдай отырып, баланың сөйлеу бұзылыстарын анықтауымыз бойынша, бірінші міндет мектеп жасына дейінгі ересек балаларға бейімделген Ф.Г. Даскалованың скринингтік әдістемесін кешенді әдіс ретінде қолданамыз.. Оның мазмұнына әңгімелесу, бақылау және тестілеу кірді, олардың көмегімен сөйлеуінің фонетика, лексика, грамматикалық және т.б. жақтары зерттелді [Даскалова Ф.Г. , 2009, 201 б.].

Мақсаты: мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік қабілеттерін, байланыстырып сөйлеу, дыбыс айту деңгейін, лексикалық-грамматикалық құрылымын сапалық және сандық құрамын, тіл элементтерін практикалық ұғынуды оқып үйрену.

Скринингтік әдіс 12 тапсырманы қамтыды:

1) белгілі бір сөз бойынша еркін сөз тіркестері. Бағалау 3 дұрыс жауап үшін қойылған, сөз-тітіркендіргіш;

2) сөйлемдегі сөздерді толықтыру, негізгі және туынды зат есімдерін таңдау және пайдалану,: бала итереді... Қыз секіреді... Қоян кемірeді... Анам жуады... Қыз суарады... Баға 5 жауап үшін қойылды;

3) етістіктерді таңдау және пайдалану: қоян не істейді? Бала не істеп жатыр? Қораз не істейді? Бұл ана? Әкем не істейді? (5 дұрыс жауап);

4) сын есімдерін таңдау және белсенді қолдану: Қандай алма? Қандай ит? Қандай ойыншық? Қыс қандай? Қандай гүлдер? (5 дұрыс жауап);

5) өзгерістің грамматикалық (морфологиялық) ережелерін қолдану

сөз: «Кішкентай орындықты атаңыз. Ал егер олар көп болса? Қалай айтылады кішкентайит? Ал егер олар көп болса?»және т. б. (оң баға 2 дұрыс жауап);

6) берілген сөзден сөйлем құрастыру: бала, қуыршақ, аю

(оң баға 2 дұрыс жауап үшін қойылды);көрсетілген үш сөзбен сөйлем жасау. Мысалы, қуыршақ, қыз, көйлек (оң баға 2 дұрыс жауап үшін қойылады);

8) ауызша ойлауды ашатын күрделі сөйлемдегі қосалқы бөлікті ассоциативті толықтыру. Ол кезде Шықты ... Ол серуенге шықпады, себебі ... (оң баға – 3 дұрыс жауап үшін);

9) баланың грамматикалық қателерді табу және түзету (сөйлеу интуициясын тәрбиелеу). Ол өзенге кетті. Онда кішкентай балық бар. Оң баға 3 дұрыс жауап үшін қойылады (сөйлемді түзету осы сөйлемнің құрылымын өзгерту арқылы жүзеге асырылады);

10) өз іс-әрекеттерінің дәйектілігін ауызша түсіндіру:,

бұл текшелерден қалай үй жасауға болады»;

Сен білесің және жақсы көресің». Оң баға толық,

12) баланың ауызша пікірін еркін, саналы түрде құру. Тапсырма: «тыйым салынған сөздерді ойнаймыз»? Мен сұраймын, ал сен жауап бер, бірақ тыйым салынған сөздерді пайдаланбай. Қоян не ұнатады? (тыйым салынған сөздер: қоян, сәбіз). Толық ұсыныспен жауап беру керек». Оң баға 2 дұрыс жауап үшін қойылады. Аталған әдістемелермен негізгі оның мамандары түзету-дамыту қызметкерлері айналысуы қажет.

Мамандар қызметінің мазмұны бойынша өзара іс-қимыл интеграциясы баланың сөйлеу бұзылуының сипатына байланысты болды. Мамандардың қызметі мазмұнының сарапануы олардың негізгі функциясы анықталды. Түзету-дамыту қызметінің моделі: пікірлестер командасын құру, педагогтердің, ата-аналар мен медициналық қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру; баланың тілдік және жеке дамуын ынталандыратын түзету-білім беру ортасын ұйымдастыру; біріктірілген түзету-дамыту күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспарын әзірлеу кешенді диагностика негізінде дайындалады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Баланы дамыту орталығының педагогикалық ұжымы ата-аналармен және медициналық қызметкерлермен бірге түзету-дамыту білім беру қызметі процесінде түзету және емдеу педагогикасындағы дәстүрлі емес әдістерді шығармашылық іздеуді талап етеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзетуге бағытталған мамандардың кешенді диагностикалық және интеграцияланған түзету-дамыту қызметін іске асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды анықтау мақсаты қойылды.

Диагностикалық және түзету қызметінің табысы көп жағдайда мамандардың кәсіби деңгейімен анықталады, олардың өзара іс-қимылына, білім интеграциясына, тұлғалық-бағдарлы тәсілге және диагностикалық жүйелерге байланысты. Педагогикалық диагностика нәтижелерін клиникалық тексерумен, анамнестикалық мәліметтермен және т.б. толықтыру қажет, онсыз диагностиканың шынайылығы, объективтілігі, әсіресе сарапануы өте қиын. Жеке алынған әдістеме баланың сөйлеу даму деңгейін дұрыс бағалауға, кемшіліктерін, ақаудың құрылымын анықтауға, оның пайда болу, даму себептерін анықтауға, жалпы қорытындыға келуге, болжам өрісін анықтауға, баланың ең тиімді және адекваттық жасына және түзету-дамыту емдік-сауықтыру әдістемесін таңдауға мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абаева Г.А. Социальная медикопедагогическая коррекционная поддержка детей с ограниченными возможностями в Республике Казахстан на современном этапе.//Хабаршы, Абай атындағыҚазҰПУ, Арнайы педагогика сериясы.–2013.-№1-2. – С. 32-33.
2. Вопросы изучения детской речи. Изд-во «Творческий центр Сфера». М., 2007.— 470 с.
3. Даскалова Ф.Г. Диагностика речевого развития детей школьного возраста как объект воздействия при обучении родному языку в детском саду. М., 2009. – 201с.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – 2020, Астана http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669
6. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. —Алматы: Дәуір, 2011. — 648 б.

**Калымбаева Асель Далелхановна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Өмірқұлова Айгерім Өмірсерікқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

**Андатпа.** Мақалада оқыту үдерісінде білімалушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларынорындау дағдыларын бағалау, жаңартылған білім жүйесіндегі критериалды бағалаудың ерекшеліктері, оқушының білім алудағы жетістіктерін тиімді бағалау мақсатында диагностикалық, формативтік,жиынтық бағалау түрлерін мұғалімнің тиімді қолдануын атап көрсеткен.

**Кілт сөздер**: оқыту үдерісі, өзіндік жұмыс, формативті бағалау, дағды. бағалау.

**Аннатоция.** В статье оценивается умение студентов выполнять самостоятельные рабочие задачи в учебном процессе, особенностикритериальной оценки в модернизированной системе образования, эффективное использование диагностическими, формирующими, суммирующими формами оценки учителем для эффективной оценки успеваемости учащихся.

**Ключевые слова**: процесс обучение, самостоятельная работа, формирующая оценка, навык, оценивание.

**Annotation.** The article assesses the ability of students to perform independent work tasks in the educational process,features of criteria-based assessment in the modernized education system, the effective use of diagnostic, formative, summarizing forms of assessment by the teacher for the effective assessment of student performance.

**Keywords**: learning process,independent work,formative assessment,skill, assessment.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңдағы білім беру үдерісі білім алушының шығармашылықпен өзіндік дамуы, өзіндік оқуы және өздігінен жұмыс істеуімен қатар жүретін әлемдік интеграциялық технологиясына жаһадану жағдайында жүріп жатыр

Еліміздегі ғылыми-техникалық жаңару мен даму, қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш-жігерін, саналы іс-әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді. Ғылымның барлық саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық прогресс кезінде, бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту процесінде білім алушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін оңтайлы ұйымдастыру мен оны тиімді бағалауға тікелей байланысты. Себебі, білім алушылардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру және бағалау жұмысы оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады [Андасова Б.З., 2007, 02 с.].

Осы орайда оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын тұлға етіп даярлау қажет болып отыр.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

*Өзіндік жұмыс* – бұл білім алушының дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру және оларды дұрыс бағалау елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында білім алушыдан белсенді ойлау талап етілді. Осының нәтижесінде білім алушы өздігінен бақылауды үйренеді, олар да тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір – бірімен деген жолдастық көмек қалыптасады [Демеуов А.Ш., 2007, 239 б.].

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты – білім алушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту.

Білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын қызығушылықпен орындауы тікелей

бағалау жүйесіне байланысты. Дұрыс бағалау әдістемелерін қолдану арқылы білім алушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын жоғалтпаймыз. Сол себепті білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау дағдыларын бағалауда оқытушы бағалаудың өзіндік критерийлерін, өлшемдерін, көрсеткіштерін құрастыруы шарт.

Өзіндік жұмыс тапсырмаларын бағалаудың тигізер әсерін келесі *көрсеткіштер* арқылы анықтасақ болады:

♦ білім алушының өзіндік іс-әрекетке тұрақты қызығушылығының болуы;

♦ оқу үдерісіне белсенді араласуы;

♦ танымдық ақпараттарды қызыға қабылдауы және оны қажетсінуі;

♦ білімін өз бетінше жаңартып, толықтырып отыруы;

♦ танымдық тапсырмаларды іріктеуі;

♦ өзіндік жұмыс тапсырмаларын мақсаты мен міндетіне сәйкестеп жоспар құруы;

♦ тапсырманы орындаудың кезеңдерін жасап, соған сәйкес әрекеттер жасауы;

♦ жоспар мазмұнын нақтылау арқылы жетілдіруі;

♦ жұмыс барысындағы кедергілерді болжауы;

♦ оқу-танымдық біліктерді ұтымды пайдалануы;

♦ жұмыс нәтижесін талдай алуы және өзіндік баға беруі;

♦ шығармашылыққа ұмтылуы;

♦ кәсіби ахуалға бейімделуі және ұжымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеруі.

Сонымен қатар, білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын бағалауда мынадай *өлшемдерді* бөліп көрсетсек болады:

1. іргелі және кәсіби білімдерінің болуы;
2. өзіндік оқу іс-әрекеті тәсілдерін игеруі;
3. өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда оны жоспарлай алу білігінің болуы;
4. өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауды ұйымдастыра білуі;
5. ұйымдастыру амал-тәсілдерін білуі және оны жаңа жағдайда пайдалануы;
6. өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда оны алдын ала болжау, нәтижесін елестету және маңыздылығына сын баға бере алуы [www.cpm.kz].

Өз бетінше жұмыс жасау әрекетінің нәтижесінде білім алушының бойында мынадай *қасиеттер* қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы.
2. Оқуға деген қабілеттілігінің артуы.
3. Берілген білімді игеру.
4. Жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуі.
5. Рухани байлығы молайады.
6. Өз ойының дербестігі байқалады.

Оқытушының бақылауымен білім алушы:

– Алған білімді қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады;

– Оқытушы білім алушының психофизиологиялық және академиялық үлгерімін ескере отырып, өз бетімен жұмыс жасауға бағыт-бағдар беріп, олардың дербестігінің дамуына мүмкіндік жасайды.

– Білім алушымен бірлесекен іс-әрекет барысында оқытушы – оның уақытын тиімді пайдалануға беретін түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануды үйрету, қажетті әдебиетті іздеу жолдарын көрсету;

– Өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін проблемалық баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолданған дұрыс.

– Оқытушы білім алушыға жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектеседі.

– Әдебиеттермен қамтамасыз болуға, олармен жұмыс жасай білуге;

– тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретеді;

– Жеке не бірнеше студентке кеңес береді, студенттердің бір-бірімен жұмыс жасауын үйлестіреді.

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды [Асанов Н , 2011, 163 б.]

Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден–бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет

*Бағалау* – оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді [Карманова К.М, 2011, 129 б.]

*Критериалды бағалау* – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқутанымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі.

Критериалды бағалау жүйесінде қолданылатын терминдер

• *Критерий* – оқу мақсатының нақты тұжырымы

• *Рубрикатор* - оқушылардың әрбір критерий бойынша жетістіктерінің

• толық түсіндірмесі

• *Дескриптор* - нақты ұпайдың жетістік деңгейі

• *Қалыптастырушы бағалар* оқушы өзінің жетістіктері немесе

• біліміндегі олқылықтар туралы ақпарат алатын кері байланыстың функциясын атқаратын ағымдағы бағалар

◊ *(Суммативті) Негізгі бағалар* - тарау немесе модуль бойынша

◊ бақылау жұмысына қойылатын бағалар

◊ *Қорытынды бағалар* - Негізгі бағалар негізінде қойылатын бағалар

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі,сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр [6].

*Критериалды бағалау міндеттері*

► Сабақтың әр бөлігіндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға

► Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті

► Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға

► Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға

► Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға

Критериалды бағалаудың пайдасы:

♦ нақтылық

♦ әділдік

♦ белсенділік

♦ ынталандыру

♦ жеке

А. Байтұрсынов: «Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Ғылым да, тіл де, табиғат та дамиды. Осындай дамуды, өзгерісті басынан өткеретін күрделі құбылыс та – тіл» деп жазған. Жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді меңгеру – заман талабы. Білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор. Қазіргі заманда дамытудың нақты, бағытты, жүйеленген әдістемелері жасалып, психологиялық қолайлы жағдайлар тудырып отырса, кез келген ерекше қабілетті білім алушы дарынды білім алушыға айнала алады. Ал дарынды ұрпақ – елдің ертеңі екенін, оқушы жастан белсенді азаматтық позициясымен ерекшеленетін бала қоғамымыздың ертеңгі интеллектуалдық потенциалы, зияткерлік тобы екенін үнемі есімізден шығармайық. *У. Джеймс:* ***«Адамзат табиғатының терең қасиеттерінің бірі адамдардың өз дәрежесінде бағалауына деген құштарлық болып табылады»*** **[**http://nblib.library.kz/elib**/].**

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, өзіндік жұмыс – шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетіндік әрекетінсіз дамыту мүмкін емес. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады [Оқу-әдістемелік құрал, 2016].

Білім алушының өзіндік жұмысы – оның білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі. Өзіндік жұмысты орындау арқылы білім алушы оқу процесінің белсенді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін, сондай-ақ, нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. – Астана, 2007.
2. Демеуов А.Ш. Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындары білім алушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың ғылыми-практикалық негіздері. – Түркістан, 2007.
3. www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
4. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004 ж.
5. Карманова К.М. «Қалыптастырушы бағалаудың оқуға ықпалы Алматы, 2011 ж.
6. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.
7. http://nblib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ/ Ұлытұлғалар.-формат. 2-версия/Baitursynov
8. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Астана, 2016, оқу-әдістемелік құрал

**Касымова Айжан Тойбековна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: ajzhan.kasymova@bk.ru

**Мұратбаева Гулнар Абылкасымовна,**
п.ғ.д., проф.м.а.

# МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯНЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДАҒЫ ДИАГНОСТИКА ҮДЕРІСІ

**Аңдатпа.** Мақалада адамның интеллектуалды-шығармашылық потенциалын және әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы міндеттерді шешуге бағытталған отандық гимназия мектебінің басқаруын бағалаудағы диагностика үдерісі қарастырылады. Мектеп-гимназияны басқарудың тиімділігін бағалауда диагностикалық тәсілді қолдану, сараптау комиссиясының бағалау қорытындысын қалыптастыру негізі ретінде диагностиканы пайдалану көзделеді. Мектеп басшысының біліктілік деңгейінің және кәсіби құзыреттілігінің мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігін анықтау үшін диагностикалаудың негізгі бағыттары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** интеллектуалды, потенциал, гимназияны басқару тиімділігін бағалауға диагностикалық көзқарас, ұйымшыл педагогикалық ұжым, мектепті басқарудың тиімділігі мен пәрмеңділі.

**Аннотация.** В статье рассматривается процесс диагностики в оценке управления отечественной школы гимназий, ориентированной в решении задачи формирования интеллектуально-творческого потенциала и социально значимых личностных качеств человека. Предусматривается применение диагностического подхода и использование диагностики при оценке эффективности управления школой-гимназией как основы формирования оценочного заключения. Рассматриваются основные направления диагностики для определения соответствия уровня квалификации и профессиональной компетентности руководителя школы заявленной квалификационной категории.

**Ключевые слова:** интеллектуальный, потенциал, диагностический подход к оценке эффективности управления гимназией, сплоченный педагогический коллектив, эффективность и действенность управления школой.

**Abstract.** The article deals with the process of diagnostics in the assessment of the management of the national gymnasium school, focused on the problem of forming intellectual and creative potential and socially significant personal qualities of a person. It provides for the application of a diagnostic approach and the use of diagnostics in assessing the effectiveness of management of a school-gymnasium as the basis for forming an assessment report. The main directions of diagnostics for determining the compliance of the qualification level and professional competence of the head of the school with the declared qualification category are considered.

**Keywords:** intellectual, potential, diagnostic approach to evaluating the effectiveness of gymnasium management, close- knit teaching staff, efficiency and effectiveness of school management.

## КІРІСПЕ

Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңі барлық қоғамдық институттарға қатысты түбегейлі әлеуметтік және экономикалық өзгерістермен сипатталады. Институционалдық өзгерістер білім беру жүйесінде де орын алады, себебі оның мақсаты, мазмұны, ұйымдық құрылымы және технологиялары қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындауға қол жеткізеді және қоғамдық қажеттіліктерге байланысты өзгеріп отырады.

Мектепішілік басқару тақырыбы бойынша көптеген зерттеулердің болуына қарамастан, басылымдарда педагогикалық үдерістің тиімді дамуына ықпал ететін оқыту сапасын басқарудың диагностикалық негіздері жеткіліксіз ашылған.

Осылайша, проблеманың өзектілігі білім беру мекемесін басқарудың қазіргі тетігі мен педагогикалық зерттеулер негізінде гимназиядағы оқыту сапасын басқаруда түбегейлі жаңа тәсілдерді әзірлеу қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықпен анықталады.

Аталған қарама-қайшылық зерттеу проблемасын анықтап отыр, ол гимназияда оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық диагностика механизмін құру және оны жетелеу болып табылады.

Қазіргі педагогикалық ғылым саласымен мектепті басқару тиімділігін бағалау проблемасын қою және шешу үшін қажетті тәсілдердің жиынтығы зерттелуде, әлеуметтік жүйелерді басқару негіздері әзірленуде (В.Г. Афанасьев, И.В. Блауберг, А.Н. Берг, А.М. Омаров, Г.Х. Попов), білім беру жүйелерін басқару заңдылықтары анықталуда (Ю.К. Бабанский, С.Я. Батышев, Ю.В. Васильев, Ю.А. Конаржевский, М.И. Кондаков, П.В. Худоминский).

Педагогикалық теорияда педагогикалық жүйелерді ұйымдастыру және басқару саласындағы зерттеулер кеңінен танымал, онда мектеп жүйесінің жекелеген элементтерін зерттеу, талдау, бақылау және бағалау мәселелері қарастырылады (Ю.К. Бабанский, С.Я. Батышев, Г.Г. Габдуллин, Г.И. Горская, Ю.А. Конаржевский, А.А. Орлов, В.С. Пикельная, И.П. Раченко, Н.С. Сунцов, Р.Х. Шакуров, Т.И. Шамова, Н.А. Шубин және т.б.).

Осыдан мектепті басқару тиімділігінің өлшемдері мен көрсеткіштері қандай және мектепті басқару тиімділігін диагностикалау рәсімі қандай деген зерттеу мәселелері туындайды [Поташник М.М., Лазарев В.С., 1995, 462 с].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі таңдағы мектеп-гимназияны басқарудың тиімділігін анықтау үшін гимназияны басқарудың шағын жүйесі мен басқарылатын шағын жүйесі арқылы өтетін үдерістердің маңызды сипаттамалары туралы ақпаратты жинаудың, қайта өңдеудің және талдаудың сенімді және негізделген диагностикалық жүйесі қажет.

Қазіргі педагогика саласында мектеп практикасының өзекті талаптарына жауап беретін диагностикалық жүйе әлі қалыптасқан жоқ. Сонымен қатар, оның жедел түрде дамуына ілесетін процестер, отандық және шетелдік зерттеушілердің назарын қарқынды түрде аударуда [Сапаржан С.Е., 1981, 21 б.].

Білім беру мекемелерінің басқару қызметінің тиімділігін бағалау өте маңызды және сонымен қатар аз әзірленген және қарама-қайшы проблема болып табылады. Бір жағынан, басқарудың өзінің көрсеткіштері бойынша, яғни білім беру мекемесі қызметінің түпкі нәтижелеріне қарамастан, педагогикалық талдауды, жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды және реттеуді жүзеге асыру сапасының бағалауы бойынша жүйе немесе оның жеке кіші жүйелері ретінде басқару тиімділігін бағалау мүмкін. Екінші жағынан, басқару – өзін-өзі бағалау емес, және оның тиімділігін мектептегі педагогикалық үдерістердің динамикасы және жүзеге асырылатын қайта құрулар, әрбір білім алушы мен оқушының жеке басының дамуына қалай әсер ететінін бағалау қажет.

Расында да, басшының қызметі мектеп ұжымы еңбегінің нәтижелерінде жанама түрде көрініс табады. Барлық мектеп жұмысының тиімділігін бағалау бойынша оқу-тәрбие процесін басқарудың сапасы туралы да айтуға болады. Бұл ретте қол жеткізілген нәтижелердің гимназия мектебіне қойылатын талаптармен және оның даму болжамдарымен ара-қатынасы, олардың сәйкестігін анықтау, мектеп жүйесінің барлық буындарының жұмысын бағалаудың, сондай-ақ осы жүйені басқарудың тиімділігін бағалаудың бастапқы өлшемі болып табылады. Алайда, бұл ретте қолданылатын мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін сандық және сапалық өлшеу келесі себептер бойынша басқару нәтижелілігінің жеткілікті толық және барабар көрінісі болуы мүмкін:

– мектеп ұжымының еңбек нәтижесі арқылы басқару қызметін бағалау тәсілі;

– әр орындалып жатқан қызметтің жеке ерекшеліктерін ескеру;

– жетекшінің кәсіби, басқарушылық қабілетін және нақты оқу орны жағдайында олардың пайда болу мүмкіндіктерін бағалау;

– басқарушының басқару қызметінің қайтарым коэффициентін және оның күші мен оны жүзеге асыруға кететін уақыттың арақатынасын анықтау [Сборник документов и нормативных актов, 1989, 21 с.].

Қазіргі заманғы талаптарға сай келетінәрбір орта білім беретін мектеп дамушы және дамытушы болуы тиіс, ал мектепті басқару – бұл даму үдерісіндегі барлық буындарының нақты жұмыс істеуі, оларды жаңа сапалы жоғары деңгейге ауыстыру негізін қамтамасыз ету. Бір жағынан, басқарма барлықмектеп жүйесінің жұмыс істеуін, яғни оны қалыпты түрде сақталуын, ал екінші жағынан – оның дамуы, яғни қоғамның жаңарту үрдістеріне және мектептің әлеуметтік мақсатына сәйкес қайта құрылуын, қайта жаңартылуын, жаңғыртуын қамтамасыз етуі тиіс [Якунин В.А., 1988, 159 с.].

Бүгінгі күні мектепті басқару тиімді және пәрменді болуы тиіс, яғни болжанатын нәтижелерге қол жеткізуді ғана емес, сонымен қатар олардың тұрақты динамикасын де қамтамасыз ету айқын болып отыр. Ал бұл тиімділікті бағалау білім беру мекемесін, сондай-ақ жалпы білім беру жүйесін басқарудың даму қажеттілігімен байланысты. Алайда, білім беру мекемесі қызметінің түпкілікті нәтижесін алуда, басқарушылық әрекеттерді анықтау қажеттілігі, сонымен қатар ғылыми негізделген өлшемдерімен басқару қызметін бағалау критерийлері болмауы кедергі келтіріп отыр, бұл білім беру жүйесі үшін өте маңызды мәселенің бар екендігін және қазіргі уақытта оның ғылыми және практикалық шешімінің өзектілігін куәландырады.

Білім беру процесін басқару жұмысын бағалау, жетекшінің және оның білім беру мекемесінің алдында тұрған міндеттерді орындай алуы немесе орындай алмауын анықтау ғана емес. Егер бағалау нәтижесінде біз бағаланатын басшылардың жұмысын жақсарту резервтерін табуды ұйғаратын болсақ, онда басқару қызметінің құрылымын неғұрлым нақты ұсыну керек және басшы қызметінің қандай да бір бағытында жұмыс әрекетінің тиімді екенін көрсету керек [https://research-journal.org/].

Басқару жұмысының мазмұнын құрайтын және оның кәсіби табыстылығын анықтайтын басқарушылық қызметтің негізгі функцияларына келесілерді жатқызуға болады:

1. Басқару процесін оңтайландыру: кадрлық құрамның санын оңтайландыру, жұмыс бары-

сында орындалатын мақсаттар қою және басымдықтарды айқындау, өкілеттілік пен жауапкершілікті айқындау.

2. Ұйымшыл педагогикалық ұжымды қалыптастыру: педагогикалық кадрларды іріктеу, ұжымның табысты жұмысы үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдай жасау.

3. Проблемаларды талдау және шешімдер қабылдау: ақпаратты жинау және өңдеу, ақпараттарды талдау және баламалы шешімдерді әзірлеу, оңтайлы басқару шешімін әзірлеу және қабылдау.

4. Білім беру мекемесінде жұмыс жасайтын кадрлармен ақпарат алмасу: жазбаша өкімдер мен есептер, кеңестер өткізу, жеке жұмыс.

5. Орындаушылық тәртіпті қолдау: мақсаттар мен міндеттерді нақты қою, қойылған міндеттерді шешудің әдістері мен құралдарын анықтау, қажетті ресурстармен қамтамасыз ету (материалдық-техникалық, әдістемелік, дидактикалық, қаржылық және т.б.), жұмыстың толыққанды орындалуын бақылау.

6. Қарамағындағыларға көмек көрсету:білім беру мекемесінің қызметкерлеріне мүмкіндігінше қолдау көрсету, жағдайлық айнымалыларды есепке ала отырып «қолдаушы» мәдениетін қалыптастыру.

Әрине, жоғарыда аталған басқару қызметінің бағыттары білім беру мекемесі басшылығы жұмысының барлық мазмұнын қамтамасыз ете алмайды. Алайда бұл үдеріс білім беру жүйесі басшысының басқару әлеуетінің тиімділігін бағалау кезінде белгілі бір бағытты көрсетеді.

Басқарушылық қызметінің мазмұнына сүйене отырып, біз білім беру мекемелері басшыларының еңбегін бағалаудың төрт бағытын айқындап көреміз:

1) білім беру мекемесі басқармасының алдына қойылған мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі;

2) басқару стилінің ерекшеліктері;

3) басқарушының жұмыс бабына сәйкес қабылған шешімдердің сапасы;

4) басшы тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттері [https://www.dissercat.com].

Мектеп-гимназияға жоғары деңгейдегі білім беретін оқу орны ретінде қойылатын заманауи талаптар бастауыш, негізгі және жоғары мектеп бітірушілерінен оқыту сапасының жоғары деңгейін болжайды. Диагностикалық тәсіл гимназиялық оқытудың жоғарғы сапасына жету үшін оқу үдерісін ұйымдастырудың қажетті шарты болып табылады.

Диагностикалық үдерісті құрудың теориялық негіздерін және оны гимназияның оқу процесіне енгізуді негізге ала отырып, біз келесі тұжырымдарға келдік:

– оқу үрдісінің циклдік сипаты оқу қызметінің алынған нәтижелерін диагностикалау, талдау және болжауды қамтитын жалпылама үлгі түрінде мониторинг жасауға мүмкіндік береді;

– гимназиялық білімге сәйкес болуы тиіс оқыту сапасын, білім, білік және дағды деңгейін арттыру бойынша басқарушылық шешімдерді қабылдау, дұрыс ұйымдастырылған диагностикалықтәсілде неғұрлым тиімді болады;

– диагностика үдерісі оқу сапасы, оқушылардың оқу пәндері бойынша оқу деңгейі туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді;

– алғашқы, аралық, қорытынды көрсеткіштер бойынша оқу қызметін салыстырмалы талдау гимназияның дамуына байланысты басқару шешімдерін түзетуде диагностикалық тәсілдің сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді;

– диагностика нәтижелері мұғалімге өз қызметін талдауға және оны жетілдіруге мүмкіндік береді;

– оқыту сапасын арттыруға бағытталған диагностиканы пайдалану сынып ұжымына және жеке алынған оқушыға қатысты оқу процесін ұйымдастыруда жеке және сараланған тәсілдерді дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, мектепті басқарудың тиімділігі – басқару қызметінің мақсаттарына қол жеткізу нәтижесі, ал мектепті басқарудың пәрмеңділігі – бұл мектептің мақсаттарына қол жеткізу нәтижесі болып табылады. Мектепті басқарудың тиімділігі мен пәрмеңділігін бағалау – бұл әртүрлі басқару деңгейіндегі мектеп басшыларының басқару қызметінің кері байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар болжанатын мақсаттарға қол жеткізу құралы. Кез келген басқарушылыққа қойылатын бағаның үш негізі бар: сезімдер, нормалар, қызметкерді үшінші тұлға арқылы бағалау критерийлері. Мектеп менеджерін бағалау негізінде нормалар, критериалды бағалау, сандық және сапалық көрсеткіштер болуы тиіс. Сондықтан оның басқару қызметін және оның нәтижелерін бағалау үлгісін оңтайландырылған ғылыми негізде құру қажет.

Гимназияны басқару диагностикасының тиімділігі мәселелерін зерттеу және тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс диагностикасы үрдісінің мәні формалды және формалды емес әдістерді пайдалана отырып, бөлінген өлшемдер мен көрсеткіштер бойынша объектінің жағдайын анықтау, зерделеу мен бағалау және диагностикаланатын объектінің тиімділігі мен сапасына байланысты белгілі диагностикалық санатқа жатқызу болып табылатынын көрсетті [Шипилина Л.А. , 2003, 218 б.].

Мектеп-гимназияны басқарудың тиімділігін бағалауда диагностикалық тәсілді қолдану, сараптау комиссиясының бағалау қорытындысын қалыптастыру негізі ретінде диагностиканы пайдалануды көздейді. Диагностикалық үдерістің мәні формальды және формальды емес әдістерді пайдалана отырып, бөлінген өлшемдер мен көрсеткіштер бойынша объектінің жай-күйін анықтау, зерделеу, бағалау және диагностикала-

натын объектінің тиімділігі мен сапасына байланысты белгілі диагностикалық санатқа жатқызу болып табылады.

Мектеп-гимназияны басқарудың тиімділігі – мектеп басшысының біліктілік деңгейінің, кәсіби құзыреттілігінің мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігін анықтау үшін диагностикалаудың негізгі бағыты қарастырылады. Мектеп-гимназияны басқару тиімділігі – басқару сапасының өлшемі, басқару кіші жүйесінің басқарушыға әсер ету нәтижесі, мектеп мақсаттарын, басқару қызметінің мақсаттарын орындауға басшылық шығындарының сипаттамасы, аз уақыт ішінде және ресурстық шығындар кезінде қоғам талаптарына сәйкес мектеп қызметінің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілген сапасының сипаттамасы болып табылады [Поташник М.М., 2002, 352 б.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, білім беру мекемесі басшысының басқару қызметінің тиімділігін бағалау тәсілдерін талдау, білім беру мекемелері басшыларының басқару қызметін бағалау және өзін-өзі бағалау мәселелері қазіргі таңға дейін толықтай зерттелмегені куәландырады. Әр түрлі авторлар "тиімділік" ұғымын әр түрлі түсіндіреді, бағалауға деген көзқарастың өзі басқару сапасын, оның тиімділігімен салыстыруға мүмкіндік бермейді.

Гимназия директорының басқару қызметінің тиімділігін өзін-өзі бағалауға диагностикалық тәсілді негіздеу міндетін шеше отырып, біз басқарудың тиімділігін зерттеу және бағалау кезінде ескеру қажет осы тәсілдің принциптерін атап өттік, "тиімділік" ұғымын басқарушылық аспектілер тұрғысынан қарап, тиімділікті басқару сапасының өлшемі ретінде, жүйе қызметінің нәтижелерімен, берілген мақсаттарымен және қызмет нәтижесінде жүргізілген шығындарды есепке алатын нәтижелі-шығынды-мақсатты санат ретінде анықтадық.

Біздің зерттеу нысанымыз гимназия директорының басқару қызметінің тиімділігін өзін-өзі бағалау үдерісі болды, оны біз білім беру процесінің барлық қатысушыларын тарта отырып, гимназия директорының басқару қызметінің дербес сараптамасы ретінде анықтадық.

Мектеп-гимназияны басқарудың тиімділігін бағалаудағы диагностикаға деген аса үлкен көңіл бөлінушілік кездейсоқ емес екеніне көзіміз-ді жеткізіп отырмыз. Бір жағынан диагностика үдерістері қорытындыларының ерекшеліктерін зерделеу адам қызметінің барлық салалары үшін практикалық маңызы бар және онда қарастырылып отырған немесе басқа объектілер мен жүйелердің ішкі жағдайын тану міндеттерін шешуге тура келеді, ал екінші жағынан, басқару процестеріне теориялық білімдерді тиімді қолдануды қамтамасыз етуіміз қажет болып отыр.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Поташник М.М., Лазарев В.С. Управление развитием школы. – М.: Новая школа, 1995. 462 с.
2. Сапаржан С.Е. Взаимосвязь инспекторского и внутришкольного контроля как средство повышения эффективности управления школой. Автореферат диссертации кандидата педагогических наук. – Караганды., 1981, 21 с.
3. Справочник заместителя директора школы по учебно воспичтательной работе. Сборник документов и нормативных актов. – М. : Просвещение, 1989. – 224 с.
4. Якунин В.А. Обучение как процесс управления. Л. : ЛГУ, 1988. – 159 с.
5. https://research-journal.org/upravlenie-obshheobrazovatelnoj-shkoloj-kak-faktor-razvitiya-detskoj-odarennosti/
6. https://www.dissercat.com/diagnosticheskii-podkhod-k-otsenke-effektivnosti-upravleniya-sovremennoi-shkoloi
7. Шипилина Л.А. Қазіргі мектептегі менеджмент: кәсіби басқару тұжырымдамасы. – Омск: Баспа: ОмГПУ, 2003. – 218 бет.
8. Поташник М.М. Білім сапасы: басқару мәселелері мен технологияларындағы сұрақтар мен жауаптар/М.М. Поташник. – Москва.: 2002. – 352 с.

**Касымова Ляйля Берікқазықызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Бигазинова Камиля Асылбековна,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ЖӘНЕ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДИАГНОСТИКАЛАУ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада коммуникативтік құзыреттіліктің мәні ашылып, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін диагностикалаудың нәтижелері баяндалған. Құзыреттілік – тек білім ғана емес, оқушылардың оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін іс жүзінде дұрыс, орынды, тиімді пайдалануы екендігі көрсетілген**.** Сонымен қатар, оқу танымдық іс-әрекет қоршаған ортаны түрлендіруге бағытталанатыны, оның негізгі шартының бірі арнайы компоненттерімен кез келген іс-әрекет құрамының болуын көрсетеді.

**Тірек сөздер:** коммуникативтік құзыреттілік, оқу-танымдық іс-әрекет, дағдылар мен біліктіліктер, қарым-қатынас, өзін-өзі бақылау.

**Аннотация:** В данной статье раскрывается сущность коммуникативной компетенции, изложены результаты диагностики коммуникативной компетентности учащихся. Компетентность – не только знания, знаний учащихся в процессе обучения, на практике навыки и умения в правильное место, что эффективное использование. Кроме того, учебно-познавательная деятельность направлена на преобразование окружающей среды, одним из основных условий которой является наличие любого состава действий со специальными компонентами.

**Ключевые слова:** коммуникативная компетентность, учебно-познавательная деятельность, навыки и умения, общение, самоконтроль.

**Abstract:** this article reveals the essence of communicative competence, presents the results of diagnostics of students' communicative competence. Competence is not only knowledge, students' knowledge in the learning process, in practice skills and abilities in the right place that effective use. In addition, educational and cognitive activities are aimed at transforming the environment, one of the main conditions of which is the presence of any set of actions with special components.

**Keywords:** communicative competence, educational and cognitive activity, skills and abilities, communication, self-control.

## КІРІСПЕ

Егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді,білім берудің мазмұны жаңарып,жаңа көзқарас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқушылардың коммуникативтік құзіреттілік деңгейіне аса мән берілуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», -деп атап көрсеткен болатын [Жолдау, 2012, 36.]. Жаһандану әлемінде өркениеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің алатын орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың өзі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты болғандықтан, әлемдегі болып жатқан жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оны ізгі мақсаттарға сәйкес қолдана отырып, жаңаны табумен мүмкін болады. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту.

Білім беруді реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты, қазіргі уақыттағы оқыту, білім беру мазмұнын жаңарту қажеттігіне туындап отырғандығы баршаға мәлім.

Балалардың оқу-танымдық іс-әрекетті қалыптастыру мәселесі көп қырлы. Себебі білім беру және оқушы тұлғасын дамытуда оқу-танымдық іс-әрекет ғылыми пәндердің кең аясын қамтитын ұғым. Мұндай тұжырым бұл ұғымды

философиялық, физиологиялық, оқу-танымдық, педагогикалық, дидактикалық тұрғыдан қарастыру қажеттігін анықтайды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектептерде білім беру сапасы мен мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру және олардың педагогикалық шеберліктерін дамыту үшін қажетті жағдай жасауға бағытталған айқын жұмыс жүйесі қалыптасқан. Жалпы құзыреттілік дегеніміз – белгілі бір заттар мен үрдістер және оларға деген қатынастар бойынша әрекет ету үшін қажетті тұлға бойында бар өзара байланыстағы қасиеттердің (білім, білік, дағды, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы [«Білім туралы» Заң, 2008.]. Қазіргі кездегі білім берудегі мұғалімнің мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Педагогикалық құзыреттілікке жаңаша көзқараспен қарап, заманауи электрондық оқыту жүйесіне де көшу талабы білім беру ұйымдарына зор міндеттер жүктейді. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану мақсатында құзыреттілікті дамыту мен кәсіби шеберлікті жетілдіріп отыру білім беру ұйымы ұжымының нәтижелі қызметтерінің бірі болып саналады. Осы заманғы білім берудің стратегиялық мақсаты – өз жауапкершілігін сезіне алатын, өздігінен әрекет етуге және әрекетінің шешімін таба білуге қабілетті, барлық істе сауатты тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Оқу-танымдық іс-әрекет – балалардың құбылыстар мен ақпараттар туралы нақты әрі терең білуге, оны түсініп, ұғынуға, білімді меңгерудегі нақты бағыталған іс-әрекет. Іс-әрекеттің кез келген түрі тұлғаның белсенділігін, дербестігін, жеке басының еркін және қайталанбас даралығын танытатын шығармашылық процесс болып табылады. Сайып келгенде, оқу танымдық іс-әрекет қоршаған ортаны түрлендіруге бағытталады. Оның негізгі шартының бірі арнайы компоненттерімен кез келген іс-әрекет құрамының болуы.

Оқу-танымдық іс-әрекет – бұл оқушының өзінің арнайы ұйымдастырылған немесе адамзаттың жинақтаған мәдениет байлығын меңгеру мақсатындағы танымнан тыс іс-әрекеті. Оқушының танымдық іс-әрекет құрылымытанымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділіктен, танымдық ізденімпаздықтан және шығармашылық іс-әрекеттен тұрады. Баланың оқу-танымдық іс-әрекеті олардың танымдық іс-әрекетінің дамуына ықпалын тигізеді. Балалардың оқу-танымдық іс-әрекеті – оқушының оқу үдерісі барысында адамзаттың жинаған тәжірибесі мен мәдениетін меңгеру мақсатында әлемдік ақпараттарды тануы және оны іс жүзінде жүзеге асыру әрекеті.

Оқу-танымдық іс-әрекеттің ерекшелігі – баланың ол үшін жаңа білім, білік және дағдысын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы.

Оқу-танымдық іс-әрекетті іске асыруда әрбір іс-әрекет оның пәні бойынша сипатталады. Бұл ретте баланың әрбір пәнді меңгеруі бірнеше аспектілермен ерекшеленеді:

1) ақпараттық – ақпаратты меңгеру;

2) іс-әрекеттік – іс-әрекет тәсілдерін меңгеру;

3) тұлғалық- танылатын заттың тұлғалық мәнін саналы түсіну.

И.М.Сеченов атап көрсеткендей: «Меңгеру – демек, өзгелердің тәжірибесінің нәтижесін, өз тәжірибесінің көрсеткіштерімен үйлестіру» [Сеченов И.М., 1947, 165 с.].

Қазіргі таңда педагогикада оқу-танымдық іс-әрекет үдерісінде оқушыларда жалпылама оқу-танымдық білік пен дағды қалыптасады деген пікір қалыптасуда. Мұны алғаш рет А.П.Усова көрсеткен [Усова А.П., 1999, 234 с.]. Жалпылама білік деп балалардың ғылыми негіздері мен іс-әрекет құрылымын түсінуге, ол құралатын операциямен әрекетті тізбектей орындауды өз бетімен анықтауға негізделген білікті атайды. Оқушы, жалпылама білік пен дағдыны меңгере отырып, оларды тек бір ғана пәннен емес, басқа да оқу пәндеріндегі сабақтарда, сонымен қатар, практикалық іс-әрекетінде танымдық тапсырмалардың кең шеңберін шешуге қолдана алады. Жалпылама біліктің басты қасиеті, айырмашылық белгісі – бұл іс-әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауысу қасиеті.

Жалпы мектеп оқушыларының коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру – көпаспектілі және өте күрделі проблема екендігі мәлім. Құзыреттілік бірінші орынға оқушының ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Заман талабы мұғалімдерге жан-жақты жетілген, көпсалалы дайындық иесі болуды жүктейді. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға өзінің білімі мен іскерлігін әртүрлі әрекеттердің айналасында қолдана білетін қабілетті мамандар қажет. Білім беру талаптарына «Құзыреттілік» ұғымы енгізілді.

Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама –қайшылық білім беру саласының

дағдарысына әкеліп соғуда [Мырзабаев А.Б., 2004, 216 б.].

Жалпы білім беру саласындағы «құзыреттілік» түсінігі 1960 -1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңындағы отандық әдебиеттерде кездесе бастады.

Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздігінде оның авторлары «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. «Құзыреттілік» – хабардар болушылық, абыройлық, «құзырет» – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы. Әдістемелік терминдер сөздігінде құзыреттілік – яғни, «competo» латын тілінен аударғанда – сәйкес келемін, қол жеткіземін деген мағынада берілген. Құзырлылық деп Н.Л.Сластенин педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындықтың бірлігін айтады, ал В.П.Симоновтың айтуынша құзырлылық – бұл тек білімді меңгеру емес, шынайылап келгенде, тапсырма жауабын ісі арқылы шешудегі дайындық әлеуеті деп анықтама берген. «Құзыреттілік» – оқушылар дайындығы сапасының сан қырлы және қызметтік сипаттарының нақты жиынтығын білдіретін ұғым. Құзыреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыруда, өз бетімен шешім қабылдай алуына мүмкіндік туғызатын негізгі құзыреттіліктер:

– Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі;
– Ақпараттық құзыреттілік;
– Коммуникативтік құзыреттілік.

Соның ішінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда жете қарастыруды қажет етеді. Қазіргі заманның талабына сай мектептерде білім беру жүйесіндегі коммуникативтік құзыреттілік жөнінде көптеген мәселелер қаралып, олар философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан зерттелініп жатыр [4].

Біздің көзқарасымыз бойынша, коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден ұстаздың педагогикалық қарым – қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс – әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысу; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым – қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Құзыреттіліктердің ішінен коммуникативті құзыреттерді де ерекше атап өтуге болады. Д.Т.Қаңлыбаеваның пікірінше, коммуникативті құзыреттер адамның қарым-қатынас жасау мәдениетіндегі практикалық іске асыру болып табылады. Ол жеке тұлғаның өз бетімен іске асыруға, өзін анықтауға дайындығын қамтамасыз етеді, қоршаған орта мен өзінің арасындағы үндестікке жету шарты, адамның ішкі әлемін құру мен оны байыту құралы болып саналады. Автор коммуникативті құзыреттер деп құрылысы бойынша күрделі, жеке тұлғаның өздігінен жүзеге асуы мен қарым- қатынастың негізгі міндеттерін табысты іске асыруын қамтамасыз етеді және лингвистикалық іскерлікті меңгерумен, тіл мәдениетінің ерекше әлеуметтік-мәдени нормаларын сақтаумен, қарым- қатынас жасаушылар арасында психологиялық заңдылықтарды орнатумен, жағымды атмосфераны ұстаумен, жеке тұлғаның эмоционалды-сезім аймағының дамуымен анықталады дейді. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, «құзыреттілік» термині білім, іскерлік, дағды, тәжірибе мен жеке тұлғаның қасиеттері категорияларында қарастырылады.

Алайда «құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының күнделікті қолданыстағы білім, білік және дағдыдан айырмашылығын К.С.Құдайбергенова келесідей ажыратып көрсетеді: білімнен айырмасы — қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады; дағдыдан айырмасы — оқыған материалды топтастырып, шығармашылықты пайдалана отырып, құбылыстар мен заңдылықтарды өзгерте алатын саналы қызмет; біліктен айырмасы — дағдыға автоматты түрде жету немесе оны алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән бойынша дағдыларын біріктіру, жалпы қызмет негізін сезіну [Құдайбергенова, 2008, 276б.].

Осыған байланысты автор «құзырет» — әр түрлі кенеттен пайда болған жағдайларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе іс-әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік жағдаяттар арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі; ал «құзыреттілікті» адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыруды ұсынады.

Құзыреттілік ең алдымен оқушылардың ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Сыртқы ортадан ақпарат алу, оны өңдеу оқушы мінезін қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Ақпараттарды өз бетімен алуға, талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпаратық құзыреттілікті қалыптастыруға негіз болады. Мұнда оқушылардың өз бетімен жұмысына көп мән беріледі. Оқушылар өз беттерінше жаңа ақпараттық технологиялардың көмегімен ғаламтордан, түсіндірме сөздіктерден, түрлі тарихи ақпараттар алып, сабақ барысында пайдаланады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етсе, ал оқытушының мақсаты – оқушыға білімді өздігінен игеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп,оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыруына жағдай жасау, кеңестер және бағыт-бағдар беру.

Негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер:

– оқушылардың өз бетінше талдауға;
– өз қызметіне мақсат қоюға;
– жоспарлауға, жинақтауға;
– қорытындылауға, салыстыра дәлелдеуге;
– өзін-өзі бағалауға;
– өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуге;
– нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауға.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңінде білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытушылар білім беру жүйесінде жаңа оқу технологияларын және интерактивті әдістерін қолдану арқылы оқушының қазіргі заман талабына сай білім алуына мүмкіндік береді. Ол оқытушының ізденісі, жан-жақтылығы құзыреттілік арқылы айқындалады.

Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Құзыретке ие болу сол жағдайға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді білім алушының нақты қоғамдық өмірде білімін қолдану, ол үшін оқыту үдерісінде құзыретті дамыту және қалыптастыру, нақты жағдайлар тудыру қажет. Адам білімді және сәйкесінше тәжірибені меңгеру негізінде құзыретті болады. Сондықтан, құзыреттілік ұғымы қазіргі таңда елімізде, шетелде де білім берудің нәтижесі ретінде қолданылады. Оқушының қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болатындығы бәрімізге аян. Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап, таңдап алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік оқушылардың оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын қамтиды. Оқушы сауалнама толтырып, хат жазуды, сұрақ қойып, пікір таластыруды т.б. білуі тиіс. Бұл құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны, олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс. Құзырлылық – студент іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе. Шын мәнінде бұл білім беру мазмұнының іс-әрекеттік сипатта болу идеясы (тәсілдер туралы білімді емес, әртүрлі тәсілдердің өзін меңгеру қажет). Өте қарапайым мысал келтіруге болады. Мәселен, оқушылар белгілі бір мәтінді меңгеру арқылы болашақ өз ойын толық түрде тәжірибе барысында да қолдана алуы тиіс. Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесі мен зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі туындап тұр. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл талап оқушылар қауымына да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті оқушылар әр кез үлкен ізденісте жүріп, әр сабаққа жан жақты дайындалуы қажет.

Оқу-танымдық іс-әрекет педагогикалық процестің құрамдас бір бөлігі. Оқу-танымдық іс-әрекетбаланың әлеуметтік болмысының ең маңызды бөлігін қамтиды.Бұл ұғымды философия, әлеуметтану, психология, педагогика, білім беру философиясы, педагогикалық психология т.б. көптеген ғылымдар қарастырады. Оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруда балалардың санасына білім жүйесін, іскерлік дағдыларды сіңіру, олардың ақыл-ой, ерік-күш жігерін, психикалық процестерін: зейінін, есін, қабілетін дамыту, іс-әрекетті орындаудың нақты амал-әрекеттерін, дүниетанымын және жеке басын дамыту жолдарын қалыптастыру тәсілдерін қолданудың маңызы зор.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы – 2008.
3. Сеченов И.М. Избранные философские и психологические произведения. – М.: Госполитиздат, 1947. – 165 с.
4. Усова А.П. Обучение в детском саду. М: Просвещение, 1999. – 234 с.
5. Мырзабаев А.Б. Шығармашылықты дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. Қарағанды: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2004 . – 216 б.
6. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі //Монография. –Алматы, 2008. – 267 б.

**Кенжебаева Марта Койлыбаевна,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
E-mail: marta2379@bk.ru

**Абдиев Кали Сейилбекович,**
п.ғ.д. доцент

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мемлекеттік тілді жетік білетін жасөспірімнің ұлттық санасы мен мәдениеті оқушы жастардың бәсекеге қабілеттітілігін дамытушы номасы болып табылады. Мұндай өркениет, жастарға білім мен тәрбие беруші мұғалімнің шеберлігіне, іскерлігіне тығыз байланысты. Осындай мақсаттарды көздейтін қазақ тілі пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері осы мақалада қамтылған.

**Түйін сөздер:** мұғалім, педагог, біліктілік, кәсіби біліктілік, оқушы.

**Аннотация.** Национальное сознание и культура подростка, владеющего государственным языком, являются основой развития конкурентоспособности учащейся молодежи. Такое развитие молодежи тесно связана с мастерством учителя, умением воспитывающего и обучающего школьников. В данной статье освещенывопросы совершенствования профессиональной компетентности учителя казахского языка.

**Ключевые слова:** учитель, педагог, квалификация, профессиональная компетентность, ученик.

**Annotation.** The national consciousness and culture of a teenager who speaks the state language are the basis for developing the competitiveness of young students. Such a civilization is closely connected with the skill of a teacher who educates and trains young people. This article covers the issues of improving the professional competence of the Kazakh language teacher.

**Keywords:** teacher, teacher, qualification, professional competence, student.

## КІРІСПЕ

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамып, дүниежүзінің жаһандануы заманында мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарында болуыүшін білім беру үдерісінің сапасын арттыру мәселесі өзекті болып табылады. Мемлекетіміздің болашағы жастар болғандықтан, қазіргі уақытта мектеп табалдырығынан бастап берілетін білім мен тәрбие үдерісін жандандыру қажеттілігі туындап отыр. Оған дәлел 2018 жылғы 5 қазандағы Н.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталының сапасына қатысты талаптарды күрделендіруде»- дей келе, мемлекетімізде сапалы білім беру үшін: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда» – деген сөздері [Жолдау. 05.10.2018].

Осыған орай, еліміздің мемлекеттік тілді меңгерген білімді азамат тұлғасын білім беру арқылы қалыптастыру маңыздылығы алғашқы қатарда тұр. Отандық білім беру үдерісін дамыту бағытындажастарға қазақ тілінен сапалы білім мен тәрбие беруші педагогтардың білімдеріне, біліктіліктеріне, шеберліктері мен іскерліктеріне ерекше мән берілуде. Осындай мәселелердің маңыздылығынан қазақ тілі пәні мұғалімдерінің біліктілігін жетілдіру үдерісінің мақсаттары анықталды. Оларға:

мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту;

қазақ тілі пәнін оқытып, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру;

педагогикалық қызметтің құрылымдық тұтастығын қалыптастыру жатады.

Бұл мақсаттар заманауи білім берудің сапасын арттыру талаптарына сай келетіні анық. Біліктілікті жетілдіру мақсаттарына тоқталайық.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мектеп мұғалімінің біліктілігін арттыру арқылы олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мәселесі қатар жүреді. Себебі, кәсіби құзыреттілігі дамыған мұғалім оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беру арқылы жастардың санасын, мәдениетін, білімі мен біліктілігін арттыру шеберліктері мен іскерліктері дамыған маман ретінде танылады.

Кәсіби құзіреттілік дегеніміз шешім қабылдаумен байланысты белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін жеткілікті білім, дағдылар мен тәжірибе деңгейін көрсететін мамандардың іскерлік және жеке қасиеттерінің интегралды сипаты.

Мұғалімнің жан-жақты ізденісі, жаңашылдығы жаңа айтып өткендегідей, құзыреттілігімен

айқындалады. Осы орайда сабақта оқушының өз еркімен білім алуына, тапсырманы ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Оқушы қиялы бай, ақыл-қабілеті дамыған, сол себепті шығармашылық оған шабыт, қуаныш сезімін әкелуі мүмкін. Қазіргі кезеңдегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет. Құзырлылық – оқушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі [Сембаева А. https://tak-to-ent.net/load/221-1-0-19757].

Қазақ тілін оқытуда оқушыларға айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі талабы. Мұнда оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында мұғалім қызметін ақпарат бойынша өз көзқарасын айтуы мен дәлелдеуі, өздігімен шешім қабылдау, зерттеушілік жұмыстармен айналысу қабілеттіліктерін дамытуға бағытталған. Жазылым дағдыларына тақырып мазмұнын ашу, ойын сыни тұрғыда дәлелдеу, кез-келген ақпартты қорытындылау, теориялармен, тұжырымдамалармен жұмыс жасау әдеттері жатады. Тыңдалым дағдысы оқушылардың сабақ барысындағы ойды түсінуімен, алынған ақпаратты анықтауымен, теориялық білімдерін практика жүзінде қолданумен, ақпарат бойынша өз пікірін айта білуімен, тұжырымдама жасауымен сипатталады. Оқушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру арқылы қазақ тілі пәнінің мұғалімі олардың мәтінмен жұмыс жасау шеберлігін, яғни мәтіндегі ақпараттарды ажырата білу, шығарма кейіпкерлерін салыстыру, зерттеу, астарлы ойды анықтау және сыни тұрғыда өзін немесе құрбысын бағалау сияқтиы дағдыларын жетілдіру бағытында өз қызметін атқарады.

Осындай дағдларды оқушыларға сапалы қалыптастыру үдерісі пән мұғалімінің жоғары дәрежедегі білімділігін, біліктілігін, шеберлігі мен іскерлігін талап етеді. Яғни, қазақ тілі пәні мұғалімінің педагогикалық қызметке даярлығы, оны жүзеге асырудағы құзырлығы, жан-жақтылығы заман талабына сай артып отыру қажет.

Педагогикалық қызметтің құрылымына педагогикалық, әдістемелік және психологиялық құрылымдар жатады. Педагогикалық құрылым мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық қатынастарды қамтиды. Әдістемелік құрылымға мұғалімнің сабаққа дайындығын, оны өткізуі мен оған талдау жасауын, оқушыларды тәрбиелеудегі жұмыстарға дайындығын, іс-шараларды ұйымдастыруын, нәтиже шығаруын жатқызамыз. Ал, психологиялық құрылымдар ақпаратты қабылдап, оларды ойластырып, есте сақтаумен, оқушының білімге деген қабілеттіліктері мен ынталарын анықтаумен сипатталады.

Бұл аталынған мақсаттар заманауи білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған келесі міндеттерді жүзеге асыруға себебін тигізеді:

– заманауи педагогикалық технологиялар мен озық әдістемелерді енгізу тәсілімен педагогикалық шеберлікті жетілдіру;

– ғылыми және практикалық қызметтің жетістіктерін ескере отырып, қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін қолдау және жетілдіру;

– кәсіби қызметке жеке қабілеттілікті дамыту үшін жағдай жасау;

– оқыту процесінде жаңа технологиялар мен басқару және педагогикалық кадрларды даярлау мен арттырудың прогрессивті формаларын байқаудан өткізу;

– педагогтардың жеке шығармашылық ойларын толыққанды жүзеге асыру үшін ғылыми және әдістемелік қолдау көрсету және т.б.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер білім беру саласында қайта құру процестеріне жағдай жасады. Ол мектептердің жаңа түрлерін құру, практикаға түрлі педагогикалық инновацияларды, авторлық бағдарламалар мен оқулықтарды белсенді енгізумен сипатталады. Жалпы білім беру жүйесіндегі өзгермелі жағдай педагогтардың жаңа білім беру қажеттіліктерін қалыптастырады.

Кез келген мұғалім маңызды тұлға болғысы келеді. Бүгін маңызды мұғалім-бұл бір мезгілде кәсіби маман, әрі тұлға. Маңызды педагог болу үшін бүгінгі күні мұғалім көбінесе теориялық тұрғыдан дайын педагогикалық мәдениеттің түрлерін практикалық меңгеруі қажет. Сонымен қатар, маңызды мұғалім – бұл педагогикалық шеберлігі, әскерлігі, білім мен мәдениеттілігі жетілген маман болып саналады. Осындай дәрежеге жету үшін еңбек өтілі бар немесе жас педагог біліктілігін жетілдіріп отырулары қажет.

Мұғалім үнемі практика мен теорияның арасында, өз тәжірибесін көбінесе оқу-тәрбие үдерісіндегі іскерлікпен арттырады. Кез келген педагогикалық жұмыс – бұл практикалық қызмет. Педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері және еңбек өтілі бар мұғалімдер педагогикалық мәдениеті мазмұнын жақсы білулері қажет. Себебі педагогикалық мәдениет – бұл мұғалімнің оқушыларға, оқытылатын пәндерге, балалар шығармашылығына өзіндік-құндылық қарым-қатынас үлгісі болып табылатын біліктіліктің жиынтығы.

Теориялық білім мен практикалық дағдылары арасында елеулі алшақтық сақталады. Қазіргі заман мектептеріндебұл алшақтықты әдістемелік мәдениет деп аталатын кәсіби қайта даярлау құралдары арқылы біріктіруге болады. Оларды біріктіру практика мен теорияның арасындағыалшақтықтың негізгі себептерін ұғыну арқылы ғана мүмкін болады.Біріншіден, жеке әдістерді меңгеруге ұмтылу, сабақтың жекелеген тақырыптарын, тараларын оқыту бойынша тәсілдерді жаттықтыру, жалпы әдістемелік мәдениет ретінде түсініледі. Бұл ұмтылыс педагогикалық мәдениетті меңгерудің қажеттілігін талап етеді.

Мұнда әдістемелік мәдениет тек педагогикалық мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Екіншіден, мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі жұмысының мақсаттарының бірі болып табылатын білім берудің заманауи ойлары туралы терең білім болмаған жағдайда, жаңа технологиялар туралы ақпарат санының басымдығына сүйене отырып қалыптасады. Білім берудің жаңа мақсаттарында мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға жаңаша қарау қажет.

Дәстүрлі әдістемелік жұмыс жаңа әдіс-тәсілдер, технологиялар туралы білім санын арттыру арқылы мұғалімнің кәсіби деңгейін жетілдіруді көздейді. Біліктіліктерін жетілдіру курстарынан өтулері арқылы мұғалімдер теория мен практиканы шебер байланыстыра алады. Олар заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді, технологияларды, талаптарды меңгеру арқылы өз кәсіби біліктіліктерін арттыра түседі.

Еліміздегі педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесін жаңарту идеологиясы – бейімделгіш, прагматикалық, жаңалыққа ашықтық, жобалау ролін атқаруы керек деп ойлаймыз. Ол байыпты түрде бағдарланып, жобаланып, тексеріліп, біртіндеп барып ендіруді қажет етеді. Себебі, білімді жаңарту бір сәтте басталып, тез нәтиже беретін әрекет емес. Олай болса, оқытушының ғылыми-әдістемелік мәдениетін дамыту мәселесінің өзектілігі артады [Тұрғынбаева Б.А., 2019, 21-25 бб.].

Біліктілікті жетілдіру мұғалімге ескірген көзқарастан арылуға көмектеседі, оны сыртқы өзгерістерге бейім етеді және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Әдістемелік жұмыс педагогтың кәсіби дамуын ынталандырады, оның өзін-өзі жетілдіруіне, кәсіби және жеке мәселелерін шешуге ықпал етеді, жұмысты ерекше ынтамен, сүйіспеншілікпен орындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, біліктілік көтері барысында басқа оқу орын мамандарымен, басқа мектеп, лицей, гимназия мұғалімдерімен тәжірибе алмаса алады.

Педагогикалық қызметтің сапасы барлық білім беру жүйесін дамыту үшін маңызды мәнге ие. Өзіндік жеке және кәсіби қасиеттерін жетілдіру мақсатын қоғам алдында тұрған мәселелердің өзектілік деңгейімен тепе-тең ұстанған педагог –жаһандану заманына қажетті маман болып табылады.

Педагогтардың біліктілігін жетілдіру, олардың білімдерін еліміздіңақпараттану, ғылымынөркендету, экономикасын дамыту және т.б. мемлекеттік құрылымдық өзгерістердің талаптарына қатыстытереңдету мақсатында, сондай-ақ мұғалімдердің кәсіби даярлықтарын көтеруге қатысты жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын үдеріс.

Мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін жетілдіру жөнінде Л.И. Анцыферова мынандай пікір берген: «Педагогу необходимо постоянно учиться, ведь в лицах его учеников каждый год меняются временные этапы, быстро меняются представления об окружающем мире. Прохождение курсов повышения квалификации дает возможности не только узнавать о новых требованиях и технологиях современного образования, но, в первую очередь, встретиться с людьми, думающими также, которые преданы своему делу, и бесконечно любят свою профессию и детей» [Анцыферова Л.И., 1991, С. 27-43.].

Педагогтардың біліктілігін арттыру курстары барлық уақытта өзекті және сұранысқа ие болып табылады. Алайда, білім беру саласы қызметкерлерін қайта даярлау және кәсіптік дағдыларды жақсарту мәселесі өзөзектілігін жоғалтпады. Қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесі өзгеріске жататынын атап өту қажет, өйткені педагогика ғылымының өзі де үнемі дамып келеді және бір орында тұрмайды. Педагог білімді меңгеруге және олармен бірге білім беретін оқушылармен бөлісе білуг еміндетті.

Мұғалім біліктіліктілігін арттыру – бұл жүйелі түрде жүргізілетін педагогтардың білім беру үдерісі. Қазіргі заманда білім беруді реформалау мұғалім мәртебесін, оның білім беру қызметін түбегейлі өзгертеді. Тиісінше, оның кәсіби-педагогикалық құзыреттілігіне, оның кәсіби деңгейіне қойылатын талаптар да өзгерістерге жатады.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі:

– бекітілген бағдарламада қамтылған тақырыптарды оқушыға проблемалық сабақ барысында, немесе қайшылықтарды шешу тапсырмалары негізінде түсіндіру;

– теориялық мәселелерді тәжірибе жүзінде өткізу (фонетикалық, морфологиялық және т.б. талдаулар жасау, жағдай тудыратын мәселелелерді шешу және т.б.);

– талқыланатын құбылыстарды жан-жақты қарастыру;

– тапсырмаларды оқушылармен бірігіп орындау және т.б. әрекеттері арқылы кәсіби шеберлігін арттыра алады.

Х.Т. Масимованың зерттеулерінде қазіргі уақыттағы білім беру талаптары негізінде оқу үдерісінде педагогтың кәсіби біліктілігінің көрсеткіші ретінде бірнеше қызметтерді анықтап, көрсеткен. Олар:

– Гностикалық (ақпаратты іздеп табу, іріктеу, саралау);

– Жобалаушылық (өз әрекетінің мақсат, міндеттерін айқындай алу, нәтижені болжай алу);

– Ұйымдастырушылық (өзін-өзі, оқу үдерісін, тәрбие үдерісін ұйымдастыру);

– Құрастырушылық (инновациялық әдіс-тәсілдерді, ресурстарды мазмұны, мәніне байланысты құрастыру);

– Коммуникативтілік (білім алушылар мен тіл табысу, белсенді әрекеттің мазмұнын дұрыс жеткізу, білім алушы және әлеуметтік топ мүшелерімен байланыс орната алу,пікірін ашық жеткізе

білу);

– Бағалаушылық (диагностикалық, қалыптастырушы, жинақтаушы бағалауді білу, педагогикалық үдеріс қатысушыларының іс-әрекетін бағалай алу);

– Рефлексивтілік (өз жұмысын саралай алуы)» [Масимова Х.Т., 2019, 36 б.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамымыздың білімді, саналы, бәсекеге қабілетті мүшесіне сапалы білім мен тәрбие беруші қазақ тілі мұғаліміжоғарыда аталынған мәселелерді қамти отырып, кәсіби біліктіліктерін жетілдіру арқылы оларға қойылған талапқа сай болулары қажет. Қаза қтілі пәні мұғаліміне қойылатын талаптар келесідей:

– қазақ тілі пәнінің мұғалімі жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман;

– кәсіби білімін жетілдіріп, оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалана білуі;

– өз бетінше оқып үйрену, оқушыларды өз бетінше білім алуға үйрету;

– ұйымдастырушылық, бейімділік, сараптамалық қабілеттерге оқушыларды баулу;

– оқушыларды өтілетін тақырыптарға қатысты жағдай тудыратын жаттығуларды, құбылыстарды талдуға және олардың пайда болу себептерін анықтауға бейімдеу;

– сыныпта және сыныптан тыс уақытта оқушылардың адамгершілік, азаматтық, саяси ұстанымдарын қалыптастыру.

Сонымен, қазақ тілі пәні мұғалімінің осы сала бойынша еліміздің жастарына сапалы білім мен тәрбие беру мақсатында кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселесі педагогтарға қойылатын талапқа сай келуі қажет. Педагог мамандарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне бағытталған заң нормаларымен, нормативтік актілерімен реттелетін үдеріс. Сол себепті де, мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мәселесі заман талабына сай дами түсетін үдеріс және бұл мәселенің өзектілігі әрқашанда бірінші қатарда тұратыны анық.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардыңәл-ауқатыныңөсуі: табыс пен тұрмыссапасынарттыру. Қазақстанхалқынажолдауы. 05.10.2018ж.
2. Сембаева А. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің құзыреттілігі / https://tak-to-ent.net/load/221-1-0-19757
3. Тұрғынбаева Б.А. ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру – ғылыми-әдістемелік мәдениетті дамыту құралы ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(64), 2019 ж. 21-25 б.б.
4. Анцыферова Л.И. Развитие личности специалиста как субъекта своейпрофессиональной жизни // Психологические исследования проблемыформирования личности профессионала /Под ред. В.А. Бодрова и др. – М.,1991 – С. 27-43.
5. Масимова Х.Т. Жаңартылған мазмұндағы білім берудегі педагогтың бағалау әрекеті // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(64), 2019 ж. 33-39 бб.



**Кобдикова Жанартай Уажитовна,**
п.ғ.д., доцент,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: zhuk53@mail.ru

**Даутбаева Айгул Тансыкбавна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: aigul_88_86@mail.ru

# ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Мақалада «оқушылардың оқу жетістіктері», «мониторинг» ұғымдарының мәні, меңгеру деңгейі және білім мен біліктілікке қойылатын талаптар қарастырылады. Химия пәні бойынша оқыту үдерісінде үшдеңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелері ұсынылады. Оқу үдерісі барысында шешімін табатын көкейтесті мәселелер анықталған.

**Кілт сөздер:** оқыту үдерісі, оқу жетістіктері, меңгеру деңгейі, бағалау, мониторинг, педагогикалық жүйе, құзыреттілік.

**Аннотация.** В статье рассматриваются сущность понятий «учебные достижения учащихся» «мониторинг»; уровень усвоения и требования к знаниям и умениям. В процессе обучения по химии представляются результаты оценки учебных достижений учащихся посредством выполнения трехуровневых заданий. Определены актуальные проблемы, которые решаются в ходе учебного процесса.

**Ключевые слова**: процесс обучения, учебные достижения, уровень освоения, оценивание, мониторинг, педагогическая система, компетентность.

**Abstract** The article deals with the essence of the concepts “educational achievements of students ““monitoring”; the level of assimilation and requirements for knowledge and skills. In the process of teaching chemistry, the results of evaluating the educational achievements of students are presented by performing three level tasks. The actual problems that are solved in the course of the educational process are identified.

**Keywords:** learning process, educational achievements, level of development, evaluation monitoring, pedagogical system, competence.

## КІРІСПЕ

*Оқушылардың оқу жетістіктері мәселелерінің зерттелуі.* Қазіргі білім беруде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселесі өзекті болып отыр. Педагогикалық бағалау мәнінің сипаттамасында – бағалауға не жатады? – деген сұрақ жиі қойылады. Оған – оқу жетістіктерін бағалау жатады – деп жауап беруге болады. Бұл мәселе қазіргі уақытта орта білім беру жүйесінде көп зерттелмеген. Себебі оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау оқытушылардың бағалау қызметінің практикасында ғана кездеседі. Бағалаудың мәні оқу нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру жөніндегі ережелерде немесе әдістемелік ұсынымдарда ашылады. Сондықтан оқушылардың оқу жетістіктерінің мәнін, құрылымын, мазмұнын және оларды мониторингілеу мәселесін зерттеудің теориялық және практикалық маңызы зор.

*Оқу жетістіктерін бағалау* – бұл нақты қол жеткізілген нәтижелердің жоспарланған мақсаттарға сәйкестік дәрежесін анықтау процесі. Бағалауға оқушының оқу іс-әрекетінде оның оқу жетістіктерін сипаттайтын білім көлемі, жүйелілігі, сондай-ақ ақыл-ойдың, дағдылардың, іскерліктің, құзыреттіліктің даму деңгейі жатады.

*Баға* – бұл бағалау нәтижесі, оқушылардың оқу жетістіктерін цифрларда немесе баллдарда сандық көрсеткіш.

*Ағымдағы бағалау* – бұл оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес пәннің мазмұнын, іскерліктері мен дағдыларын меңгеруде оқушының (оқушының) білім деңгейін анықтау процесі.

«Оқу жетістіктері» ұғымы педагогикалық тестің нысаны мен пәнін зерттеу шеңберінде пайда болған. XX ғ. басында оқушылардың оқу дайындығының нәтижелерін бағалау мақсатында тестілеу технологиясын әзірлеу бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде «тестілеудің жетістіктері» деген ұғым анықталды [Сергеева Е.В., Чандра М.Ю., 2013, 115 с.].

«Жетістік» ұғымын табыс**,** қызметтің оң нәтижесі ретінде түсіндіруге болады. Оқу үрдісінің

соңында қол жеткізілген нәтижені зерттеушілер оқушылардың табысы ретінде белгіледі. XX ғ. басында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған «табыстылық тесттері» қолданылды. С.И. Ожегов бойынша табыс оң нәтиже ретінде түсіндіріледі, бұл терминнің екінші мағынасы – қоғамдық мойындау [Ожегов С.И., Шведова Н.Ю., 1999, 946 с.].

Зерттеуші Г.А. Қасымова оқушылардың оқу жетістіктері – бұл оқу үрдісінің қорытындысы бойынша құрылған білім, білік және дағды жиынтығы, деп есептейді [Касымова Г.А., 2011, 22 с.]. Ресей зерттеушісі А.А.Малыгин атап өткендей: «оқу жетістіктері ретінде педагогикалық өлшеулер теориясы әдістері арқылы қадағалау, бағалау және бақылау үшін *қол жетімді оқытудың* жеке нәтижелері (білім, білік, дағды және құзыреттілігі), сандық және сапалық көрсеткіштерде көрсетілген олардың тұлғалық жаңа білімдері мен оқу іс-әрекетінің тәсілдері түсініледі» [Малыгин А.А., 2011, 183 с.].

«Оқу жетістіктері» ұғымы «оқыту нәтижесі», «оқып-үйрену деңгейі (обученность) және үйрену қабілеті (обучаемость)» ұғымдарымен тығыз байланысты. Әдебиетті талдау «оқу жетістіктері» ұғымы жекелеген жағдайларда білім алушылардың жеке нәтижесі және жеке қасиеттері ретінде сипатталатынын көрсетеді [Калдыбаев С.К., Байтуголова Ж.А., 2015, 8-16 сс.]. Көптеген авторлардың жұмыстарында «оқу жетістіктері» ретінде «оқыту нәтижесі» ұғымы қолданылады. Ғалымдардың пікірінше, нәтиже – тұлғаның өткен жетістіктері, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы. Нәтижеге оқушының оқу қызметінде ілгері жылжуы аяқталғаннан кейін қол жеткізіледі. Оқу аяқталғаннан кейін оқушылар белгілі бір нәтижелерге жетеді. Ал меңгерілген білім, білік және дағды *оқыту нәтижесінің* негізін құрайды [Матросова Е.А., 2018, Б. 136–138]. «Ресейдегі Болон үдерісі тарих және қазіргі заман» кітабында: «оқыту нәтижелері» оқу үдерісін аяқтағаннан кейін жеткен жетістікті көрсету қабілеті мен түсінігін қалыптастыру және білімін меңгеру тұрғысынан студенттің қол жеткізуіне қатысты тұжырымдарды білдіреді», – делінген [Национальный офис Erasmus+, 2017, 44 с.]. Бұл анықтамададан «оқыту нәтижелері» және «оқу жетістіктері» ұғымдарының арасындағы ұқсастығы мен байланысын байқауға болады.

*«Үйрену қабілеті» (обучаемость)* – бұл оқушылардың әлеуетіне, мүмкіндігіне байланысты олардың оқуға бейімділігі. Зерттеушілер осы сипаттаманы Л.С. Выготскийдің жақын арадағы даму аймағымен байланыстырады. Бұл жерде оқушының ойлау қызметі және оның интеллектуалдық қабілеті маңызды роль атқарады.

Оқушылардың «біліктілігі мен дағдылары» және «қабілеті» ұғымдарының мағынасы әртүрлі. Біліктілік пен дағдылар қызмет тәсіліне жатады. Ал қабілет – адамның жеке ерекшеліктері мен сапасына байланысты [Беспалько В.П. 1989, 192 с.]. Оқушының қабілеті *жалпы* және *арнайы түрлерге* бөлінеді. Жалпы мамандықтың негізгі сипаттамасы адамның жалпы қасиеттері мен ерекшеліктерін көрсету болып табылады. Шетелдік зерттеушілер бұл ұғымды интеллект ретінде қабылдайды. Музыкалық немесе математикалық қабілеттер жеке тұлғаның *арнайы қабілеттерінің* мысалдары болып табылады.

*Меңгеру деңгейі және білім мен біліктілікке қойылатын талаптар.* Оқу материалын меңгеру деңгейін саты және сапа ретінде оқушылардың оқу жетістіктерінің компоненті ретінде қарастыруға болады. Академик В.П. Беспалько меңгерудің келесі деңгейлерін ұсынды: 1-оқушылық деңгей; 2-алгоритмдік деңгей; 3-эвристикалық деңгей; 4-шығармашылық деңгей [Беспалько В.П. 1989, 192 с.]. Аталған меңгеру деңгейлерінің нәтижесіне біртіндеп қол жеткізу арқылы оқушының оқу жетістіктерін бағалауға болады [Кобдикова Ж.У., 2019, 12-б.]. Ол үшін оқу үдерісінің барысы туралы сенімді және шынайы ақпаратты білу керек. Мұндай ақпаратты жүйелі түрде мониторинг жүргізу кезінде алуға болады.

«Білім беру мониторингі – педагогикалық жүйенің қызметі туралы ақпаратты ұйымдастыру, жинау, сақтау, өңдеу және тарату нысаны, оның жай-күйі мен дамуын болжауды үздіксіз бақылауды қамтамасыз етеді» [Поташник М.М., Ямбург Е.А. и др., 2000, 448 с.].

«Мониторинг» ұғымының негізін қалаушылардың бірі – А.С. Белкин мониторингті «білім беру мақсаттарын, міндеттерін және оларды шешу құралдарын оңтайлы таңдау мақсатында педагогикалық үдерістің жағдайын, дамуын үздіксіз болжау үрдісі»,-деп анықтаған [Белкин А.С., 2000, 54-б.].

А.Я. Савельевтің, В.М. Зуеваның пікірінше, мониторингті «қалаған нәтижеге немесе бастапқы жағдайға сәйкестігін анықтау мақсатында қандай да бір процесті тұрақты бақылау ретінде анықтауға болады», – деген [Савельев А.Я., др. 1999, 192 с.].

Білім беру мониторингінің мақсаты педагогикалық жүйенің жағдайын үздіксіз бақылауды қамтамасыз ету және оның дамуын болжау ғана емес, сонымен қатар түзету жұмыстарын жүргізу немесе басқа да тиісті шараларды қабылдау жолымен оларды уақтылы жоюға мүмкіндік беретін оқушылардың білімдеріндегі олқылықтар туралы нақты ақпарат беру болып табылады.

Мониторинг нақты оқушының оқу жетістіктері туралы жедел мәліметтерден құрылады. Алайда, егер оқыту репродуктивті сипатта болса, онда оқушы меңгерген жаңа материалды тез ұмытады. Мұндай мониторинг негізінде басқарушылық шешім қабылдау дұрыс болмайды. Ал, егер оқушы оқу материалын эвристикалық және шығармашылық деңгейде игерсе, онда оқушылардың «әрекеттілік», «тереңдік», «саналылық»,

«жүйелілік» және осылардың бәрін қамтитын «беріктілік» сияқты білім сапасы қалыптасады. Оқушылардың білім жетістіктерінің сапасын өлшеу үшін әр тақырыптың соңында кері байланыс ұйымдастырылып, үшдеңгейлік тапсырмалар орындалады.

**Негізгі бөлім**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [«Білім туралы» №319 Заңы, 27 шілде 2007]: мектептің міндеті оқушыларға тек білімнің жиынтығын беру ғана емес, оқушылардың өз бетінше білім алуына қолайлы жағдай тұғызу керектігі жайлы айтылған. Осы міндетті жүзеге асыру үшін оқыту процесіне тұлғаның іс-әрекеті тұрғысынан қарауды, тұлғаға бағытталған, дамытушы технологияларды қолдану қажет. Мұндай технологияның негізі ретінде тұлғаның әрекеттілігі алынады, яғни оқушылардың дағдылары мен біліктері олардың өз бетімен білім алу іс-әрекеті негізінде қалыптасады. Кез-келген іс-әрекет оның түрлерінің (*репродуктивті, продуктивті, конструктивті*) сатылануымен (иерархиясымен) сипатталады.

Дамыта оқытудың талаптары бойынша оқу процесін оқушының танымдық іс-әрекетін репродуктивтік *(өнімсіз, яғни бірінші деңгей)* деңгейден продуктивті *(екіншіден төртінші деңгейге дейін)* деңгейлерге өтетіндей етіп ұйымдастыру керек.

Л.С. Выготский баланың ақыл-ой дамуы екі деңгейден тұрады дейді: а) таяудағы даму аймағы, яғни бірінші деңгей, ә) актуалды даму аймағы (екіншіден төртінші деңгейге дейін). Ол теориялық тұрғыдан таяудағы даму аймағы актуалды даму аймағына ауысқан кезде оқыту дамытушы болады деп негіздейді, өйткені даму процестері оқушының актуалды даму аймағында орналасқан [Выготский Л.С., 1960, 500 с.]. Танымдық, яғни когнитивтік, салада педагогикалық мақсаттарды анық тұжырымдап реттеудің ғылыми негізделген жалпы ережелері мен тәсілдерін американдық ғалым Б. Блум ойластырып шығарды. Ол оқушылардың іс-әрекетінен көрінетін танып, өлшеуге болатын оқытудың алты аралық нәтижелері арқылы оқытудың оларға сәйкес аралық алты мақсаттарын тұжырымдауды ұсынады. Оқыту мақсаттарын қоюдың осындай тәсілі мақсаттардың таксономиясы деп аталады. Аралық мақсаттар тізбегі мақсаттар иерархиясы деп аталады. Мұны сондай-ақ, мақсат қоюдың диагностикалық немесе операционалды әдістемесі талап етеді.

Оқушылардың білім жетістіктерінің сапасын өлшеу үшін ұйымдастырылған үшдеңгейлік тапсырмаларды орындау барысында бағалау «қосу» әдісімен жүзеге асырылады, оның негізіне жалпы білім дайындығының ең төмен бірінші деңгейі алынады. Оқушылар еңбегін «қосу» әдісімен бағалау үшін оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандырып, арттыратын құрал ретінде «Ашық журнал» қолданылады. «Ашық журнал» деп, мысалы төменде берілген бағалау парағын атаймыз (1-кесте). Ол кесте түрінде тақтаның шетіне ілінеді. Әр оқушының орындаған тапсырмасын осы журналға белгілейді *(«+» -пен сыныпта, «v»-мен үйде жағастырып орындалған тапсырмалар белгіленеді*). Оқушылардың деңгейлік тапсырмаларды орындау туралы жиналған ақпарат негізінде мұғалім олардың оқу жетістіктерін мониторинглеуге мүмкіндік алады [Караев Ж.А, Кобдикова Ж.У., 2018.].

*1-кесте*

| ***Оқушылардың аты-жөндері*** | ***I деңгей Барлығы 5 балл*** | | | | | ***II деңгей Барлығы 4 балл*** | | | | ***III деңгей Барлығы 3 балл*** | | ***Сыныпта жинаған балы*** | ***Үйде*** | ***Барлық балл*** | ***Баға*** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | | | | |
| Бекзат | + | + | + | + | + | v | - | - | - | - | - | 5 | 1 | 6 | 3 |
| Елдар | + | + | + | + | + | v | v | v | v | - | - | 5 | 4 | 9 | 4 |
| Азамат | + | + | + | + | + | v | v | v | v | - | - | 5 | 4 | 9 | 4 |
| Сымбат | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Жанель | + | + | + | + | + | v | v | v | v | v | - | 5 | 5,5 | 10,5 | 4+ |
| Ақбота | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Мухамедали | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Азамат | + | + | + | + | + | + | v | v | v | - | - | 6 | 3 | 9 | 4 |
| Риза | + | + | + | + | + | v | v | v | - | - | - | 5 | 3 | 8 | 3+ |
| Сымбат | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Інжу | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Алишер | + | + | + | + | + | v | v | v | - | - | - | 5 | 3 | 8 | 3+ |

Жоғарыда айтылғандар түсінікті болу үшін химия пәнінің бір тақырыбынан мысал келтірейік [15].

**Сабақтың тақырыбы (45 минут): Оттектің химиялық қасиеттері. Жану.**

Балалар төмендегі *бос орындарға* жауаптарын жазады. *Асты сызылған*

сөздердердің орнында оқушының үлестірмелік құралында бос орын қалдырылады).

*I кезең. Мұғалім алғашқы 10 минутта:* а) ұйымдастыру сәтін өткізеді; ә) өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап орындап келу дәрежесі тексеріледі; б) төмендегі *«Көпір»* тапсырмаларын да оқушылар үйден орындап келеді. Мұғалім алдымен жеке тексеріп шығады, сосын фрондальды тексереді. Баға қойылмайды, тек ауызша мадақтап, немесе кемшіліктерін атап өтеді.

*«Көпір» тапсырмалары*:

1. Оттектің қандай физикалық қасиеттерін білесіңдер?

Ж: Оттек иссіз,түссіз дәмсіз ауадан сәл ауыр,-суда нашар ериді және -*183*°С-та сұйылады,-*218*°С-та қатады.

2. Оттек периодтық жүйеде қайда орналасқан?

Ж: Д.И. Менделеев құрастырған химиялық элементтердің периодтық жүйесінде оттек элементі *8-орында* тұр.

3. Оттек қандай зат?

Ж: Атмосферадағы ауада *оттек* $O_2$ жай зат түрінде болады .

4. Оттекті қандай екі жолмен алады?

Ж: *Өнеркәсіпте* және *лабораторияда*.

5. *Мұғалім:* Ондай болса, балалар, бүгінгі сабағымызда оттектің химиялық қасиеттері мен жану процестерін қарастырамыз.

*II кезең (топтық жұмыс, 20 минут).*

а) оқушылар тақырыптың теориялық мазмұнын топтық жұмыс барысында өз бетімен меңгереді. Ол үшін «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды оқулық арқылы өздері орындайды. Жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды. *Нәтижесі ауызша марапатталады.*

ә) Практика жүзінде «Қолдану» мақсатына сәйкес тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі. Дайын формулалар арқылы есептер шығару орындалады; «Баға беру» мақсатына сәйкес әр топта рефлексия жүргізіледі.

*III кезең (кері байланыс – бағалау кезеңі): Жеке жұмыс.* Жоғарыда меңгерген мазмұн үш деңгейге іріктеледі. Олар әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни құзыреттілік деңгейін анықтайтын теориялық және практикалық тапсрмалардан тұрады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минутында үлгергендерінше орындайды + 3минут қортынды жасалады. Қалған тапсырмаларды үйде аяқтайды. Қортынды балл саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында сынып журналына қойылады, мониторингке тіркеледі.

*1-деңгей (5 тапсырма = 5 балл)*

*Теория бойынша* «Білу» мақсатының талаптарына сәйкес, тақырып мазмұнынан кім?не? қандай? қалай? нені? қашан? не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпараттар іріктелініп беріледі.

1-тапсырма: Жану реакциясы дегеніміз не?

Ж: Жай және күрделі заттармен қосып қыздырғанда *оттек* олармен қуатты әрекеттеседі, реакция кезінде *жылу* бөліп *жарық* шығарады. Ондай реакцияларды *жану реакциялары* деп атаймыз.

2-тапсырма: Қандай реакцияны тотығу реакциясы дейді?

Ж: Заттар *оттекпен* әрекеттескендегі реакцияны.

3-тапсырма: Адам организмінде оттек қанша пайыздан тұрады?

Ж: *65%-дай*

*Практика жүзінде «ҚОЛДАНУ».* II кезеңде орындалған қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар беріледі:

4-тапсырма: Берілген реакция теңдеуін химиялық таңбамен жазып, оксидтің түрін көрсет:

| магний + оттек | көміртек (IV)+оттек | хром (III) + оттек |
|---|---|---|
| Ж: $2Mg + O_2 = 2MgO$ | *Ж:* $C + O_2 = CO_2$ | *Ж:* $4Cr + 3O_2 = 2Cr_2O_3$ |

5-тапсырма: Оттектің+мырышпен, фосформен, мыспен, көміртекпен әрекеттесу реакциясын жазып, теңестіріп, қандай заттар түзілетінін және қалай аталатынын айтыңдар?

1. *1-аралық нәтиже:* Бірінші деңгейде қалыптасқан құзіреттілік деңгейінің *сапалық өлшемі:* «дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады [Бабанский Ю.К., 1989, 92-6.]; *сандық өлшемі*– 5 балл = «сынақтан өтті». Бағасы «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере алмаса.

*2-деңгей (5 балл + 4 балл (4 тапсырма үшін) = 9 балл)*

*Теория бойынша «Түсіну»* мақсатының талаптарына сәйкес *неге? неліктен? себебі? не үшін? сияқты сұрақтар оқушының 1-деңгейде берген жауаптарына оларды тереңдету үшін қойылады.*

1-тапсырма. Бос орындарды толтыр.

а) Оттекті неліктен жай затқа жатқызамыз?

Ж: Себебі *оттек* атомдардың бір түрінен тұрады, $O_2$ формуласымен өрнектеледі, химиялық *белсенді* элемент.

ә) Fe + $O_{2=}$ P+ $O_2$ = , Al + $O_2$= осы реакциялардың жүру себебін түсіндір және теңестір неге тотығу, жану деп атаймыз.

Ж: Себебі оттектің металдармен, бейметалдармен әрекеттесуі *тотығу* реакциясы,

*б) 3Fe+ $2O_{2=}Fe_3O_4$, 4P+ $5O_2=2P_2O_5$ , 4Al +$3O_2=2Al_2O_3$,* ал жарық пен жылу бөлсе *жану* реакциясы

в). Оттекті лабораторияда қалай жинауға болады?

Ж: Оттекті лабораторияда *екі әдіспен* жинауға болады. *Ауаны ығыстыру* және *суды ығыстыру* арқылы.

г) Оттекті өнеркәсіпте қалай алады?

Ж: Өнеркәсіпте оттекті көп мөлшерде *сұйық* ауаны *айдау* арқылы алады.

*Теория бойынша «Талдау» мақсатының* талаптары: 1.Салыстыр, 2.Айырмашылығы неде? 3.Ұқсастығы неде? 4.Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады:

2-тапсырма. *Оттек пен сутекті Венн диаграммасы арқылы салыстыр.*




*Тақырыптың басты идеясы неде?* Екі элементтің ортақ қасиеттері: физикалық касиеттері – түссіз, *иіссіз*, суда *нашар* еритін, *жанғыш* газдар және судың құрамын құрайды. Олардың айырмашылықтары: Химиялық белсенділігіне байланысты табиғатта *49,13%* жер қыртысында. Тотығу, *жану* реакциялары тән.

*Практика жүзінде «Қолдану».* II кезеңдегіге қарапайым тапсырмалардың өзгертілген жағдайдағы нұсқасы беріледі:

3-тапсырма. Орындаңдар.

1. Мына заттардың оттекпен әрекеттесу реакциясы теңдеулерін құрып теңестіріңдер:

а) магний ә) кальций б) кремний в) сутек

2. Мына заттар: а) алюминий; б) натрий; в) күкіртсутек жанғанда қанша оксид түзілуі мүмкін?

4-тапсырма. Есептеңдер.

3. Мөлшері 0,5моль фосфор жанғанда түзілетін көмір дифосфор пентаоксидінің массасы қанша болады?

*2-аралық нәтиже.* Екінші деңгейде қалыптасқан құзіреттілік деңгейдің *сапалық өлшемі*: оқушының бірінші деңгейдегі «дұрыстылық» пен «толықтылдық» деп аталатын білім сапасының түрлеріне «тереңділік» пен «әрекеттілік» сияқты түрлері қосылады [Н.Нұрахметов., К.Сарманова., К.Жексенбина, 2016, 216 б]. Сандық өлшемі – алғашқы жинаған бес баллға 4 балл қосылады. 9 балл = «4» бағасы журналға қойылады, егер оқушы келесі деңгейді меңгере алмаса.

**3-деңгей (9 балл+3 балл** (3 тапсырма үшін) **=12 балл)**

*Теория бойынша «Жинақтау».* Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясына» жазған жауабын кеңейтіп, тақырыпты кеңейту мақсатында беріледі.

*1-тапсырма. Кестені толтырыңдар.*

| Қасиеттері | Оттек |
|---|---|
| 1. Жалпы сипаттама | O2 , IV т.А.топ, O(II),№8,Ач(O)=16 , бейметалл |
| 2. Табиғатта кездесуі | Жер қыртысында 49%; Ауаның құрамында 21%<br>Адам ағзасында 65% |
| 3. Физикалық қасиеттері | Жер бетіндегі көптеген қосылыстардың құрамында кездеседі.Түссіз, иіссіз, суда нашар ериді, ең жеңіл газ, күн жүйесі планетасының 92% сутек атомы құрайды. |
| 4. Химиялық қасиеттері | Оттек барлық металл, бейметалл элементтерімен әрекеттеседі, жануды қолдайды, тотығу процесіне қатысады |

*Практика. «Баға беру»:*

2-тапсырма. Бүгінгі сабақтан не алдыңдар? Реакция теңдеулері арқылы нені байқадыңдар?

Ж: 1.Металлдар *оттекпен* әрекеттесіп, метал оксиді түзеді.

2. Бейметаллдар *оттекпен* әрекеттесіп, қышқылдық оксид түзеді.

3. Кейбір екідайлы металлдар *оттекпен* әрекеттескенде, екідайлы оксид түзеді.

3-тапсырма. Оттек туралы алған білімдеріңді жинақтап, төмендегі сызбанұсқа негізінде шағын эссе жазыңдар.

*3-нәтиже:* Үшінші деңгейдің нәтижесі (түбегейлі көзделген нәтиже): алғашқы екі деңгейде жинаған 9 баллға 3 балл қосылады. 12 балл = «5» бағасы журналға қойылады. Оқушының білім сапасы білім стандарты көлемінде «дұрыс», «толық», «әрекеттілік» пен «тереңділік»-ке «жүйелілік» пен «саналылық» қосылып, барлығының жиынтығы «берік» білім болып саналады [Бабанский Ю.К.,1989, 192 с.].

Оқушылар II-кезеңде топтық жұмыс үстінде бірін-бірі жақсы зерттеп, өз-ара адал қызмет етуге ұмтылады, бейімделеді, дискуссия барысында тілдері дамиды, үлгерімі төмен оқитын оқушылардың жолдастарының алдында жауапкершілігі арта бастайды, бірте-бірте бойындағы қабілетіне қарай тиісті деңгейіне көтеріліп, қатарға қосылып кетеді. Ең бастысы, әр оқушының, аз дегенде, бір пәнге болса да, қызығушылығы оянады. Мүлде қабілетсіз бала болмайтыны баршамызға аян ғой; олардың функцияналдық сауаттылығын дамыту, барлық оқушыларды ерте кәсіби бағдарлау (орта буыннан бастап) мәселелері шешіледі. Жоғарғы төртінші деңгейде жүрген оқушылар, яғни, лицей, гимназия материалдарын, олимпиадалық тапсырмаларды, әр тақырып бойынша жылдың соңында қорғалатын ғылыми жобалардың фрагменттерін орындай алатын белсенді, озат оқушылар үшін мұғалімнің басшылығы олардың өзін-өзі басқаруына ауысады. Сөйтіп дарынды оқушылардың бойындағы қабілеті ашылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Дәстүрлі оқытуда мектептерде орын алып жүрген төмендегідей көкейтесті мәселелер шешімін табатынын айтуға болады:

1) *оқушылардың білім сапасы олардың қабілетіне сәйкес артады, әрбір пән бойынша мемлекеттік стандарт деңгейінің ең аз қажетті көлемін (1-деңгейде) 100 пайыздық үлгеріммен қамтитынына кепілдік алады*

*2)әр бағыттағы бағдарламада анықталған пәндер бойынша қабілетті балалар дер кезінде анықталынып, дами алады, себебі өзіне қызықты, қабілеті жететін пәндерден мектепте орындап бастаған деңгейлік тапсырмаларды жоғары деңгейлерге дейін үйде аяқтап келу мүмкіндігіне ие болады. Басқа пәндерден қалауы бойынша 1-деңгей тапсырмаларын ғана орындап отырса, жеткілікті. Өйткені, мұндай тапсырмалар ГОССО талаптарына сәйкес «міндетті» деңгейге, қалған келесі 2-4 деңгейлер – «мүмкіндік» деңгейлеріне жатады. Сол арқылы артық жүктемені жою мәселесі шешімін табады;*

*3) оқу жетістіктерінің диагностикасы және мониторингісі оқушы білімін бағалаудың әділдігін қамтамасыз етеді.*

Сонымен, мақалада химия пәні бойынша оқыту үдерісінде деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелері ұсынылды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сергеева Е.В., Чандра М.Ю. Современные технологии оценки учебных достижений обучающихся: учебное пособие. Волгоград: ПРИНТ, 2013. 115 с.

2. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М.: Азбуковник, 1999. 944 с.

3. Касымова Г.А. Педагогические условия формирования компетентности оценивания учебных достижений учащихся будущими учителями начальных школ: автореф. дис. . канд. пед. наук. Бишкек, 2014. 22 с.

4. Малыгин А.А. Адаптивное тестирование учебных достижений студентов в дистанционном

обучении: дис. канд. пед. наук. Москва, 2011. 183 с.

5. Калдыбаев С.К., Байтуголова Ж.А. О понятии «учебные достижения студентов» и его связи с другими смежными понятиями//Современная высшая школа: инновационный аспект. 2015. №3. С. 8–16.

6. Матросова Е.А. Актуальные формы контроля в профессиональной подготовке студента колледжа // Молодой ученый. 2018. №1 (187). С. 136–138.

7. Болонский процесс в России: история и современность. Национальный офис Erasmus+ в России. М., 2017. 44 с.

8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика. – 1989. – 192 с.

9. Кобдикова Ж.У. «Үшөлшемді әдістемелік жүйе (ҮӘЖ)» нәтижеге бағытталған білім берудің тиімді механизмі, -Алматы, 2019, 112б

10. Поташник М.М. Ямбург Е.А. и др. Управление качеством образования. – М.: Педагогические общество России. – 2000. – 448 с.

11. Белкин А.С. Білім мониторингі. – М.: – 1981.

12. Савельев А.Я., Зуева В.М., Галаган А.И., Джалалов С. М. Прогнозирование развития и мониторинг состояния высшего и среднего профессионального образования: Теория, методология, практика/ НИИ высшего образования. 1999. 192 с.

13. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңы, 2007 жыл, 27 шілде.

14. Выготский Л.С. Развитие высших психических функций. – М.: Изд-во АПН РСФСР. – 1960. – 500с.

15. Караев Ж.А, Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. – Алматы, 2018 г. – 480 стр., ISBN 978-601-275-750-7

16. Н. Нұрахметов, К. Сарманова, К. Жексенбина. Химия (оқулық) 8 класс. Алматы.: «Мектеп», 2016. – 206 б.

17. Бабанский Ю.К. Как оптимизировать процесс обучения. –М.: Педагогика. – 1989. – 192 с.



**Кобдикова Жанартай Уажитовна,**
п.ғ.д., доцент,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: zhuk53@mail.ru

**Журынова Фарида Темирхановна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: afarida_temir_khan@mail.ru

# ҮШ ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

**Аннотация:** орта білім беру жүйесінде саралап оқытуды ұйымдастыру мәселелері, сондай-ақ үш деңгейлік тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасын арттыру мүмкіндіктері қарастырылады. Әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды құрастыру критерийлері және олардың сапасын өлшеу механизміанықталды. «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» оқыту технологиясының талаптары негізінде критериалды бағалау жүйесі бойынша толтырылған құжаттардың үлгілері ұсынылды. Олар:«Ашық журнал», оқушылардың оқу жетістіктерінің рейтингі, оқушының күнделігі және оның даму траекториясын көрсететін мониторинг.

**Түйінді сөздер:** саралап оқыту, оқу жетістіктерінің сапасы, оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі, «Ашық журнал», рейтинг, мониторинг.

**Аннотация:** рассматриваются вопросы организации дифференцированного обучения в системе школьного образования, а также возможность повышения качества учебных достижений учащихся посредством применения трехуровневых заданий. Определены критерии составления разноуровневых заданий и механизм измерения их качеств. Представлены образцы документов, заполненных по критериальной системе оценивания на основе требований технологии «Трехмерная методическая система» обучения. Это «Открытый журнал», рейтинг учебных достижений учащихся, дневник ученика и мониторинг, отражающий траекторию его развития.

**Ключевые слова:** дифференцированное обучение, качество учебных достижений, трехмерная методическая система, «Открытый журнал», рейтинг, мониторинг.

**Abstract:** the article deals with the organization of differentiated education in the school system, as well as the possibility of improving the quality of educational achievements of students through the use of three-level tasks. Criteria for creating multi- level tasks and a mechanism for measuring their qualities are defined. The article presents samples of documents filled in according to a criteria-based assessment system based on the requirements of the «three-Dimensional methodical system» technology of training. These are «Open journal», rating of educational achievements of students, a student's diary and monitoring that reflects the trajectory of his development.

**Keywords:** differentiated training, quality of educational achievements, three-dimensional methodological system of training, "Open journal", rating, monitoring.

Ұлттық білім беру жүйелерінің әлемдік білім беру қауымдастығына белсенді интеграциясы оқушының тұлғалық өсуіне және дамуына ерекше орын беретін мектеп білімінің рөлін айтарлықтай күшейтуді білдіреді. Барлық заманауи білім берудің, сонымен қатар мектептегі білім берудің басты міндеті – оқушылардың өзіндік ойлау дағдыларын қалыптастыру, тривиалды емес шешімдер қабылдау, жаңа білім алу бойынша үнемі жұмыстану. Бұл жағдай мұғалімдерді оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын іздеуге және қолдануға мәжбүр етеді [Валеева, Г.Ф., 2015, 45-56 с.].

Бүгінгі таңда көпдеңгейлі білім беруге, басқаша айтқанда оқытудағы саралау амалына бүкіл әлемдегі бірқатар зерттеушілер (Бухаркина М.Ю., Дмитренко Т.А., Гузеев В.В., Полат Е.С., Цатурова И.А., Шанк С.С., Террил Л.Р., Вригли Х.С., Белл Дж., Бурнаби Б., Буричтер А.В., Гуглиелмино Л.М., Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У.) көп көңіл бөледі.

Көпдеңгейлі оқыту дегеніміз «әр оқушының қабілеті мен жеке ерекшеліктеріне байланысты оқу материалынбазалық деңгейден төмен емес, әр түрлі деңгейде меңгеруіне мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастыру. Бұл жағдайда оқушының қызметін бағалау критерийі ретінде оның осы материалды меңгеруге және шығармашылықпен қолдануға жұмсаған күш-жігері қабылданады» [Гузеев, В.В. 2000, 198 с.].

Көпдеңгейлі оқыту құрылымында әдетте үш

деңгей көрсетіледі: ең *төменгі (базалық) бірінші деңгей* немесе А деңгейі; *бағдарламалық және күрделенген* екінші деңгей немесе В деңгейі; *шығармашылық үшінші деңгей* немесе С деңгейі [Гузеев В.В., 2004, 167 с.].

Бірінші деңгей ғылымның логикасын сақтайды және пән туралы қарапайым, бірақ дұрыс және толық түсінік алуға мүмкіндік береді . Екінші деңгей біріншісін кеңейтеді және қайта оқуды талап етпей, оның мазмұнын, тереңдігі бойынша байытады. Үшінші деңгей мазмұны бойынша да, тереңдігі бойынша да екіншісін кеңейтеді және байытады. Бұл мемлекеттік стандарттарда көзделмеген қосымша ақпаратты енгізу арқылы жүзеге асады [Демидова С.И., 1985, 192 с.].

Сонымен қатар «ішкі» және «сыртқы» саралауды ажыратамыз. Ішкі саралау дегеніміз – бұл деңгейлік тапсырмалар арқылы, әр пән бойынша оқушылардың осы пәнге деген қабілеттерінің деңгейін анықтау [Епишева О.Б., 2014, 136 с.].

«Сыртқы» саралау дегеніміз, жоғарыда аталған «ішкі» саралау негізінде әр пәнге деген қабілеті жоғары оқушыларды іріктеу болып табылады. Сонда, мысалы, математикаға өте қабілетті оқушылар гуманитарлық бағыттағы пәндерден орташа нәтиже көрсетуі әбден мүмкін. Сол сияқты, гуманитарлық бағыттағы пәндерден жоғары жетістіктерге ие оқушылар жаратылыстану бағытынан орташа білім көрсетуінің ешсөгісі жоқ [Кобдикова Ж.У., 2014, 11 б].

Айта кету керек, көп деңгейлі тапсырмаларды оқушыларға біртіндеп орындатудың тиімділігі олардың ақыл-ойының даму ерекшеліктерін (есте сақтау, ойлау, қабылдау, олардың эмоционалды сферасын реттеу қабілеті) және олардың белгілі бір пәнге дайындық дәрежесін ескере отырып қамтамасыз етілетіндігінде.

«Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясының талаптары негізінде оқушы бойында қалыптасқан құзыреттілік деңгейлерін критериалды бағалау сабақтың соңғы кері байланыс кезеңінде жүргізіледі [Паламарчук В.Ф., 1987, 208 с.]. Барлығы 45 минуттың соңғы 12 минуты деңгейлік тапсырмаларды орындауға және +3 минут сабақтың қорытындысын шығаруға арналады. Қалған тапсырмаларды оқушылар үйде жалғастырып орындайды. Сынып журналына тақырып бойынша қорытынды баға келесі сабақтың басында қойылады.

Сабақтың соңында өтетін үшінші кері байланыс кезеңі үш деңгейлік тапсырмалардан тұрады. Олар екінші кезеңнің топтық жұмысы барысында меңгерілген тапсырмалар. Әр меңгеру деңгейінің критериіне сай іріктелінген және сәйкесінше, әр тапсырманың өлшем бірлігі анықталады. Оларды біртіндеп орындау арқылы әр оқушы тақырып бойынша алған білім, біліктілігін дәлелдеп, қабілетіне қарай тереңдетеді және қалыптасқан құзіреттілік деңгейін 12-ұпайлық рейтинг жүйесімен (балл жинату арқылы) әділ бағалайды.

1-деңгей – оқушылық (өнімсіз – репродуктивтік деңгей: мемлекеттік стандарттың ең аз қажетті көлемін қамтиды). Бұл деңгейде оқушылар репродуктивтік әрекеттер жасайды: екінші кезеңде қарастырылған ұғымдарды, түсініктерді, аксиомаларды, даталарды, т.б. фактілер, ақпараттарды білу талап етіледі. Қойылатын сұрақтар түрі: не? қашан? қайда? қалай? ... құрылымы қандай?, аяқта, толықтырып жаз. т.с.с. Демек, бұл деңгейде оқушының теориялық тапсырмаларды орындау барысында оның тек ақпараттық мәні бар білімі анықталады. Екінші кезеңдегі бекіту тапсырмаларының үлгісі бойынша берілген практикалық тапсырмаларды орындау арқылы біліктілік деңгейі бағаланады.

Жұмысты барлық оқушы міндетті түрде 1-деңгей тапсырмаларын орындаудан бастайды. 1-деңгейге баға бірден қойылмайды, «сынақтан өтті», «сынақтан өтпеді» деп бағаланады. «Сынақтан өтпеді» деген ұғымның екіліктен айырмашылығы, сынақты қайтадан тапсыруға болады. 1-деңгейдің барлық тапсырмасы дұрыс орындалған жағдайда сынақ тапсырылған болып саналады. Тәжірибе дәлелдегендей, «сынақ» арқылы үлгерімі төмен оқушылар мемлекеттік стандарттың ең аз қажетті көлемін меңгеріп, екіліксіз оқуға кепілдік (мүмкіндік) алады. Бір мәрте міндетті деңгейден өткен соң, олар алға ұмтылады, бойларында оқуға ынта, өз күшіне сенімдік пайда болады.1-деңгейде қалыптасқан құзіреттілік өлшемі – «қанағаттандырарлық»: 5 балл = «сынақтан өтті» = «3» журналға қойылады, егер келесі деңгейлерді меңгере алмаса. Бұл деңгейде оқушының білім сапасының түрі «дұрыс», «толық» деген анықтауышпен бағаланады.

2-деңгейде оқушылардан: 1-деңгейде меңгерген ақпараттық білімдерінің *(оқушының 1-деңгейде берген әр жауабының)* себеп-салдарын анықтайтын тапсырмаларды орындау талап етіледі: оларды сыни тұрғыдан ұғыну, оқу материалын талдау іскерлігі, білімді салыстыру арқылы мәтіннің негізгі ойын бөліп шығару әрекеттері бағаланады. Тапсырмаларда қолданылатын «неге?», «неліктен?», «себебі?» сияқты сұрақтар бірінші деңгей тапсырмаларының жауаптарына қойылады және «түсіндір» «бірнеше тәсілмен шеш», «салыстыр», т.с.с. басқа да тапсырмалар беріледі. Бұл ретте оқушының танымдық қызметіне оқу материалын өзгерту, түрлі жағдайда қолдана білуі (екінші деңгейде қалыптасатын біліктілігі) бағаланады. 2-деңгейде қалыптасқан құзіреттілік өлшемі – «жақсы»: алғашқы жинаған 5 баллға + 4 балл = 9 балл = «4» деген баға журналға қойылады, егер келесі деңгейді меңгере алмаса. Оқушының білім сапасына 1-деңгейдегі «дұрыс» пен «толық»-қа «әрекеттілік» пен «тереңділік» сияқты білім сапасының түрлері қосылады.

3-деңгейде оқушылар танымдық-ізденушілік сипаттағы, білімнің қорытындылауына бағыт-

талған тапсырмаларды орындайды. Тапсырмалар түрі: «өз шешіміңді тап», «алгоритм құр», «жүйеле», «анықтама, қорытынды шығар». Алғашқы екі деңгейде жинаған 9 баллға + 3 балл =12 балл = «5» бағасы журналға қойылады. Білім сапасы «дұрыс», «толық», «әрекеттілік» пен «тереңділік»-ке «жүйелілік» пен «саналылық» қосылып, барлығының жиынтығы «берік» білім болып саналады. Нәтижесінде, үш деңгейдің тапсырмаларын біртіндеп орындау барысында оқушылар зерттеушілік әдісарқылы білім стандарты көлеміндегі мазмұнды толық меңгеріп, өмірде кездесетін жағдаяттарды шеше алатын болады.

4-деңгейдің тапсырмалары оқушылардан зерттеу әдістерін пайдаланып, білімдерін қалыптан тыс (стандарттан жоғары) шығармашылық жағдайында өз бетімен қолдана білуін талап етеді (олимпиадалық тапсырмалар, реферат жазу, ғылыми жобалар қорғау, т.б.). Олар стандарттан жоғары болғандықтан, өздері бөлек 12 балдық жүйемен бағаланады. Бұл жағдайда оқушы мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға айналады. Демек, мектеп түлектерінің әрқайсысы барлық пәннен екіліксіз оқуға (1-деңгейдің сынағынан міндетті түрде өткізу арқылы) және жеке басының қабілетіне сәйкес, «жоқ» дегенде, бір бағытта «өмір бойы білім ала алатын тұлғаға» айналуына кепілдік бар.

Сабақ соңында мұғалім әр деңгей тапсырмасының дұрыстығын тексергеннен кейін, тақтада ілініп тұрған «Ашық журналға «+» белгісін оқушылардың өздеріне қойғызып отырады (1-кесте).

| *Оқушылардың аты-жөндері* | *I деңгей Барлығы 5 балл* | | | | | *II деңгей Барлығы 4 балл* | | | | *III деңгей Барлығы 3 балл* | | *Сыныпта жинаған балы* | *Үйде* | *Барлық балл* | *Баға* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | | | | |
| Айтжанов Бекзат | + | + | + | + | + | v | - | - | - | - | - | 5 | 1 | 6 | 3 |
| Арысбаев Елдар | + | + | + | + | + | v | v | v | v | - | - | 5 | 4 | 9 | 4 |
| Артықбай Азамат | + | + | + | + | + | v | v | v | v | - | - | 5 | 4 | 9 | 4 |
| Бектеміс Сымбат | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Байралы Жанель | + | + | + | + | + | v | v | v | v | v | - | 5 | 5,5 | 10,5 | 4+ |
| Жолаева Ақбота | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Жандарбекұлы Мухамедали | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Молдаханов Азамат | + | + | + | + | + | + | v | v | v | - | - | 6 | 3 | 9 | 4 |
| Омарова Риза | + | + | + | + | + | v | v | v | - | - | - | 5 | 3 | 8 | 3+ |
| Ташева Сымбат | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Төлегенова Інжу | + | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | 9 | 3 | 12 | 5 |
| Еркебай Алишер | + | + | + | + | + | v | v | v | - | - | - | 5 | 3 | 8 | 3+ |

Кесте 1 – Алгебра пәні бойынша 11 – сыныптың «Ашық журналы». Тақырыбы: *Көрсеткіштік теңдеулер күні: 23.12.2019 («+» – сыныпта , «V» – үйде орындалған тапсырмалар)*

Мұндай журнал оқушылар бойында оң бәсекелестіктің қалыптасуына және әрбір оқушының өз білім деңгейін әділ бағалауына ықпал етеді, әрі мұғалім бұл журнал арқылы сабақ соңында оқушылардың жаңа тақырыпты меңгеру деңгейі туралы қорытынды жасайды, бірақ соңғы сөз (қорытынды бағалау) келесі сабақтың басында айтылады. Себебі, сыныпта үлгірмеген тапсырмаларды әр оқушы үй тапсырмасы ретінде үйде жалғастырып орындайды. Демек, үй тапсырмасы төрт деңгейлік тапсырмалармен қамтылады.

Ашық журнал нұсқасы мұғалімде электрондық журнал түрінде сақталады. Ол үнемі қол астында болады және әрбір оқушы жетістігінің көрсеткішін қадағалау арқылы үлгермей жатқан оқушыларға дер кезінде көмек көрсету үшін қажет. Оған балл түрінде және дәстүрлі баға түрінде әр оқушының әр тақырыпты меңгеру көрсеткіштерін келесі сабақтың басында, үй тапсырмасының нәтижесін ескере отырып тіркейді. Қажет болса, оқушылардың рейтингісін бақылап отыруға болады (Кесте 2).




Кесте 2 – Сынып оқушыларының «*Көрсеткіштік теңдеулер*» тақырыбы бойынша оқу жетістіктерінің рейтингісі

Оқушылар да әр тақырып бойынша өз жетістіктерін күнделігіне белгілеп отырады.Оның құрылымы 1-кестеде берілген «Ашық журналдың» құрылымына сәйкес келеді. Мысалы, 3-кестеге назар аударыңыз.

Кесте 3 – М. Омаровтың күнделігі

| Баллдар / Оқушы аты-жөні | 1-ші деңгей 5 балл | | | | | 2-ші деңгей +4 балл | | | | 3-ші деңгей +3 балл | | Сыныпта жинаған балы | Үй жұм. балы | Бар-лық балл | Ба-ға-сы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 | 3 | 4 | 1 | 2 | | | | |
| **I тарау** №1 тақырып: **«Теңдеулер»** | + | + | + | + | v | - | - | - | - | - | - | **4б. "с/өтп"** | 1б. | 5б. | "3" |
| №2 тақырып **«Логикалық ой-есептері»** | + | + | + | + | v | - | - | - | - | - | - | **4б. "с/өтп"** | 1б. | 5б. | "3" |
| №3 тақырып **«Теңдеулер жүйесін шешу тәсілдері»** | + | + | + | + | v | v | - | - | - | - | - | **4б. "с/өтп"** | 2б. | 6б. | "3+" |
| №4 тақырып **«Көрсеткіштік теңдеулер»** | + | + | + | + | + | v | v | - | - | - | - | **5б. "сын"** | 2б. | 7б. | "3+" |
| №5 тақырып **«Көрсеткіштік теңдеулер жүйесі»** | + | + | + | + | + | + | + | v | v | - | - | **7б.** | 2б. | 9б. | "4" |
| №6 тақырып **«Логарифм, қасиеттері»** | + | + | + | + | + | + | + | + | v | v | - | **8б.** | 2,5б. | 10,5б. | "4+" |
| **Өзіндік жұмыс №1** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | + | - | **10,5б.** | - | 10,5б. | "4+" |
| **Коррекциялық жұмыс** | | | | | | | | | | - | - | | | | |
| **Бақылау жұмысы №1** | + | + | + | + | + | + | + | + | + | - | - | **9б.** | - | 9б. | "4" |
| **II тарау** | | | | | | | | | | | | | | | |
| 10 тақырып | | | | | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | | | | | |

Мұнда «+»-пен сыныпта орындалған, «v» белгісімен үйде орындалған тапсырмалар белгіленген.

Оқушы өз күнделігін және төменде берілген мониторингті мұғалім үй тапсырмасын тексергеннен кейін, келесі сабақтың басында өзі толтырып отырады.

**М.Омаровтың бір тараубойынша даму траекториясы (МОНИТОРИНГІСІ)**



Мұғалімнің күнделікті сабаққа дайындайтын үлестірмелік материалдарынаноқушының жұмыс дәптері құрылады және олардың жауабы жазылған кілт нұсқасы мұғалімнің қолында болу керек.

**Қорытындылай келе, «**Үшөлшемді әдістемелік жүйе»оқыту технологиясының басқа педагогикалық технологиялардан айрықша ерекшелігі – міндетті түрде III *кезең* –кері байланыс кезеңі ұйымдастырылады. Сабақтың I кезеңі – дайындық, II кезеңі – тақырыпты меңгеру кезеңдері. Үшөлшемділіктің мәні: әдістемелік жүйенің барлық компоненттерінің (*мақсат, мазмұн, әдіс-тәсілдер, формасы мен құралдарының)* үш деңгейде бір-бірімен иерархиялық байланыста болуында. Соның ішінде үш деңгейдің *мақсаттары* бірінен-бірі туындайды және біртіндеп жететін аралық үш *нәтижелері* белгілі бір *балл санымен, үш рет өлшенетіндей етіліп,* нақты қойылады. Әрбір деңгейдің мақсаттарына сәйкес, бірін-бірі толықтыратын, тереңдететін және күрделеніп отыратын деңгейлік тапсырмалар тізбегі іріктеледі.

III кері байланыс кезеңінде әр оқушы «қосу» әдісі арқылы балл жинайды (*үш деңгейдегі барлық тапсырмаларды біртіндеп орындау барысында*). Жинаған баллды мониторингке тіркеп отыру арқылы оқушының *үздіксіз даму траекториясы* құрылады. *Ашық журнал мен күнделіктегі* бағалар білім сапасының объективті көрсеткішіне айналады. Себебі, дәстүрлі оқытудақарапайым тапсырмаға да, күрделі тапсырмаға да, **дұрыс** орындалса болды – жаппай бестік бағасы қойыла береді, алоқытудың ҮӘЖ технологиясының талаптары бойынша баға тапсырмалардың күрделілік дәрежесіне сәйкес қойылады және оқушылар: *а) зерттеушілік әдіс арқылы өз бетімен білім алуға дағдыланады (сабақтың II кезеңінде); ә) міндетті түрде әр тақырып бойынша бағаланады*.

Ол үшін сабақтың соңында бірін-бірі толықтырып, тереңдетіліп, күрделеніп отыратын үш деңгейлік тест тапсырмалары орындалады. Орындау барысында оқушы қабілетіне қарай, оған сәйкес балл жинайды. Бірінші деңгейдің барлық тапсырмалары дұрыс орындалса 5 балл, екінші деңгей үшін 4 балл, үшінші деңгей үшін 3 балл қосылып, барлығы 12 балл жинаса, оның білім, біліктілік деңгейі «берік» деп бағаланады және ол дәстүрлі оқытудағы «бестік» бағасына сәйкес келеді. Мұндай әр оқушымен әр пәннің тақырыбы бойынша кері байланысты міндетті түрде жүргізіп, тиісті бағасын қою – оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясының айрықша белгісі және басқа технологиялардан артықшылығы болып табылады. **Нәтижесінде:**

*– әр оқушы барлық пәннен* ***екіліксіз оқуға кепілдік алады****;*

*– оқушының бір бағытта болса да қабілеті ашылады (қабілетсіз бала болмайды!);*

*– дарынды бала жан-жақты дамуға мүмкіндік алады;*

*– рейтинг жүйесі бойынша «қосу» әдісімен балл жинау арқылы оқуға деген қызығушылығы артады (квалиметрияляқ амал негізінде). ҮӘЖ технологиясы – денсаулық, психика сақтаушы технологиялар қатарынан табылады. Дәстүрлі бес балдық бағалау «азайту» амалымен жүргізіледі («бес» ала алмасаң – «төрт» немесе «одан да төмен баға қою» қағидасына сәйкес), оқушылардың жүйкесін тоздыратын, оқуға деген ынтасын жоятын «жазалау» әдісімен бағаланады);*

*– ҰБТ нәтижесі жоғары көрсеткіштер береді;*

*– түлектер кәсіби бағдарланады;*

*– өмір бойы өзіне қажетті білім ала алатын құзыретті тұлға қалыптасады.*

Сондықтан, үшөлшемді әдістемелік жүйе негізінде ұйымдастырылған *жаңа сипаттағы оқыту үлгісін барлық типтегі мектептерге* енгізу арқылы ауылдың да, қаланың да жалпыға бірдей орта білім беретін мектептері мен элитарлы мектептердің арасындағы айырмашылықтарды жою мәселесі шешімін табады: барлық оқушы барлық пәндерден бірінші деңгейдің тапсырмаларын толық орындап, «сынақтан өтуге міндетті» болғандықтан жүз пайыздық үлгерімге қол жеткізеді, яғни барлық оқушының ҰБТ-ның ең төменгі деңгейінен өтуіне кепілдік беріледі. Жеке басының қабілетіне сәйкес бағыттағы пәндерді *толық* және *терең* меңгеріп *жүйелі* түрдегі *берік* білім алуына қолайлы жағдай туады. Дарынды оқушылар барлық пәндерден төртінші шығармашылық деңгейден көрінетін болады. Сонда бір сыныпта гимназияның оқушысы да, лицейдің оқушысы да және дарынды оқушылар да бір-бірімен гармоникалық үйлесімде, олардың әрқайсысы өзінің қабілетіне қарай тиісті бағытта *терең* де *берік* білім алуына қолайлы жағдай туады және ең бастысы: әр оқушының, аз дегенде, бір пәнге болса да, қызығушылығы оянады. Қабілетсіз бала болмайды, сондықтан оқушының «ұйықтап» жатқан қабілетін «оятып» дамыту, және 5-6 сыныптан бастап барлық оқушыларды ерте кәсіби бағдарлау мәселелері шешімін табады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Валеева Г.Ф. Формирование учебно-исследовательской культуры обучающихся на основе задачного подхода/Г.Ф. Валеева//Вестник Башкирского гос. пед. ун-та им. М. Акмуллы. – 2015. – №4(36). – С. 45-56.
2. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология/В.В. Гузеев – М.: Народное образование, 2000. – С. 198-200.
3. Гузеев В.В. Образовательная технология XXI века: деятельность, ценности, успех/В.В. Гузеев//Центр «Педагогический поиск. Библиотека образовательных технологий». – М., 2004. – 5 с.
4. Демидова С.И. Самостоятельная деятельность учащихся при обучении математике сб. статей. – М.: Просвещение, 1985. –192 с.
5. Епишева О.Б. Что такое педагогическая технология/О.Б. Епишева//Школьные технологии. – 2004. – №1. –С. 26-27.
6. Кобдикова Ж.У. «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» оқыту технологиясы – білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы : педагог кадрларға арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы. «Арман-ПВ», 2014. – 111 бет.
7. Паламарчук В.Ф. Школа учит мыслить/В.Ф. Паламарчук. – М.: Просвещение, 1987. – 208 с.

**Курсабаева Бакыт Қыдырбайқызы,**
магистрант,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалқы Университеті

**Қуандыққызы Пазия,**
магистрант,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалқы Университеті

# БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘН САЛУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа:** Мақалада білім алушылардың орындаушылық және ән салу дағдыларын қалыптастыруды бағалау мәселелері қарастырылады. Білім алушылардың орындаушылық дағдыларын бағалаудың педагогикалық аспектілерін психофизиологиялық дүниетанымы мен эстетикалық көзқарасына сәйкес интерпретация жасау қабілеттері дамыған. Аспапта ойнаудың орындаушылық сапасын түрлі бағалаулар әдістемелері арқылы белсенді дамыту мен орындаушылық құралдарын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері басты назарға алынған.

**Кілт сөздер:** орындаушылық дағдылар, бағалау, бағалау әдістері, салыстыру, музыкалық шығармаларды талдау.

**Аннотация:** В статье рассматриваются вопросы оценки формирования у обучающихся исполнительских и вокальных навыков. У обучающихся развита способность интерпретировать педагогические аспекты оценки исполнительских навыков в соответствии с психофизиологическим мировоззрением и эстетическим отношением. Особое внимание уделяется методам активного развития исполнительских качеств игры на инструменте и рациональному использованию исполнительских инструментов.

**Ключевые слова:** исполнительские навыки, оценка, методы оценки, сравнение, анализ музыкальных произведений.

**Abstract:** the article deals with the assessment of the formation of students' performing and vocal skills. Students have developed the ability to interpret the pedagogical aspects of evaluating performance skills in accordance with the psychophysiological worldview and aesthetic attitude. Special attention is paid to methods of active development of performing qualities of playing an instrument and rational use of performing instruments.

**Keywords:** performance skills, evaluation, evaluation methods, comparison, analysis of musical works.

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңдегі білім беру кеңістігінде музыкалық аспапты меңгеру арқылы балаларды өнер әлеміне тарту үлкен маңызға ие. Балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде оқу процесі негізінде жатқан дамыта оқыту тұжырымдамасы аспапта ойнаудың орындаушылық дағдыларын қалыптастыра отырып бағалау баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуымен, оның ой-өрісін кеңейтумен, жалпы мәдени құндылықтарға баулумен, шығармашылық белсенділікті арттырумен байланыстырады.

Осыған орай, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің кезекті 2018 жылғы 5-қазанындағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін баса айтып, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – біз «өмір бойына жететін білім алу» моделінен «өмір бойы білім алып өту» моделін көшуге тиіспіз», – деп білім беру жүйесін жаңа талапқа сай жетілдіру, жаңартуды басты мәселелердің бірі екенін алға қойған болатын [Қазақстан халқына Жолдауынан 5 қазан 2018 ж.]. Жас ұрпақты білімді және өнерлі етіп тәрбиелеу, жалпы азаматтық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін жоғарғы деңгейге көтеру басты мақсат етіп қойылуда. Қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттері тек орындаушы ғана тәрбиелеу емес, көшбасшылық қасиетке, креативтік ойлау қабілетке ие шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Біздің еліміз егеменді ел болғалы ғылым мен мәдениетке жасалып жатқан шаралардың бәрі жастарға, жалпы азаматтық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін тұлғаны өз кезегінде дамып келе жатқан құбылмалы қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастырып, дамыту барысында музыкалық педа-

гогикада аспаптық орындаушылық мәселесіне көп көңіл бөлініп келген және қазіргі уақытта да солай болмақ.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі күні әр түрлі қабілеттері бар балалар білім алып, оларға әр түрлі талаптар қойылады. Білім алушылар үшін орындаушылық шеберлікке және ән айту дағдыларына қойылатын талаптар өсуіне байланысты нақты баға мен оқушының бағалау туралы ұсынысына сәйкес келмеуі орын алып жатады. Көптеген мұғалімдер музыка сабағында баға қоюда өз критерийлеріне сүйенетіні рас. Берілген тапсырмалар бойынша қателіктерін анықтай отырып алынған нәтижелерге байланысты өздерін өздері бағалайды. Осыған байланысты оқушылардың орындаушылық қабілеттерін және ән айту дағдыларын салыстырмалы бағалануы мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін орындаушылық дағды, іскерліктердің көрсеткіштерінің субъективтілігі мен объективтілігін біріктіре отырып, орындаушылыққа қойылатын талаптарды жүйелеу қажет.

Мектеп жасындағы балаларға аспапта ойнауды үйрету – педагогикалық мақсаттарға жетудің ең қолжетімді тәсілі болып табылады. Белгілі аспапты меңгеру оқушылардың мәдени деңгейін арттырады, оларға классикалық өнерге деген талғампаздығын шыңдайды, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға, өзін толыққанды, дара жеке тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік береді және сонымен қатар әлеуметтік кеңістікке кірігуіне жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында музыкалық мектеп жағдайында оқушылардың орындаушылық дағдыларын қалыптастырудың ғылыми ізденістері түрлі ғалымдар тарапынан жүргізіліп жатқандығын байқаймыз: скрипкада (Т.М. Антощенко), фортепианода (Т.К. Богданова, М.В. Ананьева, А.Е. Бабяк), трубада (Н.Л. Куров), виолончельде (С.В. Степанова), гитарда (М.А. Самохина, А.А. Скрынникова), домрада (Т.С. Филонова), флейтада (М.М. Новикова), жеке ән айту (Ю.В. Власова), т.б.

Педагог-музыканттардың арасында орындаушылық шеберлік пен ән айту дағдыларын қалыптастыру мәселесіне Г.П. Прокофьев [Прокофьев С.С., 1991, 285 с.], А.П. Щапов [Щапов А.П. Файл формата DJVU размером 20,70 МБ], О.Ф. Шульпяков [Щульпяков О., 2005, 36 с.] аса маңызды еңбектерін арнады. Г.П. Прокофьевтің «Орындаушы-музыкантты қалыптастыру» жұмысында «білік» ұғымына өз анықтамасын береді. «Бұл кітапта автор орындаушы шешетін көркем тапсырманың қозғалыс құрамының іскимылының нақты бағыныштылығын орындаушының іс-әрекет ету қабілеті деп атайды». Одан әрі ол пианист біліктерінің кешенін келтіреді: қол буындарының, иық буыны мен денесінің өзара әрекеттесуін, күш қуатын, осы күш қуатты қолдануын, аспаптың дыбысталуының басталуы мен уақытында тоқтатылуын, сипатын, амплитудасы мен жылдам қозғалысы. Бұл кешен автор орындалатын музыканы тыңдаушыларға жеткізумен, оны іске асыру білігімен кеңейтіледі.

Г.П. Прокофьевтің пікірінше, музыкант-педагог:

1) атқарушылық қызметтің табыстылығының кепілі болып табылатын білік кешенінің контурын анық елестету;

2) бұл кешенді үздіксіз құрылымдауда басқалармен салыстырғанда қандай да бір қабылдау деңгейі төмен оқушылармен іскерлік жұмыстарын уақытында бірінші жоспарға қою қажет, себебі бұл біліктердің әрқайсысы бір жақты дамуға бейім болуы мүмкін [Прокофьев С.С., 1991, 31 б].

Г.П. Прокофьев термині меңгеру тәртібі бойынша төрт бастапқы «дыбыс шығарушылық» дағдыларын төмендегідей топтайды:

1. Non legato ойын (байланыссыз дыбыстар);
2. Бір қолмен ұзақтығы әртүрлі дыбыстарды бір уақытта орындау;
3. Legato ойыны;
4. Кантилена [Прокофьев С.С., 1991, 32 б.].

А.П. Щапов «музыкалық мектеп пен училищедегі фортепианолық сабақ» жұмысында орындаушылық шеберлігі мен дағдылары музыкалық білім кешені негізінде қалыптасатынына ерекше назар аударады. Орындаушылық білімді жинақтау төмендегідей өрбуі (қалыптасуы) тиіс:

а) сөздің кең мағынасында «мәтіндік сауаттылық» саласында;

б) түсіндіру принциптері саласында (олардың әрқайсысы абсолютті «ереже» болып табылмайды, бірақ үлкен немесе кіші топтардың ұқсас жағдайларын жалпылау;

в) техникалық принциптер мен тәсілдер саласында;

г) өзіндік жұмыстың принциптері мен тәсілдері саласында;

д) музыкалық-теориялық білім саласында [Щапов А.П. Файл формата DJVU размером 20,70 МБ, 96 б.].

Басқа да музыка зерттеушілері сияқты А.П. Щапов та орындаушыларға қажетті шеберліктер мен дағдылардың тізбесін келтіреді. А.П. Щапов «алдын ала», «аралық» және «қорытынды» ойлаудың дағдысын, яғни әрбір тапсырманы саналы елестете отырып, оның орындалуы мен нәтижесін ұғыну дағдыларын көрсетеді [Щапов А.П. Файл формата DJVU размером 20,70 МБ].

Орындаушылық қызмет – бұл күрделі үрдіс, оны ұйымдастыру көбінесе педагогтің оқушыларды ұйымдастыру белсенділігі мен нәтижелі оқытуды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты. Бұл орындаушылық шеберлігі мен дағдыларын дамытуға тікелей назар аудару арқылы мүмкін. Орындаушылық дағдыларды қалыптастыру сананың жұмысын көркемдік және орын-

дау мәнерлілігіне ауыстыруға ықпал етеді, яғни музыкалық бейнені, орындалатын шығарманың мағынасын ашуға көмектеседі. Демек, орындаушылық шеберлік пен дағдылар кешенін анықтау, оларды дамыту және жетілдіру музыкант-орындаушыларды дайындау кезінде маңызды міндет болып табылады.

Орындаушылық дағдыларды қалыптастыру міндеттерін шешу оқушылардың психологиялық-педагогикалық қызметін талдауды талап етеді. Болашақ музыкантты тәрбиелеу үшін сезімталдық тәжірибесін жинақтау және дамыту, өнердің басқа түрлеріне сезімталдыққа және мәдени құндылықтарға баулу маңызды екені белгілі.

А.В. Петровскийдің сөздігінде «Дағды – қайталау жолымен қалыптасқан, игерудің жоғары дәрежесімен және жүйелі реттеу мен бақылаудың болмауымен сипатталатын әрекет» [Петровский А.В., 1982, 255 с.].

Жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды автор төмендегідей кезеңдерге топтастырады (Кесте ).

*Кесте 1 – Қозғалыс дағдыларының қалыптасу кезеңдері*

| № | Дағды түрлері | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1. | Болжамды | дағды бағдарламасының қалыптасуы: қозғалыстар жеке компоненттерге бөлінеді, сынама, бағдарлы қозғалыстар жүргізіледі, нақты дағды үшін қажетті ақпарат алынады |
| 2. | Аналитикалық | қозғалыстар жеке-жеке орындалады, әр қозғалыстың күшіне, көлеміне, ұзақтығына толыққанды талдау жүргізіледі |
| 3. | Синтетикалық | іс-әрекеттердің жекелеген элементтері бір бүтін болып біріктіріледі, қозғалыстардың тізбектелген жиынтығы кіретін жалпылама бейне қалыптасады; |
| 4. | Автоматтандырылған | артық қозғалыстар жойылады, әрекет процесі нәтиже беріп, қозғалыс ырғағы қалыптасады, оның қарқынының еркін реттелуі қалыптасады. |

Қалыптасқан дағдылар бір-бірінен оқшауланбаған, олар өзара іс-қимылға түседі: ескі дағдылар бір жағдайларда жаңа дағдыларды меңгеруге ықпал етеді (дағдылардың оң ауысуы), басқаларында-олардың біліміне кері әсер етеді(дағдылардың интерференциясы).

Аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру білім алушының музыкалық білімінің мәнін түсінуде кәсіби және сауатты тәсілге қол жеткізу құралы болып табылады. Аспапты меңгере отырып, оның орындаушылық мүмкіндіктерінің кеңдігін көрсете білу – педагогтың әдістемелік тәсілдерді шебер меңгеруіне байланысты.

Музыкалық аспапта ойнауды педагог әр оқушымен жеке сабақтар барысында жүзеге асырады. Сонымен қатар, орындаушылық шеберлікке оқыту ғана емес, сонымен қатар – оқушыны музыкант-суретші ретінде тәрбиелеу керек. Сыныпта музыкалық шығармада жұмыс істей отырып, мұғалім осы шығарманың сипатын, стилін, мазмұнын, формасын түсіндіреді, оқушының ырғағы мен мәнерлі сөз тіркесін, музыкалық есту мен қиял сезімін дамытуға ықпал етеді. Осылайша, мамандық бойынша педагог оқушының эстетикалық талғамы мен көркемдік талғамын қалыптастыруға үлкен әсер етеді.

Аспапта ойнауды оқытудағы маңызды роль мамандық бойынша сабақта оқушылардың орындаушылық іс-әрекетіне бөлінуі тиіс. Орындау барысында музыка шығару тәсілдерін меңгере отырып қажеттілік және шығармашылық деңгейі айқындалады. Егер орындаушылық өнер музыканы саналы және эмоционалдық қабылдауға сүйенген жағдайда ғана ол шынайы көркемдік деңгейге жетіп, бала тұлғасының әр түрлі жақтарын дамытуға қызмет ете алады

Музыкантты оқыту кезінде оның белсенділігі, бастамасы және дербестігі ерекше маңызға ие, себебі бұл орындаушының жеке мәліметтеріне негізделген күрделі орындаушылық дағдыларды меңгеру туралы сөз болып отыр. Сондықтан мамандық бойынша педагогқа оқытудың алғашқы қадамдарынан бастап өз оқушыларында музыкалық-орындаушылық міндеттерді өз бетінше шеше білуге тәрбиелеу қажет. Әрине, бұл ретте оқушының жеке ерекшеліктерін, жасын, «ұстанымдарын» ескеру керек және осыған сәйкес оған қандай да бір талаптар қою керек. Егер алдағы уақытта біз бастамашыл, шығармашылық адам мен музыкантты тәрбиелегіміз келсе, баланың ерік-жігері мен жеке ұмтылыстарын басуға болмайтынын атап кетуіміз қажет.

Оқу репертуары мазмұны, нысаны, стилі, фактурасы бойынша әртүрлі болуы тиіс. Оқушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейту үшін олармен жұмыстың аяқтаудың түрлі дәрежесіне мән бере отырып және міндетті түрде жатқа білуді талап ете отырып сыныпта оқитын шығармалардан басқа, оларды бір қатар және басқа да пьесалармен егжей-тегжейлі таныстыру керек. Алайда репертуар деңгейінің тым жоғары немесе тым төмен таңдалынуына жол бермеу керек.

Оқушының әуенді қабылдау қабілетін және оны дауыстап айту қабілетін тәрбиелеу арқылы

мәтінді алдын ала талдай білуге үйрету керек. Сыныпта жаңа музыкалық туындыны талдай отырып, педагог оқушының назарын шығарманың лад және метроритмикалық негізіне, штрихқа, аппликатураға және т.б. аударуы тиіс. Парақтан оқуға ұсынылған шығармалардың ішінде бағдарламада көзделген пьесалар ғана емес, сонымен қатар әр түрлі би музыкасы, танымал әндер мен т.б. болуы тиіс. Олардың дамуы үшін ансамбльдегі ойын да өте маңызды. Ноталық мәтінде тез бағыт- бағдар ала білу және парақтан оқу қабілеті көп жағдайда оқылатын шығармалардың саны мен әртүрлілігіне байланысты. Сондықтан қандай да бір пьесада ұзақ уақыт ойланып кідіріп қалмай, оқушыны көптеген жаңа мәтіндермен таныстыру керек.

Аспапта ойын дағдыларын дамыту барысында қолдың әр түрлі қимылдарын үйлестіру маңызды мәнге ие, өйткені әрбір қол әр түрлі міндеттерді орындайды. Қол қимылдарын үйлестіру дағдыларын дамыту аспапта ойнау өнерін меңгеруіне қарай бірте-бірте қалыптасады және оқушыдан үлкен көңіл бөлуді, орындаушылық тапсырманы анық көрсетуді, орындаудың көркем мақсатына көңіл бөлуді, тұрақты есту бақылауын, қимыл-қозғалыс сезімталдығын талап етеді. Баланы ойын тәсілдерін еркін орындау және мәнерлеп орындауға қол жеткізу үшін қажет күш-жігерді ғана қолдана отырып, өз қимылдарын басқаруға үйрету қажет.

Музыкалық орындау өнеріне оқытудың сипаты әр оқушының көркемдік түсініктерін, музыкалық қабілеттерін және дағдыларын дамытуға жеке көзқарас қажеттілігін анықтайды. Одан әрі, төменгі сынып оқушыларының мамандық бойынша қазіргі уақытта БММ-да қабылданған бағдарламаға сәйкес сабақтарда қандай іскерліктер мен дағдыларды игеруі тиіс екендігін тоқталайық. Орындаушылық дағдыларды табысты дамыту үшін оқушы ең алдымен дұрыс қойылым – отырысты, қол қоюды және қозғалыстарды еркін үйлестіруді меңгеруі қажет. Қобызда оқытуды әрбір қолдың қарапайым дағдыларын жеке меңгеруден бастаған жөн. Бірінші жарты жылдықта I позицияны меңгеруге назар аудару керек саусақтардың ішек бойында орналасуында (үлкен секунданы қамту), одан кейін кең орналасуын зерттеуге көшуге болады (үлкен терцияны қамту). Бірінші жартыжылдықтың соңында техниканың негізгі элементтерінің бірі ғана емес, сонымен қатар мәнерліліктің маңызды құралы болып табылатын IV позицияны меңгеру, позиция ауыстырудағы бастапқы дағдыларын үйрену мүмкін. Оқудың бірінші жылы ішінде оқушы ноталарды скрипка кілтімен оқуды, қарапайым динамикалық, штрихты және аппликатуралық белгілерді меңгеруі тиіс. Штрихтердің қарапайым түрлері: толық деташе және оның бөліктері: екі және төрт ноталы деташе, аралас штрихтерге, ішектен ішекке өту түрлері меңгеріледі. Оқу жылы бойы оқушыларды парақтан оқуға дайындау жүргізіледі. Бір жыл ішінде бірінші сынып оқушысы үш-төрт мажорлы және минорлы гамма мен бір октавада үш дыбыстылық; екі октавада бір-үш гамма; 10-12 этюд; 8-10 күрделі емес әртүрлі сипаттағы пьесаларды пысықтауы тиіс.

Сабақ барысында педагог оқушының техникалық және көркемдік дағдыларының үйлесімді дамуына қол жеткізуі керек. Техника бойынша жұмыс үнемі орындалатын музыканың көркемдік ойының шынайы жеткізілуіне негізделуі тиіс. Осылайша, позициядан позицияға ауысу тәсілдерін музыкалық шығармаларды зерттеу кезінде көркемдік міндеттерге байланысты жетілдіру қажет. Оқушылардың техникалық тәсілдерге саналы көзқарасын, өздері қызмет ететін көркем мақсат туралы анық түсінігін дамыту қажет.

Оқу репертуары мазмұны, нысаны, стилі, фактурасы бойынша әртүрлі болуы тиіс. Оқушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейту үшін олармен жұмыстың аяқтаудың түрлі дәрежесіне мән бере отырып және міндетті түрде жатқа білуді талап ете отырып сыныпта оқитын шығармалардан басқа, оларды бір қатар және басқа да пьесалармен егжей-тегжейлі таныстыру керек. Алайда репертуар деңгейінің тым жоғары немесе тым төмен таңдалынуына жол бермеу керек.

Жұмыстың маңызды бөлімдерінің бірі бастауыш сынып оқушыларының музыкалық ансамбльдер мен оркестрлерде ойнау үшін қажетті ноталарды парақтан оқу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушының ноталық мәтінде өз бетінше және сауатты оқу қабілеті аспапты меңгеру процесін айтарлықтай жандандырады, сондай-ақ музыкалық ой-өрісін кеңейту үшін қажетті жағдай жасайды. Сондықтан парақтан оқу дағдыларын дамыту және ішкі есту қабілетін тәрбиелеу оқытудың бірінші жылынан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Оқушының әуенді қабылдау қабілетін және оны дауыстап айту қабілетін тәрбиелеу арқылы мәтінді алдын ала талдай білуге үйрету керек. Сыныпта жаңа музыкалық туындыны талдай отырып, педагог оқушының назарын шығарманың лад және метроритмикалық негізіне, штрихқа, аппликатураға және т.б. аударуы тиіс. Парақтан оқуға ұсынылған шығармалардың ішінде бағдарламада көзделген пьесалар ғана емес, сонымен қатар әр түрлі би музыкасы, танымал әндер мен т.б. болуы тиіс.

Аспапта ойнау дағдыларын дамыту барысында қолдың әр түрлі қимылдарын үйлестіру маңызды мәнге ие, өйткені әрбір қол әр түрлі міндеттерді орындайды. Қол қимылдарын үйлестіру дағдыларын дамыту аспапта ойнау өнерін меңгеруіне қарай бірте-бірте қалыптасады және оқушыдан үлкен көңіл бөлуді, орындаушылық тапсырманы анық көрсетуді, орындаудың көркем мақсатына көңіл бөлуді, тұрақты есту бақылауын, қимыл-қозғалыс сезімталдығын та-

лап етеді. Баланы ойын тәсілдерін еркін орындау және мәнерлеп орындауға қол жеткізу үшін қажет күш-жігерді ғана қолдана отырып, өз қимылдарын басқаруға үйрету қажет.

Музыкалық орындау мәнерлілігі ең алдымен дыбысталу сапасына байланысты. Мәнерлі дыбыстың негізгі қасиеттері: түсініктілігі мен тазалығы( дыбыста шулы қоспалардың болмауы), әуезділігі, forte және piano қарқындылығы, шарықтау деңгейі, әдемілігі. Қобызда «вибрато» тәсілі – ән айту кезіндегі сияқты сол қолдың тербелмелі қозғалыстарын қолданумен ойнаған кезде аспапқа әдемі әуезділік беретін тәсіл. Аспапта дірілсіз алынған дыбыс суық, сезімсіз болып естіледі, ал діріл оған қажетті пульсация, әдемілік және жылылық береді.

Мәдени қарым-қатынас дағдыларын дамытуда оқушылардың орындаушылық және ән айту дағдыларын бағалау жүйесі ерекше мәнге ие. Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрі бұл жүйені *критериалды* деп атады. Дәстүрліге қарағанда бағаланатын параметрлер критерийлерге бөлінеді. Әрбір критерийде білім, білік, дағды, сонымен қатар, әрекеттік көрсеткіштер ажыратылады. Бағалау жүйесі ағымдық, қалыптастырушы және қорытындыға бөлінеді. Оқушы тоқсанның аяғында немесе жарты жылда «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлыққа» бөлінетін балдардың қандай да бір қосындысын алады. Өзіміз көріп отырғандай, бағалаудың осындай түрінде оқушы өзін көрсетуге зор мүмкіндік алады. Оқушы і-әрекетте бағаланады, бұл оның мәдени қарым-қатынасты бағалауда маңызды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Алайда, оқытудың бастапқы кезеңінде бұл қабілеттілікті дамытуға әрқашан тиісті көңіл бөлінбегендіктен кемшіліктердің байқалатын сәті туындайды. Бастапқы оқытудың бұл кемшіліктердің орнын толтыру өте қиын. Демек, оқытудың бастапқы кезеңінде оқушының көркемдік-образдық ой-өрісін дамыту барысында адекватты мәнерлілік құралдарын меңгеру қажет. Аспаптың дыбысталу мен даму сипатының қозғалыстық өзара тәуелділігін бала түсінуі тиіс.

Осылайша оқытудың дидактикалық принциптері мен әдістері оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі және мұғалімге осы үдерісті іс жүзінде жүзеге асыруға көмектесуі қажет. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың қобызда ойнауға оқытуда қолданылатын талданған принциптер мен әдістер музыкалық оқыту процесінің заңдылықтары мен талаптарына жауап беретіні анықталды. Көркем шығарма және этюд материалдарын оқу бастауыш сынып оқушыларының көркемдік-бейнелік ойлауын дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Музыка арқылы әлемді түрлендіруге болады. Оқушыларға музыкалық өнерге деген қызығушылықты жүйелі түрде дамыту – олардың эмоционалдық, шығармашылық қабілеттерін байытуға бағытталған баланың тұлғасын қалыптастырудың тиімді жолы.Шыдамды, ақылды, сабырлы, сыпайы және еңбекқор педагог әрдайым оқушымен бірлескен еңбектің арқасында жеңістер мен жеңілістерді бастан өткізе отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қ.Р. Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауынан 5 қазан 2018.
2. Прокофьев С.С. Прокофьев о Прокофьеве. Статьи и интервью/Сост., ред. и комментарии В.П. Варунца. — М.: Советский композитор, 1991. — 285 с. — ISBN 5-85285-219-8.
3. Щапов А.П. Фортепианный урок в музыкальной школе и училище. Файл формата DJVU размером 20,70 МБ Добавлен
4. Щульпяков О «Работа над художественным произведением и формирование музыкального мышления исполнителя» издательство СПб.: Композитор• Санкт-Петербург, 2005. — 36 с.
5. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. — М.: Политиздат, 1982. — 255 с.

**Қарабаева Айнұр Қабділхалыққызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Оспанбекова Маржан Калиевна,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Мақалада жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім алушылардың оқу жетістіктерін өлшеу әдістері мен қалыптастырушы бағалауды қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Жаңартылған білім беру мазмұнына қатысты оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бүгінгі күні маңызды болып отыр. Өалыптастырушы бағалау оқушылардың білім сапаларының артуына септігін тигізеді.

**Кілт сөздер:** жаңартылған білім беру мазмұны, қалыптастырушы бағалау, заманауи білім, жаңғыру, бағалау.

**Аннотация**. В статье рассмотрены особенности применения формирующих оценок и методов измерения учебных достижений обучающихся в условиях обновленного содержания образования. В связи с обновленным содержанием образования организация учебно-воспитательного процесса на сегодняшний день имеет важное значение. Формативное оценивание способствует повышению качества знаний учащихся.

**Ключевые слова:** обновленное содержание образования, формативное оценивание, современные знания, модернизация, оценка.

**Annotation.** The article considers the features of using formative assessments and methods of measuring educational achievements of students in the conditions of updated educational content. In connection with the updated content of education, the organization of the educational process is important today. Formative assessment helps to improve the quality of students' knowledge.

**Keywords:** updated content of education, formative assessment, modern knowledge, modernization, assessment.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Тұңғыш президентіміз, Елбасы Н. Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», – деген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті [Жолдау, 12.04. 2017].

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты «2016-2017 оқу жылында жаңартылған білім беру мазмұны аясында жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібі туралы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жыл 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктеріне критериалды бағалау өткізудің тәртібін белгілеген» [Инновациялық білім беру, 2005, 201 б.]. Осыған орай 2016-2017 оқу жылынан бастап орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұны енгізілді. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты: негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының негізгі міндеттері: шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру, білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу, оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету, оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту, оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәс-түрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу бо-

лып табылады [Инновациялық білім беру, 2005, 201 б.]. Әрине біздің елімізде тілдік дағдыға аса мән беріліп отыр. Елімізде тіліміздің құрметтейтін, таза сөйлеп, тілдік нормаларды сақтап, орынды қолдана біліп, еркін ойлап, қарым-қатынас жасайтын саналы ұрпақ тірбиелеу бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Сондықтаан бүгіннен бастап, аянбай қызмет ету біздің бір парызымыз.

Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» ұлттық жоспарында экономикалық өсудің түбегейлі, негізгі сапасы ЭЫДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеру екенін атап көрсетті. Аталған бағытты жүзеге асыру білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңартуды көздейді [Каплиева А., 2013, 159 б.]. Адам капиталының сапасын көтеру үшін функционалды сауаттылықты бір жолға қойып алуымыз керек.

«Ұлттық білім беру саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім беру» (2014) ЭЫДҰ есебінде сыныпта жүргізілген бағалаудың жиілігін арттыру, маңыздылығын, сапасын жетілдіруге бағытталған шаралар реті ұсынылған. Сондай-ақ, критерийлер негізінде бағалау жүйесін енгізу, жоғары ойлау деңгей дағдыларына қатысты бағалау критерийлерін анықтау, мұғалімдерді даярлау, білім берудің әр кезеңінде ұлттық стандартталған тестілеу өткізу, мәліметтерді сенімді жинақтау, тиімді жүйе құру және т.б. Бұл ретте өткізілген бағалаудың нәтижелерін тиімді қолдану қажеттілігі ескертіледі» -деп атап өткен болатын. Экономикамыз өссе, адам капиталының сапасмен қатар білім алушылардың функционалды сауаттылығы қатар өсетіндігін атап өткен болатын. Сонымен қатар, оқу бағдарламаларында да біраз өзгерістер орын алып, білім алушылардың жоғарғы ойлау деңгей дағдыларына қатысты өзгерістерді де тілге тиек етіп айтып өтті.

Оқу формалары қозғалысты, қоғам, өндіріс, ғылымның даму деңгейіне тәуелді пайда болады, өрістейді, бір-бірімен ауысып отырады. Әлемдік білім тәжірибесі тарихында әрқилы оқу жүйелері қалыптасып, олардың әрқайсысы өзіне ыңғайлы оқу формаларына сәйкес қолданылған.

Алғашқы адамзаттық қауымның өзінде-ақ тәжірибені бір адамнан екіншіге, ересектен жас әулет өкіліне өткізу мақсатында жеке-дара оқыту жүйесі іске асырылған. Бірақ мұндай жолмен көп санды оқушы қамту мүмкін болмады. Қоғамның бұдан былайғы дамуы сауатты адамдардың көп болғанын қажет етті. Осыдан жеке-дара оқыту басқаша ұйымдастыру формаларымен ауыса бастады. Дегенмен, жеке-дара оқыту өз маңызын осы күнге дейін жоғалтпастан, репетиторлық, тьюторлық, менторлық, гувернерлық оқу формаларында қолданыс табуда.

Репетиторлық, әдетте, оқушыны емтихан және сынақ тапсыруға дайындаумен байланысты.

Тьюторлық пен менторлық шет елдерде кең тараған жеке-дара оқыту формасы. Оқушының білім жолындағы іс-әрекетінің өнімділігін арттыруда өте пайдалы. Ментор немесе ұстаз-оқушы кеңесшісі, оқылып жатқан пән мазмұнына даралық сипат береді, тапсырмалар орындауға жәрдемдеседі, тұрмысқа бейімделуге көмек көрсетеді. Тьютор-оқушыға ғылыми жетекшілік жасап, оны конференцияларға, ғылыми іс-шараларға дайындайды.

Соңғы кезде отбасылық оқу-тәрбие формасы- гувернерлық қайта жаңғыруда.

Ғылыми білімдердің дамуы мен білім аймағына көпшілік қауымның тартылуымен жеке-дара оқыту жүйесі даралықты-топтық оқыту формасымен ауысуда. Мұндай оқытуда мұғалім балалардың бүтін бір тобымен оқу жұмысын алып барады, бірақ дәріс жеке оқушымен жұмыс сипатын жоймайды. Мұғалім дайындығы әр деңгейлі, әр жастағы 10-15 баламен шұғылданады. Ол кезегімен әр оқушыдан өтілген материалды сұрастырып, әрқайсысына жаңа оқу материалын жеке түсіндіріп, дара тапсырмалар беріп отырады. Балалардың бәрі бірдей, мұғалім пайымдауынша, дәріске байланысты ғылым негізін, кәсіп не өнерге тиесілі материалды меңгергенше аталған оқу жұмыстары қайталанады. Дәрістің басталуы мен аяқталуы, оқу мерзімі әр оқушы үшін даралықты сипатымен ерекшеленеді. Осыдан оқушы мектепке оқу жылының өзі қалаған мерзімінде, күннің өзі таңдаған мезетінде келуге құқылы болды.

Даралықты-топтық оқу әрқандай өзгерістерге ұшырап, біздің заманымызға дейін сақталып келді. Бір оқу бөлмесінде бірінші сынып бағдарламасымен оқитын 2-3 бала, бірнешесі-екінші сынып материалын игеріп жатқан оқушылар отыруы мүмкін.

Орта ғасырларда қоғамның әлеуметтік-экономикалық ілгерілі дамуына байланысты білімді тұлғалардың көптеп қажет болуынан білімдену аймағы өрістей кеңіді. Бірқатар жастағы балаларды бір топқа біріктіре оқыту мүмкіндігі туындады. Осыдан оқудың **сынып-сабақтық** жүйесі пайда болды. Бұл жүйе XVI ғ. Белорусия мен Украина мектептерінде қалыптасып, өзінің теориялық негіздемесін XVII ғ. **Ян Амос Коменскийдің** «Ұлы дидактика» кітабында қолданылды.

Бұл жүйенің сыныптық белгісі-белгілі бекіген құрамды, теңдей жастағы балалар тобының болуы. Сабақтық аталуы –оқу процесі қатаң белгіленген уақыт аралығында- дәрісте өткізілуінен. Сабақ теориясына Я.А.Коменский дәуірінен кейінгі кезеңде елеулі үлес қосқан белгілі орыс педагогі К.Д.Ушинский болды.

Сынып-сабақтық жүйе барша елдерде кеңінен тарап, уақыт озуына қарамастан өзінің негізгі белгілерімен әлі күнге дейін сақталуда.

Алайда, XVIIIғ. соңына қарай сынып-сабақтық жүйе орнына қолданылғандай оқуды ұйым-

дастырудың жаңа формаларын іздестіру көбіне оқушылар санын ұлғайту және оқу процесін басқару проблемаларымен байланысты болды.

Сынып-сабақтық жүйені реформалаудың алғашқы қадамын XVIII ғ. аяғында XIX ғ. басында ағылшын священнигі **А. Белл мен мұғалімі Дж. Ланкастер** жасады. Олардың ниеті- жұмысшылар арасында бастау білімдерді кеңінен ен жайдыру қажеттігі мен оқыту және мұғалім дайындығына жұмсалатын қаржыны көбейтпеу аралығындағы қарама-қайшылықты үйлестіру еді.

Жаңа жүйе өзара оқытудың белл-ланкастерлік жүйесі атауын алып, Индия мен Англияда бірдей уақытта тәжірибеге енді. Бұл жүйенің мәні-ересек оқушылар мұғалім басшылығында материалды өздері игеріп, соң қажетті көрсетпе-нұсқаулар алып, өздерінен кіші жолдастарын оқытты, нәтижеде аз оқытушылар санымен жаппай оқуды ұйымдастыруға қол жететін болды. Бірақ оқу сапасы ойдағыдай жоғары деңгейге көтерілмеді, сондықтан белл-ланкастерлік оқу жүйесі кең өрістей алмады.

Ғалымдар мен практиктердің оқуды ұйымдастырудың жаңа формаларын іздестіргендегі мақсаты-сабақ жүйесінде кезігетін кемшіліктерді, атап айтсақ, оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербес дамуына тұсау болып келген оқудың орташа білімді оқушыға бағдарлануы, оқу мазмұнының біртектілігі мен оқу игеру қарқынының дараланбауы, оқу процесі құрылымының өзгермеуін талап ету сияқты педагогикалық олқылықтардың орнын толтыру болды.

XIXғ. аяғында АҚШ-та **батав жүйесі**, ал Батыс Европада **мангейм жүйесі** аталған *таңдамалы оқу* формалары пайда болды. Біріншісінің мәні-мұғалім уақыты екі бөліктен тұрады: алғашқысы-бүкіл сыныппен ұжымдық оқу ісіне арналады да, ал екінші бөлімінде қажетсінген оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіледі.

Мангейм қаласында қолданылған мангейм оқу формасы негізінен сынып сабақтық оқу талаптарын сақтай отырып, оқушылардың қабілеттеріне, ақыл-парасат даму деңгейі мен дайындық дәрежесіне қарай әртүрлі сыныпқа бөліп отыруды көздеді.

Оқу жүктемесі мен оқу әдістерін балалардың нақты қабілеттері мен мүмкіндіктеріне орайластыру принципін сақтай отырып, бұл жүйенің негізін қалаушы Й. Зиккингер төрт типті сынып оқуын ұсынды. Аса дарындылар үшін, орташа қабілетті балаларға арналған негізгі сыныптар, қабілеті төмен балалар сыныбы мен ақылы кем оқушыларға арналған көмекші сыныптар. Мұндай сыныптарға балаларды іріктеу психометриялық барлау, мұғалімдер мінездемелі мен емтихандар негізінде жүргізілді. Й. Зиккингердің пайымдауынша, мұндай оқуларға тартылған шәкірттер дамуына орай сыныптан сыныпқа ауысып отыруына мүмкін еді, алайда бұлай болмай шықты, себебі оқу бағдарламаларындағы шектен тыс алшақтық бұған жол бермеді.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың-болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің басты талабы болмақ. Әрбір мемлекеттің ең басты байлығы – адам болса, сол елдің келешегі үшін жасалатын игі істері мен үміт болашағының иесі бүгінгі өскелең ұрпағы екені анық.

Қазіргі заман үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер қойлып, жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең басты мәселесінің бірі. Бұл әр оқытушының шығармашылық ізденісін жаңаша істеуін қажет етеді. 21 ғасыр – білім ғасыры. Тек білімді азаматтарымен ғана еліміздің болашағы жарқын болашақ. Білімді ұрпағы бар мемлекет өзінің даму жолында кез келген кедергілер мен тосқауылдарға қарсы тұра алады дегендей білім беру үрдісінде білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамыту – басты мақсат болып отыр. Қазіргі педагогикалық-психологиялық білім беру жағдайларда танымдық қабілеттерді кешенді түрде, мысалы танымдық қызығушылық, мотивация, ойлау қабілетін, ізденісін бір сабақ көлемінде қолданылса ғана сабақ жемісін, білім алушылардың білім сапасы арту деңгейін көретініміз анық.

Жеке тұлғаның ойлау, зейінін, интеллектісін жетілдіре, білім беру барысында қалыптастыру үлкен жетістіктерге жеткізеді. Оқытушы мен білім алушы, екі жақты үнемі ізденісте өшпес ұмтылыста, үздіксіз құлшыныста болғанда ғана, білім үрдісінде жаңа әдістерді оқытушы ендірсе, сонда ғана білім алушылардың білімге деген құштарлығы өркейіп, нұры тасып, танымдық қабілеттері одан бете дамып, дүниетанымдары арта түсері анық.

Білім алушылардың танымдық қабілеттер белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу – оқытудың негізгі мәселелерінің бірі. Білім алушылардың танымдық белсенділігі ал кезеңінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді. Білім алушылардың өзіндік сезімдік танымы негізінде қабылданған білімі мен дағдысы, ертігі мен шеберлігі әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Таным қабілеті әр адамзатқа тән, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес білім алушыларға бүгінгі таңда тиянақты білім беру үшін олардың танымдық қабілетін дамыту басты мақсат болып отыр. Білім алушылардың белсенділігін арттыру жолында олардың әр пәнге деген қызығуын, өз-

дігінен даму дағдыларын қалыптастыру ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу әр оқытушының міндеті. Сол себепті білім мазмұнын оқыту әдістерін, түрлері мен құралдарын, әдістемелік жүйені жаңа сапалық негізінде қайта құру қажеттілігін естен шығармағанымыз абзал. Білім мазмұны ақпарат көзі болып қоймай, білім алушылардың өздігінен білім алу құралына айналуы керек. Бұл мақсатқа жету жолында пән аралық байланыс, білім алушылардың өзіндік танымдық белсенділігін дамытуға арналған сабақтың түрін өзгертіп отырып нәтиже беретіні сөзсіз. Педагогикалық ахуалға байланысты оқытудың дара және ұжымдық түрлерін біріктіру, оқу құралдарын дұрыс пайдалана білудің де маңызы зор.

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сондықтан да қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер жаңа технологияны пайдалану жолдары түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол ашуда. Осы орайда ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс – әрекеттің ғылыми – практикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі кезеңде еңбек әрекетінің құрылымы оның тек қарқындылығымен, шығармашылығымен көрсете алу деңгейімен өлшенеді. Қазіргі таңда қоғам дамуымен еңбектің қарқындылығы және саны кеми түсіп, интеллектуалдық және шығармашылық жақтары арта түсуде. Бүгінгі білім берудің басты мақсаты — шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше болып табылмақ. Осы орайда білім алушылардың техникалық шығармашылық, танымдық қызығушылық қабілеттерін дамыту оқытушылардың алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндеті болып табылады. Қазіргі заман-дағы ғылым мен техниканың даму жағдайында ғылымның әр саласында білім мазмұны мен көлемінің қауырт өсуіне байланысты ЖОО мен мектеп арасындағы сабақтастық білім алушылардың танымдық қызығушылығының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан заман талабына сай маман дайындау жоғары сыныптарда басталып, студенттік кезеңмен ұштасып отырады. Демек жоғары оқу орындарындағы оқытушыларға, студенттерге аса үлкен жауапкершілік жүктелуде. Өйткені, болашақ ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеу мұғалімдер мен оқытушыларға байланысты. Білімді маман даярлау үшін толықканды адам, жеке тұлға қалыптастыру – күрделі де келелі іс.

Білім алушылардың мектепте оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастырудың бірден – бір жолы – ғылым негіздерінен білім берумен қатар, сол білімді алуға ынталылықты, яғни білім алушылардың танымдық қызығушылығын ояту, табандылық, қабілеттілік, өз бетінше ізденуін арттыру. Әрбір мұғалімнің шығармашылық жұмысы белгілі бір мақсатты көздейтіні сөзсіз. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы негізгі мақсат – олардың шығармашылық қабілетін дамыту. Ал, бұл мақсатқа жету оқытудың көптеген міндеттерін шешуге мүмкіндік береді, яғни: жаңа материалды берік және түсініп оқуына; білімін өз бетімен оқып толықтыруға; жоғары оқу орындарына жақсы дайындалған талапкерлерді беруге; сол талапкердің таңдаған мамандығын шығармашылықпен игеруге.

Білім алушының білім алудағы жоғары белсенділігін қалыптастыру үшін оқытудың әдістері мен тәсілдерін дұрыс қолдану – оқушылардың танымдық қабілетін дамыту-дың ең басты құралы болып табылады. Сондықтан да білім алушының танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін жиі қолдану өте қажет. Бірақ түрі әдіс – тәсілдерді пайдалан-ғанда, білім алушының бойында танымдық қабілеттің бар – жоғын ескеру қажет. Күрделі танымдық тапсырмаларды тек ғана қабілеті жоғары білім алушыларға беру керек.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір білім алушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Мұғалім әңгімелейді, түсіндіреді, ал білім алушы тыңдайды, қабылдайды, ойланады, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

Осы орайда, сабақтың сапасын арттыру үшін мүмкіншілігіне қарай, мультимедиялық проекторды пайдаланып отырса, мұғалімнің ұтары мол. Яғни, қазақ тілі сабақтарын үйлестіріп, түрлендіріп, тартымды слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде білім алушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл құралды пайдаланудың тиімді тұстары:

– білімалушыныңпәнгедегенжекеқызығушылығыноятады;

– танымдыққабілеттілігінқалыптастырады;

– білімалушынышығармашылықжұмысқабаулиды;

– мұғалімніңуақытынүнемдейді;

– қосымшамәліметтербереді.

Мысалы, білім алушылар өз деңгейіне сәйкес тапсырма таңдап алады. Бұл тапсырмалар білім алушының білім деңгейін бағалауға, мүмкіншіліктерін байқауға, мұғалімнің әрі қарай қандай жұмыс атқару керектігін көрсетіп береді.

Осы мақсатта білім алушылардың ойлау қабілетін арттыру үшін, сөйлеу тілін дамыту үшін мәтін мен жұмыс түрлерін әзірлеу керек болады.

Ол білім алушының функционалдық сауаттылығын көтеруге септігін тигізеді. Балалардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында және оқу сауаттылығымен дайындалған тапсырмалар үлгісі ретінде мынадай:

**Мына мәтінге сәйкес келетін сөйлемді таңда.**

*Бүкіл адамзатты алға сүйрейтін ұлы күш – еңбек. Әлемдегі талантты адамдардың барлығы сол талантын үнемі дамытып отыратын қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен. Еңбек әрбір адамның өмір сүр усалты болуы тиіс.*

*«Менің әкем көп еңбек етеді», «Қол еңбегі көп күшті талап етеді», «Еңбек – бәрін де жеңбек», «Еңбекпен тапқан нан тәтті».*

Бұл білім алушылардың қызығушылығын оятып, логикалық ойлануына, мәтінді түсінуге жетелейді. Қазіргі заманғы әдіс-тәсілдердің ішінде ең қолайлысы, әрі тиімдісі – компьютерлік технология. Қандай сабақта болмасын компьютерлік техниканы, интернетті, интерактивті тақтаны, компьютерлік желі, электрондық оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың білімділігін арттыруға болады. Соның бірі – "Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігі. Мұнда әр білім алушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

– қызығушылықтыояту;
– мағынанытану;
– ой-толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде білім алушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Сабақтың қай құрылымында болмасын білім алушы осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс «Мен не ұқтым?» және «Мен нені білгім келеді?» деген сұрақтарды есінен шығармауы керек

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, оқытудың қазіргі уақыт талабындағы негізгі мақсаты кәсіптің белгілі бір саласына бағытталған, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істей білуге қабілетті жастар даярлауы, еңбекке оқытуды шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру ұстанымы тұрғысынан орын алатыны айқындалды. Оқыту үдерісінде білім алушының қызығушылығын оята біліп ,өзі ізденетіндей әрекет жасау.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан.- 12.04. 2017.
2. Инновациялық білім беру үрдістерініңмәні, түрлеріжәнеқұрылымы // Ізденіс. – Алматы, 2005. – №3(2).
3. Инновациялық білім беру үрдістерін жүйелі басқару үлгісінің қызметтері, құрылымы және технологиялары //Ұлт тағылымы. – Алматы, 2005.
4. Каплиева А. Инновациялық технологиялар –білім сапасын арттыру құралы / Қазақстанмектебі. – 2013. – №12.
5. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану //Оқу құралы. – Астана 2014. – 211 б.
6. Оқыту процесін технологияландыру //Ақжелкен, 2000.

**Қамбарова Ғаинижамал Серікқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: alina_19_94@mail.ru

**Иманбай Алина Қуандыққызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: k.gainizhamal@mail.ru

# ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ФИНЛЯНДИЯ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аннотация.** Бұл мақаладаҚазақстан және Финляндия мектептеріндегі білімді бағалау жүйесі оқушылардың білім сапасын жақсартудың негізгі құралы ретінде қарастырылған. Қазақстан мен Финляндия мектептеріндегі білімді бағалауды ұйымдастырудың негізгі бағыттары көрсетілген. Білім сапасын бағалауға арналған халықаралық зерттеулер нәтижесінде екі елдің көрсеткіштері салыстырылып, талдау жасалынады.

**Түйінді сөздер***:* Қазақстан және Финляндия мектептері, бағалау жүйесі, жалпы білім беру, білім сапасы, ішкі бағалау, сыртқы бағалау, халықаралық зерттеулер.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности оценки образования в казахстанских и финских школах как инструмент улучшения качества школьного образования. Представлены основные направления организации оценки знаний в казахстанских и финляндских школах.По результатам международных исследований по оценке качества образования проанализированы показатели двух стран.

**Ключевые слова***:* Школы Казахстана и Финляндии, система оценивания, общеобразовательное, качество образования, внутреннее оценивание, внешняя оценка, международные исследования.

**Annotation.** This article discusses the features of evaluating education in Kazakh and Finnish schools as a tool for improving the quality of school education. The main directions of organizing knowledge assessment in Kazakh and Finnish schools are presented. The indicators of two countries were analyzed based on the results of international studies on the quality of education.

**Keywords***:* school in Kazakhstan and Finland, assessment system, General education, quality of education , internal assessment, external assessment, international research.

## КІРІСПЕ

XXI ғасыр, жаһандық жаңалықтар мен білімнің дәуірлеу ғасырында, білім беру жүйесін қайта реформалау мен білім сапасын арттыру мәселесі бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналып отыр. Әлемдік білім беру ошақтары әлеуметтік- экономикалық өзгермелі жағдайда өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, терең білімді, кәсіби сауатты, қоғамды жақсы қырынан өгертетін тұлға қалыптастыруды басты мақсат ретінде атап көрсетуде. Осы тұрғыда әлем тәжірибесі мектептердегі білім беру жүйесін дамыту үшін көптеген әдіс-тәсілдерді қолдану қажет деп есептейді. XX ғасырдың соңғы ширегінен бастап білім беру саласында бағалау жүйесін модернизациялау маңызды орынға шықты. Білім беру нәтижелерін бағалаудың инновациялық жолдарын қалыптастыру және оны енгізу міндеті әр түрлі елдерде алға қойылды. Бағалау – оқушылардың білімділігі пен сауаттылығы деңгейінің нақты әрі дұрыс көрінісін қалыптастыруда аса маңызды фактор ретінде айқындалды.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін жариялап, өзіндік білім беру саясатын қалыптастыра бастаған сәттен әлемнің дамыған елдерінің ең озық жүйелерін үлгіге алып келеді. Осы тұрғыда үлкен жұмыстар жасалынып, орасан өзгерістер орын алды. 30 жылға таяу уақытта оқыту, тәрбие беру мен бағалау жүйесі, оқулықтардың мазмұны мен мектептердің материалдық-техникалық базасы үнемі өзгеріске түсіп, даму үстінде.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бағалау жүйесі – бұл оқыту мәселелерін болжаудың және жетістіктерін өлшеудің негізгі құралы. Бұл құрал білім берудің сапасын, оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін анықтауға, білім беру саласындағы заманауи міндеттерге сәйкес болмаған жағдайда оны білім беру стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдерді қабылдауға, білім берудің мазмұнын, білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалаудың түрлерін де жетілдіруге мүмкіндік береді [Урмашев Б.А., 2016, 7 б.].

Біздің еліміздегі білім беру реформаларының негізгі идеясы – қазақстандық білім беру жүйесін жаңа замандағы жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Осы тұрғыда Елбасымыз Қазақстан Республикасының әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндетін айқындап берді. Білім беру жүйесін жетілдіру осы міндетті орындаудағы шешуші рөл атқаратын фактор. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Білімді бағалауда Финляндия мектептерінің тәжірибесі көптеген елдердің қызығушылығын туғызып отыр. Жаңартылған білім беру жүйесіне көшу процесіндегі қазақстандық мектептердің бағалау жүйесінің Фин мектептерімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралап көрейік. Даму траекториясы екі бөлек мемлекеттің білімді бағалау саясатын салыстыра келе, басым бағыттары мен кемшіл тұстарын атап өтіп, өзіндік қорытынды жасап көрейік.

Қазақстан Республикасының білім беру үдерісіндегі жаңартылған білім беру мазмұны – 21 ғасыр тұлғасының сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – оқу мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу мен білім берудің инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданысқа енгізуімен ерекшеленеді. Жалпы алғанда жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Аталған бағдарламаның елеулі ерекшелігінің бірі – бағалау жүйесінің түбегейлі өзгерістерге ұшырап, критериялдық бағалау жүйесіне өтуі. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Критериалды бағалау жүйесі – білім беру үздіктерінің озық тәжірибелеріне сүйеніп, өзіміздің дәстүрлерлеріміз мен ерекшеліктеріміз ескеріле отырып қалыптасқан өзіндік жүйе. Білім беру магнаттары Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдер де осы жүйеден алыс емес. Негізгі идеясы – оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамыту. Осы тұста Қазақстан мен Финляндия арасындағы бірінші ұқсастықты атап өтуге болады.

Критериалды бағалау жүйесі алты жылдан астам уақыт Назарбаев зияткерлік мектептері базасында жасалынып, сынақтан өткізілді. 2015 жылдан бері барлық қазақстандық мектептер осы жүйеге көшті. Оқушылардың өзін-өзі бағалауы, топтық бағалау, бірін-бірі бағалауы оқу үрдісіне үздіксіз қатысып отыруға ықпал етеді. Бұл жүйеде білім нәтижесімен бірге, оқушының іс-әрекеті де бағаланады. Оқушы қандай критерийлер негізінде бағаланғанын және келесіде қай бағытта жұмыс жасау керектігін ұғынады. Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі, сол арқылы оқушы мен мұғалім арасындағы үздіксіз кері байланысты қаматамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау нақты баға қоюмен емес, мақтау, мадақтау, қолдау көрсету мен ынталандыру форматында іске асырылады. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасынның бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі біроқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының оқу бағдарламасы материалдарын меңгеру деңгейін анықтау үшін қолданылады.Әр тоқсанның және оқу жылының соңында жинақталған балл негізінде 5 балдық жүйемен баға қойылады. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Дәстүрлі 5 баллдық бағалау жүйесінде емес, оқушылардың жаңа форматтағы бағалануы тек қана академиялық жетістіктерін бағалаумен шектеліп қалмайды. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы қазақстандық бағалау жүйесі оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген.

Финляндия сынды алпауыт держава болуға ұмтылған Қазақстан Республикасы білім беру мазмұнын түбегейлі реформалауда неге дәл осы жүйені тиімді деп таныды деген заңды сұрақ пайда болады.

Ең алдымен, 70 жыл бойы қолданылып келген дәстүрлі жүйеден бас тарту заман талабы деп білген жөн. Фин мектептері де білім беруді бағалаудың жаңа жүйесін тектен қабылдамағанын да ескере кеткен жөн.

Екіншіден, Қазақстан Республикасында оқу жетістіктерін бағалауды қайта жаңғыртудың өзектілігі білім берудің заманауи міндеттерімен, білім беру деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, оқушылардың интеллектуалдық даму өрісінің нәтижиелерінің шынайы болуын қамтамасыз ету және Қазақстандық түлектердің бәсекеге қабілетті болуы мақсатында мектеп оқушыларын бағалау жүйесін қайта құру қажеттілігімен айқындалды.

Өткен онжылдықта Қазақстан оқушыларының білім сапасын бағалауға арналған халықаралық зерттеулер (PISA, PIRLS, TIMMS) нәтижесінде жоғарғы көрсеткішті көрсете алмауы алаңдатарлық жайт болды. PISA зерттеуі 15-жастағы білімгерлердің мектепте алған академиялық білімі мен дағдыларын түрлі өмірлік жағдайларда тиімді қолдана алу қабілетін бағалауға бағытталған. PISA зерттеуінде ойлау, дәйектеу, мәселені қою және шешу, модельдеу, нәтижелерді ұсынудың түрлі әдістерін пайдалану секілді қабілеттер бағаланады.

PISA-2009 халықаралық зерттеуі «оқу сауаттылығын» басым бағыт ретінде тағайындап, нәтижесінде оқу сауаттылығы – 58-60 орынды; математика сауаттылығы бойынша – 53-54 орынды, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы бойынша – 53-58 орындарды көрсеттік. PISA-

2018-де PISA-2009-дағыдай оқу сауаттылығы басым бағыт болды. Дегенмен, біздің көрсеткіштеріміз PISA-2009 және 2012-дегі нәтижелерімізбен салыстырғанда төмендеді. Сондай-ақ, PIRLS зерттеулері де жоғары көрсеткіштерді берген жоқ. Финляндия елі осы зерттеулер қорытындысында әрдайым алғашқы 10-дықтан көрініп келеді. Соңғы 3 жылдықтың нәтижесі бойынша Финляндия оқу сауаттылығы бойынша – 2 орын; математика сауаттылығы бойынша – 5 орын; ғылыми жаратылыстану сауаттылығы бойынша – 1 орындарды иеленді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі даярлаған Ұлттық есебінде мынадай тұжырым жасалынады:

«Біздің еліміз үшін бұл бағдарламаға қатысуға білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформаландырудың қажеттігін ескертетін бірқатар факторлар себепші болды: қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі, Қазақстанның Болон процесіне қатысуы, оқыту сапасын және оның нәтижелерін бақылаудың халықаралық стандарттарын енгізу қажеттілігі; білім беру мазмұнын өзгерту, білім беру сапасын бағалаудың қазақстандық жүйесін құру және көптеген пәндер мен оқытудың әртүрлі кезеңіндегі басқа да көптеген бағыттар» [Әміреева Т.М., т.б., 2010, 172 б.].

Ұлттық Есепті қорытындылай келе, Қазақстандық оқушылардың нәтижелерінің төмен болуының негізгі себептерін атап өтіп, отандық білім беруде бағалаудың жаңаша, қазақстандық жүйесін енгізуді оң өзгерістерге апарар бірден-бір жол ретінде ұсынады.

Жоғарыда көрсетілген фактілерге сүйене отырып, қазақстандық ғалым-педагогтар оқушыларға арналған тапсырмалар мен оларды бағалау жүйесін PISA тапсырмалары негізінде құрастыруды қолға алуда. Ең алдымен, ондағы тақырыптардың негізгі мәні мен мазмұнын оқушылардың түсіне алуы мен өмірде қолдана алу деңгейі бағаланады. Ал жаңартылған білім беру мазмұны мен критериалды бағалау жүйесінің қаншалықты нәтижелі болғанына тек PISA-2021-де немесе PIRLS-2021-де көз жеткізе аламыз.Осындай өзгерістер негізінде Қазақстан Республикасы дамуының алдында тұрған басты миссияны орындауға қадам жасап, Финляндия сынды үздік нәтиже көрсететініне сенеміз.

Финляндия оқушыларының әрдайым үздік ондықтан көрінуінің құпиясы неде? Осы сұраққа жауап іздеп көрсек, бәлкім қазақстандық мектептерге әлі де болса да жетіспейтін элементтерді анықтармыз.

Финляндияда оқушыларға еркіндік берілген, өздеріне не қызықты болса, сонымен айналысады. Балалар өз ойын толық жеткізуге, талдап, сын айтуға үйренген, ал бізде оқушыларға шектеушілік көп. Бұл Фин еліндегі білім берудің барлық тәсілдері ойлауды дамытуға, шығармашылық қабілетті шыңдауға негізделген.Заманауи әлемдер мәдениетті, жан-жақты дамыған, тәрбиелі оқушыны тұлға ретінде өсіру – әрбір елдің оптимальді мәселелерінің бірі болғандықтан, білім беру сапасын, қызығушылықты арттыру үшін әртүрлі амалдар ойлап табуда, сондықтан әрбір ел бұл мәселені өз қабілеттеріне қарай шешуге тырысады [Акулова О.В., др, 2010, 172 с.].

Финлияндияның білім жүйесінің Қазақстанмен тағы бір ұқсас тұсы – оқушыларды бағалаудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана алады,барлығы оқушы мен мұғалімнің шығармашылығына байланысты. Білім алу балабақшадан басталады, оқушыға, мұғалімге және мектепке сенім деген принциппен жұмыс істейді және білім алу оқушының табысқа жетуіне бағытталған. Дегенмен, бұл елдің мектептері статусқа бөлінбейді, барлық балаға нәтижеге бағытталған білім мен тәрбие бірдей берілу керек. Шындығына келетін болсақ Сингапур мен Финляндиядағы білім беру жүйесі біздің білім беру жүйемізден өзгешелеу екені анық. Екі елдің де оқу процесі өте жоғары дамыған. Осы Сингапур мен Финляндия елдерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын бақылай отырып: осының негізінде біздің елімізге қандай өзгерістер енгізіліп жатыр деген сұрақ туындады. Қазақстан да, жылдан-жылға басқа елдермен қатар білім беру сапасын арттыру бойынша терезесін теңестіріп келеді.

Финляндия білім беру жүйесіндегі оқыту мен оны бағалау тәжірибесі күмәнсіз қызығушылық танытады. Финляндиядағы білім беру сапасының жоғары деңгейі көптеген халықаралық зерттеулермен расталған. Жоғарыда атап өткендей, PISA-2006-да Финляндия жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша бірінші орында, математикалық сауаттылық бойынша екінші орында және оқу сауаттылығы бойынша екінші орынды көрсетті.

Мұндай нәтижелер немен байланысты? Біріншіден, Финляндияның жалпы және мектеп білімі, атап айтқанда, осы елдің ішкі саясатындағы басымдық болып табылады. Екіншіден, мектеп білімінің бұрыннан қалыптасқан дәстүрлері бар және дамудың барлық заманауи үрдістерінде қалыптасқан қағидаттар мен құндылықтарға негізделеді. Үшіншіден, Финляндияның мектептік білім беру мақсаты ұзақ уақыт бойы өз талантын өздігінен ашуға қабілетті, үнемі оқитын, өзгермелі қоғамда тез бейімделетін тұлғаны дамыту болып табылады.

Бағалау нәтижелері білім беруде теңдік қағи-

даттарының орындалуын бақылау үшін пайдаланылатынын атап өту қажет. Финляндияда мектептегі білім беруді бағалау ішкі бағалау (бағалау субъектісі – оқу орнының өзі) және сыртқы бағалау (бағалау субъектісі – арнайы мемлекеттік ұйымдар) негізінде жүзеге асырылады. Бағалау жүйесі төрт негізгі бағыт бойынша нәтижелерді анықтауға бағытталған: 1) оқу орнының қызметін өзін-өзі бағалау (ішкі бағалау); 2) оқушыларды оқыту нәтижелері (ішкі бағалау); 3) оқу орындарының қызметі туралы әртүрлі деректерді жинау арқылы жалпы білім беру жүйесін дамыту туралы ақпарат алу (сыртқы бағалау); 4) білім беру процесінің жекелеген аспектілерінде жетістіктердің нәтижелері туралы ақпарат алу (сыртқы бағалау).

Ішкі бағалауға оқу орнының қызметін өзін-өзі бағалауы жатады. Әрбір оқу орны белгіленген даму кезеңіне қойылған мақсаттарды орындауға мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін ішкі бағалау жүргізу жоспары болуы тиіс. Бұл білім беру процесінің әртүрлі аспектілерін бағалауға қатысты: емтихандар нәтижелері, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың педагогикалық мәселелері, сондай-ақ оқу орны өмірінің материалдық жағы. Осы аспектілерге әрбір оқу орнының ақпараттық желісінде қолжетімді сауалнама ұсынылады. Оқушылар мен ата-аналар осы сауалнаманың сұрақтарына еркін түрде жауап бере алады. Жыл бойы оқушылар мен олардың ата-аналарының жауаптары талданады.Ішкі бағалаудың тағы бір мысалы – оқушылардың нәтижелерін бағалау.

Фин мектебінде оқушылар 12 жасқа дейін бағаланбайды. Бастауыш мектепте емтихандар өткізілмейді. Әр оқушы өз қарқынында дамиды. Белгі оқушылардың білім жетістіктері жолындағы кедергі болып саналады. Баланың ата-анасы оның табысы туралы ақпаратты жылына екі рет алады, онда белгі жоқ, бірақ баланың жетістіктерінің сипаттамасы бар. Бастауыш мектепте мұғалім баланы өзін-өзі бағалауға, өзінің қабілеттерін түсінуге және жақсы оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін өз ресурстарын жұмылдыруға үйретеді. Баллдағы белгілер (4-тен 10-ға дейін) тек 6-сыныпта пайда болады. «4» – балаға осы оқу курсын қайта өту қажет» деген мағынаны білдіреді «4» саны кездейсоқ таңдалмаған: фиңдік бағалау жүйесінде негізгі мектепте «0» белгісі арқылы баланы кемсітуге жол берілмейді. Әртүрлі ұпайлар белгілі бір білім деңгейіне сәйкес келеді: 7 балл – орташа нәтиже, 8 балл – жақсы нәтиже, 10 балл – өте жақсы нәтиже. Негізгі мектепте белгілер орта мектептің жоғары сыныптарына – жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағыттарға түсу үшін айқындаушы өлшем болып табылады. Жоғары сыныптарда белгілер сол баллға қойылады (4-тен 10-ға дейін), бірақ бағалау мерзімділігі өзгереді. Бағалау әр 6 апта сайын сынақ аптасы түрінде өткізіледі, сол уақытта оқушылар бірнеше күн бойы тест жазады (9.00-ден 12.00-ге дейін). Орта мектептің соңында оқушылар оқылатын пәннің 2/3 оқу сабақтарының мазмұны бойынша өздерінің жетістіктерін растауы тиіс, әрі қарай орта мектепті бітіргені туралы сертификат алуы керек. Осы емтихандар кезінде белгілердің басқа шкаласы қолданылады (0 балдан – «қанағаттанарлықсыз» 7 баллға дейін – «керемет нәтиже»). Үлгермеген жағдайда және сынақта «0» балл алған жағдайда оқушылар осы пәнді оқып-үйренуді қайталауға немесе белгілі бір мерзімде қайта өтуге мүмкіндігі бар.

Сыртқы бағалаудың негізгі міндеттерінің бірі – оқу орындарының қызметі туралы әртүрлі деректерді жинау арқылы жалпы білім беру жүйесінің дамуы туралы ақпарат алу. Бұл деректер білім беру жүйесінде болып жатқан үрдістер туралы ақпарат алу үшін пайдаланылады. Жиналған деректердің екі түрі бар: 1) оқу жылындағы білім беру нәтижелерінің ең маңызды аспектілерін қамтитын мәліметтер; 2) әртүрлі білім беру саласындағы білім беру жүйесінің жағдайын егжей-тегжейлі көрсететін мәліметтер (жаратылыстану-ғылыми пәндерді математиканы оқыту және т.б.) [Луговская И.Р., 2017, 96 б.]. Сонымен қатар, сыртқы бағалаудың міндеті – білім беру процесінің жекелеген аспектілерінде жетістіктер туралы ақпарат алу. Бұл нәтижелерге мемлекеттік және халықаралық деңгейлердегі салыстырмалы бағалау нәтижелері жатады. Жекелеген нақты секторларға (мысалы, жалпы білім беретін мектептерге) немесе қандай да бір пәндік облыстарға (гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми) талдау және бағалау жүргізіледі. Мемлекеттік бағалау бағдарламасына қатысатын білім беретін оқу орындары бағалаудың мақсаттары, өткізу мерзімдері және нәтижелері туралы толық ақпарат алады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұдан шығатын қорытынды қандай? Білім беруде ғана емес, барлық қырынан әлем державасына айналған Финляндия мемлекеті мектеп оқушыларының білімін бағалау жүйесі тұлға сапасын арттырудың маңызды тетігі екенін жақсы түсінеді. Фин тәжірибесін саралап, қазақтандық бағалау жүйесінің кейбір қағидалары мен әдістерін жетілдіру жолдарын қарастыруға болады. Баға беру оқушыларды одан әрі даму мен жетістіктікке жетуге ынталандыру керектігін ескере отырып, Фин мектептеріндегі бағалаудың кейбір тетіктерін біздің жүйедегі ақаулықтарды

жөндеуге неге қолданбасқа? Жалпылай алғанда, Қазақтан мен Финляндия мектептерінің бағалау жүйесінде ұқсастықтар көп. Өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын да атап өттік. Ендігі көкейтесті мәселе, Фин тәжірибесіне және өзге де әлем елдерінің білім беру жүйесіне сүйене отырып жасалынған критериалды бағалау механизмі қазақстандық мектептерде іс жүзінде орындалса, жаңа жүйенің басты идеясы сақтала отырып іске асса, алдағы онжылдықта керемет нәтижелерге қол жеткізіп, 21 ғасырдың бәсеке қабілетті заманауи тұлғасын тәрбиелей аламыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы. – Алматы: «СКК» баспасы, 2016. – 137 бет.
2. Қазақстандағы PISA-2009 халықаралық зерттеу нәтижелері бойынша Ұлттық есебі: Әміреева Т.М., Базарбекова Ж.Н., Азмағанбетова Ж.Р., Байгелова Н.Т., Даулбаева С.К., Хаирова С.А. – Астана: ҰБСБО, 2010, 172 б.
3. Акулова О.В., Писарева С.А., Пискунова Е.В., Тряпицына А.П. Қазіргі мектеп: жаңғырту тәжірибесі: мұғалімдерге арналған кітап /жалпы ред. А.П. Тряпициной. СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2015. б. 5.
4. Луговская И.Р. Солтүстік елдердің мектептік міндетті білім алуы. – Архангельск: Изд-во ПГУ, 2017. – 96 б.

**Қоңырбаева Сараш Сахиқызы,**
п.ғ.к, қауымд. профессор м.а.,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

**Туғанбаева Азиза Нұрғалиқызы,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

# ИНДИГО БАЛАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

**Андатпа:** Бұл мақалада индиго балалар және оның жан-жақты ерекшеліктері мен дамуының өзгешелігі туралы әлемдік зерттеулерден бастап, еліміздегі ғалымдардың тұжырым-пайымдары аясында талдаулар жасалынған. Еліміздегі осындай ерекше балалардың жетістіктеріне ішінара мысалдар қарастырылған. Индиго балаларды анықтау барысында Е.Бейнаровичтің екі әдістемесі бойынша арнайы отбасылар мен «Индиго балалар» академиясында жүргізілген зерттеу нәтижесін ұсына отырып, ата-аналар мен тәрбиешілерге оларды дамытудың педагогикалық-психологиялық ұсыныстарын беріп, қорытындылайды.

**Кілттік сөздер:** индиго балалар, жаңа заман балалары, ерекше қабілет, дарынды балалар, зерттеу әдістемесі.

**Аннотация**: В данной статье были сделаны анализы о детях индиго и его всесторонних особенностях и специфике развития, начиная с мировых исследований, в рамках выводов ученых страны. Есть частичные примеры достижений таких необычных детей в стране.В заключении дает родителям и воспитателям психолого-педагогические рекомендации по их развитию, представляя результаты исследования, проведенного в Академии «Дети Индиго» и специальных семей по двум методикам Е. Бейнаровича.

**Ключевые слова:** Дети индиго, дети нового времени, особые способности, одаренные дети, методика исследования.

**Abstract**: this article analyzes the children of Indigo and its comprehensive features and specifics of development, starting with world research, in the framework of the conclusions of scientists in the country. There are partial examples of the achievements of such unusual children in the country.In conclusion, he gives parents and educators psychological and pedagogical recommendations for their development, presenting the results of research conducted at the Academy «Children of Indigo» and special families using two methods of E. beynarovich.

**Keywords**: Indigo Children, new age children, special abilities, gifted children, research methodology.

## КІРІСПЕ

Еліміздегі адам капиталының маңызды мәселесі саналатын білім ордаларында білім мазмұнын жақсартудың маңызды шарттарының бірі – дарынды балаларды таба білу, тәрбиелеп жетілдіру, бойындағы ерекше қасиеттерін дамытуға мүмкіндік туғызу. Қазір ерекше қабілетті дарынды, тума талант балалар көп екендігіне көзіміз күн сайын жетіп келеді.

«Жас бала – жас бір шыбық. Жас күніңде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы бастан»деген сөздің мәнісі осы», – дейді Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде [Жұмабаев М., 1992, 160 б.]. Алайда, тәрбиенің де әдіс-тәсілдерін де жаңарту мәселесі өзекті. Бұрынғы балаларға қолданған әдістер кейде қазіргі балаларға сәйкес келмей жатады. Оның себебі де жоқ емес. Қазір ерекше дарынды, құбылыс саналатын балалар көптеп саналады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі таңда көп айтылып жүрген мәселелердің бірі – Индиго балалар. «Индиго балалар» ұғымы және оның кең ауқымды қолданылуы Эйн Теплдің «Как разобраться в Жизни с помощью цвета» (1982) және американдық медиум Ли Кэрроллдың «Дети индиго прибыли» (1999), кітаптарының шығуымен байланысты. Украиндық Е. Бейнаровичтің «Под знаком индиго», ресейлік Г.С. Белимовтің «Дети индиго. Кто управляет планетой»атты еңбектері арқылы да тереңірек таныс бола бастадық [Қоңырбаева С., 2010, С. 3-6.].

Сонымен қатар Калифорния, США мемлекетінде атақты жазушы, ғалым, профессор Doreen Virtue өзінің «The Care and Feeding of Indigo Children» атты еңбегінде «Индиго балалар мемлекетіміздің білім беру және әлеуметтік жүйелерді қалпына келтіруді қамтамасыз ететің күрделі міндеттер үшін жаратылған», – деп айтып кеткен [Кэрролл Ли., Тоубер Дж., 2004,240 с.].

Ресейлік ғалымдарымыз 2001 жылдан бастап, осындай балаларды зерттеу мақсатында көпте-

ген жұмыстар жүргізді. Ерекше жаратылған бұл балаларды табиғаттың үлкен сыйы деп қарап, Мұса пайғамбар, Сократ, Сведенборг, Яков Беме, Нострадамус, Парацельстердің өсиетнамаларымен, Блаватская еңбектері, Е.И. Рерихтің «Живая Этика» атты кітабы сияқты жаратушының мүмкіндіктері жайлы жазылған еңбектермен байланыстыра негіздеп қарастырды. Ресейлік Л.В. Шапошникова, Г.В. Залевский, Ю.В. Кузьмина, Н. Иващенко, Н.В. Соколова, Т.Г. Рахматуллин, М.Т. Рахматуллиндердің педагогикалық-психологиялық тұрғыдан жазған еңбектерімен таныспыз.

Осы айтылып жүрген ерекше дарын иесі Индиго балалареліміздеде бар деп айтуымызға мысалдар жеткілікті. Өз жасынан ерте дамып, бойындағы қасиеттерін қолдана білген ерекше жандар елімізді таңқалдыруда.*Tinti, олардың алды рекордтар кітабына да енген. Осы индиго балалардың бірнешеуіне тоқталып кетейін.*

**Әмір Махмет.** Әмір –балалар арасында серіппе жаттығуынан әлемнің бес дүркін рекордсмені атанған. Ол небәрі 10 жасында Қазақстан Олимпиада құрамасын қолдау мақсатында 1000 рет серіппе жаттығуын жасап, өз рекордын жаңартқан. Сонымен біргебөтелкеде серпілу, планка жасау бойынша да әлемдік рекорд жасаған. Әмір Г.Головкинге еліктейді және сол сияқты мықты болсам дейді. Оның құрметіне орай, 60 минут бойы планка жасады және әлемдік рекордты орнатты. Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары «Кеудені жерден көтеру спорты бойынша бес дүркін рекордшы, сондай-ақ денені бірқалыпта ұстау бойынша әлемдік рекордсмені атағының иегері Әмір Махмет шөлмектерде 53 жаттығу жасап, жаңа әлемдік рекорд орнатты»,– деп жарыса жазды [https://www.inform.kz/]. Осылайша, танымал болған Әмір Махмет өзінің ерекше тұлға екенін бүкіл әлемге көрсетті.

**Абзал Мырзаш.** Абзал – әлемге вундеркинд бала ретінде танымал. Ол 12 жасында мектеп бітіріп, ҰБТ-дан 117 балл жинаған. Абзал IELTS сынағынан сертификатқа қол жеткізіп, Қазақ-Британ техникалық университетінің Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті атанады. Еңжас талапкер зерек оқушы Массачусетс технологиялықуниверситетіне түсуге ынта білдірген болатын. Шетелдік университет жас талапкерді қабылдауға дайын болған.Абзалдың ата-анасы бұл жоспарын кейінге қалдырған. Себебі, 14 жасқа дейінгі талапкерлерге отбасымен бірге Америкаға көшу шарт болған.Олар елімізден көшіп кетуді жөн санамаған. Ерекше қасиетке ие Абзал 3 жасына жетпей-ақ, әріптерді қосып оқыған. 4 жасында екі таңбалы сандарды көбейтіп, есептерді шығара бастаған. Ол 3, 5, 7, 9, 11-сыныптарды ғана оқып, 12 жасында мектеп түлегі атанды. Абзал бірнеше халықаралық, республикалық олимпиадалардың жеңімпазы атанған.

**Рахат-би Әбдісағын.** Рахат-би–ең жас «Дарын»сыйлығының иегері, ең жасМәдениет қайраткері. «Қазақстанның мәдениеті мен өнеріне қосқан үлесі үшін» ТМД Парламентаралық Ассамблеяның төсбелгісімен марапатталған және «Қазақстанның Моцарты» атанған.Ол 13 жасында студент, 17 жасында магистрант болады. 18 жасында магистрлік диссертациясын тамаша қорғап, өнертану ғылымының магистрі атанады. Бұл әлемде сирек кездесетін ерекше жағдай. Ол – Бах, Моцарт, Гайднан бастап, қазіргі классиктерге дейінгі әлемдік классикалық шедеврлерді жинайтын,Оңтүстік Иллинойса университетінің (АҚШ) «Discography» оркестрімен фортепианоға арналған туындыларды орындайтын, әлемдік қордың қоржынына туындылары енген тәуелсіз Қазақстанның ең жас әрі жалғыз композиторы. Рахат-би – заманауи музыкаларды орындаушылар мен композиторлардың халықаралық академиясының ең жас қатысушысы.

**Қазыбек Тоқтаров.** 2015 жылы 6-сынып оқып жүрген Қазыбек робототехника байқауында бірінші орын алған. Қазыбек – «смарт киіз үй», «футболшы робот» құрастырушысы, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы. Ол өзінің жобасы жайында «Менің ұсынған киіз үйім эко және этнотуризм бағытын жақсартуға мүмкіндік береді. Шетелден келген туристер ыңғайлы, барлық жағдайы жасалған үйдетұрғанды қалайды. Киіз үйдің ішінде өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, заманауи технологияларды қолдандық. Мысалы, едені жылы. Адам кіргенде, автоматты түрде жарық қосылады. Ал есігі жылы ауаны іште сақтап, суық ауаны кіргізбейді. Әзірге бұлардың бәрі күн батареясынан қуат алып, жұмыс істейді. Алдағы уақытта кереге мен уық қиылысқан тұсқа желден қуат алатын құрылғы орнатпақ ниеттемін. Өйткені, күннің көзі жиі көрінбейтін аумақтағылар үшін желді пайдаға асырған тиімді», – деп өз ойын ашып айтып көрсеткен [https://www.inform.kz/]. Егер біз Қазыбектің жобасына қолдау көрсетсек, еліміздің туристік саясатының дамуына үлкен мүмкіндік береді.

**Данияр Құрманбаев.** Данияр – ерекше қасиет иесі. Ол есепті өте жылдам, қас-қағым сәтте шешеді. Данияр UCMAS академиясы оқушысы, Қазақстанда ғана емес бүкіл әлемде ең жылдам есептейтін тұлға. Ол үш таңбалы сандарды бір сәтте-ақ көбейтіп, қосып, алу амалдарын орындап, әлемді тамсандырған. Кәдімгі адамда ДНҚ-ның 60 кодоның 20 кодоны жұмыс жасаса, Данияда 30-35 кодоны жұмыс жасайды екен. Оның миының жұмыс істеу құрылымы – өзгеше. Қазіргі таңда оны Ресейлік бағдарламалар бірінен кейін бірі шақырып, талантына тамсанып жатыр. Данияр осы бағдарламалардың арқасында әлемге танылып келеді.

**Жамбыл Дүйсенов.** Жамбыл – Үш кітаптың авторы. Ол жеті жасында Қазақстанның рекордтар кітабына енген. Ол екі жасында әріп танып, бес жасында анасы мен апасына арнап өлең

жазған екен. Еліміздің үлкен қалаларында бірнеше рет өзінің жеке концертін берді. Сонымен қатар, мектепті өз жасынан ерте бітірген. Туыла салып бойында ақындық қасиет тараған Жамбылды, Жамбыл Жабаевтың қайтадан дүниеге келуі деп санаған. Бұл бала – отбасында қаншама жыл зарыға күткен жалғыз бала. Ерекше жаратылыс иесі.

**Исаак Мустапуло**. Халық арасында данышпан бала ретінде танымал Исаак 15 жасында астрофизика саласындағы ғалым атанады.Исаак Британ кеңесі және технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі (NATD) ұйымдастырған STEM Ұлттық инновациялар конкурсында «Үйлесім теориясы» атты видеоролик үшін арнайы жүлдеге ие болған. Жас ғалымның байқауға ұсынған бейнеролигі «Үйлесім теориясы» деп аталды. Бұл бейнероликте Исаак ғарыш аппаратына арналған электр энергиясын өндіру барысы туралы баяндаған.Жас данышпан байқаудан кейін де ізденісін арттырып, астрофизика және астрономияны зерттей бастады. OYLA атты ғылыми журналымен бірлесіп жұмыс істей бастаған.Исаак церебалды паралич ауруына шалдыққанына қарамастан, қазірдің өзінде энергетикалық мәселелерді шешу үшін үйлесім теориясы деп аталатын жұмысын жасады. 2017 жылдың 4 қазанында атақты британиялық физик Стивен Хокингпен Ұлыбританияда оқу-танысу барысында кездесіп қайтқан.

Елімізде дарынды балаларды іздестіру мен олардың қабілетін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 1998 жылы Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы құрылып, республикадағы дарынды балалармен жұмысты басқарумен айналысады. Сондай-ақ, индиго балаларды зерттейтін Астана қаласында арнайы орталық және Алматы қаласында арнайы «Индиго балалар» атындағы академия бар екендігіне көз жеткіздік. Бірақ, олардың жұмыс нәтижесі туралы мәліметтер мен ақпарат алу мүмкіндігі аз. Сондықтан, индиго балаларды танып-зерттеудің педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктері арнайы зерттеуді талап ететін, қоғамдық маңызы зор проблема болып отыр**.**

1. Шетелдердегі түрлі әлеуметтік институттардың зерттеу нәтижелері соңғы жиырма жылдан астам уақыт ішінде дамуы мен ойлау жүйесінде ерекшеліктері бар балалардың дүниеге көптеп келуін дәлелдейді. Көптеген зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, қазір 12-14 жасқа дейінгі балалардың 90%-ы Индиго тобына жататын балалар. Қазіргі психология үшін әдеттен тыс құбылыс саналып келген бұл балалар бір атаумен аталғанымен, іс-әрекеттері мен мінез-құлқының сипаттамалары алуан түрлі [Doreen Virtue., 2001.].

Индиго балалар – біздің әлеміміздің әлеуетті болашағы. Және осы болашаққа сәйкесінше қабылдау қажет болады. Себебі, жалпылық менменшілдікпен емес, ортақ күштердің арқасында ғана барлық ұлттар мен халықтардың дамуында жетістіктерге жетуіміз айқын.

Нақты сіздің балаңыз индиго ма, жоқ па, оны қалай анықтауға болады? Келесі мәліметтерді оқып болғаннан соң, сізге біраз нәрсе түсінікті болары сөзсіз:

1. Индигоға тек 1978 жылдан кейін туылғандар ғана жатқызылуы мүмкін.

2. Тек 2-3 жасқа толған балаларда ғана индиго феноменін анықтауға болады, бұл уақытқа дейін бірнәрсе айтуға ерте.

3. Индиго балалар мінез-құлықтың екі қиыр шекті нұсқасымен ерекшеленеді: нәресте гиперактивті, аса көпшіл, жеңілтек әрі тынымсыз не болмаса, керісінше, тұйық, үндемейтін, жайбасар әрі біршама салқынқанды болуы мүмкін.

4. Бала кейде тіпті де басқарылуға келмейтін болып көрінуі мүмкін. Ол сіздің бұйрықтарыңызды орындаудан үзілді-кесілді бас тартып, сіздің айтқаныңызды тыңдамайды, жиі «Мен өзім» деген сөзді қолданып, өз пікірі мен ойын қорғайды.

5. Сәби мүлде тынымсыз болып өседі. Ол өз зейінін бір ғана нәрсеге шоғырландырғысы келмейді, ойын кезінде де бірден ойыншықтардың көптеген түрін пайдаланады. Оны ұзақ уақытқа бір нәрсемен алдандыру қиынға соғады, алайда бір нәрсе шындығында оның қызығушылығын оятатын болса, онда бала бұл затты не құбылысты зерттеуге толықтай кірігіп кетеді.

6. Мектеп жасындағы бала бағдарламаны зерттеу үшін арналған материалды меңгеруді міндетті деп санамауы, кейде бір нәрселерде достарынан артта қалуы да әбден мүмкін. Бір пәнді нашар оқи отырып, ол сол мезетте толықтай қарама-қарсы пәндерді оңай меңгеріп, тіпті олардан кейбір жетістіктерге де жетуі ықтимал. Мысалы, бала бәрінен де нашар жазуы мүмкін, алайда есептеу амалдарын өте жақсы меңгеріп, аса күшті есте сақтау қабілетіне ие бола алады.

7. Индиго балалар ұстанымдарға, таптаурындарға беріле қоймайды. Мұндай бала сырт көзге бейәлеуметтік болып көрінуі мүмкін, оның әрекеттері ата-ананы да, оқытушыларды да тығырыққа тірейді. Алайда, оның бойында не ашу-ыза да, не айналадағысын қабылдамау да кездеспейді, бала өзін мінез-құлық талаптарына, тыйымдарға қарамастан, өз қалауындағыдай ұстайды.

8. Индиголардың қабілеттері міндетті түрде байқалады. Мұндай балалар шығармашылыққа қызығады, бұған қоса олардың белгілі бір саладағы жетістіктерін басқа біреудің еңбегінің арқасы деу қиын – бәрі де ішкі дүниелерінен шығады.

9. Бұл балалардың ақыл-ойы да айтарлықтай жоғары. Олар кенеттен, жауабын кез келген ересек біле бермейтін, ең қиын сұраққа да жауап беруі мүмкін. Одан сен қайдан білесің деп сұрайтын болса, ол иығын қиқаң еткізіп, мен бұны үнемі білетінмін деп айтуы мүмкін.

10. Кейде Индиголардың әрекетін, ойларын

және мінез-құлқын біреу басқарып отыратындай көрінеді. Бала интуитив түрде дұрыс шешім қабылдайды, таныс емес жағдайда оңай әрі байсалды бейімделеді. Онымен қарым-қатынас бейне бір ересек адаммен жүргізілгендей, тең дәрежеде өтеді. Ол әлдеқашан белгісіз жерден әлемнің құрылысын, адамдар қалай дүниеге келетінін, ана дүниеге қалай кететінін де біліп қойған. Индигоның ой-пікірі жасына сай емес, саналы әрі дана болады (оның ақыл-ойын Жоғарғы сана басқаратындай).

11. Индиго-балалар кез келген техниканы жақсы меңгереді! Оларды мысалы, компьютерді не телефонды басқаруға ұзақ үйретудің қажеті жоқ, мұндай бала олармен үш жасынан бастап-ақ жұмыс жасай алады [Кэрролл Ли., Тоубер Дж. Дети Индиго. – К.: София, 2004. – 240 с.].

Индиго балаларды классификациялау мақсатында, жекелеген отбасында екі баладан (А.А. және Х.Э.) және Алматы қаласындағы «Индиго балалар» академиясында алты баладан (К.Л., Н.А., Н.А., Т.А., Т.Ю., Ф.А.) суалнама алынды. Ескере кететін жағдай бойынша педагогикалық-психологиялық этика талаптары аясында біз балалардың аты-жөнін жария етпегенді оларды бас әріппен ғана белгілеуді жөн санадық. Балалардың ата-аналарының және «Индиго балалар» академиясы мамандарының рұқсатымен жүргізілді *(Е. Бейнарович бойынша)*

Жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша, зерттеуге алынған сегіз баланың екеуі ( Н., Ф.А.) «индиго құрушы», екеуі (Н.А., Т.А.) «индиго ғалым» түрлеріне жатқызылды. А.А.–табиғатқа жақындығы байқалып, «индиго натуралист» екені анықталды. Х.Э. ересектерше пайымдап, ақыл айтатыны байқалған соң, «индиго мұғалім» түріне жатқызылды. Т.Ю. мен К.Л. ересектердің тарапынан басымдылыққа ашық түрде наразылық танытуы байқалып, «индиго қиратушы» түріне жатқызылды. Сегіз баланың ешқайсысында «емші» қасиеті байқалмады.

Сонымен қатар, индиго балаларды анықтау мақсатында біз жоғарыда аталған отбасының ата-анасынан және «Индиго балалар» академиясында алты баланың ата-анасына да сауалнама жүргіздік. «Индиго балалар» академиясында сауалнаманы жүргізу барысында тәжірибелі педагог-психолог маман Мила Ливановичтің жеке балалардың ерекшеліктері туралы пікіріне назар аударылды (Кесте 1).

*Кесте 1 – 1-7 жас аралығындағы индиго балаларды анықтау үшін, ата-аналарға арналған тест (Е.Бейнарович бойынша)*

| № | Индиго балаларына тән қасиеттер | Аты-жөні | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | А.А. (7жас) | К.Л. (4жас) | Н.А. (3жас) | Н.А.(7жас) | Т.А. (5жас) | Т.Ю (3жас) | Ф.А. (6жас) | Х.Э. (6жас |
| 1 | Оның көз қарасы сәбилік кезден саналы | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 2 | Өте ерте сөйлеп бастады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 3 | Көрінбейтін адамдармен сөйлейді | + | - | - | - | + | - | + | - |
| 4 | Көп тамақ сұрамайды | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 5 | Күні бойы тамақ жемей отыра алады және тоқ болады | + | - | - | - | + | + | - | + |
| 6 | Өзімен жасты балалардан өзгеше екені байқалып тұрады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 7 | Тамақтану тағамдарына жоғары сезімталдығы бар | - | - | + | - | - | - | + | - |
| 8 | Тамақтарға аллергиясы бар | - | - | - | - | - | + | - | - |
| 9 | Өзі қалаған тағамдарды ғана жейді | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 10 | Жансыз заттарды жандандырып,өзінің ойыншықтары- мен сөйлеседі | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 11 | Өсімдік, жануарлармен сөйлеседі | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 12 | Ата-аналарының әрекеттерін алыстан сезіп отырады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 13 | Өзінің өткен, басқа өмірлері туралы айтып отырады | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 14 | Басқа әлемдерде өмір сүре алады | - | - | - | - | - | - | - | - |
| 15 | Ауруларға шыдамды | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 16 | Индивидуалист | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 17 | Барлығын өзі жасағысы келеді | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | Ата-анасынан қорықпайды | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 19 | Оны қорқыту үркіту қиын | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 20 | Оған балалармен отырудан ересектердің арасында жүрген көбірек ұнайды | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 21 | Өзін ересек адам ретінде санайды | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 22 | Қандай да бір күш көрсетуге қарсы | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 23 | Ата-аналарына орынды ескертулер жасайды | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 24 | Ерте балалық кезінен қайырымды, өзіне басқалардың көңіл бөлуін қажет етеді | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 25 | Өзіне не қажет екенін анық біледі | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 26 | Оның сөздік қоры мол | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 27 | Қарапайым бала біле бермейтін нәрселер жайында әңгімелесе алады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 28 | Интуитивті түрде жалған мен шындықты ажырата алады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 29 | Гиперактивті. Ешқашан бір орында отырмайды, барлығының дәмін татып, барлық жерге бас сұғып жүреді | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 30 | Оның ұйқысы нашар | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 31 | Көпшіліктің арасында күшін жоғалтып, әлсірейді | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 32 | Өзін-өзі бақылай алмай қалады («аспанда ұшып жүр» деп те айтады) | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 33 | Ойыншықтарын оңай айырыла алады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 34 | «Жоқ» деген жауапты «иә» деген жауапқа қарағанда көбірек айтады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 35 | Мектептен тыс уақытта, көп жағдайда, қарым-қатынасқа ашық | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 36 | Әлемді теорияға қарағанда тәжірибе жүзінде тануды дұрыс көреді | + | - | + | + | + | + | + | + |
| 37 | Оған қандай тағамның жеуге болатыны және болмайтынын біледі | + | + | - | + | - | + | - | + |
| 38 | Жанды заттардың бәрін жақсы көреді | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 39 | Тек өзіне көңіл аударту мақсатымен ауырып қалатын кездері болады. Өзінің дене мүшелеріндегі кейбір процестерді бақылай алады | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 40 | Өте сезімтал. | + | + | + | + | + | + | + | + |
| | | 36 | 33 | 33 | 34 | 35 | 36 | 36 | 35 |

**Жауаптары:** 36-40 – әмбебап индиго бала; 25-35 – индиго бала; 0-24 – индиго бала емес.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, алынған сегіз баланың 3 – «әмбебап индиго», қалған 5 бала – «индиго» екені анықталды. Бұл жерде ескерілетін жағдай, біз балаларды іріктеп алдық, сондықтан да, біз күткендей нәтиже шықты. Егер, балабақшаға барып, балаларға жаппай сауалнама жүргізсек немесе ата-аналарынан сауалнама алар болсақ, нәтиже мүмкін басқаша болар еді.

Осы зерттеу әдістемесінің нәтижесіне орай ата-аналармен кездесіп, бұл ерекше балалардың мінез-құлқы мен даму және дамыту болашағы туралы дәрістер мен тренингтер жүргізілді. Себебі, «Индиго балалар» атты еңбектегі ғалымдар тұжырымы: «Өзгеше болу – бұл өте қиын. Кейде олар өздерін елден ерек сезінеді, ал бұл жанды жаралайды. Егер сіз оларды басқалардан еш айырмасы жоқ деп сендіретін болсаңыз, бұл көмектеспейді, олар ерекшеленетінін біледі. Оның орнына, оларға ерекшелік – зиян емес, пайда екенін көруге көмектесіңіз. Олардан ерекше мысалдарды келтіре отырып, олар басқаларға ұқсағысы келе ме деп сұраңыз; олардың «жоқ» деп жауап беруі өте ықтимал. Бұл оларға өздерінің болмысы туралы өз таңдауларын еске салады» [https://www.inform.kz/, 144-б.]. Индиго балалар үшін ең ауыры – ата-аналар мен оқытушылардың авторитарлығы. Индиго балалар – тәуелсіз жаратылыстар, бұл өте жақсы қасиет. Алдыңғы буындар дәл осы басқаның пікірінен қорқу мен кінәлілік сезімінен, қорқыныштан әрі ішкі түйсікке сенімсіздіктен запа шеккен. «Еркіндік Индиго балалар үшін өте маңызды. Ал шынайы еркіндік қабылданған шешімдер мен жасалған таңдау үшін жауапкершілікпен тығыз байланысты. ...Ата-аналар өз балаларын бағыттап, қолдап әрі жігерлендіріп қана қоймай, оларға өздерінің қателіктерінен өз бетінше сабақ алуға мүмкіндік берулері тиіс. Индиго балалар басқаның еркі

оларға қысым жасағанын сезсе, әсіресе адуынды бола бастайды» [https://www.inform.kz/, 141-142-б.]. Ғалымдардың тұжырымдары арқылы Индиго балалармен қарым-қатынас құруғатөмендегіше кеңес беруге болады:

1. Индиго балалармен құрметпен араласыңыз.
2. Олардың тәртібіне байланысты нәрселерде оларға өзіндік шешім қабылдауға көмектесіңіз.
3. Әруақытта әрі әрнәрседе оларға таңдау еркін беріңіз.
4. Ешуақытта оларды кемсітпеңіз.
5. Әрдайым оларға күш немесе қысым көрсетпей, өз нұсқауларыңызды түсіндіріп отырыңыз.
6. Оларды өздерін тәрбиелеу ісінде әріптес етіңіз.
7. Ерте жастан-ақ оларға әрбір жасаған әрекетіңізді түсіндіріп отырыңыз.
8. Оларды емдеуге әрі дәрігерлерге апаруға асықпаңыз.
9. Оларға қатысты жазғырудан әрі сын айтудан аулақ болыңыз. Оларға қауіпсіздік жағдайын жасап беріңіз.
10. Оларға қазіргі уақытта кім екендігін әрі болашақта кім болатынын айта көрмеңіз. Олар бұны сізден жақсы біледі.
11. Оларға ненің қызықты екенін өздеріне шешуге мүмкіндік беріңіз.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Индиго балалар және оларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеудің қандай да әдістемелерін қорытындылағанда, бұл мәселені зерттеушілердің пікіріне жүгінеміз. Индиго балаларды алғашқы зерттеуші Нэнси энТэп Индиголармен болып жатқан барлық нәрсе жайында көбірек сұхбаттасуға, оларға жағдайды түсіндіруге кеңес береді. Ол бұл балалар олармен санасуды қалайды, олар қарым-қатынас кезіндегі жалғандылықты өте өткір сезінетінін айтады. «Бұл балалар біздердің ойлап тапқан ережелерімізді мойындамайды, себебі олар Шынайы Өмірдің ережелерін біледі. Олар біздің жалған өміріміздің, өтірік өміріміздің ережелерін мойындамайды. Олар, біз олар үшін шынымен-ақ ата-ана бола алып, формалды түрде емес, шынайы өз уақытымызды аямай оларға қамқор болғанымызды қалайды. Ең бастысы – «дұрыс» сияқты болып саналатындай емес, бәрін шын жүрекпен, махаббатпен жасау деген пікірді ұстанады [Бейнарович Евгения, //http://nimra.ru/ 37 б.].

Индиго балалар – әлемді мойындатқан тұлғалар. Олар негізінде қарапайым адамдармен қарама-қарсы бағытта дамиды. Іс-қимылдары да өзгеше бағытта жүреді. Дамып келе жатқан индиго балалар – олар елдің болашағы. Исаак Мустапуло, Жамбыл Дүйсенов, Данияр Құрманбаев, Қазыбек Тоқтаров, Рахат-би Әбдісағын, Абзал Мырзаш, Әмір Махмет – бұлар еліміздегі өздерінің ерекше қасиеттерін дамыта білген тұлғалар. Қоғамда өз мүмкіндіктері мен бойындағы ерекше әлеуетін мойындатқан ерекше жандар.

Зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын пайымдай отырып және зерттеу әдістемесін қолдану барысында көз жеткізгеніміз: балабақша мен мектепте, отбасында гипербелсенділік көрсететін, мазасыз бола тұрып, түрлі қабілеттілігімен танылып үлгерген балалармен, ата-ана мен тәрбиеші-педагогтардың ортақ тіл табысуының қиындығы және оларды дамытуға қажетті әдістәсілдердің ескеруі арасында қарама-қайшылықтар кездеседі.

Дамуы мен ойлауында ғажайып ерекшелігі бар балаларды мемлекет байлығы ретінде қарай отырып, оларды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеудің ғылыми әдіс-тәсілдерін анықтау және жетілдіру, индиго балаларды табудың инструментарийлер жүйесінің жасалуының қажеттігі туындап отыр. Индиго балаларды табу мен оларды дамытуға педагогикалық-психологиялық тұрғыдан әдістемелік көмек беру мақсатында педагогикалық-тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, сондай-ақ, индиго балалардың әлеуетін жүзеге асыруға негізделген педагогикалық-әдістемелік құралдар жүйесі жасалса, адами капиталдың дамытуға зор мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұмабаев М. Педагогика. 3-бас. – Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 б.
2. Қоңырбаева С. Индиго балалар және оларды отбасы жағдайында әлеуметтендіру мүмкіндіктері// Жантану мәселелері. – 2010. – № 3. – С. 3-6.
3. Кэрролл Ли., Тоубер Дж. Дети Индиго. – К.: София, 2004. – 240 с.
4. Қазақстанның вундеркинд балалары. https://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-vunderkind-balalary_a2982438
5. Бейнарович Евгения. Под знаком индиго.//http://nimra.ru/6-13, 37 б.
6. Мег БлэкбериЛоузи. Дети индиго о мире, жизни и 2012 годе.//http://e-puzzle.ru/page.php?al = alias6893//
7. Doreen Virtue. The Care and Feeding of Indigo Children. – США, 2001.

**Құрмашева Нәркес Құрмашқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Шал Қазына Кенжебайқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДИАГНОСТИКАЛАУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада орта мектептердегі интеллектуалды дарынды балаларға арналған заманауи шетелдік білім беру бағдарламаларына шолу жасалады. Дарынды балаларға арналған оқу бағдарламаларының мазмұнын әзірлеудің негізін қалайтын жалпы қағидалар ескерілген. Дарынды оқушыларға арналған оқу материалдарын тездету, кеңейту және байыту стратегиялары мен оларды әртүрлі оқу бағдарламаларында қолдану ерекшеліктері сипатталған. Аралас оқытудың заманауи моделі және оны орта мектептерде енгізу сипатталған.

**Кілт сөздер:** дарынды бала, оқу бағдарламасы, аралас оқыту, интеллектуалды дарындылық, танымдық ынталандыру, дарынды оқушыларға арналған оқыту стратегиясы, диагностика.

**Аннотация.** В статье приводится обзор современных зарубежных образовательных программ для интеллектуально одаренных учеников в средней школе. Отмечаются общие принципы, лежащие в разработке содержания учебных планов для одаренных учеников, такие как учет индивидуальных особенностей развития одаренности, высокого уровня познавательной мотивации и специфических учебных интересов. Приводятся описания стратегий ускорения, расширения и обогащения школьного материала и особенности их использования в различных моделях учебных программ для одаренных учеников. Описывается современная модель смешанного обучения и ее реализация в средних школах.

**Ключевые слова:** одаренный ребенок, учебный план, смешанное обучение, интеллектуальная одаренность, познавательная мотивация, стратегии обучения для одаренных учеников, диагностика.

**Annotation.** This article provides an overview of the main trends in the creation of educational programs for gifted students in schools in Europe, USA and Canada. It is focused on general principles in developing the content of curricula for gifted students, such as taking into account individual features of the development of talent, highel cognitive motivation and specific educational interests. It also describes the strategies of accelerating, expanding and enriching school material and features of their use in various models of educational programs for gifted students. Describes the current model of blended learning and its implementation in secondary schools.

**Keywords**: gifted child, curriculum, intellectual giftedness, cognitive motivation, learning strategies for gifted students, diagnostics.

## КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта Еуропамен АҚШ-тағы интеллектуалды дарынды балаларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын анықтау, қолдау және құру жұмыстары дарынды балалардың нақты танымдық қажеттіліктерін және олардың тиісті зияткерлік деңгейлерін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін ұйымдастыруда жетекші бағыттардың бірін ала бастады [Попова Л.В., 2011, 52-56 с.]. Интеллектуалды дарынды балаларға арналған арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу олардың қабілеттерін сақтау мен дамытудың қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Отандық білім беру жүйесінде дарынды балаларға арналған білім беру бағдарламаларының қаншалықты жасалып, жүзеге асып жатқанын және оның тиімділігін байқау мақсатында ,шет елдердегі дарынды балаларға арналған білім беру бағдарламаларын қарастыруды жөн көрдім.

Бірқатар отандық және шетелдік еңбектерде көрсетілгендей, дарынды оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерінің бірі – олардың айқын танымдық ынтасы [Бұлақбаева М.К., 2013, 87-100 бб.].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дарынды оқушыларды стандартты мектеп бағдарламалары бойынша оқыту процесінде олардың танымдық ынтасының едәуір төмендеу қаупі бар, өйткені олар оқу материалын өте оңай және жылдам шеше алады.

Қазіргі уақытта Еуропа мен Солтүстік Америкада дарынды оқушыларға арналған оқу бағдарламалары «кеңейту», «тездету» және «байыту» стратегиялары негізінде құрылады. «Кеңейту» және «жеделдету» стратегиялары сандық сипаттама болып табылады, ал «байыту» стратегиясы оқу жоспарларының сапалық сипаттамасы болып табылады. Осы стратегиялардың негізінде оқу жоспарын құру дарынды студенттердің танымдық уәждерінің жоғары деңгейіне сәйкес келеді.

2003 жылы Америка Құрама Штаттарының дарындылық пен таланттың ұлттық ғылыми орталығы («The National Research Center on the Gifted and Talented») аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан дарынды балаларға арналған оқу жоспарларын құру және жоспарлау бағдарламасын жасады. Бағдарламада дарынды балалардың осы санатындағы балаларға арналған оқу бағдарламасының сипаттамалары берілген.

ICM-ді алғаш рет 1986 жылы профессор Дж. Ван Тассель-Баска ұсынған және ол қазіргі уақытта дарынды балалардың сараланған оқу жоспарларын, нұсқаулықтарын және оқуды бағалау критерийлерін жасау үшін кеңінен қолданылады [Gifted Child Quarterly, 1986.].

Бұл модель дарынды оқушыны оқытудағы әртүрлі аспектілерге жауап беретін өзара байланысты үш өлшемнен тұрады және оны келесідей сипаттауға болады:

1. Осы модельге негізделген оқу жоспары кез-келген мектептегі пән бойынша алдыңғы қатарлы білім беруді ұсынады.

2. Жоғары деңгейдегі ойлау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Модельдің бұл аспектісі жобалық жұмыстар немесе пікірталастар арқылы ақпаратты генерациялау тәсілін қолдануды қарастырады.

3. Әртүрлі пәндер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін негізгі мәселелер, тақырыптар мен идеялардың төңірегінде білім беру тәжірибесін ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта модельді практикалық тұрғыда қолдану негізінде аталмыш бағдарламаның дарынды оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын жасауда тиімді құрал екені байқалып отыр.

Сонымен қатар қазіргі уақытта АҚШ-тың білім беру жүйесінде дарынды балалармен жұмыс жасау үшін қолданылатын тағы бір модель – бұл «Оқу жоспарларын ықшамдау» (Curriculum compacting) моделі [*Stepanek J., 1999*]. Бұл модель үш негізгі кезеңнен тұрады:

1. Жаңа тақырыптың басында оқушыларды алдын-ала тестілеу.

2. Білім алушылардың бұрыннан білетін немесе меңгерген дағдыларын жоққа шығару.

3. Өтіп кеткен тақырыптарды балама тақырыптармен немесе жобалармен алмастыру.

Канадада дарынды балаларға арналған оқу жоспарларын жасауда байытылған оқыту әдістері қолданылады. Канаданың Білім департаменті әзірлеген мұғалімнің анықтамалық нұсқасы тереңдетілген оқу жоспарын құрудың бірнеше модельдерін сипаттайды [Educational services division, 2007, 66 p.]. Оқу бағдарламаларын байытудың ең әйгілі және кең таралған моделі ретінде Ж.Рензулли ұсынған модельді айтуға болады.Қазіргі уақытта бұл модельді жетілдіру жалғасуда.

Модель оқытуды байытудың үш түріне негізделген:

1. Қосымша сыныптан тыс білім беру (үйірмелер, көрмелер мен мұражайларға бару, атақты адамдармен әңгімелесу және т.б.).

2. Қалай білім алу керектігін үйрену. Бағдарламаның бұл бөлімі кітапханалық базаны қалай қолдану керектігін, оқушыларды шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту жаттығуларына тартуды, зерттеу әдістерінің әр түрін үйренуді және жазу дағдыларын дамытуды қамтиды.

3. Бағдарламаның бұл бөлімінде білім алушылардың өздері осы бағдарламаның бірінші бөлігінде пайда болған қызығушылықтарға негізделген білімнің немесе өнімнің жасаушысы болады. Бұл болуы мүмкін: ғылыми тәжірибе, шығармашылық жазу, басқа білім алушыларға арналған оқу материалдарын жасау және т.б. Бағдарламаның үшінші бөлігі-оқушының жеке таңдауына негізделумен ерекшеленеді, оқу кезінде ол бастапқы ресурстарды пайдаланады және бүкіл сынып алдында өз нәтижелерін ұсына алу мүмкіндігіне ие.

Дарынды балаларға арналған оқу жоспарларын құрудағы басты мәселелердің бірі-дарындылықтағы айырмашылықтарды есепке алу болып табылады. Кейбір оқушылар барлық дерлік мектеп пәндеріндегі материалды оңай үйреніп жатқан кезде, басқаларының дарындылығы тек бір нақты саламен шектелуі мүмкін.

Американдық педагог және дарынды балаларды оқыту саласындағы мама Сара Бон дарынды балалар өздерінің дарындылық бағыттары мен оқу стилдерінде ерекшеленетінін баса айтады.

Дарынды балаларды үйде оқытуды ұйымдастыруды қарастыра отырып, ол ата-аналар тарапынан дарынды баланың жеке ерекшеліктері туралы неғұрлым көп ақпарат берілсе, соғұрлым дарынды баланы оқыту мен дамыту үшін жақсы болатындығын атап өтті [*Boone S., 2006*]. Дарынды оқушыларға арналған оқу жоспарларын жасау кезінде олардың жеке танымдық қызығушылықтары ескерілуі керек. Американдық психолог К.А. Фиорелло атап өткендей, оқу бағдарламасының дарынды оқушыларды ынталандыру дәрежесі, оқушының жеке ерекшелігіне байланысты болады.

Ал Норвегияда оқушылар 2008 жылдан бастап өз жеке қабілеттерін (математика, шет тілде-

рі, жаратылыстану және әлеуметтік зерттеулер саласында) дамыту және оқу бағдарламаларының 25%-ын өз бетінше таңдай алу мүмкіндігіне ие. Оқу бағдарламасында дарынды оқушыларды ынталандырудың және оларды бағдарламаға бейімдеудің ең кең таралған әдісі-оларға жеке қолдау көрсету екені көрсетілген [Gifted learners: 2009].

Сондай-ақ, дарынды оқушылар үшін олардың білім дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы білім беру бағдарламалары жасалады. Мұндай бағдарламаның мысалы – дарынды орта мектеп оқушылары үшін шығармашылық мәселелерді шешуге арналған оқу құралы (The Education Program of Creative Problem Solving). Дарынды оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағдарламаның әсерін зерттеген К. Кетинкаяның айтуы бойынша – осы әдістеме бойынша оқу курсынан өткен дарынды оқушылар бақылау тобындағы оқушылармен салыстырғанда П.Торренстің шығармашылық ойлау тестінің барлық деңгейлерінде статистикалық тұрғыда әлдеқайда жоғары нәтижелер көрсетті [Cetinkaya C., 2014].

Дарынды балаларға арналған шетелдік бағдарламаларды қарастыра келе, біз мынадай қорытынды шығара аламыз. Дарынды оқушыларға арналған оқу бағдарламасындағы негізгі міндеттердің бірі – олардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға оңтайлы болатын және танымдық мотивациясының жоғары деңгейіне сәйкес келетін оқу курсының мазмұнын қалыптастыру болып табылады. Себебі дарынды оқушыларға арналған оқу бағдарламасын әзірлеу-бұл осы топ оқушыларының қабілеттері мен критерийлерін ескеруді қажет ететін күрделі міндет. Мұндай бағдарламаларды құру дарынды оқушылардың дамуының жеке ерекшеліктерін ескеруді талап етеді, өйткені әр түрлі оқушылардағы дарындылықтың жеке көріністері айтарлықтай айырмашылықтарға ие.

Дарынды оқушыларға арналған барлық бағдарламалар мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелерін шешуге арналған материалдан тұрады. Осы мәселелерді шешу үшін мектептің оқу бағдарламаларын жеделдету, кеңейту және байыту әдістерін дамытуға бағытталған қосымша зерттеулер қажет деп ойлаймыз.

Айта кететін тағы бір жайт – компьютерлік технологияның дамуымен жалпы білім беретін мектептерде оқыту процесін ұйымдастырудың түбегейлі жаңа тәсілі болып табылатын аралас оқыту үлгісін енгізуге мүмкіндік туды. Бұл білім беру үлгісі дарынды оқушылардың сапалы білім алуына, олардың жеке ерекшеліктеріне нақты көңіл бөлуіне жағдай жасары сөзсіз.

Осыдан келіп мынадай сұрақ туындайды: Дарынды оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін және олардың оқу жетістіктерін диагностикалауда қандай құрал тиімді болмақ? Бұл сұрақтың жауабын табу үшін, алдымен, «диагностика» және «оқу жетістіктері» деген ұғымдардың мәнін ашып өтсек.

Жалпы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және диагностикалауда тест тапсырмаларын қолдану өте тиімді болып табылатынын зерттеулер көрсетіп отыр. Соңғы жылдары педагогтар іс жүзінде тесттің оқушылардың жетістіктерін бағалай алатынына және олардың білімдеріндегі олқылықтарды анықтауға, оқушылардың қажетті біліктері мен дағдыларын жетілдіруге, оқу дербестігінің негіздерін аяқтауға, рефлексия, өзін – өзі талдау, өзін – өзі бақылау, өзін – өзі және өзара бағалау біліктерін қалыптастыруға қабілетті екендігіне көз жеткізді. Сонымен қатар, Бірыңғай мемлекеттік емтиханды енгізумен баланы бақылаудың жаңа – тестілік нысанының арнайы жасалуы, оқушының табысқа жетуіне барынша жағдай жасау, оны тест алдындағы қорқыныштан арылту, қолайлы жағдай жасау, балалардың психологиялық денсаулығын сақтау қажеттілігі туындады.

Тестте ортаншы сынып оқушылары үшін бұл тұрғыда ерекше орын беріледі. Олар тек оқу міндеттеріне ғана емес, сондай-ақ баланы тест тапсырмаларымен жұмыс істеуге үйретуге, осындай тапсырмаларды орындау тәжірибесін жинақтауға, өзін бақылау, өз қателіктерін табу және түзету дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс, бұл осы зерттеуді жүргізудің өзектілігін анықтайды. Отандық педагогикалық әдебиетте (Ұ.М. Әбдіғапбарова, М.А. Абсатова, Т.Н. Жүндібаева, Мұханбетжанова) бірқатар ғалымдардың «оқушылардың оқу жетістігін диагностикалауға және тестілеуге берген анықтамалары мен ғылыми зерттеулерін көре аламыз. Ал орыс ғалымдарынан (А.С. Белкин, А.И. Кочетов, Н.К. Голубев, В.П. Беспалько, Б.П. Битинас, Л.И. Катаева, В.Г. Максимов, Е.А. Михайлычев және т.б.) диагностиканы зерттеу пәні ретінде қарастырған.

Білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты оқушылардың қол жеткізген даму деңгейін жедел диагностикалау болып табылады. Бұл оқушылардың тірек білім мен білік жүйесін меңгеру тереңдігін, қарқыны мен ерекшеліктерін білмей оқу қызметін тиімді басқаруға болмайды. Көрнекті орыс педагогы К.Д. Ушинский бұл ойды ерекше бейнелейді: «егер педагогика адамды барлық қатынаста тәрбиелегісі келсе, онда ол оны ең алдымен барлық қатынаста білулері керек» [Ушинский К.Д., 1948-1952, 23 б.].

Енді «Диагностика» ұғымына және осы ұғымды өз еңбектерінде қарастырған ғалымдарға тоқталып өтсек. Жалпы түрде диагностика (грек, diagnostikos – тануға қабілетті) – бұл «диагноз тәсілдері туралы ілім», «диагноз қою» [Ожегов С.И, 2003, 151 б.]. Диагноз (грек. педагогикалық практикасында) педагогикалық процестің жалпы жай-күйін бағалауды немесе оның жұмыс

істеуінің белгілі бір сәтінде жан – жақты ерте, тұтас зерттеу негізінде жеке комменттерді атауға болады [Сластенин В. А., 2006, 425 Б.].

«Педагогикалық диагностика» ұғымын 1968 жылы неміс педагогы К. Ингенкамп бір ғылыми жоба шеңберінде медициналық және психологиялық диагностикаға ұқсас етіп ұсынды. К. Ингенкамп [Ингенкамп К., 1991, 266 с] өз міндеттері, мақсаттары мен қолдану саласы бойынша педогикалық диагностика өз бетінше жүзеге асырылады. Бұл ретте ол психологиялық диагностикадан өз әдістерін қарастырады.

«Педагогикалық диагностика» термині үш мағынада қарастырылады.

*Бірінші жағдайда* «диагностика» терминімен білімнің ерекше түрі белгіленеді. Мысалы, Н.К. Голубев, Б.П. Битанастың «Тәрбие диагностикасына кіріспе» (1989) кітабында диагностика ғылымын – ғылыми білімнің мәні мен бірлі-жарым құбылысты тану үшін қажетті білімнің ерекше түрі ретінде қарастырылады. Мұндай танымның нәтижесі – яғни белгілі бір нысанның бір-бірімен көрсетілген мәннің тиесілілігі туралы қорытынды [Голубев Н.К., 1989, 6 б]. Педагогикалық диагностика оқу-тәрбие процесін және оның компоненттерін алдын ала құрылымдауды қажет ететіні анық. Бұл өте маңызды, себебі диагноз жүйенің жекелеген параметрлерінің жағдайы туралы ақпарат негізінде қойылады [Кенжан А.М., 2014, 263 б].

*Екінші жағдайда* «педагогикалық диагностика» термині практикалық педагогикалық іс-әрекет процесі (құрамдас бөлігі) ретінде түсіндіріледі. Мысалы, шетелдік педагогикалық ой, атап айтқанда, К. Ингенкамп диагностикалық қызметті «процесс ретінде қарастырады, оның барысында (диагностикалық құралдарды пайдалана отырып немесе онсыз), қажетті ғылыми сапа критерийлерін сақтай отырып, мұғалім сауалнама жүргізеді, бақылау және сұрау мәліметтерін өңдейді және мінез-құлқын сипаттау, оның себептерін түсіндіру немесе болашақта мінез-құлқын болжау мақсатында алынған нәтижелер туралы хабарлайды» [Ингенкамп К., 1991, 266 с., б. 8].

Педагогикалық диагностиканы – педагогика оқулықтарының авторы (В.В. Анисимов (2006), В.А. Сластенин (2006) және т.б.) былай түсіндіреді: мысалы: В. Анисимов «педагогикалық процестің жекелеген бағыттарының табыстылығын арнайы әдістемелерден объективті бекіту, сондай – ақ жалпы процестің барлық бағыттары» [Таубаева Ш.Т., 2018, б. 69].

Бір қарағанда, педагогикалық диагностиканың өзіндік теориясы жоқ болып көрінуі мүмкін.Алайда, бұл тек бір қарағанда пайда болатын ой. Ғалыдардың зерттеуінше диагностика зерттеушілердің олжаларын пайдаланып қана қоймай, теорияның дамуына өз әсерін тигізеді деп көрсетеді: ғылыми классификациялауға ықпал етеді. (Б.П. Битинас, Л.И. Катаева). Бұл ретте диагностикалық құбылыстар мен объектілердің мазмұндық теориясына сәйкес келмейтін педагогикалық диагностиканың ғылыми негізі бар екенін ескеру қажет. Б.П. Битинас, Л.И. Катаева «Педагогкалық диагностика: мәні, функциялары, келешегі» мақаласында (1993ж.) педагогикалық диагностиканы оқу-тәрбие қызметінің сапасын, табыс немесе сәтсіздіктің себептерін анықтау тәжірибесі ретінде ғана емес, сонымен қатар осы тәжірибеге қызмет көрсететін зерттеулердің бағыты ретінде де қарастырады. Осыдан келе, педагогикалық диагностиканы ғылыми пән ретінде және педагогикалық шындық ретінде қарастыруға болады.

Біздің ойымызша, осы зерттеуде қарастырылатын мәселеге неғұрлым толық және тікелей қатысы бар Е.А. Михайлычевтің ұсынған«педагогикалық диагностика» ұғымын былай түсіндіреді. Оның көзқарасы бойынша, педагогикалық диагностика педагогикалық жүйенің әртүрлі элементтерінің жағдайын және оның жұмыс істеуі мен дамуының қалыпты тенденцияларының бұзылуын болжау, түзету үшін оны іске асыру шарттарын сипаттайтын белгілерді зерттеу және талдау. Біздің пікірімізше, егер – педагогикалық диагностика көмегімен оқу үдерісі талданып, оқу нәтижелері анықталатынын ескерсе, осы мақсаттарды негіз ретінде қарастыру керек.

Ғылыми әдебиетті талдау педагогикалық диагностика туралы ғылыми ұсыныстардың бірқалыпты еместігін көрсетті және осы үдерістің мәндік сипаттамасын анықтауға мүмкіндік берді:

– ғылыми білімнің мәні мен құбылыстарды тану арасындағы танымның ерекше түрі. (К. Голубев, Б.П. Битинас);

– тәрбиелеу, білім беру және оқыту нәтижелерін өлшеу мақсатында тұлғаның қызығушылық тудыратын қасиеттерін анықтауға бағытталған педагогтер мен педагогикалық ұжымдардың ерекше қызметінің жүйесі (К. Ингенкамп, В.С. Аванесов);

– педагогикалық процестің жеке бағыттарының табыстылығының арнайы әдістемелердің сондай – ақтұтас алғанда жалпы процестің көмегімен объективті белгілеу, (В.В. Анисимов, В.А. Сластенин, И.П. Подласый);

– оқу-тәрбие қызметінің сапасын, оның табыстарының немесе сәтсіздігінің себептерін және осы тәжірибеге қызмет көрсететін зерттеу бағыттарын анықтау практикасы (Б.П. Битинас, Л.И. Катаева) және т.б.

Осылайша, осы жұмыста біз педагогикалық диагностиканы педагогикалық құбылыстардың жай-күйі туралы озық ақпарат алудың жалпы тәсілі ретінде қарастырамыз, педогогтар пен оқушылар қызметінің табыстылығы мен тиімділігінің барлық жағдайларын түсінеміз, оларды қамтамасыз ететін жағдайлар мен себептерді белгілейміз.

Диагностиканы жүргізі барысында осы мақсаттарға қол жеткізу үшін бір жағынан балалардың оқуына алғышарттар белгіленеді, ал екінші жағынан оқытудың жоспарлы процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар айқындалады. Бұдан басқа, оқу процесін жақсартуға қызмет ететін диагностика мынадай мақсаттарға бағытталуы тиіс:

1) оқу нәтижелерін дұрыс бағаламаған жағдайда ішкі және сыртқы түзетуді енгізу;

2) оқудағы олқылықтарды анықтау;

3) табысты нәтижелерді растау;

4) оқу процесінің кейінгі кезеңдерін жоспарлау;

5) оқудағы табыстары үшін көтермелеу және кейінгі қадамдардың күрделілігін реттеу арқылы мотивация беру;

6) оқу шарттарын жақсарту .

К. Ингенкамп, Е.А. Суховиенко жұмысында қарастырылған диагностика мақсатын талдай отырып, өзінің «білім беруді ақпараттандыру контекстінде оқушыларды оқытудың табыстылығының педагогикалық диагностикасы» диссертациялық зерттеуінде келтірілген педагогикалық диагностика мақсаттарының тізімін оқытудың қиындықтарын жеңуге оқушыларды ынталандыру сияқты бағасымен толықтыруға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтар болсақ, зеттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын қамту мүмкін емес, сондықтан қарарастырылып отырған мәселе толық шешімін тапты деп айтудан аулақпыз. Қазіргі заманғы білім беру ісінің негізгі нысаны болып – жас ұрпақтың дағдыларын қалыптастыру ғана емес, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сондай–ақ ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүріп, қызмет жасауға және бәсекеге қабілетті тұлғалық қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу басты мақсатымыз болып отыр деп есептейміз. Болашақта ЖОО педагог-психологтың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында онлайн курстар мен ақпараттық технологиялар арқылы жаппай оқытуды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету бағыты зерделеніп, қарастырылса екен деген ниетіміз бар.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Попова Л.В. Образование одаренных детей и молодежи: государственная полити ка европейских стран//Психологическая наука и образование. 2011. № 4. С. 56—62.

2. Бұлақбаева М.К. Дарынды балалардың ерекшеліктері [Электронный ресурс]//Сынып сағаты. – 2013. № 2. С. 87—100.

3. *VanTassel* Effective curriculum and instructional models for talented students//Gifted Child Quarterly. 1986. Vol. 30, Issue 4. P. 164—169.

4. *Stepanek J.* The inclusive classroom. Meeting the needs of gifted students: differentiating mathematics and science instruction. Northwest Regional Educational Laboratory, 1999, December.

5. Gifted and talented students: A Resource guide for teachers. Educational services divi sion. 2007. 66 p.

6. *Boone S.* Homeschooling curriculum for the gifted child//Digest of Gifted ResearchDuke University Talent Identification Program. 2006. Vol. 7. №1.

7. Gifted learners: A survey of educational policy and provision. European Agency for Development in Special Needs Education. 2009. 40 p.

**Малдыбаева Махабат Абуталиковна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Тундебаева Айгуль Касеновна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ САПАСЫН ЖӘНЕ КӘСІБИ МОТИВАЦИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТЕСТТІҢ МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа.** Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті азамат тұлғасын қалыптастырып, жетілдіру мектеп табалдырығынан бастау алады. Мақалада болашақ педагогтарды тест арқылы даярлау мәселесі, әдіс-тәсілдері, элементтері, түрлері қарастырылған. Тестің кәсіби даярлықтағы маңыздылығын зерттеген ғалымдардың еңбектері қамтылып, қазіргі уақыттағы тест тапсырмаларына қойылатын талаптар мен олардың құрылымының негізі ашылған.

**Кілт сөздер:** кәсіби даярлық, болашақ педагог, тест, педагогикалық тест, мотивация.

**Аннотация.** В эпоху глобализации формирование и совершенствование конкурентоспособного гражданина начинается на пороге школы. В статье рассматриваются вопросы, методы, элементы, виды и типы тестовых инструкторов для будущих учителей. Работа ученых, которые исследовали важность теста в профессиональном обучении, была освещена, и были выявлены текущие требования к тестовым заданиям и структура их структуры.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка, будущий учитель, тест, педагогический тест, мотивация.

– компанияның топ-менеджерлері орта менеджмент өкілдері қызметкерлерге стратегиялық жоспарлар мен міндеттерді қалай ауысатындығын көре алады;

– бағалау нәтижелерін қызметкерлер «байсалды» қабылдайды [3, С. 79].

Құзіреттілік моделін қолдану арқылы персоналды бағалаудың төмендегідей мүмкіндіктерін атап көрсептуге болады:

– аттестатталған лауазымның кәсіби біліктілігіне сәйкестігін анықтауға;

– әр қызметкер үшін ынталандыру және мотивациялау жүйесін құру туралы негізделген және салмақтанған шешімдер қабылдау;

– компанияның негізгі мамандары мен менеджерлерінің даму жоспарларын дайындау;

– қызметкерлер мен менеджерлерді ұйымдастырушылық және кәсіби өзгерістерге ынталандыру, қызмет тиімділігін арттыру.

Окладты түзету ең «айқын, анық» тәсіл, бірақ негізгі қызметкерлерді бағалаудың мақсаты болып есептелдмейді. Осы процедураны қолдана отырып, компанияның адам ресурстарын «инвентаризациялау» – түгендеу жасалады. Бұл қызметкерлер санының өсуі мен қызмет аясының кеңеюі жағдайында, сондай-ақ, стратегиялық жоспарлар бойынша қызметкерлер мен менеджерлердің кәсібилігі мен қабілет деңгейіне сәйкес келетіндігін түсіну қажет болған кезде, басқа да күрделі мәселелер туындағанда «үзіліс жасау» қажет болған жағдайда маңызды. Бағалау процедурасы ұйымға негізгі қызметкерлер мен менеджерлердің кәсіби, іскерлік және жеке құзыреттіліктерін лауазымның меншік иелері мен топ-менеджерлердің күткен критерийлерге сәйкестігін бағалауға және олардың өсу траекториясын анықтауға мүмкіндік береді. Жалақының өзгеруі – бағалаудың және компанияның осы сәйкестік деңгейімен қарым-қатынасының қисынды нәтижесі болып табылады.

Менеджерлерді бағалауды жүзеге асыру үшін біз көшбасшы мен менеджерлердің ең қажетті құзыреттерін неғұрлым толық көрсететін құзыреттіліктің негізгі моделін қолдануды ұсынамыз (Сурет 1) [Таубаева Ш.Т., 2017, Б. 69-73].

Ұсынылған құзіреттілік моделі жетекші тренерлердің, сараптамалық және консалтингтік ұйымдар мен аймақтың кәсіпорындарының көпжылдық тәжірибесінің нәтижесі. Ұсынылған көшбасшылық құзыреттілік моделінің мәні ол кадрлық саясат пен нақты бизнестің қажеттіліктерін ескере отырып, кез-келген өзгеріс пен модификацияға бейім екендігінде.

Суреттен көріп отырғанымыздай, *тұлғалық құзыреттіліктер*:

– қарым-қатынас және тұлға аралық және топтық қарым-қатынас құзыреттіліктері;

– өзін-өзі бақылау, жеке эмоциялар мен күйзелістерді бақылау;

– манипуляцияларға қарсы тұру қабілеті;

– жеке оқыту және тұлғалық дамуды басқару;

– сынға сындарлы жауап қайтара білу.

*Сурет 1- Басшылық құзіреттіліктерінің базалық моделі*

*Лидерлік (көшбасшылық) құзыреттіліктер*:

– өзге адамдармен қарым-қатынасты, іскерлік байланыстар мен қатынастарды жауапкершілікпен құру және қолдау, әлеуметтік жауапкершілік пен ынтымақтастық сезімін дамыту;

– дау-жанжалды тиімді басқару;

– бағыныштыларды белгілі бір бағытқа бағыттау, оларға қажетті қолдау көрсету;

– әр түрлі топпен жұмыс істей білу және ұйымда ұйымшылдық қарым-қатынасын қалыптастыру.

*Басқарушылық құзіреттіліктер*:

– кәсібилік, кәсіпкерлік дағдылар;

– мақсат қою және жаспарлаудағдыларын қалыптастыру;

– ішкі және сыртқы ортаны талдауға сәйкес өз қызметінің нәтижелерін жоспарлау;

– ситуациялық көшбасшылық стильді қолдану (ұйымның мақсаттары мен қажеттіліктеріне байланысты);

– басқару функцияларына сәйкес қызмет процесін ұйымдастыру;

– шешім қабылдау қабілеті;

– билікті, өкілеттілікті тиімді делигирлеу(бөлу) мүмкіндігі.

*Инновациялық құзыреттіліктер*:

– өзгерістер мен инновацияларды енгізу алғышарттарын жасау қабілеттілігі;

– жаңа идеялардың пайда болуы үшін қолайлы климат құру және осы идеяларды жүзеге асыруда бірлесе жұмыс жасау.

*Техникалық құзыреттіліктер*– менеджерлердің өз міндеттерін тиімді орындауы үшін қажет арнайы білімі, қабілеттері мен дағдылары (жетекші өзі басқаратын процестер мен функциялардың тікелей мазмұнын құрайтын мәселелерді шешуі үшін қажет).

*Басқарушылық құзіреттіліктің* негізгі базалық моделі төмендегідей сипаттамалар тән:

– озық тәжірибе үлгісі, оның негізінде ұйым мен менеджерлер өздерінің еңбек өнімділігі мен жұмыс тиімділігін арттыра алады;

– ұйымға менеджерлерге қойылатын талаптарды нақты қалыптастыруға мүмкіндік беретін менеджментті жетілдірудің стандарты, мақсатты эталоны.

– ұйым қолданыстағы басқаруды бағалай алатын, оны дамыту бағдарламаларын құратын және жетілдіруді жүзеге асыратын шаблон.

Құзіреттілік моделін қолдана отырып, менеджерлерді бағалауды «360 градустық аттестация» әдісі бойынша алгоритмге сәйкес сарапшылар (аға менеджерлер, әріптестер, бағыныштылар және серіктестер) жүзеге асырады. Бұл жерде сарапшылардың пікірлерінің объективтілігін қамтамасыз ету маңызды: біреулері көтермелеп көрсетуге, біореулері төмендетуге бейім. Сонымен қатар, субъектілер мен объектілердің тұлғааралық қарым-қатынасы бағалауға әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік шиеленісті «жеңілдету» үшін бизнес көшбасшысы қазіргі риториканы қолдана отырып, барлық серіктестердің мүдделері мен себептерін үйлестіруі керек.

Құзіреттілік моделін қолдана отырып, менеджерлерді бағалаудың соңғы сатысы келесідей:

– бизнес (іскер( менеджер мен кадр қызметімен бірлесіп, процедуралық аспектілердің сақталуын қамтамасыз ететін бағалау нәтижелерін талдау

– басқару субъектісі әрбір нақты кандидат үшін кадрлық шешімдерді дайындау;

– бағалау нәтижелерін тақырыпқа сәйкес талқылау және кадрлық шешімдерді бекіту [Сосновый А., Гун А., 2009, С. 78-80.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ұйымның персоналы мен менеджерлерінің жұмысын бағалауға ұсынылған тәсіл бірегей деп айтуға болмайды, дегенмен бұл тәсілдің жаңалығы – құзыреттіліктер жиынтығының тәуелсіз жасақталуы – позицияларға байланысты «жиналуы» және біріктірілуі мүмкін өлшем параметрлері (төмен, орта немесе жоғарғы деңгей), объективтілік пен жан-жақты, кешенді қамтамасыз етілуі. Алайда, ұсынылған бағалау процедурасын іске асыру бірқатар кадрлық шешімдерді талап етеді, атап айтқанда: менеджердің бағалауы мен ынталандыру және мотивациялау жүйесі арасындағы байланыс мәселесі (мысалы, жалақы деңгейінің шкаласын енгізу), кәсіби даму жобаларын дайындау, бұл бизнес жетекшісінің мүүддесі мен қызмет ету ерекшеліктеріне сай келмеуі мүмкін. Келесі қадам – білім беру ұйымдарындағы менеджерлерді бағалау және оның нәтижелерін өңдеу процесін автоматтандыру, яғни сертификаттаудың барлық кезеңдерін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету.

Келесі мәселе – өзгерістерге сәйкес ұсынылған моделге сәйкес жұмыс жасауды ұйымдастыру. «Таланттар үшін соғыс» деп аталатын үздік шетелдік бестселлерлердің бірінде авторлар жұмыс рейтингісінің жоқтығы талантты адамдардың мансаптан бас тартуының негізгі себептерінің бірі екенін айтады [Майклз Э., 2010. -216с]. Қызметкерлердің тек 35 проценті ғана ұйым олардың қызмет нәтижесі туралы шынайы түрде хабарлайды деп санайды. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге орай, осы мақала аясында білім беру ұйымдарының персоналы мен менеджерлерін тиімді бағалау ұйымның қызмет ету сапасын көрсетеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Егер ұйым негізгі қызметкерлерді бағалаудың озық әдістерін әзірлесе және қолданса, ұйымның өзі менеджерлердің қызметін тиімді бағалау тиімді басқару жүйесін құру мен жетілдіруге негіз болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бодди Д., Пэйтон Р. Основы менеджмента. – СПб.: Питер, 2000.– 168 с.
2. Әбдіғаппарова Ұ.М. Как оценить топ кандидата //Управление персоналом. – 2008. №19. – С.32-33
3. Сосновый А., Гун А. Оценка персонала с применением модели компетенций //Справочник по управлению персоналом. 2009. № 5. С. 78-80.
4. Таубаева Ш.Т. Зерттеушілік мәдениет ұстанымдары //Ғылым және өмір. – №6(56). – Б. 69-73.
5. Майклз Э. Война за таланты. – 2-е изд.испр.,пер с англ – М.Мани, Иванов и Фербер, 2010. -216с

**Мәкіш Жанат Алтынбекқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400-«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

**Ыбраш Гүлістан Жақсылыққызы,**
2-курс магистранты,
6М012400-«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ МЕН МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Ұсынылып отырған мақалада оқушылардың білім деңгейін бағалау үшін бес баллдық бағалау шкаласына сүйенетін мемлекеттік мектептер туралы хабарланады. Мақалада білімді бағалау «баллдармен» бағалау жүйесіне негізделуі тиіс, қазіргі уақытта критериалды жүйе бойынша студенттердің білімін бағалау мәселесі қарастырылатынын атап өту қажет. Студенттердің оқу жетістіктерін әділ және объективті бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады.

**Кілт сөздер:** бағалау, оқыту технологиялары, критериалды бағалау, оқыту.

**Аннотация.** В предлагаемой статье сообщается о государственных школах, которые до сих пор опираются на пятибалльную оценочную шкалу для оценки уровня образования учащихся. В статье рассматривается, что оценка знаний должна быть основана на системе оценивания с «баллами», отмечая, что в настоящее время рассматривается вопрос оценки знаний студентов по критериальной системе. Система справедливой и объективной оценки учебных достижений студентов является неотъемлемой частью содержания образования.

**Ключевые слова:** оценивания, технологии обучения, критериальная оценивания, обучение.

**Annotation.** The proposed article reports on the public schools that still based on the five-point evaluation scale to assess the level of students' education. The article considers that the knowledgeassessment is to be based on grading system with "points", noting that now the question of assessing the knowledge of students on the criteria-based system is being considered. The system of fair and objective assessment of students' learning achievements is an integral part of the content of education.

**Keywords:** assessment, training technology, criteria-based assessment, training.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі таңдағы талап білім сапасы оқушының алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді. Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын, кез келген ортада топпен, жұппен жұмыс істей алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады. Сондай басымдылықтың бірі – *оқушылардың оқу табыстылығы мен математикалық сауаттылығын критериалды бағалау*. Осыған орай, мектептердің оқу тәрбие процесінде Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибелеріне сүйене отырып, озық идеяларын басшылыққа ала отырып, әрбір ағылшын сабағын жаңаша әдіс-тәсілдердің көмегімен өткізу оқушылардың сыни және шығармашылықпен ойлауына, теориялық білімдерін өмір салттарында қолдана алуына септігін тигізбей қоймайды.

Дәстүрлі білім беру жүйесінің оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру нәтижесіне жетуге мүмкіндігі толық жетпейтіндігін іс-тәжірибе көрсетіп отыр. Оқушылардың коммуникативтік қарым-қатынасын қалыптастыру олардың іс-әрекетінің ұйымдастырылуына, оқыту-тәрбиелеу ұстанымдары мен әдістеріне, формаларына тәуелді екендігі белгілі.

Нәтижеге бағдарланған білім беруде оқушылардың тұлғасын қалыптастыру – негізгі міндеттердің бірі. Бұл міндетті жүзеге асырудың тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде қарастырылуы қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің біріне айналып, мектеп оқушыларының ақпаратты меңгеруін қалыптастырудың жолдарын зерттеу қажеттігі анықталды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бағалау – білім беру үрдісіндегі қажет басты құрама бөліктердің бірі. Бұл үрдісте оқытушы оқушының ағымдағы және қорытынды үлгерімі туралы ақпаратты жинақтайды және талдайды. Бағалаудың мақсаттары, міндеттері, пәні,нысаны, принциптері, әдістері, түрлері және құралдары білім беру үрдісінің барлық қатысушыларына (мектептің әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар) түсінікті болуы керек. Бағалау жүйесі – бұл оқыту мәселелерін болжаудың және жетістіктерін өлшеудің негізгі құралы [Әдістемелік құрал, 2015, 58 б.]. Бұл құрал білім берудің сапасын, оның әлемдік стандарттарға сәйкестігін анықтауға, білім беру саласындағы заманауи міндеттерге сәйкес болмаған жағдайда оны білім беру стратегиясы мен тактикасы бойынша түбегейлі шешімдерді қабылдауға, білім берудің мазмұнын, білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалаудың түрлерін де жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бағалау – алынған нәтижелерді және жоспарланған мақсаттарды салыстыру үрдісі.

Оқушылардың оқу табыстылығы мен математикалық сауаттылығын критериалды бағалаудың тексеру тәсілдері:

– ауызша (жеке, топтық);

– жазбаша (диктант, мазмұндама, сынақ, зертханалық жұмыс, бақылау жұмысы);

– өз бетінше тексеру жұмысы, емтихан;

Тексерудің көбі үлкен тақырып, бөлім аяқталғанда жүргізіледі. Әрбір сабақта, сабақтың әр кезеңінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын тексеруден басқа, ауызша және жазбаша тексеру жұмыстарына бағытталған: бақылау жұмыстарына арналған сабақтар, зачет, емтихан, қабылдау, тест т.б. өткізу қажеттігі туындайды. Сабақ үрдісінде өткізілетін тексеру жұмыстарының бәрін қадағалап отыру үшін тақтаның бір бөлігіне немесе компьютердің белгілі бір файлына әрбір оқушының атын жазып, тұсына қойылған сұрақтарға берген жауаптарын (мысалы, «плюс», «минус», т.б.) белгілеп отырған жөн.

Кейде мұғалім оқушылардың өздері белгілеп отыруын ұсынады. Бұл сабақтың соңында білім алушылардың өздерінің білімін өздері бағалауына мұғалімнің қойған бағасы мен білім алушының өзі қойған бағасының ынтымақтастықта қойылуына, бағаларға комментарий жасауға кететін уақытты үнемдеуге септігін тигізеді. Тексеру жұмыстарының өткізілу уақыты мен оның ұзақтығы оқушыларға алдын ала хабарлауды қажет етеді. Бұл оқушылардың психологиялық бейімделуін қамтамассыз етеді.

Бақылау жұмысы немесе емтихан алдындағы қорқыныш сезімдерін жеңуге, стресс ахуалының алдын алуға септігін тигізеді. Бақылау жұмыстарының материалдарын жасағанда оқытушы қазіргі заманғы техникалық көбейткіш ксерокөшірме, компьютердің проектрлеуші қондырғылардың мүмкіндігін пайдаланып, жұмысын жеңілдеткені жөн. Сонымен бірге осындай тексеру сабақтарының жоспарын жасағанда білім алушылардың білімінің деңгейлік сарапауын ескеріп құрылатын тапсырмалардың шешімдері мен жауаптарын сабақ жоспарына міндетті түрде ендіруі тиіс.

Тексеру сабақтарының мынадай түрлері болады: ауызша және жазбаша; оқылған тақырыптан соң бірден алынатын бақылау жұмыстары және біраз уақыт өткізіп барып алынатын бақылау жұмыстары, көп уақыт өткізіп барып алынатын бақылау жұмыстары, яғни уақыт өткен сайын алынған білімдердің беріктігін тексеруге арналған жұмыстар т.б. Олардың дидактикалық мақсаты тек білім деңгейін тексерумен ғана шектелмейді.

Тексеру сабақтары білім беру функциясын да атқарады, оқушылардың даму деңгейін де анықтайды. Жазбаша тексеру жұмыстары сабақтың бір бөлігіне немесе бүтін бір немесе екі сабаққа есептеліп беріледі. Мазмұнында міндетті бөлікпен қатар математикаға қабілетті оқушылар үшін қосымша бөлігі жоспарланады. Оқушылардың үлгірім деңгейіне байланысты нұсқалар саны көп болғаны, тіпті әрбір білім алушының аты жөні жазылған, арнайы текстер берген тиімді. Оқушы өзінің аты жазылған арнайы тапсырма алғанда, оның жауапкершілігі артып, жұмысқа ықыласпен қарайтыны байқалады.

Мұғалім бақылау жұмысында оқушылардың бәрі түгел тиімді жұмыспен айналысуын қадағалап, сұрақтарға жауап береді. Оқушыларды жазылған жұмыстарды уақытында өткізуге үйретеді. Келесі сабақтың бір бөлігін немесе түгел бақылау жұмыстарын талдауға, жиі кездесетін қателер мен жеке оқушылардың жіберген қателеріне, жұмыста жіберілген грамматикалық, символикалық, логикалық қателеріне талдау жасап, сараптауға арнаудың маңызы өте зор. Бұл осындай қателердің келесі бақылау жұмысында болдырмаудың кепілі бола алады және оқушыларды сауатты жазуға, логикалық ойлауын, сөз байлығын, шығармашылық кабілетін дамытуға ықпал етеді.

Бақылау жұмысын нашар жазған оқушыларға қателерін талдап, көрсеткеннен кейін қосымша нұсқа беріп, бақылау жұмысын қайта жазуға мүмкіндік беріледі. Жазбаша бақылау жұмыстарының тестік тапсырмалардан бір артықшылығы оқушылардың жазу стиліне, математикалық сауатты жазуына, есептерді шығарғанда сөз байлығын пайдаланып, түсініктемелер, тұжырымдар жасауын тексеруге, сол арқылы олардың жазу сауаттылығы мен сөз байлығын, шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлауын тексеруге мүмкіндік беріледі. Ал, тестік тапсырмалар: уақытты үнемдеуге, оқушының да, тексерушінің де артық жұмыстарын азайтуға, білім беру функциясын, т.б. дидактикалық функцияларды іске

асыруға мүмкіндік береді. Оқыту өнімділігі: санмен, сапамен, толықтылығымен, деректілігімен, тереңділігімен, – әділ бақыланумен тығыз байланыстылығы әдістемелік үрдістің ең жоғарғы заңдылығы ретінде қарастырылады. Оның іс-әрекетке айналып кетуі үшін бақылаудың тиімділігін негіздеп, әсер етуші факторларды ажыратып, түсінікті нақтылау қажет.

Қазіргі теорияда әлі: «баға», «бақылау», «тексеру», «есеп» және осылармен байланыстыларды ажырататын үйлесімділік жоқ. Оларды бір мағынада жиі алмастырып та, қолданып та жүр. «Бақылау» жалпы шығу түріне қарай оқушының білімін, біліктілігін бағалау мен өлшеуді білдіреді. Өлшеумен анықтауды тексеру дейді. Сондықтан тексеру – бақылаудың негізгі құрамы, оқушымен оқытушы арасындағы кері байланысты анықтайтын мұғалімнің оқушының нені дұрыс меңгере алмағанын, жіберген кемшілігінен әділ мәлімет беретін негізгі әдістемелік міндеті.

Тексеру тек оқушылардың оқытылу сапасы мен деңгейін анықтамайды, сонымен бірге оқыту еңбегінің соңғы көлемін де білдіреді. Бақылау тексеруден басқа бағалау (әрекет ретінде) және тексеру (нәтиже ретінде) бағасын да қамтиды. Баға үлгерім табельдерінде, сынып журналдарында, мәліметтер жинағында т.б. белгі ретінде (шартты белгілердің көрсеткіші, «кескіні», ескерту таңбасы) қойылады. Оқушылардың үлгерімін бағалау негізі бақылау (нәтижесі) қорытындысы болып табылады. Сонымен қатар оқушы жұмысының сапасы да, саны да ескеріледі. Сандық көрсеткіштерінің артықшылығы пайыз бен балл түрінде, ал сапалық – «жақсы», «қанағаттанарлық» т.б. өлшеммен белгіленеді. Әрбір бағалау пікірге алдын-ала келісілген (белгіленген) ұпай, көрсеткіш (мысалы, «өте жақсыға» – 5 ұпай) қоса жазылады. Мұнда баға тек қана нәтиженің өлшемі мен айқындаушы емес, бағалау пікіріне қосымша мағына үстейтінін түсіндіру керек. Санды қолдан жасап қою бағалау пікіріне қайшылық келтіреді. Әлемнің көптеген елдерінде сандық өлшемге қызығушылықтан сақтану үшін әріптік белгілерді қолданады. Мысалы, A, B, C т.б. Осы критерий бойынша бағаны анықтау үшін ұсынылған мәліметтер мен игерілгендердің көлемін өлшеуді білу қажет. Бұл міндет ыңғайлы практикалық технология деңгейінде шешілген. Баға қызметі, бізге белгілі болғандай оқытылу деңгейімен ғана өлшенбейді.

Баға – педагогтың жеке тұлғаның оқуын реттейтін, жағымды құралы. Әділ бағалау арқылы оқушы бойында өзіне-өзі сын көзбен қарауы, өзін бағалауы қалыптасады [Карпушин Н.Я. и др., 2009, 160 с.]. Сондықтан бағаның ең басты маңыздылығы, оның қызметінің түрі оқушының оқу әрекетінің барлық жағында оны жан-жақты аша алатындығында. Осы көзқарас негізінде қазіргі білім, біліктілікті бағалауда баға жүйесін диагностикалау маңызымен қоса қайта қарастыру қажет. Оқытуды диагностикалаудың, бақылаудың қағидалары болып: маңызы әділдік, жүйелілік, көрнекілік (жариялылық) болып табылады.

Әділділік – педагогтың оқытатын шәкірттерінің біліктілігін, білімін диагностикалық тестерді (тапсырмалар, сұрақтар) диагностикалау тәртібін дәл, нақты, өзара түсінікті қатынас арқылы ғылыми негізге арқау ету болып табылады. Диагностикалаудың практикалық әділдігі диагностикалау көрсеткен педагогтың кез келген бақылау құралдары мен қолданған әдістерімен қойған бағасы үйлесімділік тауып отырады. Бастапқы білімді қабылдаудан бастап, оны практикада қолдануға дейінгі барлық әдістемелік үрдіс диагностикалық бақылау жүргізу – жүйелілік үрдістің түрлері болып табылады. Оқу мекемесінде үнемі жүргізілетін диагностикалау – оқитын шәкірттің бірінші күнінен бастап барлық әрекетін жүйелілікпен қамтиды. Бақылаудың түрлі формалары әдістері мен құралдары, тексерулер, бағалаулар диагностиканы кешенді жүргізуде жүйелілік қағадасын ескеруді талап етеді. Жеке әдістер мен диагностикалау құралдарының жан-жақтылығына назар аударған дұрыс. Диагностика үрдісінде әр оқушының салыстырмалы, көрнекті рейтингісі шығарылады. Баға – оқушылардың өздеріне деген талап үлгілерін және педагогикалық әділділігін салмақтайтын бағдар. Оқушылардың білік, білімін бағалау, тексеру, бақылау, диагностикалау оны қалай жүргізілетініне де байланысты болады. Оқушылардың білім деңгейінің алдын ала шығарылған көрсеткіші – тексеру жүйесінің ең бірінші құрамдас бөлігі деп есептеледі. Ол оқу жылының басында оқушының өткен оқу жылындағы білімін анықтау үшін жүзеге асырылады. Алдын ала тексеру біліміндегі, дағдысындағы кемшіліктерді жою мақсатымен сәйкес жүргізіледі.

Мектеп оқушыларының оқу барысына дайындығы мен қабілеті олардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейімен анықталады. Оқушылардың тоқсан қорытындысының табысты нәтижесін мұғалім бағалау арқылы анықтайды. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың қалыпты процесі үшін нақты қойылған мақсат және критериалды бағалау технологиясының моделі құрылады, ол қазіргі қоғам мен оқушы тұлғасының талаптарына жауап береді, анықталған қағидалар білім беру мекемесінің бағалау саясаты және тоқсандық нәтижелерді бағалау үшін диагностикалық құрал болып табылады.

Критериалды бағалау технологиясын білім беру үдерісіне енгізудің мақсаты бір жағынан, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесінің мемлекет пен қоғамға қажеттілігінен туындаса, екінші жағынан, оқушыға өзінің оқу жетістіктерін объективті, әмбебап бағалай алуына көмектеседі. Осылайша, критериалды бағалау технологиясының мақсаты – бағалау жүйесінде оқудағы жетістікке жетуге мүмкіндік

беретін белгілі бір критерийлерді қолдану арқылы оқу-танымдық қызметтің табыстылық деңгейін анықтау және арттыру, сондай-ақ мектеп білімінің тиісті сатысында оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Біз осы орайда оқушылардың оқу табыстылығы (Қазақ тілі) мен математикалық сауаттылығын (Математика) пәндерінде критериалды бағалау кестесін көрсетеміз (Кесте 1).

*Кесте 1 – оқушылардың оқу табыстылығы (Қазақ тілі) мен математикалық сауаттылығын (Математика) пәндерінде критериалды бағалау шкаласы*

| «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша | | «Математика»пәні | |
|---|---|---|---|
| Критерийлер | Оқушылардың оқу жетістік деңгейі | Критерийлер | Оқушылардың оқу жетістік деңгейі |
| А (тах 10) – 8 балл | Оқушы таныс емес тапсырмаларды дұрыс шешеді, ақпаратты ұсыну формаларын меңгереді. | А критерийі | ақпараттың сандық, геометриялық, графикалық және көрініс-терін және басқа да түрлерін пайдалану;<br>ақпаратты ұсынудың әртүрлі формаларында бағдарлау; |
| В (тах 10) – 8 балл | Оқушы проблемалық тапсырманы шешу тәсілін таңдайды, нәтижелер бойынша қорытынды жасайды, алынған нәтижелердің дұрыстығына негіздеме береді. | В критерийі | сәйкес келетін математикалық білімді, білік пен дағдыларды таңдау және пайдалану;<br>дәйекті қорытынды жасау;<br>дұрыс математикалық дәлелдер жүргізу; |
| С (тах 10) – 6 балл | Оқушы математикалық символдарды, геометриялық фигуралардың түсінетіндігін көрсетеді. Оқушы математикалық ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларын меңгереді. | С критерийі | техникалық міндеттерді шешу;<br>математикалық ақпаратты анық және қисынды ұсыну;<br>ақпаратты тиімді ұсыну үшін қолайлы технологияларды қолдану; |
| Д (тах 10) – 8 балл | Оқушы келесі аспектілерге сәйкес тапсырманы орындауды талдайды: не қалаймын? не жасадым? не алдым? практикалық өмірде нәтижелердің маңыздылығы қандай? алынған нәтижелердің дұрыстығын тексерудің тәсілдеріқандай? | D критерийі | есептерді шешу әдістері мен мағынасы:<br>Өзінің жәнебасқалардың тәсілдеріне сүйене отырып мәселелерді (есептер) шешу. |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 28-22 балл: «5»; 21-18 балл: «4»; 17-9 балл: «3»; 8-0 балл: «2». | Қорытынды | 30-25 балл: «5»; 24-15 балл: «4»; 14-9 балл: «3»; 8-0 балл: «2». |

Және бұл кестелерден байқайтынымыз төмендегідей: әрбір мұғалім оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың сапалы процесін және олардың қызметінің нәтижелерін талдауды ұйымдастыруы үшін ол әрбір оқу циклінің, әрбір тақырыптың, әрбір оқылатын бөлімнің аяқталуында қандай нәтижелер алуы тиіс екенін нақты түсінуі тиіс. Осы мақсатпен әрбір пән бойынша мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін, оқу жылының соңында, тоқсаннан соң, оқу бағдарламаларының мазмұнын талдау арқылы әр бөлімді зерделеу арқылы оқушылардың білімі мен іскерлігін анықтайтын нақты критерийлер жасалады.

Нәтижесінде әрбір пән бойынша пәндердің әрбір пәндік бөлімі үшін болжамды қорытынды нәтижелермен және осы блоктарды меңгерудің күтілетін мерзімдерін белгілеумен нақты жоспарларқұрылады. Барлық пәндер бойынша оқу жетістігінің нәтижелерінкритериалды бағалаудың қорытындысын шығара отырып, пәндік өлшемдер мен жетістіктердің ең жоғары деңгейін қамтитын қосымшасымен арнайы жасалған бағалау парағына енгізіледі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады. Сабақ барысында критериалды бағалауды жиі қолданған жөн, яғни сабақтың басында оқушылар нені білуі тиіс, не нәрсеге қол жеткізу керек деген мақсатпен сабақтың критерийін интерактивті тақтаға жазып

көрсетемін немесе әр оқушыға қағазға жазылған күйде сабаққа құрылған критерийлер таратылады. Жалпы критерийлерді мұғалім өзі құрастырып қана қоймай, кейбір тақырыптарды оқушылармен бірігіп құруға дағдылануы тиіс. Сабақ критерийлері өткен сабақпен байланыстырыла құрылады Жоспарлы сабақтарға критерий құра отырып, берілген критерийлер арқылыоқушылардың өзін-өзі бағалауда, бірін-бірі бағалауда олардың сабаққа деген ынтасын, өзіндік ойы, пікірі қалыптасады, есте сақтау қабілеттері, пайымдау, ажырату, жаңа бір ой түю, бір-бірінің, мұғалімнің алдында жауапкершіліктері артқанын аңғаруға болады. Оқушыларды бағалауда әділдік пайда болады, берілген критерийлер бойынша неге қол жеткізгендерін, нені білу қажет екендіктерін біліп отырды. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өз деңгейлерін анықтай алды. Бұл олардың білім деңгейлерін көтеруіне ықпалын тигізді. Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудын тиімділігі, бұрын тақтаға шығып, сабақ айтуға ұялатын оқушылар өздерін еркін ұстай бастады, сабаққа деген ынтасы артты, сенімділік пайда болды және олар бір-біріне көмектесе отырып және олар бір-бірін бағалау арқылы әділ баға қоя бастайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 58 б.
2. Карпушин Н.Я. Создание системы Международного бакалавриата в Пермском крае: региональный сетевой проект: уч. пособие [Текст]/Н.Я. Карпушин, А.К. Колесников, К.Э. Безукладников, В.А. Захарова, Б.А. Крузе; Перм. гос. пед. ун-т. – Пермь, 2009. – 160 с. – ISBN 978585218-425

**Молдақан Балжан Ермекбайқызы,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

**Айтбекова Лаура Базарбаевна,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

# МАТЕМАТИКАДАН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА ГРАФИКАЛЫҚ КЕСКІНДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада оқушылардың өзін-өзі немесе бірін-бірі бағалауы, оның білім беру процесіндегі алатын орны, математика сабағында критериалды бағалаудың кейбір мысалдары көрсетілген. Біз мақаламызда мектеп математикасындағы тапсырмаларды сурет, сызба, иллюстрациялық құралдар арқылы ұсынудың білім сапасына әсерін, оқушының тапсырманы түсіну деңгейіне ықпалын қарастырдық.

**Түйін сөздер:** критериалды бағалау, критерий, дескриптор, рубрикатор, жетістік деңгейі

**Аннотация:** В этой статье представлены некоторые примеры самооценки или оценки со стороны сверстников, ее места в образовательном процессе и оценки по математике на основе критериев. В нашей статье мы рассмотрели влияние представления заданий по школьной математике на качество знаний посредством использования рисунков, диаграмм, иллюстраций, влияние на уровень понимания учащимися задачи.

**Ключевые слова:** критериальная оценка, критерии, дескриптор, рубрикатор, уровень достижения.

**Annotation:** This article presents some examples of self-assessment or peer assessment, its place in the educational process, and criteria-based assessment in mathematics. In our article we considered the impact of the presentation of tasks in school mathematics on the quality of knowledge through the use of drawings, diagrams, illustrations, the impact on the level of student comprehension of the task.

**Key words:** criteria-based assessment, criteria, descriptor, rubricator, level of achievement

## КІРІСПЕ

Математиканы оқытудың негізгі сұрақтарының бірі есептерді шығаруға оқыту болып табылады. Оқушыларды есеп шығаруға оқыту үшін оларды есептің шартын талдауға, яғни есеп шартының құрылымын, ол қандай бөліктерден тұратынын, есептің шығарылуы неден және қалай басталатынын үйрету қажет.Есептің шартын оқу барысында осы шартқа сүйене отырып, жауап беруді талап ететін сұрақ немесе талапты ажыратуға болады. Есепті оқып, берілгендерді, олар есептің шарттары деп те аталады, белгілі бір талапты, яғни табу керек нәрсені бөліп алуға болады.

Математиканы оқыту әдістемесінде есептерді шығару процесіндегі іс- әрекетті жүзеге асырудың негізгі тәсілі – есептерді кезең бойынша талдау. Д.Пойа, Ю.М.Колягин, Е.И.Лященко, В.И.Крупич, А.Е.Әбілқасымова және т.б. есепті шығару процесін келесі кезеңдерден тұрады деп қарастырады:

1) есеп мәтінін талдау;

2) есеп шешімін іздеу тәсілі және сәйкесінше есеп шығару жоспарын құру;

3) есепті шығару жоспарын іске асыру;

4) табылған шешімді талдау.

Осы кезеңдер оқушылардың есеп шығарудағы іс-әрекетін көрсетеді [Білім беру стандарты, 2006, 72 Б.].

Есептің құрылымдық бөліктерін және есеп шығару барысында оқушыларға берілетін ұсыныстарды қарастырайық.А.Е.Әбілқасымованың «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздер» оқу құралында тұжырымдалғандай, есептерді шығаруды оқытуды төрт кезеңге бөлуге болады [Әбілқасымова А.Е., 2000, 230 б.]:

1-кезең – *есептің мәтінін талдау.* Оның мақсаты есептің объективті мазмұнын, шартын және қорытындысын ажырату, есептің сипатын анықтау, егер есеп шығаруға қажет болса, онда қысқаша жазбалар, сызба, схемалар жасау. Есепті шығару үшін алдымен оның мазмұнын жақсылап талдап алу керек. Берілген шамаларды, ізделінді шамаларды немесе пайдаланылатын тұжырымдарды (теоремалар, аксиомалар, анықтамалар) және есептің қорытындысын ажырата білу қажет. Ол үшін «не белгілі?», «не белгісіз?», «нені табу керек» т.с.с. сұрақтар көмегімен есепті тиянақты түрде анықтаған жөн.

Есеп шығарудың алдында келесі дайындық жұмыстарын жүргізілуді ұсынамыз:

а) алдымен есептің мазмұнын мұқият оқып, есеппен танысу. Бұл кезде есепте сипатталып тұрған жалпы жағдай анықталады;

ә) есеппен танысу арқылы оның мазмұнын түсіну. Ол үшін келесі кеңесті береміз: есепте берілген және ізделінді шамаларды анықтау, егер дәлелдеуге берілген есеп болса, онда оның шарты мен қорытындысын анықтау.

**1- мысал.** Егер тікбұрышты параллелепипедтің қабырғаларының ұзындықтары белгілі болса, онда диагоналының ұзындығын табу формуласын қорытып шығарыңдар.

Алдымен есепте берілген және ізделінді шамаларды анықтаймыз. Параллелепипед және оның қабырғасының ұзындықтары – есептің берілгендері, параллелепипедтің диагоналін есептейтін формула – ізделінді шама болып табылады.

2- кезең – *есепті шығарудың жоспарын құрастыру* (есепті шығару жолдарын іздеу).

Бұл есепті шығарудың маңызды кезеңі болады, себебі есеп нәтижесінің дұрыстығы жоспардың дұрыс құрылуына байланысты болады. Жоспар ауызша немесе жазбаша мәтін түрінде, сонымен қатар модель немесе схема түрінде құрылуы мүмкін [Жадрина М.Ж., 2000, 91-98 с.].

**2-мысал:** Оқушы кітаптың 1-күні $^1/_3$ бөлігін, екінші күні қалғанының $^1/_2$ бөлігін, үшінші күні қалған 15бетін оқып аяқтады. Кітапта барлығы неше бет?

Бұл есепті шығару барысында оқушыларға мәтінмен беру есептің шартын түсінуде қиындықтар тудырады. Сол үшін есепті мынандай сызбамен түсіндіру оқушыға алған білімін қолдана алуға жетелейді деп сенемін.

Кітап теңдей 3 бөлікке бөлінген. Бірінші күні 1бөлігін, екінші күні қалған екі бөліктің 1бөлігін оқыса, үшінші күні 15бет қалған бір бөлікке тең болып отыр. Оқушылар осындай сызбамен есте сақтау және елестету дағдыларын дамытып, есепті өмірде кездесетін есептермен алмастыра алады деп ойлаймын.

1-күні $^1/_3$ бөлігі



2-күні қалғанының $^1/_2$ бөлігі

3-күні 15бет

Есепті шығарудың жоспарын құру барысында оқушыларға ретімен қойылған сұрақтар немесе ұсыныстар арқылы бағыт беріп отыру қажет:

а) осыған ұқсас есепті бұрын кездестіңдер ме? Ол есептің мазмұны, шарты қалай болады,-қандай жағдай болды, ал бұл есепте ше? Егер оқушыларға алдында берілген ұқсас есеп кездескен болса, онда есепті шығарудың жоспарын құру қиынға соқпайды. Олай болмаған жағдайда келесі ұсыныстарды беру керек: берілген есепке ұқсас есеп құрастыру. Егер оқушы мұндай есепті құрастыра алатын болса, онда оны шығару жоспарын құру жеңіл болады;

ә) егер берілген ұқсас есеп құрастыра алмаса, онда есепті басқаша оқу керек, яғни есептің шартында берілген ұғымдардың анықтамаларын қолдану, олардың қасиеттерін еске түсіру немесе есептің шарты мен талабын математика тіліне аудару ұсынылады (бұл жағдай мәтінді есептерді шығару процесінде кездеседі).

Егер оқушыға мұндай есеп, яғни берілген есепке ұқсас есеп таныс болса, онда оныңжоспары анық болады: шығарылып отырған есепті бұрыннан белгілі есепке келтіру керек. Ұқсас есеп оқушыға бұрыннан белгілі болса да, берілген есепті ұқсас есепке келтіре алмауы мүмкін. Бұл жағдайда жоспарды бірден құру күрделі болады.

б)Есепті шығарудың жоспарын құру кезінде келесі сұрақты қою өте маңызды: «Есепте берілгендердің барлығы қолданылды ма?». Қолданылмай қалған шарттарды анықтау жоспарды құруды жеңілдетеді.

в) есепті шығарудың жоспарын құру кезінде мынадай ұсынысты ескерген жөн: «Есептің шарты мен қорытындысын түрлендіруге тырыс». Есептің шарты мен қорытындысын түрлендіру оныңжоспарын құру процесін тездетеді.

Теңбе-тең түрлендіру берілген есепті белгісіздермен байланыстырады. Мысалы, теңдеулерді (теңсіздіктерді) немесе олардың жүйелерін шығару үшін басқа мәндес теңдеулерге (теңсіздіктерге) немесе олардың жүйелеріне көшу есептің шешімін табуды жеңілдетеді.

г)Егер жоспарды құру қиын болса, онда есептің бір бөлігін шығару керек, яғни келесі ұсынысты ескерген жөн: есептің шарттарының белгілі бір бөлігін қанағаттандырып алу керек, сосын қалған шарттарды қанағаттандыру оңай болады.

3- **мысал.** Берілген үшбұрышқа екі төбесі осы үшбұрыштың әртүрлі екі қабырғасында, ал қалған екі төбесі үшбұрыштың үшінші қабырғасында жататын квадратты іштей сызыңдар. Алдымен, есептің шартының қанағаттандырып көрейік: үшбұрыш сызып, оған екі төбесі осы үшбұрыштың бір қабырғасында, ал үшінші төбесі үшбұрыштың екінші қабырғасында жататындай, квадратты сызайық.




Мұндай квадраттарды шексіз көп салуға болады. Квадраттардың барлығы центрі үшбұрыштың *A* төбесі болатын гомотетия арқылы алынатыны анық. Бұдан квадраттың төртінші төбесі және салынған үшбұрыштың *A* төбесі, және салынған квадраттың төбесі арқылы өтетін түзу мен үшбұрыштың *BC* қабырғасының қиылысу нүктесі болады. Енді есепті шығару жоспары белгілі болды. «Есептің бөлігін шығарып көріңдер» деген кеңесті «Берілген есепті қарапайым есептерге бөліңдер» дегенге дейін толықтыруға болады. Мәтінді есептерді арифметикалық әдістермен шешу барысында (сұрақтар арқылы» есептерді шығару кезіндегі жауаптар қарапайым есепті шығаратын болады), геометрияның кейбір конструктивті есептерін шығару барысында, теңдеу немесе теңсіздікті құруға берліген есептерді шығару барысында (әрбір теңдеуді немесе теңсіздікті құру үшін берілген есептің бөліктері қарапайым есептердің біреуі шығарылып отырады) дәл осылай жасалады.

д) Кейде есепті дербес жағдай үшін шығарып, оның шешуін жалпы жағдайға көшіреді, яғни жалпылайды.

Оқушылар мұндай дербес жағдайды тапқан соң, оның шешуін жалпы жағдай үшін пайдаланады. Осындай жалпылау процесі берілген есепті шығаруға дейін жүргізіледі.

3-кезең – *есепті шығару жоспарын, іске асыру.*

Есепті шығару жоспары есептің шешімінің жалпы схемасын көрсетсе, жоспарды іске асыру барысында осы схемадағы әрбір қадамға нақты тоқталады. Әрбір қадамды мұқият және шыдамдылықпен қарастыру қажет. Ол үшін оқушыға төмендегі кеңестерді ескерген жөн:

а) жасаған әрбір қадамыңды тексер және оның дұрыстығына көз жеткіз, яғни әрбір қадамды бұрыннан белгілі математикалық деректерге, тұжырымдарға сүйеніп, дәлелдеу қажет;

ә) жоспарды іске асыру барысында терминдер мен символдарды олардың анықтамаларымен ауыстырған дұрыс. Мысалы, геометриялық есептерде «параллелограмм» терминін оның «қарама-қарсы қабырғалары өзара параллель болатын төртбұрыш» деген анықтамасымен ауыстырған жөн.

б) есептің шартында берілген объектілердің қасиеттерін қолдана білу қажет.

Математика пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға келетін болсақ, бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі-білім алушының қандай да бір іс-әрекетке құзіреттілігін дамыту болып табылады. Оқушылардың білім нәтижелерін бағалау оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады.

«Бағалау» термині «бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербестүсінігін мұқият бақылауы болып табылады.Өз кезегінде, білім беру сапасын жоғарылату оқушылар білімін бағалаудың нақты критерийлерін жасауды талап етеді. Бағалаудағы ерекше амал – критерий арқылы бағалау болып табылады.

Критериалды бағалау-бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі, яғни белгілі бір критерийлер арқылы бағалау болып табылады.

Қазақстанда білім сапасын бағалау әлі де бақылаушы және басқару органдарының бақылау қызметі ретіндегі іс-әрекет болып отыр. Ол сыртқы бақылау–тестілеу, бақылау үзігі және аттестациялау, лицензиялау арқылы жүзеге асырылады. Білім сапасын бақылау сол оқу орындарының өзімен жүргізіледі. Атап айтқанда, оқушылардың күнделікті және жылдық үлгерімі, көшірілу және мемлекеттік емтихандар қорытындысы,оқу-тәрбие үрдісінің жеке параметрлерінің жағдайын талдау. Шет елдік тәжірбиені зерттеу және білім сапасын бағалауда білім сферасындағы салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде белгілі бір жүйелілік қалыптасып, жаңа әдістер мен іс-әрекеттер қолданыла бастады.Осыған орай оқу мекемелерінің өзін-өзі бағалау процедуралары кеңінен енгізіле бастады. Сонымен қатар сыртқы бағалаудың жаңа түрлері енгізілуде, ол (4,9) сынаптардың мемлекетаралық бақылау (МАБ), орта білім берудің жеке деңгейлерінің аяқталуынан кейін оқушылардың академиялық білімдерін (МАБ) мемлекетаралық бақылау және орта білім мектептерінің түлектеріне арналған "Бірыңғай Ұлттық Тестілеу"(БҰТ) (1).

**Математиканы оқытуда критериалды бағалаудың мақсаты:**

1.Математиканы оқыту сапасын жоғарылату

2. Оқушылардыңбілімін міндетті деңгейден мүмкін деңгейге жетелеу.

**Критериалды бағалаудың міндеттері:**

1.Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;

2.Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;

3.Жеке оқушының даму жетістігін бақылау;әділ бағалау;

4.Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындау;

**Критерийдің мазмұны:**

Бағалау критерийлері - оқытудың мақсатын және ара-қатысының белгісі.

Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы.

**Білім сапасын бағалау жүйесінде жаңарту мәселесі:**

1. Оқушы танымындағы өзгерістер мен білім саласындағы қайшылықтар

2.Әлеуметтік сұраныстардың өзгеруі

**Ұстанымдар негіздері:**

1.Дескрипторлар оқушыға алдын-ала белгілі болуы шарт.

2.Оқушы өз білім деңгейін анықтай алуы қажет.

3.Нақты білімділік мақсатты бағалауы қажет.

**Қалыптастырушы бағалау** - күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайды; негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейді;

Кездескен қиыншылықтарын қалыпқа келтіруге оқушыға мүмкіндік береді.

Негізгі бағалау белгілі бір тақырыпты қорытындылау мақсатында орындалады; негізгі бағалаудағы оқушының алған бағасы тоқсандық баға болып табылады. Негізгі бағалауда барлық критерийлер барынша қолданылуы керек. Критерий оқушының жас ерекшелігіне, бағдарламаға сай алынады. Критериалды бағалау технологиясы (1-кесте) оқушы бойындағы үрейленуді басады , жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпалетеді.[МАН, 55 бет]

Кесте 1 – *Блум таксономиясы бойынша критериалды бағалау технологиясы*

| **Критерийлер** | **Дескрипторлар** |
|---|---|
| **А.Білу,түсіну** | Алынған ақпаратты талдау,қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу |
| **В. Қолдану** | Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану |
| **С. Талдау, жинақтау** | Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. |
| **D. Рефлексия** | Ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбашаұсыну. |

Сабақта да оқушылар қандай дәрежеге жеткеніне көз жеткізу қашан да тиімді. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өздерінің алған білім көлемін шамалай алады деп ойлаймыз.

Сабақтың келесі кезеңдерінде постер немесе кластерін қорғауда *«Постер қорғау критерийін»* оқушылармен бірлесіп құрдық (2-кесте).

Кесте 2 – «*Постер қорғау*» критерийі

| **Критериі Criteria Критерий** | **Дескрипторы Descriptor Дескриптор** | **Жетістікдеңгейі The level of achievement** |
|---|---|---|
| А.Мазмұны | Тақырып мазмұны ашылмады | 0 |
| | Тақырып мазмұны ашылды, бірақ толықтыру қажет | 1 |
| В. Безендірілуі | Бояуы қанық емес, сурет салмаған | 1 |
| | Әсемделген, бірақ эстетикалық талғамға сай келмейді. | 2 |
| | Жақсы әсемделген, сурет, символ, белгілер қолданылған | 3 |
| С.Баяндаушеберлігі | Ойды жеткізу тілі түсініксіз болды | 1 |
| | Ойды жеткізе білді, бірақ қайталана берді, қыстырма сөздер көп қолданылды. | 2 |
| | Тіл байлығы жақсы, ойды жетік жеткізе білді, өз пікірін пайымдады. | 3 |
| Д. Шығармашылық | Тақырыпты өзге қырынан аша білді | 3 |
| | Жаңашылдық идея болды. | 3 |

Критериалды бағалауда міндетті түрде дескрипторлар құрылуы керек. Дескрипторда оқушының жетістік деңгейінің дәл сипаттамасын және оларға берілетін ұпай санын көрсетілу керек. Мысалы.11-сыныпта геометрияда «Пирамида» тақырыбынан өздік жұмысты бағалау критерилері (3-4 кесте)

Кесте 3. Өздік жұмысын бағалау критериі

| **Критериі<br>Criteria<br>Критерий** | **Дескрипторы<br>Descriptor<br>Дескриптор** | **Жетістікдең-гейі<br>The level of achievement** |
|---|---|---|
| А (Білу және түсіну)<br>№1.«Пирамиданың табан-диагоналі 16 см-ге тең тік төртбұрыш. Пирамиданың әрбір қыры 10 см, пирамиданың биіктігін табыңдар» | Есептіңсызбасындұрыссызды | 1 |
| | Биіктікті табуға қажетті белгісіз элементті, көмекші фигураны дұрыс анықтады | 1 |
| | Белгісіз элементті табуға керекті теорема, формулаларды дұрыс тауып қолданды | 1 |
| | Пирамиданың биіктігін тауып, есептің жауабын дұрыс берді | 1 |
| В (Қолдану)<br>№2. «Пирамиданың табан- қабырғасы 12 см-ге тең теңқабырғалы үшбұрыш. Оның әрбір бүйір қыры табан жазықтығымен 450 бұрыш жасайды. Пирамиданың биіктігін табыңдар» | Биіктікті табуға қажетті белгісіз элементті, көмекші фигураны дұрыс анықтады | 1 |
| | Есептіңсызбасындұрыссызды | 1 |
| | Белгісіз элементті табуға керекті теорема, тұжырымдаманы дұрыс тапты | 1 |
| | Белгісіз элементті табуға керекті формуланы дұрыс қолданды | 1 |
| | Пирамиданың биіктігін тауып, есептің жауабын дұрыс берді | 1 |
| С. (Талдау, жинақтау)<br>№3.<br>«Үшбұрышты дұрыс пирамиданың табан қабырғасы 4 см, биіктігі 6 см. Пирамиданың бүйір бетінің ауданын табыңдар» | Есептіңсызбасындұрыссызды | 1 |
| | Есепті шығаруда қолданылатын формулаларды дұрыс жазды | 1 |
| | Белгісіз элементтерді дұрыс анықтап, көмекші сызбалар сызды | 1 |
| | Белгісіз элементті табуға керекті теорема, тұжырымдаманы дұрыс тапты | 1 |
| | Белгісіз элементті табуға керекті форму-ланы дұрыс қолданып, оны дұрыс тапты | 1 |
| | Пирамиданың бүйір бетінің ауданын тауып, жауабын дұрыс берді | 1 |
| D (Рефлексия)<br><br>№4.<br>«Дұрыс пирамиданың биіктігі мен апофемасы тең болуы мүмкін бе ?» | Дұрыспирамиданың биіктігімен апофемасынынсыз басын дұрыс сызды | 1 |
| | Екеуінің байланыстыратынкөмекшіфигураны көрсете білді. | 1 |
| | Көмекші фигураны пайдаланып, биіктік пен апофеманы салыстырып, дұрыс ой қорытындысын жасады. | 2 |
| Барлығы: 19 ұпай | | |

Кесте 4 – Критерий ұпайларын 5 балдық бағаға ауыстыру шкаласы

| **Ұпайлар** | **Проценттері** | **Баға** |
|---|---|---|
| 0-10 | 0-54 % | «2» |
| 11-13 | 55-71 % | «3» |
| 14-16 | 72-88 % | «4» |
| 17-19 | 89-100 % | «5» |

Оқушы осындай аралық бақылау жұмыстарды орындай отырып, өзінің жетістігін бағалайды, қорытынды бақылауға дайындалады.

Сондай-ақ, критериалды бағалауды оқушыларды ғылыми-зерттеушілік жұмыстарға дайындағанда да қолдану өте тиімді. Себебі мұнда оқушылар кері байланыс жасау кезінде 1)ненің жақсы болғанын;2)нені жақсарту керектігін; 3) ескерту мен көрсетуден кейін қажетті түзетулер енгізу керектігін білу мүмкіндігіне ие болады. Осы рубрика бойынша мінсіз таныстырылым дайындауға болады (5-кесте).

Кесте 5 – Зерттеу жұмыстарын бағалау үшін рубрика

| Жетістік деңгейі | Таныстырылымы | Түсінуі | Дәлелдемесі |
|---|---|---|---|
| **«Үлгілі»** | Анық әрі толық. зерттеу үшін нақты сұрақтар қояды. Жүйелі баяндайды. | Толық түсініктеме беріледі. Дәлелдеме құру үшін ақпараттар кең пайдаланды. | Дәлелдемелері жеткілікті, нақты әрі сенімді тұжырымдады. |
| **«Дәлме-дәл»** | Зерттеуі ішінара анық, толықтыру қажет. Зерттеу үшін негізгі сұрақтар қойылды. | Ұсынылған зерттеуі іші-нара түсінікті. Дәлелде-мелеріне қолданған дерек-көздерін толықтыру қажет. | Дәлелдемелері қажетті, ратсауды қажет етеді. |
| **«Түзетуді қажет етеді»** | Зерттеуі көмескі. Тексерілмеген сұрақтар қояды. | Алынғаг мәліметтерң қолдануға сай келмейді. түсінуі әлсіз. | Зерттеуі қажетті, растаулары әлсіз. |

Жоспарлы сабақтарға критерий құра отырып, берілген критерийлер арқылы мен оқушыларымның өзін-өзі бағалауда, бірін-бірі бағалауда олардың сабаққа деген ынтасының, өзіндік ойы, пікірі қалыптасқанын, есте сақтау қабілеттерінің, пайымдау, ажырату, жаңа бір ой түю, бір-бірінің, мұғалімнің алдында жауапкершіліктері артқанын аңғардым. Оқушыларды бағалауда әділдік пайда болды, берілген критерийлер бойынша неге қол жеткізгендерін, нені білу қажет екендіктерін біліп отырды. Критериалды бағалау арқылы оқушылар өз деңгейлерін анықтай алды. Бұл олардың білім деңгейлерін көтеруіне ықпалын тигізді. Өзін-өзі бағалау мен өзара бағалаудын тиімділігі, бұрын тақтаға шығып, сабақ айтуға ұялатын оқушылар өздерін еркін ұстай бастады, сабаққа деген ынтасы артты, сенімділік пайда болды және олар бір-бірі-не көмектесе отырып және олар бір-бірін бағалау арқылы әділ баға қоя бастады.

«Тұжырым жасай білген адам, алдына мақсат та қоя біледі» деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, бағалауға деген көзқарасымызды өзгертсек, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп, оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттасақ, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізу, ал оқушыларымыз әр сабақта белгілі бір нәтижеге жету барысында еңбектенсе, оқушы да, мұғалім де өз еңбектерінің табысын көре алады деп ойлаймын.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын ала ұсынылған бағалау шкаласының ұсынылуы, оның анық айқындылығы, бағаның әділ қойылуы, өзін бағалауға мүмкіндіктердің берілуі. Критерий оқыған бағдарламаға сай алынады. Әрбір жетістік балмен және дескриптор арқылы белгіленеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Математикалық есептерді шығару оқушылардың танымдық және логикалық ойлау деңгейін дамытумен қатар, сапалы білім беру негізінде математикалық сауаттылықты қамтамасыз етеді.

Қоғамның дамуы мен ғылыми-техникалық революциялар мектепке үнемі жаңа талаптар қойып, оқу материалдарының, ақпараттың ұлғаюына, күрделенуіне, пәндердің тоғысуына, білім алушылардың санының көбеюіне әкеледі. Қоғамға қажетті қозғаушы күш білікті маман болғандықтан, заман талабы білім саласына функционалды сауатты, құзыретті тұлғаны дайындауды міндеттейді. Болашақ ғалымдар, инженерлер мен конструкторды, мұғалімдерді т.б. мамандар әзірлеуде, білім алушылардың логикалық ойлауын дамытуда математика пәні жетекші роль атқарады. Математиканы оқыту әдістемесі – математиканы оқыту пәні ретінде қарастыратын, әртүрлі жастағы оқушы топтары үшін математиканы оқыту процесі заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Өзінің зерттеулерінде және жасайтын қорытындыларында, ол, философия, педагогика, психология және математикамен, оны зерттейтін ғалымдар мен оқытушылардың жалпыланған іс-тәжірибесімен тығыз байланысты болады. Ғылым ретіндегі және пән ретіндегі математиканың айырмашылығы бар. Таза ғылыми математиканың зерттейтін нысаны: сан мен фигура, өлшемдер және кеңістіктік. Ал, мектеп математикасы оқушылардың жас ерекшеліктері мен ойларының даму деңгейіне лайықты белгілі бағдарламалық білім беруді көздейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты.-Астана, 2006-72 Б.
2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың әдіснамалық негіздері. – Алматы, 2000. – 230 б.
3. Жадрина М.Ж. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования. –Алматы: РИК, 2000. – 91-98 с.
4. Нұсқаулық (III негізгі деңгейге арналған) www.cpm.kz

**Муратбаева Гулнара Абылкасымовна,**
Ең алғаш рет оқушылардың білімін тексеру үшін тестті ағылшын педагогы Дж. Фишер 1864 жылы қолданған. XIX ғасырда жалпы білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар, өзгерістер пайда болды. Тестік бақылаудың негізін салушылардың бірі ағылшын ғалымы Френсис Гальтон. Ол өзінің бақылау ізденіс жұмыстарын 1884-1885 жылдарында жүргізді. Сынаққа 5-80 жас аралығындағы адамдар қатысты. Ф. Гальтон тестің қорытындысын жасау үшін бақылау жүйесін жасады. Тест термині кеңінен таралуы американдық психолог Дж. Кеттелдің «Интеллектуалдық тестілер мен өлшемдер» деп аталатын мақаласынан кейін кең өріс ала бастады.

Тест ресми не бейресми өткізіледі.Ата-ананың баласын оқылым дағдысын тексеруге арнап жүргізген тесті мысал бола алады.Ресми тест-мұғалімнің сынаптан алған қорытынды емтихан не IQ тесті жатады. Әдетте ресми тестілеу бағалауға әкеледі. Тестілеу бағалаудың тек бір түрі ғана болғанымен оны тілдік курс жүргізу кезінде қолданудың көптеген пайдалы жақтары бар.

– Тест мұғалім үшін өзінің үйренушілерінің қай деңгейде екені және мұғалімнің келесі қадамы қандай болуы керектігі туралы құнды ақпарат береді. Мұғалімге өзінің оқытуының қаншалықты әсері және оқытудың қай тұсын қайталау керектігі туралы көмек береді.Тестілеу оқудың да оқытудың да бағалауы бола алады.

– Тест студенттерге өздерінің білетінін яғни жетістік сезімін сезінуге және нені қайталау керектігі туралы ақпарат береді.

1970 жылдары ағылшын тілін шетелдік ретінде үйренушілерге арналған бағдарламада студенттер арнайы курстан өтті. Студенттер көптеген уақыт бойы тілдік қарым-қатынас жасауды үйренсе де олар өздерін ештеңе үйренбеген сияқты сезімде екендіктерін айтып шағымданған. Көп ұзамай тест жүйесі енгізіліп студенттер өздерінде қанағаттану сезімімен толысқанын айтқан. Бұдан тест өз кезегінде алға жетелеу,прогресс,мотивация береді. Бұл студенттерге оқудағы не пайдалы және пайдалы емес болғанын,студенттің кемшіл тұсын көрсетіп береді.

Тіл үйренуде үйренушілердің жетістігін болжай алу қаншалықты мүмкін? – деген сұрақ туады.

Мәселе 1: тіл үйретудегі оқушылардың жетістіктерін анықтау:

Мәселе 2: табысты болжамас бұрын оны өлшеуіміз керек. Біліктілікті қалай өлшеуге болады?

Мәселе 3: тілдік дағдыларды бағалауға мүмкіндік беретін тілдік дағдылар көлемін өлшеу ретінде алынады.Егер лингвистикалық дағдыларды өлшей аламыз деп болжасақ, бұл табысты нәтижеге әсер ететін жалғыз фактор емес. Зияткерлік, ынта-жігер, барлық оқу жаттығулары сияқты факторлардан лингвистикалық дағдыларды (тіпті егер біз оны сынап жатырмыз десеңіз де) бөлуге болады ма? Тым көп айнымалылар бар.

Қабілет пен IQ-дың аражігін қалай ажыратамыз?IQ мен тіл үйренудің табыстылығы арасында корреляция бар ма?

Тест сонымен қатар балалардың білімі мен икемділігі, бейімділігі, жалпы ақыл-ойының даму дәрежесі, не жекелеген жан қуаттарының дамып, қалыптасуы жөнінде мағлұмат алуға көмектеседі.

Мұндай салыстырулар алдын-ала белгіленген жас белгілеріне қарай жүрізіледі. Тест арқылы, бала өз жасына қарағанда дұрыс дамыған ба, не оның дамуында өз кезеңінен ауытқушылық (жоғары, төмен) бар ма деген сауалдарға жауап алынады. Тестті толық орындауы мүмкін болмайтындай етіп іріктеу қажет. Тапсырма жас мөлшері біркелкі балаларға (кемінде 200) бірдей беріледі де, мұндағы жауаптардың орта (барлық бала бойынша ортақ балл) есебі шығарылады. Осы орта есеп *жас мөлшерлік норма* болып есептелінеді. Тест тапсырмалары тексеру, жас мөлшерлік норма белгілеу» *тесті стандарттау* деп аталады. Мұндай тестке кейін ешқандай өзгеріс енгізілмейді. Баланың ақыл-ойының даму дәрежесін анықтауға арналған тестерді *интеллектік тестер* дейді. Мұнда әртүрлі ақыл-ой әрекетін қолдануды талап ететін, зерттелінушіге бұрыннан таныс емес тапсырмалар болады. Осындай тест баланың ақыл-ойға байланысты берілген тапсырманы қандай дәрежеде игергенін байқауға мүмкіндік береді.

Адамның жан дүниесінің сырын жақсырақ түсіну үшін бұл әдісті аталған әдістермен қосарластыра пайдаланған дұрыс. «Біз, әдетте, адамды жұмыста іс-ерекетіне қарай бағалаймыз, дегенмен, адамды жан-жақты бағалаудың өлшеміне оның отбасындағы, тұрмыстағы, ұжымдағы және одан тыс жерлердегі мінез-құлқы да енуге тиіс» (Д.А. Қонаев).

«Педагогикалық тест» деп белгілі мазмұны бар, ерекше формадағы тапсырмалардың жүйесін атайды. Тест сынаққа түскендердің бір пән бойынша білімінің құрамы мен құрылымын анықтайды. Басқа сынақ жұмыстарымен салыстырғанда, тесттің артықшылығы — оның объективті, сенімді, көп варианттылығы болып табылады. Тесттің міндетті түрде бірнеше варианты болуы керек. Бұл тексеру кезіндегі тиімділікті арттырады, өйткені мұнша тапсырманың барлығын жаттап алу, есте ұстау немесе көшіріп алу мүмкін емес. Тест тапсырмалары тек бақылау ретінде емес, оқушыларды үйрету, машықтандыру үшін де тиімді. Педагогикалық тест арқылы әрбір оқушының білім деңгейін нақты және тез анықтауға болады [Мұхитова Ж., 2002, 16-21 бб.].

Оқушының лингвистикалық құзыреттілігі(деңгей): Грамматикалық тест &қолданылуы (Морфология & Синтаксис) Лексика & Семантика,(Фонология: дискриминация, дыбыстау, екпін және интонация) & Жазу дағдысы (Графология) (Кесте-1)




*Сурет 1 – Негізгі тілдік дағдылар және олардың компоненттері*

*Студенттерді тестілеудің түрлі бағалау әдістері.* Бағалау әдістері мұғалімдерге оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауға көмектеседі. Қажетті студенттің оқу нәтижелері мазмұн білімдерін, дағдыларын және өнімді дамытуды меңгеруді қамтиды. Бағалаудың болжамды нәтижесіне қарай, олар оқытуға үлес қоса алады немесе оқытуға жауапты бірақ бір әдісті басқа бір әдістің үстінен қолдану оқу мақсаттарына және мұғалімге байланысты болады.

*Жауаптарды жеке бағалау***.** Жауаптарды жеке бағалау жаттығудың алдында,жаттығу аралығында және кейін жүреді. Мұғалімдер сабақтың алдында студенттердің алдынғы алған білімдерін бағалауға, сабақ барысындағы түсінікті тексеруге және сабақтың соңында оқушылардың алған білімдерін тексеруге қатысады. Бұл бағалау дұрыс немесе дұрыс емес жауапты, төмен деңгейдегі сұрақтардан құралады. Олар: бірнеше таңдау, шын/жалған, сәйкестендіру, қысқа жауап ретінде және алшақты толтыру сияқты түрлерден тұрады. Студенттер қысқа жауаптар жасайды немесе ұсынылған тізімнен дұрыс жауапты таңдайды. Жауаптарды жеке бағалау – *есеп беруші бағалау* және бақылау мен бағалауда тесттің ең жылдам және қарапайым түрі, себебі әрқашан дұрыс немесе дұрыс емес жауап бар.

*Кеңейтілген жазба жауап***.** Кеңейтілген жауаптардың бағалануы студенттерге өз білімдерін және мазмұнды білуін көрсету үшін жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын белсендіруді талап етеді және бұл әдетте мұғалім бағыттаған инструкция немесе сабақтың соңында болады. Шын мәнінде, студенттер параграфты құрып, жазады, мысалы, «екі бағдарламаны салыстыру және сәйкестендіру». Кеңейтілген жазбаша жауаптар *есеп беруші бағалау* болып табылады және жауаптардың жекелеген бағалауларына қарағанда бағалау үшін ұзағырақ уақыт алады.

*Өнімділікті бағалау***.** Жұмыстың нәтижесі сабақтың соңында орын алады. Мұғалімдер оқушылардың үлгерімін немесе өнімін бақылайды және олардың сапасына қарай баға қояды. Мысалы, *музыкалық аспапта ойнау немесе брошюраны жасау* өнім және өнімді бағалаудың үлгісі болып табылады. Өнімділікті бағалау оқуға көмектеседі, себебі олар сыни ойлауды және шығармашылықты,практикалық әрекеттер мазмұнын меңгеруді қолдайды. Бағалау бойынша анықтамалық қағаз/справка немесе рубрика студенттің өнімділігін немесе өнім сапасын бағалау үшін пайдаланылады.

*Жеке қарым-қатынас***.** Жеке қарым-қатынас бағалауы студенттермен оқу туралы ақпарат жинау үшін өзара әрекеттесуден тұрады. Оқытушылар студенттермен әртүрлі тәсілдермен өзара әрекеттеседі, соның ішінде студенттік журналдарда түсініктеме беру, оқыту барысында сұрақ қою, студенттермен сұхбаттасу немесе ауызша емтихандар өткізу. Бұл арнайы нұсқаулық немесе рубрика арқылы бағаланады. Кейбір оқушыларда үйрену үшін мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, жеке қарым-қатынас бағалауы студенттерді біліктілігін көрсетудің баламалы жолымен қамтамасыз етеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру Ұлттық орталығының мәліметіне сәйкес, ауызша жауаптар мүгедектігі бар студенттерге ыңғайлы.

*1970 жылдары ағылшын тілін шетелдік ретінде үйренушілерге арналған бағдарламада студенттер арнайы курстан өтті.Студенттер көптеген уақыт бойы тілдік қарым-қатынас жасауды үйренсе де олар өздерін ештеңе үйренбеген сияқты сезімде екендіктерін айтып шағымданған. Көп ұзамай тест жүйесі енгізіліп студенттер өздерінде қанағаттану сезімімен толысқанын айтқан. Бұдан тест өз кезегінде алға жетелеу,прогресс,мотивация береді. Бұл студенттерге оқудағы не пайдалы және пайдалы емес болғанын, студенттің кемшіл тұсын көрсетіп береді.*

Жақсы тесттің қасиеттерінің бірі сенімділік және валидтілік.

Сенімділік — бұл бағалау кезінде алған нәтижелердің тұрақтылығы. Бұл төмендегілерді білдіруі мүмкін:

– уақытқа қатысты тұрақтылық – егер бағалау басқа күні немесе басқа уақытта өткізілсе нәтижелер бірдей бола ала ма?

– тапсырмалар арасындағы тұрақтылық – бағалау үшін басқа тапсырмалар іріктеліп алынса нәтиже бірдей бола алар ма еді?

– баға қоюшылар арасындағы келісім – егер жұмысты басқа тексеруші бағаласа нәтижелер бірдей бола ала ма?

Тұрақтылық деңгейі артқан сайын нәтиже сенімді бола түседі. Алайда нәтижелер өте (абсолютті) сенімді болуы мүмкін емес. Барлық уақытта бағаға әсер ететін кездейсоқ ықтималдық болады.

1. Бұрын валидтілік егер өзіне лайықты бағалау құралдары болса, тестілеу құралдары немесе бағалауды өлшеу үшін бекітілгенді өлшеудің деңгейі ретінде жиі қарастырылды. Дегенмен соңғы кезде бағалау бойынша мамандар валидтілік бағалау құралдарының қасиетін тіркеу ретінде қарастырылмауы керек деп тұжырымдайды. Бұдан басқа, олар валидтілікті бағалау нәтижелері негізінде қабылданатын бағаның сапасы ретінде шешімдер мен түсінік беруді, яғни, біз негіздеме болатындай бағалау нәтижелері негізінде қабылданған қаншалықты жақсы шешім шығаратынымызды (қорытынды) немесе әрекет ететінімізді ұсынады. Валидтілік бағалаудың негізгі мәселесі ретінде қарастырылуы мүмкін. Егер бағалау қандай да бір қолданудан тұрса, біз дәлелді бағалау нәтижелері негізінде қабылданатын қорытынды және шешім шығару барынша маңызды [A hitchhiker's guide to validity. Charles Darr. 2005.].

*Окушылардың ағылшын тілінен білім деңгейін бағалауда тесттік тапсырмалардың ерекшеліктері.*

*Жазбаша тестілер* – қағаз немесе компьютерде жүргізілетін сынақтар.Жазбаша тест тапсырған тестіленуші белгілі бір сұрақтарға жауапты нақты сынақ орнына немесе құжатқа теру арқылы жауап бере алады. Жазбаша тестілеуді жасау кезінде қолданылатын стиль немесе формат сынақ әзірлеушісінің таңдауы әдетте ерікті болып табылады, өйткені тестілеу үшін бір инвариантты стандарт жоқ. Алайда, кейбір стильдер мен форматтар басқаларға қарағанда кеңінен қолданылады. Төменде мұғалімдер мен сынақ әзірлеушілер қағаз немесе компьютерлік тесттерді жасау үшін кеңінен қолданылатын тест форматтарының тізімі берілген. Нәтижесінде, бұл сынақтар сынақ элементі форматының бір түрінен ғана болуы мүмкін (мысалы, бірнеше жауапты таңдау сынағы, эссе сынағы)

*Бірнеше дұрыс жауапты таңдау.* Көптеген жауаптар нұсқасымен құрылымдалған тестілеу кезінде үміткерге әр сұраққа бірнеше алдын-ала жауаптар беріліп, кандидат дұрыс жауап не жауаптардың тобын дұрыс таңдау керек. Көптеген таңдаулы жауаптары бар тест түрінің екі отбасы бар. Бірінші отбасы Түпнұсқалық/жалған сұрақ деп аталады және сыналушыдан барлық тиісті жауаптарды таңдауын талап етеді. Екінші отбасы тек бір дұрыс жауап сұрағы деп аталады және бұл үшін сынақ тапсырушы адам жауаптардың тек біреуін ғана жауап ретінде көрсете алады. Бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтарды қолданудың бірнеше себебі бар. Әкімшілік тұрғыдан алғанда, көптеген мәселелер бойынша сұрақтар көбінесе тест сұрақтарына жауап беру үшін аз уақыт алады, олар бағалауға оңай, материалдарды кеңінен қамтуды қамтамасыз етеді, қиындықтардың кең ауқымын шешуге мүмкіндік береді және белгілі бір түсініктерді пайдалана отырып, тест үйренушінің қиындықтарын оңай анықтауға мүмкіндік береді.

*Баламалы жауап.* Шынайы/жалған сұрақтар кандидаттарды екілік таңдаумен қамтамасыз етеді – шынайы немесе жалған. Бұл әдіс проблемаларды ұсынады,себебі сұрақтардың санына байланысты үміткерлердің айтарлықтай саны тек 100% ғана болжамдарға негізделіп, орта есеппен 50%-ға жетуі керек.

*Сәйкестендіру/Арақатынасты анықтау.* Тиісті элемент белгілі бір терминді қамтамасыз ететін элемент болып табылады және сынаушының сәйкестендіру сипаттамаларына дұрыс терминмен сәйкес болуын талап етеді.

*Аралықты толтыру.* Аралықты толтыратын екі түрлі тест бар. Неғұрлым қарапайым нұсқасы бланкілерді толтыратын ықтимал сөздердің жиынтығын ұсынады. Кейбір емтихандарда барлық тірек сөздер бір рет пайдаланылады. Егер мұғалім орташа қиындықты тест жасап көргісі келсе, ол сөздерді жинақтап,бірақ кейбір сөздерді бірнеше рет қолдануға болатындай, ал басқаларын – мүлде қолданбайтындай етіп жасауға болады. Мұндай тесттің ең күрделі нұсқасы – тірек сөздер мүлдем ұсынылмаған кеңістікті толтыру. Бұл, әдетте, бірнеше нұсқаның ішінен таңдау сынағынан гөрі түсіну мен жадтың жоғарырақ деңгейін талап етеді. Осыған байланысты студенттер мұндай сынақтарды толтырудан жиі қорқады [/https://www.teachthought.com].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, білім беру үрдісінде оқушылардың оқу жетістіктерін тестілеуге ерекше назар аудару керектігі анықталды. Сондықтан тестілеудің күрделілігі, қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелденді. Білім сапасының артуында, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артуына тестілеудің үлесі зор деп білеміз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Жоғары білім Беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. – Алматы, 1998. – 96 б.
2. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. – 384 бет.
3. Мұхитова Ж. Тест түрлері //Қазақстан мектебі. – Алматы, 2002. №5
4. A hitchhiker's guide to validity. Charles Darr. 2005.
5. /https://www.teachthought.com/pedagogy/6-types-assessment-learning/

**Мырзахметова Айнұр Дуйсенгалиқызы,**
2 курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

# БІЛІМ АЛУШЫ ТӘРБИЕЛІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТЕСТ МАТЕРИАЛДАР САПАСЫН САРАПТАУ ӘДІСТЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мағалада білім алушы тәрбиелілігін бағалау және тест материалдар сапасын сараптау әдістері қарастырылады. Білім алушылардың тәрбиелелігін сауалнама алу, сұхбат және тест арқылы бағалаудың маңызы зор. Соның ішінде, тест материалдары арқылы білім сапасын сараптау тәрбиелілікті шыңдауға септігін тигізеді.

**Кілт сөздер:** тәрбиелілік, бағалау, тест материалдары, сапа, сараптау.

**Аннотация.** В этом контексте рассматриваются методы оценки воспитания обучающихся и анализа качества тестовых материалов. Важно оценить воспитание обучающихся через анкетирование, интервью и тест. В частности, анализ качества знаний посредством тестовых материалов способствует воспитанию.

**Ключевые слова:** воспитание, оценка, тестовые материалы, качество, экспертиза.

**Annotation.** In this context, we consider methods for evaluating the education of students and analyzing the quality of test materials. It is important to evaluate the education of students through questionnaires, interviews and tests. In particular, the analysis of the quality of knowledge through test materials contributes to education.

**Keywords:** education, assessment, test materials, quality, expertise.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңдағы колледж өміріндегі маңызды міндеттердің бірі тұтас педагогикалық үрдіс құру болып келеді. Оның негізгі құрамдас бір бөлігі – тәрбие. Тәрбие ісімен айналыспас бұрын алдымен оның мазмұнын анықтап алу қажет.

Жыл сайынғы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Халқына жолдаған Жолдауында жастарға тәрбие беруде «ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» деп айтқаны баршамызға мәлім [Назарбаев Н.А,. 12.04.2017].

Бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнында алға тартылған мақсат-міндеттердің бірі, ол жас ұрпаққа тәрбие беру, мақсат қоя білу, сол нақтыланған мақсатқа жетуде өнегелі сөз, саналы ұрпақ тәрбиелеуде өз нәтижесін беретіні айқын. Осыған орай, Үшқоңыр су шаруашылығы колледжіндегі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде алдына қойған мақсаттарының бірі – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және болашақ мамандық иесі болып мамандығын жан-жақты игеруі үшін қажетті жағдайлар жасау, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту жас жеткіншектердің бойындағы ерекше қабілеттілікті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар беру сияқты құқтарын іске асыру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін колледждің педагогикалық ұжымы алдына бірқатар міндеттер қойып және оны жүзеге асыруда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері еліміздің өміріндегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер контексінде әзірленген, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің жаңа мазмұнының басымдықтарын анықтайтын стратегиялық құжат.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің контенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған қоғамдық сананы жаңғыртудың алты бағытын белгіледі [Жолдау, 2017.]. Олар: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде олар жіктеліп берілді және соған сәйкес, тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттары анықталады. Осы бағыттардың мәні мен мақсаты педагогикалық жүйелер мен педагогикалық процесті ұйымдастырудың алуан түрін, барлық заманауи тәрбие кеңістігін жаңғыртудан, адамгершілік-рухани және жалпымәдени құндылықтар шеңберін кеңейтуден, жас қазақстандықтарды тәрбиелеу практикасындағы мектептің, отбасының, мемлекет пен қоғамның тұтас тәсілдемесінен тұрады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне тәрбие жұмысы; тірек месседжилер; алға қойылған тәрбие мақсаттарына жету деңгейлерін өлшеуге арналған критериалды аппарат, мониторинг әдістері; кешенді ресурстық қамтамасыз ету; оларды жүзеге асырудан күтілетін нәтиже-

лер; терминдер мен анықтамаларға негізделетін мақсаттар мен міндеттер; тәсілдер мен қағидаттар енеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
2. Рухани-танымдық тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Бірінші курс студенттеріне ерекше көңіл бөлінеді, оларды колледж тарихымен, дәстүрлерімен, даму болашағымен таныстырып қана қоймай, сондай-ақ студенттердің құқығы және ақылой еңбегі мәдениетінің негіздерімен, этикетпен, салауатты өмір салтын сақтаумен, колледждің жеке мүлкіне жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу басты назарда.

Бірінші курс студенттерінің колледжге келген алғашқы күндері мен аптасында олармен жүргізілген қарқынды, педагогикалық маңызды жұмыстардың мәні ерекше: нақты осы кезде оларда қолайлы орта туғызып, оларға жаңалық көрінетін педагогикалық ұжым тарапынан мақсатқа бағытталған мотивация, колледждегі қарым-қатынас стилі, оқу еңбегіне деген жоғары мәдени көзқарастарға мейлінше қатты көрініс табады.

Колледжде тұлғаның түрлі қызметтер саласында өзін-өзі көрсетулері үшін жағымды жақсы жағдайлар құрылған. Колледжде студенттер үшін дәстүрлі түрде КВН, ашық есік күндері, «Қамқор» акциясы, ЖҚТБ-мен күрес күні, студенттер күні, мұғалімдер күні және т.б. іс-шаралар өткізіледі және түрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде жастардың бойында әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, көп түрлі мәдениеттерді құрметтеуге тәрбиелеуге, руханилыққа, адамгершілікке қызығушылығын оятуға, өскелең ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамытуға баса назар аударылып отыр.

Колледжде білім мен тәрбие берумен қатар қазіргі таңда психологиялық жағынан тұлғаға білім беру негізгі фактордың бірі болып табылады. Біздің өмір сүріп отырған қоғамымызда психолог маманы өте маңызды орынға ие. Психолог – жеке бастың үлгісі. Өйткені, ол өз шәкірттерін білімге ғана баурап қоймай, оларға өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киінуі, сөйлеуі жағынан да ықпал етеді. Баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына да байланысты.

Тәрбиеде, қолданылған ұйымдастыру формаларының тиімділігін зерттеу – маңызы іс. Тәрбие формасының тиімділігін зерттеу дегеніміз – оның нәтижелерін анықтау және оны ұйымдастырылған жұмыстарға жұмсалған күшпен, уақыт мөлшерімен салыстыру [Әбенбаев С.Ш., 2004, 152 б.].

Тәрбие жұмысында кез-келген ұйымдастырылған шараның тиімділік сапасы, тәрбие міндеттерінің өз шешімін табу дәрежесі – оқушылардың одан алған әсерінің өлшемімен, өзара қарым-қатынас деңгейімен, шығармашылық белсенділігімен, жеке даралығымен өлшенеді [Губашева С.Г., Отарбай А.Ж, 2007, 244 б.].

Ұйымдастырылған тәрбие формасының тиімділігін анықтаудың әдістемелері мен жолдары өте көп. Сондай шаралардың бір қатарына тоқталып өтелік.

Оқушылардың тәрбие іс-шараларына дайындық кезіндегі және шара аяқталғанан кейінгі мінез-құлқына салыстырмалы бақылау жүргізу әдістерін қоладну қажет.

Төменде келтірлген әс-әрекеттер оқушылардың бойындағы тәрбиелілігін бағалауға бағытбағдар береді.

*Оқушылар әрекетін анкеталау.* Бұл әдістемені әр оқушыға жеке қолану ұсынылады. Анкета сұрайтар қою арқылы жүргізіледі. Сұрақтар мазмұнын ұйымдастырушы өзі белгілейді. Мәселен, неге қол жетті және неге жетпеді, неліктен?, осы шараны қайта ұйымдастыратын болсақ, нені өзгертер едің? т. б. мазмұнда. Сұрақтарға жауап ала отырып, шара жөнінде оқушылардың ойын, көзқарасын, шараның ол үшін маңызды элементтерін анықтап, қолданылған форма тиімділігіне әділ баға беруге болады.

*Шара барысы бойынша оқушылар ойын анықтау анкетасы*

Оқушы аты-жөні _____

| Неге қол жетті? | Неге қол жетпеді? | Шараны ұйымдастыру бойынша ұсынысың | Қай жерін өзгертер едің? |
|---|---|---|---|
| | | | |

*Жұмыс формасын жеке бағалау.* Жыл соңында оқушыларға, ата – аналарға жыл бойы қатысқан жұмыстарын еске түсіріп, оларды түсграммасы, шкала немесе сөз арқылы бағалау ұсынылады. Жүргізілген жұмыс формаларының тиімділігін анализдеу ісінде қатысушылардың қаншалықты бел-

сенділік көрсеткендерін бағалау арқылы қолданылған формалардың тиімділігі жөніде мәлімет алуға болады.

Жұмыс формаларының тиімділігн зерттеу оның жетістіктері мен кемшіліктерін, алдағы уақытта оларды жетілдіру немесе болдырмау жолдарын қарастыру және нәтижелерді үнемі бақылап отыру үшін қажет.

*Шкалалық сауалнама қолдану.* Бұл әдістеме арқылы ұйымдастырылған шараның тиімділігі жөнінде маңызды және объективті мәліметтерді алуға болады. Оқушыларға төмендегідей мазмұндағы сұрақтарға (сұрақтарды ұйымдастырушының өзі белгілейді) жауап беру ұсынылады:

– осы істе өз қабілетің мен талантыңды қаншалықты көрсете алдың?

– белесенділігіңді, қызығушылығыңды көрсете алдың ба? т. б.




Шкала көрсеткіштері:
4 – толық көрсеттім
3 – негізінен көрсеттім
2 – жекелеген жағдайларда
1 – аз көрсеттім
0 – көрсете алмадым.

Сұрақтардың мазмұнын өзгерту арқылы ұйымдастырылған шара жөніде өзгеде мәліметтерді алуға болады. Мәселен,

– жүргізілген іс біздің ұжымдағы өзара қарым – қатынасты дамытуда маңызды ма?

– жүргізілген іс сенің творчестволық қабілетіңді дамытуда маңызды ма? т. б.




Ұсынылатын шкала жүйесі:
4 – маңызды
3 – маңызды маңызсыздан басым
2 – айту қиын
1 – маңызсыз маңыздыдан басым
0 – маңызсыз

Берілген шкала бойынша оқушылар қолданылған форманың жалпы барысын және ондағы әр элементтің өздері үшін тиімділігін бағалайды.

Бүгінгі инновациялық жаһандану кезеңінде білім беру мекемелерінің алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – білім берудің барлық аймағында компьютерлік технологияны қолдану. Нәтижесінде шығармашыл, креативті, іздемпаз, ақпаратты-технологиялық мәдениеті жоғары, бәсекеге қабілетті, өз ойын ашық жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру.

Білім алушы тәрбиелілігін шкалалауды негізге ала отырып, сауалнамалаумен қатар білім сапасын тест арқылы да бағалау бүгінгі күні маңызды болып отыр. Тест сапаларының педагогикалық қызметтегі маңызына назар аударуды да жөн көрдік.

Білім беру саласындағы инновациялық әзірлемелердің сараптамасы мынадай мақсаттарға ие: жалпы, арнайы және жеке өлшемдердің жиынтығында көрсетілген қаралатын материалдардың кейбір нормативтік модельдерге (не бар дәстүрлерге) сәйкестік дәрежесін бағалау. Авторлық ойды, бастапқы жобалық идеяны түсіну, жобаның мақсатты бағдарын анықтау. Жобаны іске асыру бойынша қызметті бағалау (жобаны іске асыру дәрежесі) [Новикова, Т.Г., 2001, 64 с.].

Жеке сараптаманы қолданыстағы нормативтерге немесе арнайы әзірленген өлшемдерге сәйкес мазмұнның нақты пәндік бағыты бойынша жеке маман-маман жүргізе алады. Оқу орнының білім беру бағдарламасының, оқу жоспарының сараптамасы үлгі бола алады. Біздің жаңа форматтағы оқулықты зерттеу жағдайында.

Кез келген инновациялық үдерістер мен объектілерді бағалау бірнеше кезеңдерді қамтиды: сараптама міндетін қалыптастыру және негіздеу, оның ерекше ерекшеліктерін анықтау, сараптау көрсеткіштерін бөлу, сараптама үлгісі мен бағалау өлшемдерін таңдау қажет мақсатты болжаушы; сараптама объектісі мен оның ортасы туралы мәліметтер жиналатын статистикалық мәліметтер алынған деректерді жүйелеу және оларды одан әрі бағалау жүргізіледі; қаралатын объект бойынша шешімдер шығарылатын және талқыланатын бағалау қорытындысы жасалады және шығарылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі жастарды мамандық таңдаумен қатар, кейін оқуды бітірген соң сол мамандықпен жұмыс таба аламын ба деген сұрақ көбірек толғандыруы керек.

Колледж ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады. Ендеше біздің ұжымдағы ұстаз қауымының үздіксіз білім мен тәрбие берудегі шығармашылық табысқа жетудегі алар биіктері мол болмақ.

Қазіргі қоғамымызда болашақ ұрпақты тәрбиелеуде әр ұстаз өз шеберлігін оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагоикалық технологияны жетік меңгерумен қатар, өз шеберлігі мен кәсіпқойлығын таныта білуі тиіс. шығармашылықпен жұмыс жүргізуге тиіс. Өйткені, ұрпақ жайындағы озық ұлттық мұраны бүгінгі оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мәселесі маңызды орынға ие.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Назарбаев Н.А. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 12.04.2017
2. Назарбаев Н.Ә.Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017.
3. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Алматы: Дарын, 2004. – 152 б. ISBN 9965-9396-7-5

Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Астана: Фолиант, 2007. -244 б. ISBN 9965-35-125-2

Новикова, Т.Г. Проектирование и экспертиза инновационной деятельности в образовании. Вып. 12. – М.: ЦРСДОД, 2001. – 64 с.

**Рапилова Эльмира Жанатовна,**
2 курс магистрант,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Сағынбек Айдана Ерболатқызы,**
2 курс магистрант,
«6М010300 – Педагогика және психология» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДА МАМАНДАРДЫҢ ӨЛШЕУ-БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада өлшеу-бағалау құралдары арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау және құзыреттілік амал негізінде болашақ маманның шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері қарастырылады. Білім беру саласындағы саясатының басты бағыты – шығармашыл, сындарлы ойлай білетін, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әртүрлі әлеуметтік және педагогикалық мәселелерді ұтқырлықпен шешуге қабілетті азамат дайындау. Сондықтан, БӨМ мамандардың шығармашылықпен оқу жетістіктерін бағалауда қолдану ерекшеліктері айтылады.

**Кілт сөздер:** оқу жетістіктері, БӨМ, шығармашылық, құзыреттілік амал,бағалау ерекшеліктері.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы развития творческого потенциала будущего специалиста на основе компетентностного подхода и оценивания учебных достижений учащихся посредством средств измерений-оценивания. Главное направление политики в области образования-подготовка творческого, конструктивного мышления, уверенного в своих возможностях, способного эффективно решать различные социальные и педагогические проблемы. Поэтому расскажут особенности творческого использования специалистов в оценивании учебных достижений.

**Ключевые слова:** учебные достижения, КИМ, творческий, компетентностный подход, особенности оценивания.

**Annotation.** This article deals with the development of the creative potential of a future specialist on the basis of a competency-based approach and assessment of students' educational achievements by means of measurement tools-assessment. The main direction of education policy is the preparation of creative, constructive thinking, confident in their capabilities, able to effectively solve various social and pedagogical problems. Therefore, they will tell you about the creative use of specialists in evaluating educational achievements.

**Key words:** academic achievement, CPM, creative, competency-based approach, especially the assessment.

## КІРІСПЕ

Еліміздің білім беру саласын халықаралық дәрежеге көтеруде оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Себебі, заманауи талап білім сапасы оқушының алған білімін жеке басының әрі қарай дамуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді. Білімді, білік-дағдыларды жаттанды түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын, кез келген ортада топпен, жұппен жұмыс істей алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады.

Еліміздің болашағы, көркейіп өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы проблема – психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыру, білім сапасын арттыру үшін оқу жетістіктерін бағалау. Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзыреттілігіне жоғары талаптар қоюда. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Заманауи білім беруге тән инновациялық үрдістер білім беру процесін ғана емес, оның тиімділігіне жоғары талаптар қоя отырып, бақылау-бағалау жүйесін де қозғайды. Бақылау-бағалау жүйесін жаңарту үшін:

– қорытынды бақылауда субъективизмді азайту және стандартталған тестілерді кеңейтілген пайдалануға көшу;

– ағымдағы бақылауда авторлылық пен мәж-

бүрлеу үлесін төмендету, оқушылардың өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі бағалауы үшін жағдай жасау;

– ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижелерін, үлгі бойынша қызметті, алгоритмдік білімді бағалауға басым бағыттаудан бас тарту және құзыреттілікті, шығармашылық және практикалық қызметке қабілеттілікті бағалауды қамтамасыз ететін инновациялық өлшеуіштерге өту;

– «орташа оқитын оқушыға» үйреншікті бағдарлауды ағымдағы бақылау барысында оқу қызметін түзетудің жеке әдістерімен алмастыру, кіру бақылауын жүйелі пайдалану;

– бақылау барысында оқушылар үшін маңызды релевантты, бағалау құралдарын: практикалық шеберлік тестілерін, ситуациялық тапсырмаларды пайдалануды болжайтын бағалаудың дәлме-дәл формаларын енгізу есебінен дәстүрлі жазбаша тексерулердің үлесін төмендету.

Соңғы онжылдықта бақылау мен оқыту арасындағы байланыстың күшеюі байқалады. Түзілу нәтижелерін анықтайтын мақсатты қондырғылар өлшенетін нәтижелер терминдерінде беріледі. Өз кезегінде оқыту процесі жеке режимде ағымдағы бақылау үшін іріктелетін оқу міндеттерінің мазмұны мен қиындықтарын оңтайландыру есебінен бақылаудың оқыту және дамыту функцияларын жандандыратындай етіп құрылады. Бақылау үлкен мәнге ие болады, ол өзінің сипатын өзгертеді және барлық оқу процесінің сапасын басқару функцияларымен оқыту нәтижелерін тексеру және бағалау бойынша дәстүрлі функцияларды біріктіреді.

Оқыту нәтижелерін бағалау жүйесінде маңызды өзгерістер орын алады, олар бихевиористік көзқарастан когнитивтік көзқарасқа көшумен сипатталады және оқыту нәтижелерін басым бағалаудан нәтижені алу процесінің компоненттеріне, берілген сұраққа пассивті жауап мазмұнының белсенді құрастырылуына, жекелеген, оқшауланған біліктерді интеграцияланған және пәнаралық бағалауға ауыстыруда байқалады. Бақылауда пәнаралық білімді, білімді бір пәннен басқа пәнге ауыстыру іскерлігін және жалпы оқу іскерлігін қалыптастыруды болжайтын метатанымға назар аударылды. Оқыту нәтижелерін бағалау кезінде «білімді» және «білікті» ұғымдарын ашу контексті өзгерді. Фактология мен алгоритмдік іскерліктің бұрынғы басымдығының орнына стандартты емес немесе практикалық жағдайларда білімдерін қолдана білу бірінші орынға шықты.

Өлшеудің заманауи бақылауында білім беру процесінің органикалық бөлігі, білім беру сапасын басқаруда кеңінен қолданылатын ақпарат алудың маңызды құралы болды. Тесттердің үнемі өсіп келе жатқан рөлінің аясында сандық әдістердің шектеулілігін саналы түрде сезінеді, осының арқасында педагогикалық бақылауда сандық және сапалық бағалаулар үйлесімінде құрылатын аралас әдіснама дами бастады.

Бақылау-өлшеу материалдары – БӨМ – екі негізгі процеске бағытталған бағалау құралдарының бір түрі: бақылау және өлшеу [Бұлақбаева М.К., 2016, 183 б.].

БӨМ міндеттерін келесі түрде жүйеледік:

– оқушылардың білім жетістіктері мен кемшіліктеріне қатысты білікті «кері байланыс» мүмкіндігі;

– бақылау және бағалау рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін арттыру;

– мәлімделген білім беру нәтижелеріне жетудің «дәлелі».

Зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес бақылау-өлшеу материалдарына қойылатын талаптарды былай жіктедік (Кесте 1).

*Кесте 1* – Бақылау-өлшеу материалдарына қойылатын талаптар

| БӨМ талаптары | Мазмұны |
|---|---|
| Валидтік (жарамдылық) | алға қойылған мақсатқа сәйкес нәтиже алу қабілетін көрсететін БӨМ сапасы |
| Сенімділік | барлық ұқсас жағдайларда ұқсас нәтижелер алу және алынған бағалауға сенім білдіру қабілетін көрсететін БӨМ сапасы |
| Жүйелілік | бір-бірімен белгілі бір иерархия мен білім беру нәтижелерінің жалпы құрылымымен байланысты реттелген мазмұнды элементтерді іріктеуді көздейтін БӨМ сапасы |
| Маңыздылығы | бағалау материалдарына жоспарланған нәтижелерді көрсететін мазмұнның аса маңызды элементтері енгізілуі тиіс |
| Объективтілік | бағалау мен өлшеудегі субъективті қателіктерді мүмкіндігінше болдырмайтын бағалау рәсімдерінің сапасы; осындай рәсімдерді жүргізуді барынша стандарттаумен қамтамасыз етіледі |

Кестеде көрсетілген БӨМ талаптарының мазмұнын ескере келе, мамандық бойынша білім беру бағдарламасында БӨМ-ге 2 түрі құрастырылады:

*бірінші*, негізгі пәндері бойынша бакалаврлар мен магистрларды дайындау бағыттары бойынша білім, білік және дағды мен құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін тексеруге арналған тесттер;

*екінші*, құзыреттілікке бағытталған тест тапсырмалары – (ҚБТТ) – құзыреттіліктердің қалыптасуын бағалауға бағытталған жаңа үлгідегі эксперименттік БӨМ.

БӨМ жасау технологиясының ***бастапқы кезеңі*** пән бойынша *оқу бағдарламасын* құру болып табылады. Білім беру мекемелеріндегі жұмыс бағдарламалары құрастырылған немесе жасалғандықтан, берілген кезең бұл құжаттарды талдауға және Мемлекеттік білім беру стандарттары мен оқу жоспарына қойылатын талаптардың тақырыптық мазмұндарына сәйкес келуін орнатуға әкеліп соғады. Бұл кезеңде арнайы педагогикалық білім беруде негізгі міндетті пәндерді (құзыреттілік тұғыр) меңгеруге кіріскен оқушылардан бастап және мамандық ерекшеліктері немесе даярлық бағыттарынна сәйкес қосымша құзыреттіліктерді ескере отырып, жоғары арнаулы оқу мекемелерін бітірушілерге дейін оқу деңгейлері бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыру тізбегін құрастырады.

Тағы да осы кезеңде нақты құзыреттіліктерді қалыптастыруға қатысушылардың негізгі оқу модулдерін (НОМ) немесе түрлі пәндерге жататын негізгі модулдердің бірқатарын айқындау жүзеге асырылады, дегенмен, оқушының интегралды білімі мен білігін қалыптастырылады.

Еңбек сыйымдылығын төмендету, көрнекілікті арттыру және жұмыс бағдарламасы мазмұнының стандарттар талабына сәйкестін сараптау мақсатында нағыз әдістемеде БӨМ-ң орта кәсіби білім берудің Мемлекеттік стандарттарына сәйкес диагностикалық картаның технологиялық құралы ретінде қолданылады.

Диагностикалық карта келесі бөлімдерден тұрады:

– оқу пәндерінің атауы;

– курстың көлемі;

– пән бойынша бітірушінің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар;

– бақыланатын құзыреттіліктер тізімі;

– өлшеудің бақылау нүктелерінің (бақылау тесттері, қиылыстар) саны;

– тест түрлері мен мәні;

– тест тақырыбы;

– тесттің тақырыптық мазмұны (тексерілетін мазмұн – дидактикалық бірліктер тізімі мен кодталуы);

– бағдарлама бойынша сағат саны (практикалық сабақтарды айқындау);

– тест тапсырмаларының саны [Бурляева В.А., Чебанов К.А., 2014, С. 826-830].

Диагностикалық картаны жасауда стандартқа сәйкес пәннің сағат көлемінен болатын өлшеудің бақылау нүктелерін есептеу орындалады.

Дидактикалық карталарда құрастырылған және көрнекі түрде ұсынылған берілгендер БӨМ-ының құрылымы мен мазмұнын жасау негізін құрайды. Осыған орай, диагностикалық карта нағыз әдістеменің негізгі технологиялық құжаты болып табылады.

БӨМ жобалаудың келесі технологиялық кезеңі тест тапсырмаларын таңдау немесе құрастыру, құрылыммен сәйкестігін қамсыздандыру және тест тапсырмалары мен тесттің барлығын орындаудың бағалау критерийлерін анықтау болып табылады.

Критерийлерге бағдарланған тесттер үшін тест мазмұнын таңдау оны құрудың маңызды кезеңі болып табылады. Себебі, берілген оқыту мақсатына жету туралы шешім қабылдау үшін, мысалы, стандартта, стандарт мазмұнын жеткілікті түрде нақты және толық суреттеу және тапсырмалар жиынтығында айқындау қажет.

Сондықтан білім беру стандарттарының жетістіктерін бағалау үшін қолданылатын тест жасаудағы басты проблемасы тест және стандарттардың мазмұнына сәйкестілік жетістігі болып табылады.

Бұл кезеңнің маңызды тұсы оқушылардың тапсырма орындауын бағалау критерийлерін жасау болып табылады. Диагностиканың мақсаты мен мәніне байланысты түрлі ұсыныстар мен өлшеу нәтижелерін бағалау бойынша теорияларжүзеге асатынын естен шығармаған жөн. Себебі, нағыз әдістеме түрлі білім беру процесі мен түрлі диагностикалық мақсатта қолданылатын әмбебап технологиялық құрал бола алады. Онда қандай да бір нақты бағалау критерийлерін анықтау мен негіздеу мақсаты қойылмады. Қандай да бір критерийлерді өткізілетін диагностиканың мақсаты мен міндеттеріне байланысты қолданылатынын естен шығармаған жөн.

БӨМ паспорты (тест паспорты) қорытынды жобалаушылық нормативті құжаты болып табылады, диагностикалық картада көрсетілген тест туралы барлық ақпараттардың толық көлемі бейнеленеді. Паспортта ұсынылған ақпараттар негізінде тест бағдарламаларын жасау, тест базалары мен диагностика нәтижелері бойынша оқушыларды дайындау сапасын сараптау жүзеге асырылады. Құрастырушылармен рәсімделген тест паспорты ішкі аудит арқылы өтеді:

– оқу мекемелері әдістемелік қызметінің БӨМ-н сараптау;

– циклдік комиссия БӨМ-н сараптау және ПЦК төрағасының келісімі;

Сараптау кеңесінің қарастыруы мен бекіту [Әбдиев С.Қ., 2012, с. 89-93].

Ішкі аудитті өткізгеннен кейін рәсімделген және бекітілген тест паспорттары білім беру мекемелерінің сәйкес қызметіне, мониторинг ұйымдастыру функцияларына беріледі.

Жасақталған бақылау-өлшеу материалдарын бағалау оқушыларды компьютерлік тестілеуден кейін анықталады. Тестілеу матрицаның және педагогтар сапасының негізінде жасалған графиктерге сәйкес өтеді. Құрылғылық бағдарламалық орта тестілеу аяқталғаннан соң бірден автоматты түрде тест базалары сапаларын талдауға арналған шығыс түрлерін қалыптастыруға және басып шығаруға септігін тигізеді:

– қауіпсіздік техникасын талдау картасы;

– тапсырмаларды орындау кестесі;

– топтардан сынақ алуда тестілеу нәтижелерінің ведомосі.

Алынған құжаттар тест базалары сапасын әрі қарай талдау негізі болып табылады, нәтижелері бойынша түзетуді қажет ететін тест тапсырмаларының жинақталған тізімі құрастырылады.

Тест базаларын талдаудың шығыс түрлерін мұғалімдер меңгертеді, оқушылармен талқыланады, соңынан тест базаларын түзету туралы шешім қабылданады.

Бекітілген кесте бойынша тест базаларын түзету пән педагогтарымен бірге құрастырушылар өткізеді. Бұл – сапалы тест тапсырмаларын құру үшін қажетті шарттары болып табылатын технологиялардың жауапты кезеңдерінің бірі.

Жетекші мақсаттар мен міндеттерге сәйкес білім беру нәтижелерін бағалаудың барлық түрлерін ұйымдастыру-басқару шешімдерін қабылдау үшін бағалауға (бақылау, аттестаттау) және оқыту үшін бағалауға (қалыптастыратын бағалауды) бөлуге болады.

Бақылау-өлшеу процедуралары және аттестация шеңберіндегі бағалаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері студенттердің жоспарланған нәтижелердің жетістіктерін өлшеуде және бағалауда, осы нәтижелердің ауытқу шамасын бақылауда және/немесе студенттер тобы үшін осы нәтижелерге қол жеткізудің ойық деңгейін анықтауда тұрады. Мұндай бағалаудың нәтижелері негізінде оқыту процесі мен бағдарламаларын түзету қажеттілігі туралы, оқыту сапасы және білім беру бағдарламасы мен оның элементтерін іске асыру туралы шешімдер қабылданады.

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері нақты студентті оқытудағы проблемалар мен перспективаларды анықтаудан, оның білім беру прогресін жақсарту тәсілдерін іздеуден және студенттердің білім беру нәтижелерін анықтаудағы дербестігін дамытудан тұрады. Осы мағынада қалыптастырушы бағалау студенттердің оқу жетістіктеріне және оларда туындайтын қиындықтарға қатысты уақытылы және сапалы кері байланысты қамтамасыз ету тетіктерімен тығыз байланысты.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламасында (және оның элементтерінде) бағалаудың екі түрі – «басқарушылық» және қалыптастырушы.

Бағалау құралдары қандай мақсаттар мен міндеттер үшін әзірленуіне байланысты, олар мынадай нысандарда ұсынылуы мүмкін:

1) оқытудың нақты нәтижелерін /білім беру нәтижелерін бағалауға арналған жеке бағалау құралдары (*тест сұрақтары, тапсырмалар, есептер* және т.б. түрінде); жеке тапсырмалар, неғұрлым ірі бағалау процедурасының кейбір элементін көрсету/мысал үшін пайдаланылады (мысалы, *сұрақтар мен емтиханға тапсырмалардың нұсқалары* және т.б.);

2) бір үлгідегі және /немесе ұқсас мазмұндағы, жалпы мақсаттағы бағалау құралдарының жиынтығы:

– оқытудың нәтижесінің тексеру үшін; мысалы, пән бойынша нақты білімдерді тексеруге арналған тапсырмалар жиынтығы;

– бір немесе бірнеше жалпы тәсілдермен және т.б. шешілетін белгілі бір түрдегі тапсырмалар жиынтығы;

– дайындықтың әртүрлі деңгейі үшін бағалау материалдары болуы мүмкін;

– көбінесе ағымдағы бақылау барысында бағалау үшін пайдаланылады.

3) бағалау құралдарының жиынтықтары:

– бағалаудың жалпы мақсаты үшін іріктелген, бағалаудың бір рәсімі шеңберінде бір немесе бірнеше ұқсас есептер үшін іріктелген, ұсыныста жүйелілігімен ерекшеленетін бағалау құралдары (мысалы, бір пән шеңберінде қол жеткізілген оқытудың барлық маңызды нәтижелерін бағалайтын немесе бір немесе бірнеше аралас құзырет шеңберінде барлық құрылымдық деңгейлерді бағалайтын және т.б.);

– бағалау құралдары жиынтығының неғұрлым кең тараған түрі педагогикалық тест болып табылады);

4) бағалау құралдарының қоры (БҚҚ) – таңдалған білім беру нәтижелерін бағалауға жүйелі тәсіл ұсынатын әдістемелік және бағалау материалдарының кешені, бағалау материалдары мен процедураларын сипаттаудан басқа, оларды пайдалану және түсіндіру жөніндегі ұсынымдарды, олардың сараптамасы туралы мәліметтерді және басқа да қажетті құжаттарды қамтитын; педагогикалық өлшеулерге қолданылатын әдістемелік тәсілдердің бірлігімен, пайдаланылатын бағалау құралдарының жүйелілігімен, сенімділігімен, валидтілігімен ерекшеленеді, әдетте жоғары маңыздылығын өлшеу үшін әзірленеді [Egan K.L., Schneider M.C. & Ferrara S., 2012. – P. 79-106.].

Бағалау құралдарының жиынтықтары мен қорлары үшін маңызды құрылымдық элемент ерекшелік (паспорт) – бағалаудың мақсаттары мен міндеттерін, ұсынылған материалдардың жалпы құрылымын және олардың жіктелуін көрсететін және бағалау құралдарының тексерілетін (бағаланатын) нәтижелермен байланысын айқындайтын құжат болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Құзыреттілік тұғыр қазақстандық білім беруді жандандыру бойынша жаңа жолдарды іздестіру нәтижесінде кең етек алды. Бұл ұғымды түсіну қоғамда болып жатқан өзгерістерден туындап отырған қажеттілік, білім берудегі (соның ішінде, мектептің) өзгерістерді анықтаумен байланысты. Бүгінгі күні осы тұғырдың мәнін анықтауға және түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық және ғы-

лыми-әдістемелік жұмыстар көптеп кездеседі. Білім беруде құзыреттілік тұғырды сипаттайтын анықтамасы, түсіндірмелі аппараты аяғына дейін мығым тұрған жоқ. Дегенмен, оның бірқатар сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады.

Құзыреттілік тұғыр – білім беру мақсатын анықтау, білім беру процесін ұйымдастыру және нәтижелерін бағалау үшін қажетті жалпы құзыреттілік тұғырлардың кешені. Олай болса, құзыреттілік тұғыр негізінде болашақ маманның шығармашылық әлеуетін дамыту мәселелері де, мамандардың өлшеу-бағалау құралдарын қолдана отырып, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселелері де өзекті болып отыр. Және жаңжақты зерттеуді және оңтайлы нәтижеге жетуге болатындығын дәлелдеуді қажет етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бұлақбаева М.К. Заманауи және классикалық тест теорияларына кіріспе//Оқу құралы. – Алматы: Қыздар университеті, 2016. -183 б.

2. Бурляева В.А., Чебанов К.А. Комплексные показатели качества образовательной системы в виде учебных достижений. Фундаментальные исследования. – 2014. – №12 (часть 4) – С. 826-830.

3. Әбдиев С.Қ. Тестілеу технологиясы мен SPSS бағдарламасы//Хабаршы. Педагогикалық сериялар. – Астана: Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, №6, 2012. – Б. 89-93.

4. Egan K.L., Schneider M.C. & Ferrara S. Performance level descriptors: History, practice, and a proposed framework//G. J. Cizek (Ed.)/Setting performance standards: Foundations, methods, and innovations. – New York/London: Routledge. – 2012. – P. 79-106.

**Рахметова Нүрзия Байтукешевна,**
Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Андрей Әсемгүл Сәндібекқызы,**
2 курс магистранты,
«6М012400 – Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# БІЛІМ САПАСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім сапасын дамытудағы халықаралық зерттеулер нәтижелерінің маңызы және білім сапасын жетілдірудің қажеттілігі қарастырылады. Халықаралық зерттеулердің Қазақстандағы жүргізілу реті жәненәтижесі баяндалады. Мұғалімнің кәсіби деңгейін көтерудің керектігі көрсетіледі. Қоғамдық өмірде өз орнын табатын жеке тұлғаны қалыптастыру міндеттері дәлелденеді.

**Түйін сөздер:** халықаралық зерттеулер, білім сапасы, функционалды сауаттылық, жеке тұлға, кәсіби біліктілік.

**Аннотация.** В данной статье обсуждается важность результатов международных исследований в развитии качества образования и необходимость повышения качества образования. Описаны порядок и результаты международных исследований в Казахстане. Указана необходимость повышения профессионального уровня учителей. Обоснована задача формирования личности, которая находит свое место в общественной жизни.

**Ключевые слова:** международные исследования, качество образования, функциональная грамотность, личность, профессиональные умения.

**Annotation.** This article discusses the importance of the results of international research in the development of the quality of education and the need to improve the quality of education. The order and results of international research in Kazakhstan are described. The need to improve the professional level of teachers is indicated. The task of forming an individual who finds his place in public life is proved.

**Keywords:** international research, quality of education, functional literacy, personality, professional skills.

## КІРІСПЕ

Қазіргі жаһандану заманында қазақстандық білім беру және ғылымды дамыту жүйесінің алдында білім сапасының деңгейін арттыру, халықаралық дәрежеде шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің мектеп жасындағы оқушылары білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін халықаралық зерттеулерге қатысады.

Қазақстандық білім беру модернизациясы халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысуының елдегі білім сапасын арттырудағы стратегиялық маңызы зор. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясындағы нысаналы индикаторлары Қазақстанның халықаралық зерттеулерді (TIMSS, PISA, PIRLS) қолдану әлемдік стандарттар деңгейіне сәйкес рейтинг көрсеткішіне жетелейді [Жолдау, 2018]. Халықаралық зерттеулер оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Дамыған 30 елдің қатарына кіруді өзіне мақсат еткен Қазақстанның білім беру жүйелерін халықаралық зерттеулер нәтижелерімен салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын белгілей отырып, отандық білім беру реформамыздың бағытын бағалау өзекті мәселе болып саналады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», – деп атап көрсеткен. Сол себепті заманауи білім беру жүйесінде халықаралық зерттеулердің білім сапасын жаңғыртудағы үлесі өте зор болғандықтан, мемлекет басшысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуды алдыңғы қатарға қойған.

Қазақстан оқушыларының TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық салыстырмалы зерттеулеріне қатысуы функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында

білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бекітілуімен расталады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық жоспардың қабылдануы – оқыту әдіснамасы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту болып табылады.Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру. Ұлттық жоспар Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту іс-қимылдарының мақсаттылығын, біртұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. Сондықтан да аталмыш тапсырманы орындау үшін елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру алдыңғы қатардағы міндет.

Халықаралық TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуі оқушылардың математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін бағалайды. TIMSS оқушылардың білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолданылуын реттей отыра, әлемдік деңгейдегі халықаралық білім сапасының рейтингісін анықтайды.

PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі (2001, 2006, 2011, 2016 2021) 2020 жылы Апробациялық зерттеуі, ал 2021 жылы негізгі зерттеуі өткізіледі.

Зерттеу кезінде білім алушылардың білім жетістіктігімен қатар, бағдарламаға қатысатын елдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. Бұл жиынтық сұрақтар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудан бастап, отбасында баланың дамуына қажетті жағдай жасауға кешенді баға беріледі.

TALIS (The Teaching and Learning International Survey) зерттеуінің мақсаты – қатысушы елдерге кәсіби деңгейі жоғары мұғалімдер корпусын дамытудың жаңа басымдықтарын қайта қарауға және анықтауға мүмкіндік беретін сенімді, салыстырмалы деректерді қамтамасыз ету. 2018 жылы зерттеудің үшінші циклі өтті (2008 ж. – бірінші, 2013 – екінші). Зерттеуге қатысатын мұғалім мен мектеп директорлары білім беру саясатын талдауға және дамытуға өз үлесін қосуға мүмкіндік алады.

ICILS (Intemational Computer and information Literacy Study) зерттеуінің мақсаты – оқушылардың IT құзыреттері деңгейін бағалау және олардың оқу жетістігіне ықпалын анықтау. Бұл зерттеу оқушылардың IT құзыреттерін қалыптастырудың мектептегі білімге және балалардың IT дағдыларының дамуына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан 2018 жылы ICILS зерттеуіне алғаш рет қатысты.

Халықаралық зерттеулерде оқушыларға қазақстандық мониторинг зерттеулеріне тән типтік математикалық есептер ұсынылмайды. Бұл зерттеудегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және т.б. туралы мәліметтер ұсынылады.

PISA үш жылдық мерзіммен өткізілетін білім беру ұйымдарында 15 жастағы білім алушылардыңматематикадан сауаттылығын бағалауға арналған халықаралық зерттеу. Оқушылардың білімжетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: математикалық сауаттылық,жаратылыстану сауаттылығы, оқу сауаттылығы.Зерттеу нәтижелері отандық білім берудің төмендегі негізгі проблемаларын көрсе-

тіп берген: 1. Мәтіндерді оқу және түсіну сапасының негізгі деңгейлерін анықтау. Бұл бүкіл ел бойынша PISA басып шығарған материалдардың көмегімен бірқатар студенттер мен мектеп оқушыларына тестілеуді өткізу жолымен орындалды. Бұл шара 2014 жылдың қараша айында өткізілді. 2. Бірінші емтихан нәтижелерінің негізінде мәтіндерді оқу және түсіну сапасын тексеру бағдарламасы үшін кәсіби әзірлеу дайындалды, ол 2015 жылдың наурыз айында жүзеге асырылды. 3. Соңында 2016 жылдың ақпан айында кәсіби түрде әзірленген іс-шаралардың әсерін зерттеу үшін кейінгі бағалау болды. Бағалау және жоғарыда сипатталған кәсіби түрде әзірленген іс-шаралар өзінің сипаты бойынша жоғары шаралар болып табылмайды, бірақ олар бүкіл ел бойынша кәсіби сауаттылықты арттыру үшін жүзеге асырылды.

Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл – қыздары ешқашанда жүдемесі хақ. Біздің басты байлығымыз – білім. Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау – бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты. Білім – теңіз, мектеп – кеме. Мұғалім – мектептің жүрегі. Білім нәрімен сусындап, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс. Осы білім теңізінде еркін жүздіру – бала жанының бағбаны мұғалімнің іс-әрекеті. Мұғалімнің бір-біріне және ешкімге ұқсамайтын сабақтары келер ұрпақты заман талабына сай оқытып, тәрбие бермек. Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны – «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Білім алуда жақсы көрсеткіш көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, алайда, кейбір балаларымыз мектептен алған білімдерінің қорытындысын өз мүмкіндіктерінде көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей де жатады. ОЖСБ әсіресе, ҰБТ-де өз білімдерін дәлелдей алмай да қалатыны жоқ емес.

Елбасы Н. Назарбаев оқулық мәселесіне де ерекше тоқталған болатын. Оқулықтың мақсаты, міндеті, мазмұны, құрылымы функционалдық сауаттылықтың құзыреттілігіне сай жазылуы тиіс.Ұлттық жоспарда көрсетілген функционалдық сауаттылықтың екінші механизмі – оқу нәтижелерінің бағалау жүйесін өзгерту. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау – оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау – әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері (ҰБТ,ОЖСБ). Сондай-ақ халықаралық (TIMSS, PISA және PIRLS) зерттеулерге қатысуы. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Критериялық бағалау жүйесі енгізілді. Функционалдық сауаттылықтың үшінші механизмі – ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ата-ананың борышы – бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Ата-ана баласының ерекше қасиетін тану, түсініп қол үшін беру, олардың қабілетін дамыту, бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез-құлық, әдеттерден арылтуға көмек беруі керек. Ата-ананың бойында да функционалдық сауаттылық болуы тиіс. Бұл үшін мемлекет жаңа әдістемені әзірлеуге кірісті. Осы әдістеменің негізінде ата-аналарға арналған семинарлар мен тренингтер өткізіледі. Аталған жұмысқа Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) және азаматтық қауымдастықтың басқа да секторлары белсенді тартылады. Төртінші механизм – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы, музыка мектептері, жас техниктер мен натуралистер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қарастырылған. Қазақстанның тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңартылатын болады. Оқытудың жаңа технологиялары мен интерактивтік, инновациялық формалары енгізілетін болады. Олар: балалар интерактивті парктері (ғылыми-қалалар), технопарктер, балалар мұражайлары, ғылыми үйірмелер және т.б. Бұл – шығармашылық пен инновацияға деген қызығушылықты арттырады. Мұндай оқыту жүйесі баланың санасына әлеуметтік тұрмысына, төңіректегі әлемге терең көзбен қарап үйреніп, жолығатын қиын

мәселелерді оңай шешетін болады. Бұрынғыдай мектептен шыққан соң бала үйренген білімін ұмытып қалмайды, қайта өмірде пайдаланатын болады деп ойлаймын.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінің нәтижесі біздің еліміз бойынша төмен нәтижелер көрсетіп тұр. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр. Әлем елдеріндегі білімнің азығы – Сингапур, Жапония, Финляндия елдерінің білім жүйесіндегі ерекшеліктерін бір-бірімен салыстырар болсам, білім сапасын көтеру мәселесі қарастырылатынын көруге болады. Білім беру жүйесі жыл сайын әр түрлі өзгерістерге ұшырап отыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыған, құзыретті азаматтар етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге функционалдық сауаттылық көмектеседі және бұл жетістікке жетуде халықаралық зерттеулердің маңызы өте зор болып табылады. Себебі әрбір адам ерекше, ешкімге ұқсамайтын тұлға. Ал баланың санасына, шығармашылық ойлауына шек қоймау, сын тұрғысынан ойлануына мүмкіндік жасау, еркіндікті беру ғылымда да, өмірде де жаңа бағыттардың, өмір сүрудің инновацияланған технологияларын ойлап табуға, бұдан да жоғары деңгейде шарықтауға септігін тигізетініне сенімім мол.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы «Мәңгілік ел... Мәңгілік Қазақстан» – Астана 2018.
2. PISA Халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. 2013 ж.
3. Функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған 2012-2016 жж. Ұлттық іс қимыл жоспары. Қазақстан Республикасында білім берудің 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы.Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық//NIS- PEARSON.
5. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілігін арттыру жағдайында дамыту теория және тәжірибе//Алматы 2005

**Рахметова Нурзия Байтукешевна,**
п.ғ.к.,профессор м.а.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Ахай Салтанат Оразәліқызы,**
2 курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МҮМКІНДІГІШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ КӘСІПКЕ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ

**Аңдатпа.** Мақалада орта кәсіптік білім беруде инклюзивті көзқарасты іске асыру жағдайында мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың кәсіби бағдарын, білім алуын және әлеуметтік бейімделуін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдері қарастырылады. Мүгедектері шектеулі жандарға кәсіптік бағдар беру, оңалту, әлеуметтік бейімделу, мамандық таңдау немесе мамандыққа бағдарлау, кәсіптік өзін-өзі анықтауға және жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге көңіл бөлінеді. Көркем және сәндік-қолданбалы өнер туындылары арқылы шығармашылықпен айналысу мүмкіндіктері беріледі.
**Түйін сөздер:** Мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім,кәсіби білім,шығармашылық іс-әрекет, қолөнер.
**Аннотация.** В статье рассматриваются современные подходы к организации профессиональной ориентации, образования и социальной адаптации обучающихся с ограниченными возможностями в условиях реализации инклюзивного подхода в среднем профессиональном образовании. Особое внимание уделяется профориентации, реабилитации, социальной адаптации, выбору профессии или профориентации, профессиональному самоопределению и содействию в трудоустройстве людей с ограниченными возможностями. С помощью произведений художественного и декоративно-прикладного искусства предоставляется возможность заниматься творчеством.
**Ключевые слова:** дети с ограниченными возможностями, инклюзивное образование, профессиональное образование, творческая деятельность, декоративно-прикладное искусство.
**Abstract.** The article considers modern approaches to the organization of vocational guidance, education and social adaptation of students with disabilities in the context of the implementation of an inclusive approach in secondary vocational education. Special attention is paid to career guidance, rehabilitation, social adaptation, choice of profession or career guidance, professional self-determination and assistance in employment of people with disabilities.
**Keywords:** children with disabilities, inclusive education, professional education, creative activities, arts and crafts.

## КІРІСПЕ

Елбасының 2014 жылғы 17 қантардағы Қазақстан халқына жолдауында XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтардың болуы керектігін. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керектігін. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық көрсетілу –өзіміздің және қоғам алдындағы парыз екендігін айта келе, оларды тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алатындығын сөз еткен. Ондай жандарға арнайы квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыру мәселесін де атап өткен.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды белсенді өмірге тартып, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болу керектігіне және мүгедектер бірлестіктері қызметінің құқықтық базасын жетілдіру жөн де сөз қозғаған.

Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарға Мемлекеттік көмек көрсету мақсатында жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасайтын бағдарламаларға қатысуы туралы ереже енгізу керектігін тапсырылған [Жолдау. 2014 жылғы 17 қаңтар].

Қазіргі дамыған заманда инклюзивті білім беру жүйесіне ғылыми – әдіснамалық негізеде көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізуде.Инклюзивтік білім беру әртүрлі деңгейде оқи алатын мүмкіндігі шектеулі жандарды қанағаттандыруға икемді болып келетін әдіс-тәсілдер мен арнайы оқу орталықтары, онда денсаулығына сәйкес топтарға жататын балалардың ыңғайына байланыстыарнайы бағытта білім беру қарастырылған. Сондай-ақ инклюзивтік білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын алатын тұлға – арнайы мамндандырылған мұғалімді жан-жақты даярлау мәселелеріде қойылған [Оралбекова А.К., 2017, 966.].

Елімізде әлеуметтік саясатының басым мақсаттарының бірі азаматтардың барлық санатта-

ры үшін оның сапасы мен қолжетімділігін арттыру бағытында білім беру жүйесін жаңғырту болып табылады. Бұл міндетті іске асырудың жолы – білім берудің инклюзиясы ретінде мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік оңалту құралы қарастырылуы мүмкін. Инклюзивті білім беруді дамыту тең құқықты, қолжетімділікті, физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан адам үшін қолайлы білім беру бағытын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді [Оралбекова А.К., 2017, 966].

Сонымен қатар білім беру жүйесі дәстүрлі түрде арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың дамуы мен психофизикалық дамуының бұзылуларын түзету үшін қолайлы жағдай жасайтын, бірақ баланың кейінгі бейімделуі мен әлеуметтенуі процесін қиындататын оқытуды болжайды. Білім беруді жаңғырту жағдайында мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бейімделу стратегияларының тетіктерін әзірлеу қоғам мен мемлекеттің мүгедектерге деген өзінің көзқарасын қайта пайымдауына, олардың кәсіптік білім беруді қоса алғанда, өмірдің түрлі салаларында басқа да тең мүмкіндіктер беруге құқықтарын мойындауға байланысты заңды кезең болып табылады.

XXI ғасырдың жағдайында мүмкіндіктері шектеулі балалардың кәсіптік білімі келесі процестердің жиынтығы ретінде қарастырылады:

– кәсіби таңдаудыны түсінуге ықпал ететін қажеттіліктерді дамытуға негізделген кәсіби бағдар,кәсіптік өзін-өзі айқындауды;

– кәсіби қызметтің мәні мен мағынасын түсінуге ықпал ететін білім мен іскерлікті қаруландыру, нақты кәсіпті немесе мамандықты меңгеру;

– адамды жұмыс орнында бекіту қажеттілігін куәландыратын бейімдеу механизмдерін дамыту.

Осылайша, мүмкіндігі шектеулі балалардыға кәсіптік білім беру процесі кәсіптік бағдар, кәсіптік оқыту, әлеуметтік бейімдеу және жұмысқа орналастыру бірлігінде кәсіптік оңалту процесі болып табылады.

В.Д.Зайцев, Е. Р.Ярская-Смирнова, А.Е.Лысенко зерттеушілерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды кәсіби оңалтуды әлеуметтік практиканың бір түрі ретінде қарастырады. Олар кәсіби оңалтуды төрт кезеңге бөліп қарастырады [О. А. Денисова., 2015, 155].

1 кезең-кәсіби бағдар – кәсіпті таңдауды, қалайтын кәсіби қызметтің ұндылықтарын, кәсіби өзін-өзі айқындауды түсінуге ықпал ететін қажеттіліктерді дамытуды көздейді. Ол мүмкіндігі шектеулі балалардың кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде іске қосу болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы – күрделі, қарама-қайшы процесс, колледжде мамандық таңдағанға дейін басталады және колледжді бітіргеннен кейін жалғасады. Кәсіптік бағдар мектепке дейінгі жастағы балалармен оқу орындарында білім беру қызметтерін, мүгедек балалар мен олардың ата-аналарына арналған қайырымдылық акцияларын алу арқылы жүргізіледі. Инклюзивтік білім беру ұйымдары, олармен арнайы (түзету) жалпы білім беретін мектептер, колледжде іске асырылатын білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша элективті және бейіналды курстар өткізіледі.

Кәсіптік бағдарлау – мамандық таңдау немесе мамандыққа бағдарлау (лат. professio-сабақ түрі және фр. orientation-орнату) – жастарды мамандық таңдауға дайындауға бағытталған ғылыми негізделген іс-шаралар жүйесі, мұнда жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығының кадрларға қажеттілігін ескере отырып, жастарға кәсіптік өзін-өзі анықтауға және жұмысқа орналасуға көмек көрсету.

Кәсіптік ақпараттандыру кәсіптік бағдар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және ол еңбек нарығының жағдайы мен даму болашағы, кәсіптер мен мамандықтардың ерекшеліктері, болашақ мамандыққа қойылатын талаптар туралы оқушыларды топтық және жеке хабардар ету болып табылады.

Кәсіби кеңес беру – бұл адамның кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған консультативтік көмек түрі. Әдетте жұмысқа орналастырумен көмек көрсетілетін мамандандырылған жұмыспен қамту орталықтарында жүзеге асырылады, жұмыссыздармен жұмыс жүргізіледі, жұмысты, кәсіпті өзгерту, өз бизнесін ұйымдастыру және т. б. мәселелері шешіледі. Сонымен қатар қоғам тұлғасын және оның жеке қасиеттерін ұсынатын мүмкіндіктерге сәйкес кәсіби мансапты жоспарлау болып табылады.

Кәсіби таңдау – бұл тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтаудың, өз қабілеттерін, ерекшеліктерін, кәсіптің талаптарын ескере отырып, мамандық таңдау-адам өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі, ол индивидтің дамуындағы сыни сәт болып табылады және оның одан әрі өмір жолын анықтайды.

Кәсіби іріктеу – адамның кәсіби жарамдылығын ықтимал бағалау рәсімі, белгілі бір мамандықты меңгеру мүмкіндігін зерттеу, талап етілетін шеберлік деңгейіне қол жеткізу және кәсіби міндеттерді тиімді орындау.

Колледждің кәсіптік бағдар беру орталығының мамандары мүгедектер қатарындағы талапкерлермен және олардың ата-аналарымен консультациялар, компьютерлік кәсіби тестілеуді қолдана отырып психодиагностикалық жұмыстар жүргізеді. Алынған мәліметтер негізінде колледж дайындайтын мамандықтар мен оларды таңдау бойынша ұсыныстар беріледі. Кәсіптік бағдарлау мүгедігі шектеулі түлектерді жоғары кәсіптік мекемеде оқуға дайындау кезеңінде аяқталады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы колледждің мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен, мектеп-

термен, оңалту орталықтарымен, жоғары білім беру ұйымдарымен өзара әрекеттестігін қамтиды, олардың мамандары колледж конференцияларының, семинарларының және халықаралық жобаларының қатысушылары болып табылады.

Кәсіптік кеңес беру барысында психодиагностикалық әдістемелер кеңінен қолданылады,олардың көмегімен мүмкіндіктері шектеулі балалардың кәсіби бейімділігі мен мүдделері, олардың жалпы және еңбек уәждемесінің сипаты, білім алу ерекшеліктері, жалпы және арнайы қабілеттері, жеке сипаттамалары анықталады. Кәсіптік бағдарлау туралы ұсынымдар беріледі, мамандықтың немесе кәсіптің психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне неғұрлым сәйкес келетін қызметтің ықтимал бағыттары туралы кеңес беріледі. Колледжге түсу кезінде және оқу кезінде кәсіптік іріктеу жүргізіледі.

Кәсіби бағдардың тиімді ұйымдастырылған кезеңі мүмкіндігі бар білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі анықтауға дайындығын қалыптастырудың ұйымдық негізін құрайды. Осыған еңбек қызметінде тұлғалық мәнін іздеу және табу, сондай-ақ өзін-өзі анықтау процесінде өзіне қажетті кәсіпті табуға болады [А.С.Шеримова., А.Н.Елюбаева, 2015, 41-44 бет].

*Бірінші кезең* – кәсіби білім – білім мен іскерлікті қаруландыру, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, нақты мамандықты меңгеру болып табылады. Колледждің ерекшелігі «Кәсіптік оқыту» инклюзия жағдайында, біріктірілген топтарда жүзеге асырылады.

*Екінші кезең* – Мемлекеттік бағдарлама нәтижесінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту үшін төмендегі арнайы жағдайлар жасалды:

– мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін кедергісіз ортаны қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді, демек олардың икеміне қарай материалдық – техникалық база жақсартылды;

– білім беру мазмұны мүгедектердің қажеттіліктеріне бейімделеді, электронды түрде және қағаз түрінде оқу-әдістемелік кешендер әзірленді, тьютордың көмегімен электрондық білім беру ресурстарын қолдана отырып қашықтықтан оқыту мүмкіндігі қарастырылады;

-мүмкіндігі шектеулі жандармен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұйымдастырылды;

– инклюзия жағдайында педагогикалық кадрларды жұмысқа қайта даярлау жүргізілді.

Кәсіптік оңалту процесінің кешенді сипаты келесі әдістердің топтарға бөлуді көздейді:

1) оқу-тәрбие процесіне тікелей байланысты және мүмкіндігішектеулі білім алушылардың академиялық үлгерімін және таңдаған мамандығынмеңгеруін қамтамасыз ететін педагогикалық;

2) психофизикалық дамуының бұзылу сипаты мен ауырлық дәрежесіне сәйкес білім алушылармен топтық, демек кіші топтық немесе жеке түзету-педагогикалық жұмыс жүргізуді болжайтын түзету-педагогикалық (арнайы педагогикалық), мұнда жеке түзету-педагогикалық жұмыс, білім алушының үйінеде жүргізіледі;

3) өмір сүру ортасының және оқытудың жайлылығын қамтамасыз ететін техникалық-эргономикалық;

4) оқу ұжымында мүмкіндігішектеулі білім алушыларды бейімдейтін, олардың тұлғалық қасиеттерін түзететін психологиялық-педагогикалық-психологпен сабақтар, әлеуметтік жобалар, қайырымдылық акциялар;

5) микро-және макросоциумдағы ЖВЗ – мен байланысты оңтайландыруға көмектесетін әлеуметтік-педагогикалық [Н.Н.Шаяхметова, З.Б.Ишембитова., 2015, 152-154 стр.].

Кәсіптік оңалту әдістерін іске асыру тетіктері мүмкіндігі бар білім алушылардың оқу жұмысын дараландырудың әртүрлі құралдары мен тәсілдері болып табылады, олар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістерінің кешенімен толықтырылады.

*Үшінші кезең* – ұтымды жұмысқа орналастыру-мүмкіндігі шектеулі түлектер үшін арнайы жұмыс орындары бар әдеттегі ұйымдарда, кәсіпорындарда, сондай-ақ мамандандырылған кәсіпорындарда лайықты жұмыс іздеуді және іріктеуді көздейді. Мүмкіндіктері шектеулі түлектермен «Тиімді жұмысқа орналасу негіздері», «Кәсіпкерлік негіздері» элективті курстары өткізіледі, оның барысында олардың еңбек қызметіне кірісу және өз ісін ұйымдастыру кезіндегі іс-әрекетінің бағдарлы негізі қалыптасады.

Ондай түлектерді жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу орталығы жаңадан құрылған арнайы жұмыс орындарына жүзеге асады. Оларды жұмыспен қамту мәселелері бойынша мекемелер мен жеке кәсіпкерлерді іздестіру бойынша жұмыспен қамту орталықтарымен ынтымақтасады. Мүмкіндіктері шектеулі жандарды жұмысқа орналастырудың оң мысалдары бар: жаттықтырушылар, мұғалімдер, тәрбиешілер, жүйелік әкімшілер, ұялы байланыс салондарының кеңесшілері, ЭВМ операторлары, менеджерлер, шығармашылық даму орталықтарында тәрбиешілер. Бірақ мүгедектердің барлығы еңбек қызметіне ауыртпалықсыз интеграциялана алмайды, онда жұмыс беруші олардан дені сау қызметкерлер сияқты еңбек өнімділігін талап етеді. Өкінішке орай, олардың көбі мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кәсіби бейімделудің ерекше жағдайлары қажет екенін түсінбейді, ол бұдан да ұзақ болуы тиіс.

Қазір еліміздегі кәсіби колледж базасында, демек шаштараз, тоқу, тігу, флористика мамандықтарында білім алатын арнайы топтар бар және олар үшін оқу-еңбек шеберханалары да құрылған.

Мүмкіндіктері шектеулі жандарды қолдау үшін, олардың жалпы дамуына жағымды әсер ететін және сонымен бірге жаңа білім мен дағ-

ды алуға көмектесетін қызметке тарту мәселесін шешу өте маңызды. Ғалымдардың зерттеуінше шығармашылық іс-әрекет болып табылатыны немесе арт – терапиясы 1940-шы жылдардан бастап психотерапиялық әдістемелер кешені ретінде белсенді дамып келеді. Мұнда көркем және сәндік-қолданбалы өнер туындыларын өз қолдарымен жасау, демек шығармашылық арқылы қолдарының ұсақ моторикасының, сауықтырудың және дамытудың табиғи және ұқыпты әдісі екендігі дәлелденген.

Сондықтан ондай жандар үшін көркем және сәндік-қолданбалы өнер туындылары: сурет салу, тігу, тоқу, құрақ тігу (пэчворк), шілтер өрімі, кесте тоқу, кілем, гобелен, ұсақ моншақтармен жұмыс жасау арқылы олардың қиялынан көптеген авторлық шығармашылық туындылар пайда болады. Осындай қиялдан туындаған шығармашылық олардың кәсіби өсуіне жақсы ынталандыру болып табылады. Олардың шығармашылықпен айналысуға және әлеуметтік-мәдени оңалтуға белсенді қатысуға ықыласы пайда болады, ал қоғам денсаулыққа байланысты проблемаларға қарамастан, талантты, белсенді және позитивті адамдармен жақынырақ таныса алады. Шығармашылық мәдени-бұқаралық іс-шаралары: фестивальдар, өнер сайыстарына, саяхаттарға, ашық шебер – сыныптарға қатысып, шығармашылық қабілеттерін және кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде өздерінің сезіну жолдарын ашуға, өздеріне деген сенімділік деңгейін арттыру, коммуникативтік құзыреттілік пен креативтілікті қалыптасуларына үлкен үміт береді.

Осындай жандар үшін жалпы білім беруетін мектептер мен арнайы білім беру орталығын тамамдаған мүмкіндігі шектеулі түлектерге кәсіби колледжілерге, жоғарғы оқу орындарында мамандық таңдау барысында бірнеше қолөнер түрлеріне сәйкес мамандықтар қосылғаны дұрыс болар еді. Себебі осындайжандардың тұрмыстық қызмет көрсету бағытында атап айтқанда тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, өнер саласының көптеген түрлерінде жұмыс жасай алатынына күмән болмайды.

Колледждемүмкіндігі шектеулі жандар үшін оқу шеберханаларын құру мен оны жабдықтау олардың жағдайларына байланысты жасалғаны жөн.Соның ішінде қолмен тоқуды мүмкіндігі шектеулі жандар үшін нақты қажеттіліктеріне оңай бейімдеуге болады. Еңбек дағдылары мен біліктерін дамытуға мүмкіндік береді, қанағаттану сезімін қалыптастыруға ықпал етеді, өзін-өзі бағалауды дамытады, өзін қоғам мүшесі ретінде сезінуге және адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Еңбек дағдыларынан басқа шыдамдылық, көзді, қолды және аяқ қозғалысын үйлестіру үшін дұрыс импульс дамиды, денені меңгерудің жоғары дәрежесі, ішкі бақылау және басқару.

Еңбек терапиясының мақсаты-кешенді, тұтас еңбек процесіне ықпал ету, өйткені бастамашылық пен шешім қабылдаудың жоғары дәрежесі мүмкіндігі бар адамдардың оңтайлы дамуы үшін жағдай жасайды.

Төртінші кезең – әлеуметтік-кәсіптік бейімделу, яғни белгілі бір мамандық немесе кәсіп игергеннен кейін адамға нақты жұмыс орнына бекітуге мүмкіндік беретін бейімдеу механизмдерін дамыту. Бұл кезең белгілі бір өндіріс пен жұмыс орнында оларды жұмысқа орналастыруға маңызды рөл атқарады. Мүмкіндігішектеулі түлек өз мамандығына сай тезірек бейімделсе, ол нақты өндірістік жағдайларда өзін жайлы және сенімді сезінеді және мұндай жұмыс орны ол үшін тұрақты болуы мүмкін [О.Л.Леханова, В.Н., 2014, 140–144с.].

Мүмкіндігішектеулі білім алушылардың кәсібінде табысты өзін-өзі жүзеге асыруға дайындық әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастырумен анықталады, олар келесі критерийлермен анықталады: қарым-қатынас мәдениеті, әлеуметтену, кәсіби өзін-өзі анықтау. Мүмкіндігі шектеулі түлектің әлеуметтік жетістігінің көрсеткіштері студенттер мен оқытушылармен өзара қарым-қатынас, өзінің эмоционалдық жағдайын басқару, сөйлеу мәдениеті, шешімдер мен іс-әрекеттердегі дербестік және жауапкершілік, әлеуметтік белсенділік, қоғамдық тәртіп және ішкі тәртіп ережелерін сақтау, еңбеккорлық, кәсіби ниеттер болып табылады.

Қорта келе, осылайша, кәсіптік оңалту кезеңдердің сабақтастығы мен бірізділігін білдіреді: кәсіби бағдар-кәсіби дайындық – ұтымды жұмысқа орналастыру – әлеуметтік-кәсіптік бейімдеу. Екінші жағынан, ол мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жалпы және кәсіптік білім беруді жүзеге асыратын білім беру мекемелері, жұмыс берушілер арасында, яғни өзара байланыс механизмдерін көрсетеді. Үшіншіден мүгедектері шектеулі жандардың қоғамдағы өмір сүру жағдайына әлеуметтік бейімделуі мен қайта бейімдеу проблемасы қазіргі заманның маңызды және өзекті мәселелерінің бірі болғандықтан, оларды шығармашылық жұмыс арқылы оңалту, әлеуметтендіру және бейімдеу қажет. Әлеуметтік терапияға кіретін инновациялық технология және ондай жандармен жұмыс істеудің тиімді бағытын іске қосқан жөн.

Мәдениет пен өнердің қол жетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың өздерін шығармашылық процеске тарту үшін білім беру мекемелеріне олардың икеміне сай қосымша мамандықтар еңгізген жақсы болар еді.

Мүмкіндіктері шектеулі жандарды өмірге бейімдеуге, оларды қоғамда ықпалдастыруға және әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдардың жағдайн заман талабына сай ұйымдастыру қарастырылған жөн.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қазақстан халқына жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Оралбекова А.К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау/ Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2017.
3. Денисова О.А. Современные тенденции высшего профессионального образования инвалидов и лиц с ограниченными возможностями здоровья/Вестник Череповецкого государственного университета 2015. №7 155
4. Шеримова А.С., Елюбаева А.Н. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі алаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы //Молодой ученый. – 2015. №8.1. 41-44 бет.
5. Шаяхметова Н.Н., Ишембитова З.Б. Профессиональная ориентация и социальная адаптация обучающихся с инвалидностью в условиях инклюзивного образования/ Вестник Череповецкого государственного университета 2015. №7. 152-154 стр.
6. Леханова О.Л., Поникарова В.Н.//Методология и стратегии развития современного образования: Материалы междунар. науч. конф., Минск, 11 декабря 2014 г. 140–144 стр.

**Сайдаева Баян Мухтарқызы,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

**Искакова Алия Бахытбаевна,**
2-курс магистранты,
6М010300 – Педагогика және психология мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

# СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН МОНИТОРИНГІЛЕУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ЖОО білім беру сапасын бағалау мен студенттердің біліктілік жұмыстарының стандарт талаптарына сәйкестігін сараптау мәселелері қарастырылады. Білім сапасын бағалау жоғары оқу орындарында заманауи әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Ал, студенттің біліктілік жұмыстарын бағалауда сапалық көрсеткіштер мен оны сапалық бағалау қызметтернңғ ерекшеліктері арқылы іске асырылатындығы айтылды.

**Кілт сөздер.** біліктілік жұмыстары, сапаны бағалау, білім сапасы, мониторинглеу, стандарт талаптары.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы оценки качества образования в вузах и экспертизы квалификационных работ студентов на соответствие требованиям стандартов. Оценка качества образования осуществляется в высших учебных заведениях посредством современных методов и приемов. Также было отмечено, что оценка квалификационных работ студентов осуществляется с учетом особенностей оценки качества и качества их оценки.

**Ключевые слова.** квалификационные работы, оценка качества, Качество образования, мониторинг, требования стандарта.

**Annotation.** This article discusses the issues of assessing the quality of education in higher education institutions and the examination of students' qualification works for compliance with the requirements of standards. Assessment of the quality of education is carried out in higher education institutions through modern methods and techniques. It was also noted that the assessment of students' qualification works is carried out taking into account the features of quality assessment and the quality of their assessment.

**Keyword**. qualification works, quality assessment, quality of education, monitoring, requirements of the standard.

## КІРІСПЕ

Жаһандanумен бірге білім мен ақпараттық технологиялар, ішкі және сыртқы сауда-саттықтың және бәсекелестіктің одан әрі күшеюіне себеп болуда. Сонымен қатар қазіргі таңда елдердің дамуы білім деңгейімен өлшенеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан–2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін біз сапалы білімге ие, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз қажет», — деп айтқан болатын [Жолдауы, 14.12.2012, http://www.akorda.kz].

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіндегі ең негізгі мәселе бұл жүйенің толық, басы бүтін жұмыс істемеуіне байланысты болып отыр. Бұл жүйемен толық, басы бүтін шұғылданбайынша, қосалқы бөлімдерінде-гі жақсарту жұмыстарынан оң нәтижелер күту қисынсыз. Мысал ретінде, балықтары жиі-жиі өлетін аквариумдағы ауру, әлсіз балықтарды ауыстыра берудің орнына аквариумдағы лас, тұрып қалған суды ауыстыру керек [http://www.psikolojikdanisma.net]. Осы секілді, білім беру жүйемізді уақыт талаптарына және қажеттіліктеріне жауап бере алатын және жүйенің тиімді, табысты жұмыс жасауы үшін білім беру жүйесіне бөлінетін қаржы болсын, назар болсын барлық ресурстардың осы жүйенің толық сапалы жұмыс істеуіне бөлінуі керек сияқты.

Осы орайда, білім беру қызметінің сапасына байланысты дайындалған бұл мақаланың негізгі мақсаты — елімізде әрбір адамның көкейінде жүрген, алайда, басшылардың немғұрайлы қарайтын, күрмеуі көп білім беру қызметінің сапасын көтеруге кішкене болса да үлес қосу. Осы мақсатта бұл мақалада жалпы сапа, қызмет көрсету сапасы, білім беру сапасы, сапа элементтері және оны жоғарлату әдістері туралы теориялық тұрғыдан сөз қозғалады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Студенттердің біліктілік жұмыстарының стандартқа сәйкестігін сараптау мәселесінен бастауды жөн көрдік.

Сапа тақырыбында жұмыс істеген атақты ғалымдар сапа туралы бірқатар анықтамалар

жасаған. Мысалы, Деминг сапа туралы «кәсіпорынның өндірген өнімі мен өнімділігінің сапаның техникалық талаптарына сәйкестігі және тұтынушының кәсіпорынның өндірген тауары немесе көрсеткен қызметі туралы пайымы»— деген [*Deming W.E.,* 1998, S.97-101.]. Журан сапаға «қолдануға сәйкестік» [*Juran M.J.*, 1988, 22 p.], ал Кросби болса, «шарттарға сәйкестік» [*Crosby P.B*, 1990, 27 p.], – деп анықтама берген. Шевхарт сапа туралы «клиенттің төлеуге разы болатын бағамен көңіл толатын бір өнімнің жобалануы және өндірілуі үшін клиенттің келешектегі қажеттілігінің өлшене алатын жағдайға келтірілуі» – деген [*Shewhart A.* , 1986, 27 p.].

Сапа тақырыбында жұмыс істейтін ұйымдар да сапа туралы бірнеше анықтамалар берген. Олар Жапонияның Индустрия стандарттары комитеті «тауар немесе қызметті үнемді, ысырапсыз өндіретін және клиенттердің талап-тілектеріне жауап беретін өндіріс жүйесі» – десе, Еуропалық сапаны бақылау ұйымы «бір тауардың немесе қызметтің тұтынушының талап-тілектеріне сәйкестік дәрежесі» – деген. Ал, Американдық сапаны бақылау қоғамы «бір тауар немесе қызметтің белгілі бір қажеттілікті қамтамасыз ету дәрежесін белгілейтін ерекшеліктердің жиыны» – деген анықтама берген [*Odabası Y.* , 2004, S. 93.].

*Қызмет сапасы.* Қызмет, немесе қызмет көрсету сапасына тоқталатын болсақ, кең мағынада қызмет сапасы клиенттің күткендерін (үміттерін) қанағаттандыру үшін үздік немесе мүлтіксіз қызметтің көрсетілуі.

Басқа бір анықтамаға қарағанда, қызмет сапасы бір кәсіпорынның клиенттің күткендерін қанағаттандыра алу немесе одан асып түсу қабілеті [8]. Екі анықтамада да көрсетілгендей, қызмет сапасын белгілей алатын ең маңызды элементтің клиенттің күтімдері екендігі белгілі болып отыр.

Қызметтің сапасына клиенттің күтімдері мен аңғарулары (қабылдаулары) жағынан қарағанда бұл клиенттің күтімдері мен аңғарулары арасындағы салыстыру болып табылады. Клиент көптеген факторды аңғарып сапаны өзінше түсінуді және өзіне ұсынылған қызмет пен өзі күткен қызметті салыстыруда. Бұл жерде ең маңыздысы клиенттің аңғарған қызметінің жоғары болуы. Салыстырманың нәтижесінде күтілген қызмет пен аңғарылған қызмет арасындағы айырмашылық болымсыз болса, онда клиент қызметтің сапасын ұнамсыз ретінде бағалағандығы. Ал, арадағы айырмашылық болымды болса, онда клиент қызметтің сапасын ұнамды ретінде бағалаған деп айтуға болады.

Осы орайда тағы бір мәселе бар, ол – қызмет сапасының элементтері. Қызмет сапасын анықтау, бағалау үдерісіне қызмет сапасының бірнеше элементтері өте қатты ықпал етеді. Алайда бұл элементтердің қандай элементтер екендігі және олардың қалай ықпал ететіндігі туралы пікір айырмашылығы, яғни, тартыс бар. Қызмет сапасының элементтерін анықтап, ортаға шығарған және көпшілік тарапынан мойындалған зерттеуді Парасураман, Зейтһамл және Берри деген ғалымдар жасады. Бұл ғалымдар қызмет сапасының он элементін анықтаған, олар: сенімділік, сәйкес жауап беру, жеткіліктілік, қолжетімділік, құрмет, байланыс, бедел, қауіпсіздік, клиентті аңғару және физикалық объектілер.

Кейіннен жасалған зерттеулердің нәтижесінде, Парасураман, Зейтһамл және Берридің белгілеген элементтерінің негізінен тек қана бесеуінің жоғары дәрежеде ықпал ететіндігі және бұл элементтердің арасында өзара ықпалдастықтың бар екендігі де анықталды. Бұл бес элемент туралы мәліметтер төмендегідей [*Zeithaml V.A., Parasuraman A., Berry L.L*., 1990, P. 20–22.]:

• сенімділік: қызметтің дұрыстығы, үйлесімділігі және қызмет көрсете алу қабілеттілігі;

• сәйкес жауап беру: уақытында дұрыс және ашық түрде сұраныстарға сәйкес, толық жауап бере алу икемділігі;

• кепілдік (жеткіліктілік, құрмет, бедел, қауіпсіздік): кәсіпорын қызметкерлері мен жұмысшыларының білімі, мәдениеті және сыпайылығы арқылы сенім ұялата білуі;

• түсіністік (қол жетімділік, байланыс, клиентті аңғару): өзін клиенттің орнына қою арқылы клиентке жекелей назар аудара алуы, жекелей қарым-қатынас жасай алуы,

• физикалық объектілер: кәсіпорынның физикалық объектілерінің көрінісі, құрал-жабдықтары, қызметкерлері мен жұмысшылары, басып шығарған көрнекіліктері.

*Білім беру қызметіндегі сапа.* Қазіргі уақытта кейбір адамдардың түсінігінде «білім берудегі сапа» ұғымы, білім берудегі күтімдердің қамтамасыз етілуі, яғни бір мағынада дипломмен пара-пар. Алайда Вест білім берудегі сапаны күш, әлеует, ерекшелік сөздерімен байланыстырады және «сапа» ұғымын бір түр-сипат ретінде қолданатын кезде білім беру бағдарламасының белсенділігі ретінде жориды [*West C.,* 1984, P. 153–156.].

АҚШ Білім министрлігі болса, «білім беру сапасы» ұғымын аз оқушылардан құралған сыныптар, оқушылардың жеке қабілеттерін көрсете алулары, факультеттердің студенттердің күткендерін қамтамасыз ете алу дәрежелері және әр түрлі оқыту әдістеріне баламалы әдістер ұсына алатын қабілеттер ретінде анықтауда және сапалы білім беруді болса, оқушы-мектеп-отбасы арасындағы ынтымақтастық ретінде түсіндіруде.

Білім беруде сапаны жақсарту жұмыстары біртекті жолға қарағанда, қайталанбалы циклге ұқсас жоспарлау, жүзеге асу және жетілу істерінен құралған. Алғашқы деңгей жетілу үшін үздіксіз жоспарлауды қамтиды. Бұл істі жетілдіру жоспарларының жүзеге асуы жалғастырады. Кейінгі деңгейде болса, жетілдіру жоспарларына қатыс-

ты клиент қажеттіліктерін анықтауда қолданылатын әдістердің жетілдірілуі болады. Қоршаған орта серпінді бір орта болғандықтан, білім беру саласындағы қызметкерлердің үдерістерді үздіксіз қадағалаулары, ақпаратты да үздіксіз бөлісулері, бірлік ішінде жұмыс істеулері және ақпарат алмасуға кедергі болған және болатын жайттарды жоюлары міндетті. Бұл тұжырымға қарағанда тәрбиелеушілер мен оқытушылар тек қана мәселелерді анықтаудың орнына сол мәселелердің шешуін табуды негізге алулары керек.

Осы жерге дейін келтірілген анықтамалар мен тұжырымдарды негізге ала отырып, білім беру қызметіндегі сапа ұғымын, білім және тәрбие беру жұмыстарында жоғары сапалылық пен мүлтіксіздікке жету үшін бір ұйымның барлық қызметкерлерінің үздіксіз даму мәдениетін иемденгендігі туралы бір философия, бір сенім, бір тұжырым деуге болады.

Мониторингтің төрт деңгейлі сатылы құрылымы бар:

– бірінші деңгей:

1) уәкілетті орган білім беру мониторингінің барлық рәсімдерінің ұйымдастырушылық-әдістемелік және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуін салалық үйлестіруді жүзеге асырады, барынша негізделген және жағдай талаптарына барабар басқарушылық шешімдер үшін білім беру мониторингінің негізгі бағыттары мен қорытындыларын жалпы талдауды айқындайды, оқу жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу тәртібін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың деректерін ұсынады;

3) ведомстволық бағыныстағы ұйымдар әкімшілік деректер бойынша қажетті мәліметтерді ұсынады, өздерінің құзыретіне кіретін шешімдер қабылдау үшін зерттеулерге, білім беру мониторингінің нәтижелерін талдауға қатысады;

– *екінші деңгейді* облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары, сондай-ақ жоғары оқу орындары, республикалық орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жүргізеді. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының білім басқармалары өз өңірінде мониторинг жүргізу туралы шешім қабылдайды;

– үшінші деңгейді аудандық (қалалық) білім бөлімдері жүзеге асырады;

– төртінші деңгей мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта (жалпы орта, техникалық және кәсіптік) және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының деңгейінде өткізіледі [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000536].

Осы Әділет заңы арқылы мониторинг ережелерін негізге ала отырып, білім сапасын арттыруға септігін тигізбей қоймайды деп есептейміз.

**Қорытынды**

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта клиент шалғайдағы бір жерде бізбен сауда-саттық жасасқан біреу болудан шығып, қызмет жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Өйткені клиент қызмет жүйесінің ең үлкен құндылығын құрауда. Сол себепті клиенттің ризалығы әрі негізгі мақсат, әрі негізгі кіріс ретінде жүйеге қатысуы керек. Бұл жерде мүлтіксіз қызмет сапасына қол жеткізу үшін клиенттердің не қалағандығы мен кәсіпорынның қамтамасыз ете алатын қызметі арасындағы байланыстың өте мұқият құрылуы керек. Мысалы, оқушылар мен студенттердің нені, қалай қалаулары мен білім беру мекемесінің әлеуеті, яғни нені, қалай қамтамасыз ете алатындығы арасындағы үйлесімділік білім беру сапасының негізін құрайды. Бұл үйлесімділік, байланыс дұрыс құрылса, білім беру сапасы да ол жерде білім алған оқушылар мен студенттердің сапасының да жоғары болатындығы сөзсіз.

Білім беруде сапа дұрыс білімнің, дұрыс уақытта, дұрыс мекенде, дұрыс адамдарға, дұрыс оқытушылар мен тәрбиелеушілер тарапынан берілуі арқылы жүзеге асады. Сол себепті, білім беруде сапаны жақсарту, көтеру үшін білім беруді басқаруға да көп көңіл бөлу керек. Білім беруді басқаруда жасалуы керек ең маңызды жұмыс, бағалау нәтижесінде ортаға шығатын және осы күнге дейін бар болған қажеттіліктердің жүйелі және жоспарлы түрде қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелердің үздік, табысты басқару әдістерін жан-жақты терең зертей отырып, сол үздік тәжірибелерден пайдалану болып табылады.

Білім беру қызметінде сапаның қалыптасуы мейілінше күрделі бір тақырып. Бұл күрделілік білім берудің және қызмет көрсету саласының ерекшеліктеріне (нақтылы өнімдерге ұқсамауы, абстрактілі, қолға ұстала алмайтын, өзгермелі, сақтала алмайтын және т.б. болуы) байланысты болып отыр.

Қазіргі таңда әрбір деңгейдегі білім беру ұйымдары қызмет көрсету сапасын жоғарылату үшін жиынтық сапа менеджметін бір жүйе ретінде қолдануы және бұл қағидаларды негізге ала отырып, тиімді және табысты жүйелер құруы керек. Сол себепті білім беру басшылары сапалы білім беру басшылығы үшін білім беру қызметінің барлық жақтарының бірге қолға алынуына орай Жиынтық сапа менеджметі (Total Quality Management) ұғымының керектігін пайымдауы керек.

Білім беру қызметінің сапасын және клиенттің қанағаттануын көтеру, жақсарту үшін қызметтердің және қызмет сапасының сенімділік, сәйкес жауап беру, жеткіліктілік, қолжетімділік, құрмет, байланыс, бедел, қауіпсіздік, клиентті аңғару және физикалық объектілер және т.б. элементтеріне көп көңіл бөлу керек. Себебі бұлардың барлығы білім беру сапасын арттыратын және оқушылар мен студенттердің бұл қызметтен күткендерін қанағаттандыратын жұмыс болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 14.12.2012. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasy-nyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012- zhylhy-14-zheltoks_1357813742 (publ. on 03.2013)
2. [ЭР]. Қолжетімділіктәртібі: http://www.psikolojikdanisma.net (published on 03.2013)
3. Deming W.E. Krizden Çıkış // Çev. Cem Akaş. – Istanbul, Kalder Yayınları, 1998. – S.97-101.
4. Juran M.J. Juran's Quality Control Handbook // 4th Edition /Ed. By Juran J. and Frank M. – New York: Mc Graw Hill. , 1988. – 22 p.
5. Crosby P.B. Quality and Me: Lessons from an Evolving Life // 1st – San Francisco: Jossey-Bass Publications, 1990.—27 p.
6. Shewhart A. Economic Control of Quality of Manufactured Product. – New York: D.Van Nostrand Company, 1986. – 27 p.
7. Odabası Y. Satışta ve Pazarlamada Müşteri Ilişkileri Yönetimi // Baskı. – Istanbul: Sistem Yayıncılık, 2004. – S. 93.
8. Zeithaml V.A., Parasuraman A., Berry L.L. Delivering Quality Service: Balancing Customer Perceptions and Expectations // The Free Press: New York. – 1990. – P. 20–22.
9. West C. Providing Quality Education for the 1980's, Association of American Colleges // Liberal Education. – 1984. – Vol. 70. – No. 2. – P. 153–156.
10. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000536.

**Сайдахметова Ляззат Турлыгазиевна,**
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Мухамедьярова Мадина Керімбекқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
E-mail: mmuxamedi@inbox.ru

# ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ БІЛІКТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

**Аннотация.** Мақалада оқушының еңбегін бағалау жөніндегі мұғалімнің рөлі маңызды екендігі жайлы сөз болады. Түптеп келгенде, бұл мектептен тыс агенттіктер әзірлеген қандай да бір бағалаудың әдістеріне қарағанда, мұғалімнің оқушылар жұмысын айтарлықтай мұқият бағалау қабілеттілігімен түсіндіріледі. Бұл бағалау сенімділігін (бағалаудың сырттай әзірлеген әдістеріне қарағанда, айтарлықтай көп ақпарат ұсынады), бағалаудың дұрыстылығын да (дәлелдеудің жеткілікті ауқымын) қамтамасыз ететіні қарастырылады.

**Кілт сөздер:** бағалау жүйесі, жаңа технологиялар, оқыту жүйесі, оқу нәтижелілігі, өзін өзі бағалау.

**Аннотация.** В статье подчеркивается важность роли учителя в оценке успеваемости учащихся. В конечном счете, это связано со способностью учителя более точно оценивать работу учащихся, чем любой метод оценки, разработанный внешкольными учреждениями. Считается, что это обеспечивает надежность оценки (предоставляет значительно больше информации, чем методы внешней оценки) и правильность оценки (при наличии достаточных доказательств).

**Ключевые слова:** система оценки, новые технологии, система обучения, эффективность обучения, самооценка.

**Annotation.** The article highlights the importance of the role of the teacher in student performance assessment. Ultimately, this is due to the ability of the teacher to more accurately evaluate the work of students, than any assessment method developed by out-of-school agencies. This is considered to ensure that the estimation is reliable (provides significantly more information than the external assessment methods) and that the evaluation is correct (with sufficient evidence). .

**Keywords:** assessment system, new technology, teaching system, learning efficiency, self-assessment.

## КІРІСПЕ

Білім беру саласында оқу-таным әрекетінің сапасын, дәрежесін есепке алу, тексеру және бағалаудың білім, білік, дағдының нәтижесін арттыруда қызметі ерекше. Сөйтіп, оның технологиясын әркезде өмір талабына сай жетілдіріп отыру оқыту міндеттерінің өзекті мәселелерінің бірі.

Күні бүгінге дейін оқыту саласында қолданылып жүрген білім, білік және дағдыны тексеру мен бағалаудың «5» баллдық жүйесі, оның сапасын, дәрежесін анықтап, белгілеуде барлық жағдайда объективтік тұрғыда қамтамасыз етпейді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

С. Пресси оқу жылында оқушының білімін тексеруге мың сағаттан астам уақыт қажеттігін есептеген. Сондықтан ол алдына оқушы білімін бағалауға жіберілетін уақытты қысқартуды мақсат етіп қойды. Бұл мәселені шешуде тест тапсырмалары бар бағдарламамен жұмыс істейтін қарапайым технологиялық құрылымдар шығаруға болады. Содан бері мектептегі үлгерімді тест бойынша тексеру Америка штаты, Франция, Англия, Жапония, Дания, Канада, Австралия, Израиль және т.б. елдерде кеңінен тарай бастады. Мысалы, алдын-ала тексерудің мақсаты – жаңа материалды игеруге қажетті білім, білік, дағды деңгейін анықтау. Мұндай тексерудің нәтижесінде мұғалім оқушылардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде байқап, анықтап, қосымша сабақ, кеңес ұйымдастыра алады. Алдын ала тексеруге арналған сұрақтар мектеп бағдарламасына сәйкес құрылады.

С.Л. Рубинштейннің айтуынша іс-әрекеттің өзінде бағытталуына орай мақсаты нақты көрінеді және әрекет орындалуына қарай мотивтері белгілі болып отырады [Рубинштейн С.Л., 1987, 78 с.]. Әрекет мотивтері өте күрделі, олар түрлі қажеттіліктер мен қызығушылықтар негізінде дамиды. Адамзатқа мотивтер арқылы қоғамның жері көп жағдайларда бағалау әрекеті көмегімен беріліп, жүзеге асып отырады.

Оқу мотивтерінің даму мәселесі үнемі психолог-ғалымдарды қатты толғандырып келген жәйт. Бірқатар ғалымдар (А.Н. Леонтьев, М.И. Божович, Н.Г. Морозова, Л.С. Славиналар) өз еңбектерінде оқу мотивтерінің дамуы туралы зерттеді. Мектеп оқушылары үшін мотив жәй ғана оқу, үшінші, төртінші сынып оқушылары үшін бағаның рөлі жоғарылайды [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_]. Алтыншы, жетінші сыныптарда оқушылар үшін басты мотив-

болашаққа дайындық болады. Яғни баланың оқу және тәрбие саласындағы жетістігі тікелей мотивацияға байланысты. Қажеті мотивацияның бала бойында болмауы оқу әрекетіне бейімделмейді. Сонымен қатар әлеуметтік тұрғыда да аз белсенділік көрсетеді. Педагогикалық бағалау ерекше ынталандыру болып келгендігінен оқу және тәрбие әрекетіндегі табысты анықтайтын қызмет негізі. Педагогикалық бағалаудың бірнеше түрлері болады. Оларды пәндік және арнайы, материалдық және моральдық, нәтижелі және процестік, сандық және сапалық топтарға бөлуге болады.

Психологиялық-педагогикалық теория және тәжірбиеде баға ұғымы көбіне бағалау деген ұғыммен түсіндіріледі.

Бағалаудың оқу процесінде орындайтын үш қызметі талданады, оның негізгісі – дамытушылық қызмет, функциясы.

Дамытушы бағалау ісі оқытуда қажетті психологиялық жағдайдың бірі болып табылады. Білім, білік және дағдыны бақылау және бағалау қызметтері қарастырылады. Білімді, дағдыны, іскерлікті тексеруде оның формасы, түрі ажыратылады. Бақылаудың психологиялық, педагогикалық мәні-оқушыларға дер кезінде көмек көрсету, олардың шығармашылық күшіне, қабілетіне сенім білдіру, оқушылардың оқу тапсырмасын нәтижелі етіп орындау үшін ынталандыру және іске жұмылдыру. Білімде, іскерлікті, дағдыны тексеру және бағалау танымдық іс-әрекет көздерінің бірі. Баға қою арқылы бала жанына үрей туғызудан гөрі қайта талаптандыруға ұмтылу керек.

Сабақтың шынайы құндылығы – оның нәтижесі, оқушылардың материалды меңгеруінің дәрежесі.

Өзін-өзі бағалау кіші жастағы оқушының өзінің табыстары мен сәттіліктерін оқу мақсатына қарай бейімдеу сипатын бағалауға мүмкіндік береді.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, адамның оқыту және тәрбиелеу үрдісіндегі өзін-өзі бағалауын елемей тастауға болмайды. Оны елемеу төмендегідей келеңсіз жайттарға алып келеді:

• Психикалықдамудыңтежелуі

• Оқытудағы психологиялық және мағыналық кедергілер.

• Жаман мінездің қалыптасуы.

Жалпы алғанда бағалауды тек балдық жүйеде ғана емес. Мадақтау сөздерін пайдаланғанда оқушылардың белсенділіктері артады.

Оқушылардың білімі мен білігін тексерудің түрлі формаларының ішінде соңғы кезде басты орынды тест бойынша тексеру алып жүр. Оқыту саласында тест қолдану білімді тексеру әдісін жетілдіруге қосылып отырған үлкен үлес болып есептеледі [Амандықова Г., Мұхтарова Ш.Е., 2010, 260 б.].

Оқытудың әр бөлігін оқып-үйренуді аяқтаған соң оның нәтижелерін білу үшін диагностика қолданылады. Диагностика – оқу-тәрбие процесінің барысы және нәтижелері туралы ақпарат алу тәсілі. Мектептегі диагностиканық міндеттері:

• оқушылардың даму барысына және нәтижелеріне талдау жасау (білім алуға әзірлігі, психикасының жұмысы, дамуы);

• оқыту процесінің барысын және нәтижелерін талдау (білімнің көлемі және тереңдігі, білім, іскерлік, дағдыларды қолдана білуі, ой жұмысының негізгі тәсілдерінің болуы, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерін білу);

• тәрбие барысын және оның нәтижелерін талдау (тәрбиелік деңгейін, адамгершілікке сенімін, адамгершілігін).

Неге тексеруденгөрі диагностика туралыкөпайтылуда? Дәстүрлі тексеру әдістері неге қайта қаралуда? Бұл оқу-тәрбие процесін ізгілендіруге байланысты [Ситнов Ю.А., 1983, 45-49 с.]. Егер өткен тәрбиеде талдау, тексеру және бағалаудың объектісі оқушының еңбегі болса, енді жаңа жағдайда мұғалім мен оқушының бірлескен еңбегі, оның нәтижелері талданады. «Енді жоспарланған көрсеткішке неге толықтай жете алмадық?» – деген сұраққа жауап беру керек. «Оқыту процесі тиімді болу үшін не істеу керек?» – деген сұраққа диагностика жауап береді.

Диагностика нәтиже мен процесті бірге зерттейді. Оқушының еңбегі мұғалімнің еңбегімен бірге талданып, оқушының мүмкіндігі, қабілеті және икемділігі зерттеледі. Мұғалімнің жұмысына ықпал еткен жағдайлар еск «оқығым келмейді» деген пікірімен санаспайды. Ал диагностика онымен санасады, оқушының оқуға ынтасын арттыру тәсілдерін табады. Мысалы, тексеру арқылы 3-сыныптың оқушысы барлық тапсырманы дұрыс орындағаны анықталады. Мұғалім оған «өтежақсы» деген баға қойды және мадақтады. Процесс те, нәтиже де жақсы сияқты. Тек қана диагностика оқушының «өте жақсы» баға алғаны есте сақтау қабілетінің жақсылығынан екендігін, бірақ оның ақыл-ой жұмысына қабілеті нашарлығын анықтайды. Мұғалім кемшілікті жою мақсатымен оқушыға түрлі тапсырмалар береді.

Дәстүрлі тексеру нәтижелерді бағалап, олардың себептерін түсіндірмейді. Диагностика арқылы оқушылардың білім, іскерліктері тексеріліп бағаланады, сандық мәліметтер талданады, бағыттар айқындалып, одан арғы жұмыстар болжанады. Диагностика үшін көптеген әдістер және әдістемелер қолданылады. Мысалы, дәстүрлі тексеру, бағалау әдістерімен қатар тест әдісі, оқушылардың оқуға керекті психикалық сапаларын, атап айтсақ, есті, зейінді, ақыл-ойды, т.б. зерттеу, жеке оқушылармен жұмысты жобалау әдісі қолданылады. Қазіргі мектепте қолданылатын диагностика педагогикалық қатынастар жүйесіндегі оқушыны (сыныпты) жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін әдістер мен әдістемелердің жиынтығы.

Дәстүрлі тексеру әдістері диагностика арқылы ізгілікке қызмет етіп, мектепте жақсы қарым-қатынас орнатады. Диагностика оқушыларды «орташа», «үздік» депбөлмей, олардың мүмкіндіктерін анықтайды. Диагностикалық қорытындылар дәл, толық болу керек. Барлық мұғалімдер гуманистік идеяларды мойындағанда ғана диагностика арқылы әрбір оқушы туралы ақпараттар жиналып, оның қабілетін, дарындылығын дамытуға қолайлы жағдай жасалады.

Оқушылардың білімдерін тексеру, бағалаумен байланысты әлі шешілмеген мәселелер көп. Гуманистік педагогикада бірінші орында оқутәрбие процесінің барысы және нәтижелері туралы ақпарат таралудың тәсілі, мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен еңбегінің нәтижелерін көтеру жолдарын табу үшін талдайтын диагностика тұрады. Диагностика керекті ақпаратты алудың қосымша тәсілі ретінде тексеру және бағалауды қолданады.

Оқушылардың білім, іскерліктерін тексеру, бағалау педагогикалық технологияның ежелгі бөлігі диагностиканың құрамына кіреді. Бақылаусыз, тексерусіз оқытуға бола ма? Зерттеулер оқу жұмысының сапасы мадақтау әдісіне байланысты екенін дәлелдеп отыр.

Мектеп өміріндегі демократиялық өзгерістер, ізгілендіру білім, іскерліктерді бақылау және бағалауды жетілдіруді талап етеді.

Тест «тәжірибе, тексеру» деген мағыналарды білдіреді. Тест сөйлесім, тілдесім, жазылым әрекеттерінің дәрежесін бақылауға өте тиімді әдіс болып табылады [Берекеева А.С., 2014, 10-13 б.].

Оқушылардың білім, іскерліктерін тексеру, бағалау педагогикалық технологияның ежелгі бөлігі диагностикалық құрамына кіреді. Бақылаусыз, тексерусіз оқытуға бола ма? Зерттеулер оқу жұмысының сапасы мадақтау әдісіне байланысты екенін дәлелдеп отыр.

Мектеп өміріндегі демократиялық өзгерістер, ізгілендіру білім, іскерліктерді бақылау және бағалауды жетілдіруді талап етеді.

Тест «тәжірибе, тексеру» деген мағыналарды білдіреді. Тест сөйлесім, тілдесім, жазылым әрекеттерінің дәрежесін бақылауға өте тиімді әдіс болып табылады.

Тестік жүйеніңбастымақсаттары:

• Өтілген тақырыптардан, модульдерден алған білімдерінен олқылықтар кеткен оқушылармен жеке-дара қосымша жұмыс жасап, көмек беру;

• Оқушылардың білім алуда іскерлік қабілеттерін, ой-өрісін дамытуды көздеу;

• Оқушылардың алған білімдерін қорытындылау, саралау;

• Білім беруде бағдарлама сапасын, оқыту мақсатын зерттеу;

• Бақылау барысында кемшіліктерді анықтап, оларды жоюға жол іздеу;

• Өтілген тақырыптар бойынша қайталау, еске сақтау қабілеттерін арттыру;

• Оқушылардың білімін саралай отырып, сыныптағы оқушылардың жетістіктерін салыстыру;

• Оқушылардың білім деңгейін мемлекеттік стандарт қалайықтау және салыстыру;

• Оқушылардың арасынан дарынды, білімділерін анықтап, оларға тіл үйренуде қосымша тапсымалар беріп, шығармашылық деңгейге көтеру.

Тестік бақылаудың тиімділігі:

• Өтілген тақырыптар, модульдерді тексеру барысында оқу процесінің уақыты үнемделеді;

• Тест алу оқушының белсенді, қисынды ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасайды;

• Әр оқушыға жекелей тапсырмалар беріліп, жеке тұлға мәселесі жоғары қойылады;

• Оқушылардың білімін бағалау, қабілетін анықтау мүмкіндегі артады;

• Бұл жүйе оқушыларды шапшаң қимылдап, тез шешімге келуге машықтандырады;

• Тест барысында әр сұраққа дұрыс, нақты жауап іздеуде оқушылар ұшқырлыққа, ептілікке, жинақылыққа дағдыланады;

• Тест жүйесі аз уақыт аралығында барлық оқушылардың білім сапасын анықтауға өте олайлы;

• Бұлжүйеменбілімсапасынанықтауғабірыңғайталапқойыладыәрістандартқасәйкестілігіанықталады;

• Тындалым әрекетінің қаншалықты дәрежеде меңгерілгенін, түсінген-түсінбегенін анықтау үшін де өте қолайлы болып саналады;

• Тест жүйесі пәнаралық байланысты да толық қамтып, оқушының әр саладан хабардар болуына өз септігін тигізеді.

Тестік жүйедегі сақталатын шарттар:

• Жалпыға ортақ емес, әрбір оқушыға деңгейіне байланысты тапсырмалар жазылған жеке қағаздар дайындау қажет;

• Әрбір тест түрінде 3-5 жауап қарастырылуы керек;

• Тест сұрақтары түсінікті, жауаптары қатесіз берілуі тиіс;

• Тест тапсырмалары бір модуль немесе бір тақырып көлемінде бағдарламаға сәйкес жүргізілуі қажет;

• Тест тапсырмасын орындауға уақыт тест көлеміне, күрделілігіне сай берілуі тиіс;

• Тест тапсырмаларында оқушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығы қатаң ескерілуі қажет.

Негізінен ізденіп, ойлана білсе, сөз үйретудің де, жауапты қадағалаудың да амалдары мен тәсілдері сан алуан. Оны әр оқытушы өз сабағында тақырып өзгешелігі мен мазмұнына байланысты таңдауы керек.

Тақырыптық бақылау үшін оның жекелеген ұғымдарын олардың арасындағы байланыстарды қалай түсінгендігін анықтауға тапсырмалар беріледі. Білімді тест арқылы тексеру үшін мамандардың тестілерін қолданған дұрыс.

Қорытындыны тексеру әрбір оқу тоқсаны және оқу жылы аяғында өтеді, оқу материалы жүйеленеді және талдап қорытылады. Білімді тексерген кезде ең алдымен өз бетімен оқу үшін өте маңызды болып табылатын білімдегі кемшіліктер анықталады. Әрине, білім, іскерлік, дағдылардың меңгерілгенін тесті арқылы толықтай анықтау мүмкін емес. Мысалы, өз жауабына мысалдар келтіру, өз ойын жүйелі, дәлелді етіп айту тест арқылы анықталмайды. Сондықтан тест әдісі басқа тексеру формалары және әдістерімен ұштасу керек. Жазбаша тестінің жауаптарын ауызша да сұрауға болады. Тесті білімді әділ бағалайды, бірақ нашар оқушыға бір балл артық, жақсы оқушыға бір балл төмен қоюға болмайды.

«5» деген баға оқу бағдарламасының мазмұнын терең және толық білетін, оқу материалындағы теория мен фактіні ажырата алатын, жауабын өз бетімен жүйелі етіп құрастыратын, анықтама, ұғымдарды түсінетін, тілдік нормаларды сақтап сенімді, қатесіз, жауап беретін қосымша материалдар қолдана алатын, ойы оралымды оқушыға қойылады.

«4» бағасы ұғым, ереже, анықтамаларды дұрыс түсініп, дәлелдей алатын, бірақ кейбір жерлерін нақты айтпайтын, жекелеген қате жіберетін оқушыға қойылады.

«3» бағасы оқу материалындағы негізгі ережелерді, тәуелділіктерді үстірт түсінген, ой-пікірлерді талдай алмайтын, жауабы жүйесіз, мұғалім көмегімен жауап беретін оқушыға қойылады.

«2» бағасы білімі жүйесіз, негізгі мен көмекшіні, теория мен фактіні ажырата алмайтын, жаттанды сөйлейтін, бағдарламаны игеруге мүмкіншілігі жоқ, бағдарламаның материалын түсінбейтін оқушыға қойылады [Берекеева А.С., 2014, 10-13 б.]. Сол сияқты тест қазіргі заман талабына сай оқушы білімін бағалауда оқушының психо-педагогикалық және жас ерекшеліктерімен санаса отырып, әсіресе, әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, білім деңгейін бақылаудың бірден-бір тиімді әдісі болып отыр.

Бұл жұмысты ғалым ауызша да жүргізуді ұсынады. Ол үшін оқытушы мәтінді оқып тұрып, сөйлемдегі түсіп қалған сөздерді байқату үшін кідіріс (пауза) жасайды. Осы сәтте оқушы сол сөзді тауып, өзінің қағазына жазып қояды да, сөйлемнің нөмірімен белгілейді. Мәтін оқылып біткен соң, әр оқушы өзінің тапқан сөзін сөйлемнің арасына қосып оқып, тіл үйренушілер бір-бірімен салыстырып, дұрыс не қате екенін анықтайды.

Card A.

1. Number 3 is Nick.
2. Nick is a year older than Jane.
3. Mary is fatter than both Lily and Jane.
4. John is 21 next birthday.
5. The tallest person is a year younger than John.
6. Lily is the oldest. She is three years older than Mary.

Card B.

1. Number 5 is 18 years old.
2. Jane is the youngest.
3. Nick is taller than Mary but shorter than Bob.
4. Mary is fatter than both Lily and Jane.
5. Lily's hair is longer than Jane's
6. The thinnest person is only 16. Now find out who is who.

1) You lived in this street 5 years ago, then moved to another town. Your partner lives in this street now. Ask him questions to find out what has changed.

2) You live in this part of town now. Your friend who lived here 5 years ago wants to find out what has changed in the street. Answer his questions.

– Is there still a café at the corner of the street?
– Yes, there is.
– And what is there near house No.16?
– There is a new cinema there.

Мониторингті жүргізгенде, шұғыл түрде белгілі бір ақпараттың көлемін таңдай аламыз және өңдей аламыз. Бақылаудың тиімді жаңа технологиясы уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Компьютерді пайдалану арқылы үнемі бақылауға болады. Бұл – мониторингтің тағы бір маңызды ерекшелігі [Бақытов А., Жұманова Р., 2011, 7-8 б.].

Мониторинг бойынша мұғалім кезекті тақырыптық бақылау жұмысының алдында әр оқушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгірмеушілермен қосымша жұмыс жүргізеді. Оқушы қызметін активтендіру негізіндегі педагогикалық технологияларының бірі-деңгейлік саралау технологиясы, Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруді камтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға оз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жагдай жасауға мүмкіндік береді.

2) Деңгейлеп оқыту әр категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп- саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей, сондықтан әрбір оқушы оны меңгеруі тиіс. Деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болуы үшін а) жеке тұлға ерекшеліктеріне, б) психологиялық даму ерекшеліктеріне, в) пән бойынша білімді игеру денгейіне көңіл бөлу керек. Оқыту ісіндегі маңызды жұмыстың бірі – оқушылардың пәндер бойынша алған білім деңгейлерін бақылау және тиісті дәрежеде бағалау. Оқушының сабаққа тиянақты қатысып отыруы, өз оқуына жауапкершілікпен қарауы, алған теориялық білімін болашақта пайдалана білуі осы кезеңнің дұрыс өткізілуіне көп байланысты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушының еңбегін бағалау жөніндегі мұғалімнің пікірі маңызды болып табылады, әрі дәлел ретінде кеңінен қолданылады. Түптеп келгенде, бұл мектептен тыс агенттіктер әзірлеген қандай да бір бағалаудың әдістеріне қарағанда, мұғалімнің оқушылар жұмысын айтарлықтай мұқият бағалау қабілеттілігімен түсіндіріледі. Бұл бағалау сенімділігін (бағалаудың сырттай әзірлеген әдістеріне қарағанда, айтарлықтай көп ақпарат ұсынады), бағалаудың дұрыстылығын да (дәлелдеудің жеткілікті ауқымын) қамтамасыз етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рубинштейн С.Л. Теория познания. – М., 1987. – 282 с.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. 2010ж.http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_
3. Амандықова. Г.Мұхтарова.Ш.Е. Шеттіліноқытуәдістемесі. -Астана 2010ж, -260б.
4. Ситнов Ю.А. Психологический и методический аспекты проблемы отрицательного речевого опыта при изучении иностранных языков. //Иностранные языки в школе,-Москва. №2, -45-49с.1983г.
5. Берекеева А.С. Жаңа білім беру әдісі //Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. -2014, – №1 – 10-13б.
6. Бақытов А., Жұманова Р. Шетел тілін үйренуде тілдескіш оқу құралдарының тиімділігі //Мектептегішет тілі», 2011 – №4. –7-8б.

**Сапарғали Райхан Сырманқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Кенесова Жанар Аскербаевна,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕМ МАТЕРИАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ САПАСЫН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Мақалада педагогикалық бақылау-өлшем материалдары арқылы тестілеудің психологиялық-педагогикалық аспектілерін сараптау және білім беру нәтижелері сапасын бағалауда заманауи тұғырларды талдау мәселелері қарастырылады. БӨМ арқылы оқу материалымен әрекет ету тәсілдерінің жүйесін меңгеру деңгейлерін анықтауға болады. Ал, тестілеу технологиялары арқылы оқу нәтижелері мен олардың сапасын бағалау нәтижелі болады.

**Кілт сөздер:** бақылау-өлшеу материалдары, заманауи тұғырлар, тестілеу технологиясы, жаңартылған білім мазмұны, сапаны бағалау.

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы анализа психолого-педагогических аспектов тестирования посредством педагогического контрольно-измерительного материала и анализа современных подходов в оценке качества образовательных результатов. Через КПМ можно определить уровень освоения системы способов действий с учебным материалом. А результаты обучения и оценка их качества с помощью технологий тестирования будут результативными.

**Ключевые слова:** контрольно-измерительные материалы, современные подходы, технология тестирования, обновленное содержание образования, оценка качества.

**Annotation.** The article deals with the problems of analysis of psychological and pedagogical aspects of testing by means of pedagogical control and measurement material and analysis of modern approaches to assessing the quality of educational results. Through the CPM, you can determine the level of development of the system of ways to deal with educational material. And the results of training and assessment of their quality using testing technologies will be effective.

**Keywords:** control and measurement materials, modern approaches, testing technology, updated content of education, quality assessment.

## КІРІСПЕ

Жаңартылған білім мазмұнында оқушылардың бір-бірімен диалогқа түсуіне, өздерін еркін сезінуіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне бағыт бере отырып, олардың білім сапасын арттыру мақсатында оқу жетістіктерін жаңаша бақылау-өлшем материалдары арқылы бағалауды тәжірибеге енгізу мәселелерін зерттеу жұмысымызда басшылыққа аламыз. Себебі, дәстүрлі оқыту процесін интербелсенді оқыту әдістерімен алмастыру арқылы біз оқушыларды сыни тұрғыдан ойлай білуге, өздігімен шешім қабылдай білуге үйретеміз.

Білім беру саласындағы саясатының басты бағыты – шығармашыл, сындарлы ойлай білетін, өз мүмкіндіктеріне сенімді, әртүрлі әлеуметтік және педагогикалық мәселелерді ұтқырлықпен шешуге қабілетті азамат дайындау. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылы 31 қаңтардағы Жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлттжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек» – деген болатын [Жолдау. 31 қаңтар 2017].

Жаңартылған мазмұн стандарттарын енгізу білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған, ол оқушылардың тірек білімі мен іскерлігін меңгеруін ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен оларды оқу қызметіне табысты қосуды, кейінгі оқытудың берік іргетасын құру үшін оқу дербестігін қалыптастыруды көздейді. Егер оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің негізгі бағыты оқушылардың міндетті минимумды меңгеру деңгейін бағалау болып табылса, онда жаңа стандарттар білім беру процесін сапалы жаңа мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге бағыттайды. Бағалаудың негізгі міндеті мен критерийі білім беру мазмұнының міндетті минимумын игеру емес, зерделенетін оқу материалымен әрекет ету тәсілдерінің жүйесін меңгеру болып табылады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бақылау-өлшеу материалдары – БӨМ – екі негізгі процеске бағытталған бағалау құралдарының бір түрі: бақылау және өлшеу [Бұлақбаева М.К., 2016, 187 б.].

БӨМ міндеттерін келесі түрде жүйеледік:

– оқушылардың білім жетістіктері мен кемшіліктеріне қатысты білікті «кері байланыс» мүмкіндігі;

– бақылау және бағалау рәсімдерінің ашықтығы мен объективтілігін арттыру;

– мәлімделген білім беру нәтижелеріне жетудің «дәлелі».

Зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сәйкес бақылау-өлшеу материалдарына қойылатын талаптарды былай жіктедік (Кесте 1).

*Кесте 1 – Бақылау-өлшеу материалдарына қойылатын талаптар*

| БӨМ талаптары | Мазмұны |
|---|---|
| Валидтік (жарамдылық) | алға қойылған мақсатқа сәйкес нәтиже алу қабілетін көрсететін БӨМ сапасы |
| Сенімділік | барлық ұқсас жағдайларда ұқсас нәтижелер алу және алынған бағалауға сенім білдіру қабілетін көрсететін БӨМ сапасы |
| Жүйелілік | бір-бірімен белгілі бір иерархия мен білім беру нәтижелерінің жалпы құрылымымен байланысты реттелген мазмұнды элементтерді іріктеуді көздейтін БӨМ сапасы |
| Маңыздылығы | бағалау материалдарына жоспарланған нәтижелерді көрсететін мазмұнның аса маңызды элементтері енгізілуі тиіс |
| Объективтілік | бағалау мен өлшеудегі субъективті қателіктерді мүмкіндігінше болдырмайтын бағалау рәсімдерінің сапасы; осындай рәсімдерді жүргізуді барынша стандарттаумен қамтамасыз етіледі |

Кестеде көрсетілген БӨМ талаптарының мазмұнын ескере келе, мамандық бойынша білім беру бағдарламасында БӨМ-ге 2 түрі құрастырылады:

– *бірінші*, негізгі пәндері бойынша бакалаврлар мен магистрларды дайындау бағыттары бойынша білім, білік және дағды мен құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін тексеруге арналған тесттер;

– *екінші*, құзыреттілікке бағытталған тест тапсырмалары – (ҚБТТ) – құзыреттіліктердің қалыптасуын бағалауға бағытталған жаңа үлгідегі эксперименттік БӨМ.

КБТТ білім беру стандартында мәлімделген құзыреттер, олардың нақты пән шеңберінде қалыптасатын және бағаланатын бөлігі мен қалыптасу деңгейі арасындағы байланысты анықтайды [Аванесов А., 2008].

Пән шеңберінде нақты құзыреттілікті немесе оның құрамдастарын қалыптастыру, сондай-ақ бағалау мәлімделген деңгейлердің әрқайсысында жүзеге асырылуы мүмкін:

– ресурстық база деңгейі (білім, оқу біліктері мен дағдылары ),

– қызмет тәсілдерінің деңгейі (нақты игерілген әдістер мен құралдар, қызмет әдістері),

– құндылық-мотивациялық деңгей.

Білім берудің мемлекеттік стандарты мен негізгі білім беру бағдарламасының бөлек жұмыс істеу принципі іске асырылуда. Ол негізгі білім беру бағдарламасын игеру нәтижелеріне, құрылымы мен іске асыру шарттарына қойылатын талаптар тобын қамтиды, ол нақты мамандық бойынша оқушыларды дайындау сапасын, ұйымдастыруды және бағалауды регламенттейтін нормативтік-әдістемелік құжаттар кешені болып табылады. Осылайша, стандарттау объектісі білім берудің мазмұны (дидактикалық бірліктердің ең аз жиынтығы) емес, алдыңғы буынның мемлекеттік стандарттарындағы сияқты білім беру нәтижелері болып табылады.

*Білім беру нәтижелері* – бұл білім, білік, практикалық іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби және жалпы мәдени құзыреттер ретінде көрсетілген және білім алушы білім беру бағдарламасының барлық немесе бір бөлігі аяқталғаннан кейін не істей алатынын сипаттайтын оқушылардың жоспарланған және өлшенетін жеке жетістіктері.

Оқушылардың қандай да бір жеке жетістіктері білім беру нәтижесі ретінде дәрежеленуі үшін екі шартты орындау қажет:

– *біріншіден*, ол білім беру құралдарымен құрылуы тиіс және бұл қаражат білім беру процесіне қатысты сыртқы факторлардан бөлінуі мүмкін. Әрине, бұл әрдайым толық орындалмайды. Мысалы, компьютерді меңгеру «Информатика» оқу пәнінің ғана емес, олардың көңіл-күйлері мен бос уақытын өткізу жұмыстарының нәтижесі болып табылады;

– *екіншіден*, Оқушытің білім беру нәтижесі ретінде жеке жетістігі оны педагогикалық диагностика құралдарымен бағалауға мүмкіндік беруі тиіс (компьютерді қолдана білсе, мұндай мүмкіндік сөзсіз бар).

Мемлекеттік стандарт шеңберінде білім беру нәтижелері: *білім; іскерліктер; практикалық іс-әрекет тәжірибесі; кәсіби құзыреттіліктер; жалпы мәдени құзыреттіліктер* болып табылады. Оларды толығырақ қарастырайық.

*Білім* оқыту нәтижесі ретінде – объектінің қасиеттері, процестер мен құбылыстардың заңдылықтары, шешім қабылдау үшін осы ақпаратты қолдану ережелері туралы ақпарат, және ойлау операцияларын орындауға мүмкіндік беретін деңгейлердің бірінде берілген. «Қолдану» деңгейінде қызмет алгоритмдерін білу – өз табиғатына жақын «біліктің» санаты.

*Іскерліктер* – белгілі бір тәсілмен және белгілі сапамен орындалатын операция (қарапайым әрекет). Кәсіби дағдылар мен іскерліктер – автоматизмнің белгілі бір деңгейіне жеткен іс-әрекеттер.

Жоғарыда қарастырылған білім беру нәтижелері кәсіби құзыреттілікті меңгерудің маңызды шарты болып табылады. Отандық және шетелдік жарияланымдарда «құзыреттілік» ұғымын түсіндіру бойынша түрлі көзқарастар бар. Терминологиялық пікірталастарға түспестен, стандартта ұсынылған анықтамаға сүйенетін боламыз: *кәсіби құзыреттілік* – бұл кәсіби қызметтің міндеттерін шешу кезінде іскерлік, білім және практикалық тәжірибе негізінде табысты әрекет ету қабілеті [Құдайбергенова К.С., 2019, 71-72 бб.]. Бұл ұғымның негізгі ерекшелігі кәсіби құзыреттілікті – білім мен іскерліктің сомасына жетпейтін интеграцияланған білім беру нәтижесі, ол білім мен іскерлікке барынша жақын қызметте қалыптасады және тиісінше бағаланады деп түсіндіреді.

БӨМ арқылы оқу жетістіктерін бағалаудың негізгі түрі – тестілеу болып табылады. Тест оқушы білімінің деңгейін ғана анықтап қоймайды, оның ойын жүйелеп, жылдам есептеуіне, логикалық ойлау, есептеу дағдыларының қалыптасуына, тез шешім қабылдау қасиетінің дамуына тиімді әсер етеді.

Қай пәннен болмасын оқушы білімін тексерудің, бағалаудың бір түрі – тестік бақылау болып табылады. Тест оқушының білім дәрежесі қандай екендігін анықтайтын және ол білімді түрлі жағдайларда қолдана білуін тексеруге мүмкіндік беретін тиімді жол.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан –жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Педагогикалық сынақтар тестілеу нәтижелерін түсіндірудің стандартты және критерийлік бағдарлау әдіснамасына сәйкес жіктеледі.

Нормативтік-бағдарланған педагогикалық тестілеу (ағылшын тіліндегі нормативтік-анықтамалық тест) жеке оқушылардың оқу жетістіктерін (білім деңгейі, кәсіби білімі мен дағды деңгейі) бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік береді. Нормативтік-бағдарланған педагогикалық қонақта субъектілерді салыстыру үшін сенімді және қалыпты бөлінген ұпайларды алу үшін пайдаланылады.

Критерий-бағдарланған педагогикалық тест (ағылшын тіліндегі критерийге сілтеме жасаған тест) пәндер қажетті оқу материалдарын игерген дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Критерийге бағдарланған педагогикалық тестілер тестілеудің нәтижелерін мазмұнның белгілі бір саласында пәндерді оқыту деңгейіне сәйкес түсіндіру үшін пайдаланылады.

Бірқатар ерекшеліктер бойынша ерекшеленетін критерийлік бағдарланған екі негізгі сынақ түрі бар: пәндік білім алған жалпы білім беру материалының үлес салмағын бағалауға арналған мастер-тестілеу, яғни масс-тестілеу «немесе» біліктілік сынақтары белгілі бір облыста білікті және біліктілігі жоқ мамандар (магистрлер мен оқытушылар) анықтау үшін пайдаланылады. Орыс тілінде тесттердің осы түрлеріне белгіленген терминология әлі жоқ.

Оқушылардың ағымдағытоқсандық бағалауда критерийлік-бағдарлы тесттерді қолдану өте маңызды. Педагогикалық тестілеудің даму кезеңдері:

1-кезең. Мазмұн аумақтарын, өлшенген интеллектуалдық дағдыларды және негізгі тестілеу мақсаттарын анықтаңыз. Пәннің мазмұнын талдау және тестілеуге арналған мазмұнды таңдау Бастапқыда тестілеуді ұйымдастырушылар мен әзірлеушілер негізгі және маңызды сұрақтарға жауап беруі керек.

Тесттің өзектілігін бағалау үшін, сынақтың нәтижелерінің нақты, нақтыланған және ресімделуін және дәл тестілеуді өлшейтінін де талап етуге болады.

2-кезең. Тәжірибелік шектеулерді анықтау және даму процесіне тәсілдерді таңдау. Тест тапсырмаларының спецификациялары мен техникалық сипаттамаларын жасау.

Тесттің ұйымдастырушылары мен әзірлеушілері алдында тұрған басты практикалық шектеулер олардың қарамағында болатын материалдық және уақыттық ресурстар болып табылады.

3 кезең. Тест тапсырмаларын орындау.

Тиімді, жарамды (жиі қолданылатын «үйлесімді») сынақ тапсырмаларын жасау контент аумағын және тестілеу мақсаттарының тиісті сипаттамасын жасаудан кейінгі екінші маңызды іс-шара болып табылады. Мұқият тексерілген тест тапсырмаларының қанағаттанарлықсыз болуы мүмкін және сынақ банкінің сапасы соңғы сынақ нұсқаларының сапасына шектеу қоюы мүмкін. Тест тапсырмаларының сараптамалық талдауы тапсырмалардағы ақаулықтарды анықтаудың жалғыз құралы бола алмайды. Сынақ тестілеуі негізінде эмпирикалық статистикалық зерттеулер жүргізу қажет, қажет болған жағдайда жаңа сынақ элементтерін дайындау қажет.

4-кезең. Мазмұн аумағында тапсырмалардың үйлесімділігін және тестілеу мақсаттарын бағa-

лау үшін сарапшылардың тапсырмаларын талдау. Сынақ тестілеуге арналған материалдарды дайындау.

Тесттік тапсырмалардың жиынтығын құрастырғаннан кейін, әзірлеушілерге олардың сапасын сараптамалық тексеру қажет. Әрбір сарапшы контент аумағының әрбір тапсырмасының үйлесімділігін және тестілеу мақсаттарын бағалауға шақырылады. Тесттің маңызды сипаттамаларының бірі – шынайы негізділік осы кезеңге тікелей байланысты.

Банктен тиісті тапсырмаларды таңдағаннан кейін, әзірлеушілер сынақ тестілеуі үшін тестті (немесе бірнеше параллель нұсқасын) құрайды.

5-кезең. Сынақ (мақұлданған) тестілеуді өткізу және оның нәтижелерін талдау.

Сынақ тестілеу кезінде негізгі проблемалардың бірі – емтихан тапсырушыларының мотивациясының жоқтығы (егер бұл тестілеу сынақ екенін білсе). Сынақ тестілеу кезінде оқушылардың тиісті ынталандыруына қол жеткізу үшін кейбір күш-жігер жұмсау керек. Егер бұл жасалмаса, сынақ тестілеу кезінде алынған ақпарат дәл, барабар болмайды. Осы проблеманы шешудің балама шешімдерінің бірі – бұрыннан бар сынақта тест (pretest) тапсырмаларын қосу.

**Қорытынды**

Қорыта келе айтарымыз, бақылау-өлшеу процедуралары және аттестация шеңберіндегі бағалаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері студенттердің жоспарланған нәтижелердің жетістіктерін өлшеуде және бағалауда, осы нәтижелердің ауытқу шамасын бақылауда және/немесе студенттер тобы үшін осы нәтижелерге қол жеткізудің ойық деңгейін анықтауда тұрады. Мұндай бағалаудың нәтижелері негізінде оқыту процесі мен бағдарламаларын түзету қажеттілігі туралы, оқыту сапасы және білім беру бағдарламасы мен оның элементтерін іске асыру туралы шешімдер қабылданады.

Тест технологияларын заманауи білім беруді дамытудағы обьективті тенденциялары деп біз мыналарды көрсетеміз:

1. Білім беруді гуманизациялау.
2. Білім беруді демократизациялау.
3. Білім беруді технологияландыру.

Тесттерді технологияландыру мен құрастыруды заманауи білім беруді дамытуда қолдануда технологиялар тиімді, мақсатқа сай және баланың жеке басын дамытуға бағытталғанын айтқым ыз келеді.

Сынақ технологиялары бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды одан әрі оқыту үшін маңызды.

Осы технологияларды пайдаланып, келесі нәтижелер алдық:

– бастауыш білім беру пәндері бойынша білім деңгейінің жоғары деңгейі;

– Оқу іс-әрекеттеріне құнды қатынасын арттырады;

– жады, логикалық ойлауды дамытады;

– студенттер дұрыс таңдау жасай алады;

– алаңдаушылық деңгейін төмендетеді;

– білім сапасын арттыру.

Демек, менің болжамдарым дәлелденді:

– егер қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды жұмыс кезінде – тестілеу кезінде пайдаланса, білім сапасы артады;

– Егер осы технологияны жүйелі, жүйелі түрде пайдалану үрдісі ұйымдастырылса, білім беру сапасын арттыру үдерісі тиімді болады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017.
2. Бұлақбаева М.К. Заманауи және классикалық тест теорияларына кіріспе/Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰҚПУ, 2016.
3. Аванесов А. Конструирование и разработка тестовых технологии. – М., 2008.
4. Құдайбергенова К.С. Құзыреттілік тұғырдың ерекшеліктері мен квалиметриялық өлшемдері/ Этнопедагогиканың болашағы мен тенденциялары. Халықаралық Ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ҚҰҚПУ, 31 қаңтар 2019. – С. 71-78.

**Сарсенбаева Айнур Ермаханбетовна,**
2-курс магистры,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
«Педагогика және психология» кафедрасы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ БАСШЫСЫНЫҢ КВАЛИТАТИВТІК ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Андатпа**. Білім беру сапасын бағалау үшін орта білім беру ұйымдары басшысының квалитативтік құзырлылығын қалыптастырудың өзекті мәселелері қозғалады. Өзекті мәселелерді шешу үшін шетелдік, отандық және ТМД елдерінің ғалымдарының квалитативтік білім беру, квалитативтік құзырлылық туралы зерттеулері негізге алына отырып, тұжырымдалады. Квалитативтік білім беру, квалитативтік құзырлылық, квалитативтік білім берудің сипаттамасы түсініктері жан-жақты қарастырылады.

**Кілт сөздер:** квалитативтік білім беру, басқару квалитологиясы, квалитологиялық қызмет, квалитативтік құзырлылық.

**Аннотация.** Оценка качества образования затрагивает актуальные вопросы формирования квалитативной компетенции руководителя организаций среднего образования. Для решения актуальных проблем будут сформулированы исследования зарубежных, отечественных и зарубежных ученых стран СНГ о квалитативном образовании, квалитативной компетентности. Всесторонне рассматриваются понятия квалитативного образования, квалитативной компетенции, характеристики квалитативного образования.

**Ключевые слова:** квалитативное образование, квалитология управления, квалитологическая служба, квалитативная компетентность.

**Annotation**. In order to assess the quality of education, topical issues of forming the quality competence of the head of secondary education organizations are discussed. To solve current problems, the research of foreign, domestic and foreign scientists of the CIS countries on quality education and quality competence will be formulated. The concepts of quality education, quality competence, characteristics of quality education, etc. are comprehensively considered.

**Key words:** quality education, qualitalia management qualitycheck service quality competence.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануға ұмтылысы еліміздің білім беру жүйесін модернизациялауға және квалитативтік білім беруді енгізуге өзіндік ықпалын тигізуде. Мұнда ең алдымен, білім беруге қойылатын мақсаттың өзгеруі, соның салдары ретінде білім беру мазмұнын және оның сапасын арттыру мен сапаны өлшеу құралдарын жаңғырту мәселелері пайда болады. Білім беруді жаңғырту мәселелерін жүзеге асыру үшін квалитативтік төңкеріс қажет. Ол барлық білім беру жүйесінің сапасына ықпал етеді. Мектеп басшысының лауазымдық талаптарына сәйкес келешек ұрпақтың білім сапасын бағалаудың объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Аталған мәселелердің барлығы қолданбалы аналитикалық-бағалау қызметі ретінде квалитологиялық білім беру технологияларын меңгеруге бағытталған мектеп басшыларының квалитативтік құзырлылығын қалыптастырудың өзектілігін анықтайды.

Қазақстанда білім беру жүйесінде сапа мәселелерін енгізудің жүйелік қағидалары мен ережелерін, басқару квалитологиясы мен теориясын сабақтастырып енгізуді жүзеге асыру көзделіп отыр. Ал білім сапасы әлеуметтік сапа категориясына жатады және алынған білімнің әлеуметтік ортада, кәсіби қоғамдастықтың және осы білім алатын тұлғаның қажеттіліктеріне сабақтасығы ретінде көрінеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі уақытта білім беру сапасын арттыру үшін мектеп басшысының кәсіби құзырлылығына, оның ішінде, тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Бұл талаптарға жауап беретін мектеп басшыларын даярлау, ең алдымен, оның кәсіби құзыреттілігін квалитативтік құзыреттілікпен сабақтастырып, қалыптастырумен байланыстырылады.

Заманауи мектепте квалитологиялық (аналитикалық-бағалау, сараптамалық-болжамдық) қызмет әкімшілік-басқару жұмысындағы жетекші бағыттардың бірі ретінде мектеп басшысының кәсіби қызметінің сипатын, оның бағыты мен тиімділігін айқындайды.

Алайда А.И. Субетто [Субетто А.И., 2015, 301 с.], Н.А. Поташник [Поташник М.М., 2002. – 352 с.], және т.б. ғалымдар мектеп басшыларының басым көпшілігі квалитативтік-педагогикалық талдауда қиындықтарға тап болатындығын, өйткені бұл қызмет түрін олардың толық көлемде меңгермегендігімен сипаттайды.

Ю.К. Чернова [Чернова Ю.К., 1998, 150 с.] мен В.В. Щипанова [Щипанов В.В., 1998, С. 20-21] сапа теориясы мен әдіснамасы, сапа философиясы және квалиметрия теориясы туралы ғылыми негіздемені ұсынды. Сонымен бірге Ю.К. Чернова мен В.В. Щипанова квалитативтік құзырлылық ұғымының негізін жүйелік-модельдік және ақпараттық-квалиметриялық құзырлылықтар құрайтындығын айқындап берді.

М.М. Махмудованың ғылыми еңбегінде «Квалитативтік құзыреттілік» ұғымын «кәсібилік» ұғымының мәнмәтіні ретінде қарастыру қажет.

Квалитативтік құзырлылық ұғымы ғылыми әдебиеттерде әр түрлі мағынада қолданылады:

– жұмысты табысты орындау үшін адамның қажетті тұлғалық сипаттамаларь дың жиынтығы;

– тұлғаның ішкі сипаттамасын айқындайтын және нақты адамның «шынайы кәсібилігінің» бар екендігін білдіретін қасиеттердің жиынтығы [Махмудова М.М., 2006, 22-23 с.]. Ғалымдардың квалитативтік құзырлылыққа берілген тұжырымды ойларын негізге ала отырып, орта білім беру ұйымдарының басшыларының квалитативтік құзырлылығын қалыптастыруға келесі анықтаманы бердік: мектеп басшысының ***квалитативтік құзырлылығы*** дегеніміз сапаны жоспарлау, сапаны қамтамасыз ету, сапаны бақылау және сапаны жақсарту жиынтықтарын сабақтастыра қолдана білу дағдысы.

Квалитативтік құзырлылық сипаттамасына:

– квалитологияның ұғымдық-іс-әрекеттік ядросы;

– бағалауға қатысты жағдайды көре білу, қызмет сапасын бақылау және басқаруды қамтамасыз ету;

– сапаны басқару саласындағы объектілер мен процестердің құралдары мен әдістерін білу;

– сапа философиясы;

– рефлексия енеді.

Көрсетілген сипаттамалардың әрқайсысы келесі белгілермен нақтыланады:

– басқару сапасының мәні;

– сапаны басқару;

– сапаны тану;

– сапаны қамтамасыз ету жағдаяттарын тану;

– іс-әрекетті бағалау құралдары мен әдістері;

– іс-әрекет нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету әдістері мен құралдары;

– іс-әрекет сапасын басқару құралдары мен әдістері;

– білім беру ұйымдарын басқарудағы сапаның мәнін түсіну;

– білім беру ұйымдарын басқарудағы сапаның құндылығын түсіну;

– басқару қызметіндегі нәтижелерді өзіндік бағалау және қызмет сапасын әріптестеріне ұсыну;

– қызмет сапасын өзіндік бағалау негізінде шешімдер қабылдау және оны жетілдіруге әрекет ету;

– өзіндік дамуға дайындық жұмыстарын жүргізу.

Білім беру саласында квалитативтік мәселелері бойынша басылым көрген ғылыми әдебиеттердің мемлекеттік тілде жеткілікті деңгейде болмауы, осы салада мамандарды даярлаудың аздығы орта білім беру ұйымдары басшыларының квалитативтік құзырлылығын қалыптастырудың тиімділікбағыттарын айқындауға мүмкіндік берді:

– мектеп басшысына педагогикалық процесті сапалы басқару үшін педагогикалық ұжым жұмысын ынталандыруда бағыт-бағдар беріп отыратын ішкі және сыртқы әлеуметтік-педагогикалық орта қалыптастыру;

– жалпы білім беретін мектептерді квалитативтік тұрғыда басқару мен білім берудегі сапа менеджментін енгізу мәселелерінің шешімін іздестіру;

– әрбір мектеп басшысының сапа менеджменті бойынша *«білім беру менеджері»* сертификатын алуын ұйымдастыру;

– мектеп басшыларын квалитативтік тұрғыдан басқаруға сәйкес мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

– жоғары оқу орындарында білім беру менеджерлерін даярлауды заман талабына қарай қолға алу;

– білім беру ұйымдарының басшыларын дамыған алыс және жақын шетелдерде квалитативтік тұрғыдан басқару ісі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткізу;

– білім беру ұйымдарын квалитативтік тұрғыдан басқару ісі бойынша еңбек ұжымдарында тәжірибелік шеберлігін жетілдіру.

Білім беру ұйымдары басшыларының квалитативтік құзырлылығын дамытуға байланысты келтірілген тиімділік бағыттары мектеп директорлары мен олардың орынбасарларында, мектепті басқару иерархиясының барша буындарына қатысты басшыларында квалитативтік тұрғыдан басқаруға қажетті қасиеттерді қалыптастыру мен дамытуды мақсат етеді. Бұл қасиеттердің қатарына іскер, табанды, мейірбан, ізетті, қиындыққа төзімді болу, болашақты «болжай алу» қабілеті, жоспарлау мен жобалау, басқару ісінің ғылыми негізін жетік білу, сыни тұрғыдан ойлап, сын-пікірді қабылдай білу, адами құндылықтарды сақтай білу, рухани бай болу, өзіне сын көзімен қарау, кек сақтамау, өзін-өзі көрсетуге талпыныс жасамау және т.б. көшбасшылық қасиеттерді жатқызуға болады.

Квалитативтік құзырлылықтың мазмұны Деминг цикліне негізделген. Сапаны арттыру проблемаларын шешуде, Деминг келесі кезеңдерді бөліп көрсетеді:

1. Жобаны анықтау мен ұйымдастыру.
2. Диагностика.
3. Шешімін табу.
4. Нәтиже алу немесе күту.

Аталған кезеңдер келесі қадамдардан тұрады.

*Бірінші кезең* үздіксізжақсарту жобасын тұжырымдау. Мұнда негізгі мәселелердің тізімін құрау, білім беру ұйымы үшін олардың басымдылығы, туындаған проблемалар бойынша шешім қабылдай алатын жұмысшы топтың көпқырлылығы.

*Екінші кезең* медициналық диагностиканың классикалық әдісі сияқты топпен жүргізіледі: мәселе белгілерін сараптау, болжамды тұжырымдау және негізгі себептерді анықтау. Бұл ретте кез келген шешім немесе іс-әрекет қатесіз жүзеге асуы тиіс.

*Үшінші кезең* проблемадан шығудың шешімін іздеу, шешімдерді сараптау, шараларды ойластыру, өзгерістерден өту мен қабылданған шешімдерді енгізу немесе іс-жүзінде іске асыру.

*Төртінші кезең* – қол жеткізген нәтижелерді тежеу немесе ашық көрсетпеу: енгізілген шешімдердің нәтижесінің тиімділігін тексеру, күнделікті жоспарланған шешімдердің нәтижесін салыстырып отыру. Бұл кезеңнің негізгі мәселесі, жаңа шешімді бөлім деңгейінде стандарттау.

Сапаны үздіксіз жақсартуға Деминг циклін басшылыққа ала отырып, қол жеткізуге болады [Муханбетжанова С.Т., Тәжібаев Б.Т., Белденбаева М.Т. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2017. – 88б.].

Деминг циклі PDCA (*1-сурет*) (жоспарлау, орындау, тексеру, ықпал ету) аббревиатурасымен танымал.

*1-сурет. PDCA Деминг циклі*

Жоспарлау кезеңі нақты мақсатпен және әрекет ету жоспарынан тұрады: *тақырыпты таңдау; мақсатын анықтау; жүзеге асыру жоспарын әзірлеу.*

Келесі кезең орындау – жоспарланған әрекетті жүзеге асыру: *жағдаймен танысу; іс-шараларды ұйымдастыру; іс-шараларды жүргізу.*

Тексеру кезеңінде жоспарланған нәтижемен, нақты алынған нәтижені салыстырып, істелінген жұмыстардың дұрыс бағытта жүріп жатқанына көз жеткізу: *нәтижелерін тексеру.*

Түзету кезеңі алдын алу әрекеттері, процесті талдау, жақсарту жолдарымен жүргізіледі: *жоспар мен мақсатын қайта қарау* және *оған түзетулер енгізу.*

Деминг принципін іске асыру үшін квалитативтік құзырлылықтың бірлігін айқындайтын келесі құзырлылықты бөліп аламыз: *стратегиялық құзырлылық; коммуникативтік құзырлылық; аналитикалық құзырлылық; құқықтық құзырлылық; ақпараттық құзырлылық; психологиялық құзырлылық; әлеуметтік құзырлылық; квалиметриялық құзырлылық; технологиялық құзырлылық; қаржылық құзырлылық; эмоционалдық құзырлылық; жобалық құзырлылық.*

Басқаша айтқанда, басшының квалитативтік құзырлылығы келтірілген құзырлылықтардың қосындысын береді:

КҚ = КмҚ + СҚ + АҚ + ТҚ + ЖҚ + АқпҚ + ҚұқҚ+ҚаржҚ+ПҚ + ӘҚ+КвҚ + ЭҚ

Келтірілген құзырлылықтарға түсініктеме беріп көрейік.

Американдық Ұлттық Мемлекеттік басқару академиясының (National Academy of Public Administration) мамандары стратегиялық көшбасшыны қалыптастыру кезінде маңызды рөлді құзыреттілік және тұлғааралық байланысты орнықтыру атқарады деген позицияны ұстанады. Тұлғааралық байланысты орнату біліктілігі басшының әлеуметтік құзырлылығын көздейді.

Әлеуметтік құзырлылық дегеніміз ерік пен дағдыны, мотивация, қарым-қатынасты, өзі-өзіне сенімділік, жанашырлық және басқалармен өзара қарым-қатынаста шеберлік және әлеуметтік жағдайларды шешу қабілетін қамтиды.

Ақпараттық қызмет саласындағы құзырлылық:

- қоғам мен жеке тұлға өміріндегі ақпарат рөлін түсіну, ақпарат, феномені негізіндегі теориялар мен олардың қазіргі әлем бейнесінің қалыптасуына ықпалы туралы білімдер;

– өз қызметіне ақпараттық үдерістердің ағымы заңдылықтарын ескеру біліктілігі, практикалық және тұлғалық мәні, қасиеттері тұрғысынан ақпаратты бағалау және талдау дағдыларын меңгерту болып табылады.

Технологиялық құзырлылық:

– басқарушылық қызметті ұйымдастырудың технологиялық тәсілінің мәнін түсіну;

– басқару қызметтеріне цифрлық технология құралдарын қолдану туралы білімі;

– басқару процестеріне инновациялық технология түрлерін қолдануды саралау және басқару қызметтерін цифрландыру дағдыларын қалыптастыру туралы білімі мен біліктілігі;

– мектепті басқару процестерін автоматтандыру және электрондық құралдарды сапалы түрде қолдану дағдыларын меңгеру.

Стратегиялық құзырлылық болжам жасай алу мен мектептің даму кезеңдерін айқындай алу қабілеті болып табылады.

Аналитикалық құзырлылық басшының аналитикалық ойлау қабілетін дамыту болып табылады.

Жобалық құзырлылық болжау, жоспарлау және жобалау дағдыларын дамытуға негізделген.

Құқықтық құзырлылық құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру дағдысы болып табылады.

Қаржылық құзырлылық экономикалық сауаттылықты қалыптастыру дағдысына бағытталған.

Квалиметриялық құзырлылық мектепті сапалылығын, құндылығын реттеуге негізделген өлшем болып табылады.

Эмоционалдық құзырлылық эмоционалдық интеллектіні қалыптастыру туралы білім мен біліктілік жиынтығы.

Коммуникациялық құзырлылық ұжым арасындағы қарым-қатынасты орнықтыру туралы білім мен біліктілік жиынтығы.

Психологиялық құзырлылық мектептегі психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған білім мен біліктілік жиынтығы.

Білім беру ұйымдары басшыларының квалитативтік құзырлылығын қалыптастыру жалпы білім беретін мектептердің басқару ісіне басшылық етуді жаңа сапалық деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде педагогикалық процесті сапалы түрде басқару нәтижелерінің тиімділігін арттыруға, педагог қауымына креативті, әрі сыни тұрғыдан ойлай алатын, коммуникативтік, командамен жұмыс жасай алатын тұлға ретінде дамуына, ал оқушының өзін-өзі дамып, қалыптасуына жағдай жасайды. Сонымен бірге білім беруді ұйымдастырушылардан басқару ісін жете білуді, әрі сапаны арттыруды, яғни адами капиталдың дамуына ықпал ететіндігі ғалымдардың еңбектерін саралауда айқындалды.

Сонымен бірге білім беру мазмұнын жаңарту мектеп басшыларынан жаңаша ойлауды, басқару ісіне өзгерістер енгізуде квалитативтік құзырлылықтың қажеттігі анықталды. Ал бұл анықталған қажеттіліктер басқару жүйелерін олардың деңгейіне қарамай, жаңа талаптарға сәйкестендіре алатындығы тұжырымдалды. Тұжырымдалған ойлар басқару ісіне креативті, сыни тұрғыдан ойлай алатын, басқару мәселелерін шешуге қабілеті жеткілікті, инновациялық және цифрлық технологияларды жетік меңгерген, командамен жұмыс жасай алатын, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын, рухани бай, коммуникативтік мәдениеті жоғары жаңа көзқарастағы басшыларды тағайындау мәселесінің шешімі басшыларды аттестациялаумен байланыстырылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, жоғарыдағы ойларды түйіндейтін болсақ, қазіргі басшының квалитативтік құзырлылығы оның педагогикалық басқару жұмысында педагогика, психология, социология, құқық, қаржылық, цифрлық басқарудағы білім мен ұйымдастырушылық, экономикалық, материалдық-техникалық, технологиялық мәселелерді шешудегі жоғары біліктілігімен айқындалады. Білім беру ұйымдары басшыларының квалитативтік құзырлылығын қалыптастыру жалпы білім беретін мектептердің басқару ісіне басшылық етуді жаңа сапалық деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде педагогикалық процесті сапалы түрде басқару нәтижелерінің тиімділігін арттыруға, педагог қауымына креативті, әрі сыни тұрғыдан ойлай алатын, коммуникативтік, командамен жұмыс жасай алатын тұлға ретінде дамуына, ал оқушының өзін-өзі дамып, қалыптасуына жағдай жасайды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Субетто А.И. Малая энциклопедия.С.,2015
2. Поташник М.М. Качество образования: проблемы и технология управления. В вопросах и ответах. М.: Педагогическое общество России, 2002. – 352 с.
3. Чернова Ю.К. Квалитативные технологии обучения. Тольятти: Изд-во Фонда «Развитие через образование», 1998. – 150 с.
4. Щипанов В.В. Проектирование квалитативного образования инженера. Тольятти: ТолПИ, 1998. – С. 20-21.
5. Махмудова М.М. Формирование квалитативной компетентности будущих специалистов инженерного профиля в современном вузе.:дис. ...канд. пед. наук: 13.00.08/Махмудова М.М.. –С., 2006. – 22-23 с.
6. Халықаралық сапа менеджмент жүйесінегізіндегімектепті: Учеб.пособие/Мұхамбетжанова С.Т., Оракова А.Ш., Тәжібаев Б.Т., Белденбаева М.Т.Әдістемелік құрал. – Алматы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ, 2017. – 88 бет.

**Сарсенгалиева Индира Адилбековна,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

**Каскарауова Арай Досымбайкызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

# БІЛІМ САПАСЫН БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Андатпа.** Бұл мақалада білім мазмұны мен сапасын арттыру үшін білім сапасын басқарудың жалпы мәселелері қарастырылған. Білім беру, сапа түсініктеріне берілген түрлі ғалымдардың анықтамалары қарастырылған. Білім сапасының элементтері жіктелген. Білім сапасын басқарудың мақсаты айқындалған.

**Кілт сөздер**: білім, сапа, білім беру сапасы, басқару, бағалау, мониторинг, түрткі

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены общие вопросы управления качеством образования для повышения содержания и качества образования. Рассмотрены определения различных ученых, дающих представление об образовании, качестве. Классифицированы элементы качества знаний. Определена цель управления качеством образования.

**Ключевые слова**: образование, качество, качество образования, управление, оценивание, мониторинг, мотив

**Annotation.** This article discusses the General issues of quality management of education to improve the content and quality of education. The definitions of various scientists that give an idea of education and quality are considered. Elements of knowledge quality are classified. The goal of education quality management is defined.

**Keywords:** education, quality, quality of education, management, evaluation, monitoring, motivation

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда өмір сүрудің жоғары сапасын адамға бәсекеге қабілеттілік пен өзін өзі табысты дамытудың кепілі болатын жоғары білім сапасы қамтамасыз етеді. Ғасырлар бойғы тәжірибе көрсеткендей, білім беру сапасымен анықталатын елдің зияткерлік әлеуетінің деңгейі экономикалық және әлеуметтік дамытудың ғана емес, елдің экономикалық және саяси дербестігінің және оның одан әрі ілгерілеуінің маңызды факторына айналып отыр. Сондықтан да білім беру сапасы мәселелерін зерттеу және оны одан әрі арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеудің өзектілігі мен практикалық маңызы зор.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Қазақстан әлемнің 30 бәсекеге қабілетті елдері қатарына 2050 жылға дейін енуі тиіс» деп атап көрсеткен болатын [Жолдау, 2014 жылғы 17 қаңтар]. Ал, бәсекеге талпынған кез-келген мемлекет білім беру саласын дамытуға аса көңіл бөлуі қажет. Аталмыш саланы дамытуда басқару функцияларын жүйелі түрде жүзеге асыру белгілі бір жетістікке қол жеткізудің кепілі болып табылады. Әсіресе басқару функциясы, оның ішінде мемлекеттік басқару білім беру саласындағы оң және теріс ауытқуларды, негізгі көрсеткіш ретінде саналатын сапаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан республикасының Білім туралы заңының 55 бабында білім беру сапасын басқару білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған және білім сапасын бағалаудың бірыңғай ұлттық жүйесін құрайтын мемлекеттік және институционалдық құрылымдарын, білім беруді қаржыландыруға бөлінетін қаражатты пайдалану ұтымдылығын және білім беру жүйесі жұмыс істеуінің тұтастай тиімділігін қамтиды және білім беру сапасын басқару техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді қоспағанда, білім беру мониторингінің нәтижелері негізінде, білім берудің барлық деңгейлерінде басқарушылық шешімдерді қабылдау арқылы жүзеге асырылады делінген. [https://kodeksy-kz.com/ob_obrazovanii/55.htm]

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінгі күні білім беруді зияткерлік капитал маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын адам капиталының өндірісі ретінде қарастыру қажет. Егер экономикалық және ғылыми-техникалық даму үрдістеріндегі адами капитал рөлінің артуын ескеретін болсақ, онда білім беру қазіргі қоғамның дамуының басты қозғаушы күшіне айналғанын көру қиын емес. Білім – бұл біздің болашағымыз деп айту аздық етеді. Білім – бұл қоғамдық дамуды оның барлық бағыттары мен үрдістерінде жеделдетуді қамтамасыз ететін белсенді өндіріс. Білім беру-бұл жалпы өмірді үйлестіру және ізгілендіру, бұл адамның шынайы бостандығына ұмтылу.

Қоғамның дамуы білім беруді дамытумен байланысты. Білім беруді дамыту өзі жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ ол басқарылатын және жетілдірілетін басқару процестерінде ғана тиімді болып табылады.

Білім беру сапасының мәселесі әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамудың заңды процестерін көрсетеді.

Білім беру қажеттіліктерін және оларды іске асыру шарттарын өзгерту білім беру сапасына жоғары назар аударуды талап етеді.

«McKinsey&Company»компаниясының ғалымдары өз зерттеулерінде барлық елдер білім сапасын көтеру мақсатында бірдей жұмыс атқарады, алайда тек сол жұмысты жүйелі түрде атқарған елдердің ғана білім сапасы көтерілетіндігін ғана дәлелдеген [Құсайыноа А.Қ., 2018, 41 б.].

Бірақ бүгінгі таңда білім беру сапасын арттырудағы басты мәселе осы проблеманы терең түсіну, білім беру сапасы не екенін, ол немен анықталатынын және неге байланысты екенін, оны қалай арттыруға болатынын және бұл процесс неге қиын болып жатқанын түсіну болып табылады.

Отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда «білім беру сапасы» ұғымының бір жақты анықтамасы жоқ екендігін айту керек. Білім беру сапасы кешенді, көп өлшемді болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымының қызметін бағалау, оқытушының кәсіби қызметін және оқушының оқу танымдық қызметін бағалау үшін сияқты «білім беру сапасы» ұғымына әмбебап анықтама беру мүмкін емес.

Ағылшын ғалымы Р. Барнетт «сапа» түсінінігі анықтамасын талдай келе, үш негізгі ұстанымды бөліп көрсетеді: объективистік, релятивистік және даму тұжырымдамасы [М.М.Поташник, 2006, 197с.].

Сапа ұғымының анықтамасы, сонымен бірге келесілерден тәуелді: не және кіммен бағаланады, қандай крийтерийлер мен индикаторлар бөліп көрсетіледі, қандай болашық белгіленеді, қандай мақсатпен. Білім беру сапасын қарастырсақ, ол бірнеше бағыттарды бөліп көрсетеді: абитуриенттер сапасы, білім беру үрдісінің сапасы, емтихандар сапасы, білім беруді қаржыландыру сапасы мен деңгейі [Алимова Л.Б., Романович С.В., 2007, 210 с.].

С.Т. Шишов пен В.А. Кальней «Мектеп: білім беру сапасы мониторингі» деп аталатын өз кітаптарында мынадай жалпы анықтама береді: «білім беру сапасы – білім беру мекемелерімен берілетін білім беру қызметтерінен білім беру үрдіснің түрлі қатысушыларының күтулерін қанағаттандыру дәрежесі немесе білім беруде қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету дәрежесі» [Полонский В.М., 2000, 631 с.].

В.М. Полонский түлектердің білім беру сапасы деп түлектер қол жеткізген білімдердің, дағдылардың, ой, физикалық және рухани дамудың белгілі бір деңгейін түсінеді.

М.М. Поташник білім беру сапасын білім беру стандарттарына сәйкестігі ретінде қарастырады. Білім беру сапасын В.А. Качалов пен В.Д. Шадриков тұтынушылар талаптарына сәйкестігі ретінде қарастырса, М.В. Рыжаков білім беру қызметтерінің қоғам күтулеріне сәйкестігі ретінде қарастырады.

Отандық әдебиеттерде де білім беру сапасына біржақты анықтама берілмеген. Отандық зерттеушілер Д.К. Сулеев пен Б.М. Искаков жоғары білім беру сапасы – бұл ЖОО түлегінің кәсіби біліктілігінің кәсіби қызметтің белгілі бір саласындағы стандарты талаптарға сәйкестігі деп анықтама береді.

Ал, әдіснама тұрғысынан, сапа – бұл нәтиженің алға қойған мақсатқа сәйкестігін бейнелейтін жүйелі категория. Ал халықаралық сапа стандарттары ИСО 9000: 2000 басылымында сапаға мынадай анықтама берілген: «Сапа – бұл қажеттіліктер мен күтулерге жататын және оларды қанағаттандыруға бағытталған объект қасиеті». Педагогикалық сөздікте «білім беру сапасы –жоспарланған мақсаттарға сәйкес білім алушы белгілі бір кезеңде қол жеткізетін белгілі бір білім, ой, адамгершілік және дене дамуының деңгейі, білім беру үрдісінің түрлі қатысушыларының білім беру ұйымының көрсететін білім беру қызметтерінен күтулерінің қанағаттану нәтижесі» ретінде қарастырылады.

Білім сапасы – бұл құзыреттілік пен кәсіби сананың дәйекті және іс жүзінде тиімді қалыптасуын анықтайтын білім беру процесінің сипаттамаларының кешені. Мұнда сипаттамалардың үш тобын бөліп көрсетуге болады: білім беру мақсатына қол жеткізу әлеуетінің сапасы, кәсіпқойлықты қалыптастыру процесінің сапасы және білім беру нәтижесінің сапасы (Сурет 1).

Білім беру сапасы біртіндеп білім беруді басқару функциясына ғана емес, сонымен қатар көпфункционалды басқару объектісіне айналады. Бұл дегеніміз, оны қамтамасыз ету бұрын болмаған және құрастыру және құру қажет болатын сапаны басқарудың мамандандырылған жүйелерін қалыптастыруды талап етеді. Сапаны басқару тәжірибесі аз, сондықтан сапаны тиімді басқару нұсқаларын зерттеу және іздеу керек. Бұл өз шешімін талап ететін жаңа және сөзсіз ерекше мәселе [http://www.wtr.ru/ aphorism/ merphy].

Бірақ сапаны басқару оның барабар бағалауынсыз мүмкін емес. Қолданыстағы бағалау жүйесі сапаны өлшеу қажеттіліктеріне жауап бермейді. Ол маңызды білім беруді қажет етеді.

Сапаны басқаруды тек әкімшілік негізде жүзеге асыру мүмкін емес. Ол барлық білім беру қызметкерлерінің кең қатысуын талап етеді. Ал бұл үшін осы басқарудың мақсаттары мен білім беру ұйымының жұмыс істеу процесінің әрбір қатысушысы үшін оң нәтиже болуы қажет. Са-




*Сурет 1 – Білім беру сапасының элементтері*

паны басқару – бұл қосымша жүктеме емес, сапасына сәйкес жұмысты ұйымдастыру, оның технологиясы. Сапаны басқару оны қиындатпай, қызметті жеңілдетуі тиіс.

Өкінішке орай, бізде сапаны басқару бойынша барлық күш-жігер қосымша функцияларға, талаптарға, тексерулерге негізделеді. Бұл барлық істі мазалайды және одан адамдарды өзінен қашыады. Жаңалықтарды енгізу емес, табиғи түрде «сіңіру» керек, табиғи қызметке айналдыру керек. Компьютерлер қалай пайда болды, оларды иеленуге және олармен жұмыс істеуге дегені ұмтылыс пайда болды.

Сапаны басқаруға тек сапаны бақылауға болмайды. Ол кез келген басқару сияқты негізгі функцияларды қамтиды: мотивация, ұйымдастыру, жоспарлау, талдау және сапаны зерттеу. Ақырында, бұл мәселені түсінудің ескі схемаларынан, оларды бағалау мен шешу тәсілдерінен бас тартуға мүмкіндік беретін адамның санасы мен ойлауының өзгеруі. Жаңа сапа адамның санасында туады, ол стереотиптер мен ойлау догмаларын бұзады. Сапа-бұл Даму проблемаларының кең ауқымы, бұл проблемаларды шешу емес, оларды іздеу және таңдау.

Демек, адам қызметінің сапасы айтарлықтай дәрежеде оның білім беруімен анықталады, білім беру процестерінде қалыптасады, бірақ бұл білімнің өзі жаңа сапаға бағдарланса, дамуда және үнемі жаңа сапаға ие болған жағдайда ғана жүреді.

Сапаны бағалау қиын, бірақ сапаны бағалаусыз оны басқару мүмкін емес. Мұнда қарама-қайшылық бар. Сапаны басқару үшін басқару құралдары (құралдары) және сапаны өлшеу (бағалау) қажет. Сондай-ақ басқару жүйесі (мамандандырылған буындар), басқару себептері (мүдделілік), басқару нәтижесінің мақсаты және пайдаланылуы (оны іске асырудан қажеттілік пен пайданы ұғыну) қажет [Коротков Э.М., 2003, 301 с].

Әлеуеттің сапасы білім беру мақсатының сапасы, білім беру стандартының сапасы, білім беру бағдарламасының сапасы, білім беру процесінің материалдық-техникалық базасының сапасы, профессор-оқытушылар құрамының сапасы, талапкерлердің сапасы, ақпараттық-әдістемелік базаның сапасы сияқты сипаттамаларда көрінеді.

Осы элементтердің әрқайсысын жеке талдаймыз. Соңғыдан бастайық. Кез келген басқару мақсаттан басталады. Білім беру сапасын басқарудың мақсаты қандай, бұл білім берудің мақсаты емес, басқарудың мақсаты болып табылады, ол жалпы мақсатқа негізделген, бірақ басқару қызметінің ерекшеліктерін көрсетеді.

1. Білім беру сапасын басқарудың мақсаты білім беру мекемесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, демек, оның беделін арттыру, мәртебесін нығайту, болашағын тұрақтандыру болып табылады.

2. Сапаны басқаруға түрткі болатын себептер білім алушылардың жеке қасиеттеріне, оның жақсы білім алуға деген ықыласына, сондай-ақ оқытушының сабақ өткізуге, ұйымдастыруға тәрбиелік-шығармашылық көзқарасы, оқу процесі, оның технологиясына бөлінеді. Мотив-бұл бір нәрсеге түрткі. Білім берудің жоғары сапасына не түрткі болады? Әрине, оқушының жеке ерекшеліктері. Бірақ бұл ғана емес. Сонымен қатар оқытудың барлық аймағы, оның сипаттамасы, ақпарат сатысы, оқытушылардың қатынасы, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктері, әлеуметтік-психологиялық атмосфера (интеллектуализм, өріс алу, таңдау және т.б.), эстетика және мәдениет, мақсаттылық технологиясы, техникалық құралдар және т.б.

3. Басқару жүйесі білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша талдау жұмыстарын жүргізетін мамандандырылған буындардың болуын болжайды: ақпарат алу және өңдеу, ұсынымдар әзірлеу, білім беруді дамытудың стратегиясын айқындау, басқа білім беру ұйымдарының тәжірибесін зерделеу, кеңес беру, мамандандырылған конференциялар өткізу, оқытушылардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, білім беру сапасының мониторингі, сапа конкурстарын өткізу, сапа уәждемесін қамтамасыз ету.

4. Білім беру сапасын басқару тетігі (құралдары)келесі факторлар арқылы сапаға ұмтылу уәждерін қалыптастыруды қамтиды:

✓ тәрбие жұмысы;

✓ оқытушылар мен студенттерді іріктеу;

✓ оқытушыларды топтарға бөлу (мүмкіндігінше);

✓ оқытушының қызметін тұрақты бағалау (оқытушының өзі, бірақ бағалау схемасы мамандандырылған бөлімшеде әзірленеді);

✓ студенттің өз білімін өзіндік бағалау құралдары (компьютерлік тесттер),

✓ ұжымдық коллоквиумдар (айқас, жасырын студенттік бағалау);

✓ студенттердің өздерімен сұрақтарды тұжырымдау және оларға еркін таңдау бойынша жауаптар [http://bilimstat.edu.kz].

Білім сапасын басқару мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау категориялық аппаратты келесі түрде ұсынуға мүмкіндік берді:

Білім беру-жеке тұлғаның интеллектуалды біліктілігін дамыту мен біліктерін, біліктерін, дағдыларын, жүйелендірілген білімді меңгерудің нәтижесі; адамды өмір мен еңбекке дайындаудың қажетті шарты;

Білім сапасы – қоғамдағы білім беру процесінің жағдайы мен нәтижелілігін, оның қоғамның (әр түрлі әлеуметтік топтардың) дамуы мен дамуындағы қажеттіліктері мен күтілуінің сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік санат тұлғаның азаматтық, тұрмыстық және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру;

Басқару-белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін сапалы жаңа жағдайға көшу үшін жағдай жасау жолымен оны барынша тиімді қызмет ету мақсатында басқарылатын жүйеге әсер етудің жоспарлы, болжанатын және технологиялық қамтамасыз етілген процесі;

Білім беру сапасын басқару-болашақ маман меңгеруі тиіс білім сапасының, ақыл-ой, Дағдылар мен зияткерлік параметрлерінің әлеуметтік қойылатын көрсеткіштерінің басқарылатын жүйесі [Яковлев Е.В., 2010, 210 с.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру сапасы басқарудың ерекше нысаны болып табылады және бөлінеді. Білім беру сапасын басқару үшін басқару жүйесін қалыптастыру қажет, ол сапаға бағдарланған, сапаны басқару үшін ерекше функцияларды іске асыра алатын және білім беру процестерін басқарудың жалпы жүйесіне органикалық сай келетін басқару жүйесін қалыптастыру қажет. Мұндай жүйе білім беруді басқарудың макродеңгейінде де, әрбір білім беру мекемесінде (ЖОО, колледж және т. б.) білім беру үдерісін басқару деңгейінде де қажет.

Басқару жүйесі-бұл басқару объектісіне әсер етуді жүзеге асыру үшін қажетті және оның мақсат бағытында қозғалысын қамтамасыз ететін іс-қимылдар жиынтығы. Барлық әрекеттер басқару функциялары және өзара байланысты бөлімшелер мен буындар бойынша топтастырылады. Осылайша басқару жүйесі рәсімделеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
2. 27.07.2007ж. № 319-III «Білім туралы» ҚР Заңы: https://kodeksy-kz.com/ob_obrazovanii/55.htm
3. Құсайынов А.Қ. «Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс». – Алматы, 2018.
4. Управление качеством образования /под ред. М.М.Поташника.–Издательство Педагогическое общество России, серия «Образование XXI века», 2006.
5. Алимова Л.Б., Романович С.В. Оценка качества образования. – М., 2007. – 210 с.
6. Полонский В.М. Словарь по образованию и педагогике. – М., 2000. – 631 с.
7.Теоритическая морфология //http://www.wtr.ru/ aphorism/merphy. Htm
8. Коротков Э.М. Управление качеством образования. – М., 2003. – 301 с.
9. http://bilimstat.edu.kz/laboratoriya-otsenki-kachestva-obrazovaniya.
10. Яковлев Е. В. Теоретические основы управления качеством образования в высшей школе //Монография. – Спб, 2010. – 210 с.

**Сатилханова Зулхумор Улугбековна,**
6М012400 «Педагогическое измерение»,
Казахский национальный женский педагогический университет,
E-mail: s.zulkhumor@mail.ru

**Тажиддинова Зухра Бахтияркызы,**
7М01503 «Информатика»,
Казахский национальный женский педагогический университет,
E-mail: zukhraturkestan@mail.ru

# КОМПЛЕКС УПРАЖНЕНИЙ ПРИ ОЦЕНИВАНИЕ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ ВУЗОВ

**Аңдатпа.** Мақалада студенттердің әр түрлі қарым-қатынас салаларында нақты мәдениаралық коммуникацияға дайындалуына байланысты жоғары оқу орындарындағы шет тілі курсының басты мақсаттары қарастырылады және өзектілігі негізделеді. Шетел тілін меңгеру барынша табысты болуы мүмкін факторлар анықталады. Сонымен қатар, мақалада жоғары оқу орындары оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау кезінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және жаттығулар кешені қарастырылған.

**Кілт сөздер:** дифференциация, дескриптивті жаттығулар, диспутивті жаттығулар, имитативті жаттығулар, орналастыру жаттығулары.

**Аннотация.** В статье обосновывается актуальность и рассматриваются главные цели курса иностранного языка в вузе состоит в подготовке студентов к реальной межкультурной коммуникации в различных сферах общения. Определяются факторы, при которых овладение иноязычной речью может быть максимально успешным. Также, в статье рассматриваются существующие условия формирования коммуникативная компетенции и комплекс упражнений при оценивание учебных достижений учащихся вузов.

**Ключевые слова:** дифференциация, дескриптивные упражнения, дискутивные упражнения, имитативные упражнения, подстановочные упражнения.

**Abstract.** The article substantiates the relevance and examines the goals of teaching English as a second foreign language. The factors are determined in which the mastery of a foreign language speech can be as successful as possible. In addition, the article discusses the existing conditions for the formation of communicative competence and a set of exercises when evaluating the educational achievements of university students.

**Keywords:** differentiation, descriptive exercises, debatable exercises, imitative exercises, substitution exercises.

## ВВЕДЕНИЕ

Коммуникативная компетенция как цель и результат обучения представляет собой системное и иерархическое образование, состоящее из ряда компонентов – частных компетенций. Одним из них является языковая компетенция, без которой формирование коммуникативной компетенции невозможно.

Языковая компетенция представляет собой совокупность языковых знаний, навыков и умений, овладение которыми позволяет осуществлять иноязычное общение устно и письменно в соответствии с языковыми нормами изучаемого языка в пределах определенных сфер и ситуаций общения и способствует развитию языковых и речевых способностей обучаемых. Важность языковой компетенции определяется не столько требованиями к языковой грамотности речи, сколько ее потенциальным влиянием на готовность к пониманию иноязычной речи в пределах обусловленной программными документами тематики и проблематики общения [Нейматов Я.М., 2002, 480 с.].

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Средством формирования языковой компетенции могут стать разнообразные упражнения, отвечающие таким требованиям, как:

• направленность на решение конкретной задачи, соотнесенной с конечной целью обучения (в нашем случае – с формированием языковой компетенции);

• наличие четкой установки на осуществление именно тех действий и операций, которые подлежат формированию;

• соответствие содержания упражнения уровню обученности учащихся;

• наличие двухчастной структуры (инструктивной и исполнительной);

• обеспечение поэтапности формирования навыков и умений;

• проблемный характер упражнений, способствующий активизации мыслительной деятельности обучаемых, их большей вовлеченности в учебный процесс.

На современном этапе развития методической науки утвердилась типология упражнений,

включающая языковые (подготовительные, предречевые, тренировочные), условно-речевые (условно-коммуникативные) и речевые (коммуникативные, подлинно коммуникативные) упражнения. Она заменила ранее существовавшую типологию, состоящую из языковых (неречевых, некоммуникативных, предречевых) и речевых (коммуникативных) упражнений. Трехчастная типология упражнений наиболее полно отражает три этапа формирования навыков: ориентировочно-подготовительный, стереотипирующе-ситуативный и варьирующе-ситуативный [Тополева О.В., 2005, 88 с.].

Основополагающим условием формирования и развития языковой компетенции является создание комплекса упражнений, направленных на формирование данной компетенции в устной и письменной речи в продуктивных и рецептивных видах речевой деятельности. Комплекс упражнений – совокупность упражнений, специально систематизированных таким образом, что их качество, количество, последовательность и соотношение видов и подвидов обеспечивают оптимальный эффект в процессе формирования или совершенствования навыков, а также речевого умения на каждом этапе его развития. Ведущим требованием к комплексу, по мнению Е.И. Пассова, можно считать следующее: оптимальным путем обеспечить прочное усвоение до уровня навыка какой-то дозы речевого материала, либо совершенствование того или иного навыка, либо развитие умения определенного уровня диапазона (развитие какого-либо качества говорения) [Пассов Е.И., 2006, 240 с.].

При разработке комплекса упражнений необходимо учитывать ряд факторов, влияющих на успешность изучения языковых явлений, а именно:

1) цель (целевая установка), речевая задача – условная или реальная;

2) речевые действия обучаемого;

3) языковая форма и содержание;

4) определенное место в ряду связанных с ним упражнений (по принципу нарастания трудности с учетом последовательности становления речевых навыков и умений;

5) определенное время, отведенное на выполнение упражнения;

6) продукт (результат) выполнения упражнения;

7) материал (вербальный и невербальный: текст, картинки, схемы, карты);

8) способ выполнения упражнения (устно, письменно);

9) организационные формы выполнения (индивидуально, в парах, в группе).

Разработанный нами комплекс представляет собой последовательность языковых, условно-речевых и речевых упражнений [Пассов Е.И., 1977, 216 с.].

Языковые упражнения – тип упражнений, предполагающих анализ и тренировку языковых явлений вне условий речевой коммуникации.

Условно-речевые упражнения – тип упражнений, характеризующихся ситуативностью, наличием речевой задачи и предназначенных для тренировки языкового материала в рамках учебной (условной) коммуникации. Данные упражнения предназначены для формирования навыков, для чего и служит их специальная организация.

Речевые упражнения – тип упражнений, направленных на развитие речевых умений и предполагающих использование изученного языкового материала в условиях естественной речевой коммуникации.

| № | Речевые упражнения | Условно-речевые упражнения |
|---|---|---|
| 1. | Вопросо-ответные упражнения: «Составьте 4 вопроса к прочитанному тексту и подготовьте ответы на них», «Прочитайте текст и дайте развернутые ответы на вопросы». | Имитативные упражнения: «Согласитесь с данными утверждениями и обоснуйте свое согласие, используя образец», «Составьте диалог, используя образец и приведенные ниже словосочетания и выражения». |
| 2. | Ситуативные упражнения: «Составьте диалог на предложенный сюжет, используя приведенные ниже слова и выражения», «Составьте диалог по предложенной ситуации и затем измените его применительно к новым ситуациям в рамках данной темы». | Подстановочные упражнения: «Выскажите несогласие с приведенными ниже утверждениями, используя образец», «Напишите, как ваша семья обычно празднует Рождество, используя образец». |
| 3. | Репродуктивные упражнения: «Просмотрите текст и составьте детальный его пересказ на основе ключевых словосочетаний и выражений», «Передайте основное содержание текста, используя 5 предложений из текста» | Трансформационные упражнения: «Опровергните следующие высказывания, используя образец», «Передайте содержание диалога в форме монолога по образцу». |

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Дескриптивные упражнения: «Расскажите о своей семье. Дайте характеристику членов семьи, используя следующую таблицу», «Расскажите о своем близком друге, используя приведенный ниже план» | |
| 5. | Дискутивные упражнения: «Прочитайте текст и обсудите его, ответив на вопросы», «Прокомментируйте следующую пословицу (цитату) и дайте ее эквивалент на английском и/или русском языках. Опишите ситуацию, используя одну из пословиц (цитат)». | |
| 6. | Композиционные упражнения: «Составьте монологическое высказывание на основе плана и списка обязательных словосочетаний», «Составьте небольшой рассказ по теме «Familyvaluesinthemodernworld»». | |

Всю работу по формированию языковой компетенции можно разделить на три этапа:

1) ознакомление и первичное закрепление языкового материала;

2) тренировка языкового материала;

3) применение языкового материала в речи.

Каждому этапу соответствует свой блок упражнений, включающий в себя соответствующие ему определенные виды упражнений.

Рассмотрим содержание каждого этапа.

*1. Ознакомление и первичное закрепление языкового материала.*

Целью данного этапа является ознакомление учащихся с новым языковым материалом, а также первичная тренировка изучаемого языкового материала. Нам представляется целесообразным на данном этапе использовать языковые упражнения: упражнения в идентификации и дифференциации, упражнения в субституции, упражнения в трансформации, конструктивные и переводные упражнения. Отличительной чертой и преимуществом языковых упражнений является то, что они дают возможность ознакомиться с новым языковым явлением и частично его усвоить при минимальной затрате времени и наибольшей концентрации внимания именно на данном явлении.

*2. Тренировка языкового материала.*

Формирование речевого навыка предполагает развитие навыка относительно точного воспроизведения изучаемого явления в типичных для его функционирования речевых ситуациях и развитие его гибкости за счет варьирования условий общения, требующих адекватного языкового оформления высказывания. С этой целью используются условно-речевые имитативные, подстановочные, трансформационные упражнения. С точки зрения Е.И. Пассова, условно-речевые упражнения должны обладать следующими качествами:

1) быть ситуативными;

2) иметь коммуникативную задачу говорящего;

3) обеспечивать единство содержания и формы при преимущественной направленности сознания обучающегося на содержание и цель высказывания;

4) обеспечивать относительную безошибочность их выполнения;

5) быть экономичными во времени;

6) имитировать в каждом из своих элементов процесс коммуникации [[Пассов Е.И., 1977, 96 с.].

*3. Применение языкового материала в речи.*

Переход от навыков к умениям обеспечивается упражнениями, в которых активизируемое языковое явление надо употребить без языковой подсказки в соответствии с речевыми обстоятельствами. Задачей данного этапа является целенаправленная речевая тренировка языкового материала в процессе реальной коммуникации для решения конкретных коммуникативных задач. На данном этапе используются речевые упражнения: вопросо-ответные, ситуативные, репродуктивные, дескриптивные, дискутивные и композиционные. И.В. Рахманов полагает, что только выполнение речевых упражнений свидетельствует о полном усвоении изученных языковых явлений [Рахманов И.В., 1980, 120 с.]. Они приучают учащихся пользоваться изученным материалом спонтанно без сосредоточения внимания на его форме и правилах употребления, вырабатывая постепенно необходимое чувство языка.

Проиллюстрируем при помощи представленной выше все использованные виды упражнений в зависимости от их принадлежности к определенному типу упражнений и содержания. Рассмотрим представленные виды упражнений на двух уровнях сложности: базовом (соответствует уровню А2 по общеевропейской классификации) и повышенном (соответствует уровню В1 по общеевропейской классификации).

Далее приведем примеры языковых, условно-речевых и речевых упражнений на базовом и повышенном уровнях в рамках темы «Я и моя семья»

Составьте предложения из данных слов.

Образец: We/on/out of/town/weekends/like/to go/.

We like to go out of town on weekends.

1. Sara/the/always/with/help/housework/tries/her/ to/mother/.

2. My/is/of/knitting/dishes/aunt/fond/different/cooking/and/.

3. Ann/a/good-looking/with/blue/hair/is/wavy/brown/woman/eyes/and/.

4. Tom"s/not/big/but/family/very/is/either/it/small/not/is/very/.

5. All/members/enjoy/our/of/having/together/supper/family/.

Повышенный уровень

Составьте предложения, используя таблицу.

Образец: Jim's nephew is a bright and good-tempered man.

1. Jim's nephew have a really nice figure and a fascinating smile

2. Al and his distant cousin enjoys to discuss the latest events at home and abroad with members of the family

3. Andrew are families of their own

4. I has a bright and good-tempered man

5. All my relatives is reading books especially history ones and spends a lot of time and money on them

6. Sara's bosom friend Flora Like postgraduate students of the philological faculty of Moscow State University.

И.Ф. Мусаелян комплекс упражнений, направленных на формирование языковой компетенции.

Образец: – Susan likes to read detective stories. – Yes, that's right. She likes to read detective stories. Her favourite book is «The Adventures of Sherlock Holmes».

1. Sophie takes after her Granny in character.

2. William is studying in the institute, in his final year.

3. Kate's nephews were born in Barcelona and brought up in Madrid.

4. Bill's father is a doctor at the local hospital.

5. Susan and her younger sister Emma have very much in common.

Повышенный уровень

• Составьте диалог, используя образец и приведенные ниже словосочетания и выражения.

• George, what's your usual range of responsibilities at home?

• Mostly, tidying the house. I do it once a week, quite willingly. Beat the carpet, get rid of the dust, wipe the floors and do the laundry. It's really hard physical work, so I think that it should be done by men.

• Good lad, that's a real man talking! What about the cooking and washing up?

• It isn't one of my usual jobs, it's my wife's one, but if I have to, I can easily make a simple meal. Say, coffee and maybe a fried egg and wash up afterwards. And what about you, Sam?

• You know, once I made my own dinner – that was something awful. Because I can't really cook. And as for washing up – I hate it!

• Well, in that case I'm a clear winner in the domestic skates. I can also take out the rubbish, mend a fuse and do some other chores around the house.

• Maybe you are right, usual range of responsibilities at home, tidy the house, get rid of the dust, to do the laundry, hard physical work, cooking and washing up, one of one's usual jobs, to make a simple meal, to take out the rubbish, to mend a fuse, to do some chores around the house.

Дискутивные упражнения

Базовый уровень

Прочитайте данное утверждение и обсудите проблему отцов и детей, ответив на вопросы.

The generation gap is the difference in ideas, feelings and interests between older and younger people, especially considered as causing a lack of understanding.

1. When do children start feeling the difference in ideas and interests between them and their parents?

2. Do you think the generation gap is a natural phenomenon? Why?

3. Explain the following words which belong to JanushKorchak: «There are no children – there are people, but with their own thoughts, their own source of experience, their own desires and feelings».

4. Do you think it is necessary for young people to find a mutual language with adults? Why?

5. Is it necessary to respect elderly people?

6. Do you want to be independent?

7. Do you have problems of misunderstanding with your parents?

Повышенный уровень

Прокомментируйте следующие а) пословицы и б) цитаты и дайте их эквиваленты на русском языке. Составьтеситуацию, используяоднуиз-пословиц (цитат).

а) 1. It's easy to govern a kingdom but difficult to rule one's family.

2. Man is the head of the family, woman the neck that turns the head.

3. If the family is together the soul is in the right place.

4. Every family has its black sheep.

б) 1. «The happiest moments of my life have been the few which I have passed at home in the bosom of my family». (Thomas Jefferson)

2. «There are secrets in all families». (George Far-quhar)

3. «A man's family sets him apart from all other living creatures – only man stands with his children from first to last, from birth to death, and to the grave». (Robert Nathan)

4. «Call it a clan, call it a network, call it a tribe, call it a family. Whatever you call it, whoever you are, you need one». (JaneHoward)

## ЗАКЛЮЧЕНИЕ

В заключении,одна из задач преподавателя иностранного языка – это оптимизация коммуникативного процесса, т.е. поиск оптимальных путей развития коммуникативных способностей учащихся. Формировать и активизировать речевую коммуникацию как в устной так и письменной форме помогают тексты, языковые, условно-речевые и речевые упражнения.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ


1. Нейматов Я.М. Образование в XIX веке: тенденции и прогнозы. – М.: Алгоритм., 2002. – 480с.
2. Тополева О.В. Комплекс упражнений, направленный на формирование лингвостра-новедческой компетенции студентов // Языковое образование в вузе / под ред. М.К. Кол-ковой. – СПб.: Каро, 2005.— С. 88-101.
3. Пассов Е.И. Сорок лет спустя, или сто и одна методическая идея. – М.: Глосса-Пресс, 2006.— 240 с.
4. Пассов Е.И. Основы методики обучения иностранным языкам. – М.: Русский язык, 1977. – 216 с.
5. Рахманов И.В. Обучение устной речи на иностранном языке. – М., 1980. – 120 с.

**Серікбай Нұржамал Талғатқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
E-mail: Nur_zhamal_12@mail.ru

**Алтынбек Айжан Жамбуловна,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтің шығармашылығын дамыту үздіксіз үдеріс ретінде қарастырылады. Мұғалімдердің қолданатын әрбір оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды және оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізетіндігі айқын көрсетілген. Сонымен қатар оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен оқушылардың біліктілігін анықтайтын бағалау критерийлері айтылған.

**Кілт сөздер:** бағалау, спиральды қағидат, критериалды бағалау, оқыту әдістері.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается как непрерывный процесс развития творчества педагога в условиях обновленного содержания образования. Каждый метод обучения, используемый учителями, имеет важное значение для обеспечения высоких стандартов обучения учащихся и оказывает существенное влияние на эффективность обучения. Также были изложены новые методы обучения и критерии оценивания знаний учащихся.

**Ключевые слова:** оценивание, спиральный принцип, критериальное оценивание, методы обучения.

**Abstract.** This article is considered as a continuous process of development of creativity of the teacher in the conditions of the updated content of education. Each teaching method used by teachers is essential to ensure high standards of student learning and has a significant impact on learning effectiveness. New teaching methods and criteria for evaluating students' knowledge were also outlined.

**Keywords:** assessment, spiral principle, criteria-based assessment, training methods.

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда педагог шешім қабылдауға қабілетті және ғылымдағы өзгерістерге тез әрекет ететін, кең жалпы және арнайы білімді игеруі тиіс. Осының барлығы бүгінгі күні адам өмірінің барлық салаларына күнбе күн енгізілуде. Сондай-ақ оған әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік, кәсіби құлшыныс, мұрат, құндылық, адамгершілік әуестілік, сыни тұрғыдан ойлауы, мәдениеттіліктің жоғары деңгейі, тұлғааралық қатынастың, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеудің заңдылықтарын білу де маңызды рөл атқарады десек қателеспейміз. Осы мәселелерді теориялық тұрғыдан түсіну педагогтердің кәсіби міндеттерін практикалық жолмен шешуді жүзеге асыруға жол ашады.

Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген үлгілердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы ортаның құрылуы. Әлемдік білім беру жүйесіне негізделген осындай басым бағыттар ұрпақты озық, саналы дара тұлға деңгейінде қалыптастырады деуге болады. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Елбасы Жолдауындағы «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясын өмірде іске асырудың негізі мектепте қалануына педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы маңызды да игі істердің бірі болып отыр. Орта білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру педагогтер үшін жеке тұлғаның дамуына ықпалын тигізетіндей игілікті істер мен қолдаудың қажеттілігі маңызды орын алуда [Электрондық ресурс: http://adilet.zan.kz.].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагогтің шығармашылығын дамыту үздіксіз үдеріс ретінде қарастырылады. Жалпы педагогтің шығармашылығы жоқтан туындамайды, ол өте кең және өзіндік ерекше сипаты бар даму кезеңдеріне сәйкес жылжу көрсеткіші бар үдеріс: өзіндік түсінігі бар білімді қолданудан білім беру үдерісінде мүлде дәстүрлі үйреншікті көзқарасын өзгертетін жаңаша амалды қолдану. Осы орайда біліктілікті арттыру барысында педагогтің шығармашылығын дамыту – бұл жинақ-

талған білімді игеруден басталып, тәжірибесін жаңартып, өзгеріс енгізу және сындарлы оқыту теориясының мәнін түсінудегі үрдіс болып табылады десе де болады. Жаңа формация мұғалімінің бойында мәселені көре білу, ойлаудың ерекшелігі мен икемділігі, қиялындағы сипаттай білу қабілеттілігі, сыни ойлауға және өзіндік бағалау деңгейі басым болуы керек. Осындай бірлік компоненттеріне бағытталған біліктілік арттыру жүйесіндегі әрекет мұғалімнің кәсіби дамуындағы міндеттерді шешу үшін қажет деп ойлаймын. Міндеттеріне пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру, педагогикалық тәсілдерді түсіну және қолдана алуды көздеген.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек [Әдістемелік құрал, 2015, 109 б.].

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуі және оны тиімді жүзеге асыра алуы болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған оқу бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Оған оқу мақсаттарын зерделей отырып тапсырмаларды, сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналасуға ықыласын туғызады.

Білім беру деңгейлері бойынша оқулықтар мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз етуге бірыңғай әдіснамалық тәсілдеме әзірленетін болады [3].

Курс аясында тыңдаушылар оқу бағдарламысының және оқу жоспарларының құрылымын талдауда факт, идея, әрекет және сұрақ қою арқылы өрбітіп, келесі қадамдарын айқындап отырды. Сонымен қатар, тиімді оқыту мен тиімді оқудың тәсілдерін қарастыруда белсенді оқу, бірлескен әрекет, саралау, оқушылардың қаджеттіліктерін қанағаттандырудың қадамдарын және белсенді оқытудың тиімді жолдарын өзара топтық және жұптық жұмыстар арқылы бірлесе шешіп, шешімін таба алды. Топтық жұмыстар барысында өзара сөйлеу мәнерін, сұрақ қою біліктілігін, жауап беруін, тыңдау мәдениетін сақтауын басқа топтағы әріптесінің пікірін бағалау және бағалау туралы пікірі мен белсенділігін анықтау арқылы жұмысының сәтті кезеңін, тапсырмалардың өзгешелігін, сабақ бойынша пікірін, сабақтан алған әсерлерін білдіріп отырады.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар XXI ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты.

Жаһандану заманы қоғамдық ірі өзгерістермен бірге ұлттық санамызды, халықтық қадір-қасиетімізді, даралық белгілерімізді жандандыруға жол ашты. Қазіргі таңдағы негізгі міндет-осы қасиеттерді кез-келген қазақ азаматының бойында қалыптастыру. Рухани дүниесі бай өскелең ұрпақ қана қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезіне алады. Ал рухани байлық беруде мектептегі барлық пәндердің орны ерекше. Сол себепті әр оқушының қызығушылық танымын қанағаттандыру үшін мектептерде элективті курстар жүргізіледі. «Электив» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «таңдаулы» деген мағынаны білдіреді. Қарапайым сөзбен айтқанда оқытудың негізгі үрдісін тоқтатпай, бірқатар пәндер бойынша оқушыларға қосымша білім беруді таңдау мүмкіндігі. Мектептегі элективті курстар білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал. Ол оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмі. Жақсы ұйымдастырылған элективті курстардың жүйесі оқушыға белгілі талап тілегіне сәйкес білім алып шығуына мүмкіндік береді. Элективті курстар мектептің жоғары сатысында профильді оқыту жүйесінде маңызды роль атқарады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Эстетикалық тәрбие мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталады. Эстетикалық тәрбие арқылы бала қоршаған ортадағы әсемдікті, үйлесімділікті көре білуге, алған әсерін шығармашылық жұмысында көрсетуге, бейнелей білуге үйренеді. Мектепте эстетикалық тәрбие барлық оқу-тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Баланы тәрбиелеуде әдебиет, музыка, бейнелеу өнері сабақтарының, сыныптан, мектептен тыс жұмыстардың маңызы зор. Эстетикалық тәрбие ақыл-ой, адамгершілік, дене тәрбиелерімен тығыз байланысты. Ол адамды рухани байытып, көркем-шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етуге тиісті.

Орта мектеп жасындағы балалардың эстетикалық мәдениетін тәрбиелеу Қазақстан үшін іргелі мәнге ие. Халықтың қазіргі заманғы мәдени-білім деңгейі құндылықтар жүйесіндегі өзгерістерге алып келді, бұл әсіресе орта мектеп жасындағы баланың рухани және адамгершілік дамуына, оның дүниетанымына әсер етті. Әлемдік әлеуметтік практика адамның рационалды және эмоциялық дамуы арасындағы бұзылыстар оны мәдениеттен, табиғаттан және өзінен шеттетуге әкеп соқтыратынын айқын көрсетеді.

Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек. Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды [Алмаханова Х., 1990, 301 б.].

Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

– Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;

– Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.

– Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қазақтың белгілі ғалымдарының бірі С. Ұзақбаева өзінің 1995 жылы жарық көрген «Тамырыы терең тәрбие» деген еңбегінде бүгінгі мектептегі эстетикалық тәрбиеге терең үңілген. Онда эстетикалық тәрбиенің маңызы және міндеттерімен қатар балаларға эстетикалық тәрбие берудегі ұлттық өнердің рөлін баса көрсеткен. Әсіресе ұлттық өнердің қасиетін бастауыш сынып оқушыларына, керек болса балабақшадағы балалардың бойына қалыптастырғанымыз жөн. Себебі ұлттық белгі осы ұлттық эстетика арқылы айқындалады [Ұзақбаева С.А.,1997, 181 б.].

Жалпы білім беру ұйымының оқудан тыс қызметінде эстетикалық тәрбие жүйесі оқушыларды әлеуметтендіру, олардың тұлғалық және зияткерлік дамуы міндеттерін шешудегі инновациялық құрал болып табылады. Оқушылардың оқудан тыс қызығушылығын ескеретін қызмет – бұл, жалпы білім беретін ұйымның басты педагогикалық мақсатына қол жеткізуге елеулі үлес қосатын, педагогикалық қызметті жетілдіретін, білімді адамды ғана емес, сонымен қатар рухани-адамгершілік, жан-жақты дамыған және шығармашылық тұлғаны тәрбиелейтін тұтас жүйе.

Қазіргі жағдайда біздің қоғамдық өміріміздің қажетті мәселелердің бірі – баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге енген эстетика еңбек, табиғат эстетикасы,адамдар қатынасы және жай-жағдай эстетикасы адамды сүйсіндіреді. Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет.

Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға үйрету қажет. Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакьді көруге, музыканы тыңдауға өте ынталы болады. Әр түрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс- әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін, балаларды көп ізденуге үйрету, бағыт беруұстаздардың басты міндеті.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында айтылғандай мектептің жүйелі дамуы тек қана педагогикалық мәселе емес. Білім жүйесін жаңарту мәселесінде мектептің бүкіл өмір салты, басқару жүйесі және оның өміріне қоғамның қатысуы үлкен маңызға ие. Мектеп бүкіл Қазақс-

тандық өмірде болып жатқан жағымды процесстердің – азаматтық қоғамның, құқықтық мемлекеттің, әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканың қалыптасуының көрінісі мен негізіне айналуы керек [Білім туралы Заң, 2008.].

Өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтау – жоғары сынып оқушысының жетекші қажеттіліктерінің бірі. Ол тұлғаның даму факторы ретінде әрекет етеді. Қазіргі мектепте бұл қажеттілікті қанағаттандырудың бір құралы – дифференциалды білім беру. Жалпы білім беретін мектептің жоғарғы сыныптарында білім беру мазмұны мен құрылымын модернизациялау стратегиясына сәйкес бейіндік білім беру оқу процесін дифференциациялау және индивидуализациялау құралы ретінде ұсынылады. Бұл оқушылардың мүдделерін барынша ескеруге және олардың қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бейіндік оқыту жеке тұлғаға бағдарланып, жалпы және кәсіптік білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, бейіндік сынып оқушыларын жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруға үйретуге арналған болуы керек [Краевский В.В., 1994, 188б].

Реформаның қажеттілігін соңғы жылдардағы зерттеулер растайды, бұл мектеп бітірушілердің құзіреттілік деңгейінің жеткіліксіздігі мен олардың функционалдық сауатсыздығын анықтады. Бүгінгі күні бастысы – шегі жоқ білімді өмір бойына үйрету емес, өздігінен білім алуды үйрету.

М.И.Махмутовтың пікірінше, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының кәсіби дайындығы әр түрлі объективті жағдайларға байланысты әрдайым, жеке жағдайларды қоспағанда, кәсіптік мектепке қарағанда төмен болды. Бұл материалдық ресурстардың, инженерлік кадрлардың және оқу жоспарындағы арнайы пәндердің жетіспеушілігі. Сонымен қатар өндірістік оқытуға уақыттың өте аз жұмсалуы.

Білім берудің студенттердің еңбегімен байланысы мәселесін талдай отырып, М.Н.Скаткин: «Егер оқу пәндерін өндірістік еңбекке бағындырар болсақ, білім жүйесі бұзылады, ал егер керісінше еңбекті оқу пәндеріне бағындырар болсақ, еңбек процесінің технологиялық бірізділігі бұзылады». Оқу мен жұмыс қатар жүруі керек және осы екі процесті жасанды түрде байланыстырудың қажеті жоқ деген пікірді сынға ала отырып, М.Н. Скаткин: «Еңбекпен байланыс – теориялық дайындық практика жолын жарықтандыратындай, ал еңбек студенттердің білімін байыта түсетіндей және теорияны саналы түрде игеруге көмектесетін етіп жасалуы керек деп баса айтты [Скаткин М.Н., 1960, 46б].

Еліміздегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлардың өзгеруі, білім мен тәрбие жүйесіне, соның ішінде профильді оқытуға тікелей әсерін тигізіп отыр. Е.Д.Днепровтың ойынша: «Білім беру реформасының қазіргі заманғы басты шарттарының бірі – «Жаңа қоғамды ескі мектептің негізіне салу мүмкін емес» [Днепров Э.Д., 1989, 48б] Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарында айтылғандай, еліміздің XXI ғасырдың таяудағы екі-үш онжылдығындағы даму қажеттіліктеріне білім беру жүйесін сәйкестендіру қажет. Елді модернизациялау білім беруді модернизациялауға негізделген [Молчанов, В.И., 1971, 216 с].

Мамандандырылған оқытуды енгізу біздің азаматтарымыздың білім деңгейін көтеруді көздейді. Өйткені әлемнің көптеген дамыған елдерінде білім мазмұны профиль принципі негізінде жасалынатынын білеміз. Стратегиялық міндеттердің бірі бойынша бейінді оқыту қоғамның барлық салалары үшін білімді кадрларды даярлауды талап етеді.

Бүгінгі таңда бұл проблема елдің экономикалық дағдарыстан шығуы үшін ең маңызды болып табылады.

Барлық жаңашылдығымен бірге, мамандандырылған білім идеясы бастапқыда біз ойлағандай революциялық емес.

Кеңестік кезеңдегі мамандандырылған оқытудың дамуына келер болсақ, 1918 жылы бірінші Бүкілресейлік педагогтардың конгресінде мектептің жоғарғы сыныптарында білім мазмұнын ашуды көздейтін «Біртұтас еңбек мектебі туралы ереже» жасалғанын атап өткен жөн. Орта мектептің жоғарғы сыныптары үш бағытқа бөлінді: гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық және техникалық [Давыдова В.В., 1993, 845 с.].

1932 жылдан бастап жалпы білім беретін мектеп бір негізгі міндетке – жоғары оқу орындарына ғылым негіздерін жетік меңгерген, сауатты адамдарды даярлауды жүктеді.

Алайда, 1932 жылдан бастап мектептің университеттің басты назарына шоғырлануы біржақты болуға, жастарды оқытудағы кейбір абстрактылыққа, мектеп өмірінен алшақтауына әкеліп соқты. Орта мектепті қайта құру «мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО – да халықтық білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заңына сәйкес 15-16 жас аралығында барлық жастар қоғамдық-пайдалы жұмысқа қосылуы тиіс. Оның негізгі білімі өндіріс пен ауылшаруашылығындағы өнімді еңбекпен байланысты болады.

1966 жылы орта мектептің жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында мектеп оқушыларының қызығушылықтарына сәйкес білім беру мазмұнын саралаудың екі нысаны енгізілді: 8-10 сыныптардағы элективті сыныптар және үнемі дамып келе жатқан пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер.

Мұндай сараланған білім беру жүйесі тәжірибе көрсеткендей, жалпы және политехникалық білім деңгейінің жоғарылауына және студенттердің кәсіби дайындығының жоғарылауына ықпал етті. Дифференциалды оқыту, студенттердің қызығушылығы мен бейімділігіне сәйкес мамандық пен білім саласын таңдау мүмкіндігін ашады, таңдаған мамандығының негізгі пәндері бойынша сабақтарда олардың тұрақты мүдделерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды [Никитин А.А., 2001, С. 166-171].

Алайда, М.А. Мельников барлық мектептерде дифференциалды білім беру идеясын жүзеге асыру белгілі бір қиындықтар туғызатынын айтады. Жалпы, политехникалық және кәсіптік білім деңгейін көтеруге бағытталған дифференциалды білім беру принциптерін жартылай жүзеге асыру кез-келген орта мектептің жұмыс жағдайында мүмкін болады [Мельников М.А., 2000, 44 с.].

80-жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың

басында елде студенттерді элективті оқуға тереңдетуге бағытталған оқу орындарының жаңа типтері пайда болды (лицейлер, колледждер, гимназиялар). Сонымен қатар, мамандандырылған (бейінді) өнер, спорт, музыка және басқа мектептер көптеген жылдар бойына қарқынды дамып келеді.

Мамандандырылған білім беруді дамыту мәселесі шетелдік білім үшін де жаңа нәрсе емес. Шетелдегі заманауи мектептің жалпы тенденциясы – оқушылардың бейімділігі, қызығушылығы және оқу үлгеріміне сәйкес саралап оқытуды күшейту, сонымен қатар бейімділік пен қызығушылық бойынша саралау бір уақытта жүзеге асырылады. Дифференциацияның негізгі формалары – оқу орындарын әр түрлі типтерге байланысты бөлу және бір мектеп ішінде ағымдарға (профильдерге) бөлу.

Батыстағы білім мен оқытуды саралау американдық үлгі бойынша жасалынып келеді. Америка Құрама Штаттарында саралау ресми түрде кіші орта мектепте басталады, онда оқушылар баяу,орта және тез болып 3 топқа бөлінеді. Мысалы, Германияда бастауыш сынып оқушылары екі негізгі жүйеге сәйкес сараланады: АВС және КТНБ. Олардың біріншісінің мәні – оқыту деңгейі бойынша бөлінетін студенттердің үш ағымының болуы: алдыңғы қатарлы (А), орташа (В), төмен (С). Екінші жүйе – бұл іс жүзінде әр 0,5 академиялық жылда келесі параметрлер бойынша өткізілетін қабілеттерге қарай саралау бағдарламалары: кәсіби курс (К), тереңдетілген курс (Т), негізгі курс (Н), бейімделген курс (Б).

Элективтілік принципі ақыл-ой даму деңгейі жоғары балаларға қатысты жақсы жұмыс істейтіні белгілі болды. Мұндай оқушылар таңдаулы пәндерді әмбебап деңгейге жақындата отырып, қатты техникалық базада оқыды. Бірақ жоғары сынып оқушыларының көп бөлігі (75% дейін) утилитарлық типтегі отбасылық өмірге, үй шаруашылығына дайындық, спорт және т.б. сынды элективті бағдарламаларды таңдағанды жөн көрді.

Мектептердің элективті курстармен шамадан тыс профильденуі – азаматтардың білім деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Осыған байланысты біздің білім беру жүйемізде арнайы білім беру тұжырымдамасыніске асыруда осы жаңашылдықтың теріс салдары ескерілуі керек.

**Қорыта келгенде,** біз тұлға тәрбиелеуде бір ғана емес бірнеше маңызы бар факторларға назар аударуымыз керек екенін түсіндік. Тұлғаның қалыптасуы – сыртқы ортаның әсерінен бағытын өзгерту арқылы үздіксіз жүріп отыратын процесс. Баланы эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуден бастау алып, оны бейімділігіне қарай бағыттауға дейінгі кезең ең маңызды болып табылады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарастарды тәрбиелеу – тәрбие барысының зейін салуды, күн санап өсіруді талап ететін мәселесі. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің емес еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдікжақтары ықпал етеді. Эстетикалық тәрбиенің маңызды міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту. Осыған орай, мектепте оқушылардың ықтимал мүмкіндіктерін және қабілетін барынша ашу керек. Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі тұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі, демалысы эстетикалық бағыттатиімдіұйымдастырылса,олөз өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады және тұлға ретінде даму барысында бағыты дұрыс қалыптасады.

Эстетикалық тәрбие мен элективті курстардың қаншалықты байланысы бар екені анықталды. Баланың бейімділігінің өзі ең алғашқы берілген тәрбиемен астасып жатыр екен. Алдымызға қойылған міндет саналы, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу болса, әрбір деталға мән берген абзал. Ендігі нәтиже дұрыс қаланған іргетасқа байланысты болмақ!

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Алмаханова Х. Жас өспірімдерге эстетикалық тәрбие. Әдістемелік нұсқау. – Алматы, 1990.
2. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. -Алматы: Білім,1997.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
4. Краевский, В.В. Методология педагогического исследования В.В, Краевский. – Самара, 1994, – 212 с.
5. Скаткин М.Н. О дидактических основах связи обучения с трудомучащихся/М.Н. Скаткин// -М.-.Учпедгиз, 1960. – 46 с.
6. Днепров Э.Д. Школа и общество // СБ. Новое педагогическое мышление – М.: Педагогика, 1989 – С.48.
7. Молчанов, В.И. Анализ документов, подлежащих статистической обработке [Текст] / В.И, Молчанов. – Социальные исследования. Методологические проблемы исследования быта. – М.: Наука, 1971-Вып.7.-216 с.
8. Российская педагогическая энциклопедия: / Под. ред. В.В. Давыдова. Т. 1-М.: Научное издательство «Большая Российская энциклопедия», 1993 – 845с.
9. Никитин А.А. Основы дидактики специализированного образования /А.А. Никитин// – Новосибирск: Издательство ИДМИ. Научное издание, 2001 -С. 166-171.
10. Мельников М.А. Дифференцированное обучение /М.А.Мельников //Педагогическая энциклопедия. Т. 1. С.44.

**Тохтарбаева Арайлым Баймуханбетовна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Зайнуллина Қарашаш Болатқызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІ МЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада шығармашылық тапсырмалардың түрлері мен шетел тілінде қарым-қатынас құзыреттілігін бағалауға қатысты ақпараттар берілген. Мектеп қабырғасынан келген оқушылардың шетел тілін меңгеру мен сөйлеу деңгейлері әртүрлі болғандықтан жоғары оқу орындарында үш тілде оқытудың элементтерін біртіндеп енгізу қажеттігі көрсетіледі. Қарым-қатынас құзыреттілігі білім алушылардың басты кәсіби қабілеттерін ашады.

**Кілт сөздер:** шығармашылық тапсырмалар, қарым-қатынас құзыреттілігі, оқыту элементтері, қажеттілік, сапалық көрсеткіштер.

**Аннотация.** В данной статье представлена информация о видах творческих заданий и оценке компетенций общения на иностранном языке. В связи с разным уровнем владения иностранным языком и уровня речи учащихся, прибывших из стен школы, в высших учебных заведениях указывается необходимость постепенного внедрения элементов обучения на трех языках. Коммуникативная компетентность раскрывает основные профессиональные способности обучающихся.

**Ключевые слова:** творческие задачи, коммуникативные компетенции, учебные элементы, необходимость, качественные показатели.

**Annotation.** This article provides information about the types of creative tasks and assessment of communication skills in a foreign language. Due to the different level of foreign language proficiency and the level of speech of students who arrived from school, the need for gradual introduction of elements of teaching in three languages is indicated in higher education institutions. Communicative competence reveals the main professional abilities of students.

**Keywords:** creative tasks, communicative competence, educational elements, necessity, quality indicators.

## КІРІСПЕ

Педагогикалық инновацияға, жаңа тәрбиеге даяр жаңа формация мұғалімдерін даярлау соңғы уақыттарда кеңінен айтылуда. Білім беру жүйесіне жаңалықты (инновациялық) үдерістердің енуіне байланысты жаңаша ойлауға қабілетті, жоғары мәдениетті, қоғам мен мектептің алдына қойылған міндеттерді айқын түсінетін жаңа формация мамандарын кәсіби даярлау мәселесі көкейкесті болып табылуда. Жоғары оқу орындарында оқу жұмыстарының міндетті түрлеріне дәріс, семинарлар, лабораториялық-практикалық сабақтар, курстық жұмыстар, консультациялар, коллоквиумдар, сынақтар,емтихандар жаңаша бағытты ұстанды. Яғни жоғары оқу орындарында кеңінен тараған оқыту формаларына қазіргі таңда жаңа сипат берілген.

Шығармашылық қасиетті адам баласының бойында қалыптастыруда өз өнерінің бересі мол. Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы,оқыту, білім беру жүйесіниңалдына баланың жеке қабілеті мен әлуметтік белсенділігің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Оқушыны оқу-тәрбие үрдісі негізінде дамыту мәселесі-бұл көп жылдар бойы көптеген ғалым психологтардың, педагогтардың, практик-мұғалімдердің пікірталас тудырып келген және күні бүгінге дейін күн тәртібіне түспей келген мәселе. Психологиялық-педагогикалық бағыттағы әдибеттерге, теориялық материалдарға, сүйенсек, оқушының жалпы дамуы негізгі үш факторға сай жүзеге асады:

*біріншісі* – әлуметтік;

*екіншісі* – биологиялық;

*үшіншісі* – тәрбие, яғни оқу-тәрбие үрдісі.

Ғалымдардың пікірінше, осы үш фактордың ішінде тәрбиенің яғни оқу-тәрбие үрдісінің рөлі зор.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдау-

ларында және басқа да көптеген ресми құжаттарда, білім беруге қатысты мемлекеттік бағдарламаларда ең маңызды міндет ретінде тұлғаның рухани және дене мүмкіндіктерін ашу, берік адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, әрбір тұлғаның шығармашылық әлеуетін айқындау үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы ақылпарасатты байыту, оның дербестігін жетілдіру міндеттері қойылған болатын. Осыған байланысты көп мәдениетті ортада көп тілді құрылымды оңтайландыру жағдайында тұлғаның коммуникативтік қабілеттерін дамыту проблемасы ерекше маңызға ие болуда [Жолдау, 2018].

Себебі, қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр. Сондықтан көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл студенттердің халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Біз білім алушылардың оқу жетістігін бағалау үшін мынадай екі мәселенің төңірегінде қарастыруға талпындық:

1) шығармашылық тапсырмалар арқылы креативтілік қабілеттерін бағалау;

2) шетел тілі пәнін оқытуда қарым-қатынас құзыреттілігін бағалау.

Сонымен білім алушыларды сөз өнеріне баулып, үйрету үшін қажетті жағдайлардың мазмұнана тоқталып өтсек:

– мұғалім, ең алдымен, топта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін оның назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. Яғни, білім алушылардың назарын арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма – түрлі тапсырмар, жаттығу, ойын ұсынған жөн;

– әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білу керек;

– шығармашылық жаттығу ойын – тапсырмалардың жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек;

– тапсырма – міндет пен танысқаннан кейін жұмысқа кіріседі.

Мұғалімнің ең үлкен *міндеті*:

– білім алушылар белгілі бір көркемдік шешім туып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы:

– шығармашылық пен жеке-дара білім алушы емес, топтың, ұжымның бүкіл білім алушыларын ойлауына жағдай, мүкіндік туғызу;

– мұғалім – білім алушылар үшін қарапайым жан. Ал егер ол оқиға сюжет құруға, образ жасауда жазушылық шеберлік танытса, білім алушылар ерекше еліктейді. Өздерінің күшіне деген сенім қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің шығармашылықпен айналысы және өзінің жасаған дүниелері жөнінде білім алушылармен пікір алмасуы заңды;

– шығармашылық үшін психологиялық қауіпсіздік, еркіндік, ашықтың, бостандықты қамтамасыз ету;

– шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар:

а) «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген тыс қорқыныш сезімі;

б) өзіне-өзі тым риза болмаушылық, сезімі(-не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін-өзі жек көреді);

в) жалқаулық.

Осындай жағдайларда оқушыны құтқарудың жолдарын табу:

– білім алушылардың шығармашылық пен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу;

– шығармашылық бағытқа білім алушыларды жүйелі саналы түрде қалыптастырып отыру;

– мұғалім көркем шығармашылық түрлеріне үйретіп, баулу үшін көркемдік өлшемдермен өзі де қаруланууы керек. Көркем шығарманың, әдеби процесстің механизмін түсінбейтін мұғалім оқушыны әдеби шығармашылыққа үйретіп бауламақ түгілі, оқушы жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін танида алмайды.

Мұғалім білім алушылардың шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісіне мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

– тапсырманың мазмұнын ойлап табу;

– шығармашылық міндеттері оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;

-көркем шешім табу, оқиға құру,образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

Міне, осындай шығармашылық тапсырмалардың бірі – адамзат дамуының алғашқы кезеңдеріне саяхат жасау.

*Тапсырма-1.* Суретке қарап әңгіме құрастырып салыстыру

*Тапсырма-2.* Кесте толтыру

**Ежелгі Тас дәуірі**

| Міндеттер | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| Жабайы аңдарды аулау | | |
| Жидектер мен тамырлар жинау | | |
| Отты өшірмеу | | |
| Киім тігу | | |
| Еңбек құралдарын дайындау | | |

*Тапсырма-3.* Тастан жасалған еңбек құралдары қалай аталады?



_____
_____
_____
_____

Дәстүрлі оқыту формалары үшін әдістәсілдер ойластырылған; кеңінен қолданылып жүргендердің ішінде ерекше орын алатыны оқытудың белсенді (активті) және аралық белсенді (интерактивті) әдістері.

Біз жоғарыда тарих пәндерін оқытуда білім алушылардың креативтілік қабілеттерін шығармашылық тапсырмалар арқылы бағалауға болатындығын көрсеттік. Шығармашылық тапсырмалар білім алушылардың сыни ойлауын, креативті әрекетін және өз бетімен ойлау қабілеттерін арттырады. Осы қабілеттерді айшықты түрде жүйелеу білім аулшылардың креативті қабілеттерін бағалауға септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта ағылшын тілін білім беру жүйесінде оқытудың әдістемесін, оның қағидалары мен салыстырмалы сипаттамаларын төмендегідей топтамда атап көрсетуге болады.

1. Ағылшын тілін оқытудың қазіргі әдістемесі: коммуникативтік әдістеме; жоба әдістемесі; интенсивті әдістеме; іс-әрекеттік әдістеме; қашықтықтан оқыту әдістемесі.

2. Ағылшын тілін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің әдістемелік ұстанымдары [Дарибаева А., 2013, 19-21 б.].

Коммуникативтік әдістеме:

– қарым-қатынас арқылы шетелдік мәдениеттің барлық аспектілерін игеру ұстанымы;

– шетелдік мәдениет аспектілерін өзара байланыста оқу ұстанымы;

– шетелдік мәдениет аспектілері мазмұнын модельдеу ұстанымы;

– оқу үдерісін кванттау (оқу үдерісінің құраушыларын (мақсаты, құралы, материалдары, т.б. бөлу) және бағдарламалау негізінде басқару ұстанымы;

– шетел тілін оқытуды ұйымдастырудағы жүйелік ұстанымы;

– шетел тілін ситуация негізінде өзара қарым-қатынас ретінде оқыту ұстанымы;

– шетел тілін игеруді жеке даралау ұстанымы;

– шетел тілін игеруде оқушылардың, студенттердің өз бетінше жұмыс жасауын және сөздік ойлау іс-әрекеттерін дамыту ұстанымы;

– шетел тілін оқытудағы функциональдылық ұстанымы;

– шетел тілін оқытудағы жаңалықты ұстанымы [Бұлақбаева М.К. 2016, 216б].

Қазір дарынды балаларға арналған мектептерде, жоғары оқу орындарында біртіндеп үш тілде білім беру мәселесі іске асырылып келеді. Ал жай мектеп оқушыларына бұл жаңалықтарды енгізуде көп қиындықтар туындауы мүмкін. Мектеп қабырғасынан келген оқушылардың шетел тілін меңгеру мен сөйлеу деңгейлері әртүрлі болғандықтан жоғары оқу орындарында үш тілде оқытудың элементтерін біртіндеп енгізу қажеттігі туындайды.

Біз зерттеу жұмысымызда филолог-студенттердің шет тілінен қарым-қатынас құзыреттілігін арттыру мақсатында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 3-курс студенттерімен ашық түрдегі сауалнама алдық. 311 және 312-топтардың 40 студенттері қатысты (Кесте 1) және (Кесте 2)

Кесте-1. 311 және 312 – топ студенттерінің сауалнамаға жауаптары

| **сұрақтар** | **Бағалау көрсеткіштері** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **311-топ** | | | **312-топ** | | |
| | **нақты (10-7)** | **орташа (6-3)** | **жауап жоқ (2-1)** | **нақты (10-7)** | **орташа (6-3)** | **жауап жоқ (2-1)** |
| Қарым-қатынас құзыреттілігін қалай түсінесіз? | 2 (10%) | 13 (65%) | 5 (25%) | 3 (15%) | 12 (60%) | 5 (25%) |
| Қарым-қатынас құзыреттілігін қалай бағалауға болады? | 1 (5%) | 11 (55%) | 8 (40%) | 2 (10%) | 10 (50%) | 8 (40%) |
| Тест жүргізу арқылы қарым-қатынас құзыреттілігін бағалауға болады ма? | 3 (15%) | 13 (65%) | 4 (20%) | 3 (15%) | 15 (75%) | 2 (10%) |
| Өзіңіздің шет тілінен қарым-қатынас құзыреттілігіңізге қандай баға бересіз? | 4 (20%) | 12 (60%) | 4 (20%) | 5 (25%) | 12 (60%) | 3 (15%) |

Кестеден, сұраққа жауап беру барысында 2 топтың 24 студенті орташа деңгейде жауап берді. Логикалық деңгейде ойлана алады, дегенменде педагогтың көмегін қажет етеді. Сұраққа жауап беру барысында 2 топтың 7 студенті мулдем жауап жазбады, бұл студенттер сауалнама алу барысында беймаза,ешқандай қызығушылықтары болмай жауап берген студенттер (Сурет 1) және (Сурет 2).




*Сурет 1* – 311-топ студенттерінің жауап диаграммасы *Сурет 2* – 312-топ студенттерінің жауап диаграммасы

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қортынды жасай келе, біз саулнама жүргізу уақыт жағынан өте тиімді тәсілекенін байқадық. Біз 311-ші топты бақылау тобы деп алып, 312 топты эксперименттік топ ретінде алып олармен лекциялар, кездесулер ұйымдастырдық. Осының нәтижесінде біз 312 топтың сауалнама нәтижесінен деңгейлерінің өскенін көре аламыз.

Қазақстан жағдайында өзінің ана тілін, мемлекеттік тілді және орыс тілін тең дәрежеде меңгерген жеке тұлға, ана тілін, мемлекеттік тілді және шетел тілін меңгерген жеке тұлға, ана тілін (қазақ тілі), орыс тілін және бір шетел тілін меңгерген жеке тұлға сияқты үштілділіктің сан алуан үлгілері көрініс береді. Демек, үштұғырлы тілдік жағдаяттың республикадағы өзіндік әлеуметтік-лингвистикалық сипатының ерекшелігі бар.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. 2007 жылғы Жолдауынан бастау алған тіл саясаты туралы//Мәдениет – 2008. – №6. – 52-53 б.

2. Дарибаева А. Жеке тұлға қалыптастыруда үш тілде оқытудың рөлі//Средняя школа Казахстана. – 2013. – №4.– 19-21 б.

3. Бұлақбаева М.К. Шығармашылық әлеуетті дамыту жолдары//Хабаршы. Педагогикалық сериялар. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, № 6(12). – Б. 13-18.

**Төсбай Зарина Серікқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Сейіт Гүлжанат Берікқызы,**
2-курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті,
Қазақстан, Алматы қ.,
E-mail: gulzhanat_96.96@mail.ru

# ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада оқушылардың білім құндылықтарын арттыру мақсатында түрлі тесттерді пайдаланудың жолдары көрсетіледі. Құндылық бағдарларға тұлғаның тұрақтылығын қамтамасыз ететін, оның бүкіл өмірін анықтайтын тұрақты бағыттар қалыптасқан. Тест оқушы білімін, іскерлігі мен дағдысын тексерудің немесе оқушы білімінің белгілі бір сапалық қасиеті бар-жоғын тексерудің ерекше формасы болып табылады. Тарихи тұрғыдан тесттердің ең көне түрі оқушылардың дарындылығы немесе олардың ақыл-ойының жалпылама даму барысын тексеруге қолданылған.

**Кілт сөздер:** тест, тапсырма құндылық, бағдар, білім беру жүйесі, бағалау.

**Аннотация.** В данной статье раскрываются пути использования различных тестов с целью повышения ценности знаний учащихся. К ценностным ориентирам сформированы устойчивые направления, обеспечивающие стабильность личности, определяющие всю его жизнь. Тест учащийся является особой формой проверки знаний, умений и навыков или проверки наличия знаний учащегося определенного качества. С исторической точки зрения наиболее древняя форма тестов использовалась для проверки обобщенного хода развития одаренности учащихся или их интеллекта.

**Ключевые слова**: тест, задание ценность, ориентация, система образования, оценка.

**Annotation.** This article describes ways to use various tests to increase the value of students' knowledge. To the value orientations formed stable directions that ensure the stability of the individual, defining his entire life. The learner test is a special form of testing a student's knowledge, skills, or knowledge of a certain quality. From a historical point of view, the most ancient form of tests was used to test the generalized course of development of students' giftedness or their intelligence.

**Key words:** test, task value, orientation, education system, estimation.

## КІРІСПЕ

Еліміздің егемендік алуымен байланысты әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларымыздың барлық жақтарында жаппай өзгерістер, жаңа бастамалар мен серпімді қадамдар жүргізіліп жатыр. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың: «Бәсекеге кабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» Жолдауында атап өткендей «Ұлттық бәсекелестің қабілеті бірінші кезеңде білімділік деңгейімен айқындалады» деп атауы, білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас қалыптастыруды міндеттейді.Білім – бүгінгі күнгі жаһандану жағдайында өркениеттіліктің әрі өлшемі, әрі тетігі, құндылығы болып табылады. Өлшем болатын себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық та дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне байланысты бағаланады. Жаңа типті мектептерде қалыптастырылған сапалы білім сол өркениеттіліктің тетігі болып табылады. Себебі, адамзат баласын тамсандырған таңғажайып жаналықтар қашан да білімді – құндылық деп біліп, соған бүкіл мүмкіндіктерін жұмсаған [2020-2025 жж. Тұжырымдама, 10 б].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тесттер мен олардың айналасындағы материалдар тек ғалымдар зерттеуіне ғана өзекті материал болып қалмай, оқу процесіне жаңа педагогикалық және ақпараттық тәсілдер мен технологияларды енгізу мақсатында білім жүйесін басқару органдары да қызықтыра бастады. Осы факторлар қолданылатын тесттердің сапасын көтерумен қатар, олардың бүгінгі пайдалану аймағын да анықтау жүйелерін даярлауға әкеліп отыр. Мұндағы бір айта кететін мәселе – кез келген бір тестің қолдану аясы оның мазмұндық, технологиялық және де басқа ерекшеліктеріне тәуелді болатыны, осыған орай педагогтар пайдалануындағы тест материалдарын топтарға бөліп жіктеу (классификациялау) қажеттілігі туындап отыр [Каланова Ш.М., Усенбаева М.А., 1998, 25 б.].

Тест материалы немесе тест деген түсінік әрбір сұраққа сәйкес оның мүмкін болатын бірнеше жауаптарымен бірге берілген тапсырмалар жиынын білдіреді. Тест материалдары көбінесе бланк түрінде немесе компьютерге арналған бейнелеу формасында беріледі, онда оның дұрыс жауаптарымен бірге келтірілген сұрақтар,

оның бағалау критериі немесе нормасы, нәтижелерді есепке алу процедурасы, яғни шкаласы, оқушылардың тест жауаптарын қалай толтыру керектігі жайлы нұсқаулар және т.б. болады. Егер тест алу компьютер арқылы жүргізілсе, онда тест материалдары тест тапсырмаларының арнайы банктерінде жинақталып тұрады да, олардан сұрақтар вариантын қандай тәсілмен алуға болатыны жайлы нұсқау беріледі. Тесттердің осындай параметрлері оларды жіктеудің белгілі бір критериіне сәйкес оны тесттің қай түріне жатқызуға болатындығының айғағы болып табылады. Екінші жағынан, тест материалын бір топқа кіргізу оны жасаушылардың алдына қойған мақсатына байланысты тесттердің қандай да бір болмасын қасиеттерге, технологияларға қарай реттеуге тура келеді. Реттеліп, мақсат қойылып құрылған тест тапсырмаларын қолдану оқу процесінің сапасына, яғни оқу нәтижесіне әсер етеді

Бұл зерттеулерде болашақ педагог мамандардың құндылық бағдарды қалыптастыруда еліміздегі құндылық бағдарды қалыптастыру теориясы мен мазмұнының дамуына жан-жақты талдау жасамай нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі төмен деп саналғаны айқындалды. Осы тұрғыда құндылық бағдарды қалыптастыру адамгершілік тәрбиесінің нәтижелі көрсеткіші ретінде қабылдануы тиістігі, тек адамгершілік тәрбиесінің теориялық және эмпирикалық мазмұнын талдау, қорытындылау арқылы құндылық бағдардың құрылымдық мазмұнын айқындау мүмкін болады деп саналады.

Осыған байланысты, тәрбиеленуші мен сыртқы әлем арасындағы шынайы қарым-қатынастар жүйесінен педагогикалық зандылықтар сипатына ие болатын объективті себеп-салдарларын айқындап, атап өтуге тиістіміз деп санаймыз. Бұл орайда жалпы педагогикалық процестегі тәрбие қызметі мен даму заңцьшықтары арасынан бастысын жеке атап көрсету қажет, ол – жеке тұлға дамуына бағытталған бағдар. Жеке тұлғаның жалпы мәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсіби дамуы неғұрлым өзара үйлесімді болса, адам мәдени-гуманистік қызметін жүзеге асыру барысында соғұрлым еркін және шығармашыл болмақ [Бидайбеков Е., Сағымбаева А., 1997].

Мұғалімнің сабақтар жүйесінде оны дұрыстап ұйымдастыра білуі көптеген жағдайда оқу –тәрбие процесінің табысты болуының оң кепілі. Ол үшін мұғалім оқушының оқу материалының меңгеру деңгейін, сапасы мен көлемін үнемі анықтап отыруы тиіс. Бұл бағытта оқушылардың сабақтар жүйесінде білім, біліктілік және дағдыларды есепке алу, бақылау және бағалаудың маңызы ерекше. Бақылаудың көмегімен теориялық білімді меңгерудің сапасы, біліктілік пен дағдының қалыптасу деңгейі анықталады. Сонымен қатар тесттік тапсырмалары дұрыстап, қойылатын мақсатқа сай деңгейлеп дайындайтын болсақ, онда тестілеуді негізгі тексеру және бақылау қызметімен қатар оқушыны оқыту, үйрету, оның алған білімін бекіту құралы ретінде пайдалануға болады. Сол ұшін оқу үрдісінде тестілеудің тек бір формасын ғана емес, оның әртүрлі формаларын және типтерін пайдаланған жөн.

Әр адамның мінез-құлқының негізгі сипаттарының бірі— оның бағдары. Әр адамның өмірдегі бағдарының әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан дамуының оның оқып, білім алуы, мен тәрбиелеуі үшін маңызы зор екеніне ешкім күмән келтірмейді. Алайда, әр адамның бағдары деген ұғымның өте күрделі категория екенінде айту керек.

Адамның іс-әрекеті әр нәрсеге итермелейтін, ішкі ойын іске асыратын қозғалысқа келтіретін дұрыс шешуін күттіретін мәселе. Оны дұрыс шешкен жағдайда ғана адамның құндылық бағдары ұғымының мәнін түсінуге болады. Бұл мәселе бойынша қоғамда әр түрлі көзқарас бар.

Ғалымдардың бір тобы (Л.И. Божович, М.М. Неймарк, В.В. Ильин және басқалар) адамның бағдары оның тұтынушылық қасиетіне байланысты десе, екінші бір тобы (Г.И. Щукина, В.А. Ядов, И.С. Кон) тұтынушылық, қызығушылық,мақсат қою өмірдегі іс-әрекеттермен бірігіп қалыптасады дейді.

Адамның құндылықтарды сезінуі – қоғамдық болмыстың айнасы болып табылатын қоғамдық сананың қалыптасуы үшін аса қажет. Құндылық бағдарды сезіну: құндылықтарға өз бетінше жасырын түрде ұмтылу, жеке идея, бір жүйеге келтірілген, ой санадан өткізілген құндылық қана адамның сол құндылықты меңгеруге деген қоздырғыш күші тудырады.

Алайда, құндылық бағдар, оның маңыздылығы, жеке тұлғаны құндылықтарға бейімдеу, құндылық бағдардың қалыптасуына әсер етуші фактор, олардың сипаттары туралы, әсіресе, біздің Қазақстандық педагогика, психология ғылымдарында жетік көңіл бөлінбеген. Тағы бір айта кететін жайт, құндылық бағдардың мәні мен құрылымы туралы нақты көзқарас жоқ. Жеке адамның өмірдегі орны оның іс-әрекеттері, сол әрекеттің адамның жасына, қоршаған ортасына қарай өзгеріске ұшырау себептері, оқу тәрбие жұмыстарын құндылықтарға негіздеп жүргізу, яғни оқушы жастарды құндылықтарға бейімдеу қоғамда өз орнын табу, экономикалық тұрғыдан еркін ойлау қабілетін қалыптастыру ісі жете зерттелмеген [И. Журавлева, 1972, 165 с.].

Жеке тұлға дамуының мотивация саласы жеке тұлғаның құндылық бағдары, жеке тұлғаның құндылық бағдар процесі, жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасы және жеке тұлғаның құндылық бағдар процесінің ғылыми әдістемелік жүйесін меңгеруге, қалыптастыруға деген ынта-ықылас пен қызығушылықтың пайда болуымен анықталады.

Тест (байқау,тексеру) – оқушының білімін, іскерлігін және дағдысын тексеретін стандартталған тапсырмалар жинағы. В.П. Беспалько тест тапсырмаларын білімге қойылатын талаптарға сәйкес тест деңгейлерін жасаған:

1-деңгейдегі тестілер оқушылардың жалпы түсінігін тексеруге арналған тапсырмалар. Бұл деңгейде оқу процесінде берілген жалпы ақпараттар, яғни теорияның негізгі мәселелерін білуін тексеру.

2-деңгейдегі тестілер оқушылардың бұрынғы алған білімдерін есте сақтап, оны жауап беруде

қолдана білуін тексеру.

3-деңгейдегі тестеілер, яғни оқушылардың бұрын алған білімдерін практикада қолдана білуін тексеру.

4-деңгейдегі тестілер оқушылардың бұрын алған білімдері мен біліктілігінің арқасында, жаңа, тың идеялар қалыптасуын анықтауға арналған тапсырмалар. Оқыту мен білімді бағалаудың жаңа технологияларын ендіру педагог қауымның тесттерге деген қызығушылығын арттыруда. Көптеген педагогикалық жаңалықтардың бірі болып табылатын тестік жүйе оқушылардың білім, білік, дағды дейгейін объективті бағалауға, оқушыларды даярлау талаптарының берілген стандарттарға сәйкестігін тексеруге, оқушылар даярлығындағы қиын мәселелерді анықтауға жол ашады [А.И. Пискунова, Г.В. Воробьева, 1979].

Оқыту үрдісін тестік тапсырмалардың көмегімен информатикадан білім сапасын бағалауды қамтамасыз етудің объективтік қажеттілігі, оқыту теориясы мен практикасында білімді тестік әдіспен бағалаудың жеткілікті деңгейде қаралмағандығы осы зерттеу жұмысын таңдап алуға негіз болды. Тест – нақты пән облысынан оқушының білімі мен эксперттік білім моделі сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзара байланысқан тестік тапсырмалар жинағы. Сабақтарда тестік тапсырмаларды пайдалану жақсы нәтижелер беріп келеді. Тестерді тұрақты пайдалану мен информатикалық диктанттар өткізу білімді жүйелі түрге келтіру, осының салдарынан білімсапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Оқу орындарында компьютердің кеңінен қолданылып, интернетке қосылып, өмірімізге белсене араласуына байланысты кейінгі кезде оқушылардың жұмысын бағалаудың өзі әртүрлі тест программалары арқылы компьютерге жүктеліп, соның міндетіне кіріп келеді [Донцов А.И., 1971, 180 б.].

Әр пәннің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес оқыту процесінде пайдаланылатын тестік тапсырмалардың да өзіндік ерекшеліктері бар болады. Берілетін сұрақтарды және тапсырмаларды нақты, жеткілікті анық, түсінікті және ой тұжырымын жасауға ыңғайлы етіп жасау қажет. Осыған сәйкес тестердің жауаптарды да қойылған мақсатқа сай мүмкіндігінше қысқаша, нақты, анық және дәл болуы тиіс. Осы айтылған ғылыми тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып дайындалынған тестік тапсырмаларды мұғалімнің күнделікті сабақта пайдалануына ыңғайлы болу үшін, тестік сұрақтарды әр жеке тақырыпқа арнайы құрастырып отырған тиімді. Тестің типіне (білімділік,біліктілік және дағдылық, іскерлік) сәйкес тестік тапсырмалардың әртүрлі формаларын және типтерін пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, оладың ойлау қабілетін, зейінін, тапқырлығын, жігерін және оқуға, білім алуға, біліктілігін көтеруге деген ынтасын дамыта түсетін болады.

Қазіргі педагогикалық практикада тестер өте жиі пайдаланып келеді. Оларды қолдану аясы да күннен күнге ұлғайып барады: оқушылардың бір пәннің бір тақырыбынан ғана алған білімін тексеруден бастап, жоғары оқу орындары мен мектеп пәндерінің барлығынан да жаппай осы тест жүргізу әдісіне көшуге бет бұрып келеміз. Тесттер мен олардың айналасындағы материалдар тек ғалымдар зерттеуіне ғана өзекті материал болып қалмай, оқу процесіне жаңа педагогикалық және ақпараттық тәсілдер мен технологияларды енгізу мақсатында білім жүйесін басқару органдары да қызықтыра бастады. Осы факторлар қолданылатын тесттердің сапасын көтерумен қатар, олардың бүгінгі пайдалану аймағын да анықтау жүйелерін даярлауға әкеліп отыр. Мұндағы бір айта кететін мәселе- кез келген бір тестің қолдану аясы оның мазмұндық, технологиялық және де басқа ерекшеліктеріне тәуелді болатыны, осыған орай педагогтар пайдалануындағы тест материалдарын топтарға бөліп жіктеу (классификациялау) қажеттілігі туындап отыр.

Тест материалы немесе тест деген түсінік әрбір сұраққа сәйкес оның мүмкін болатын бірнеше жауаптарымен бірге берілген тапсырмалар жиынын білдіреді. Тест материалдары көбінесе бланк түрінде немесе компьютерге арналған бейнелеу формасында беріледі, онда оның дұрыс жауаптарымен бірге келтірілген сұрақтар, оның бағалау критериі немесе нормасы, нәтижелерді есепке алу процедурасы, яғни шкаласы, оқушылардың тест жауаптарын қалай толтыру керектігі жайлы нұсқаулар және т.б. болады. Егер тест алу компьютер арқылы жүргізілсе, онда тест материалдары тест тапсырмаларының арнайы банктерінде жинақталып тұрады да, олардан сұрақтар вариантын қандай тәсілмен алуға болатыны жайлы нұсқау беріледі.

Бұл әдіс бір жағынан оқушының білім деңгейлерін көтеріп, ойлау қабілеттерін жетілдірсе, екінші жағынан мұғалімнің уақытын үнемдейді. Қазіргі таңдағы жаңа технология –оқушылардың еңбегін рейтингтік жүйемен бағалаудың өзі көбіне осындай тест программаларына сүйенеді. Әр түрлі алгоритмдік тілде жазылған тест программалары қазірде көбейіп келеді. Тестілеу дүние жүзінде көп тәжірибеден өтіп, сыналған, жетілдірілген тәсіл болып есептеледі. Ғылыми негізделіп, дұрыс құрастырылған тестік тапсырмаларды жүйелі пайдалану оқыту сапасын жақсартуға, оқушылардың бойында уақытты үнемдей білу, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде компьютерді пайдаланып, оқушыларды тоқсан ішінде бірнеше рет тестілеу – олардың ағымдық білімін бағалаудың негізгі әдістерінің бірі. Өзіндік жұмыстар ұйымдастыру және тест тапсырмаларын орындау оқушылардың білім деңгейін көтеретіні сөзсіз. Тестілік тапсырмалардың мазмұнын іріктеудің негізгі принциптері:

– оқытуға арналған материалдың мәнділігі мен ғылыми нақтылығы;

– тест мазмұнының оқытылатын пәннің қазіргі кездегі даму деңгейіне сәйкес болуы;

– тест мазмұны элементтерінің репрезентативтілігі;

– оқытылатын материалдың қиындық дәрежесінің біртіндеп өсуі;

– тест мазмұнының әр түрлі варианттылығы, жүйелілігі, кешенділігі мен теңдестірілгендігі;

– тест мазмұны мен формасының өзара байланыстылығы.

Оқу жетістіктерін бақылау әрқашанда өзекті мәселе болып табылады әсіресе информатика сияқты пәндер үшін. Сондықтан да тестілеуді өткізу бағытында оқушылардың негізгі пәндері бойынша білімді сапалы бағалау және бақылауға арналған автоматтандырылған тестілеу жүйесі (тестілер генераторы, тестілік қабықша) жасалды. Автоматтандырылған тестілеу жүйесі мүмкіндік береді:

– сабақ уақытын үнемді пайдалануға;

– оқушылардың білімін сапалы түрде бағалауға;

– оқытушыларды жазбаша түрдегі тексеруден босату;

– оқушылардың алған жаңа сапалы білімдері арқылы біліктілік пен дағдыны қалыптастырудағы қызығушылығын арттыруға;

– ағымды бақылау жүргізуде негізгі тексеруші құрал ретінде қолдануға;

– оқытудың мотивациялық бағытын арттыруға;

– бағалаудың объективтілігіне. [Жарықбаев Қ., 2002, 183 б.].

Мұндай жүйелендірілген тестілеулер келесі жаңа тақырыптарды бастау үшін оқушылардың өтілген материалды қайталауларына мүмкіндік береді, яғни оқушы бойында, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастырады. Тестілік бақылауды қолдану оқушылардың оқу процесінде бір деңгейден келесі деңгейдің матералдарын игеруге жағдай жасайды. Осылайша, тесттер дәстүрлі бағалау құралдарына қарағанда оқушылардың қандай да бір саладағы жетістіктерін неғұрлым объективті және ауқымды түрде анықтауға жол ашады, білімге деген талабының жоғарылауына мүмкіндік береді деуге болады. Оқушы білімін бағалауда тестілік тапсырмаларды қолдану тәжірибемнен. Келесі тесттерге жауаптар нұсқасының орнын ауыстырып, енгізілген формулалардағы шарттарды да соған сәйкес түрлендіруге болады. Осы Excel программасында тест құру әдісін қолданып, 5-9 сынып бағдарламасына сәйкес тест тапсырмаларын жасадым [Жарықбаев Қ., 2002, 183 б.]

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде**,** ғылыми негізделіп, дұрыс құрастырылған тестік тапсырмаларды жүйелі пайдалану оқыту сапасын жақсартуға, оқушының бойында уақытты үнемдей білу, тез ойлау, жинақты болу және ұтымды шешім қабылдау, ойын дұрыс тиянақтау, өз бетінше жұмыс істей білу қасиеттерін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Әрине, тест арқылы бақылауды мамандық және пәннің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес басқа да дәстүрлі (ауызша, жазбаша, т.б.) бақылау жұмыстарымен үйлестіре (ұштастыра) жүргізу қажет болады. Сонда ғана тестілеу әдісінің оқытудағы тиімділігі арта түседі. Пән, нақты тарау және тақырып ерекшеліктеріне және оқушылардың бүгінгі білім деңгейіне сәйкес тестілеудің әртүрлі формаларын пайдаланылатын болсақ, соғұрлым оның оқыту және білім алу сапасына тигізетін оң нәтижелерінің қомақтылығы көріне бастайды. Сонда ғана тестілеудің артықшылықтары, тиімді мүмкіндіктері ашыла түсетін болады, бақылау және бағалаудың обьективтілігі міндетті түрде қамтамасыз етіледі. Тест тапсырмалары оқушылардың пән бойынша дайындығына қойылатын талаптар мазмұнына сәйкес алынады. Нәтижеде әрбір оқушының бағдарламалық материалды минимальді деңгейін қалай игергенін дәл анықтауға мүмкіндік болады. Әрине тапсырмаға барлық оқушыға бірдей міндетті емес, білім дәрежесі жоғары, қабілетті оқушылар үшін арнайы есептер мен сұрақтар енгізілуі мүмкін.барлық оқушының шамасына лайықтап тапсырмалар таңдап алу білім нашар және орта дәрежедегі оқушылар үшін өз ісі мен білміне деген сенімділік туғызып, пәнге деген внтасвн арттырса, қабілетті оқушыларды терең білім алуына бағыттайды. Оқу тесті негізінен тақырыпты, тарауды немесе курсты оқушылардың қандай дәрежеде меңгергенін қысқа мерзімде анықтау үшін құрылады. Ол мұғалімнің оқушы білімінде қандай олқылықтар бар екенін анықтаумен қатар, оқушының өзі де қандай қажетті білімдерді игермегенін біледі. Нәтижесінде оқыту және білім алу сапасының деңгейі едәуір жақсара түсетіндігі сөзсіз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Каланова Ш.М., Усенбаева М.А. «Разработка тестовых заданий для контроля знаний студента» – Тараз, 1998 г.
3. Бидайбеков Е., Сағымбаева А. «Тест құрудың бір критерийі» – ИФМ №3, 1997 ж.
4. Методы педагогических исследований. //п/р В.И.Журавлева, М., Прос., 1972 г.
5. Методы педагогических исследований. // под. Ред. А.И.Пискунова, Г.В. Воробьева. М., 1979 г.
6. Донцов А.И. К вопросу об управлении ценностными ориентациями личности. М., МГУ. 1971 г.
7. Жарықбаев Қ. Қазақстандағы психологиялық-педагогикалық ғылымның даму тарихы. – Алматы, 2002.

**Узакбаева Назгүл Корабаевна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Әбдіқожа Назерке Нұржанқызы,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУІ МЕН ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДИАГНОСТИКАЛАУ

**Аңдатпа**. Бұл мақалада колледж студенттерінің кәсіби бейімделуі мен тілдік құзіреттілігін диагностикалау ерекшеліктері мен критерийлері қарастырылады. Кәсіпке бейімделу дегеніміз –студенттің болашақ өміріне үлкен әсерін тигізетін кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау жүйесінің соңғы буыны. Тілдік құзыреттілікті диагностикалауда жазбаша тестілеумен қатар, жазу және шығармашылық тапсырмалар, жазбаша сауалнамалар,сабақ тақырыбы бойынша кең ауқымды әңгіме, баяндамалар, шағын топтарда диагностика әдістемесін таңдау бойынша ситуациялық есептерді шешу, тақырып бойынша теориялық мәселелерді талқылау.

**Кілт сөздер:** кәсіби бейімделу, диагностикалау, тілдік құзыреттілік, шығармашылық тапсырма, теория.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности и критерии диагностики профессиональной адаптации и языковой компетенции студентов колледжа. Адаптация к профессии – это последнее звено системы профессионального самоопределения, которое оказывает большое влияние на будущую жизнь студента. Наряду с письменным тестированием диагностики языковой компетенции, письменные и творческие задания, письменные опросы,обширные беседы по теме занятия, доклады, решение ситуационных задач по выбору методики диагностики в малых группах, обсуждение теоретических вопросов по теме.

**Ключевые слова:** профессиональная адаптация, диагностирование, языковая компетентность, творческая работа, теория.

**Annotation.** This article discusses the features and criteria for diagnosing professional adaptation and language competence of College students. Adaptation to the profession is the last link in the system of professional self-determination, which has a great impact on the future life of the student. Along with written testing of diagnostics of language competence, written and creative tasks, written surveys, extensive conversations on the topic of the lesson, reports, solving situational problems on the choice of diagnostic methods in small groups, discussion of theoretical questions on the topic.

**Keywords:** professional adaptation, diagnostics, language competence, creative work, theory.

## КІРІСПЕ

«Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», – деп елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында баса айтып кетеді [Жолдау, 2018, 5 б.]. Сондай-ақ, қазіргі заманғы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустралды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындауды да басты назарға алып кетеді [Жолдау, 2018, 9 б.].

Жоғарыда атап көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын ғылым мен білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабалданғанын білеміз. Бағдарламаның мазмұны бойынша қазіргі уақытта туындап отырған бірнеше мақсаттар мен міндеттерді байқауға болады. Соның ішінде бізге қажетті, техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [Типтік білім беру оқу-жұмыс бағдарламасы, 11 б.].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Техникалық және кәсіптік білім беру саласының қыр-сырын анықтап, зерттеп жүрген О.М. Марасулов: «Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек. Демек, болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетке ие, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы-бұл қазіргі заманның талабы [Решетова З.А., 1983, 174 с.] дей келе, сондықтан кәсіби білікті, бәсекеге қабілетті, еліміздің дамуы мен өркендеуіне үлес қосатын азаматтар тәрбиелеу өзекті мәселе екені анық [Решетова З.А., 1983, 4 б.]»-деп нақтылайды.

Мамандыққа кәсіби бағыт-бағдар беру – кәсіби ақпарат, кәсіби диагностика, кәсіби кеңес, кәсіби бейімделу арқылы жүзеге асырылатын және жеке тұлға мен еңбек нарығының қажеттіліктері мен екершеліктерін ескеретін, жастарды еркін, сапалы және өздігінен мамандық таңдауға дайындайтын ғылыми-практикалық жүйе [Берман И.М., 1970, 230 с.].

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ оқытушылары: «Жалпы білім беретін мектептердегі кәсіби бағдар беру жүйесінде кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда туындайды. Олардың бойында танымдық қызығушылық дами отырып, жеке мәнді мақсат қою талабы, кәсіби мүддесі пайда бола бастайды. Алайда, көптеген мектеп түлектері өзін-өзі таңдаған мамандығын тиісті деңгейде біле бермейді»,- ол үшін кәсіби іс-әрекеттің түрлеріне оқушылардың қызығушылықтары мен икемділіктерін арттыру мақсатында кәсіби бағдар бере отырып [5, 55 б.], кәсіби бейімделуге бағытталған кәсіби кеңес беру мен қатар кәсіби ағарту жұмыстары кешенді түрде жүргізілсе, болашақ кәсіпке бейімделуші маманға оң әсерін тигізетіні сөзсіз деген қорытындыға келеді.

Жас ұрпақты бәсекеге қабілетті жеке тұлға етіп тәрбиелеу жолында сол тұлғаның дүниетанымын кеңейту, оның қоғамда, сондай-ақ кез келген ортада алатын орны ерекше екенін түсіндіру – қазіргі заманның басты талабы. Білім беру саласында осы талап-міндеттерді жүктей отырып, жоғарыда атап көрсеткендей студенттерді болашақ кәсіпке бейімдеу деген тағы бар. Жалпы алғанда кәсіп таңдау, сол таңдаған мамандығыңды игере білу, кәсібіңе бейімделу адам өмірінде маңызды рөл атқаратын мәселе.

Адамзаттың өмірлік іс-әрекетінің мәнді, мағыналы болуы кәсіби іс-әрекет болып табылады, олай дейтініміз тұлға өз мүмкіншіліктерін толығымен жұмсау барысында өзін-өзі үнемі жетілдіріп жүзеге асырып отырады. Тұлғаның кәсіби маман ретінде дамып өркендеуі, көп жағдайда тұлғаның ішкі позициялық көрінісінің дамуымен анықталады. Сол тұлғаның кәсіби қалыптасуының объективті бейнесі арқылы оның ішкі позициясын көруге болады.

*Кәсіпке бейімделу* дегеніміз – студенттің болашақ өміріне үлкен әсерін тигізетін кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтау жүйесінің соңғы буыны болып табылады. Сондықтан да кәсіпке бейімделу кезеңін зерттеу теориялық жағынан да, практикалық жағынан да маңызы зор мәселе.

*Кәсіпке бейімдеу* – студенттердің болашақ маман ретіндегі көзқарастарын толықтай қалыптастыру.

Көптеген зерттеулерде жалпы бейімделу үдерісін – үздіксіз процесс ретінде қарастырады. Нақты мәлімет беру үшін «бейімделу» сөзінің төркініне назар аудару барысында «бейімделу» терминінің психология, педагогика, физиология, әлеуметтану салаларында кең қолданылатынына көз жеткіздік. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бейімделу» – ағзаның өзі тіршілік етіп отырған ортаға бейімделуі деп түсіндірілсе [Бим И.Л., 1988, 256 с.], Б. Қалиев «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «бейімделгіш» сөзінесын., бірнәрсеге тезірек бейімделіп кететін; ыңғайланғыш, икемделгіш [Қалиев Б., 2014. – 106 б.] деген анықтама береді.

Ресейлік Е.А. Родионова өзінің зерттеуінде «бейімделу» сөзі латынның adaptation – үтіктеу, құрал деген сөздерінен шыққанын айта келіп, бұл терминді ең алғаш қолданысқа енгізген медицина және психологиялық әдебиеттерде Г. Аубертом деп нақтылап кетеді. Г. Аубертомның пайымдауынша бейімделу дегеніміз әсер етуші тітіркендіргіштерге сезім мүшелерінің бейімделуінің әсерімен талдағыштардың сезімталдығының өзгеруін білдіретінін [Рогова Г.В., 1991, 287 с.] атап көрсетеді. Н. Абдуалиеваның жалпы бейімделу (ағыл. adaptation, орыс. адаптация) дегеніміз алғашында биологияда пайда болған термин, құрал мағынасын беріп, қоршаған орта мен ағза арасындағы байланысты зерттеу кезінде қалыптасты [Абдуалиева Н., 2015, 120 б.] деген пікірін де осыған дәлел ретінде айтуға болады.

Бейімделуді субьективпен әлеуметтік ортаның өзара белсенділігінің процессі және нәтижесі немесе индивидтің әлеуметтік тірі жан ретінде қалыптасуының үрдісі мен нәтижесі ретінде қарастырған К.А. Есенова студенттердің бейімделуі үш түрлі негізігі бағыттағы аспектіден тұратынын көрсеткен:

– оқу әрекетіндегі талаптарға бейімделу (оқытудың жаңа формаларына үйрену, алған білімдерін меңгеру және басқару, басқа еңбек және жұмыс тәртібіне, өзіндік өмір сүру және т.б.);

– топқа бейімделу (курстастарының ұжымына қосылу, оның ережелерін, дәстүрлерін меңгеру);

– болашақ мамандығына бейімделу (білім, білік, дағдылары, сапасы).

Демек, студенттерді кәсіпке бейімдеу жолында олардың сүйіспеншіліктерін тек болашақ мамандықтарына ғана арттырып қоймай, жоғарыда көрсетілген оқу әрекетіндегі талаптар мен топқа бейімделу барысы жіті қадағаланып, тиісті деңгейде білім беріліп отырса, студенттердің сөйлеу деңгейлері мен сөз мәдениеттерінің жо-

ғары көрсеткіште көрінуі анық дүние.

Колледж студенттерін кәсіпке бейімдеу үдерісінде сөйлеу деңгейлерін диагностикалау сан түрлі қиындығы бар құбылыс. Себебі бизнес колледж студенттерін бейімделу кезеңінен табысты өтті деп олардың кәсіби қызығушылықтарының дамуы мен кәсіби бағыттылықтарының қалыптасуы кезеңінде сөйлеу мәнерлерінің түзелгенін айтуға болады.Қазіргі жағдайдағы өмірге бейімделуге қабілетті психологиялық қызметтің субъектісі ретінде қарастырылып отырған әрбір студенттің жеке басын қалыптастыру және дамытуда, сонымен қатар олардың мақсатқа жету жолында сөйлеу мәнеріне жіті назар аударып отыру – оқытушылар құрамына жүктелген жауапкершілік. Кәсіби бағдар бере отырып студенттердің кәсіпке бейімделу мәселесін шешу барысында, олардың сөйлеу мәдениетін бақылау тек қазақ тілі пәнінің оқытушыларына ғана емес, сол ұйымда қызмет жасайтын әдістемелік, тәрбие, әлеуметтік-психологиялық үйірме және спорт секцияларының басшыларына да байланысты.

Адамның сөйлеу тілінің мәдениеті, мәнері жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі жас адамның сөйлеу мәдениеті, сөйлеу мәнері ойлау, сезім, мінез-құлық мәдениетімен де тығыз байланысты, өйткені, адамның адамгершілік келбетінің сапасын анықтайтын, оның қарым-қатынасының тиімділігіне әсер ететін оның сөйлеу деңгейі.

Қазіргі уақытта колледж студенттері үшін тіл мәдениетін меңгеру әр түрлі салаларда оларға тиімді қызмет ету шарттарының бірі болып отыр. Демек сөйлеу мәдениетінің болмауы іскери адамның дәрежесін айтарлықтай төмендетіп, еңбек нарығындағы жас маманның бәсекеге қабілеттілігі мен оның мансаптық өсуіне кедергі туғызады.

Орта кәсіби білім беру жүйесі қазіргі уақытта қазіргі заманғы еңбек нарығына қойылатын талаптар тұрғысынан оқыту процесін ұйымдастыруды – студенттерді жаңартуға көп көңіл бөледі. Ағылшын тілін үйрену әсіресе техникалық білім алу саласындағы студенттер үшін маңызды болып келеді, оның себебі шетелдік техника мен компьютерлік бағдарламалық өнімдерді пайдалану көлемі артады. Осы кезекте ең тиімді тілдік дайындық ақпараттық – коммуникациялық технологияларды (ИЕСТ), атап айтқанда мультимедиа құралдарын қолдану кезінде жүргізіледі.

Осылайша, орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкесколледж студенттерін «Шет тілі» пәні бойынша даярлаудың негізгі талабы ретінде тілді меңгеру, яғни өз ойын шет тілінде жеткізе білу және өзге тілді көздерден ақпарат алу қабілеті анықталды. Басқаша айтқанда, «шет тілін меңгеру» ана тілінде қарым-қатынас жасау мақсатында» сөйлеуді « білдіреді. Өз кезегінде, сөйлеу қызметін жүзеге асыру тек фонетикалық, грамматикалық және лексикалық білімді пайдалану арқылы ғана мүмкін болады, оларды игеру кешенді түрде тілдік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін сипаттайды. Тілдік құзыреттілік – бұл тұлғаның тіл жүйесінің меңгерген білімін (фонетика, грамматика, лексика) сөйлеу әрекетінің рецептивтік және өнімді түрлерінде коммуникация құралы ретінде барабар пайдалану қабілеті.

Біз «сөйлеуді қабылдау және түсіну процесі осы тіл жүйесін білумен анықталады. Осы тілде сөйлеу әрекеті тілдік материалды білумен және оны осы әрекетке қоса білумен байланысты» деп есептеміз.

Тілдік құзыреттіліктің құрылымын ескере отырып (§1.1), біз келесі ой-пікірге келдік: колледж студенттерінің тілдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау оның қорытылу дәрежесін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс, өйткені тілдік құзыреттілік сөйлеу қызметінің рецептивті және өнімді түрлерінде негізгі құзыреттілікті (фонетикалық, грамматикалық және лексикалық) кешенді пайдаланумен сипатталады.

Олай болса, бизнес колледж студенттерін кәсіби бейімдеу барысында олардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда шешендікке үйретпесек те, әдеби тілде жатық сөйлеп, тіл нормаларының қарапайым қағидаттарына үйрету міндетіміз. Кәсіби сөйлеу мәдениеті кезінде ерекше рөл атқаратын мәселе сөйлеушінің эмоционалдық жағдайының сәйкестігі, сөйлеу деңгейінің әлеуметтік-психологиялық сипаты, сөйлеушінің әлеуметтік рөлге сәйкестігі екенін баса назарға ала отырып, кәсіби бейімделуші студенттерге сөйлеу мәнері арқылы кәсіби дағдыларды іске асыруға, дамытуға болатынын түсіндіру. Кәсіби сөйлеу мәдениетін толықтай меңгеру үшін:

– таңдаған мамандығының терминологиясын зерттеуге;

– кәсіби тақырыптарда сөйлей білуге;

– кәсіби диалогты ұйымдастыруға және жүргізе білуге;

– кәсіби қызмет мәселелерінде кәсіби емес ұйымдармен қарым-қатынас жасай білуге машықтандыру.

Кәсіпке бейімделуші жас маман үшін терминологияны білу-бұрыннан белгілі немесе жаңадан қолданысқа енген терминдермен қарым-қатынас жасай білу,кәсіби сөйлеу стилінің ерекшелігі мен қасиеттерін меңгеру, кәсіби қарым-қатынаста ғылыми тұжырымдамалар мен терминдерді өндірісте, тәжірибелік талдауларда қолдана білу құзыреттіліктерін қалыптастырады. Сонымен қатар кәсіби салада сөйлеу мәдениетінжетілдіру үшін іскерлік қарым-қатынастың тиімділігін негіздейтін сапаларға сәйкес келу де өте маңызды. Солардың бірі-сауаттылық. Сауаттылық дегеніміз сөздің қолдану ережелерін, грамматикалық үйлесімділігін, сөйлемнің үлгілерін біліп қана қою емес, сондай-ақ, тілдің қолдану аясын кеңейту дегенді білдіреді.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, бизнес колледж студенттерін кәсіби бейімдеу үдерісінде сөйлеу деңгейлерін диагностикалау үшін кәсіби қазақ тілін оқытуда жоғарыда көрсетілген мәліметтерді баса назарға ала отырып нақты нәтиже

шығаруға болады. Мысалы, сауаттылық негізді қалыптастыру барысында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазылым мен оқылым дағдыларын қолдану, сөйлеу мәнері мен сөйлеу мәдениетін дұрыстау үшін айтылым, сөйлесім, тыңдалым дағдыларын дамыту орынды болмақ. Жаңартылған білім беру мазмұны дәл қазіргі уақытта өте маңызды өзгерістердің бастапқы сатысы болып тұр. «Білім беру мазмұнын жаңарту-сапалы білім, жарқын болашаққа негіздеп, бірқатар жетістіктер формуласын ұсынған үлгі және оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыру болып табылады» [Есенова К.А., 2015. – 8 б.].

Жаңа бағдарлама бойынша қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытуға бағытталған, мұнда тыңдалым/айтылым дағдысы қатар жүреді. Мысалы, мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат сияқты белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастыра алады деген пікірді де дәлел ретінде көрсетуге болады.

Студенттердің сөйлеу деңгейін дигностикалау үшін қарастырылатын басты мәселелер: ауызша сөйлегенде олардың сөздік қорлары, әрбір адам баласының тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал жасайтын қуатты факторы ретінде қарастырылатын жазбаша тілдері, тіл мәдениетінің мазмұн-мағынасы-әдеби тілі, яғни, оның нормалары, сөз құдіретіне биік талғаммен қараулары. Бұл жердегі тіл мәдениеті дегеніміз-тіл білімінің әдеби тілдік нормасы, оның дамуы, сөйлеу тілімен қармы-қатынасының деңгейі.

Демек жоғарыда деңгей деп бағалап кеткен көрсеткішіміздің нәтижесін көру мақсатында бизнес колледж студенттерінің кәсіби бейімделу үдерісінде сөйлеу деңгейлерін диагностикалау үшін кәсіби қазақ тілі пәні кешенді түрде оқытылып, оқу бағдарламасындағы материалдар логикалық-семантикалық ұстанымда тіл мәдениетінің айшықтары арқылы жүргізілсе,төмендегімына іс-әрекеттердің жүзеге асырылуына кеңінен мүмкіндік берер едік. Олар:

– сөз мәдениетінің көптеген сатыларын меңгерулері;

– сөйлеу тілінің ерекшеліктері мен оның стильдік бедерін ажыратулары;

– сөз мәдениеті дағдыларын айшықтауда сөйлесім әрекетінің түрлерін білулері;

– сөйлеу кезіндегі ықшамдылық, үнемділік сияқты қағидаларды білулері;

– жұрт алдында сөйлеуді меңгерулері;

– пікірталас түрлерін меңгерулері;

– ғылыми көпшілік алдында сөйлеудің құрылымдық шарттары мен міндеттерін меңгерулері;

– мынадай мазмұндағы мәтіндерді құраулары:әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, ғылым-білім, т.б;

– таңдаған кәсібіне байланысты тілдік құралдарды жаңа тілдік жағдаяттарда орынды пайдаланулары.

Осылайша бизнес колледж студенттерінің кәсіби бейімделу үдерісінде сөйлеу деңгейлерін диагностикалау үшін кәсіби қазақ тілі пәнін оқыта отырыпбіршама игі істерді жүзеге асырубарысында, болашақ кәсіби мамандардың сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудағы өнегелі үлгілері: сауаттылыққа, айқын ойлылыққа, тіл мәдениетіне қол жеткізу. Бұл жердегі басты мақсат-тіл мәдениеті атты ұғымды дамыту және сол үшін күресу.

Жалпы студенттің сөйлеу деңгейінің төмен болмауына, тіл мәдениетінің өз деңгейінде қалыптасуына септігін тигізетін бірнеше жағдаяттарды тізбектеп кетуге болады:

– студентке сөзіне сөз, ойына ой қосатын көркем әдебиеттерді оқыту;

– ғылыми танымдағы басылымдар мен сан алуан тақырыпта ой қозғайтын теле-радиолардағы хабарлар мен ақпараттардың ағынына ден қойдыру;

– оқыту, білім беру үдерісінде студенттердің сөйлеу деңгейлері мен сөйлеу мәнерлеріне жіті мән беру т.б.

Колледж студенттерінің тілдік құзыреттілігін мультимедиа құралдарымен диагностикалау процесінің моделін әзірлеу осы параграфта қарастырылатын зерттеудің келесі міндеттерін шешуді талап етеді: зерттелетін феноменді диагностикалау мақсатында колледж студенттерінің тілдік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі мен интегративті критерийін анықтау. Мұнда біз тколледж студенттерінің тілдік құзырет құрылымына кіретін негізгі құзыреттіліктердің мазмұнын кеңейту қажеттілігіне келеміз.

Фонетика сөйлеу әрекетінің рецептивті және өнімді түрлерін жүзеге асырудың негізгі құралдары болып табылатын дыбыстар, дыбыс тіркестері, екпін, ырғағы, әуен, интонация, үзіліс болып табылады. Біз И. Л. Бим көзқарасын сүйенсек, айтуды оқытудың мақсаты сөйлеудің, тыңдаудың және оқудың есту-сөйлеу және ырғақты-интонациялық жақтарын меңгеру болып табылады, атап айтқанда:

1) тыңдау және есту қабілеті;

2) артикуляциялық база мен интонациялау тәсілдерін автоматтандырылған меңгеру;

3) ішкі сөйлеуді (ештен айтуды) дамытуда сыртқы сөйлеуге арналған психофизиологиялық негіз ретінде.

Сондықтан, негізгі фонетикалық құзыреттілікті диагностикалау бойынша жұмыс бізге:

1) фонематикалық есту қабілетінің дамуының;

2) сөйлеу ағынында шетел сөздерін айту және оқу процесінде дыбыстардың әдеттегі артикуляциясын құрылуының;

3) бөтен тілдегі интонацияны барабар қабылдауға және аппроксималдық жаңғыртуға бағытталуы тиіс.

Осылайша, сөйлеу есту-сөйлеу және ырғақтық-интонациялық дағдыларды ажырату керек. Бірінші болып сөз ағымында дыбыстарды дұрыс айтудың дағдылары, сондай-ақ басқалардың сөзін тыңдаған кезде барлық дыбыстарды білу

түсініледі. Өз кезегінде, ырғақты-интонациялық дағдылар-бұл сөйлеуді басқалардың сөйлеуін түсінумен қатар интонациялық және ырғақты дұрыс ресімдеу дағдылары. Айтылу нормативінің өлшемі-тілдің интеллигенбельділігі, яғни оның түсінімділігі.

Грамматика сөз сыныптары арасындағы қарым-қатынасты көрсете отырып, сөйлеу әрекетінің рецептивті және өнімді түрлерін жүзеге асыруға ықпал етеді. А.А.Леонтьев грамматиканы оқыту сөйлеуді құрылымдық ресімдеу құралы болып табылатын осы тілге тән грамматикалық механизмдердің қалыптасуын қамтуы тиіс: сөз алмасу, сөзжасам, сөзораспа тәсілдері. Әдістемелік әдебиетте сөйлеудің грамматикалық жағын меңгеруге қойылатын негізгі талаптар нақты көрсетілген:

1) ауызша және жазбаша түрде сөйлеу пікірлерін дұрыс ресімдеу;

2) оқу, тыңдау және аудару кезінде грамматикалық құбылыстарды анықтай білу [Леонтьев, 1999].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Оқыту үрдісінде диагностика жүргізу арқылы білім алушылардың білім, іскерліктерінің тексеріліп бағалануына, сандық мәліметтердің талдануына сонымен қатар білім саласына байланысты көптеген жұмыстардың бағыттарының айқындалуына және де одан арғы жұмыстардың болжануына қол жеткіземіз. Сондай-ақ, білім алушылардың білім сапасының нәтижелік көрсеткіштерінен мәлімет алу барысында диагностикалаудың сан алуан түрі жүргізіледі. Мысалы колледж студенттерінің сөйлеу деңгейін диагностикалау үшін көптеген әдістер мен әдістемелер қолданылады: дәстүрлі тексеру, бағалау әдістерімен қатар тест әдісі, білім алушылардың оқуға керекті психикалық сапалары, атап айтсақ, есті, зейінді, ақыл ойды зерттеу әдістері. Жалпы қазіргі таңдағы білім ошақтарындағы жүргізілетін диагностиканы-педагогикалық қатынастар жүйесіндегі білім алушыны жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін әдістер мен әдістемелердің жиынтығы деп қарастырсақ, колледж студенттерінің сөйлеу деңгейін диагностикалауды білім алушылардың тіл мәдениеті мен сөйлеу мәнеріне бойлату деп айтуға болады. Осының нәтижесін көру мақсатында студенттердіңсөйлеу деңгейін диагностикалау үшін «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша әдеби тілдегі сөздік қорды дұрыс таңдап, талғап сөйлеуге, жазуда сауаттылыққа үйретуге, тіл мәдениетінің стилистикасын ескере отырып, оқып үйрену белсенділігін арттыруда түрлі тапсырмалар мен жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда оқылым дағдысы бойынша жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттіліктерінің және оның мазмұнын түсініп өз мақсаттарына қолдану, алған білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне арастыра алулары үшін мәтінмен жұмыс түрлерін ұсынған жөн. Мәтінмен жұмыс жүргізгенде тек мәтінді оқытып қана қоймаймыз, оның әрбір дыбыстарымен, ережелерімен таныса отырып, білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдылары мен сөздік қорларын жетілдіріп, тілдерін дамытуға үлкен үлес қосамыз және өзіміздің тақырыбымызға сай олардың сөйлеу мәнеріне жете мән бере отырып диагностика жүргізе аламыз.

Тілдік құзыреттілікті диагностикалауда жазбаша тестілеумен қатар, жазу және шығармашылық тапсырмалар, жазбаша сауалнамалар,-сабақ тақырыбы бойынша кең ауқымды әңгіме, баяндамалар, шағын топтарда диагностика әдістемесін таңдау бойынша ситуациялық есептерді шешу, тақырып бойынша теориялық мәселелерді талқылау. Мультимедиа құралдары арқылы онлайн режимде тест алу (Mentimeter, Plickers, Edmodo, Kahoot және тағы басқалары).

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасында ғылым мен білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Марасулов О.М. Заманауи кәсіптік білім – құзыретті мамандар дайындаудың негізі. – Алматы, 2019. – Б. 3-4.
4. Ташенов Б. Кәсіпке бейімделу мәселесінің әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері.//Хабаршы-Вестник. Психология және социология сериясы. – Алматы 1(52) 2015. – 55 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / – Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 123.б– (Қазақ сөздіктері. – – 9965-798-99-0(мұқ.)
6. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Мемлекеттік тілді дамыту институты. – Алматы, 2014. – 106 б.
7. Родионова Е.А.. Адаптация студентов к условиям многопрофильного колледжа. – Оренбург, 2012. – 12 с.
8. Абдуалиева Н.. Бірінші курс студенттерінің оқуға бейімделуде педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету жолдары. – Қостанай: ҚМПИ педагогика және психология мамандығы, 2015. – 120б.
9. Есенова К.А. Студенттердің оқу орнына бейімделуінің өзекті проблемалары. – Семей, 2015. – 8 б.
10. Леонтьев А.А. Личность и познание. – М., 1999.

**Чайзаданова Гулсим Сейткалиевна,**
2 курс магистранты,
6М012400 –«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
ҚҰҚПУ

# ПЕДАГОТІҢ КӘСІБИ СТАНДАРТЫ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУ

**Аңдатпа.** Педагогтің кәсіби стандарты негізінде педагогикалықбілім берудің сапасын арттыру. Бұл мақала білім сапасын қалыптасқан түйінді құзыреттіліктер түріндегі білім берудің жаңа нәтижесі есебінен арттыруды және педагогтың іс-әрекеттерінің тиімділігін бағалау жүйесі туралы қарастырады. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болатыны туралы айтылған.

**Кілт сөздер:** сапа, білім беру жүйесі, құзыреттілік, технология, реформа.

**Аннотация**. В данной статье рассматривается система оценивания эффективности деятельности педагога и улучшение качества образования на основе сформированных ключевых компетенций. В связи с этим, в настоящее время изменения, новости и реформы в системе образования становятся основанием работы учителей над новыми идеями, системами и ведут к размышлениям над прошлым, настоящим и будущим.

**Ключевые слова:** качество, образовательная система, компетентность, технология, реформа.

**Abstract.** This article considers the system of assessment of effectiveness76uytgy of the teachers' activity and improvement of the quality of renewed education on the base for of formed key competencies. According to this, nowadays the changes, news and reforms in the sphere of education become the base for teachers to work with new ideas systems and to think about the past, today and future.

**Keywords:** quality, educational system, competence, technology, reform.

## КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта Қазақстанның дүние жүзіндегі озық отыз елдің қатарына ену стратегиясын жүзеге асыру жағдайында отандық білім беру саласының мазмұны әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуі мақсатында жаңартылуда. «Білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық білім статистикасын құру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық бүгінгі қоғам талаптарына лайықты сапалы мамандарын даярлау» міндеттері Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап өтілген. Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 және 77 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды даярлау, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарында тарату» бағыттары көрсетілген. Ал бұл болса, педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мен өзінің кәсіби өсуін жүзеге асыруды, алдында тұрған міндеттерді жеке шеше алу іскерліктерін қалыптастыруды талап етеді [Ұлт жоспары, 2015, http://adilet.zan.kz/kaz/docs/].

Сондай-ақ, Қазақстандағы қоғамдық маңызды мәселелерінің бірі «Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасында»: «Бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру әлеуметтік және экономикалық жағдайдың өзгеруіне ғана емес, бар қолданыстағы шындыққа белсенді ықпал етіп, оны жақсартуға дайын болу» керектігі көрсетілген. Ал, бұл өз кезегінде оқушының іс-әрекетін басқаруға, оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыруға мұғалімнің даярлығын талап етеді [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000681]. Осыған сәйкес ғылыми білімнің қазіргі деңгейі педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың жалпы теориясын қолдану қажеттілігін туындатады.

Болашақ мұғалімнің сынып ұжымын, оқутәрбие үдерісін оқушының жеке тұлғасының дамуын және т.б. адами қорларды қажетті деңгейде басқару үшін оның бойында жоғары педагогикалық білімнің болуымен қатар білім берудегі басқару саласынан арнайы білім, біліктерінің болуы қажет етіледі. Осыған байланысты білім беру саласындағы мамандарды даярлауға жаңа талаптар ұсынылады. Өйткені қазіргі қоғам мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің аясында білім берудегі ұйымдастырушылық, басқарушылық ісәрекетті жүзеге асыруға қабілеттіліктерінің болуын талап етіп отыр. «Қазақстан-2050» стратегиясында «білім беру саласындағы менеджменттің аз дамығандығы, оны дамыту қажеттілігінің» көрсетілуі [http://www.akorda.kz], Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «...қазіргі қоғамның басты талаптарының бірі – басқарушылық құзыреті дамыған жаңа тұрпатты адамды қалыптастыру» екендігіне аса мән беруі біздің айтқан ойымыздың жарқын айғағы [http://control.edu.gov.kz]. Оған қоса

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «қоғамдық сананы дамытудың» нәтижелі жүзеге асырылуы болашақ мұғалімнің бүгінгі жас ұрпақты саналы басқаруын қажет етеді [http://www.akorda.kz]. Осы айтылғандар Қазақстандық білім берудің көп сатылы реформасы үдерісінде туындайтын терең сапалы өзгерістер жағдайында оқу-тәрбие үдерісін, ұжымды, ұйымды басқаруға қабілетті мұғалімнің жаңа түрін қалыптастырудың өзектілігін айқындайды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мұғалім заманауи білім беруді жаңғырту жағдайында басқарушылық, педагогикалық міндеттерді тиімді шеше алуы, басқарудың қажетті деңгейіне ие болуы, мектептегі білім беру және әр баланың даму үдерісін ұтымды жоспарлауды, ұйымдастыруды, бақылауды жүргізе білуі тиіс. Нәтижелі басқару үшін болашақ мұғалімде басқарушылық құзыреттілік қалыптастырылуы керек. Осыған байланысты педагогикалық басқарушылық негізінде болашақ мұғалімдердің басқару құзыретін қалыптастыру арнайы зерттеулерді қажет етеді және мамандарды кәсіби даярлаудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Оның үстіне қоғамдағы түбегейлі өзгерістер мектептің психологиялық-педагогикалық және басқарушылық іс-әрекетінің мазмұнына сәйкес келетін гуманистік құндылықтарға әлемдік көзқарасты қайта құруды ұсынады. Мұндай жағдайда мұғалімнің басқарушылық рөлі өзгеріп отырады, ол өз қызметін басқару теориясы мен ынтымақтастық идеялары бірлесуінің негізгі шарттарына негізделе отырып жүзеге асырады.

Бірқатар ғалымдар кәсіптік білім берудің тұжырымдамалық негіздерін (С.И. Архангельский, Ю.К. Бабанский, В.П. Беспалько, Б.С. Гершунский, В.В. Краевский, М.Н. Скаткин, Н.Д. Хмель, Ш.Т. Таубаева, Н.Н. Хан және т.б.), дамыта оқыту теориясы және оқыту мен оқу үдерісіндегі жеке тұлғалық-әрекеттік белсенділікті (Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев, Ж.Ы. Намазбаева, С.М. Джакупов, О.С. Саңғылбаев және т.б.) өз зерттеулерінде қарастырған.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері шетелдік (Nezahat Guhlu, F.E. Weinert, S.P. Brown, J. Jones және т.б.), ТМД елдері (В.А. Сластенин, Н.В. Кузьмина, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, А.П. Тряпицына және т.б.), қазақстандық (С.Ж. Пралиев, Б.А. Тұрғынбаева, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, К.С. Құдайбергенева, К.М. Беркімбаев және т.б.) ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген.

Басқару мәселесінің ежелгі грек философтарынан бастап, түркі ғұлама ойшылдарының еңбектерінде қарастырылғаны туралы, олардың құнды жазбаларындағы мемлекеттік басқарушының рөлі, ізгілікті басқару, басқарудың адамгершілік қағидалары жайлы ой-пікірлерін топтастыру, жіктеу мәселелері де бірқатар отандық ғалымдардың(С.Қ. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, А.Н. Көшербаева, Ұ.М. Әбдіғапбарова және т.б.) еңбектерінде көрініс алған.

Инновацияларды тәжірибеге енгізу үшін мұғалім кәсіптік құзыреттілік пен кәсіби деңгейге ие болуы керек [Пралиев С.Ж., 2001, 250 с.]. Білім берудің мақсаты дәстүр бойынша түлектердің белгілі білімді, білікті, дағдыларды меңгеруіне негізделеді. Бүгінгі таңда кәсіби және өмірлік мәселелерді іс жүзінде шеше алатын, оқушылардың оқу-тәрбие үдерісін басқара алатын, практикаға бағытталған мұғалімдер қажет. Осылайша, «қоғамдық дамудың қазіргі жағдайы «маманның басқару құзыреттілігін» зерделеу қажеттілігін өзектендіреді.

Н.Н. Лобанованың зерттеуінде кәсіби құзыреттілік өзара әрекеттесетін және өзара байланысқан субъектілердің бірлігі ретінде әрекет етеді және мұғалімнің жеке басының жүйелік сипаты түрінде көрінеді, автор кәсіби-білім беру, кәсібибелсенділік (практикалық), кәсіби-тұлғалық компоненттеріне бөледі [Лобанова Н.Н., 1997, 107 с.]. Бұл көзқарасты А.Л. Бусыгина қолдайды, ол ЖОО оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін зерттеу арқылы, оны педагогтың жеке басының жүйелік сипаттамасы ретінде түсінеді. «ЖОО оқытушыларының кәсіби құзыреттілігі, – деп жазады А.Л. Бусыгинаоның ғылыми-педагогикалық қызметінің бірлігі тұрғысынан қаралады, оның жеке басының мақсатты қасиеті ретінде пайда болады, олардың құрылымдық компоненттері: кәсіби-білім беру, кәсіптікбелсенділік және кәсіби-тұлғалық компоненттер» [Бусыгина А.Л., 1994, 183 с.]. Ал, В.А. Адольф мұғалімнің құзыреттілігін функционалдық құзыреттілікті қалыптастыратын пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік ретінде бөледі [Адольф В.А., 1997, 310 с.].

Т.Е. Исаевада оқытушының кәсіби-тұлғалық құзыреттілігінің мазмұны толық және дәлелді түрде ашылады: 1) бейімдеу және өркениеттік құзыреттілік; 2) әлеуметтік-ұйымдастырушылық құзыреттілік; 3) кәсіби (пәндік/әдістемелік) құзыреттілік – оқытушы ұстанған педагогикалық жүйеге сәйкес оқытылатын және таңдап алынған пәннің ерекшеліктеріне байланысты білім, дағды, оқыту әдісі, кәсіби және корпоративтік тәжірибені тарату жолдары; 4) коммуникативтік; 5) құндылық-мағыналық – кез келген жағдайда адамға «өзін» сақтауды қамтамасыз етеді [Исаева Т.Е., 2003. С. 15-21]. Бұл құзыреттіліктер тізімін Н.В. Кузьмина кеңейте түседі, жоғарыдағы ол келесі құзыреттіліктерді қосады: 1) оқытылатын пәндер саласындағы арнайы құзыреттілік; 2) студенттердің білімдерін, қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру саласындағы әдістемелік құзыреттілік; 3) білім беру саласындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілік; 4)

мотивтер, шеберліктер, оқушыларды бағдарлау саласындағы дифференциалды-психологиялық құзыреттілік; 5) педагогикалық қызметті рефлексиялау немесе аутопсихологиялық құзыреттілік [Кузьмина Н.В., 1985, 32 с.]. Сондай-ақ, біз болашақ мұғалімдердің лидерлік сапаларын зерттеген Б. Баймұханбетовтың мұғалім-лидер тұлғасы құрылымындағы сапаларды негізге аламыз. Ол мұғалімнің лидерлік сапасы құрылымындағы тұлғалық ізгілікті тобына адами қасиеттер, мінез-құлықтар жатқызады, кәсіби-дидактикалық тобына интеллектуалдық білім, дидактикалық біліктер, коммуникативтік іскерліктерді топтастырса, лидерлік тобында көшбасшылық қабілеттерді, харизматикалық қасиеттерді, ұйымдастырушылық дағдыларды жинақтап көрсетеді [Баймұханбетов Б.Т., 2014, 159 б.].

Оған қоса айта кету керек, қазіргі жаңа буын стандарттарында болашақ мұғалімнің басқарушылық құзыретке мағыналы түрде қосыла алатын бірқатар нақты құзыреттер кірді. Олар мыналарды қамтиды: мұғалімдердің рефлексия, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгеру; студенттерді әлеуметтендіру және кәсіби өзін-өзі анықтау үдерістерін педагогикалық қолдауды жүзеге асыру қабілеті; студенттердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру, белсенділігі мен бастамашылығын қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б. [Паблишер, 2013, 259 с.]. Осы талдау жүргізілген еңбектердегі тұжырымды ойларға сүйене отырып, болашақ педагогтың басқарушылық құзыреттілігінің құрамы тұлғалық сапалардан, педагогикалық және менеджерлік білім, білік, дағдылардан тұрады деп тұжырымдаймыз. Енді осы ойымызды дәлелдеуге тырысып көрейік. Болашақ мұғалімнің басқарушылық іс-әрекетін жүзеге асыруға қажетті тұлғалық сапалардың негізгілерінің бірі – адамның ізгілік қасиеті. Ізгілік (лат. Humanitas – адам табиғаты) – адамның еркін ойлауының әртүрлі көріністерімен байланысты; оған сәйкес еркіндікті, адамның индивидуалды дамуын уағыздайды [Орысша-қазақша түсіндірме сөздік, 2006, 482 б.].

Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың бірінші шарты – білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесуін формалармен, құралдармен қамтамасыздандыру. Біріншіден, білім беру субъектілерінің өзара әрекеттесу оқу іс-әрекеті үлгісі мәнмәтінінде орын алады. Ол студенттерге мыналарды ұсынады:

– жасанды жағдайларда емес, нақты проблемалар бойынша жұмыс істеу;

– оқытушының берген білімін меңгеріп қана қоймай, нақты мәселелерді талдауға, оларды шешуге және талқылауға қатысу арқылы үйрену;

– нақты жағдайлардың контексінде әртүрлі шешімдерді таңдау және қабылдау үшін түрлі дерекқорлармен жұмыс жасау;

– сыни тұрғыдан ойлауды үйрену және шешім қабылдауға жауапкершілікпен қатысу.

Екіншіден, басқару құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігі оқыту мен оқудың жаңа міндеттеріне сәйкес келетін және білім беру қарымқатынастарының коммуникациялық құрамдас бөлшегі ретінде ерекше маңызға ие болған, студенттердің ұйымдастыруымен және басқару арасындағы қарымқатынастың әртүрлі қырларын анықтауға бағытталған гуманитарлық оқыту әдістерін қолданумен тікелей байланысты аудиториядағы топтық жұмыс, командалық жұмыс, қызметті жобалау қабілеті. Гуманитарлық технологиялар заманауи қарым-қатынастың барлық артықшылықтарын біріктіре алады, сонымен қатар олар қарым-қатынасын, ұстанымдарын, мамандықты және қызметтің жекелеген түрлерін, атап айтқанда, басқаруды қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеке мағына береді. Кейс арқылы оқыту, іскерлік ойындар, тренингтер, жоба әдісі арқылы оқытуды қолға алу. Келесі шарт – оқытушы мен студенттің тиімді педагогикалық қарымқатынас орнатуы. Бұл шарт педагогикалық үдерісте субъектіге-субъектілік қатынастарды орнатуды болжайды, тұтастай алғанда тараптардың ұстанымдарының теңдігі, сериктеске құрмет пен сенім білдіреді. Студенттің іс-әрекетін қолдауға бағытталған заманауи оқу үдерісін ұйымдастыруда мұғалімнің бірнеше ұстанымы бөлінеді, оның бірі – кеңесші ұстанымы. Кеңес беру әр түрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін:

– «сарапшы» нұсқауы (анықтама);

– кеңесші нұскауы (көмек);

– «менеджер» нұсқауы (проблеманы шешуге көмектесу және тікелей қатысу).

Қазіргі заманғы оқу үдерісін ұйымдастыруда кеңес берудің келесі түрлерін айқындауға болады:

– диалог тәртібінде жеке-дара кеңес беру;

– топтық талқылау тәртібінде («пікірталас клубы») кеңес беру тікелей көрсетілген нысан, көрсетілген мәселе бойынша жүргізіледі;

– өзара әрекеттесу шарттарына бейімделген тікелей қарым-қатынас тәртібінде топтық жұмыс түріндегі тренингтік оқыту.

Педагогтың жетекші оқытушылық ұстанымы кәсіби қызметті қолдау ретінде түсіндіріледі. Мәселен, біріншіден, ресми бақылау және бағалауды қоспағанда, тәжірибелі маман-мұғалім тарапынан кәсіби кеңес беру және қолдау; екіншіден, мүдделі тараптар үшін психологиялық тұрғыдан қолайлы жағдай жасау тәсілі; үшіншіден, кәсіби қателерді түзету. Осы жағдайда мұғалімнің ұстанымы педагогикалық тәжірибеде жүзеге асуы мүмкін. Тағы бір ұстаным фасилитация – (ағылш. facilitate – себепші болу, жеңілдету, көмектесу) – бір мезгілде ынталандыру және босату. Білім берудің өзара әрекеттесу әдісінде оның барлық қатысушылары өзгелерді қабылдау үшін өздерін

ұстай алады: адамдарды және қабылдауды күтеді, өзара түсіністікке ұмтылады, диалог арқылы өз позицияларын үйлестіреді. Мұғалім-фасилитатор ашық, табиғи, оқушыларға сенімділікпен қарайды және проблемаларды олардың көзімен көруге тырысады. Ол студенттердің мүдделерінің орындалуын басты мақсат етіп қояды. Болашақ мұғалімдерді даярлауға арналған оқу жоспары студенттерге кәсіби қызметке – оқу орнының негізінде педагогикалық тәжірибеге «кіруге» мүмкіндік береді. Педагогикалық практика ұйымдастырудың жаңа әдістерін ашып, оқыту тәжірибесінде болашақ мұғалімдерге білім беру мен кәсіби іс-әрекет арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Осы сәтте студент мұғалімдермен және олардың көмегімен өзара әрекеттесу қажет болатын проблемаларға тап болады. Студент оқытушымен ынтымақтастықтың басқа формаларын қажетсінеді, оларды іздейді [16]. Осыған байланысты болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру кеңістігі тұрғысынан педагогикалық практика үдерісінде оқытушы-студент-мұғалім, оқу-кәсіби қоғамдастығын құрумаңызды. Педагогикалық практикада жаңа өзара үйлесімділік нысаны – білім берудің және кәсіби өзара қарым-қатынастың жаңа жолдарын құру; сериктестердің ұстанымдарын біріктіру. Осындай жалпы жағдайда «болашақ мұғалім мазмұннан іс-әрекет шындығына көшеді; кәсіби қызметте өзінің субъективтілігі болады, студентке жаңа кәсіби қызметтің объективтілігі анықталып, ол әлі дайын болмаған дербес іс-әрекетке тап болады. Осы жағдайда оқытушы мен студенттің өзара әрекеттесу «нақты міндеттерді» шешуге бағытталады». Бірқатар психологтар қоғамдастықтың ортақ құндылықтар мен мағыналар негізіндегі адамдардың бірлестігі екендігін атап өтіп, болашақ мұғалімдердің білім беру және кәсіби іс-әрекет барысында студенттермен қоғамдастығы олармен диалогке түсуге арналған құндылықтарын, басқарушылық қызметтегі ұстанымдардың өзара әрекеттесуін дамытатынын негіздейді [Ведерникова Л.В., 2006, 112 с.]. Басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру – бұл өздігінен жүретін үдеріс емес, оның барлық құрамдас бөліктерінің біртіндеп сапалы түрленуін қамтитын кезеңдік, жоспарлы қозғалыс. Білім беру үдерісінің кезеңдері оқу жылына сәйкес күнтізбелік сандармен және сандық жинақтармен емес, олардың сапалы түп нұсқалығымен –дайындықтың әр кезеңінде студенттермен жұмыс істеудің мазмұнының, нысандары мен әдістерінің ажырамас жүйесін білдіреді.

Кәсіби оқытуда педагогикалық технологияларды қолдану оқу үрдісін жобалауға және жүзеге асыруға технологиялық көзқарасты білдіреді. Сонымен қатар, кәсіби-педагогикалық технологиялар кешенді ықпалдастырылған жүйені, оның ішінде реттелген операциялар мен әрекеттер жиынтығын білдіреді. Мұндай жүйе педагогикалық мақсаттарды белгілеуге, білімді меңгеруге, кәсіптік дағдыларды игеруге және оқытудың мақсаттарын қоюға, білім алушылардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-мақсаттық және үдерістік аспектілерді қамтамасыз етеді. Кәсіби білім беру технологиясы саласындағы мамандарды даярлау педагогикалық инновацияларды енгізу үшін теориялық білімді кодификациялаудың әртүрлі нысандарын енгізуге, білім берудің жеке формалары мен әдістерінен әдістемелік жүйелерге ауысуға, оқыту әдістерін жүйелі талдау және шешім қабылдау құралы ретінде көшіруге, білім алушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестіктің зияткерлік технологиясына көшуге мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай–ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, университет өміріне енуде.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасы. – Астана, 2015, мамыр-20. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/ K1500000100.
2. Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 4 қаңтардағы, №1 Бұйрығымен бекітілген. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000681.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». -Астана, 2014, қаңтар-17. http://www.akorda.kz.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 20162019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016, наурыз – 1. http://control.edu.gov.kz/sites/default/files/gpron_kaz_ukaz.pdf.
5. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – Астана, 2017, сәуір-12. http://www.akorda.kz.
6. Пралиев С.Ж. Профессионально-педагогическая адаптация молодых специалистов в системе вуз – средняя общеобразовательная школа: теория и практика. – Алматы: Рауан, 2001. – 250 с.
7. Лобанова Н.Н. Профессиональная компетентность педагога. – Самара; СПБ.: Ин-т образования взрослых РАО, 1997. – 107 с.
8. Бусыгина А.Л. Совершенствование педагогической компетентности преподавателей как фактор повышения эффективности учебного процесса втуза: дис. ... канд. пед. наук. – СПб., 1994. – 183 с.
9. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя. – Красноярск: РИО КГПУ, 1997. – 310 с.
10. Исаева Т.Е. Классификация профессионально-личностных компетенций вузовского преподавателя // Преподаватель высшей школы в XXI веке: Труды международной научно-практической Интернет-конференции. – Ростов-на-Дону: Рост. гос. ун-т путей сообщения, 2003. – Сб. 4. – С. 15-21.
11. Исаева Т.Е. Педагогическая культура преподавателя как условие и показатель качества образовательного процесса в высшей школе (Сравнительный анализ отечественного и мирового образовательного процесса). – Ростов-на-Дону: Рост. гос. ун-т путей сообщения, 2003. – 312 с.
12. Кузьмина Н.В. Способности, одаренность и талант учителя. – М.: Знание, 1985. – 32 с.
13. Баймуханбетов Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасының қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 159 б.
14. Развитие лидеров: как понять свой стиль управления и эффективно общаться с носителями иных стилей. – М.: Альпина Паблишер, 2013. – 259 с.
15. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ, 2006. – 482 б.
16. Ведерникова Л.В. Подготовка педагога как творческого профессионала: учебное пособие. – Ишим: Изд- во ИГПИ им. П.П. Ершова, 2006. – 112 с.
17. Ведерникова Л.В. Сборник разноуровневых творческих заданий для педагогических дисциплин методическое пособие. – Ишим: Изд-во ИГПИ, 2000. – 84 с.

**Шайзада Аида Жақсыбайқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

**Сарсенова Зауре Муханбетқызы,**
2-курс магистранты,
«Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПӘНДЕР АРҚЫЛЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ӨЗІНДІК ОҚУ ДАҒДЫСЫН БАҒАЛАУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстар арқылы өзіндік оқу дағдысын және шығармашылық пәндер арқылы оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері қарастырылады. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы білім алушылардың оқу дағдысын қалыптастыру мәселелері сөз болады. Ал, шығармашылық пәндер олардың оқу жетістіктерін арттыруға және бағалауға көмектеседі.

**Кілт сөздер:** сыныптан тыс жұмыстар, оқу дағдысы, шығармашылық пәндер, оқу жетістіктері, бағалау.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются особенности оценки учебных достижений обучающихся через внеклассную работу и самообразование через творческие дисциплины. Речь идет о формировании учебных навыков обучающихся через внеклассную работу. А творческие дисциплины помогают повысить и оценивать их учебные достижения.

**Ключевые слова:** внеклассная работа, навыки чтения, творческие дисциплины, учебные достижения, оценивание.

**Annotation.** This article discusses the features of evaluating educational achievements of students through extracurricular activities and self-education through creative disciplines. We are talking about the formation of educational skills of students through extracurricular activities. And creative disciplines help to improve and evaluate their academic achievements.

**Keywords:** extracurricular activities, reading skills, creative disciplines, academic achievements, assessment.

## КІРІСПЕ

Қазіргі кездегі қоғамның барлық даму кезеңінде және бүгінгі білімді жаңалау, білім берудің ұлттық үлгісін жүзеге асыру жағдайында мектеп мұғалімдері өз үлестерін қосып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаев партияның XVI съезінде сөйлеген сөзінде «Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады», – деп атап көрсетті [Жолдауы, 2017]. Осыған орай, мектепте оқушыларды тек сабақта немесе сыныпта ғана тәрбиелеп және қалыптастырып қана қоймай, сыныптан тыс жұмыстарда да тәрбиелеу қажеттілігі маңызды болып отыр.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Оқу жоспарынан тыс үйде немесе зертханада, сабақтан тыс уақытта, мұғалімнің жетекшілігімен, оқушының өз ынта еркімен, әрі олардың қалауы бойынша орындалатын дербес оқу жұмысы – *сыныптан тыс жұмыс* деп аталады. Ол оқушыларды белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасауға, ойлануға, ізденуге, оларды ұжымдық әрекетке тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Соған орай, оның негізгі мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.

Шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, мектепте сабақтан тыс қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға болады: ойын, танымдық, мәселелік-құндылықтық қатынас, бос уақыттықсауықтыру, көркем шығармашылық, әлеуметтік шығармашылық, еңбек, спорттық-сауықтыру, туристік-өлкетану.

Ресейлік ғалым Л.П. Бутенконың пікірінше, елімізде балалардың бос уақытын ұйымдастырудың өркениетті жүйесін ұйымдастыруға бағдарлануда Батыс Еуропаның тәжірибесіне сүйенген жөн [Бутенко Л.П., 2004, С. 9-12.]. Қазіргі уақытта Батыс Еуропа елдерінде көптеген «интеграцияланған» мекемелер бар, олардың арасынан кең тарағаны – мектеп немесе лицейлерге негізделген түрі. Мысалы, Чехия мен Словакияда мектеп

базасында пайда болған заманауи клуб мекемесі мәдени-тәрбиелеу қызметі түрлерінің дәстүрлі жинағынан басқа кафе немесе шағын мейрамхана мен спорт кешенінен тұрады.

Мемлекеттік ағылшын мектептеріндегі маңызды сәт – аға ұрпақ өкілдерінің қатысуымен жалпы білім беру процесін мектептен тыс әлеуметтік-мәдени қызметпен толықтыру болып отыр. Әлеуметтік-мәдени мекемелердің тұратын ортамен «бірігіп кету» процесі бір ғимаратта немесе қатар тұрған құрылыс кешенінде орналасқан балалар бірлестіктері санының өсуімен қатар жүреді; соңғы жылдары белгілі аймақ тұрғындарының бастамасымен құрылған жекелеген мекемелер кең таралуда.

Сыныптан тыс ұйымдастыру кезінде оқушылардың сабақтары *эскурсиялар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, пікірталастар, олимпиадалар, сайыстар, дидактикалық театрлар, кітапханалық сабақтар, қоғамдық пайдалы іс-тәжірибелер, ізденушілік және ғылыми зерттеулер* өткізіледі. Оқушыларды сабақтан тыс қызметтің барлық бағыттары бойынша біріктірудің ұйымдастыру формалары үйірмелер, секциялар, клубтар, студиялар, оқушылардың ғылыми қоғамдары, зерттеу немесе жобалық зерттханалар, кіші ғылым академиясы, балалардың қоғамдық бірлестіктері жатады [Садықова М.К., 2008, 157 б.].

Оқушылардың сөз құдіретіне деген сезімін оятуда, әдеби дүниетанымын кеңейтуге, өз беттерімен көркем шығармалар оқуға баулуда, оқырмандардың дағдысын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы, рөлі ерекше. Әдебиет сабағы, сабақ процесіндегі жұмыстар мен сыныптан тыс жұмыстар тонның ішкі бауындай қабысып, бірлікте жүріп отыруы керек. Оқу бағдарламасындағы оқып, талдауға ұсынылатын шығармалардың барлығын сабақ процесінде игеріп біту мүмкін нәрсе емес.

Көркем шығарманы оқудың басты кезеңдері сыныптан тыс мезгілде жүзеге асырылады. Сыныптан тыс оқулардың басты мақсаттарының бірі – кітаппен жұмыс істеуге үйрету, өз беттерімен оны тыңдай білу, оқығандарының ішінен ең негізгі, басты мәселелерді еске ұстау дағдыларын қалыптастыру. Сыныптан тыс оқу барысында «кітап сыйлау» немесе «кітап алмастыру» әдісін өткізу өте тиімді. Толығырақ айтқанда, әдістің негізгі атауы **«Буккроссинг»** деп аталады. Оқушылар оқыған қызықты кітаптарын «**Еркін»** сөрелеріне қойып, орнына сол сөреден өзі оқымаған кітапты алып кетуі арқылы достарымен бөліседі. Немесе, «Еркін сөрелерде» оқушыларға белгілі бір автордың туындысы беріліп, кітап айналымда жүреді. Мысалы, Зейнолла Қабдоловтың «Ұшқын» және «Жалын» романдарын екі сыныпқа беріп, «**Буккроссинг»** әдісі арқылы оқытылады. Оқушылар романды оқып болғаннан кейін алған білімдерін дамытып, әрі қарай ұштай түсу үшін оқырман конференциясын өткізу тиімді болып саналады. Екі сынып болып романдарды салыстырып, ұқсастықтарын талдап, неліктен романдар «Ұшқын» және «Жалын» екенін түсіндіре кетіп, пікір талас өткізеді. Мұндай конференцияның негізгі мақсаты – көзқарасты кеңейту, көркем талғамды қалыптастыру, оқырман мүдделерін дамыту. Жаппай кітап оқу азайып кеткен қазіргі заманда «буккроссинг» қозғалысын кітап пен оқырман арасын жақындатудың тиімді жолы [Бурганова Р.И., и др.,2009, 87 с.]. Егер адам кітапқа қарай жүргісі келмесе, онда кітаптың өзін адамға қарай жүргізіп, оны оқырман орбитасында шыр айналдыру, адамдардың кітапқа деген ықыласын ояту, рухани мәдениетін көтеру болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын негізгі талап – сыныптан тыс жұмыстар кәдімгі сабақтарға ұқсас болмауы керек. Сондықтан сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда дәстүрлі әдістерден гөрі дәстүрлі емес әдістерді қолдану ұсынылады

Сыныптан тыс жұмыс ұғымы – мәні кең және бірмағыналы емес, оған мазмұны, қызметі, өткізу әдістемесі, басқару әдістері және формалары бойынша әртүрлі сабақтар кіреді. Мысалы: пән үйірмесінің отырысы, сыныптан тыс оқылым, мектеп мерекесін және кештерін өткізу сияқты шаралар сыныптан тыс жұмысқа жатады. Кейбір жағдайда (үйірме, сыныптан тыс оқу) оны оқытушы басқарады, басқа жағдайларда (бос уақытты ұйымдастыру, көңіл көтеретін шаралар) өзін-өзі басқару негізінде оқушылар басқарады. Осыған байланысты «сыныптан тыс жұмыс» ұғымын саралау қажеттілігі туындайды, ол үшін педагогикалық әдебиетте және практикада – «оқудан тыс жұмыс» және «сабақтан тыс жұмыс» терминдері қолданылады. Сабақтан тыс жұмыс – мақсаты, мазмұны және әдістері бойынша оқу үрдісімен шектеседі, оның сабақтан тыс кезіндегі жалғасы болып табылады және үнемі ерікті түрде бола бермейді. Оның жоспарлануында және ұйымдастырылуында анықтаушы рөлді ұстаз атқарады. Бұған мысал: пәндік оқытушының қабілетті оқушылармен бағдарламалық материалдан алған білімдерін кеңейту және тереңдету және нашар оқитындардың білімін түзету бойынша өткізетін жұмыстар Оқудан тыс жұмыс – мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің бағыттаушы рөлінің арқасында, көбінесе оқушылар ұжымында белсенді және өздерін-өзі басқару негізінде, сыныптан тыс жүргізілетін сабақтар. Сыныптан тыс жұмыс – оқушыларға кеңінен позитивті әсер ету мүмкіндігі бар және оқытушының сабақтағы жұмыспен байланыстыра отырып, оқу-әдістемелік өрісте өз бетімен жасайтын әртүрлі іс-әрекеттердің жиыны болып саналады.

Мектептің тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыс оқыту мен тәрбиелеудің жалпы мақсаты – баланың

өмірге және қоғамға қажет әлеуметтік тәжрибені игеріп алуына және қоғам қабылдаған құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Үлгермейтін оқушыларды оқудан басқаға назарын аударуға болмайды деген пікір бар. Бірақ бұл дұрыс емес, өйткені дәл сол оқушыларға өздерінің бос уақытын тиімді пайдалануына көмектесу керек. Айтылып өткен міндеттер сыныптан тыс жұмысының негізгі мүмкіндіктерін және бағыттарын анықтайды. Шынайы тәрбиелік жұмыста олар сыныптың ерекшеліктеріне, ұстаздың өзіне, жалпы мектептік оқудан тыс жұмыстың ағымына байланысты нақтыланып дәлденеді. Тәрбиелік шараның сапасын оқушылардың әсері арқылы да бағалауға болады. Олардың назары, эмоциялы икемделуі, өтіп жатқанға қызығушылығы, белсенділігі немесе, керісінше, немқұрайлығы көп нәрсені пайымдайды. Оқушылардың іс-әрекетін бақылау, олармен әңгімелесу, сауалнама жүргізу атқарылған жұмыстың тиімділігін терең-нен бағалауға мүмкіндік береді. Сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың жай-күйі мен нәтижелерін педагогикалық кеңестерде және әдістемелік бірлестіктерде жүйелі түрде талқылаған жөн. Тәрбиелік шараға баға беруде оқушыларды да тартқан дұрыс, сол үшін мектеп радиосын, қабырға газеттерін, көрмелерді пайдалануға болады. Мұндай жұмыс формаларының нәтижелері жарыс, байқау, конкурс, айлық және т.б. сияқты ұжымда кеңінен талқылауды қажет етеді..

Қазіргі жаһандану заманында әр пәннің оқытулы білім алушының жан-жақты дамуын, құзыреттілігінің жоғары болуын талап етіп отыр. Осыған орай білім алушының шығармашылық пәндерден қабілетін байқап, оны дамытып, дербестігі мен белсендігілігіне дұрыс бағыт беріп, бағалау жүйесін жетілдіру қажет. Бүгінгі заман талабына сай білім берудегі шынайы мақсат білім алушыға белгілі бір білімді жеткізу ғана болып табылмайды, оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы тұлғасын дамыту. Шығамашылық студенттердің өмірден өз орнын табуы үшін бойындағы дарыны мен қабілетінің ашыла түсуіне де көмектесу қажет. Білім алушының шығармашылық пәндер бойынша бағалауын жетілдіру оның өзін-өзі жетілдіріп, басқадан үлгі алуға, өз бетінше шешім айта алуына, әр іске жауапкершілікпен қарауға ұмтылдырады. Осы жолда оқытушыға үлкен шығармашылық пен ізденіс қажет етіледі.

Онсыз оқыту шығармашылық пәндерден білім алушы жүрегіне жол табуы мүмкін болмайды. Бүгінгі таңда қоғам шығармашылық қабілеті бар, дарынды мамандарға зәру болып отыр. Білім алушылардың шығармашылық пәндерден теориялық және практикалық жұмыстарын жүргізу барысында, олардың шығармашылық қабілеттерін айқындау, шыңдау қызметі ерекше орын алады. Оқытушы білім алушылардың сабақ барысында шеберліктерін шыңдап, жан–жақты білім мен тәрбие саласын тереңінен меңгертеді.

Шығармашылық пәндерден білім алушылардың пәнді игеру дәрежесін және білімін тексеру үшін күнделікті бақылаудың келесідей түрлерін қолданылуға болады:

– Бақылаудың ауызша түрі, (тараудың бір немесе бірнеше тақырыптарын өткен соң, оның меңгерілуін тексеру мақсатында теориялық тұрғыда сұрақтарға жауап немесе ситуациялық талдау түрінде өткізілуі мүмкін);

– Жазбаша бақылау, (курстың белгілі бір тарауын өткен соң, оның меңгерілуін тексеру мақсатында мысалы, суретші-әрлеуші мамандығына белгілі бір тақырыпқа сурет салу, практикалық тапсырманы орындау арқылы жүргізіледі);

– Ауызша және жазбаша бақылау (бір немесе бірнеше модуль бойынша ауызша және жазбаша түрде жауап беру түрінде жүргізіледі);

– Үй тапсырмасын қорғау және презентациялау (үй тапсырмасының меңгерілуінің дұрыстығын, өткізілген тақырыптарды қорыта алуын, олардың арасындағы логикалық байланыстарды анықтап, оны көпшілік алдында дәлелдей алуын тексеру мақсатында жеке не топ болып орындау);

– Дискуссия, тренинг, дөңгелек стол т.б. (студенттің жеке көпшілік жағдайында немесе ойын түрінде проблемалық сұрақтарды талдай, ойлай және шешім қабылдай алуын, сонымен қатар, оның меңгерген дағдыларын тексеру мақсатында өткізіледі).

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе айтарым, білімді тексеруге дайындалған құжаттар алдын–ала сараптан өтіп, мазмұны сол пәннің бағдарламасына сәйкес болуы керек.

Шығармашылық пәндерді жүргізу барысында оқытушыға сабақ барысында қойылатын талаптар:

– эстетикалық талғамы жоғары және студенттерге шығармашылық пәндерді қазіргі заманауи технологияны пайдалана отырып үйретуге қабілетті;

– шығармашылық пәндерден педагогикалық шеберлігі Қазақстан Республикасы халықтарының этномәдени дәстүрлері негізінде құра алатын;

– оқытушы өзінің шығармашылық қабілетін сабақ барысында қандай да бір іс-әрекетімен көрсетуі қабілеті;

– әр студенттің шығармашылық қабілетін, талантын оның жеке, дара өсуі үшін пайдалана білуі.

Тәуелсіз еліміздің ең басты мақсаты дамыған елдер қатарына қосылу болып табылады. Ал, ондай дамыған елдер қатарына қосылу үшін біз болашақ ұрпақтарымызды жан-жақты дамыған, рухани бай, талантты тұлға тәрбиелеуіміз қажет. Қазіргі білім беру саласының да басты мақсаты,

ұстанған мүддесі де, оқытушыға қояр талабы осындай болып отыр.

Шығармашылық пәндерді оқу барысында студенттердің ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімі дами түседі. Бұл қасиеттер жеке тұлғаның дамуына, талантының ашылуына негіз болады. Сонымен қатар, шығармашылық пәндерді оқу барысында студент өзінің ұлттық тарихы терең, мазмұны әр қилы рухани, эстетикалық, тұлғалық қасиеттерін де дамыта түсері анық.

Ал, сыныптан тыс жұмыстары оқушылардың өзіндік ой өрісін дамытуға, білімге қызығушылығын арттыруға үйретеді; оларды өз беттерінше жаңа ғылымның жетістіктерін үйренуге жетелейді. Бос уақыттарын дұрыс пайдалануға талпындырады. Мұндай сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігін атап өтсек: сыныптан тыс жұмыс құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен іс-әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі. Оқушылардың танымдық қызметін дұрыс қалыптастырудағы өз бетімен жұмыс істеу прцесінің сапасын танытатын, алға қойған барлық міндеттерді толық орындауға жетелейтін сыныптан тыс жұмыстар болып табылады. Ұтымды ұйымдастырылған сабақтан тыс жұмыстар оқушы тұлғасының дамуына мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаева Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2017.
2 Бутенко Л.П. Свободное время: за и против подростков // Семья и школа. – 2004. – № 2. – С. 9-12.
3 Садықова М.К. Тәрбие сағаттарын ұйымдастыру жоллдары. – Алматы, 2008. – 157 б
4 Бурганова Р.И., Оспанова Я.Н., Абдрашитова Т.А., Радионова К.В. Модель региональной программы развития досуговой деятельности школьников. – Астана. – 2009. – 87 с.

**Шәріпбай Гулнур Асанханқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

**Шоқан Нұрсезім Әскерқызы,**
2 курс магистранты,
6М012400 «Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті

# ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУДА КОМПЬЮТЕРЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ IRT-МОДЕЛІ АРҚЫЛЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада студенттердің білім деңгейін компьютерлік бақылау арқылы диагностикалау және құзыреттілік тұғыр жағдайында оқыту нәтижелерін талдау үшін IRT-моделін қолдану мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, «диагностика», «компьютерлік бақылау» ұғымы теориялық тұрғыда айқындалды. Табыс функциясының түрі IRT математикалық моделіне байланысты болғандықтан олардың түрлері жіктелді.

**Кілт сөздер:** компьютерлік бақылау, диагностикалау, тестілеу, IRT-моделі мониторинг.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы применения IRT-модели для диагностики уровня знаний студентов посредством компьютерного контроля и анализа результатов обучения в условиях компетентностного подхода. Кроме того, теоретически определены понятия» диагностика«,» компьютерный контроль». В связи с тем, что вид функции прибыли зависит от математической модели IRT, их виды классифицируются.

**Ключевые слова:** компьютерный контроль, диагностика, тестирование, мониторинг IRT-модели.

**Annotation.** This article discusses the application of the IRT model to diagnose the level of knowledge of students through computer control and analysis of learning results in a competency-based approach. In addition, the concepts of» diagnostics» and» computer control»are theoretically defined. Due to the fact that the type of profit function depends on the mathematical model of IRT, their types are classified.

**Keywords:** computer control, diagnostics, testing, monitoring of the IRT model.

## КІРІСПЕ

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында бүкіл мектеп компьютермен қамтамасыз етілді. Осыған орай, білім деңгейін диагностикалауда дәстүрлі әдіспен қатар, заманауи озық технологияларды кешенді қолдану алға қойылды [«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012]. Болон процесіне қосылу аясында бакалавр-магистр даярлаудың екі деңгейлі жүйесіне біртіндеп көшу жүріп жатыр, терең жаңғыртуға оқыту бағдарламалары тартылды. Өз кезегінде бұл студенттерді оқыту сапасын бағалаудың қазіргі әдістерін өзгертуді талап етті.

Жоғары оқу орындары оқушыларының құзыреттілігін бағалаудың перспективалық тәсілдерінің бірі латенттік талдауды және атап айтқанда IRT-модельдерді пайдалану болып табылады, өйткені латенттік талдаудың негізгі ережелері құзырет ұғымының мәніне неғұрлым жоғары дәрежеде жауап береді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Компьютерлік бақылау – бұл оқушының компьютердегі тесттік тапсырмалар жиынтығын шешуі нәтижесінде алған сандық қорытынды көрсеткіші.

Білімді тексеру және бағалау студенттің білім алуына көмектесіп, оның және оқытушының білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді. Оқытушы студенттің білім деңгейінен хабаралып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасайды. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке студенттермен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін анықтайды.

Білімді тексеруге қойылатын талаптар:

– тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі. Бұл талапты орындамау студенттердің оқуға деген қатынасын нашарлатып, білімнің сапасына кері әсер етеді;

– әрбір студент өзінің білімінің, іскерлік дағдысының бағаланатынын түсіну керек. Егер білімді тексеру және бағалау оқыту процесінің құрылымына тұрақты түрде енсе, онда студент оқытушының сұрақтары мен тапсырмаларына жауап беруге дайын болады.

– студенттердің білім, іскерлік және дағдылары мемлекеттік оқу бағдарламаларына сәйкес тексеріледі. Бағдарламаны меңгеру білімді баға-

лаудың негізгі өлшемі. Оқытушы студенттің қосымша біліміне, оқыған қосымша әдебиеттеріне кеңес, нұсқау беріп баға қоймайды.

– студенттердің теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы білімдерінің жалпы дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу.

– білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру.

– байқалған кемшіліктерді студенттің өзі түзетуі;

– мұғалімнің студенттерді білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйретуі;

– бағаны әділ қойылуы;

– студенттің өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;

– әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және студенттердің баға беруі;

– бақылау-бағалау процесінің әрбір студенттің оқу үлгерімінің төмендемеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.

– студенттердің білім деңгейін диагностикалау арқылы реттеуге талпынуы.

Диагностика – дидактикалық процестің нәтижесін анықтау үшін қолданылады. Сондықтан да педагогикалық диагностиканың мазмұнына келсек, «Диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу әрі кең. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде дерек бермейді.

Диагностика әлеуметтік технологияның маңызды компоненті болып табылады (мақсат – диагноз – болжам – бағдарлама – енгізу және талдау) [Майоров А.Н., 1998, 185 с.]. Осыған байланысты әлеуметтік қызметтің практикасында әртүрлі зерттеу әдістерінің принциптері, алгоритм процедуралары және тексеру тәсілдерін қосатын өзіндік диагностикалық технология қалыптасады.

Диагностика ауқымына студенттің біліктілігін, білімін дәстүрлі тексеруден гөрі кеңірек, әрі тереңірек мағынасынды. Тексеру тек қана нәтижені ғана шамалайдыда, оның шығу тегін анықтамайды. Ал бағалау өлшемі (диагностирование) – оқытудың нәтижесінің жолдарымен байланысты табыстың әдістері.

Диагностикалау бақылауды, тексеруді, бағалауды, статистикалық мәліметтердің жиынын олардың сараптамасын, динамикасын анықтап, іс-әрекеттің ары қарай дамуы болжамын да қоса қарастырады.

Диагностиканың дәстүрлі әдістерін бағалай отырып, тестілеудің тиімді әдісретінде бірнеше артықшылығы бар деген қорытындыға келдік:

– әдістің жоғары объективтілігі (субъективті факторлардың әсері алынып тасталады);

– тестілеу балын саралауға болады (үлкен градациясы бар шкалаларды қолдануға болады);

– тестілеудің жоғары тиімділігі (нәтижелерді жылдам өңдеу мен студенттердің үлкен тобының білімін бағалауға мүмкіндік береді);

– нәтиженің қаншалықты дәл екендігін бағалауға мүмкіндік береді [Аристов О.В., 2001. – 432 с.].

Қазіргі уақытта көптеген оқытушылар педагогикалық тестілеуді оқушылардың оқу жетістіктерін өлшеудің ең объективті, тәуелсіз диагностикалық жүйесі ретінде басшылыққа алады, олардың оқу және танымдық қызметінің нәтижелерін жаппай, жылдам, көпөлшемді диагностикалауға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде компьютерлік тестілеу студенттердің өзін-өзі бақылау құралы ретінде әрекет ететін бақылау және рефлексиялық функцияларды орындайды. Студент үшін ыңғайлы кез-келген уақытта ол тақырып, бөлім бойынша білім деңгейлерін тексеріп, тиісті қорытынды шығаруға мүмкіндік алады. Ағымдағы білім диагностикасын жүргізу, сабақтар аралық бағалау кезінде, оқылған материалды қайталау, оқушыларды компьютерлік тестілеуді үйрету кезінде мұғаліммен көп сөйлесудің қажеті жоқ, өйткені студент неғұрлым тәуелсіз, өз жұмысының нәтижесін нақты көрсетеді және бағдарламада, кешенде көрсетілген көмекті қолдана алатындығын біледі.

Осылайша, компьютерлік тестілеу арқылы диагностикалық мәселенің жағдайын талдау болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыру кезінде компьютерлік тестілеу бірқатар функцияларды орындайды: ақпараттық-коммуникациялық, мотивациялық және бағалау (ынталандырушы), ұйымдастырушылық, болжамдық, рефлексиялық, тұжырымдамалық, дамытушылық, танымдық, интеграциялық тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Тесттік бақылау әдісінің бір кемшілігі студенттердің дұрыс жауабын болжай алуы. Оқушылар тек жауап нөмірлерін бергендіктен, мұғалім білім тереңдігін және таңдалған шешім әдісін бағалай алмайды. Бұл жетіспеушілік тек қана ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалардан тұратын тесттерге ғана қатысты екенін ескеру қажет.

Мониторингтің осы әдісінің аталған кемшіліктеріне қарамастан, алған білімі мен дағдыларын, оның оң жақтары білім беру ұйымдарында тестілеуді қолданудың орындылығын көрсетеді.

Педагогикалық бақылау әдісі ретінде тестілеудің артықшылықтары:

– студенттердің білімі мен дағдыларының сапасын тексеру уақытын қысқарту;

– оқушылардың жауаптарын бағалау кезінде оқытушы тарапынан субъективті фактордың әсерін төмендету (көңіл-күй, шеберлік деңгейі, оқушыға жеке көзқарасы және т.б.);

– орындалған жұмысты бағалаудағы жоғары объективтілік, бұл оқушылардың қызығушылық деңгейіне әсер етеді;

– ақпараттық ортада онлайн тестілеу үшін заманауи техникалық құралдар мен жүйелерді қолдану;

– нәтижелерді математикалық және статистикалық өңдеу мүмкіндігі, педагогикалық бақылаудың объективтілігін арттыру мүмкіндігі;

– тест тапсырмаларын орындауға кететін уақыттың қысқаруына байланысты білімді бақылау жиілігі мен жүйелілігінің жоғарылауы;

– тексеруді автоматтандыру.

Тестілеу білім беруде бұрыннан үйреншікті жағдайға айналды. Сынақтар белгілі бақылау әдістерінің барынша объективтілігіне және бақыланатын материалды жабу қабілетіне ие.

Білім беру теориясы мен практикасындағы екі негізгі тенденцияны атап өтуге болады. *Бірінші* – студенттердің білімін объективті ағымдағы және қорытынды бақылауды өткізуге арналған тесттерді әзірлеу. *Екінші бағыт* – өзін-өзі бақылауды ұйымдастыруға арналған тест түрінде тапсырмалардың оқу әлеуетін пайдалану (білімді бақылаудың ең ізгі түрі).

Университетте бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың сапасын бағалау жүйесінің элементі ретінде тестілеу жүйесі стандартталған тест тапсырмаларының жиынтығын және бағдарламалық қамтамасыздандыру мен құралдарды қамтуы керек:

– студенттердің оқу жетістіктері мен түлектердің кәсіби дайындығы деңгейіне объективті баға беру;

– әртүрлі пайдаланушылар үшін тест нәтижелерін өңдеу және талдау, жеке пәндерді оқыту әдістемесіндегі кемшіліктерді анықтау және мамандарды даярлау;

– университеттегі оқу процесін жетілдіру бағытын анықтау.

Тестілеу нәтижелерін IRT-моделін қолдану арқылы талдауға болады. Item Response Theory (IRT) – педагогикалық және психологиялық өлшемдерде қолданылатын теорияның ағылшын атауы [Карданова Е.Ю., 2008, 311 с.]. Бұл теория Педагогикалық өлшеулер мен психометриканың әлемдік теориясының классиктерінің, математиктердің, статистиктердің, программистердің, педагогтардың және әлемнің көптеген елдерінің білім беру саласының басқарушыларының назарын өзіне аудара алды. Қазіргі уақытта шет елдерде IRT бойынша ондаған мың ғылыми зерттеулер пайда болды, тестілер жасаудың тиімді тәжірибесі пайда болды, оның негізінде көптеген университеттер мен елдердің бейімделген оқыту және бақылау жүйелері құрылуда.

IRT математикалық модельдерін қолданудың негізгі пәні – сыналушылардың әр түрлі қиындықтарға дұрыс жауап беру ықтималдығын бағалау. IRT-те сыналушының баллдарының сомасы емес, әрбір тапсырма бойынша алынған баллдар талданады. Бастапқы өлшеу аксиомалары тұлғаның қызықтыратын қасиетіне негізделеді:

– бар, жасырын күйде;

– ол тұрақты;

– осы сыналушылардың қандай да бір саны бар;

– өлшеу, кейбір қателікпен.

IRT педагогикалық өлшемнің үш негізгі міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

– тапсырмалар параметрлерін табу;

– сыналушылардың параметрлерін табу;

– функцияны таңдау $P_j(\theta) = f(\theta - \delta_j)$, мұнда – зерттелетін латентті айнымалының мәні, – j тапсырмасының қиындық деңгейі.

Осыған қатысты, біз IRT моделінің латенттік құрастырушыларын тоқталып, педагогикалық-психологиялық нұсқасын түсіндіруге талпындық.

IRT моделі АҚШ және университеттердің әскери ведомстволарының зертханаларында дамыған латентті-құрылымдық талдаудың жалпы әдіснамасының психологиялық-педагогикалық нұсқасы болып табылады. Латентті-құрылымдық талдау (ағылш. Latent Structure Analyses, LSA) математикалық-статистикалық өлшеу модельдері арқылы мінез-құлықтың латенттік сапасын (факторларын) анықтауға бағытталған. Бұл жұмыс бағыты П.Лазарсфельдке белгілі дәрежеде тиесілі [Lazarsfeld P.F., 1950.- p.415-472]. LSA бойынша зерттеулердің бірінші кезеңі екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен тұспа-тұс келді. Осы кезең барысында «American Soldier» кең ауқымды әлеуметтік психологиялық зерттеу жүргізілді, солдаттардың жауынгерлік жағдайына әсер ететін жасырын факторларды, сондай-ақ қорқынышты жеңуге көмектесетін факторларды анықтау және жою арқылы сарбаздардың жауынгерлік қабілетін арттыруға бағытталған [Stouffer S.A., 1949. – 599p.].

LSA жиі теория деп аталады, бірақ онымен келісу қиын, себебі бұл пәндік қызметтің теориясы емес, эмпирикалық деректерді зерттеу әдістерін әзірлеу және қолдану теориясы. Бұл әдістердің теориясы дәлірек, бірақ LSA әдіснамасының үйреншікті атауы емес [Lazarsfeld P.F., Henry N.W., 1969, 292p.].

Бұл шын мәнінде әдіснама немесе IRT алғашқы модельдері пайда болып, бекітілген әдістемелік тәсіл. Әдебиетте өлшеу моделі латентті айнымалыларды бір немесе көп бақыланған айнымалылармен біріктіруге мүмкіндік беретін құрылымдық құрылым ретінде анықталады [Bollen, K.A., 1989. – 514p.].

Жоғарыда айтылғандардың барлығы педагогикалық өлшеулер теориясының қазіргі жетістіктері негізінде құрылған және пәндік білім мен шеберліктің қарапайым жиынтығына түспеуі тиіс студенттерді даярлау сапасының көпжоспарлы және көпқұрылымды сипаттамаларының қалыптасу деңгейін өлшеуге мүмкіндік беретін жаңа бағалау құралдарының қажеттілігін куәландырады.

Құзыреттілікті құрылымдау және оқу нәтижелерін бағалау үшін өлшеуіштерді құру проблемасы құзыреттілікті бағалау әрекеттерінде туындайтын қосымша қиындықтармен күрделене түседі:

– *біріншіден*, құзыреттер көпфункционалды және түсінікті, сондықтан олардың қалыптасу деңгейін бағалау үшін әртүрлі бағалау құралдарын, көп өлшемді шкалалау әдістерін және әртүрлі сандық және сапалық шкала бойынша оқу жетістіктері балдарын интеграциялаудың арнайы әдістерін пайдалануды қамтитын кешенді өлшеуіштер қажет;

– *екіншіден,* құзыреттілікті меңгеру деңгейі көп жағдайда білім алушылардың қабілеттерінің доминантымен алдын ала анықталған, бұл біздің елімізде нормативтік құжаттарда көзделмеген аттестаттау процесінде жекелеген психодиагностикалық әдістемелерді пайдалану қажеттігіне алып келеді. Мұндай қажеттілік туралы психологтар білім берудегі құзыреттілікті бағалауға қатысатын көптеген шет елдердің тәжірибесі түсіндіреді;

– *үшіншіде*н, құзыреттілікті меңгеру деңгейі білім беру мазмұны, ұйымдастырушылық-технологиялық педагогикалық шешімдер, оқыту әдістері, студенттермен өзара іс-қимыл жасау стилі, ЖОО-дағы бақылау және бағалау жүйесінің сапасы, студенттердің білім беру үдерісіне тартылуы, ЖОО-ның жалпы «білім беру ахуалы», тәжірибе мен тағылымдаманың сипаты және т.б. сияқты факторларға байланысты [Звонников В.И., Челышкова М.Б., 2009. -207 с.].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтатын болсақ, білім беру сапасының өзгеру динамикасын талдау бойынша жұмыстың тиімділігі көп жағдайда құзыреттер жиынтығының қаншалықты дұрыс құрылымдалғанына, оның қаншалықты өлшеуге немесе сараптамалық бағалауға берілетін көрсеткіштердің кейбір жүйесі түрінде ұсынылады деген қорытынды жасауға болады. Бұл, өз кезегінде, өлшеуіштердің мазмұнын қалыптастыруда, олардың түрлері мен тапсырмалар нысандарын таңдауда, стандартталған шкалаларды құруда және олардың жоғары сенімділігі, валидылығы мен салыстырмалылығы жағдайында аттестаттау нәтижелерін түсіндіруде көрініс табуы тиіс.

Құзыреттілік тұғырды зерттеушілердің жұмыстарын талдау білім берудің қазіргі кезеңінде мамандарды даярлау сапасын бағалау процесінде оны пайдалану қажеттілігін көрсетті. Құзыреттілік тұғырдың тұжырымдамалық негізі оқыту парадигмасын (Teaching Paradigm) өнімді оқыту парадигмасына (Learning Paradigm) ауыстырудан тұрады, ол тек іс- әрекеттерді орындауға ғана емес, оларды бағалауға және талдауға итермелейтін білім беру процесі ретінде анықталады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Майоров А.Н. Мониторинг и диагностика в образовании. – СПб.: Образование-культура, 1998.
3. Аристов О.В. Дидактическая тестология. -М.: Народное образование, 2001. – 432 с.
4. Карданова Е.Ю. Item Response Theory (IRT). Моделирование и параметризация тестов: основы теории и приложения. – М.:Федеральный центр тестирования, 2008.
5. Lazarsfeld P.F. The interpretation and computation of some latent structures./ Measurement and Prediction, N-Y, John Wiley and Sons, 1950.- p.415-472, 1950.
6. Stouffer S.A. a.o. The American Soldier: Adjastment During Army Life. Prienceton, N – J., Prinston Univ. Press, 1949. – 599p.
7. Lazarsfeld P.F., Henry N.W. Latent Structure Analyses. Boston, Houghton Mifflin Co., 1969.- 292p.
8. Bollen, K.A. Structural Equations with Latent Variables. P. 182., N – Y, Wiley & Sons, 1989. – 514p.
9. Звонников В.И., Челышкова М.Б. Контроль качества обучения при аттестации: компетентностный подход. – М.: Логос, Университетская книга, 2009. -207 с.

**Шинтаева Лаззат Аманхановна,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
E-mail: lyaz_77@mail.ru

**Құсманқызы Бахдана,**
2-курс магистранты,
«6М012400-Педагогикалық өлшемдер» мамандығы,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

# САПАНЫ БАҒАЛАУДЫҢ САНДЫҚ ӘДІСТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада сапаның мәнін сан арқылы ашудың әдіснамалық негізі, оқыту сапасын бағалаудың квалиметрияға негізделген әдістері көрсетілген. Квалиметрияның міндеті – сапаны бағалаудың барлық әдістерін әзірлеу мен дамыту. Квалиметрия заттың кешенді және жүйелі сандық бағасын жасау әдіснамасын және мәселелерін зерттейтін ғылыми білім аймағы екені жайында айтылған.

**Кілт сөздер:** квалиметрия, сапа, адами капитал, интегралдық сапа, сандық бағалау, қасиеттер, тұғыр.

**Аннотация.** В статье представлены методологические основы количественного раскрытия сущности качества, квалиметрические методы оценки качества обучения. Задача квалиметрии-разработка и развитие всех методов оценки качества. Квалиметрия – это область научных знаний, изучающая проблемы и методологию создания комплексной и систематической количественной оценки вещества.

**Ключевые слова:**квалиметрия, качество, человеческий капитал, интегральное качество, количественная оценка, свойства, компетенция.

**Abstract.**The article deals with the methodological basis for quantitative basis of the quality, qualimetric methods for evaluating the quality of training. The task of qualimetry is to develop all methods of quality assessment. Qualimetry is a field of scientific knowledge that studies the problems and methodology of creating a comprehensive and systematic quantitative assessment of a substance.

**Key words:** qualimetry, quality, human capital, integral quality, quantitative assessment, properties, competence.

Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет – білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бұл өз кезегінде азаматтардың кез-келген салада бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Осыған орай Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын [Жолдау, 10.01.2018].

Адами капиталдың дамуы 10 қаңтар 2018 жылғы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Төтенші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында *«Адами капитал – жаңғыру негізі»* деп, *«білім берудің жаңа сапасына»* үлкен мән беріп, жетінші міндет етіп көрсетсе, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында да ұлттық сананың тетігі *«Білімнің салтанат құруы»* екендігіне баса көңіл аударған болатын [Рухани жаңғыру, 12 сәуір, 2017].

Қазақстан және шет ел әдебиеттеріне жүргізілген талдауларға сүйенсек, квалиметрия латынша («qualitas» – сапа,қасиет,сипат,ал «qualias» – қандай, сапасы қандай деген мағына) және ежелгі грек «метрео» сөзі-өлшеу,өлшеу жүргізу дегенді білдіреді. «Метрео» түбірі жалпы халықаралық ғылым лексикасында қолданылады, ал «квали» түбірінің түрленіп айтылған түрі «качество» – «сапа» дегенді білдіреді.Ағылшынша «quality» («кволити»), испан тілінде «calidad» («калидад») [Асембаева М.Қ., 2012, 103б.].

Сонымен қатар, «квалиметрия» термині «сапаны өлшеу», «сапаны бағалау» сияқты мағына береді. Осыған байланысты, мысалы,ғалым,маман,яғни, квалиметриямен айналысушы – квалиметролог болып аталды. Кез келген пәнге сапа жағынан қарау, не болмаса кез келген пәннің сапасын бағалау – квалиметрлік жуықтау деп айтылады. Мысалы, сапа туралы ғалым квалиномия; осы пәнге байланысты сапаны бағалау және өлшеумен айналысу, өнімнің сапасының сандық бағалауы квалиметрия болып табылады.

«Квалиметрия» жалпы 1960 жылдың ортасы-

на қарай қолданысқа енді. Кейін 1968 жылдан бастап профессор А.В. Гличевтың бастауымен сапаны бағалаудың ұқсастық әдісінің жалпы әдістемелік негізгі қаланды және оның теориялық жалпылануының қажеттілігіне жол берілді. Квалиметрия теориялық және қолданбалы болып бөлінеді. Теориялық квалиметрия – ол нақты обьектіні абстрактілеу, принциптердің негізі, өңдеу, жіктеу, жалпы әдістер және арнайы мәселелердің сандық сапасын бағалау [Азгальдов Г.Г., Райхман Э.П., 1999, С. 49-54.].

Қолданбалы квалиметрияның негізгі тапсырмасы – заттың,өнімнің нақты түріне байланысты,сапаның сандық бағалауының әдістемесін жасау. Квалиметрия өнім сапасын сандық тұрғыда бағалау әдістерін зерттейтін және жүзегеасыратын ғылым саласы. Сапаны басқаруда және стандарттауда қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін қолданылады.

Квалиметрия кешенді және интегралдық сапа көрсеткіштерінің әдістеріне талдау жасайды,өнімнің жекелеген сипаттарын бағаға сәйкестендіру мүмкіндігін береді.

Квалиметрия теория жүйесімен өзара байланысты, соның ішінде кез келген обьектінің сапасын бағалау теориясының (құрылатын, қолданылатын, субьектіге әсер етеін және т.б.) ғылым саласы. Сонымен қатар, ол сапаны бағалаудың сандық және сандық емес әдістерін қарастырады.

Квалиметрия сапаны бағалау әдістерін зерттейтін ғылым болғандықтан, ол сапаны бағалаудың критерийлері, оларды табу әдістерін, сапаны өлшеудің сандық әдістерін және сапа көрсеткіші бойынша әртүрлі обьективті салыстырмалы варианттардың мүмкіндіктерін алуды қамтамасыз етеді.

Квалиметрияның міндеті – сапаны бағалаудың барлық әдістерін әзірлеу мен дамыту. Жоғарыда атап өткен кешенді бақылау әрқашан қажет бола бермейді. Кей жағдайда сапаның тек бір ғана қасиеттінің дифференциалды бағасы да жеткілікті.

Соңғы жылдары квалиметрияның жаңа бағыттары қалыптасты: әлеуметтік, педагогикалық, логистикалық және т.б. квалиметриядағы сандық бағалау – қарастырылып отырған сапа көрсеткіштерінің эталон ретінде қабылданған сапа көрсеткіштерінің қатынасы болып табылады. Квалиметрияда, әдетте, кешендік бағалаулар маңызды орынға ие, яғни қасиеттер жиынына кіреді,маңыздылығы мен квалиметрияның шекарасын кеңейтеді. Квалиметрия өзі айтып тұрғандай,әртүрлі әдіспен алынған барлық бағалаулар квалиметрияның аппараты болып табылады. Құбылыстар мен үдерістер сапасының сандық сипаттамасымен айналысатын ғылымдағы жаңа бағыт квалиметрия үлкен математикалық үлгілеу мүмкіндіктерімен зерттелетін заттың сандық өлшемін нақты анықтауға жағдай жасай алады. Квалиметриялық ұстанымдарды пайдалану зерттелетін сапаны қасиеттердің бірнеше деңгейлерінен тұратын иерархиялық жиынтық ретінде қарастыруды ұсынады.

Квалиметриялық амал негізіне Е.В. Яковлев зерттеулерінде педагогикалық жүйе сапасын өлшеудегі педагогиканың әдістері мен ережелеріне негізделген өлшеу теориясы мен математикалық статистика,үлгілеу теориясы аппараттардың үйлесуі салынған делінеді. Квалиметриялық амалды пайдалану – белгілердің бастапқы түсініміне қаталдық,нақтылық енгізуге,зерттеу міндеттерін нақты қоюға,алынған нәтижелерді өңдеуге,болжам жасауға мүмкіндік береді [5].

Квалиметрия кез-келген обьектінің,заттың кешенді және жүйелі сандық бағасын жасау әдіснамасын және мәселелерін зерттейтін ғылыми білім аймағы.

Психологиялық, педагогикалық, дидактикалық обьектілерді, бағалаудағы педагогикалық квалиметрия ерекшелігі қозғалыстағы, даму үстіндегі сапаны өлшеу. Бұл орайда, квалиметриялық тұғыр негізін қалаушы, ұстанымдарды зерттеуші ғалымдар Е.В. Яковлевтің, Н.В. Акинфиеваның, Б.И. Канаевтың және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Е.В. Яковлевтің, біріншіден, гуманитарлық ғылым зерттеулерінің әдістеріне; екіншіден, кибернетиканың, логиканың, математиканың эвристикалық мүмкіндіктеріне; үшіншіден, квалиметрияның теориялық, әдіснамалық ережелеріне, төртіншіден, ақпараттық технология идеяларына жасаған талдаулары квалиметриялық тұғырдың ақпараттық, интерактивтік, тиімділік, нақтылық, дәлелділік, технологиялық, жіктеушілік, қарапайымдылық ұстанымдарын ажыратуға мүмкіндік береді.

М.В. Старцев квалиметриялық тұғырдын жүзеге асырылуының бірнеше сатыларын көрсетеді:

| Аналитикалық-синтетикалық саты | Моделдеу сатысы | Әдістемелік критерийлік | Математикалық моделдеу | Аналитикалық – болжамдық саты |
|---|---|---|---|---|

*Аналитикалық-синтетикалық саты*– қасиеттердің,құрылымының жіктелуі;

*Моделдеу сатысы* – маңызды элементерін, олардың байланыстарын қасиеттерін анықтайды;

*Әдістемелік критерийлік*– педагогикалық зерттеу мақсатына қарай критерийлер мен көрсеткіштерді, құралдар мен зерттелу обьектісінің қасиеттерін,өлшеу процедураларын анықтайды;

*Математикалық моделдеу* –теориялық моделді формальдауды,модельге қатысты белгісіз параметрлер мәнін бағалауды болжамдайды;

*Аналитикалық – болжамдық саты* – зерттеу барысында алынған белгілерді өңдеу,педагогикалық зерттеу обьектісінің даму траекториясының мүмкіндігін болжамдайды.

Автор моделдеу арқылы педагогикалық білімді дерексіздендірудегі бірімен-бірі тығыз байланысты негізгі екі бағытты ажыратады:

1) тұлғаның психикалық үдерістері мен тұлға қасиетін бөлу арқылы оның қасиеттері мен жазбасы есепке алынатын обьектінің эмпирикалық моделін салу:

2) эмпирикалық обьектінің қасиеттерін өлшеу процедураларын, әдістері мен құралдарын тәжірибедегі әртүрлі педагогикалық оқыту міндеттерін шешуде қосымшалау [Старцев М.В., 2007.].

Квалиметриялық тұғырдағы негізгі ұстаным сапаның санға дейін жіктелу тетігін айқындау.

Квалиметрия қазіргі кезде заттардың сапасын сандық жазбасына сүйене отырып беруге бағытталған кез-келген обьектінің, үрдістің, құбылыстың сапасын жүйелі бағалауға, мәселені әдіснамалық тұрғыдан кешенді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми білім аймағы болып саналады.

Педогогикалық квалиметрияға деген көзқарас сапалық қасиеттерді көзге көрінбейтін, иіс органдармен сезілмейтін дерексіз дүниені сан арқылы белгілеу немесе өлшеу, зерттеу обьектісін ақыл-ой әрекеті арқылы бейнелеу, үлгілеу,қасиеттер сапасының кешенді сандық көрсеткіштерін алудың ұстанымдық мүмкіндіктері арқылы дәлелденді.

Ғалымдар еңбектеріне жүргізілген талдаулар квалиметриялық тұғыр мен жүйелік тұғыр арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Н.А.Селезнева мен А.И.Субеттоның квалитативтік тұрғыдан сапаға синтетикалық катеогрия ретінде жүргізілген зерттеулері «Сапаның өлшемділігі жаңа квалитативтіліктің негізгі манифесті», «Сапа – Үлкен Синтез символы» деген ұстанымдары сапаның мәнін сан арқылы ашудағы әдіснамалық негізі болып табылады [Субетто А.И., 199, 122 с.].

Жалпы,квалиметриялық тұғырдың негізгі идеясы математикалық белгілері мен түсініктер арқылы педогогика теориясына қысқа да нұсқа, дәлелді де,қарапайым жауап беру. Г.П.Щедровцкий бұл жөнінде былай дейді: «жүйелі түрде берілген нақтыобьектіні призма арқылы көруге болады».

Квалиметриялық тұғыр ұстанымдарын пайдалану:

Біріншіден, осы міндетті шешуге қатысты маңызды емес деп саналатын факторларды жекелей отырып, мәселені анықтауға;

Екіншіден, мәселелер арасындағы байланысты орнатуға;

